


РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ

81я7  
Т 36

ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ



# ТІЛ

## ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ

Светлана ТЕР-МИНАСОВА  
ЯЗЫК И МЕЖКУЛЬТУРНАЯ  
КОММУНИКАЦИЯ



«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»  
жобасы Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті –  
Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен  
«Рухани жаңғыру» мемлекеттік  
бағдарламасы аясында  
іске асырылды

С.Г. ТЕР-МИНАСОВА

ЯЗЫК  
И МЕЖКУЛЬТУРНАЯ  
КОММУНИКАЦИЯ

СЛОВО/SLOVO  
Москва, 2008

С.Г. ТЕР-МИНАСОВА

# ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ



Астана  
2018

**ӘОЖ 008 (075.8)**

**КБЖ 71я73**

**Т36**

«Жаңа гуманитарлық білім.  
Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»  
жобасының редакциялық алқасы:

Редакциялық алқаның төрағасы – Тәжин М.М.

Төрағаның орынбасары – Сагадиев Е.К.

Жауапты хатшы – Кенжеханұлы Р.

Алтаев Ж.А.

Алшанов Р.А.

Жаманбалаев Ш.Е.

Жолдасбеков М.Ж.

Қасқабасов С.А.

Қарин Е.Т.

Күрманбайұлы Ш.

Масалимова Ә.Р.

Мұтанаев F.М.

Нұрышева Г.Ж.

Нысанбаев Ә.Н.

Өмірзаков С.Ы.

Саңғылбаев О.С.

Сыдықов Е.Б.

Кітапты баспаға әзірлеген:

Ұлттық аударма бюросы

Аудармашылар – Ордабекова Х.  
Бағиева Ш.

Әдеби редактор – Бәмішұлы Б.

Фылыми редактор – Құдеринова Қ.

Жауапты редактор – Қалқызы Е.

Жауапты шығарушы – Нармаханова Ж.

Жалпы редакциясын  
басқарған – Құрманбайұлы Ш.  
Пікір жазғандар – Ахметжанова З.К.  
Нұржанова А.Б.

**Т36 Тер-Минасова С.Г.**

**Тіл және мәдениетаралық коммуникация.** – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл – 320 бет.

**ISBN 978-601-7943-07-3**

Бүгінгі техника мен байланыс құралдарының дамуымен жеке адамдар арасындағы, ұлтаралық, мәдениетаралық байланыс еш кедергісіз, саяси немесе экономикалық шектеуді елемей, табиғи жолмен еркін өріс алуда. Сондықтан өзге жүрттың тілі мен мәдениетін игеру, онымен етепе аралас білудің маңызы бұрын-соңды болмаған дәрежеге көтеріліп отыр.

Мәдениетаралық коммуникация – бүгінде кез келген салада қызмет ететін маманға, әр адамға қажетті жаңа пән. Қазақ тілінде алғаш басылып отырған бұл оқулық түрлі үлт, мәдениет өкілдерінің өзара үғынысып, ортақ тіл табысы үшін не маңызды екенін егжей-тегжейі түсіндіреді.

Кітап тілшілерге, дипломаттарға, әлеуметтанушыларға, психологтер және мәдениеттанушыларға, сондай-ақ қызметі мен қунделікті өмірде ұлтаралық және мәдениетаралық коммуникация мәселелерімен бетпе-бет келетін көшшілікке арналады.

**ӘОЖ 008 (075.8)**


**КБЖ 71я73**

**ISBN 978-601-7943-07-3**

© С.Г. Тер-Минасова. 2000  
© «Ұлттық аударма бюросы»  
Қоғамдық қоры, 2018

## *Намұны*

Бағыттың салынуда	11
«Денсаулық тайыншылдық мекемесінде»	12
61. Негізгі үсіккыш	13
62. Тың жаңылар	14
63. Китептің нағызынан	15
64. Мадениеттәрде	16
65. Пәндер мен әмбебандардың салыстырудың	17
1. Болашақтағы 100 – мемлекеттің тарихы	18
Іштердің Шынайылдық мәдениеттің тарихы	19
61. Текнотекнот	20
62. Соғын мәдениеттің тарихы	21
63. Шешіл саясатының тарихы	22
64. Академияның тарихы	23
65. Сөзесір, ученесір	24
66. Қоғамдастыру	25
67. Нұтқарлар	26
68. Тіл жаңылары	27
Мемлекеттің 100 жылдық мадениеттің тарихы	28
91. Маселениң тарихы	29



...Біздің мақсатымыз айқын, бағыттымыз белгілі, ол – әлемдегі ең да-  
мыған 30 елдің қатарына қосылу.

Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан  
бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыру-  
ларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады.

Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыт-  
тары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілден қазақ  
тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде  
білім алуға мүмкіндік жасаймыз.

Жаңа мамандар ашықтық, прагматизм мен бәсекелестікке қабілет  
сияқты сананы жаңғыртуудың негізгі қағидаларын қоғамда орнық-  
тыратын басты күшке айналады. Осылайша болашақтың негізі білім  
ордаларының аудиторияларында қаланады...

Қазақстан Республикасының Президенті  
Н.Ә. Назарбаевтың  
«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты еңбегінен



# *Мазмұны*

<b>Алғы сөз .....</b>	<b>8</b>
<b>Қысқартулар тізімі .....</b>	<b>11</b>
<b>Kіріспе .....</b>	<b>12</b>
§1 Негізгі ұфымдар мен түсініктер .....	15
§2. Тіл, мәдениет және мәдениет антропологиясы .....	19
§3. Қазіргі мәдениетаралық коммуникация мәселелерінің өзектілігі .....	23
§4. Мәдениетаралық коммуникация және шет тілдерін үйрену .....	31
§5. Тілдер мен мәдениеттердің табиғатын ашып көрсету үшін оларды салыстырудың рөл .....	41
<b>I Бөлім. ТІЛ – МӘДЕНИЕТ АЙНАСЫ .....</b>	<b>45</b>
I тарау. Шынайы әлем, мәдениет және тіл. Өзара қатынасы мен ықпалдастыры .....	46
§1. Тіл мен мәдениет арқылы жасалған әлем бейнесі .....	—
§2. Сөйлеу мен коммуникацияның ішкі қыындықтары .....	60
§3. Шетел сөзі – мәдениеттер тоғысы .....	64
§4. Қарапайым анкета толтырудың мәдениеттер шиеленісі .....	71
§5. Сөздер, ұфымдар мен реалийлердің эквиваленттігі .....	75
§6. Ұфымдарды лексикалық түрғыдан нақтылау .....	80
§7. Түр-түс атауларының әлеуметтік-мәдени аспекті .....	87
§8. Тіл – мәдениет сактаушысы .....	92
II тарау. Қоғам мәдениетінің өзгеруі мен дамуының тілдегі көрінісі .....	104
§1. Мәселенің қойылуы .....	—
§2. Көркем әдебиетті түсіну мәселелері. Әлеуметтік-мәдени комментарий арқылы мәдени шиеленістерді шешу .....	105
§3. Әлеуметтік-мәдени комментарийдің түрлері .....	114
§4. Қазіргі Ресейді тіл мен мәдениет арқылы тану .....	120
§5. Орыс студенттерінің Америка мен Ресей жайлар пікірлері: 1992–1999 жылдардағы әлемнің мәдени және тілдік бейнесіндегі өзгерістер .....	133
<b>II Бөлім. ТІЛ – МӘДЕНИЕТ ҚҰРАЛЫ .....</b>	<b>165</b>
I талау. Тілдің жеке тұлғаны қалыптастырудың рөлі Тіл және ұлттық мінез-құлық .....	166
§ 1. Мәселенің қойылуы .....	—
§ 2. Ұлттық мінез-құлық дегеніміз не? Ол туралы ақпарат көздері .....	168
§ 3. Жеке тұлға мен ұлттық мінез-құлықты қалыптастырудың лексика мен грамматиканың рөлі .....	181
§ 4. Орыс және ағылшын тілді әлемнің тылсым құпиясы. Эмоциялылық. Сана мен байлықта көзқарас .....	198
§ 5. Отансүйгіштік және патриотизм .....	217
§ 6. Құлімсіреу және мәдениеттер тартысы .....	229
II тарау. Тіл және идеология .....	238
§ 1. Мәселенің қойылуы және ұфымдар .....	—
§ 2. Ресей мен Батыс: идеологияларды салыстыра қарau .....	240
§ 3. Саяси әдел немесе тілдік тakt .....	262
III тарау. Мәдениеттер тоғысы және тоғысу мәдениеті (Ақпараттық-реттеуші мақсаттағы мәтіндер арқылы жеке тұлғаны қалыптастыру) .....	278
§ 1. Мәселенің қойылуы .....	—
§ 2. Көшелердің атауы .....	279
§ 3. Ақпараттық-реттеуші белгілер .....	282
§ 4. Ақпараттық-реттеуші лексиканың таралу, әсер ету тәсілдері .....	291
§ 5. Ағылшын тілді әлем мәдениетінің хабарландырулар мен үгіт-насихаттағы ерекшелігі .....	302
§ 6. Орыстілді әлем мәдениетінің хабарландырулар мен үгіт-насихаттағы ерекшелігі .....	310
<b>Корытынды .....</b>	<b>317</b>

## Алғы сөз

Осыдан мың жыл бұрын Ежелгі Грекияда талай жазушының әңгімесіне арқау болған мысал-әңгімелердің авторы Эзоптай дана адам өмір сүрген екен. Ол философ Ксанфтың құлы болыпты (франциялық Лафонтен мен ресейлік Крылов мысалдарының сюжеттері осы Эзоптан бастау алады деседі). Бірде Ксанф өз оқушыларына арнап салтанатты дастарқан жаймақ болады. Сейтіп, Эзопқа дүниедегі ең дәмді тағамды әзірлеуді бұйырады. Эзоп қожайынның бұйрығына бойсұнып, базарға барып «тіл» сатып әкеледі. Кешкісін салтанатты кеште қонақтарды «тілден» жасалған әртүрлі тағаммен сыйлапты. Оның бұл қылышына қатты назаланған Ксанф: «Сен бізді мазақ етіп тұрсың ба? Мен саған әлемдегі ең дәмді тағамды әзірлеуді бұйырдым. Ал сен тек тіл сатып әкеліп, тілден ғана жасалған ас әзірлепсің. Сол қылышың үшін саған дүре соғуды бұйырамын», – дейді.

Сонда Эзоп: «Тілден маңызды, тілден артық ештеңе жоқ. Тілсіз күнің қараң, сөйлей алмайсың, бұйыра алмайсың, алу да, беру де, сату да, сатып алу да қолыңнан келмес еді. Онсыз сен мемлекет құра алмайсың, оны ұстап тұратын зандарды да жаза алмайсың. Тілдің арқасында сен бәріне қол жеткізесің, тіпті сенің философияң да тілдің арқасында жүзеге асып тұр, Ксанф», – деген екен.

Келесі күні Ксанф Эзопқа әлемдегі ең дәмсіз тағамды әзірлеуді бұйырады. Эзоп тағы да тіл сатып алып, тілден түрлі тағам әзірлеген екен. Бұл қылышы Ксанфты бұрынғыдан бетер ашуландырыпты: «Жексүрын, сен бізді тәлекек еткенінді қашан қоясың? Кеше сен тілді әлемдегі ең дәмді тағам ретінде ұсынып едің, бүгін ең дәмсіз деп әкеп тұрсың. Сені жартастан лақтыруды бұйырамын!» – депті ызаға булығып. Эзоп: «Тілден жаман не бар? Дәл сол тіл ұрысқа себепкер болады, күмән тудырады, қызғаныштың көрігін қызыдырып, қорлап мазақ етеді. Бұның соңы жанжалға ұласып, адамдарды өлімге душар етеді. Ксанф, мені де қазір тілдің арқасында жерден алып, жерге салып тұрсың ғой», – деп жауап береді.

Ғасырлар қойнауынан бізге жеткен осы бір шағын аңызда тілдің мәні мен маңызы әрі қысқа, әрі нақты, әрі анық берілген. Тіл – қарым-қатынас, яғни коммуникацияның басты құралы. Адамның оны қандай қажетіне жарататынына орай, жақсылықтың да, жамандықтың да жаршысы бола алады.

Құдіретті Жаратушымыз құллі тіршілік иелерінің ішіндегі ең естісі һәм саналысы етіп Адамды жаратқандықтан, оның басқалардан айырмашылығы – қасиетті тілінде. Ежелгі қауымдық құрылымы адамдарының қорғансыз сәби кейпінен бүтінгідей бүкіл жаратылыстың Падишахына айналып, алып дүлей жыртқыштарды (мамонт, азуы алты қарыс жолбарыс) жеңіп шығуына өткір азу немесе жестырнақ көмектескен жоқ, Ұлы мәртебелі тілдің дамыған, кең таралған, нәзік коммуникация жүйесі көмектесті. Тілдің арқасында әлемді танып біліп қана қоймадық, сонымен бірге сол танымымыз берілімізді, жинаған тәжірибемізді келесі үрпақта қалдыруға мүмкіндік туды. Жазудың пайдасы болуы – бұл мүмкіндіктердің одан әрі нығайып, кеңінен етек жауына ықпал етті.

Дана Эзоп дұрыс айтады – тілдің мәні мен маңызы әрі мүмкіндігі оны адамның қалай қолданатынымен тікелей байланысты. Адам оны жақсылық пен жамандықтың да, мейірімділік пен қатыгездіктің де қаруы ете алады. Тап қазіргідей тіл арқылы қарым-қатынас жасау мәселесі ешуақытта өзекті болмаған еді.

Мәдениетаралық коммуникация – қарым-қатынас теориясы мен тәжірибесінің ерекше көкейкестілігін айқындастын жаңа пән. Мәдениетаралық коммуникация проблемаларына қазір бүкіл әлемнің ынталасы ерекше ауып отыр. Оның жақсылы-жаманды себептері көп.

Әлемнің бұған ерекше ықылас танытуының жақсы жақтары әрине, жетерлік:

Ғылыми-техникалық прогресс, интернеттің қиял-ғажайыбы, әлемнің кез келген түкпірінен мобиЛЬДІ телефон, компьютер, теле және радиобайланыс арқылы «көзді ашып-жүмғанша жылдам хабар алдырған» коммуникацияның алғырлығы.

Бұл – ХХІ ғасырдың кереметі. Ұлтаралық, мәдениетаралық, тұлғааралық байланыс миллиондаған адамға ешқандай кедергісіз жол ашты. Бірақ ғылымның ұлы жетістіктерінің игілігін көруге тілдер мен мәдениеттер арасындағы түсінбеушіліктің алынбас қамалы бөгет болуда. Соның салдарынан араздықтар өршіп, шиеленістер жиі туындауда.

Осы түсініспеушіліктен мәдениетаралық коммуникацияға деген шектен тыс қызығушылықтың кері ықпалын да пайымдаймыз:

*Адамзаттың жаңа тарихындағы геосаяси катаклизмдер әлем халқының миллиондалап босқынға айналуына, жер аударылуына, көші-қонның күшеюіне ықпал етті. Тілдік және мәдени проблемалар адамдар қауымының татулығына сыват түсіріп, этникалық жанжалдар өршіп, оның соңы қан төгістің, соғыстың басталуына әкеп соғуда.*

Бұның салдары барлық ксенофобия мен агрессияның, адамзаттың болашағына қауіп тәндіретін, адам айтса нанғысыз әлемдік толқуларға бастайтынын естен шығармау керек.

Осы жағдайда білімнің жаңа әрі жас саласы – мәдениетаралық коммуникацияның дамуы – ғылымның бірінші кезектегі міндеттін айқындалап алға шығарды. Бұл асыра бағалаушылық емес. Біз ғылым мен техниканың заманауи ғажайыптарына, сондай-ақ адам факторларының да дамып, жоғары маңызға ие болғанына күә болып отырмыз. Адамзаттың өмір сүру салтын, дағдыларын, салт-дәстүрін, дүниетанымы мен менталитетін, құндылықтар жүйесін, басқаша айтқанда, біздің заманымызда антропологиялық немесе этнографиялық мағынада мәдениет деп атауға үйренген жүрттың бәріне түсінікті термин адамның ішкі-сиртқы әлемін толығымен таныта алмайды. Бұған жүрттың бәріне түсінікті және үйреншікті жан дүние, жылы жүрек үғымдарын қосыңыз, «жүрекке әмір жүрмейді» дегендей, адамның техникалық тұрғыдан қол жеткізген жетістігіне, айналып келгенде адамның өзі кедергі келтіруде.

Шындығында, осындағы «ұсақ-түйек нәрсе» адамзат баласының қол жеткізген ғылыми-техникалық жетістігіне нұқсан келтіреді деп кім ойлаған. Ғылыми-техникалық прогрестің басты мақсаты – адамзат баласын жарқын болашаққа жетелеу. Бірақ ғылым мен техниканың жолында оған, керісінше, рөл атқаратын тілдік және мәдени кедергілер ылғи тоқауыл болуда.

Мінеки, сондықтан да қарым-қатынас үдерісінде, ең алдымен, әртүрлі мәдениетті, әртүрлі тілді адамдардың өзара түсінісуін қамтамасыз ету мақсаты еріксіз туындаиды.

Мәдениетаралық коммуникация – күллі ғылымдар терминдерін пайдаланатын пәнаралық ғылым. Шынында да, философ, тілші, мәдениеттанушы, психолог, әлеуметтанушы, тарихшы, географ, биолог, геолог, химик, физик және т.б., бір сөзбен айтқанда, гуманитарлық, жаратылыстану ғылымының барлық өкілі адам әлемін, оның материалдық, рухани өмірін, қызметін және мәдениетін жан-жақты терең зерделеп білуі үшін бір арнаға тоғысады.

Сонымен, кім адамды зерттесе, кім адамдық қарым-қатынас байлығын молынан пайдаланғысы келсе, кім адамдарды мәдениетаралық, этносаралық шиеленістерден құтқарғысы келсе, солардың барлығы да тіл тылсымына бойлайтын ғылымның жас, бірақ өте қажетті, көкейкесті саласы – мәдениетаралық коммуникация пәнімен танысқаны абзал.

Егер де бұл кітап адамдарға ортақ тіл табысуға мысқалдай да болса септігін тигізіп, тым болмағанда бір шиеленістің алдын алған болса, онда ол бекер жазылмағаны.

*Әріптестеріме, аудармашыларға,  
баспағерлерге және осы кітаптың оқырмандары –  
ұлы қазақ халқының тіл сүйер қауымына  
зор құрмет, ізгі ниет, махаббатпен –  
автор, М.В. Ломоносов атындағы ММУ-дің  
еңбек сіңірген профессоры  
Светлана Григорьевна ТЕР-МИНАСОВА*

## *Қысқартулар тізімі*

A. –	А.О. Ахманова. Словарь лингвистических терминов. М., 1966.
АРС –	В.Д. Аракин, З.С. Выгодская, Н.Н. Ильина. Англо-русский словарь. М., 1983.
АС –	Словарь русского языка. Под ред. А.П. Евгеньевой. 1–4 т. М., 1981–1984 (Академия наук СССР. Институт русского языка).
БАРС –	Большой англо-русский словарь. Под общим руководством И.Р. Гальперина, Э.М. Медниковой. М., 1987.
Д. –	В.И. Даль. Толковый словарь живого великорусского языка. 1–4 т. М., 1978–1980.
И. –	Словарь иностранных слов. 7-басылым. М., 1979.
М. –	Ж. Марузо. Словарь лингвистических терминов. М., 1960.
О.	С.И. Ожегов. Словарь русского языка. М., 1972.
О. и Ш. –	С.И. Ожегов, Н.Ю. Шведова. Толковый словарь русского языка. М., 1993.
РАСС –	Русско-английский. Под общим руководством Проф. А.И. Смирницкого. М., 1997.
СИ –	Современный словарь иностранных слов. М., 1992.
СЯП –	Словарь языка. А.С. Пушкина. Сост. С.И. Бернштейн и др. 1–4 т. М., 1956–1961.
У. –	Толковый словарь русского языка. Под ред. Д.Н. Ушакова. 1–4 т. Л., 1934–1940.
Ф. –	М. Фасмер. Этимологический словарь русского языка. Пер. с нем. И доп. О.Н. Трубачева. 1–4 т. М., 1986–1987.
ALDCE –	The Advanced Learner's of Current English. 2nd Ed. London. Oxford University Press, 1967.
BBCED –	BBC English Dictionary. Harper Collins Publishers., 1992.
CCEED –	Collins COBUILD Essential English Dictionary. London, Glasgow, 1990.
CDEL –	Collins Dictionary of the English Language. London, Glasgow, 1985.
CIDE –	Cambridge International Dictionary of English. Cambridge University Press, 1995.
COBUILD –	Collins COBUILD English Dictionary. Harper Collins Publishers., 1995.
COD –	The Concise Oxford Dictionary. Oxford University Press, 1964.
DELC –	Dictionary of English Language and Culture. Longman Group LTD., 1993.
LDCE –	Longman Dictionary of Contemporary English. Longman Group LTD., 1995.
OALD –	Oxford Advanced Learner's Dictionary. 4th Ed. Oxford University Press, s.a.
The Shorter Oxford –	The Shorter Oxford English Dictionary on Historical Principles. 3rd Ed. Vol. 1, 2. Oxford University Press, 1973.
W. –	E. A. M. Wilson. The Modern Russian Dictionary for English Speakers. New York, Toronto, Sydney, Paris, Frankfurt, Oxford etc. М., 1982.

## Kіrіспе

Адамдар бір тілде сөйлесе де, әрқашан бір-бірін  
дұрыс түсіне бермейді. Оның себебі –  
мәдениеттер ерекшелігінде.

E.M.Верещагин, В.Г.Костомаров.  
«Тіл және мәдениет»



Қайта құру жылдарының бас кезі. Жұмыс бабымен Америкаға барған болатынмын, құрбымның қызының сырқатнамасын көріп беруін өтініп, белгілі американалық дәрігерге телефон соқтым. Профессор, Америка медицинасының көрнекті өкілі асқан ізеттілік танытты. Жәрдем беруге бірден келісімін беріп, кім екенімді, Америкаға не үшін келгенімді сұрай бастады. «Филологпін, – дедім біраз пандана. – Конференцияға келдім». «Филолог? – деп сұрады ол да түсінбеген сыңай-

мен. – Сонда ол медицинаның қай саласы?». Абдырап қалдым. Филология дегеннің не екенін білмей ме? Қалжыңы ма, әлде ма-зағы ма? Алайда дауысы шынайы, салмақты шыққан сияқты. Біраз кідірістен кейін: «Филолог дегеніміз кім сонымен?» – деп сұрады. «Енді, ол дегеніміз, яғни мен сөзді жақсы көрем деген сөз», – дедім міңгірлеп. «Ә, солай ма? – деді ол көнілі су сепкендей ба-сылып, – бос сөзді жақсы көремін деңіз, сол үшін сізді конгреске жіберген екен ғой». Ренжіп қалдым. Ұңғайсыз жағдай болды. Немен айналысатынымды түсіндіре алмадым. Сөзді жақсы көретінім рас, алайда сөз менен алыстау екен. Ағылшын тілін жақсы білемін, артиклидерін дұрыс қолданамын, дауысты, дауыссыз дыбыстарын дұрыс айтамын, алайда дұрыс қарым-қатынас жасай алмадым.

Бұл оқиға кітаптың кіріспесінде не айтам, немен айналысам, тіл туралы, мәдениет туралы, қарым-қатынас туралы жазылған еңбек жетерлік, ал сонда мен не жайында жазбақшымын деген ой үстінде еске түсіп отыр. Қазіргі таңда әлемнің экологиялық келешегіне алаңдаулы көңіліміз қолымызға түскен әрбір жаңа кітапты аша отырып, еріксіз тағы бір тоғай (орман) құрбандыққа шалыныпты деп ойлайтыны анық. Осы бір жапырақ кітап үшін неліктен тағы бір тоғайдың түбіне жеткенімізді түсіндіріп, ақталып көрейін.

Білімім бойынша да, пешенеме жазылғаны бойынша да, жаңымның қалауы бойынша да, қабілет-қарымым бойынша да, мен – филологпін. Сөзді жақсы көрем. Мамандығымның атауына *жазу* (*grapho*), сөз (*logos*), *білім*, *кіріспе* деген сөздер емес, *махабbat* – *philo* деген сөздің негіз болғанына ризамын. Сөзге деген махаббат. Сөзді қалай сүюге болады? Немен айналысатынын жеткізуде қиналмайтын, мәселен, адам емдейтін, өлімнен құтқаратын, адам ғұмырын, еңбекке қабілеттілігін ұзартатын адамға оны қалай ұғындыруға болады. Түсінесіз бе, сөзді сүйем, сол сөзге деген махаббат – менің мамандығым. Міне, сол сөзге деген махаббатты, яғни оны не үшін сую керек, сөзге деген махаббаттан қалай мамандық жасауға болатынын сөзбен түсіндірудің ыңғайлышы сәті туған сияқты.

Жауп қарапайым әрі түсінікті: сөз қарым-қатынас үшін қажет, онсыз қарым-қатынас жасау мүмкін болғанымен, тым жадау әрі қыынға түседі. Егер шет тілінен енген кірме сөздерді әдеттегідей сәнді, орынды етіп қолдана алсаңыз, қарым-қатынастың, яғни коммуникацияның барлық сән-салтанаты, еркіндігі сонда.

Адам – қоғамда өмір сүретін тіршілік иесі. Қоғамда өмір сүретін-діктен, ол қоғамның басқа мүшелерімен қарым-қатынас жасауды тиіс. Орыс тіліндегі *общество, общий* сөздерінің ортақ түбірлеріне назар аударайықшы. *Коммуникация* (*communication*) сөзі де латын тіліндегі *communis* – жалпы (общий) деген сөзден шыққан.

Сонымен, сөз адамдарды қарым-қатынас арқылы байланыстырып, біріктіреді. Қарым-қатынассыз қоғам, қоғамсыз әлеуметтенген, мәдениетті, ақыл-парасатты, *homo sapiens* адам жоқ. Сөз бен тіл бір-бірімен қабыса отырып, адамды жануарлар әлемінен ажыратады. Оны қалай жақсы көрмессің?! Қалай оны ыждағатпен, зер сала, әр қырынан, жан-жақты зерттемессің? Бірде-бір ғылым, бірде-бір мамандық сөзсіз әрекет ете алмайды. Ол жоқ дегенде, білім мен тәжірибелі тұжырымдап, сақтап, келесі үрпаққа жеткізу үшін қажет. Тіпті ұлы дәрігер де басқа дәрігерлермен, науқастармен, жалпы адамзат қауымының барлық мүшесімен сөз арқылы қарым-қатынасқа түседі.

Аса мәртебелі Қарым-қатынас (немесе аса мәртебелі Коммуникация) адамзатқа билік жүргізіп, оның өмірін, дамуын, іс-әрекетін, жалпы танымы мен жаратылыстың бір бөлшегі ретінде өзін-өзі тануын басқарып отыр. Адамдар арасындағы қарым-қатынасты зерделеуге және оған не тосқауыл болатынын немесе керісінше не ықпал ететінін түсінуге деген кез келген талпыныс маңызды әрі орынды, себебі қарым-қатынас әрқашан адамзаттың тіршілік етуінің тірегі, негізі.

Бұл кітаптың мақсаты – адамзат қарым-қатынасында тілге басты құрал ретінде қарау, алайда жалғыз құрал емес екенін ұмыттырмау!

Әсіресе халықтар, тілдер, мәдениеттер арасы айырықша күшейген бүгінгі таңда, өзге мәдениет өкіліне түсіністікпен қарап, оған қызығушылық танытып, құрмет көрсетуге тәрбиелу өзекті мәселеге айналып отырған уақытта бұл талпынысымыз аса маңызды. Көпшілік назарының мәдениетаралық, халықаралық коммуникация мәселелеріне ауып отырғанының да бірден-бір себебі – осы.

Коммуникацияға қандай факторлар ықпал етеді, керінше не кедергі келтіреді, әртүрлі мәдениет өкілдерінің қарым-қатынасын қынданататын не нәрсе?

Тіл мен мәдениеттің арақатынасы қалай белгіленеді?

Сана арқылы сүзілген тіл жаратылысты қалай бейнелейді?

Жеке тұлғаның қалыптасуына тіл қалай ықпал етеді?

Жеке адамның, ұжымның ділі, идеологиясы, мәдениеті қалай қалыптасады және олар тілде қалай бейнеленеді?

Ұлттық міnez дегеніміз не және оның қалыптасуында тілдің рөлі қандай?

Шет тілдерін меңгеруде әлеуметтік-мәдени фактордың рөлі қандай?

Тіл мен мәдениет арқылы, әуелі ана тілі арқылы, кейінірек өзге тілдерді меңгеруі арқылы дүниенің көрінісі қалай жасалады?

Не себепті Ресейдің Білім министрлігі «Шет тілі» мамандығын «Лингвистика және мәдениетаралық коммуникация» деп өзгерту?

Не себепті бүкіл әлемді мәдениетаралық қарым-қатынас, мәдениетаралық қақтығыс мәселелері алаңдатып отыр?

Белгілі американлық саясаттанушы Сэмюэль Хантингтонның үшінші дүниежүзілік соғыс саяси-экономикалық жүйенің емес, мәдениет пен өркениет соғысы болады деп болжам жасауына әсер еткен не?

«Форд» компаниясының бұрынғы басшысы Ли Йакоки: «Бүкіл қызмет істеген жылдарымда уақытымның тек 20%-ын қарым-қатынаспен байланысты нәрселерге, қалған 80%-ын басқа жұмыстарға арнаптын. Бәрін қайта бастар болсам, керінше істер ме едім?» – дегені нені мензеп тұр?

Ұсынылып отырған еңбекте осы сауалдардың барлығына жауап беруге тырысамын.

## §1 Негізгі ұғымдар мен түсініктер

Алдымен осы кітапта пайдаланылатын негізгі ұғымдарды анықтап алайық.

«Тіл» ұғымына анықтама беріп көрейік.

**Тіл** – белгілі бір ұлттың өз ойын жеткізуіне көмектесетін барлық сөздердің жиынтығы, олардың дұрыс тіркелуі (Д.).

**Тіл** – индивидтердің (жеке тұлғалардың) өзара қарым-қатынасына қызмет етуге жарамды кез келген таңбалар жүйесі (М.).

**Тіл** – адамзат ұжымы мүшелерінің негізгі әрі маңызды қарым-қатынас құралы саналатын семиологиялық жүйенің ерекше бір түрі, сондай-ақ бұл жүйе адамзаттың ойлауын дамытатын, тарихи-мәдени дәстүрлерін және т.б. ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін құрал (А.).

**Тіл** – адамзат қоғамында стихиялық жолмен пайда болып, дамитын, адамдардың қарым-қатынас жасауына, олардың жаратылыс туралы бүкіл білгендері мен түйгендерін бейнелеуіне қызмет ететін дискретті (үзік-үзік) дыбыстардың таңбасы<sup>1</sup>.

**Тіл** – дыбыстық, сөздік, грамматикалық құралдардың тарихи қалыптасқан жүйесі, ол ойлау жұмысын шындыққа айналдыруши және қоғамдағы адамдардың қарым-қатынас жасау, ой алмасу, өзара түсінісу құралы (О.)

**Language.** A vocabulary and way of using it prevalent in one or more countries (DEAD ~); (transf.) method of expression (finger~, talk by conventional signs with fingers); words and their use; faculty of speech; person's style of expressing himself (bad ~, or || vulg. ~, oaths and abusive talk; strong ~, expressing vehement feelings; professional or sectional vocabulary; literary style, wording; ~ master, teacher of (usu. mod. foreign) ~ or ~ s (COD).

**Language** – A system of communication consisting of a set of small parts and a set of rules which decide the ways in which these parts can be combined to produce messages that have meaning. Human language consists of words that are usually spoken or written (CIDE).

A **language** is a system of sounds and written symbols used by the people of a particular country, area, or tribe to communicate with each other. Many have English as a first or second language.

<sup>1</sup> Н.Д. Арутюнова,  
Г.В. Степанов.  
Русский язык.  
М., 1979. 410 6.

**Тіл** – сөздік қор және оның пайдаланылу тәсілінің бір не одан көп елде басымдыққа ие болуы (ӨЛІ) (аудыс.); ойын жеткізу (ым-ишара, шартты белгілер арқылы сейлесу) тәсілі; сөздер мен олардың қолданылуы; сейлей алу қабілеті; адамның өзі туралы айта білу тәсілі (ғайбат әрі түрлайы, балағат сөз немесе жеке басын қорлайтын сөздер); ызалы, ашулы сезімдерін білдіру; кәсіби және жергілікті лексика; әдеби стиль, оны көрсететін формасы; өқытушы, мұғалім (әдетте шетелдік, заманауи) немесе ов. (ов сөзінің мағынасын ашып беруге бола ма?)

**Тіл** – ұсақ фрагменттер (үзіктер) мен мағыналы ойды жеткізу де қолданудың тәсілдерін реттейтін ережелер жиынтығынан тұратын қарым-қатынас жүйесі. Адамзат тілі аудыша немесе жазбаша түрде пайдаланылатын сөздерден тұрады.

**Тіл** – белгілі бір ел, аудан халқының немесе белгілі бір тайпалың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы үшін пайдаланатын дыбыстық және жазбаша таңбаларының жүйесі. Ағылшын тілі – көп адамның ана тілі немесе екінші тілі.

**Тіл – сөздерді коммуникация мақсатында пайдалана алу мүмкіндігі. Бұл зерттеу мұғалімдердің балаларға тіл меңгерту дарыларын қалай қалыптастыруға болатынын түсінүне көмектеседі.**

Белгілі бір пәнмен байланысты сөздерді пайдалануды сол пәннің тілі, яғни әлеуметтану тілі деп атауға болады.

Ауызша немесе жазбаша сөйлеу фрагментінің (үзіндісінің) тілі сол жазумен не айтудың стилі болып саналады. Тілдің тұрашылдығына дән ризамын.

**Тіл – сондай-әқ басқа да коммуникация тәсілдерін, атап айтқанда, белгілер тілін, компьютер тілін, жануарлар тілін көрсетуде де пайдаланылады. Әдетте бұл қарым-қатынас белгілер арқылы жүзеге асатын тілдер.**

Тіл – 1. Адамның ойын сөз арқылы жеткізу тәсілі. 2. Халық немесе ұлттың пайдаланатын сөздерінің айырықша жүйесі.

**Language** is the ability to use words in order to communicate. *This research helps teachers to understand how children acquire language.*

You can refer to the words used in connection with a particular subject as the language of that subject. ...*the language of sociology.*

The **language** of a piece of writing or a speech is the style in which it is written or spoken. *I admire the directness of the language.*

**Language** is also used to refer to other means of communication such as sign language, computer languages, and animal language. *The way that they usually communicate with others is by using sign language (BBCED).*

**Language.** 1. the system of human expression by means of words.

2. a particular system of words, as used by a people or nation (LDCE).

Сонымен, әр дәүір, ел, мектеп өкілдерінің берген анықтамалары ең бастысы мынаған келіп тоғысады: тіл – бұл қарым-қатынас құралы, ойды жеткізу құралы. Эрине, оның басқа да қызметтері бар, алайда осы екеуі – ең негізгісі. Тіл коммуникацияға қызмет етеді, бұл қарым-қатынас түрлерінің ішіндегі ең басты, ең ашық, айқын (эксплицит), ең ресми әрі әлеумет мойындағаны болып саналады.

Тіл өзімізге белгілі әрбір қоғамдағы таза күйіндегі коммуникативтік (қатысымдық) үдеріс<sup>2</sup>.

**Коммуникация** – қарым-қатынас актісі, бір не одан да көп тұлғаның арасындағы өзара түсіністікке негізделген байланыс; бір тұлғаның екінші бір тұлғаға немесе бірнеше тұлғаға ақпаратты хабарлауы (И.).

**Коммуникация** – қатынас, қарым-қатынас (О.).

<sup>2</sup>Э. Сепир. Коммуникация// Извбранные труды по языкоznанию и культурологии..М., 1993, 211 б.

**Коммуникация** – алмасу актісі (әсіресе жаңалықтармен); жеткізілген ақпарат; қарым-қатынас.

**Коммуникация** – ақпаратты басқа адамдарға немесе тіршілік иелеріне жеткізу үдерісі немесе актісі. Құмырсқалар мен солар текстес жәндіктердің тиімді коммуникация жүйесі жақсы дамыған. Офицерлер мен команда арасында байланыс (сөз-бесөз: коммуникация) нашар болған.

**Communication.** Act of imparting (esp. news); information given; intercourse (COD).

**Communication** is the activity or process of giving information to other people or living things. *Insects such as ants have a highly effective system of communication... There was poor communication between officers and crew.*

**Communications** are the systems and processes that are used to communicate or broadcast information. *Communications inside the country have also been seriously disrupted...*

A **communication** is a letter or telephone call; a formal use. ...*a secret communication from the Foreign Minister (BBCED).*

**Communications** are the various methods of sending information between people and places, esp. official systems such as post systems, radio, telephone, etc.: *Less than 2% of all overseas aid is going to improve communications.*

**Communications** are also the ways which people use to form relationships with each other and understand each other's feelings: *Communications between parents and children are often difficult (CIDE).*

«Мәдениет» ұғымына анықтама беру әлдеқайда күрделі.

Өкінішке қарай, мәдениет сөзі еуропалық тілдердің бәрінде көп мағыналы. «Өкінішке қарай» деп сөздің терминологиялық қолданылуына қатысты айтып отырмыз (терминдер бірмағыналы болуы тиіс, әйтпесе ғылыми ақпаратты беру қынайдайды), негізінде сөздің көпмағыналығы – кемшілік емес, ол тілдің байлығы. Көпмағыналықтың арқасында сөздерді стильдік түрғыдан ойнатуға, тілдік полифонияға, яғни сөзбен бейнелеу аясын кеңейтуге болады.

Сонымен **мәдениет** сөзінің анықтамасына тоқталайық.

Орыс тілінің академиялық сөздігінде бұл сөздің жеті мағынасы берілген, біз үшін солардың алғашқы төртеуі маңызды (соңғы үшеуі – арнаулы ауылшаруашылығы, бактериологиялық және т.б. терминдер):


1. Адамзат қоғамының өндірістік, қоғамдық және рухани өмірінде қол жеткізген жетістіктерінің жиынтығы. Материалдық мәдениет. Рухани мәдениет. Мәдениет тарихының айтуынша, адамдардың еңбек, ғылым арқылы тапқан білімдері күн санап есіп келеді және танымдық қабілеттеріміздің ары қарай шексіз дамуына тірек болмақ. М.Горький. Жауап// Белгілі бір дәүірдегі белгілі бір халықтың не қоғам мүшелерінің жетістіктерінің жиынтығы. Социалистік мәдени-

**Коммуникациялар** – қарым-қатынаста немесе ақпаратты беруде пайдаланылатын жүйелер мен үдерістер. Елдегі коммуникация жүйесіне де айтарлықтай нұқсан келтірілген...

**Коммуникация** – хат немесе телефон қонырауы. Ресми түрде пайдалану. Сыртқы істер министрлігінен құпия хабарлама (сөзбе-сөз коммуникация).

**Коммуникациялар** – адамдар арасындағы, әсіресе ресми жүйелер – пошта, радио, телефон және т.б. арқылы ақпарат жеткізуіндегі түрлі әдістері: халықаралық көмектің кем дегендे 2%-ы коммуникацияны жақсартуға кетеді.

**Коммуникациялар** – бұл сондай-ақ адамдардың бір-бірімен қатынас орнату, бір-бірінің сезімін түсіну тәсілі: Ата-аналар мен балалар арасындағы қатынастар (сөзбе-сөз коммуникация) негізінен өте күрделі.



ет. М. Горький орыс мәдениетінің көрнекті өкілі болған. Павленко. М.А. Горький.

2. Шаруашылықтың қандай да бір саласының не ақыл-ой әрекетінің даму деңгейі, дәрежесі. Жер өндеу мәдениеті. Сөйлеу мәдениеті. Жоғары еңбек мәдениеті үшін күрес.

3. Көзі ашық адамның қажеттіліктегіне сәйкес келетін жағдайдың болуы. Тұрмыс-тіршілік мәдениеті. (Жер иеленуші Гуделкин) мәдениет орната бастады... Ол аурухана ашып, фельдшер жалдауды, мектеп салғызды. Эртель. «Записки степняка» («Далалықтың жазбалары»).

4. Көзі ашық, білімді, оқымысты. Шынымен жас суретшінің таланты, кәсіби дағдылары, мәдениетке деген талғамы бар ма еken, онда ол талабы мен табандылығының арқасында шынайы шеберлікке қол жеткізеді. В.Яковлев. Сурет өнері туралы (АС).

Осы берілген мағыналардың ішінде мәдениет сөзінің антропологиялық, этнографиялық мағынасына тек біріншісі ғана жақын. Мәдениеттану тұрғысынан алғанда, белгілі бір көрнекті нәтижелердің оң бағасын көрсететін жетістік сөзі дәл келмейді. Мәдениеттану барлық іргелі ғылым саласы сияқты барынша әділ болуға тырысады және баға беруден бойын аулақ салады. Сондықтан осы тұрғыдан алғанда, «жетістіктер жиынтығы» деп алғаннан ғері «әрекеттер нәтижесінің жиынтығы» деген дұрыстау болар еді. Culture ағылшын сөзінің мағынасы:

**Мәдениет** – өмір салты, әсіресе белгілі бір адамдар тобының белгілі бір үақыттағы жалпы әдет-ғұрыптары мен нағымдары. Жастар /жұмыс/орыс/ рим/жалпы мәдениет.

**Мәдениет:**

1. Мәдениет дегеніміз – белгілі бір қоғамға телінген идеялар, дәстүр және өнер (Мәселен, ол Рим және грек мәдениетін өлердей жақсы көретін Қытай мен Жапонияның ұлы мәдениеттері).
2. Мәдениет – оның идеяларымен, өнерімен және өмір сүру салтымен айқындалатын белгілі бір қоғам немесе өркениет (мәселен, африка өркениетінің және мәдениетінің бай тарихы).

**Мәдениет** – белгілі бір дәүірдің немесе халықтың дәстүрі, өркениеті немесе жеткен жетістіктері (Қытай мәдениетін зерттеді).

**Мәдениет** – белгілі бір адамдар тобының белгілі бір дәүірде жасаған дәстүрі, сенімі, өнері, музикасы және басқа да адамзат ойының жемісі (ежелгі грек мәдениеті, тайпалық мәдениет, поп-мәдениет).

**Culture** – the way of life, especially general customs and beliefs of a particular group of people at a particular time. Youth / working-class / Russian / Roman / mass culture (CIDE).

**Culture.** 1) Culture or a culture consists of the ideas, customs, and art that are produced or shared by a particular society (e.g. *He was a fervent admirer of Roman and Greek culture the great cultures of Japan and China*). 2) A culture is a particular society or civilization, especially one considered in relation to its ideas, its art, or its way of life (e.g. *the rich history of African civilizations and cultures*) (COBUILD).

**Culture** – 1) the customs, civilization, and achievements of a particular time or people (*studied Chinese culture*) (COD).

**Culture** – the customs, beliefs, art, music, and all the other products of human thought made by a particular group of people at a particular time (*ancient Greek culture, a tribal culture, pop culture*) (DELC).

The term **culture** is taken from the technical vocabulary of anthropology, wherein it embraces the entire way of life of members of a community insofar as it is conditioned by that membership<sup>3</sup>.

Барлық ағылшын тілді анықтамалықтарда *culture* сөзін түсін-діру барысында *customs* «салт, дәстүр», *beliefs* «сенім», сондай-ақ *the way of life* «өмір сұру салты» сөз тіркестерін бірнеше рет қолданады.

**Мәдениетаралық коммуникация термині** – атауы айтып тұрған-дай, әртүрлі мәдениет өкілдерінің қарым-қатынасын білдіреді.

Лингвоелтану ғылымының Библиясы Е.М. Верещагин мен В.Г. Костомаровтың «Тіл және мәдениет» кітабында мәдениетаралық коммуникация үғымына «әртүрлі ұлттық мәдениеттің екі және одан да көп өкілінің өзара түсіністікпен қарым-қатынас жасауы» деген анықтама беріледі<sup>4</sup>.

**Мәдениет термині** – антропологияның техникалық сөздігінен алынған. Соган орай, ол қауымдастықтың талап еткеніне қарай қоғам мүшелерінің барлық өмір сұру салтын қамтиды.

<sup>3</sup> R.H. Robins. General Linguistics. An Introductory Survey. London, 1971, p. 27.

<sup>4</sup> Е.М. Верещагин, В. Г. Костомаров. Язык и культура. М., 1990, 2 б.

## §2. Тіл, мәдениет және мәдениет антропологиясы

Ал енді, сөздер мен үғымдардың жұмысына тікелей қатысы бар маңызды екі үғым – тіл мен мәдениеттің өзара байланысын алып қарастыралық. Олардың өзара тығыз қарым-қатынаста еkenі бесенден белгілі.

Тіл – мәдениет айнасы, онда адам айналасындағы шынайы өмір мен оның өмірінің шынайы шарттары ғана емес, сонымен қатар халықтың қоғамдық санасы мен менталитеті, өмір сұру салты, дәстүр-салты, мораль, құндылықтар жүйесі, әлемді сезінуі және түйсінуі қамтылған.

Тіл – мәдениеттің алтын сандығы, яки баға жетпес қоймасы. Ол – лексика мен грамматикада, идиоматика мен мақал-мәтедерде, фольклорда, ауызша және жазбаша түрдегі көркем және ғылыми әдебиетте мәдени құндылықтарды сақтайды.

Тіл – тасымал құралы, мәдениетті жеткізуі, ол үрпақтан-үрпаққа сақталып келген ұлттық мәдениеттің жаунарларын тасымалдайды. Балалар ана тілін меңгере отырып, онымен бірге ата-бабаларының бүгінге дейін жинақталған мәдени бай тәжіри-бесін де игереді.

Тіл – қару, мәдениеттің құралы. Адамның, сол тілде сөйлеушінің тұлғалық сипатты тіл арқылы дарыған, тіл арқылы әлемді тануы,

менталитеті, адамдармен қарым-қатынасы т.б., яғни қарым-қатынас құралы ретінде сол тілді пайдаланушы халықтың мәдениеті арқылы қалыптасады.

Демек, тіл «біздің өмір сүру салттымызды танытатын тәжірибелік дағдыларымыз бен идеяларымыздың әлеуметтік жинақтық қоры»<sup>5</sup> – мәдениеттен тыс өмір сүрмейді. Адамзат қызметінің бір түрі тіл – адам өмірінің әртүрлі саласында адамзат қызметі нәтижелерінің жинағы ретінде айқындалатын (жоғарыға қараңыз) мәдениеттің (айталық: өндірістік, қоғамдық, рухани) құрамдас бір бөлігі. Алайда ойлауды жүзеге асыру формасы ретінде, бастысы қарым-қатынас құралы ретінде тіл – мәдениетпен бірдей деңгейде тұра алады.<sup>6</sup>

Егер тілді оның құрылымы бойынша (қалыптастыру және игеру амалдары (ана тілі немесе шет тілі ретінде) қарастыратын болсақ, онда әлеуметтік мәдени қабат немесе мәдениет құрамы тілдің бір бөлігі немесе оның шынайы тұрмыстық келбеті.

Сейте тұра мәдениет құрамы – жай ғана тіл арқылы баяндалатын мәдени ақпарат қана емес, бұл оның барлық деңгейі мен салаларына тән тілдің бөлінбес бір бөлігі.

Тіл – ұжымның қоғамдық санасын, дәстүрін, мәдениетін сақтап, жеткізу арқылы адамдар тобынан этности, ұлтты қалыптастыратын қуатты қоғамдық қару.

«Мәдениеттің ұлттық ерекше құрамдарының ішінде тіл бірінші орында. Тіл, біріншіден, қарым-қатынас мәдениеті ретінде адамдарды өзара байланыстыра да, өзара алшақтата да алады. Тіл – ол тілде сөйлеуші адамдарды белгілі бір қоғамға телитін белгі.

Этностиң негізгі ерекше белгісі – тіл. Оны ішкі және сыртқы екі жағынан алып қарастыруға болады: «ішкі» бағыт бойынша ол этникалық интеграцияның негізгі факторы ретінде айқындалады; «сыртқы бағыт» – ол этностиң негізгі этнобөлшектену белгісі. Өз бойына осы екі қарама-қайшы қызметті диалектілік тұрғыдан қабыстыра отырып, тіл – этностиң өзін-өзі сақтау әрі оны «өзім» және «өзгелер» деп бөлшектеу құралы».<sup>7</sup>

Демек, тіл мен мәдениеттің өзара қарым-қатынасы – күрделі әрі көп аспекттілі. Бұл кітап тіл мен мәдениеттің адамдар қарым-қатынасы үдерісіндегі өзара байланысы, ықпалы және әрекет проблемаларына арналады. Бұл проблемаларды қарастырудан бұрын, әдіснамалық және әдістемелік тұрғыдан кей мәселелер мен түсініктерді алдын ала келісіп алайық.

Адам мәдениетінің қалыптасуы және даму мәселелерімен мәдени антропология айналысады. **Антропология** аты айтып тұрғандай – адам туралы ғылым. Алайда адам туралы ғылымдарға (тағы да атында көрініс тапқандай) барлық гуманитарлық ғылымдар мен

<sup>5</sup> Э. Сепир. Язык. Введение в изучение речи// Избранные труды по языкоznанию и культурологии. 185 б.

<sup>6</sup> Ю.В. Бромлей. Этнос и этнография. М., 1975, 48 б.

<sup>7</sup> Г.А. Антипов, О.А. Донских, И.Ю. Марковина, Ю.А. Сорокин. Текст как явление культуры. Новосибирск, 1989, 75 б.

кейбір жаратылыс ғылымдарының да (медицина, жекелей – биология) қатысы бар. Адам туралы ғылым өте көп. Бұл түсінікті де. Себебі, адам – өте күрделі, әртараты және көпқырлы жаратылыс. Сол үшін де жүрттың барлығының назары адамда.

Тікелей адамға бағытталмаған басқа ғылымдар әлемді, табиғатты, адамзаттан тыс объективті шындықты зерттеу пәні ретінде қабылдайды. Бірақ бұл қоршаған ортанды зерттейтін адам, ол – адам көзқарасы тұрғысынан қарастырылады. Басқаша айтқанда, адами фактор тіпті гуманитарлық емес ғылымдардың өзінде көрініс табады.

Яғни адам туралы көптеген ғылымдар адамның физикалық (биология, медицина), рухани (психология, философия, филология) ерекшеліктерін, іс-әрекетін (экономика, социология), қалыптасуы мен дамуы (тарих) тұрғысынан әр қырынан зерттейді. Бұл пәндер өзара тығыз байланысты. Қалай дегенмен де, нысаны адамтану болатындықтан, бұл ғылымдардың бірінен екіншісі туындалады. Онда әртүрлі пәндерге жүктелген аспектілер біртұтас организм ретінде, бөлінбес бір бүтін ретінде өмір сурмек.

Антропология немен айналысады? Бұл ғылым өзге ғылым салалары секілді бөлінбес бүтінді бөлшектеп алғанда нені таңдалап отыр?


**Антропология** – адам туралы барлық басқа ғылымдардан аспектілерді біріктіре отырып, адамның физикалық және мәдени дамуының жалпы процесін жан-жақты және жаңандық тұрғыдан зерттеуге талпынуымен өзгешеленеді. Соған орай, антропология:

1) әртүрлі нәсілдерден құралған адамның биологиялық тегін және физикалық құрылышының эволюциясын зерттейтін физикалық антропология; 2) адам мәдениетінің қалыптасуы мен дамуын зерттейтін мәдени антропология секілді бірнеше бөлікке бөлінеді.

**Мәдени антропология** – өте кең ауқымды іргелі ғылым. Ол адамзаттың мәдени дамуының жалпы проблемаларын зерттейді. Онда өзге гуманитарлық ғылымдардың барлық білімі топтастырылған.

Мәдени антропология – адамды адам ететін және оны өзге тіршілік иелерінен ерекшелеп тұратын және мәдени тұрғыдан қалыптасуының бірыңғай процесін зерттейді. Жануарларда өзін-өзі ұстаудың белгілі бір жүйесі қалыптасқан, бірақ мәдениет жоқ.

Мәдениет – мәдени антропологияны зерттеу пәні ретінде ұқыттың белгілі бір кезеңінде үлттың, таптың, адамдар тобының құ-



рамдас және қалыптасқан өмір салтының, сондай-ақ адамзат қоғамының барлық саласындағы және барлық факторындағы (идеялар, нағым-сенім, салт-дәстүр) қызметінің нәтижесі. Мәдени антропология мәдениетті оның барлық аспектісінде: адамның өмір сұру салты, әлемді тануы, менталитеті, үлттық мінезі, рухани, қоғамдық және өндірістік қызметінің дамуын зерттейді. Мәдени антропология адамның қарым-қатынасы арқылы, коммуникация арқылы мәдениетті дамытатын, ерекше қабілетін – соның ішінде сөйлеу қабілетін зерттейді. Адамзат мәдениетінің шексіз әртүрлілігін, олардың өзара қызметі мен шиеленістерін қарастырады. Ерекше назар тілдің өзара қызметі мен мәдениетіне аударылатын болады.

Мәдени антропология курсының негізгі міндеттері:

- 1) мәдениеттің адам өміріндегі, мінез-құлқындағы, өзге адамдармен және өзге мәдениетпен қарым-қатынасындағы ерекше рөлін түсіндіру;
- 2) осы ғылымның идеялары мен әдістерімен таныстыру;
- 3) мәдениеттің даму жолын айқындау, олардың өзара қақтығысы мен іс-әрекеті және өзгеруі;
- 4) тіл мен мәдениеттің өзара байланысы, өзара ықпалы мен іс-әрекетін айқындау;
- 5) мәдениеттің адам мінез-құлқына, дүниетанымына, әлемдік жүйеге, жеке өміріне, тұлғаның қалыптасуына т.с.с. қалай ықпал ететінін көрсету.

Мәдени антропологияның дамуы қазіргі Ресей үшін аса маңызды, ейткені бұл ел біраз үақыт өзге әлемнен, басқа мәдениеттен қол үзіп қалды ғой. Ресейліктер кейбір басқа мәдениеттерден мүлдем мақұрым болды, не олар туралы жалған түсінікте болды. Қазіргі таңда өзге мәдениеттерді тану қажеттілігі мен мүмкіндігі сәйкесіп отыр. Қажеттілік – Ресей тұрғындарының халықаралық және мәдениетаралық қарым-қатынасының жаңаруынан туындалап отыр.

Бұл курс пен білімнің осы саласы – әсіресе шет тілдерін үйреношілер үшін маңызды, шет тілдерін нақты қарым-қатынас құралы ретінде қолдану (бұрынғыдай жазбаша мәтіндерді жай оқу арқылы үйрену емес) мәдениеттер, олардың дамуы және өзара байланысы жайлы жалпы білім аясы кең жағдайда – басқаша айтқанда, мәдени антропологияны білгенде ғана мүмкін болады.

**Лингвомәдениеттану** тіл жөніндегі ғылымның бір саласы, тіке-лей мәдениетті зерттеуге қатысы бар сала ретінде соңғы кезде өте кең ауқыммен таралуда.

Професор В.В. Воробьевтің (Ресей халықтар достығы университеті) сөзіне сүйенсек, «бұғын лингвомәдениеттану – жаңа филологиялық пән ретінде танылды. Ол белгілі бір деңгейде бөлініп қалған немесе үйымдастқан түрде жинақталған мәдени құндылықтарды,

сөйлеудің туындауы мен оны қабылдаудағы табиғи коммуникативті процестерді, тілдік тұлғаның тәжірибесі мен үлттық менталитетті зерттейді, «әлемнің тілдік бейнесін» жүйелі сипаттайды және оқытудың білім беру, тәрбие әрі интеллектуалдық міндеттерін қамта-масыз етеді.

Сөйтіп, лингвомәдениеттану – типті синтездеуші, мәдениет пен тілдің қызметіндегі өзара байланысы мен өзара іс әрекетін зерттейтін кешенді ғылыми пән. Бұл процесс тілдік және тілден тыс (мәдени) бірліктердің біртұтас құрылымдық (структуралық) мазмұнын қазіргі басымдықтарға және мәдени қондырғыға бағытталған (нормалар мен қоғамдық құндылықтар) жүйелі әдістер көмегімен айқындаиды.<sup>8</sup>

<sup>8</sup> В.В. Воробьев. О статусе лингвокультурологии// IX Международный Конгресс МАПРЯЛ. Русский язык и культура на рубеже веков. Т.2. Братислава, 1999, 125–126-66. Нақты бұл туралы В.В. Воробьев. Лингвокультурология. Теория и методы. М., 1997.

### §3. Қазіргі мәдениетаралық коммуникация мәселелерінің өзектілігі

Мәдениетке қатысты барлық мәселелердің өзектілігі бүгінгі таңда адам нанғысыз өткір сипат алды. Тұрлі халықтың мәдениетін зерттеу – мәдениеттану пәнінде басты мәселеге айналды.

Бұдан сәл ғана бұрын бұл мәселеге тарих, философия, филологияның бір бұрышында болмашы ғана орын беріліп еді. Қазір оны Ресей жоғары аттестациялық комиссиясы ғылыми мамандық ретінде айқындалған отыр, мәдениеттану пәні бойынша кандидаттың және докторлық диссертация қорғау үшін мамандандырылған ғылыми кеңестер құрылды; мәдениеттер диалогі мен шиеленістері тақырыптарында мақалалардың көбеюі; мәдениет мәселелерін зерттеушілердің басын біріктіретін қоғамдар мен қауымдастықтардың құрылуы, мәдениет мәселелері бойынша конгрестер мен симпозиумдардың, конференциялар санының күрт артуы; мәдениеттану мен антропологияның барлық гуманитарлық бағыттары мамандар даярлаудың оқу жоспарына, тіпті орта мектеп бағдарламасына енүі; жоғарыда аталып өткендей, С. Хантингтонтың үшінші дүниежүзілік соғыс жайында: «Бұл мәдениеттер мен өркениеттердің соғысы болады» деген белгілі болжамы – мұның бәрі мәдениет мәселелеріне деген ерекше ықыластың көрінісі.

Өкінішке қарай, осындағы өзге мәдениетке деген ерекше ықыластың артында өз мәдениетін өзгелердің тәжірибесі мен ерекшеліктері арқылы байыту секілді игі және жасампаз мақсат қана тұрған жоқ, сонымен қатар өзге де көңілсіз әрі алаңдатарлық тәжірибелер де кездеседі. Соңғы жылдардағы әлемдік деңгейдегі



әлеуметтік-саяси және экономикалық күз-зелістер елдердің көшіп-қонуын, араласуын және шиеленістерін адам айтқысыз күшайтіп жіберді. Бұл, әрине, мәдениеттер қақтығысына әкеп соғары даусыз.

Сөйте тұра, ғылыми-техникалық прогресс және адамзаттың бейбітсүйгіш, саналы бөлігінің күш салуымен, коммуникация бойынша мәдени әріптерге құрмет, төзімділік, мәдени диалог, өзара түсіністік тиімділігінің басты шарты – қарым-қатынастың барлық жаңа мүмкіндіктері мен түрін, формасын ойладап табуда.

Осының барлығы – көңілге құдік ұялатары да, сенім ұялатары да – мәдениетаралық қарым-қатынас мәселелеріне ерекше назар аудартуға тұрткі болды.

Дегенмен де, бұл мәңгілік мәселелер адамзатты өте ерте заманнан алаңдата бастаған. Дәлел ретінде бір мақалды еске түсіріп көрелік. Мақал-мәтелдер халық даналығының қаймағы екені тегін емес. Сөйтіп, ол тіл арқылы сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен халықтың мәдени тәжірибесіне айналып отыр.

Күні бүгінге дейін мән-мағынасын жоғалтпаған, әлі де қолданыстан түспеген «В чужой монастыре со своим уставом не ходят» (Бөгденің шіркеуіне өз заңымен бармайды) деген орыс мақалы бар. Оның ағылшын тіліндегі баламасы: When in Rome, do as Romans do (Римге келгенде, римдіктер сияқты бол) сөзбе-сөз болмаса да, сол мағынаны беріп тұр. Яғни екі тілде де халық даналығы қазір мәдениет қақтығысы деген терминмен әдіптелген шиеленістерге жол бермеуге тырысады.

Бұл сөз тіркесі, өкінішке қарай, жоғарыда айтып өткен әлеуметтік-саяси және экономикалық секілді көңіл қынжыларлық себептердің салдарынан «сәнге» айналды. Көптеген босқын, иммигранттар, репатрианттар тіпті «бақуатты экономикалық» жағдайың өзінде «бөтеннің ережелері» қақтығысынан зардап шегуде.

Мәдениеттер қақтығысы дегеніміз не? Неге мәдениеттер соғысы туралы айтатын болдық?

«Золушка» фильміндегі өмір проблемалары жайлы барлық сауалға «Кел, билейік!» деп жауап беретін би тәлімгері секілді мен де филолог ретінде, яғни «сөзді жақсы көре отырып», жауапты тілден іздеуді ұсынамын.

Әуелі сөз болды, сөз бар, бола бермек, соңында да сөз қалады.

Мәдениеттер қақтығысы терминін түсіну үшін орыстың

*шетелдік (иностранный)* сөзін есінізге түсіріңіз. Оның ішкі формасы мейлінше айқын: өзге елдерден. Тұған, өзге мемлекеттер емес, мәдениет адамдарды біріктіреді және оларды **өзгелерден**, **бөтен мәдениеттен** ерекшелеп тұрады. Басқаша айтқанда, төл мәдениет – халықтың ұлттық ерекшелігін **қорғаушы қалқан** және өзге халықтар мен мәдениеттерден **қорғап-қоршап тұратын** бітеу дуал.

Сейтіп, бүкіл әлем адамдарды тілі мен мәдениеті арқылы біріктіріп тұратын «*өзі*» және тіл мен мәдениеттегі жүрдай «*өзгелер*» деп бөледі. (Алайда әртүрлі әлеуметтік-тариhi себептерге байланысты, ағылшын тілі басты халықаралық қарым-қатынас құралына айналды. Сол себепті де, оны миллиондаған адам пайдаланады әрі бұл тілді ана тілім деп есептемейтіндер ағылшын тілді әлемге аса зор саяси-экономикалық және басқа да үлесін қости).

Бұл әлемдегі халықтар арасындағы қалқан жойылды: оның мәдениеті ашық көрмеге қойылғандай, өзге адамзат үшін қолжетімді бола түсті. «Менің үйім – менің қамалым» қағидасын жақсы көретін ағылшындардың ұлттық жабық маҳаббаты үшін – бұл парадокс немесе тағдыр тәлкегі сияқты көріні мүмкін. (Олардың ұлттық үйінің есігі бүкіл әлемге ағылшын тілі арқылы ашылды).

Ежелгі гректер мен римдіктер бүкіл әлем халқын және мәдениетін варварлар деп атады – гректің *barbarous* «жателдік» деген сөзінен шыққан. Бұл сөз – дыбысқа еліктең және жат тілмен тікелей байланысты: бөтен тілдер құлаққа түсініксіз *бар-бар-бар* деген дыбыстар секілді естілген (орыстың балаболымен салыстырыныңыз).

Ежелгі орыс тілінде барлық шетелдіктерді «*неміс*» деп атады. XII ғасырдағы орыс мақалы ағылшындарды: *Аглинские немцы не корыстные люди, да драться люты*<sup>9</sup> (Аглиндік немістер өзімшіл емес, бірақ сұрапыл тәбелеседі) деп сипаттайды. Ақырында бұл сөз жателдік терминімен алмастырылды да, *неміс* сөзінің мағынасы Германиядан келген шетелдіктер мағынасына дейін тарайлды. Бір қызығы, неміс сөзінің түбірі – *нем, мылқау* (*немой*), яғни – сөйлей алмайтын адам (біздің тілімізді білмейтін адам) сөзінен шыққан. Шетелдіктең анықтамасы негізінде тұған тілінде сөйлей алмайтын, нақты бұл жағдайда орыс тілінде сөйлей алмайтын, өзін сөз арқылы түсіндіре алмайтын (варвар сөзімен салыстырыныңыз) адам үғымы жатыр.

Неміс сөзін алмастырған шет елдерден сөзді, тілді білуден (немесе тілді мүлдем білмеуден) шыққан тегіне қарай көбірек акцент қоятын болды: бөтен жерден, өзге елдерден. Осы сөздердің мәні – тұған, өз сөздерімен қарама-қарсы қойған кезде айқында-ла түседі: шетелдік, яғни бөтен, өзге елдерде қабылданған. Осы қарама-қарсылықта **өз және бөтен үғымдарының** арасында өзара

<sup>9</sup> Мудрое слово Древней Руси. М., 1989, 353 б.

қақтығыс бар, яғни мәдениеттер қақтығысы, сондықтан шетел немесе шетелдік сөздерімен тіркесетін барлық тіркес осы қақтығысты мензейді.

Мәдениеттер қақтығысының ең нақты мысалдарын шетелдіктер мен олардың отанында немесе өз елінде қарым-қатынас жасаудан байқауға болады.

Мұндай шиеленістер көптеген күлкілі оқиғаларды, анекдоттар мен күлкілі сюжеттерді («біздікілер шетелде», Ресейдегі шетелдіктер т.с.с.), келеңсіздіктерді, драмалар мен тіпті қайғылы оқиғаларды тудыруда.

Италиялық отбасы чернобыльдік баланы асырап алады. Тұн ішінде Римдегі Украина елшілігінде телефон шырылдайды: «Тезірек келіңіздерші, біз оны ұйықтата алмай жатырмыз. Ол айғайлап жылай береді, көршилерді ояты», – дейді телефонның аржағында абыржыған әйел дауысы. Оқиға орнына елшіліктің машинасы аудармашымен келіп жетеді. Оған әбден жылап сілесі қатқан байғұс баланың бар айтқаны: «Мениң үйқым келді. Бірақ олар маған костюм кигізбекші!» болған еken. Бала үшін ұйықтар алдында «шешінү» қажет болған. Оның мәдениетінде жаттығу костюміне үқсас пижама киу әдеті болмаған.

Латын Америкасында «Мальборо» темекісінің жарнамасы «өтпейді».

Ковбой, атқа мінген адам – тек арзан шылым шегетін кедей халықтың өкілі. Сол себепті де ол сапасыз темекі.

Испаниялық фирма Мексикамен шампан шарабына арналған тығындарды әкеп сату жөнінде келісімшартқа отырады. Бірақ Мексика мәдениетінде қызылқүрең (бордовый) түстің қайғы символы еkenін ескермегендіктен, келісім іске аспай қалды.

Қазақ ұшағының Дели әуежайына қону барысында апатқа ұшырауы да мәдениеттер арасындағы қақтығыстан туындаған дейді: үнділік әуедиспетчерлер биіктікті метрмен емес, футпен айтқан. Бұл ағылшын мәдениетінде және ағылшын тілінде солай қабылданған.

1996 жылы Украинаның Умань қаласында хасидилердің дәстүрлі съезі кезінде туындаған жанжал, көшедегі көрерменнің бірінің бетіне хасиди өкілінің баллоннан көзден жас ағызатын газды шашып жіберуінен басталған. Хасидилердің салтында әйелдердің ереккек өте жақын келуіне болмайды. Жанжалға себеп болған Украина әйелі ереккек діни салт рұқсат еткен қашықтықтан өте жақын келгенге үқсайды. Наразылық бірнеше күнге дейін созылды. Қалаға тәртіп енгізу мақсатында келген өзге қалалық тәртіп сақшыларына мәдени қақтығыстың себебі түсіндірілді. Сөйтіп олар да аса сақтықпен қажетті ара қашықтықты сақтауға мәжбүр болды



әрі әйелдерге діни жоралар өтіп жатқан аумаққа енүге тыйым салынғандығын түсіндіріп бақты.<sup>10</sup>

Белгілі саяхатшы, антрополог Сол Шульман австралиялық иммигранттар арасындағы мәдениеттер қақтығысын қарапайым ғана мына мысал арқылы жеткізеді: «Грек немесе италиялық отбасы Австралияға келеді. Экесі, анасы және он жастағы бала. Экесі бай мемлекетте біраз жұмыс істеп ақша жинап, сонын отанына оралғысы келеді. Біраз жұмыс істеп, 5–6 жыл өткен соң, еліне қайтуға бел буады. «Қай отанға?» – деп таң қалады ұлы, – «Мен – австралиялықпрын». Оның тілі, мәдениеті, отаны мұнда, анда емес. Сөйтіп, кейде осындағы отбасылық драма шаңырақтың ортасына түсімен аяқталады. «Әкелер мен балаардың» мәңгілік проблемасының тереңдеуі әрі әртүрлі буын мәдениетінің алыстауы осыдан басталады. Иммигранттардың Австралияны «алтын торға» теңеуі бекер емес.<sup>11</sup>

Индонезия тілінен кәсіби аудармашы, жарты ғасыр бойы КСРО дипломатиясы мен саясатының ең жоғары сапында қызмет істеген И.И.Кашмадзе Индонезияның қылмыстық полиция басшысы біздің елімізге сапарын билай сипаттайды: «Кеш аяқталуға жақын қалғанда, генерал Калинин индонезиялық қонаққа «ағайындық сезімін» білдіру мақсатында оның ернінен сүймекке үмтүләді. Бұл полиция басшысының ерекше таңданысын түдүрді».<sup>12</sup>

Ағылшын жазушысы, актер, режиссер, қоғам қайраткері, тегі орыс Питер Устинов Италиядағы ағылшын фильмін түсіру барысында италиялықтар мен ағылшындар арасындағы мәдениет қақтығысын жазады. Онда ағылшындар италиялықтарға өз мәдениеті мен кәсіподактарының талаптарын тықпалағысы келеді. Мәселе, ағылшын жұмысшыларының кәсіподаки Англиядағы шай ішу дәстүріне орай, жұмысшыларға шайға үзіліске шығуына рұқсат беруінен басталған.

«Сөйтіп, Италияда бұрыннан белгіленген жұмыс үақыты шай ішу үшін үзілді. Ауа температурасы 40 градусты көрсетіп тұр, салқын сусынды қайдан болса да табуға болады. Италиялық жұмысшылар бізге аса таңданыспен қарады. Олардың барлығы белдеріне дейін жалаңаштанып, өздерінің саяси көзқарастарын бастарына коммунистік «Унита» газетінен жасалған үшқыштың бас киімін кию арқылы көрсетті.

Басында біздің түсіру тобындағы ағылшын жұмысшылары италиялықтарды шайға үзіліс жасауға және оны ішуге мәжбүрлеуді талап етті. Алайда италиялықтарды бұны жасауға ештеңе де мәжбүрлей алмас еді. Ағылшындар оларға талаптарын орындату үшін моральдық қару ойлап таппақ болды. Мен оларға Италияда еkenімізді және оларға өз елінде шайды зорлап ішкізудің бос

<sup>10</sup> Moscow News, Sept. 21. 1996, p. 14.

<sup>11</sup> Гео, 1998, №71, қыркүйек, 66–67 66.

<sup>12</sup> И.И. Кашмадзе. Вожди глазами переводчика// Аргументы и факты, 1996. №18. 9 б.

әрекет екенін ескерттім. Британдықтар өз талаптарын орындау-ды әділетсіздік деп түсінді, сөйтіп кәдімгідей қатайды. Ақырында, маған олардан делегация келіп, өз талаптарын қойды: олар шай ішуді қоя тұрады, бірақ барлық есептерде олардың шайға үзіліс алғаны жазылуы тиіс. Мәселе айқын, Лондонның сұық кабинетінде отырғандар ереженің не үшін бұзылғанын түсінбеуі мүмкін. Ер-кіндіктің қан тамырларында атеросклероз ойнай бастады: ерекше құқықтың немікүрайды диктаты ережеге сүйенетін диктатқа айналды. Жақсылыққа жанашыр жандар үшін құтылудың жалғыз жолы қалды – бағыну».<sup>13</sup>

<sup>13</sup>П. Устинов.  
О себе любимом.  
Пер. Т.Л. Черезовой.  
М.,1999,188 б.

Тайландтық студенттер орыс әдебиетінен лекцияға қатысадан бас тартады. «Ол бізге дауыс көтереді», – деп түсіндіреді олар себебін, оқытушының сабақ үйрету барысында қатты, анық әрі нақ сөйлеуін жақтырмай. Бұл орыстың педагогикалық дәстүрі болғанымен, өзге фонетикалық және риторикалық параметрлерге үйреніп қалған тай студенттері үшін оғаш естілген.

Мәдени қақтығыс американалық бағдарлама бойынша білім алып жатқан орыс студенттері мен АҚШ-тан келген оқытушылар арасында да болды. Бірнеше студенттің емтихан барысында көшіріп отырғанын байқаған американалық оқытушылар барлық студентті төмен бағалап, «қанағаттандырмады» деген балл қояды. Бұл студенттер үшін моральдық тұрғыдан ауыр соққы болған еді, оның үстіне ресейлік студенттердің қалтасына біраз салмақ түсіріп кетеді. Американалықтар көшіруге берген және оны көріп отырып, ол туралы оқытушыға ескертпеген студенттерге көшірген студенттерден де қатты ызалы еді. «Ұсталмаған ұры емес» және «сөз тасығанға – жаза» идеяларынан ештеңе өнбеді. Осы жазбаша емтиханды тапсыруышылар оны қайтадан тапсыруға және ақшасын төлеуге мәжбүр болды. Ресей студенттерінің басым бөлігі осы жағдайға өкпелеп, бағдарламаны жалғастырудан бас тартты.

1998 жылдың сәуір айында ағылшынның Бат қаласында «Мәдениеттердің өзара ықпалдастығы» тақырыбында халықаралық симпозиум өтті. Сол симпозиумда немістің бір іскер ханымы Рига қаласындағы орыс серікtestерімен бірге құрған консалтингтік фирманиң ыдырауы туралы сәтсіз тәжірибесімен бөлісе келе: «Орыс досым екеуіміз үшін достығымыз бизнестен де жоғары сияқты еді. Бір жылдан кейін біз бәрін жоғалттық», – деді.

Мәдениеттер қақтығысына тән мына афоризмдерді де сол немістің іскер ханымы айтқан еді: 1) «Ресейде бизнеспен айналысу қалың джунглиді биік өкшелі туфли киіп аралағанмен тең»; 2) «Ең бастысы, Ресейді орыс тілінің мұғалімдері жақсы көреді, ал бизнеспен айналысатындар жек көреді».

«Сый, кәде сыйлаудағы» кейбір түсініспеушіліктер көп жағ-

дайда іскерлік және жеке тұлғалардың арасындағы қатынастың бұзылуына алып келеді. Ресейде гүл, кәдесыйлар, қымбат әрі бағалы сыйлықтар сыйлау Батыс елдеріне қарағанда жиі кездеседі. Ал Батыс елдерінен келген қонақтар өздеріне сыйланған бағалы кәдесыйларға кеңпейілділік пен қонақжайлышық деп қарамайды, керісінше ерекшеленудің немесе материалдық әл-ауқатты жасырын білдірудің белгісі, иә болмаса пара беру деп түсінеді. («Мұндай қымбат сыйлық сыйласа, ол соншалықты кедей емес» деген қорытынды шығарады, дегенмен бизнестегі орыс серіктестерінің тұрмыстары олар ойлағандай өте жақсы болмауы да мүмкін: олар өз мәдениетінің сақталуын талап етеді.) Бұл ешқандай бөтен ойы жоқ орыс халқын ренжітуі де мүмкін.

ММУ-дің (Мәскеу мемлекеттік университеті) түлектеріне диплом табыстау рәсімі кезінде Америкадан келген ағылшын тілінің оқытушысына орыстың әйгілі фарфоры мен орыс халқының өнеріне арналған альбомды сыйлайды, ал ол басшалықта батыстық үлгімен безендірілген үлкен қорапты сыйға тартады. Ол сыйлық сол жерде, сахнада ашылды. Оның ішінде кәдімгі үнитаз болды. Мұндай «ерекше» сыйлығы арқылы ол Ресей дәретханаларының жай-қүйіне риза еместігін, ұнатпағандығын көрсеткісі келген болар. Бірақ бұл университет иелері үшін мұлдем қолайсыз сыйлық еді. Сол жерде болған адамдардың барлығы аңырап қалды, бұл сыйлық бәріне ерсі көрінген еді. Келесі жаңа оқу жылында бұл оқытушы жұмысқа шақырылмады...

Өзге салаларда, мәселен медицинада мынадай занғылық бар: бөтен ағзаны емдеуде өзіңің тәсіліңмен, өзіңің ұстанған бағытыңмен жүре алмайсың. Өйткені ауырып тұрған жерді емес, науқас адамды емдеу керек, емдеу кезінде емделушінің өзіндік ерекшеліктерін, оның психологиясын, дүниетанымын, өмір сұру салтын, мінез-құлқын ескеруге тиіспіз. Осыдан мың жыл бұрын ғұлама Авиценна (ибн Сина) былай деген екен: «Егер үндіске славянның табиғи жаратылысын беретін болсақ, онда үндіс ауырып немесе көз жұмыу мүмкін. Керісінше, славянға үндістің табиғи жаратылысын берсек не болар еді...<sup>14</sup> Мұндағы «табиғи жаратылыс» ұғымы – ұлттың мәдениеті дегенді аңғартады.

Таяудағы болған мына бір мысалға назар аударайық: атақты орыс актері Евгений Евстигнеевтің жүргегі ауырады. Шетелдік клиникада оған коронография жасаған батыстық дәрігерлер өздерінде қалыптасқан әдетпен әртістің жүрегінің графикалық бейнесінің нәтижесін көрсетеді. Жүрегінің жұмысы туралы толығымен түсіндіреді, сөз соңында: «Көрдіңіз бе, жүрегіңіздің қаншама қантамыры тарылған, сізге шұғыл ота жасау керек», – дейді. Актер бәрін түсіндім дейді. Өкініштісі, ол кісі сол жерде қайтыс болады. Ал

<sup>14</sup> О. Чечин. «Лиши узел смерти я не развязал» // Врач, 1996, тамыз, 45–46 66.

біздің дәстүр бойынша, науқас адамға оның ауруы туралы жұмсақтап жеткізу принципі бар, емделушінің өмірін сақтап қалу үшін кейбір жағдайларда ақпаратты жартылай ғана жеткізу немесе науқас адамның туған-туыстарымен сөйлесу әдебі қалыптасқан. Дәрігерлер ұстанатын әрбір дәстүрдің өзіндік артықшылықтарымен қатар, кемшілігі де бар екенін байқаймыз.

Қатты қорыққаннан емделушінің қан қысымы көтеріліп кетуі мүмкін, одан жүрекке женіл болмайды. Сондықтан естеріңізде болсын (*memento!*), мәдениеттегі осындай ерекшеліктерді есте сақтау керек және өзге елде емделу кезінде абай болыңыздар!

Оқырмандарға мәдени қақтығыстар туралы көптеген фактілер келтіруге болады. Өйткені мәдени қақтығыстар мәселесі адамзат баласының өмірі мен оның әрекеттерін толық қамтиды. Өзге ұлтың мәдениетімен, мәселен, шешендік өнер, театр, мерзімді баспасөз, радио, телевидение, көркем әдебиеттерімен танысқанда бір жақтылық сипат көрініс табады. Мәдениетаралық қатынастың түрлері мен формалары қалыптасып, қарқынды түрде дамып келеді (тек интернет жүйесінің өзі неге тұрады!).

Шетелдіктермен тілдік коммуникация кезінде түйндайтын тікелей мәдени қақтығыстардан басқа (көркем фильм, кітап және т.б.), жанама мәдени қақтығыс деген түрлері бар. Мәдени қақтығыстың жанама түрінде мәдени кедергілер соншалықты терең түсіндірлімейді және айқын көрінбейді, сондықтан мұндай қақтығыс түрі қауіптірек көрінеді. Шетелдік әдебиеттерді оқырып, өзге елдің мәдениетімен танысамыз, танысу барысында мәдени қақтығыстарға тап боламыз. Осындай мәдени қақтығыстар негізінде адам өз мәдениетін тереңірек түсініп, дүниетанымын, қоршаған ортаға деген көзқарасын қалыптастыра бастайды.

Шетелдік әдебиетті оқып қабылдаудағы мәдени қақтығыстың нақты үлгісі ретінде америкалық антрополог Лора Боханнанның Шекспирдің «Гамлет» шығармасын Батыс Африканың тұрғындарына баяндап бергені туралы айтуды болады. Олар бұл сюжетті өз мәдениеті тұрғысынан қабылдайды:

«Клавдий – жақсы азамат, өйткені қайтыс болған ағасының әйеліне үйлену тек мәдениетті адамдардың ғана қолынан келеді, бірақ бұл үрдіс ағасы қайтыс болған соң бір ай өтпей жатып, тез арада іске асусы керек. Гамлеттің әкесінің елесі олардың сана-сында мүлде қалыптаспады: егер ол қайтыс болса, онда ол қалай сөйлейді, қалай жүреді? Полонийдің образы олардың мәдениеті бойынша мүлде мақұлданбады: ол неге қызының рубасының ұлымен көңілдес болуына қарсы болады? Керісінше, ол – мәртебе емес пе, ең бастысы, көптеген бағалы сыйлықтарға ие болу ғой?! Гамлеттің оны өлтіргені дұрыс болды, өйткені бұл оқиға Батыс Аф-

рика тұрғындарының аң аулау мәдениетімен сәйкес келеді: аң аулау кезінде қандай да бір дыбысты естісе, олар «бұл не, егеуқүйрық па?» деп айқайлайды; ал Полоний шыққан дыбысқа ешқандай жауап қайтармады, сол себепті өлтірілді. Бұл Африка орманындағы кез келген аңшыға тән үрдіс: қандай да бір дыбыс естілсе, оған айғайлап үн қатады, егер оның айқайына жауап берілмесе, дауыс шыққан жаққа қарай оқ атып, қауіптің алдын алады»<sup>15</sup>.

Қандай да бір саяси режим негізінде тыйым салынған кітаптар (немесе өртелең кітаптар) идеологиядағы қақтығыстың, сол қоғам мәдениетіндегі сәйкесіздіктердің айқын көрінісі.

Әрине, шетелдік авторларды оқу – өзге шіркеуді бұзып-жарып кіру деген сөз. Бұдан өзге әлемді, өзге мәдениетті өз ұлттық мәдениетіміздің елегінен өткізе отырып бағалаймыз, соған сәйкес мәдени қақтығыстардың орын алып отыруы занңды. Осындай қауіпті жағдаяттылым мен білімнің алдында өте қурделі әрі құнды міндеттерді алға қояды: біріншіден – түрлі халықтардың рухани және материалдық мәдениетін, олардың шығу негіздері мен қалыптасу тарихын, өзге елдермен қарым-қатынасын зерттеу; екіншіден – өзге мәдениетке сый-құрмет көрсетуге, шыдамдылық танытуға шақыру.

Осы аталған мәселелерді шешуде түрлі конференциялар үйімдестірылып, кітап, монографиялар жазылып, тіл мен мәдениеттің өзара қатынасына арналған жоғары және орта мектеп бағдарламасының оқу жоспарларына арнайы пәндер енгізіліп жатыр. Шетел тілдерін оқытуда мәдениетаралық коммуникация мәселесін шешу маңызды орын алады.

<sup>15</sup> См.: L. Bohannan. Shakespeare in the Bush. Applying Cultural Anthropology. Ed. by A. Podolefsky / Peter Brown. Mayfield Publishing Company, 1991, p. 38–39.

## §4. Мәдениетаралық коммуникация және шет тілдерін үйрену

Шет тілдерін оқыту мен мәдениетаралық коммуникация мәселесі өзара бір-бірімен тығыз байланысының айқындығы сондай – бұл мәселені кеңінен талқылаудың қажеті жоқтай сезіледі.

Шет тілін оқытуға арналған әрбір сабак – мәдениеттер тоғысы, мәдениетаралық коммуникация тәжірибесі. Өйткені шет тіліндегі әрбір лексема шетел әлемін бейнелейді және шетел мәдениетін танытады: әрбір сөздің лексикалық мағынасы ұлттық санада қалыптасқан (егерде шетелдік сөзі қолданылған болса) ұғым-түсінікті бейнелейді.

Қазіргі кезде Ресейде шет тілдерін оқыту жүйесінде әлеумет-

тік өмірдің өзге де салалары секілді, үлттық құндылықтарды қайта бағалауда, материалдарды өңдеуде, мақсат пен міндеттерді шешуде, оқыту әдіс-тәсілдерінде күрделі бетбұрыс (революция деуден аулақпаз) кезеңінен өтіп жатыр.

Шет тілдерін оқытудағы ауқымды өзгерістер, шет тілін оқып-үйренуге деген ықыластың артуы – осы пәнге деген көзқарастың түбекейлі өзгеруіне алып келді. Мұның негізі әлеуметтік-тариhi себептермен байланысты екені айтпаса да түсінікті.

Жаңа заман, жаңа талап шет тілдерін оқытудың методологиялық базасына, сондай-ақ нақты оқыту әдіс-тәсілдеріне жедел әрі түбекейлі өзгерістер енгізуі қажет етті. Ресейдің әлемдік қауымдастыққа енүі – саясаттағы өзгерістер, экономиканың дамуы, мәдениет, идеологиядағы күрделі мәселелер, әлем халықтарының бір-бірімен араласуы, олардың бір мемлекеттен екінші мемлекетке көшүі, орыс халқы мен шетел халықтарының арасындағы саяси-мәдени қарым-қатынастардың өзгерісі, тілдік коммуникациядағы мұлде жаңа мақсат-міндеттердің, шет тілін оқыту теориясы мен практикасында жаңа проблемалардың, жаңа көзқарастардың туындауына алып келді.

Бұрын-соңды болмаған сұраныстар бұрын-соңды болмаған ұсыныстарды талап етті. Аяқ астынан шет тілінен сабақ беретін оқытушылар қоғамның назарына бірден ілікті, ейткені ғылым, білім, бизнес, техника және тағы басқа адамның іс-әрекетіне қатысты өзге де салаларда өндірістің негізгі құралы ретінде шет тілдері танылып, оны жеделдетілген түрде үйрену басталды. Өндіріс адамдарын не тіл теориясы, не тіл тарихының мәселелері қызықтырмады, бірінші кезекте ағылшын тілі функционалды түрғыдан, яғни өзге елдердің адамдарымен сөйлесу үшін қажет болды.

Осындай әлеуметтік қажеттілікті қанағаттандыру үшін 1988 жылы М.В. Ломоносов атындағы университете «Шет тілдері факультеті» атты жаңа факультет құрылып, *неофилология* сынды жаңа мамандық ашылған болатын.

Неофилология мамандығының жаңа бағыттарын төмендегідей топтастыруға болады:

1) тілдерді функционалды аспект түрғысынан оқыту, яғни ғылым, техника, экономика, мәдениет сынды қоғам өмірінің түрлі салаларында тілдік қатынас құралы ретінде оқыту;

2) кәсіби мамандардың шет тілдерін оқыту бойынша теориялық және практикалық тәжірибелерін жинақтау, қорытынды жасау;

3) шет тілін қолдануды қажет ететін қоғамның барлық салаларында, атап айтқанда, қолданбалы математика, экономика, құқық, мәдениет пен тілді байланыстырып, кәсіби мамандар

арасында тілді қарым-қатынас құралы ретінде оқытудың әдістемесін жасау және оны ғылыми түрғыдан негіздеу;

4) тілді сол кезеңдегі халықтың әлеуметтік, мәдени, саяси өмірімен, сол тілде сөйлейтін халықтың дүниетанымымен байланыстыра қарастыру;

5) шет тілдерін оқыту пәні бойынша оқытушыларды, халықаралық және мәдениетаралық қатынас мамандарын, қоғаммен байланыс, менеджмент мамандарын дайындаудың жаңа модельдерін қалыптастыру.

Осылайша тілді оқыту үәждерінің өзгеруіне байланысты шет тілін оқытуды түбірінен қайта құрып, шетел тілін оқыту процесіне «Лингвистика және мәдениетаралық коммуникация» мамандығын енгізіп, жаңа мамандыққа сәйкес жаңа типтегі педагог мамандарды даярлау қажеттігі туындағы.

Қазіргі уақытта Ресейде шет тілдерін оқытудың негізгі міндеттеріне шет тілін шынайы және толыққанды түрде тілдік қатынас құралы ретінде қолдана білу талабы қойылуда, көрсетілген қажеттілікке сәйкес тіл үйренушінің шет тілін үйренудегі қолданбалы, практикалық міндеттерін іргелі теориялық база негізінде ғана шешуге болады. Мұндай теориялық базаны қалыптастыру үшін, біріншіден, шет тілдерін оқыту тәжірибесінде филология бойынша жазылған ғылыми еңбектердің нәтижелерін басшылыққа алу, екіншіден, шет тілі пәні бойынша сабак беретін оқытушылардың практикалық тәжірибелерін жинақтау және оны теориялық түрғыдан түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет.

Елімізде шет тілдерін үйрету дәстүрлі түрде мәтіндерді оқыту арқылы жүргізіліп келді. Жоғары оқу орындарында филологтерге шет тілдерін жоғары деңгейде үйрету көркем әдебиетті оқыту арқылы жүзеге асса, филологтерден өзге мамандықтар бойынша білім алушылар болашақ мамандығымен байланысты арнайы мәтіндерді (мындаған сөздері бар) оқыту арқылы үйретілді. Күнделікті тілдік қарым-қатынас ретінде оқыту ісі оқытушы мен білім алушының уақыты мен күш-жігері жеткен жағдайда ғана сөйлесуге арналатын. Ол – күнделікті тұрмыста қолданылатын тілдік қарым-қатынас, атап айтқанда, мейрамхана, қонақүй, пошта секілді қарапайым тұрмыстық мәтіндер негізінде орындалды.

Мұндай белгілі тақырыптарда сөйлеу – үйреніп жатқан тілмен еш байланыссыз, оқшауланған қоғамда үйретілді, алған практикалық білімді қолдану тек романтикалық жағдайда болмаса, өзге жағдайда пайдасыз, тіпті зиян әрі көңілді түсіретін еді (тамақ өндірісіндегі тапшылық кезінде «мейрамханада» тақырыбы жүректі ауыртса, «көлікті несиеге алу», «туристік агенттік» секілді тақырыптар шынайы өмірден алшақ болатын, ағылшын



тілін шет тілі ретінде оқыту курсы немесе батыстық үлгіде жазылған отандық еңбектер бойынша оқытылып келді).

Осылайша, тілді оқытудың тек ақпарат тасымалдау қызметі ғана шектеулі түрде жүзеге асырылды, тілді меңгерудің төрт әрекетінің (айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым) ішінде тек бір ғана оқылым әрекетіне бағытталды.

Кең етек жайған келеңсіздіктің себептері анық, тамыры тереңде еді. Олар елдің өзге мемлекеттермен, олардың халықтарымен қарым-қатынас аясының тарылуы, батыс тілдері әлемінен оқшауланып, бұл тілдердің латын мен грек өлі тілдері сияқты тоқырауы.

Шет тілдерін оқытуды тек белгілі бір тақырып төңірегінде жазбаша мәтіндер арқылы жүзеге асыру – әлдекімнің жазған мәтінін түсінетіндегі дәрежеге ғана жеткізді, алайда бұл шынайы түрде әңгімелесетіндегі деңгейге (бұнсыз шынайы қарым-қатынас мүмкін емес қой) жеткізбеді.

Мемлекетіміздің әлеуметтік өміріндегі түбегейлі өзгерісі, оның әлемдік аренаға, бірінші кезекте, батыс әлеміне жылдамырақ енүі, тілге өміршөндік сипат дарытуы, байланыстың ғылыми-техникалық құралдарының дамуы – қарым-қатынастың түрін артырды, тіл оның шынайы құралына айналды.

Сол себептен де, қазіргі уақытта жоғары мектеп деңгейінде шет тілін түрлі елдер мамандарының арасындағы тілдік қатынас құралы ретінде оқытуды қолданбалы да, арнаулы мамандықтар төңірегінде түйікталып қалмау қажеттігін түсінеміз. Мәселен, физиктерге физикалық мәтіндер, геологтерге геологиялық мәтіндерді ғана оқыту ретінде қабылдамауымыз керек. ЖКОО маманы – іргелі ғылыми дайындығы бар, өте білімді тұлаға. Соған сәйкес, маманның шет тілін меңгеруі – әрі өндірістің құралы, әрі мәдениеттің бір бөлігі, әрі білімді ізгілендірудің (гуманитарландырудың) құралына айналдырды. Мұның барлығы тіл бойынша іргелі және жан-жақты дайындықты қажет етеді.

Студенттің шет тілін менгеру деңгейі, оның оқытушымен тікелей қатынас негізінде ғана анықталмайды. Шет тілін тілдік коммуникация құралы ретінде қолдана білу үшін шынайы тілдік ортаны қалыптастыру, оқытуды шынайы өмірмен байланыста қарастыру, түрлі жағдаяттарда шет тілін қолдана білу дағдысын орнықтыра білуіміз қажет. Ол үшін шетелдік мамандардың қатысуымен немесе қатысуының өтетін ғылыми дискуссия жүргізу, шетелдік ғылыми әдебиеттерді талқылау, шет тілінде курстар оқу, студенттердің халықаралық конференцияларға қатысуы, аудармашы ретінде жұмыс жасауы (ақпаратты қабылдау, оны түсіну және оған



жауап беру) сынды іс-шаралар жүзеге асырылуы тиіс. Сонымен қатар тілдесудің сыныптан тыс түрлерін қалыптастыру қажет: клубтар, үйрмелер, шет тілінде оқылатын ашық лекциялар, түрлі мамандық бойынша білім алатын студенттердің жеке қызығушылықтары бойынша құрылған ғылыми қауымдастықтар және т.б. Қорыта айтқанда, белгілі бір тақырыптар аясында оқытылатын жазбаша мәтіндердің шет тілін тілдік қатынас құралы ретінде менгерудегі рөлін жоққа шығара алмаймыз.

Сонымен, белгілі бір тақырып төңірегінде тек жазбаша мәтіндер арқылы жүргізілген тіл қолданысының шет тілін менгерудегі әрекеттердің бірі еkenін жоққа шығара алмаймыз. Тіл үйренушінің коммуникативті қабілетін барынша дамыту – шет тілі пәні оқытушыларының алдындағы негізгі әрі өзекті міндеттердің бірі саналады. Бұл мәселені шешу үшін, шет тілін менгертудің төрт түрлі әрекетін дамытуға арналған жаңа әдістерін менгеру, тіл үйренушіге шет тілін тиімді үйретуге бағытталған жаңа оқу құралдары қажет. Дегенмен тілді оқытудың дастүрлі әдіс-тәсілдерінен мұлде бас тартуға болмайды, оның ішінен шет тілдерін оқыту практикасы бойынша тәжірибеден өткен ең тиімді деген әдіс-тәсілдерді іріктең алған дұрыс.

Түрлі мәдениет өкілдері арасындағы тілдік коммуникация құралы санатында, шет тілін оқытудың өзекті мәселесі ретінде кез келген тіл сол тілде сөйлеуші халықтың мәдениетімен, қоғамдық өмірімен үздіксіз байланыста оқытылу қажеттігін көрсетуге болады.

Адамдарды өзара тілдік қарым-қатынас жасауға, сөйлесуге үйрету керек. Шет тілінде айтылған мәтінді түсініп қана қоймай, оны қабылдау – күрделі мәселелердің бірі, оған қоса бұл мәселені сөйлеудің жай ғана вербалды процесс емес еkenі күрделендіре түседі. Шетелдік мәтінді түсіну процесі тілді білумен ғана шектелмейді, сондай-ақ бейвербалды амалдардың қолданысын (мимика, ым-ишарат), этикет нормаларын білуді, аялық білім жүйесінің терең болуын қажет етеді.

Түрлі мәдениет өкілдері арасында тілдік коммуникация ойдағыдай жүзеге асуы үшін тілдік кедергілерді ғана еңсеру жеткіліксіз, сонымен қатар мәдени кедергілерді де жеңіп шығу қажет. И.Ю. Марковина мен Ю.А. Сорокинаның зерттеулерінен алынған төмендегі үзіндіде мәдениеттің мәдениетаралық коммуникация проблемаларын тудыратын үлттық ерекше компоненттері ұсынылған: «Түрлі мәдениет өкілдері (лингвомәдени қауымдастық) арасында тілдік коммуникация кезіндегі тілдік кедергі ғана өзара түсінісүде бөгет бола алмайды. Мәдениет өкілдеріне тән үлттық ерекшеліктердің өзі (осы компоненттері арқылы этноөзгешелік

функциясын орындайтын ерекшеліктер) коммуниканттардың арасында мәдениетаралық тілдесімнің жүзеге асуына қындық туғызыу мүмкін.

Түрлі лингвомәдени қауымдастықта тән ұлттық ерекшелікті танытатын компоненттерге мыналарды жатқызуға болады:

а) салт-дәстүр (немесе мәдениеттің тұрақты элементтері), әдет-ғұрып (мәдениеттің «әлеуметтік нормативті» саласында дәстүр ретінде айқындалады) және ырым-жоралғы (қоғамдық жүйеде саналы түрде айқындалмаған, бірақ үстемдік етуші нормативті талаптар);

б) тұрмыстық мәдениет дәстүрлі мәдениетпен тығыз байланысты болғандықтан, дәстүрлі-тұрмыстық мәдениет ретінде танылады;

в) күнделікті мінез-құлық нормасы (мәдениет өкілдерінің әлеуметтік ортасында қалыптасқан мінез-құлық нормасы), осымен байланысты кейбір лингвомәдени қауымдастық өкілдеріне тән мимикалық және пантомимикалық (кинесикалық) кодтар;

г) «әлемнің ұлттық бейнесі» қандай да бір мәдениет өкілдерінің қоршаған ортаны тану, оны қабылдауының тілдік жүйеде бейнеленуі, ұлттық ойлау жүйесіндегі ерекшеліктер;

д) белгілі бір этностың ұлттық салт-дәстүрлері көрініс табатын көркемөнер мәдениеті.

Сонымен қатар мәдениет пен ұлттық тіл иелерінің өзіне тән ерекшеліктері болады. Мәдениетаралық қарым-қатынаста коммуниканттың ұлттық мінез-құлық ерекшелігін, оның эмоционалды жай-күйін, ұлттық ойлау жүйесінің ерекшеліктерін міндетті түрде ескеру қажет».<sup>16</sup>

Шет тілін оқытудағы жаңа көзқарас бойынша, түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы тілдік коммуникация мен қарым-қатынас деңгейін түбебейлі көтеру – тек әлеуметтік-мәдени факторларды айқын әрі шынайы түсінген жағдайда ғана жүзеге асатыны белгілі болды.

Шет тілін өлі тіл ретінде оқытудағы көпжылдық тәжірибе көрсеткендей, жоғарыда аталған әлеуметтік-мәдени факторлар мүлде ескерусіз, көлеңкеде қалып келді. Осылайша, шет тілдерін оқытуда едәуір олқылышықтар орын алып отыр.

Бұл олқылышықты жоюдың маңызды әрі радикалды шарттарының бірі – коммуникативтік қабілеттерді арттыруда әлеуметтік-мәдени компоненттің рөлін арттыру және тереңдешту.

Э. Сепирдің пікірінше, әрбір мәдени жүйе және қоғамдық мінез-құлықтың бір бөлігінің өзі нақты немесе жанама коммуникацияны білдіреді.<sup>17</sup>

Бұл жерде басты мәселе – ана тілі өкілінің тілдік әлемін (тілдік жүйені емес, тіл әлемін) этнографиялық түрғыдан оның ру-

<sup>16</sup> Г.А. Антипов, О.А. Донских, И.Ю. Марковина, Ю.А. Сорокин. Указ. соч., 77 б.

<sup>17</sup> Э. Сепир. Коммуникация // Избранные труды по языкознанию и культурологии, 211 б.

хани және материалдық мәдениетін, өмір сұру салтын, ұлттық мінез-құлқы мен дүниетанымын тереңінен әрі тыңғылықты түрде зерттеу керек. Өйткені сөздің сөйлеу тіліндегі шынайы қолданысы, сөйлеу тілінің қалыптасуы мен туындауы сол тілде сөйлейтін ұжымның әлеуметтік және мәдени өмірімен тікелей байланысты. «Тіл мәдениеттен тыс, яғни біздің өмір салтымызды сипаттайтын әлеуметтік түрғыдан еншіленген практикалық дағдылар мен идеялардың жиынтығынан тыс өмір сүре алмайды.<sup>18</sup> Осылайша, біз тілдік құрылымдардың негізінде әлеуметтік-мәдени құрылымдар жатқанын айқындеймыз.

Сөздің мағынасы мен грамматика ережелерін білу – тілдің сөйлесу құралы ретінде пайдалануға аздық етеді. Өзіңіз оқып, меңгеретін тілдің әлемін барынша тереңірек білген жөн. Басқаша айтқанда, сөздің лексикалық мағынасы мен грамматикалық ережелерінен бөлек мыналарды меңгерген жөн:

- 1) қашан айту/жазу керек (қалай, кімге, қайда, кімнің көзінше);
- 2) контекстік мағына (меңгеретін тілдің сөйлеу тіліндегі сөздің шынайы қолданысы, белгілі бір ойдың меңгерілетін тілде қалай бейнеленетіндігі).

Осыған байланысты қазіргі кезде Мәскеу гуманитарлық университетінде Шет тілдер факультетінің оқу жоспарында шет тілін оқытуға бөлінетін сағаттың үштен бір бөлігі «Меңгеретін тіл әлемі» («Мир изучаемого языка») атты пәнге беріледі. Бұл пән Ресейдің көптеген жоғары оқу орындарына да енгізілген.

Әлеуметтік лингвистика, лингвоелтану және меңгеретін шет тілінің әлемі атты ұғымдар өзара бір-бірімен қалай байланысады?

**Әлеуметтік лингвистика** – тіл білімінің бір саласы ретінде тілдік құбылыстар мен тілдік бірліктердің, әлеуметтік факторлар және ықпалдастығын зерттейді. Біріншіден, тілдік коммуникация шарттарымен (мезгіл, мекен, мақсат, тілдесушілер), екіншіден, тілдік ұжымның салт-дәстүрлері, ырым-жоралғылары сынды мәдени факторларымен, қоғамдық өмірімен байланысты қарастырады.

**Лингвоелтану** – әлеуметтік лингвистиканың дидактикалық ба-ламасы, шет тілдерін оқытуда ана тілі өкілінің (сөйлерменінің) қоғамдық және мәдени өмірінің жинақтық формасымен байланыста алып қарастырады.

Е.М. Верещагин мен В.Г. Костамаров сынды ғалымдар Ресей тіл білімінде лингвоелтану саласының негізін қалады. Тілші ғалымдар лингвоелтану саласының шет тілдерін оқыту маңызды аспектілердің бірі екенін айқындей келе, мынадай пікір білдіреді: «Екі ұлттың мәдениеті ешқашан бір-бірімен толық сәйкес келмейді. Бұның себебі, әрбір мәдениеттің өзіне ғана тән ұлттық және

<sup>18</sup> Э. Сепир. Язык. Введение в изучение речи // Там же, 185 б.

ұлтаралық элементтерінің болуында. Сәйкес келетін (ұлтаралық) және сәйкес келмейтін (ұлттық) мәдени элементтердің өзара салғастырылып отырған мәдениеттердегі көрінісі әртүрлі болады... Сол себепті, тілдік бірліктердің түрпат межесін ғана емес, оның мазмұн межесін мен ғарыштың де көп уақыт қажет, яғни тіл үйренушінің санасында олардың төл мәдениетінде, ана тілінде кездеспейтін жаңа заттар мен құбылыстар туралы ұғым-түсінікті қалыптастыру қажет. Соған орай, шет тілін оқытуда лингвоелтану пәннің элементтерін енгізу туралы сөз болды, бірақ мұндағы лингвоелтанымдық элементтер жалпы елтану пәнімен салыстырғанда сапалы болуы тиіс. Оқыту үдерісі тіл мен ұлттық мәдениетті біріктіріп қарастыруға бағытталғандықтан, білім берудің мұндай түріне лингвоелтанымдық оқыту деген атау ұсынылды.<sup>19</sup>

<sup>19</sup> Е.М. Верешагин,  
В.Г. Костомаров. Указ.  
соч., 30 б.


«Менгеретін тіл әлемі» («Мир изучаемого языка») пән ретінде шет тілін оқыту мәселесімен тығыз байланысты, яғни шет тілі жүйесіндегі тілдік құрылымдар мен тілдік бірліктердің негізінде жатқан әлеуметтік-мәдени фактілерді зерттеуге бағытталған.

Басқаша айтқанда, «Менгеретін тіл әлемі» атты пәннің ғылыми негіздемесінде әлемнің тілдік бейнесінде көрініс табатын қоғамның әлеуметтік-мәдени бейнесі жатыр.

Ана тілі өкілінің қоршаған ортасы мен әлемнің бейнесі тек тілде ғана көрініс таппайды, сонымен қатар сол тілдік жүйені әрі мінез-құлқы мен дүниетанымын, сөйлесудегі тілдік бірліктердің қолданылу ерекшелігін қалыптастыруға негіз болады. Сол себепті, оқытылатын шет тілінің тілдік әлемін білмей тұрып, оны тілдік қатынас құралы ретінде оқыту мүмкін емес. Тілді әрі мәдениетті сақтауышы, әрі ұрпақтан-ұрпаққа мәдениетті жеткізуші қор ретінде, сондай-ақ өлі тіл ретінде де оқытуға болады.

Ал тілдің өміршешендігі сол тілді қолданушылардың әлемінде өмір сүруімен өлшенеді және сол тілді қоғам өмірімен байланыстырмай зерттеу (түрлі ғылыми мектептерде қолданылып жүрген аялық білім жүйесі, вертикальді контекст т.б.) тірі тілді өлі тілге айналдыратыны анық, білім алушыны тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолдану мүмкіндігінен айырады. Жасанды тілдердің сәтсіздікке ұшырауының себебі – жоғарыда аталған мәселелермен тығыз байланысты болар. Қеңінен таралған эксперанто тілінің өзі қазіргі тілдік қолданыстан біртіндеп шыға бастады. Оның себебі – осы тіл иелері мәдениетінің тілден көрініс таппауынан болар деген ойдамыз.

Лингвоелтану және лингвомәдениеттану ғылымының өзара қарым-қатынасы туралы орыс тілін шет тілі ретінде оқытудың маманы, лингвомәдениеттану идеясын үздіксіз дамытып келе жатқан профессор В.В.Воробьев былай дейді: «Лингвомәдениеттану» және «линг-



воелтану» ұғымдарының арақатынасы бүгінгі күні құрделі, өзекті мәселеге айналды, «тіл мен мәдениет» мәселесіне деген ықылас күн санап өсіп келе жатқандықтан, бұл саланы теориялық түрғыдан тереңірек ұғыну үшін оның қайнар көздерін, негізгі параметрлерін, зерттеу әдістерін, терминологиялық базасындағы негізгі ұғымдарды толықтыру қажеттігі туындағы». Лингвомәдениеттану пәніне деген ынта орыс тілін шет тілі ретінде оқытудың дәстүрлі лингвоелтану аспектісінің орнын баса алмайды, ал әдістемелік идеялар «Тіл және мәдениет» мәселесінің кейбір лингвоәдіснамалық құндылықтарын қайта қарау қажеттіліктерімен байланысты.<sup>20</sup>

Тіл тасымалдаушының әлемін зерттеу – сөйлеу тілінің қолданыс ерекшелігін түсінуге, тілдік бірліктердің семантикалық жүгін, сөйлеу тіліндегі тілдік бірліктердің саяси, мәдени, тарихи және тағы басқа коннотациясын айқындауға бағытталған. Әсіресе тілдік реалийлерге көп көңіл бөлінеді, реалияны тереңірек білу сол тілде сөйлейтін адамның қунделікті өмір сүру салтына сәйкес келетін құбылыстар мен фактілерді түсінуге мүмкіндік береді. Коммуниканттардың арасында сөйлесу жүзеге асуы үшін (тыңдалым, жазылым, сөйлесім, оқылым әрекетінде) реалияны танудың «өзара коды» (shared code) мен «өзара білімі» жатыр. Оған дәлел ретінде В.Колыхаловтың «Сибирские Афины» журналында жарияланған очеркінен мысал келтірейік:

*«К поселковой конторе тянулись все ниточки-веревочки колготной спецпереселенческой жизни. Александровская контора бурения приняла его в свой боевой штат охотно. Специальность при молодом человеке, из местных, да вдобавок российский немец ссылных кровей.*

*Текла необыденная работа, бурлило дело, озаренное светом тех первоцелинных лет, который и до нынешних дней играет бликами на пристоллах гордой биографии...*

*Но становчики-вахтовики из Томска, Новосибирска, Юрги – профессионалы железного дела, люди точного мастерства, потому что высокой точности обработки деталей на «расхлябанной» становочной флатилии можно добиваться только при условии задатков лесковского умельца левши».*<sup>21</sup>

Очеркten алынған осы бір қысқаша үзіндіде берілген (автордың тыңдаушыға әсер ету қызметіне бағытталған көркем шығармасы емес) тілдік фактілерді түсінү үшін, оның шынайы әлеуметтік-мәдени фонын білуіміз қажет. Олай болмаған жағдайда, бізге мәтінді өз деңгейінде түсініп, оны санада қорыту үлкен қындық туғызып, тілдесудің толық жүзеге аспауына алып келеді.

Мәтіндегі спецпереселенскую жизнь ұғымын қалай түсінуге болады, контора бурения дегеніміз нені білдіреді, контора бу-

<sup>20</sup> В.В. Воробьев. Лингвокультурология. Теория и методы. М., 1997.

<sup>21</sup> В. Колыхалов. Проточные годы // Сибирские Афины, 1997, №3, 38 б.

ренияның неге боевитый штаты болады, жалпы алғанда, орыс тілді немістің әлеуметтік-мәдени ерекшелігі қандай болмақ, мәтіндегі ссылных кровей ұғымы нені аңғартады, необыденная работа ұғымы обыденная работа ұғымынан несімен ерекшеленеді, свет первоцелинных лет бірлігінің астарында қандай ақпарат жатыр, мәтіндегі гордая биография тіркесі қандай мағынаны иеленеді, становчики-вахтовики бірлігі қандай мағынаны иеленеді, неге становочная флатилия, оған қоса расхлябанная? Сондай-ақ Лесковтың «Левша» повесін оқымай, становчики дегендердің қандай адамдар екенін айта алмаймыз.

Жоғарыда берілген сұрақтарға толық жауап алу үшін орыс тілін шет тілі ретінде оқытуды былай қойғаның өзінде, орыс тілін ана тілім деп санайтын халықтың өз тарихын, әдебиетін, өмір сұру салтын, өзге де құндылықтар жүйесін және тағы басқа әлеуметтік-мәдени фактілерді білмеген адамға жауап беру қыынға соғады, осыған байланысты тілдік коммуникация да жүзеге аспайды. Бұл мәтінде сол журналдағы өзге де мәтіндер жүйесіндегі *кульстан* (культурный стан) сынды советизмдер немесе *чалдан*, *зимник*, *гнус сияқты* жергілікті сөздер кездеспейді.

Д.Х. Лоуренстің әңгімесінен берілген үзіндіні түсіну үшін тіл үйренушінің аялышы білімі кең болуы тиіс, сол қоғамдағы «женственная женщина» ұғымының қандай белгілері бойынша айқындалатынын білген жән, көркем әдебиеттер мен библиялық аллюзияларға да талдау жасай алуы тиіс (сол тілде сөйлеуші ұжымның мәдениетімен байланысты):

He imagined to himself some really womanly woman, to whom he should be only fine and strong, and not for a moment «the poor little man». Why not some simple uneducated girl, some Tess of the D'Urbervilles, some wistful Gretchen, some humble Ruth gleaning an aftermath? Why not? Surely the world was full of such. (Бөліп алған мен – С. Т.).

«Он представлял себе действительно женственную женщину, для которой он был бы всегда только прекрасным и сильным, а вовсе не «бедным маленьким человеком». Почему бы не какая-нибудь простая, необразованная девушка, какая-нибудь Тесс из рода Д'Эрбервиллей, какая-нибудь томная Гретхен или скромная Руфь, собирающая колосья? Почему бы нет? Несомненно, мир полон такими».

Қорыта айтқанда, тілдік бірліктер мен тілдік құбылыстардың өн бойында сол тілде сөйлеуші ұжымның қоғамдық және мәдени өмірімен байланысты фактілер бейнеленеді. Шет тілін сөйлеу әрекетінің құралы ретінде оқытудың талап-міндеттері сол тілде сөйлейтін халықтың, мемлекеттің әлеуметтік-мәдени нормаларын зерттеу міндетімен астасып жатады.

## §5. Тілдер мен мәдениеттердің табиғатын ашып көрсетеу үшін оларды салыстырудың рөлі

The sum of human wisdom is not contained  
in any one language,  
and no single language is capable of expressing  
all forms and degrees of human  
comprehension.

Ezra Pound

Тілдер мен мәдениеттер арақатынасы, оларды қатар зерттеу қажеттігі ешқандай күмән туғызбайды. Алайда осы жерде маңызды бір әдіснамалық ескерту жасай кеткен жөн.

Мәселен, тілдің, әсіресе мәдениеттің елеулі ерекшеліктері тілдерді, әсіресе мәдениеттерді қатар қойып, салыстыра зерттеуде ашылады.<sup>22</sup> Бір мәдениет деңгейінде мәдени кедергі еш байқалмайтындықтан, «әсіресе» деп қадап көрсетіп отырмыз. Өйткені тілдік кедергіні анық байқауға болғанымен, мәдени кедергіні – төл мәдениетті одан өзгеше, таңғаларлық немесе ұнамсыз, тіпті жаға ұстаратырық басқа мәдениетпен қатар қойып салыстырғанда ғана анықтауға болады.

Төл мәдениет арқылы адамның дүниетанымы, өмір салты, діл және т.б. туралы пайымдаулары орнығып қалыптасады. Бір қызығы, адамдардың басым бөлігі өзге мәдениет өкілдерінің іс-әрекеті, олардың өз мәдениеттерінің көрсеткіші екенін түсіне тұрып, өздерін төл мәдениетінің өнімі деп санамайды. Тек өз мәдениетінің аясынан шыққанда, яғни басқа дүниетаныммен, көзқараспен және т.б. қарсы келгенде ғана өзіндегі қоғамдық сана-ның ерекшелігін үғынып, мәдениеттер айырмашылығын немесе қақтығысын көре алады.<sup>23</sup>


Сол себепті мәдени кедергі тілдік кедергіге қарағанда анағұрлым қауіпті әрі жағымсыз. Мәдени кедергі көрінбейтін әйнек сияқты, соғылып, мәндайынды жарғанша байқамайсың. Мәдени қателердің тағы бір қауіптілігі – оның айыбы біршама жеңіл көрінгенімен, тілдер айырмашылығы сияқты ережелер, сөздіктер арқылы ажыратылмайды да, тілдік қателерге қарағанда көңілге ауыр тиеді. Өзге тілде сыйлеуші адам қаншалықты қате жіберетіні баршамызға белгілі. Мәдени қателерді кешіре салу оңай емес, ең жағымсыз әсерлер солардан қалады.

Бірде-бір тілде адам ақыл-даналығының ауаны түгел қамтылаған. Ешбір тіл адам түйсігінің барлық түрлері мен деңгейлерін жеткізе айтуға қауқары жетпейді.

Эзра Паунд

<sup>22</sup> Қос тілдің нормаларын салыстырмалы сипаттау әр тілдегі іштей қарағанда байқалмайтын, мысалы тек бір тілде сейлейтін адамға көрінбейтін сөздіктері бос орын, «ақтаңдақтарды» тілдің семантикалық картасынан ашып береді. (Ю.С. Степанов. Француз стилистикасы. М., 1965. 120 б.).

<sup>23</sup> «Этникалық символдар ретінде материалдық мәдениетпен қатар, дыбыстық мәдениет элементтері де қарастырылады. Алайда этнодыбыстық қызмет оның ішкі қасиеті емес. Ол тек этностар арасындағы байланыс жағдайында ғана көрінеді. Сондықтан мәдениеттің кез келген элементі бір жағдайда этностиқ ерекшелікті көрсетсе, басқа жағдайда көрсетпеү мүмкін» (Ю.В. Бромлей. Этнос пен этнография. М., 1973, 66 б.).



Тіларалық, мәдениетаралық коммуникация мәселелерінің барлық түйткілдері шет тілдерін ана тілімен, өзге мәдениетті төл мәдениетімен салыстырғандаған айқындалып, нақтылана түседі. «Менгеретін тіл әлемі» пәнін мүмкіндік болса екі жақтан параллель курс ретінде: біріншісін – менгерілетін тілде сөлейтін сол мәдениет өкілі, екіншісін – ана тілінде сөлейтін төл мәдениет өкілі жүргізсе деп ұсыныс жасауымыздың себебі осы болатын. Біздің факультетте бұл курстар дәл осылай жүргізіліп келеді.

Бұл менгерілетін тілде сөйлеушілер мәдениеті туралы біршама толық әрі жанжақты мәлімет алуға көмектеседі: біріншіден, тіл үйренушілерге ден қойып отырған ел әлемі мәдениеті сол қалпында ұсынылып, өз пайымдауларын жасауына мүмкіндік береді, екіншіден, өзге мәдениетті төл мәдениетпен салғастыра, салыстыра қарау, олардың айырмашылықтарын оңай ажыратып, өзге мәдениет өкілдерімен қарым-қатынасқа түскенде жағымсыз мәдени әсер (мәдени шок) алудың алдын алады.

«Орыс тілінің әлемі» пәні де дәл осылай жүргізіледі: орыс тарихы, мәдениеті және т.б. бойынша дәріс беретін мамандармен қатар шетелдіктер өз қабылдауларындағы Ресей мен орыстар жайында студенттермен ой бөліседі.

Андрей Макин өзінің «Француз мұрасы» кітабында барлық орыс туысқандары ұлты француз Шарлотта әжесінің сөзіне айрықша құлақ асатынын айтады. Мұның себебін ол: Шарлотта әжейдің Ресейге өз қалауымен келгендейгімен, орыс мәдениетін басқа мәдениетпен салыстыра алатынымен, өмірдегі түрлі кездейсоқ жағдайға басқаша қарайтынымен түсіндіреді:

Шындығында, Шарлотта орыс топырағында жүргенімен, өзінің жатжұрттық екенін үміттірмайтын. Аштықты, революцияны, азамат соғысын көрген ұлы империяның қатыгез тағдырының оған еш қатысы жоқ сияқты... Орыстардың басқа таңдауы болды ма? Ал оның ше? Ресейге Шарлоттаның көзімен қарағанда, олар өз елін танымай қалатын, кейде бұл жатжұрттық адамның шүбесіз көңілмен қараған көзқарасы болса, ал кейде, керісінше, біз байқай бермейтін қырағы

C'est que Charlotte surgissait sous le ciel russe comme une extraterrestre. Elle n'avait que faire de l'histoire cruelle de cet immense empire, de ses famines, révolutions, guerres civiles... Nous autres, Russes, n'avions pas le choix. Mais elle? À

travers son regard, ils observaient un pays méconnaissable, car jugé par une étrangère, parfois naïve, souvent plus perspicace qu'eux-mêmes. Dans les yeux de Charlotte s'était reflété un monde inquiétant et plein d'une vente spontanée – une Russie insolite qu'il leur fallait découvrir<sup>24</sup>.

Ұлы Вильгельм фон Гумбольдт сөзінен де үзінді келтіре кетейік: «Тілдердің әртүрлілігі арқылы алдымызда әлемнің танып білуге болатын сан түрлі байлығы ашылады; тілдер ойлау мен қабылдаудың түрлі тәсілдерін нақты әрі дәл беретіндіктен, адам болмысы да ашыла түседі».<sup>25</sup>

Шет тілін білмейтін тіл өкілдері, әдетте мәдениеттер қақтығысын да, тілдер қақтығысын да көрмейді.

Бұл қақтығыс әртүрлі деңгейде көрініс береді. Сондықтан оны зерттеу, әсіресе бұл қыындықтар коммуникацияға қатысушылардан, оның ішінде шет тілін оқыту процесіне қатысушылар – оқытушы мен оқушыдан жасырын тұрған жағдайда аса маңызды. Ал тілдің сыртқы ортаға тұра әрі тікелей шығатын бөлігі лексика болғандықтан, қақтығыстар лексикадан біршама анық байқалады.

Шет тілде жаңа сөз үйренсеңіз, оның ана тіліңіздегі баламасын білсеңіз, қолдануға асықпаңыз. Себебі әр сөз белгілі бір ұғымды, ұғым затты немесе шынайы өмір құбылысын, яғни бөгде, бөтен өмірді білдіретінін ұмытпаңыз. Қолдану сөзіне мән беріп қараңызшы: дәл сәйлесу процесі жасалуы кезінде, яғни сәйлесім әрекетінің белсенді дағдылары (айтылым, жазылым) жүзеге асқанда мәдени кедергі, мәдени компонент, мәңгерілетін тіл әлемі туралы мәдени аялық білімнің болуы мәселелерінің өзектілігі артады. Үйреншікті әлдекім құрастыруған мәтіннен сөз мағынасын анықтап білумен шектелмей, сол мәтінді өзің құрастыру үшін сөз мағыналарын біліп қана қою жеткіліксіз, әр сөздің астарында не жатыр, зат-ұғым туралы тіл шынайы қарым-қатынас құралы ретінде қолданылатын әлемдегі оның орны мен қызметі туралы білу аса қажет.

Тілді пайдаланудың белсенді дағдылары – айтылым мен жазылымды, яғни сөйлеуді қалыптастырудың ең шешуі қыын проблемалары тек екі не одан көп тілді білу деңгейінен кейін айқындалады. Бұған тілдегі сөздердің лексикалық тіркесімділігі, сондай-ақ лексикография, қатысымдық синтаксис және басқа да көптеген мәселелер жатады (II б., 2-т., 2§).

Ресейде шет тілі ана тілмен, төл мәдениетпен салыстырылып, сондай-ақ русистикамен байланыста оқытылуы қажет деуіміз-

көзқарас еді. Олар Шарлоттаның жанарынан беймаза, кездей соқ тіршілікке толы Ресейді басқа қырынан көріп, оны еріксіз тани түсуге ынтығатын.

<sup>24</sup> А. Макин. Француз мұрасы. Аудар. Ю. Яхнина, Н. Шаховская // Шетел әдебиеті, 1996, №12, 49 б.

<sup>25</sup> В. фон Гумбольдт. Тіл мен мәдениет философиясы. М., 1985, 349 б.

дің мәні осында. Бұл шет тілдерін, орыс тілін және орыс тілін шет тілі ретінде оқытуды оңтайландыру мен дамытуға оң жағдай туғызады.

Кем дегенде екі тілді, екі мәдениетті білу деңгейінде ашылатын кейбір жасырын қасиеттер мен бір тілді білу деңгейінен көрінбейтін жасырын қындықтар маңызды бір қорытынды жасауға мүмкіндік береді: **өз ана тілін шет тілі ретінде оқытатын және оқушысының ана тілін білмейтін тіл өкілдері жасырын қасиеттерді де, жасырын қындықтарды да көрмейді.** Міне, шет тілін оқытатын шетелдік оқытушылардың шет тілін оқытатын сол тіл өкілінен басымдығы осында!

Тілдер мен мәдениеттер арасындағы айырмашылықтар оларды салыстырғанда анықталады. Алайда әлемнің тілдер картасында олардың өзгешеліктері байқалмайды, түрлі тілдердегі сөздердің баламалары бар секілді көрінгенімен, шындығында олай емес. Бұл шет тілдерін оқыту тәжірибесі барысында үлкен қындықтар туғызады. Қындықтардың барлығы да кем дегенде екі тілді (сондай-ақ мәдениетті) – шет тілі мен ана тілін салыстыра отырып оқытқанда ғана анықталатынын тағы бір қадап айта кетейік. Бұл шет тілін оқыту практикасының су астында жатқан бір тасы тәріздес нәрсе, ал оны студентінің ана тілін білмейтін, шет тілін оқытатын сол тіл өкілі саналатын оқытушы көре алмайды.

# *I БӨЛІМ*

## *Тіл – мәдениет айнасы*

*country  
attitude in the past*

*Лапла*

*Fairy-tale*

*fairy tales*

*delicious cookies*

*сний вальс  
со сливками*

*perceptible*

*Голландия Венгрия*

*тюльпаны красный перец*

*equal liberties Кальман*

*drugs Токай*

*XVII-XVIII cc. жареный гусь*

*странно*

# *I таралу Шынайы әлем, мәдениет және тіл. Өзара қатынасы мен ықпалдастыры*

Мәдениет негізі – жазба-  
ша және аудиоза сейлеу  
арқылы беріледі. Қоғам  
тарихының тұғыры да,  
оның мәдени бірегей-  
лігінің үлкен бөлігі де –  
тілде сақталады.

Дэвид Кристал

Cultures are chiefly transmitted through spoken  
and written languages. Encapsulated within a language  
is most of a community's history and a large part  
of its cultural identity.

David Crystal

## *§1. Тіл мен мәдениет арқылы жасалған әлем бейнесі*

Тіл мен шынайы өмірдің, тіл мен мәдениеттің өзара қатынасы  
және өзара әрекетіне толығырақ тоқталайық. Бұл мәселелер қа-  
рым-қатынас түрлерін жетілдіру мен оның тиімділігін арттыруда,  
сондай-ақ шет тілдерін оқытуда маңызды рөл атқарады, ал оларды  
жоққа шығару – халықаралық байланыстарда да, педагогикалық  
тәжірибеде де сәтсіздіктерге ұшыратады.

Осы тақырыпты қозғағанда, тіл – қоршаған ортаның *айнасы деген* метафоралар жиі қолданылады. Ол шынайы өмірді, әр тілдің  
өзіне ғана тән нақышын, ғажайып әлемнің және сол тілді қарым-қа-  
тынас құралы ретінде қолданатын халықтың, этникалық топтың,  
тұтынушы ұжымның бейнесін жасайды.

Бір қызығы, метафораларды ғылыми мәтінде айшықты да, оңтай-  
лы қолдануға болады. Суреткердің шеберлігіне қарай әрленіп отыра-  
тын метафоралардың тұрақты мекеніне айналған әдеби мәтіннің бау-  
рап әкетер сиқыры туралы сөз етпей-ақ қояйық. Әр нәрсе өз орнымен  
болғаны жөн, сөз де солай. Ғылыми мәтінде бәрі нақты әрі оңай бо-  
лады. Ал метафоралар болса, күрделі, ғылыми құбылысты, фактті,  
жағдайды түсіндіруді женілдету үшін пайдаланылады (метафоралар-  
ды қолдануда әдеби мәтін авторына қойылатын талғам мен талап  
қандай қажет болса, ғылыми мәтін авторына да ол сондай маңызды).

Тіл, шынымен, қоршаған ортаны бейнелейтіндіктен, оны айнаға  
теңеу орынды. Әр сөз шынайы өмірдегі затты не құбылысты біл-  
діреді. Тіл бәрін: жер бедерін де, ауа райын да, тарихты да, салт-  
дәстүрді де бейнелейді.

Лингвистикалық фольклордың хрестоматиялық үлгісіне айналған эскимостар тіліндегі қардың әртүрлі реңкі мен түрін білдіретін ақ сөзінің синонимдік қатары әдебиеттерде 14-тен 20-ға дейінгі түрі беріліп жүр.

Араб тіліндегі *түйе* сөзінің бірнеше мағынасы бар. Олар шаршаған түйені, буаз іңгендері және т.б. жеке-жеке атаулармен атайды.

Орыс тіліндегі қармен, қыспен байланысты айтылатын *пурга*, *метель*, *буран*, *снежная буря*, *вьюга*, *поземка* деген мағыналарды ағылшын тілінде *snowstorm* деген бір-ақ сөзбен жеткізуге болады.

Осы тәріздес тағы бір қызық мысал ретінде хинди тіліндегі жаңғақ түрінің көптеген атауға ие екенін келтіруге болады. «Үнді түбегі халқының жалпы мәдениетінде арека пальмасының жемісі (areca catechu), «супари» қатты жаңғағы қандай рөл ойнайтынын білсеңіз, мұны түсіндіру қыын емес.

Үндістан халқы жыл сайын Араб теңізінің жағалауы – Канкоңда, ыстық, ылғалды климатта өсетін осы арека пальмасы жаңғақтарының 200 мың тоннадан астамын тұтынады. Жемістерін шикі, жартылай піскен немесе толық піскен күйінде жинап, күннің астында, көлеңкеде, желге кептіреді, сосын сұтке, суға қайнатып пісіреді немесе майға құырады.

Әрбір дайындау технологиясы жаңа тағамның пайда болуына сеп болады да, соған орай жаңа атау шығады. Үнді жөн-жоралғыларының барлығында дерлік арека пальмасының жаңғақтары пайдаланылады».<sup>1</sup>

Шынайы өмір мен тілдің арақатынасын төмендегідей тәртіpte көрсетуге болады:

**Шынайы өмір**



**Зат, құбылыш**

**Тіл**




**Сөз**

Алайда шынайы өмір мен тілдің арасында тілді тұтынушы, ақылой иесі адам тұр.

Тіл мен оны тұтынушысының арасында тығыз байланыс және өзара тәүелділік бар екені еш күмән туғызбайды. Тіл – адамдар арасындағы қатынас құралы. Сондықтан да тіл өзін тұтынатын белгілі бір топтың өмірімен, оның дамуымен ажырамас бірліктे болады.

Тілдің қоғамдық табиғаты, оның сол қоғамдағы қызметінің сыртқы жағдайынан да (би немесе полингвизм, тілді оқыту жағдайы, қоғам, ғылым, әдебиет және т.б. даму деңгейі), сонымен

<sup>1</sup> И. Глушкова. Коллекция өнер-коллекция-музей. //Коллекция НГ, 1998, №18.



қатар тіл құрылымынан, синтаксистен, грамматикадан, лексикадан, функционалды стилистикадан және т.б. да көрінеді. Төменде мына сұрақтарға толығырақ тоқталатын боламыз: орыс және ағылшын тіліндегі материалдар негізінде адамның тілге ықпалы; адамның тұлға ретінде қалыптасуындағы, жеке және үлттық мінезінің жасалуындағы тілдің қалыптастыруышы рөлі көрсетілетін болады.

Сонымен, тіл мен шынайы өмір арасында адам тұр. Тек адам ғана сезім мүшелері арқылы әлемді танып, біледі. Соның негізінде қоршаған орта туралы өз пайымдауын жасайды. Қабылдаған ақпараттарын өз санасынан өткізіп, зерделеп, оны тіл арқылы өз қауымының басқа мүшелеріне жеткізеді. Басқаша айтқанда, **шындық** пен **тіл** арасында **ойлау** тұр.

Тіл ойды бейнелеп, оны бір адамнан бір адамға жеткізетін тәсіл ретінде ойлаумен тығыз байланысты. Тіл мен ойлаудың арақатынасы – тіл білімі мен философияның құрделі сұрақтарының бірі. Алайда бұл еңбекте атамыш феномендердің қайсысы алғашқы, қайсысы кейінгі, ойды сөзбен бейнелемей-ақ жеткізуге мүмкіндік бар екені туралы ойталқы жүргізудің қажеттілігі жоқ. Біз көтеретін басты мәселе – тіл мен ойлаудың шүбесін өзара тығыз байланысы мен бір-біріне тәуелділігі, олардың мәдениетпен, шындықпен арақатынасы. Сөз шындықтың болмысын емес, ол туралы адам санасында қалыптасқан ұғымның көрінісін бейнелейді. Ұғым оны түзетін кейбір негізгі белгілерді жалпылау арқылы жасалады, сондықтан нақты сипатынан тыс, абстрактілі (дерексіз) болып келеді. **Шындық өмірден ұғымға, одан ары қарай сөз арқылы бейнелеуге тартылған жол әр халықта әрқалай**, бұл олардың тарихының, мекенінің, өмір салтының, сондай-ақ қоғамдық санасы дамуының әрқильтілігімен байланысты. Біздің санамыз ұжымдық тұрғыдан да (өмір салты, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, яғни этнографиялық мағынадағы мәдениет), жеке қасиеттегі мізге де (жеке адамға тән әлемді қабылдау ерекшелігі) байлаулы болғанымен, тілдің шындықты бейнелеу жолы тұра емес, шындық өмірден ойлауға, ойлаудан тілге қарай бағытталады. Басында келтірген метафорамыз енді келіңкіремей қалды, айнамызыдағы бейнеміз қисық болып шықты, бейненің қисық болуының себебі, тіл өкілдерінің мәдениетіне, діліне, дүниетанымына байланысты.

Сейтіп, **тіл, ойлау, мәдениеттің** өзара байланысының тығыз екені соншалық, тіпті бір-бірінен бөліп-жарылып қызмет ете алмайтын, үш құрылымнан тұратын біртұтас дүние сияқты. Үшеуі бірлесіп шынайы өмірмен арақатынасқа түседі: оған қарсы тұрады, оған тәуелді болады, оны бейнелейді және оны қалыптастырады.

Жоғарыда айтқанымыздың сыйбасы мынадай болады:

Шынайы өмір	Ойлау/Мәдениет	Тіл/Сөйлеу
↓	↓	↓
Зат/Құбылыс	Түсінік/Ұғым	Сөз

Сонымен, адамды қоршаған орта үш формада көрініс табады:

- әлемнің шынайы бейнесі;
- әлемнің мәдени (немесе түсініктер) бейнесі;
- әлемнің тілдік бейнесі.


**Әлемнің шынайы бейнесі** – бұл адамзаттан тыс объективті мәліметтер, бұл адамды қоршаған орта.

**Әлемнің мәдени (түсініктер) бейнесі** – ұжымдық тұрғыдан да, жеке адам тұрғысынан да адам қабылдауының негізінде қалыптасқан, сезім органдары арқылы алынған және оның санасы арқылы жеткен түсініктер сүзгісінен өткен шынайы бейненің көрінісі.

Әлемнің мәдени бейнесі ерекше және әр халықта өзгеше болады. Бұл көптеген факторларға тікелей байланысты: география, ауа райы, табиғи жағдайлар, тарих, әлеуметтік құрылымы, сенім, дәстүр, әмір сұру салты т.с.с. Мұны мысалдармен безендіріп көрелік.

1994 жылы Финляндияда өткен халықаралық SIETAR конгресінде норвегиялық Мәдениетаралық коммуникация орталығы дайындаған Еуропаның мәдени картасы ұсынылды. Картада Еуропа елдерінің географиялық және саяси ерекшеліктерін емес, көрісінше, норвегиялықтардың мәдени қабылдауындағы стереотиптерге неғізделген осы елдердегі ерекшеліктерді ұсынады. Басқаша айтқанда, бұл Еуропаның Норвегия тұрғындары көзімен жасалған мәдени бейнесі.


Төменде картаның суреті ұсынылып отыр:




Vigdis [Вигдис (Исландия президенті)];  
IRA [ИРА (Ирландия республиканский армия)];  
nesten IRA [бұл да];  
Charles & Di [Чарльз и Диана];  
Europas navle [Еуропаның кіндігі];  
Volvo [«Вольво»];  
sauna&vodka [сауна және арак];  
Russere [орыстар];  
billig [арзан];  
billgere [одан да арзан];  
godt kjokken [жақсы асха-на];  
flatt [терік];  
Tivoli & Legoland [Тиволи және Леголенд];  
fri hastighet [жылдамдыққа шектеу жок];  
svarte bankkonti [қолеңкелі банк шоттары];  
mafia [мафия];  
nyttarskonsert [жаңажылдық концерт];  
nesten Russere [орыстар];  
badestrond [жагажай].

Салыстыру үшін Мәскеу мемлекеттік университетінің шет тілдер факультеті студенттері жасаған Еуропаның өзге де балама мәдени картасын қарап көрейік. Бұл карталар қазіргі Ресей тұрғындарының мәдени түсініктерінің стереотиптерін көрсетеді.

Enjoy your meal [асыңыз дәмді болсын (Қазақстандың кейбір өнірлерінде тәбетінің ашылсын. – Аудармашылардан)];  
 Unknown cuisine [белгісіз асхана];  
 I've never been in the UK [мен Англияда ешқашан болмадым];  
 salmon [лосось];  
 Olives [әзітүн];  
 red wine [қызыл шарап];  
 pork [шошқа еті];  
 beer & sausages [сыра және шұжықтар];  
 cheese [ірімшік];  
 pizza [пицца];  
 spaghetti [спагетти]: potato [картошка];  
 beet & carrot [қызылша және сәбіз];  
 grape [жүзім];  
 seafood [теңіз өнімдері];  
 oranges [апельсин].



Herrings [селедка]; W.B.Yeats [У.Б.Йитс]; 5 o'clock [файвоклок]; Vikings [викингтер]; mermaid [русалочка немесе су періци];  
 Peter the Great [Ұлы Петр]; Santa Claus [Санта Клаус]; Russian language [орыс тілі]; cigars [сигарет]; Salvador Dali [Сальвадор Дали]; revolution [революция]; chocolate [шоколад]; drugs [есірткі]; sausages [шұжықтар]; Swatch [своч]; carnival [карнавал]; pan [панд]; beer [сыра]; the Alps [Альпі таулары]; Balaton [Балатон]; Dracula [Дракула]; war [соғыс]; red pepper [қызыл бұрыш]; sirtaki [сиртаки].



Жүргізілген эксперименттің жинақтық нәтижесі Еуропамен байланысты қазіргі ресейлік жастардың санасындағы мәдени алудақтың бейнесін көрсетеді.

Еуропаның мәдени карталары орыс тілінде де және олардың үйреніп жатқан ағылшын тілінде де жасалды. Барлық мәдени түсініктер студенттер қай тілде жазса, сол тілде ұсынылып отыр. Байқауымша, тілді таңдау да психологиялық және мәдени түрғыдан туындаған (мәселен, бұрынғы «социалистік лагерь» елдерінің көбі орыс тілін таңдайтыны сөзсіз). Мәдени ассоциациялардың саны мен әртүрлілігі де біршама.

#### Австрия

- Вальс (3 р.)  
Alps [Альпі таулары] (2 р.)  
Peaceful country [бейбіт ел]  
War-like attitude in the past [өткен шақтағы соғыс жағдайы]  
The world of music [музыка әлемі]  
Skiing [шаңғы тебу]  
Ball [доп]  
Opera [опера]  
Моцарт  
Вена вальсі  
Кілегей қатқан кофе

#### Бельгия

- Шілтер (2 р.)  
Сиырлар  
Rubens [Рубенс]  
Charles de Coster [Шарль де Костер]  
Very imperceptible [түкке түрғысыз, байқаусыз]  
Beer [сыр]

#### Болгария

- Көршілер  
Бұрыш

#### Венгрия

- Қызыл бұрыш (2 р.)  
Кальман  
Токай  
Құырылған қазы  
Біртүрлі тіл

#### Ұлыбритания

- Fog [тұман] (3 р)  
Shakespeare [Шекспир] (2 р)  
Tea time [шай үақыты (бесін шай)] (2 р)  
Monarchy [монархия] (2 р)  
Dry sense of humor [ұытты әзіл]  
Special tea [ерекше шай]  
Robin Hood [Робин Гуд]  
Oxbridge [Оксфорд – Кембридж (Оксбридже)]  
Rain [жаңбыр]  
Gentlemen [джентльмен]  
Good manners [жақсы әдептер]  
5 o'clock [файвоклок (бесін шай)]  
Unknown cuisine [белгісіз асхана]  
Бейкер стрит  
Жасыл көгалдар  
Қамалдар  
Елес  
Футбол

#### Германия

- Сыра және шұжық (3 р)  
Сыра (3 р)  
Punctuality [пунктуаль] (2 р)  
Mercedes [«мерседес»]  
Quality [сала]  
Exactness [нақтылық]  
Racial superiority of Nordic people [нордиялық нацияның артықшылығы]  
Romanticism [романтизм]  
Prussian soldiers [пруссия солдаттары]



Kinder, Kuche, Kirche ЗК [балалар, асхана, шіркеу]

War [соғыс]

The Berlin wall [Берлин қамалы]

Университеттер

Гёте

Заманауи өнер

### Греция

Мифтер мен құдайлар (2р)

Olympic games [Олимпиада ойындары] (2 р)

Антика

Парфенон

Оливки

Ruins of the ancient world [ежелгі (антикалық) қамалдар]

Ancient Greece [Ежелгі Греция]

Origin of our civilization [біздің әркениеттің бесіри]

Smth we know since our childhood [біздің бала күнімізден таныс дүниелер]

Democracy [демократия]

Seafood [теңіз өнімдері]

Sirtaki [сиртаки]

### Голландия

Тюльпан [қызғалдақ]

Many sexual liberties [сексуалдық еркіндік]

Drugs [есірткі]

School of paintings XV-XVIII centuries [XV-XVIII ғасырлардағы бейнелеу өнерінің мектебі]

Skates [коньки]

Cheese [ірімшік]

Кемелер

Дијрмен

Марихуана

### Дания

Гамлет

Fairy tales [ертегілер]

Danish (cookies) [даниялық печенье]

Flat [теріс]

Many Islands [көп арал]

Mermaid [русалочка – су періci]

Andersen [Андерсен]

Сықсыз балапан

### Ирландия

IRA [ИРА] (3 р)

Fighting country [соғысып жатқан ел]

Flat [теріс]

Green gnomes [жасыл гномдар]

conflict [конфликт]

whisky [виски]

love of freedom and independence

[еркіндік пен тәуелсіздікке деген махабbat]

Yeats [Йитс]

### Испания

Corrida [коррида] (7 р)

Фламенко (3 р)

Гойя (2 р)

Эль Греко

Bulls [бұқалар]

Sun [күн]

Temperament [темперамент]

Fiesta [фиеста]

Siesta [сиesta]

Leisure [демалыс]

Olives [зәйтүн]

Salvador Dali [Сальвадор Дали]

### Италия

Спагетти(7 р)

Pizza [пицца]

Renaissance [Қайта өрлеу] (3 р)

Рим (2 р)

Pope [Рим папасы] (2 р)

Венеция карнавалы (2 р)

Опера

Pasta [макарон]

Canals [каналдар]

Empire [империя]

Catholicism [католицизм]

Cheese [ірімшік]

### Норвегия

Викинг ( 3р)

Fiords [фьорд] (2 р)

Rock [жартас]	матрешка
Skiing [шаңғы тебу]	мишка
Snow [қар]	ертеңі
Cold [сұық]	арақ
Fish and fishers [балық және балықшылар]	икра
Herring [сельдь]	калина
Oil [мұнай]	хоккей
Gas [газ]	балет
<b>Польша</b>	янтарь [алмаз]
Славяндар	Андрей Рублев
Мазурка	Мәдениеттің өлшеуесіз байлығы
<b>Португалия</b>	<b>Румыния</b>
Колумб (3 р)	Көршілер
Теңізшілер	
Портвейн	
Many colonies in the past – poverty today [бұрын көптеген елдің колониясы болған – бүгінде кедейшілік]	
Graale's [Грааль]	<b>Словакия</b>
Cigars [сигар]	Славяндар
Heat [ыстық]	
No association [еңқандай ассоциация жоқ]	<b>Финляндия</b>
<b>Ресей</b>	Санта Клаус (4 р)
Motherland [Отан] (2 р)	Сауна (2 р)
Russians [орыстар]	Vodka [арақ] (2 р)
Openness [ашықтық]	Many lakes [көп көл] (2 р)
Generosity [жомарттық]	Silence [тыныштық]
A great country with many people which doesn't succeed in finding a sensible and wise leader [еңқашшан салауатты ойы бар және дана басшы таба алмаған, елі керемет, адамы көп мемлекет]	The former part of Russian empire [Ресей империясының бұрынғы бөлігі]
Large and unpredictable [үлкен және болжасызыз]	Winter [қыс]
No comments [комментарийсіз]	Deer [бұғылар]
Russian language [орыс тілі]	Salmon [лосось]
Қар	<b>Франция</b>
Ағайынды	Fashion [мода] (6 р)
Күнге қақталғандар	Шарап (4 р)
Қыс, ақ қайың	Le parfum [иіс сулар] (2 р)
Романс	Revolution [революция – төңкеріс]
	Love [мажаббат] (2 р)
	Courtesy [сыпайылық, ізеттілік]
	Aristocracy [аристократия (бекзада, ақсүйек)]
	Liberty [бостандық]
	Equality [тәндік]
	Brotherhood based on blood [қанмен келген ағайындық]
	Art [өнер]
	Cuisine [асхана]
	Шампанское



Chanel №5 [Шанель №5]	Peaceful [бейбітсүйгіш]
See and die [көрү және өлү]	The former Queen of the seas [бұрынғы теңіз әміршісі]
<b>Чехия</b>	Volvo [«Вольво»]
Славяндар	Swedish family [швед отбасы]
Ян Гус	Hockey [хоккей]
Кафка	Викинг
Люстра	
Тәбелер	
Мұнара	
Емдік қайнарлар	
<b>Швейцария</b>	<b>Югославия</b>
Сағаттар (6 р)	War [соғыс]
Banks [банк] (4 р)	Dracula [дракула (вампир)]
Skiing health resorts [тау шаңғы курорты]	
Black bank account [жасырын банк шоттары]	<b>Бұрынғы «социалистік лагерь елдері»</b>
Accuracy [нақтылық]	Almost Russia [Ресейдей]
Курорт	Ex-friends [бұрынғы достар]
Шоколад	Almost Russians [орыстардай]
<b>Швеция</b>	Looking for they own way
ABBA [АББА] (2 р)	[өздерінің жеке даму жолын іздеуші]
Карлсон (2 р)	Slavic brothers [славяндық бауырлар]
Electrolux [Электролюкс]	Very closely connected, not much different [тонның ішкі бауындай жақын, аса өзгешелігі жоқ]
«Europe» (rockgroup) [«Юроп» (рок-группа)]	Potatoes [картошка]
	Grapes [жұзім]
	Beets and carrots [қызылша мен сәбіз]

Әлемнің тілдік бейнесі шынайылықты әлемнің мәдени бейнесі арқылы көрсетеді. «Әлемнің үлттық-тілдік өзгешелік бейнесін жасау идеясы неміс филологиясында XVIII ғасырдың аяғы XIX ғасырдың басында пайда болды. (Михаэлис, Гердер, Гумбольдт). Біріншіден, тіл идеалды және объективті құрылым ретінде сол тілде сөйлеушілердің дүниетанымын өзіне бағындырып, тілді қолданушылардың әлемді қабылдауды негіз болады. Екіншіден, тіл таза мәндердің жүйесі ретінде – шынайы әлемді бүркемелейтіндей меншікті әлемін құра алады».<sup>2</sup>

Әлемнің мәдени (түсінік, концептуальды) және тілдік бейнесінің өзара қатынасы өте күрделі және көпжоспарлы. Оның негізі тіл мен мәдениеттегі шынайылықтың күрт өзгеруінен туындаиды.

«Человеческий фактор в языке» («Тілдегі адами фактор») кітабында әлемнің концептуальды және тілдік бейнесі бір-бірімен тұтастай байланысты екені пайымдалады. Әлемнің тілдік бейнесі – мәдени (концептуальды) бейненің бір бөлігі әрі ең негізгісі. Алайда

<sup>2</sup> Г.А. Антипов, О.А. Донских, И.Ю. Марковина, Ю.А. Сорокин. Текст как явление культуры. Новосибирск, 1989, 75 б.

тілдік бейне мәдени бейнеден жұпныны. Мәдени бейнені жасауға тілмен қатар ойлану қызметінің басқа да түрлері қатысады. Сондай-ақ айшықтау белгісінің әркез нақты бола бермейтініне байланысты қандай да бір нышанға негізделеді.<sup>3</sup>

Мүмкін мәдениеттің бір бөлігі ретінде тілдің тұтас бөлігін емес, мәдениет пен тілдің өзара байланысы мен әрекеті туралы айтқан жөн болар. Тіл – мәдениеттің бөлігі, бірақ мәдениет те тілдің бөлігі. **Демек, егер мәдениетті адам санасы арқылы қабылданған, яғни адамның физикалық және рухани іс-әрекеті нәтижесінде пайда болған әлемнің өмір сұру салты десек, онда әлемнің тілдік бейнесі мәдениет арқылы толық қамтылмаған.**

«Человеческий фактор в языке» («Тілдегі адами фактор») кітабында берілген әлем бейнесінің анықтамасы адамның физикалық іс-әрекетін және оның қоршаған ортаны қабылдаудағы физикалық тәжірибесін ескермейді: «Әлем бейнесін барынша дұрыс түсіну үшін оның анықтамасын әлемнің әу бастағы жаһандық өмір сұру салтынан қарастыру керек. Оның негізінде адамның барлық рухани белсенділігінің нәтижесі, дүниетанымы, белгілі бір мәдениетті тұтынушылардың түсінігіндегі әлемнің мәнді қасиеттері жатыр».<sup>4</sup>

<sup>4</sup> Сонда, 21 б.

Алайда адамның рухани және физикалық іс-әрекетін бір-бірінен бөліп қарастыра алмаймыз ғой. Егер, әңгіме – әлемнің мәдени-концептуальдық бейнесі туралы болатын болса, бұл екеуі бірін-бірі толықтыруши, олардың бірін екіншісінен ажырату дұрыс емес.

Сонымен, әлемнің мәдени және тілдік бейнесі өзара тығыз

байланысты. Олар өзара үздіксіз іс-әрекетте болады және әлемнің шынайы бейнесін жасайды. Нақтырақ айтсақ, шынайы өмірге, адамды қоршаған ортаға қарай жақындалады.

Әртүрлі лингвистикалық мектептердің тілді шынайы өмірден бөліп әкетпек болған әрекеті қарапайым және сол әрекеттері белгілі бір себептен сәтсіздікке ұшырады: назарға тек тілдік форманы ғана алмай, сонымен бірге кез келген құбылысты жан-жақты зерттеуге мүмкіндік беретін мазмұнын да ескеруі керек-ті. Мазмұн, семантика, тілдік бірліктердің мәні, сөз – бұл қандайда бір дыбыстық (немесе графикалық) кешеннің затпен немесе шынайы өмірмен өзара қатынасы. Тілдік семантика тілдік әлемнен шынайы әлемге жол ашады. Бұл екі әлемді байланыстыратын арқау тұтастай осы сәйлеу ұжымына тән мәдени әлемнің нысандары мен құбылыстары туралы және тілдің жеке тұтынушысы (сөйлермені) туралы мәдени түсініктерге шырмалған.

Тілден тыс болмыс та, түсініктерді ауызекі жеткізу жолы да барлық халықта бірдей емес. Оған әр халықтың тарихы, өмір сұру қалпының әрқылышы мен қоғамдық санасының даму ерекшелігі ықпал етеді. Демек, әр халықта тілдік бейне әртүрлі болады. Бұл

<sup>3</sup> Человеческий фактор в языке. Жаупты редактор Е.С. Кубрякова. М., 1988. 107 б.



болмысты категориялау принципінде лексика мен грамматикада заттану кезінде айқын көрінеді.

Әрине, әлемнің ұлттық-мәдени бейнесі тілдік бейненің негізі. Ол тілдік бейнемен салыстырғанда толығырақ, байырақ және тереңірек. Алайда тек тіл ғана ұлттық-мәдени бейнені жүзеге асырады, сақтайды, үрпақтан-үрпаққа жалғастырады. Тіл әлемнің ұлттық көріністерінің барлығын көрсете алмаса да, бәрін сипаттай алады.

Тілдің және тіл үйренудің ең негізгі бірлігі – сөз. Ол ең көрнекі иллюстрация қызметін атқарады. Сөз – бір заттың немесе адамдарды қоршаған ортаның нақты бір болымсыз бөлшегінің, құбылысының жай бір атауы ғана емес. Шынайылықтың осы болымсыз бөлшегі адамның сана-сезімі арқылы өтіп, бейнелеп көрсету процесі кезінде сол ұлттың мәдениетіне сай, ұлттық қоғамдық сана-сезіміне тән ерекше мәнге ие болады.

Сөзді мозайканың бір кішкентай кесегімен салыстыруға болады. Бұл кішкентай мозайкалар әр тілде әртүрлі суреттер құрастырады. Ол суреттер өз бояуларымен ажыратылады. Орыстілді ортада бұл суреттер өз тұтынушыларын көк және көгілдір түсті көруге мәжбүрлесе, ал ағылшындар бір ғана көк (*blue*) түсті көреді. Алайда орыстілділер де, ағылшынтылділер де бір ғана шындық объектісі – спектордың бір бөлшегіне қарап тұр. Әрине, адамдар қажет болған жағдайда барды бар деп қалпына келтіруге қабілетті. Ағылшындар да адам көзіне көрінген барлық тұс рендерін сөзсіз көре алады (және қажетті жағдайда оларды не терминмен, не бейнелеп көрсетеді. Мысалы, *Dark blue* [көк, қара көк], *navy blue* [қара көк], *sky-blue* [көгілдір, көкшіл], *pale-blue* [ашық көгілдір] деп).

Бұрындары Чернышевскийдің: «Егер ағылшындарда *cook* деген жалғыз сөз болса, олар аспазды асүйден ажыратса алмайды деген сөз емес» – деп айтқаны бар еді.

Тіл адамдарды әлемнің нақты көрінісіне тәуелді етіп қояды. Ағылшынтылді бала ана тілін үйренуде *foot* және *leg* деген екі затты көреді, ал орыс тілінде ол бір-ақ затты «аяқ» деген мағынаны береді. Алайда ағылшынтылді бала түсті (көк және көгілдір) ажыратса алмайды, орыстілді баладан айырмашылығы – ол тек *blue*-көк түсті ғана көреді.

Шетел сөздерін жаттап алған адам әүелі өзіне толық түсініксіз, жат, белгісіз бейнеден бір кесек мозайканы алды деген сөз. Соңан соң оны өзінің ой-санасындағы туған тілі арқылы қалыптасқан әлемдік бейнемен салыстыруға тырысады. Тап осы жағдай шетел тілін үйренудегі алынбас қамалдай көрінетін, оқушылардың, басым бөлігінің жеңе алмайтын ең басты қызындығы болса керек. Егер заттың немесе қоршаған ортаның құбылыстары айна-қатесіз көшірілетін, механикалық, фотографиялық акт секілді қарапайым


болса, онда нәтижесінде нақты сана-сезімдерімен байланыссыз әртүрлі халықтардың нақты тұрмыс санасына тәуелді әртүрлі бейнесі емес, жүрттың бәріне үқсас әлемнің фотокөшірмесі жасалған болар еді. Сөйтіп, осы фантастикалық (адами емес, машина робот дәрежесінде) жағдайда шетел тілдерін үйрену (бір тілден екінші тілге аудару) бір кодтан екінші кодқа өтудің қарапайым механикалық мнемоникалық процесіне айналған болар еді.

Алайда нақты өмірде шынайылықтан сөзге жету (түсінік арқылы) күрделі, көп жоспарлы әрі иір-қызыр. Адам бөтен тілді үйрене отырып, өзіне жат, басқа, жаңа әлемді менгереді. Шетелдік жаңа сөздер арқылы оқушы өзінің сана-сезіміне, өз әлеміне өзге әлемнен, бөтен мәдениеттен үғым, түсініктерді әкеледі. Сөйтіп, шет тілін үйрену (әсіресе тіл үйренудің алғашқы, ұзаққа созылар кезеңінде, ары қарай, өкініштісі, үйреніп жатқан тіл жылжымай қалады) жеке тұлғаның екіге жарылуымен (жармақтануымен) қатар өрбиді. Ойлауды қайта құру қажеттілігі, өзіне тән дағдылы, туғаннан қалыптасқан әлем бейнесін басқа әлемнің дағдыланбаған өмір салтымен көлегейлеу – шет тілін үйренудегі ең басты қыындықтардың (психологиялық та) бірі. Бірақ бұл қыындықтар көпе-көрнеу айқын көрінбейтіндіктен, оқушы (кейде мұғалімнің өзі) сезінбей де қалады. Бұл осы проблемаға жеткілікті назар аударылмағанымен түсіндіріледі.

Сондықтан осы проблеманың тілдік аспектісінде бұған толығырақ тоқталатын боламыз.

Сонымен, шынайылықтың сол түсінігі де, кішкентей бір бөлігі де әртүрлі тілдерде алуан түрлі тілдік формада (толық немесе шалағай) беріледі. Әртүрлі тілде бір үғымды беретін сөздердің семантикалық көлемінің өзгешеленуі, шынайылықтың әртүрлі бөлігіне айналуы мүмкін. Әлем картинасын бейнелейтін мозайканың осы кішкентай бөлшектері қоршаған ортаның адам миында қабылдануы нәтижесінде алынған үғым беретін заттың көлеміне қарай әр тілде әртүрлі көлемде болуы мүмкін. Бейнелену тәсілі мен формасы және де түсініктің қалыптасуы сол тілдік үжымның әлеуметтік-мәдени және табиғи ерекшеліктеріне тікелей қатысты. Тілдік ойлаудағы айырмашылықты адам сол бірдей үғымды беру формасының артық немесе жетімсіздігін үйреніп жүрген шет тілі мен туған тілін салыстырғанда ғана сезінеді.

Шет тілін үйренуде әлемнің тілдік және мәдени бейнесі туралы түсінік аса маңызды рөл атқарады. Шынында да, төл мәдениеттің интерференциясы туған тілдің коммуникациясын қыындаататыны сөзсіз. Үйреніп жатқан шет тілі осы ана тіл тұтынушыларының мәдениетіне еніп, орнықкан қолданыстың ықпалына түседі. Туған тіл мен төл мәдениеттің әлем туралы алғашқы бейнесіне үйреніп жүрген тіл арқылы екінші бір әлем бейнесі келіп қабаттасады. Шет тілін



және мәдениетін үйрену арқылы пайда болған әлем бейнесі – бұл тілмен бейнеленген бейне емес, тілмен жасалған бейне.

Әлемнің бірінші және екінші бейнелерінің өзара қатынасы – адамның өзіндік «менінен» белгілі бір дәрежеде бас тартып, әлемді басқаша қабылдауына (шет елдерден) санасуды мәжбүрлейтін күрделі психологиялық процесс.

Ғаламның екінші тілдік бейнесінің ықпал етуі мен тілдік тұлғаның қайта қалыптасуы жүреді. Тілдердің түрлілігі әлемнің түрлілігін бейнелейді, жаңа ғалам бейнесі жаңа өлшемдерді жарықта шығарып, ескісі санада қаттала бермек.



Отыз жылдан астам шет тілінен сабақ беретін оқытушылардан байқағаным, олар екі мәдениеттің ықпалына түседі. Ағылшын, француз, неміс және тағы басқа шет тілдері кафедрасының орыстілді оқытушылары өздері оқытатын тілдердің кейбір мәдени ерекшеліктерін меңгеріп алады.

Тіларалық сәйкестіктерді зерттеу және мәдениетаралық коммуникация мәселесін, сондай-ақ шет тілдерін оқыту әдістерін жетілдіру лексикография, аударма теориясы мен практикасы үшін өзекті саналады. Халықтың дүниетанымында жоқ, соған сәйкес оның тілінде кездеспейтін қандай да бір ұғымның екінші бір тілде баламасының болмауы тілдегі жетіспеушілік саналады.

Бұған баламасыз лексика, яғни сөздің мазмұн мәжесін өзге тілді лексика ұғымдарымен өзара салыстыруға келмейді. Белгілі бір тілде таңбаланатын ұғым-түсінік не зат, құбылыс атауы (*things meant*) бірегей саналады. Себебі мұндай бірегей ұғымдар белгілі бір халықтың дүниетанымын бейнелейді, соған сәйкес тілдік жүйеде көрініс береді.

Өзге ұлттық ойлау жүйесіне тән ұғымдарды таңбалау үшін қажет болған жағдайда өзге тілдік ортадан кірме сөздерді қабылдайды. Орыстілді ғалам бейнесінде *виски*, *эль* сияқты сүсындар кездеспейтіні белгілі. Сондай-ақ ағылшын тілді ортада *блин*, *борщ* секілді ұлттық тағам да жоқ. Дегенмен бұл ұғымдар өздері енген кірме сөздердің өн бойында өмір сүреді. Мұндай лексемалар ұлттық мәдениетке тән заттарды ғана таңбалайды. Мұндай тілдік бірліктер қатарына ұлттық мәдениетті таңбалайтын атауларды жатқызуға болады (*balalaika*, *matryoshka*, *blini*, *vodka*; *футбол*, *виски*, *эль*); саяси, экономикалық немесе ғылыми терминдер (*bolshevik*, *perestroika*, *sputnik*; *импичмент*, *лизинг*, *дилер*; *файл*, *компьютер*, *бит*).

Баламасыз (эквивалентсіз) лексика арқылы белгілі бір халықтың, ұлттың қоршаған ортаны тану, оны қабылдау сынды әре-

кетін айқын көргө болады. Дегенмен оның тілдің лексикалық жүйесіндегі пайыздық көрсеткіші көп емес. Мәселен, Е.М. Верещагин мен В.Г. Костомаровтың көрсетуінше, орыс тілінің лексикалық жүйесінің 6–7 пайызын баламасыз лексика құрайды.<sup>5</sup> Баламасыз лексика аударма теориясы мен практикасы тарапынан жақсы қарастырылған. Құрделі жағдай ретінде бір ұғымның салыстырылып отырған тілдік жүйеде әртүрлі таңбалануынан, бір ұғымды сипаттайтын лексемалар саны бір тілде көп, екінші тілде аз болуы мүмкін.

Мәселен, орыс тілінің дүниетанымындағы саусақ (*палец*) ұғымының түрпат межесін қарастырайық. Бұл ұғымды ағылшын тіліне аудару үшін нені меңзеп түрғанын білуіміз керек: қол не аяқтың саусақтары ма, егер қолдықі болса, онда қай саусақ, өйткені ағылшындар қолдың бас бармағынан басқасын *fingers* деп атайдыны белгілі, қолдың бас бармағын – *thumb*, ал аяқтың башпайларын – *toes* деп атайды.

Орыс тілінде он саусақ керісінше, ағылшын тіліндегі *eight fingers and two thumbs* [сегіз саусақ және екі бас бармақ], ал жиырма саусақ – *eight fingers, two thumbs and ten toes* [сегіз саусақ, екі бас бармақ және он башпай] ұғымдарына сәйкес келеді. Қоршаған ортаның бір ғана бөлшегі ағылшын тілін үйренуші орыс халқы үшін үш түрлі ұғыммен таңбалау басы артық дүние (*bir ғана саусақты үш түрлі таңбалау: fingers, thumbs, toes*) болуы мүмкін, керісінше, орыс тілін үйренуші ағылшындардың көзқарасы түрғысынан үш түрлі ұғымның бір ғана саусақ (*палец*) ұғымымен таңбалануы тілдегі кемшілік саналуы мүмкін. Кез келген тілдік жүйедегі мұндай ұғымдардың аз не көптігі аудармашылардың назарын өзіне аудартады, алайда аударма теориясы мен практикасы мәселесімен айналысушы ғалымдар тарапынан бұл мәселе толық ескерілмейді немесе мүлде назар аударылмайды.

Баламасыз (эквивалентсіз) лексика не жартылай баламалы лексика дүниежүзі тілдерінде кеңінен таралған құбылыс, жалпы кез келген тілдік жүйедегі көптеген сөздер өзара эквивалентті деген болжам бар. Олардың негізінде тіларалық ұғым жатыр, мұндай тіларалық ұғымдар қоршаған ортаның қандай да бір үзіктерін бейнелейді. Тіларалық сәйкестікке құрылған лексиканы меңгеру, соның негізінде аударма жасау оңай саналады. Шет тілін үйрену тек осындай ұғымдар жүйесін менгерумен ғана шектелмейді. Бірақ тіл – ұғымдардың жиынтығынан ғана емес, тілдік бірліктің негізі саналатын сөздер жүйесінен тұрады. Ал сөз семантикасының өн бойында тек лексикалық мағына ғана өмір сүрмейді.

Сөз семантикасы белгілі бір дәрежеде сол сөздің лексика-фразеологиялық тіркесімділігімен, әлеуметтік лингвистикалық коннота-

<sup>5</sup> Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров. Язык и культура. М., 1990. 51 б.

цияларымен тығыз байланысты. Жалпы алғанда, сөздің жеке-дара түрғандағы және сөйлеу тіліндегі функционалды қолданыс мағынасының сәйкес келуі өте сирек кездеседі. Тіларалық синонимдердің өзі үлкен күдік тудырады. Сондықтан тіларалық сәйкестіктерді зерттеу, жан-жақты тілдік талдау жүргізу керек.

«Белгілі бір ұғымды білдіретін және бір-бірінен эмоционалды-экспрессивті, стильдік немесе өн бойындағы маңызды ақпараттарымен ерекшеленбейтін көптілді сөзді табу» қынның қыныны саналады.<sup>6</sup>

Лингвистикалық ерекшелік, әсіресе тілдік ақпарат, лексико-фразеологиялық тіркесімділік, әртүрлі тілде сөйлеуші халықтың саяси-дәстүрі, әдеп-ғұрпы, рухани мәдениет, әлеуметтік-мәдени коннотациялар (коммуникацияның мақсаты, орны, мезгілі және тағы басқа жағдайларына байланысты алып қараса) сөз семантикасына әсер етпей қоймайды. Мұның өзі тіларалық синонимдер (тіларалық баламалар) мәселесінің күрделі екенін көрсетеді.<sup>7</sup>

Сөздің білдіретін ұғымдық мағынасын жасанды түрде айқындау, соның негізінде тіларалық сәйкестікті қалыптастыру шет тілін үйренушілер мен аудармашылар үшін кері әсерін тигізуі мүмкін.

## §2. Сөйлеу мен коммуникацияның ішкі қындықтары

Жалпы тілдік коммуникацияны, әсіресе шет тіліндегі тілдік коммуникацияны күрделендіре түсетін басты екі мәселеге тоқталайық.

1. **Коллокациялық** немесе **тілдің қолданысын нормативті түрғыдан сипаттайтын лексика-фразеологиялық шектеулер.** Кез келген тілдегі әрбір сөздің өзіне тән өзге сөздермен тіркесу аясы немесе мүмкіндігі бар. Яғни тілдік жүйедегі сөздер өн бойындағы семантикалық мазмұнына сәйкес өзге сөздермен тіркесу қабілеті арқылы ерекшеленеді. Мәселен, неге *жεңіс* (победа) сөзі тек *жету* (одержать), *жεңіліс* (поражение) сөзі *ұшырау* (потерпеть), роль сөзі орыс тілінде играть, значение – иметь, выводы, комплименты – делать тілдік бірліктері өзара тіркеседі?

Неге ағылшын тілінде «платить» мағынасын білдіретін *to pay* етістігі орыс халқының көзқарасы түрғысынан тіркесуге қабілеті жоқ *attention* [внимание], *visit* [визит], *compliments* [комплименты] сөздерімен тіркеседі? Не себепті орыс тіліндегі *высокая трава*, *крепкий чай*, *сильный дождь* сынды сөз тіркестері ағылшын тілінде

<sup>6</sup> В.С. Виноградов. Лексические вопросы перевода художественной прозы. – М., 1978, 56 б.

<sup>7</sup> По-видимому, такого рода эквиваленты следует искать в области терминологии.

*long grass* (высокая трава – бітік шөп), *strong tea* (сильный чай – қою шай), *heavy rain* (тяжелый дождь – ақ жауын) түрінде дыбысталады.

Мұның жауабы біреу: әрбір сөздің өзіндік лексика-фразеологиялық тіркесімділігі немесе валенттілігі бар. Нақты тілдегі әрбір сөздің нақты бір сөзben ғана тіркесуі үлттық (әмбебап емес) сипатқа ие. Мұндай тілдік ерекшеліктер өз үлттымыздың төл мәдениетін өзге үлттың мәдениетімен салыстырғанда айқындалатыны сияқты, екі тілдік жүйені өзара қатар қойғанда айқындалады. Шет тілін үйренушілер үшін күрделі саналатын мұндай мәселелерді сол тілдік ұжымның өкілдері байқай алмайды, тіл тұтынушылары үшін әлдебір тілдегі *чай* сөзінің сындық мағынадағы сильный, ком-плимент сөзінің платить етістігімен ғана тіркесе алу мүмкіндігі бар еkenі ойландырмайды. Сол себепті шет тілін үйренген кезде сөздерді жеке тұрғандағы мағынасымен ғана емес, сол тілге тән тұрақты тіркес құрамындағы мағынасымен қоса жаттаған дұрыс.

Лексикалық тіркес аударма негізіне нұқсан келтіреді. Екітілді салыстырмалы сөздіктер жоғарыда айтылған мәселені дәйектей түседі. Сөздікте берілген бір сөздің екінші бір тілдегі «баламасы» тіл үйренушілерді шатастырады, сөйтіп олар шетел сөздерін өз ана тіліндең үйреншікті мәннәтінмен (контекст) қолдануға машиқтанады. «Русский язык» баспасы жіберген сондай бір қатенің *international furniture* деп аталып кеткені белгілі. Орыс тіліндегі международная обстановка ұғымын орыс-ағылшын сөздігінің көмегімен аударған оқушы *international furniture* деп аударып жіберген. Мұндай мәннәтіндер бір-бірімен өте сирек сәйкес келеді.

Мәселен, қарапайым, әрі кең қолданысқа ие кітап және оның ағылшын тіліндегі балама нұсқасы book сөзін қарастырайық. Ағылшын-орыс тілінің сөздігіндегі құрамында кітап сөзі жиі қолданылатын тіркестерді қарастырайық. Төменде берілген тілдік бірліктерді орыс тіліне аударғанда тек біреуі ғана кітап лексемасымен сәйкес келеді:

*a book on / about birds* – книга о жизни птиц – Құстар өмірі туралы кітап;

*a reference book* – справочник – анықтамалық;

*a chegue book* – чековая книжка – чек кітапшасы;

*a ration book* – карточки – карточка;

*to do the books* – вести счета – есепшот жүргізу;

*our order books are full* – мы больше не принимаем заказов – біз ендігәрі тапсырыс қабылдамаймыз;

*to be in smb's good/bad books* – быть на хорошем/плохом счету – жақсы/жаман есепте болу;

*I can read her like a book* – я вижу ее насквозь – мен оны то-лықтай көріп тұрмын;

*We must stick to/go by the book* – надо действовать по правилам – ереже бойынша әрекет ету керек;

*I'll take a leaf out of your book* – я последую твоему примеру – мен сізді үлгі тұтамын;

*He was brought to book for that* – за это его привлекли к ответу – оны бұл үшін жауапқа тартты.

Кейде жекелеген сөздің аудармасы оның сөз тіркесі құрамындағы аудармасымен мүлде сәйкес келмейтін тұстары да кездеседі. Оның айқын дәлелін берілген иллюстрациялық материалдардан көргө болады:

записка – note – хабарлама;

деловая записка – memorandum – іскерлік хат;

докладная записка – report – баяндама;

любовная записка – love letter, billet-doux – ғашықтық хат;

закрытый – closed – жабық;

закрытое заседание – private meeting – жабық жынын;

закрытое голосование – secret ballot – жасырын дауыс беру;

закрытое помещение – indoors (РАСС) – жабық ғимарат.

Орайы келгенде, тіл үйренуші аудиторияны мынадай бір жағдаятпен таңғалдыруға болады: ағылшын тілінде сөйлеушілер өз тілдерінде көрсетілгендей басын тұра мағынасында сумен, сусабынмен жумайды екен. Қызық екен, олар – біртүрлі адамдар! Неге? Өйткені орыс тіліндегі мыть голову тіркесіне ағылшын тіліндегі *to wash one's hair* баламасы сәйкес келеді.

Бір таңғаларлығы, «саяси әдептілік» түрғысынан алғанда (қараңыз, II тарау, II бөлім, §3), басы таз адамдарды ренжітуі мүмкін тіркестің әлі күнге дейін ешбір қымсыныссыз қолданылуы таңғалдырады. Өйткені ағылшындар өз тілінде *to wash one's hair* (сөз-бе-сөз аудармасы: *шаштарымды жуамын*) бірлігін қолданады, ал басы таз адамдар үшін орыс тіліндегі «мыть голову» тіркесін қолданған дұрыс шығар. Өйткені бас әркімде бар, ал шаш... Ал *to wash one's head* ұғымы ауыспалы мағынада орыс тіліндегі «намылить шею» қолданысына жақын келеді.

2. Лексико-фразеологиялық тіркестің құпиясы мен ұсынар тосын сыйынан да ереңірек жасырын жатқан екінші бір қурделі мәселе – қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың әр тілдегі «баламасы» ретінде таңбаланатын сөздерді түрлі мәдениеттердің қабылдауынан туындастын қақтығыстар. Түрлі үлттық мәдени ерекшеліктер қалай да бір сөздің түрлі стилистикалық коннотациясының туындауына алып келеді.

Тіпті жалпы адамзатқа түсінікті жасыл түстің таңбалануының өзі, сол тілдік жүйелердегі лексикалық мәнді толықтай ашады деу де үлкен күмән тудырады, себебі метафоралық және стилистикалық кон-

нотация сөз мағынасына әсер етпей қоймайды. Ал мұндай коннотациялардың түрі тілдік жүйеде әртурлілігімен ерекшеленеді. Орыс тілінде зелёные глаза тіркесі сиқырлы күшке ие, су перісінің көздері туралы ой салатын әрі романтикалық, әрі поэтикалық сипатты иеленеді. Ағылшын тіліндегі *green eyes* бірлігі метафоралық тұрғыдан «қызығаныш» ұғымын таңбалайды және соған орай жағымсыз коннотацияны иеленеді.

*Green eyes* тудыратын жағымсыз ассоциациялар «Шекспирдің кінасінен» қалыптасқан. Өйткені «Отелло» трагедиясындағы қызығаншақтық, көре алмаушылық (*jealousy*) жасыл көзді құбыжық – *a green-eyed monster* бірлігімен ассоциацияланады.

Тағы бір мысал: орыс тіліндегі *черная кошка* тіркесі ағылшын тілінде *black cat* түрінде дыбысталып, үй жануарын, яғни қара түсті мысықты таңбалайды. Бірақ орыс халқының мәдениетінде қалыптасқан нағым-сенімге сәйкес, қара мысық адамға бақытсыздық, *сәтсіздік* алып келеді, сол себепті бұл тіркес жағымсыз ассоциацияны иеленеді. Мына өлең жолдарын еске түсірейік:

Жил да был черный кот за углом,  
И его ненавидел весь дом...  
Говорят, не повезет,  
Если черный кот дорогу перейдет.

(Қазақша сөзбе-сөз аударсақ:

Ертеде үй бұрышында қара мысық өмір сүріпти,  
Оны бүкіл үй жек көреді екен.  
Егер қара мысық жолды кесіп өтсе,  
Ол адамның жолы болмайды деп жаман ырымға жорыған. –

Аудармашылардан).



Ағылшын халқының мәдениетінде қара мысық – «сәттіліктің, күтпеген жерден бақытқа кенелудің» белгісі ретінде танылады, тіпті орыс халқының таңданысын тұдырған нәрсе – «Good Luck» деген жазуы бар ашықхаттың (открытканың) сыртында дәл осы қара мысықтың бейнеленуі болатын.

Баламасыз не жартылай баламалы лексикаға қарағанда, шет тілін үйретуде баламалы лексиканы оқыту үлкен қындық туғызыады. Белгілі бір ұғымның сол тілдегі баламасы тіл үйренушінің шатасына алып келуі мүмкін. Өйткені оның тарапынан қолданылған балама сөздің сейлеу тіліндегі функционалды қолданысы, лексико-фразеологиялық тіркесі және лингвостилистикалық коннотациясы ескерілмейді. Басқаша айтқанда, қарапайым деген жағдайдың өзінде әртурлі тілдік жүйеде қоршаған ортаның кейбір көріністерін бейнелейтін белгілі бір сөздің ұғымдық мазмұны бірдей болғанымен, функционалды мән-мағынасы әркелкі мәнге ие болуы мүм-

кін. Себебі ұлттық ойлау жүйесіндегі ерекшеліктерге сәйкес, сөздің функционалды қолданысы да әртүрлі болады.

Сонымен тілдегі баламалы лексика (тілдік эквиваленттілік) – семантикалық ая, лексикалық тіркес, стилистикалық коннотация сынды факторларды негізге ала отырып анықталады. Тілдегі бұл мәселелердің барлығы тілшілерге, аудармашыларға, шет тілі оқытушыларына жақсы таныс. Әрбір тілдік жүйедегі сөз баламаларының мәденитанымдық аспектісіне осы уақытқа дейін көңіл аударылмады десе де болады. Тілдік бірлік ретінде сөз болмыстағы зат не құбылыспен (сөздің мәні) өзара қатынаста болатыны белгілі. Алайда түрлі мәдениетте тек заттар мен құбылыстар ғана әртүрлі болмауы мүмкін (мәселен, эскимос, қытай, қырғыз немесе ағылшын халықтарының үйлерінің өзіне тән ерекшеліктері бар), сол зат не құбылыс туралы мәдени таным-түсініктің әртүрлі болуының өзі маңызды саналады. Тілдік эквиваленттіліктің негізінде ұғымдық эквиваленттілік, мәдени танымның эквиваленттілігі жатыр.<sup>8</sup>

<sup>8</sup> Е.М. Верещагин.,  
В.Г. Костомаров. Указ.  
соц., 38–110 бб.

### §3. Шетел сөзі – мәдениеттер тоғысы

Балама ретінде танылған сөздерді білдіретін бірдей ұғымдық мазмұн астарында жатқан эквивалентті қарастырайық. Орыс және ағылшын тілдерінде қоршаған ортадағы зат пен құбылыстар туралы қалыптасқан ұлттық мәдени ұғым-түсінікті, әлеуметтік-мәдени компонентті салғастыра отырып зерттеу, осы тілдердегі сөз астарындағы жасырын жатқан мәдени ерекшелікті терең қарастыруға мүмкіндік береді.

Оған мысал ретінде барлық дүниежүзі халықтарында және сол халықтың мәдениетінде кездесетін қарапайым заттар мен құбылыстарды алып қарастырайық.

Сіздің бөлменізде түрған үстел – қоршаған ортаның бір бөлшегі. Осы зат туралы санада қалыптасқан белгілі бір ұғым-түсініктің бар екені түсінікті және бұл ұғым-түсініктер түсіндірме сөздіктерінде топтастырылып беріледі. Мәселен, орыс тілінің түсіндірме сөздіктерінде:

**Үстел** – биік тіреуішке орнатылған кең жазық тақтай түріндегі, үй жиназдарының бір түрі. *Обедать за столом* (*Үстел басында тамақтану*). *Письменный стол* (*Жазу үстелі*). *Овальный стол* (*Сопақша келген үстел*). *Сесть за стол* (*Үстел басына отыру*). *Встать из-за стола* (*Үстелден тұру*) (O.).

**Үстел** – үстінен зат қоюға арналған, бір немесе бірнеше аяққа орнатылған кең жазық беті тақтайдан (ағаштан, мрамордан) жасалған үй жиһазының бір түрі. *Круглый стол (Дөңгелек үстел).* *Письменный стол (Жазу үстелі).* *Обеденный стол (Тұсқі ас үстелі).* *Ломберный стол (Ломбер үстелі).* *Кухонный стол (Асүй үстелі).* *Туалетный стол (Боянатын үстел).* (У.).

**Немесе ағылшын тілінің сөздіктерінде:**

Table – article of furniture consisting of flat top of wood or marble etc. And one more usu. Vertical supports esp. one on which meals are laid out, articles of use or ornament kept, work done, or games played (COD).

Table – a flat surface, usually supported by four legs, used for putting things on (CIDE).

Түрлі мәдениет өкілдерінің тілінде бұл зат әртүрлі дыбыстар кешенімен дыбысталып (*стол, der tisch, a table, la table*), бір ғана затты таңбалағанымен, мағыналық жағынан баламалары әртүрлі болады. Бұл, әсіресе, бір-бірімен туыстыры жоқ халықтардың төл мәдениетінен байқалады. Мәселен, Түркменстанда үстел сөзі жерге төсөлетін дастарқан немесе клеенканың бір бөлігі деген мағынаны білдіреді, ал еуропалық қонақтарға ерекше сый-құрмет көрсету белгісі ретінде біздің түсінігімізде үстел қойылады. *Бұл жердегі мәселе, бір-бірімен туыстыры жоқ ұлттық мәдениеттегі ерекшеліктер туралы емес.* Швейцар қүйеуімен Парижде түрған орыстың атақты кино актрисасы Елена Сафонова бір-бірімен жақын туыстас деген европа мәдениетіндегі ерекшеліктерді былай сипаттайды: әңгіме өзге мәдениетте емес. Кез келген тілде үстел сөзін айтқан кезде, менің көз алдыма үстінде шайнек пен шыныаяқтары бар, төрт аяқты, ағаш үстелдің бейнесі келеді. Ал француздар үстел сөзін айтқанда, үстінде гүлі бар, бір аяқты шыны үстелдің бейнесін көз алдарына келтіреді. Француздарды бұл үшін кінәлай алмайсыз, олар да мені осы түсінігім үшін кінәлай алмайды. Олар нашар адамдар емес, өйткені «олардың ұлттық дүниетанымы басқа».<sup>9</sup>

Бұл қарапайым, бірақ нақты, дәл байқалған иллюстрациялар зат, ұғым және сөз арасындағы қатынасты көрсетеді. Бұл қатынастарды былайша сипаттауға болады: зат пен сөздің, яғни сол затты таңбалайтын сөз бер заттың арасында ұғым жатыр, ал ұғым сол тілде сөйлеуші ұжымның көзқарасымен, мәдениетімен тығыз байланысты. «Тілдердің әртүрлілігі – бір және сол заттың әртүрлі таңбалануы емес, сол зат не құбылыс туралы дүниетанымның әртүрлігінен көрінеді... Тіл – иероглифтер жүйесі, адам сол иероглифтер арқылы қоршаған ортаға деген өзіндік көзқарасын, өзіндік ой-қиялын бекітеді».<sup>10</sup>

**Аудармасы:** бір немесе бірнеше көлденең тіреуіші бар, ағаштан, мәрмәрдан және тағы басқа заттардан жасалған жазық беті бар, үстінен ас ішуге, түрлі сәндік бұйымдар қоюға немесе ойын ойнауға арналған жиназ түрі.

**Аудармасы:** Үстел – жазық беті бар, әдетте төрт аяқты, үстінен зат қоюға арналған жиназ.

<sup>9</sup> Аргументы и факты, 1996. № 16 (146).

<sup>10</sup> В. фон Гумбольдт. Язык и философия культуры. – М., 1985. 349 б.

Орыс тіліндегі «дом» сөзі өзге тілдерге оңай аударылады. Мәселен, ағылшын тілінде «*house*» түрінде айтылады. Дегенмен ағылшын тіліндегі «*house*» сөзіне қарағанда, орыс тіліндегі *дом* сөзінің мағынасы кең, бұл сөздің семантикасына «адамның өмір сүруі мен жұмыс істеуіне арналған кез келген құрылымы нысандары» деген ұғым енеді: *наше министерство – это высокий серый дом на углу* (біздің министрлік – бұрышта тұрған сұр үй); *наш факультет переехал в новый дом, следующий за кинотеатром «Литва»* (біздің факультет «Литва» кинотеатрынан кейінгі тұрған жаңа үйге көшіп кетті) және т.б. Мұндай мәннәтіндер жүйесінде *house* сөзін қолдануға болмайды, себебі *house* – бұл үй, ал сіздің жұмыс істейтін орныңыз – *building*. Адамның өмір сүруіне арналған көпқабатты үйдің өзі *house* емес, *block of flats* деп аталады.

Берілген сөздер семантикасындағы ерекшелікті Л.С.Бархударов былайша сипаттайды: «Орыс тіліндегі *дом* сөзінің баламасы ретінде ағылшын тіліндегі *house* бірлігін алыға болады; алайда бұл сөздер екі мағынада қолданылғанда ғана бір-бірімен сәйкес келеді: «ғимарат, құрылымы» мағынасында (каменный дом – *a stone house*) және «династия» мағынасында (Дом Романовых – *the House of Romanovs*). Қалған мағыналық қолданыстарда бұл екі сөз бір-біріне балама бола алмайды. Сонымен қатар орыс тіліндегі *дом* сөзінің «домашний очаг» (отбасы – ошақ қасы), «адамның тұрақты мекені» деген мағыналары бар, дәл осы мағынада ағылшын тіліндегі *home* сөзімен сәйкес келеді. Сондай-ақ орыс тіліндегі үй деген сөздің «мекеме» мағынасындағы қолданысы тағы бар және бұл мағынада ағылшын тілінде нақты қандай мекеме екеніне байланысты әр кезде әртүрлі аударылады, салыстырыңыз: детский дом – *children's home* немесе *orphanage*; торговый центр – *commercial firm*; сумашедший дом (ауызекі) – *lunatic asylum*; исправительный дом – *reformatory* және т. б.

Байқағанымыздай, орыс тіліндегі *дом* сөзі мен ағылшын тіліндегі *house* сөзі бір заттың екі жапсарлас қанаты деуге келмейді; бұл сөздердің әрқайсысы (біз тек қарапайым қолданысын ғана қарастырдық) бүтін бір семантикалық жүйені өн бойында сақтайды, тек жекеленген жағдайда ғана өзге тілдің мағыналық жүйесімен сәйкес келеді.<sup>11</sup>

Дом және *house* сөздері сөйлеу тілінде функционалды қолданысы жағынан да ерекшеленеді. Орыс тілінде *дом* сөзі кез келген мекенжайдың міндетті компонентін құрайды. Ағылшын тілінде дәл осы мәннәтінде оның ешқандай баламасы жоқ және соған сәйкес аудармасы да берілмейді, орыс тіліндегі сияқты көшө атауынан кейін емес, жай ғана нөмірді көшө атауының алдына жазасыз.

Орыс тіліндегі *дом* сөзінің кең қолданысқа ие болуы, соған сәйкес *house* сөзіне қарағанда сөз семантикасының да кең болуы, осы

<sup>11</sup> Л.С. Бархударов.  
Двенадцать названий  
и двенадцать вещей //  
Русский язык за  
рубежом, 1969, № 4,  
79–80 66.

сөздің тіркесу ерекшелігі (орыс тіліндегі мекенжайдың құрамында бар болуы, ағылшын тілінде бұл сөздің мұлдем қолданылмауы) – шет тілін үйрену мен оқытуда біраз қындықтар туғызады.

Дом және *house* сөздерінің мағыналық түрфидан кейбір сейлеу жағдаяттарында бір-біріне сәйкес келуі және олардың бір тілден екінші тілге аударылуы жеңіл болғанымен, осы зат, құбылыс туралы ұғым-түсініктің қалыптасуындағы мәдени ерекшеліктердің бар екенін ескеруіміз қажет. Дом сөзімен таңбаланатын ұғымның ағылшын тіліндегі *house* бірлігінің білдіретін мазмұны – екі түрлі халықтың ұлттық дүниетанымын, ұлттық мәдениетін айқындайды.

Ағылшын тілінде берілген *That morning she had a headache and stayed upstairs* сөйлемін түсіну әрі ағылшын тіліне дұрыс аудару үшін осы тілдегі *house* сөзінің білдіретін ұғым-түсінігін жақсы меңгеруіміз қажет. Бұл сөйлемнің орыс тіліндегі сөзбе-сөз аудармасы: *In the morning she had a headache and stayed in bed* (Сол таңда оның басы ауырғандықтан, жоғарыда қалды). Ал дұрысында, сөйлемнің мәнін ашатын аудармасы төмендегідей болады: *In the morning she had a headache and did not get up* (Сол таңда оның басы ауырғандықтан, таңғы ас ішуге келмеді).

Себебі ағылшын халқының дәстүрлі деп есептейтін үйінің жоғары қабатында тек жатын бөлмелер ғана орналасады, ал бірінші қабатында қонақүй, асүй, демалыс бөлмелері болады. Мұндағы *upstairs* (баспалдақпен жоғары көтерілу) және *downstairs* (баспалдақпен төмен түсу) ұғымы ағылшындардың өмір сүру салтын, бөлмелердің орналасу тәртібін білдіреді. Яғни *house* сөзімен таңбаланатын зат, нәрселердің барлығын білдіреді, осылайша орыс тіліндегі «үй» сөзінің білдіретін ұғымынан елеулі айырмашылығы бар екенін көрсетеді. Мейлі *house*, мейлі дом лексемасы болсын, білдіретін екі сөздің ұғымдық мазмұны ғасырлар бойы қалыптасқан халықтың өмір сүру салтымен, халықтың географиялық орналасу жағдаймен, климатымен, түрлі факторлармен тығыз байланыста анықталады.

Мәселен, үй салумен айналысадын құрылыс фирмасы ұсынған «Русский дом с мансардой» архитектуралық жобасының жарнамасына назар аударайық: **Ең бастысы, ұжымдық өмірдің көрінісін сипаттайтын, ресейлік менталитетті бейнелейтін, өмір сүру салтын танытатын, әдет-ғұрыптарын бейнелейтін, климаттық жағдайы мен экономикалық мүмкіндіктерін көрсететін үй** ретінде салу көзделген болатын. Нәтижесінде қазіргі заманғы үлгіге сай әрі ыңғайлы, әрі жайлы, әрі қолайлы, іші жылы, ресейліктер үшін соншалықты қымбат емес үй салынды. Бұл жобаның ерекше калориті ретінде баспалдақтың жылы әрі жарықтығын, жылдыту жүйесінің толыққанды үйдің астында орналастырылуын көрсетуге болады. Құннің шуағы аз түсетін, біз секілді ортаңғы жазықтықта орналасқан халық үшін

<sup>12</sup> Центр plus (Запад),  
1997, № 12.

манкардағы терезелердің аспанға қаратылып, сол арқылы үйге ба-рынша кең таралған жарық пен жылуды сезінуге мүмкіндік береді. Осылайша мұндағы үйде Ресейдің демографиялық жағдайына сәйкес бес-алты адамнан (ата-әжесі, әке-шешесі, балалары) құралған отбасы емін-еркін орналаса алады (бөліп алған біз – С.Т.).<sup>12</sup>

Осындай қарапайым, тұра айтқанда, әдеттегідей күнделікті орын алмасатын табиғи құбылыстар күн мен түн, таң және кеш сияқты тілдік бірліктер өзара тіларалық балама ретінде танылады. Дегенмен оларды ағылшын тіліндегі *day – night, morning – evening* сияқты сөздермен салыстырсаңыз, түрлі халықтың дүниетанымындағы мезгілге қатысты өзіндік мәдени ерекшеліктері бар екенін байқаймыз. Ағылшын халқының түсінігі бойынша, *morning (утро)* он екі сағатқа созылады, яғни сағат түнгі он екіден күндізгі сағат он екіге дейінгі уақыт – таңғы уақыт саналады. Сондықтан түнімен қыдырған ағылшындар үйге сағат түнгі бір не екіде емес, таңғы бір не екіде келген болып шығады (*one/two o'clock in the morning*). Содан кейін күндізгі уақыт басталады, бірақ орыс-ағылшын сөздігіндегі *day* сөзінің день (күндіз) түрінде аударылған нұсқасы емес, яғни күндізгі он екіден кейінгі *afternoon* дегенді аңғартады. Сөздің ішкі формасы көрсетіп түрғандай, *afternoon* түскі он екіден кешкі сағат бес-алтыға дейінгі уақытқа жалғасады, кешкі мезгіл басталғанда (*evening*) кеш болады да, ал сағат сегізде кешкі мезгіл қысқа мерзімді түнмен алмасады (*night*). Ал түнгі он екі – *morning*, таңғы уақыт ретінде саналады. Ағылшын тілін үйренуші орыстарды ағылшынша мына бір сөйлем таңғалдырады: *He come to see her last night* (он навестил её прошлой ночью – ол оған кеше түнде келді). Немесе: *Tomorrow night we will have dinner in a Chinese restaurant* (Завтра ночью мы пойдём обедать в ресторан – ертең түнде біз мейрамханада түстенуге барамыз). Берілген сөйлемді орыс мәдениеті түрғысынан алып қарасаңыз, мүлде дұрыс емес: түнде мейрамханаға бармайды және түнде тاماқ ішпейді. Эрине, *last night – кеше түнде* дегенді емес, «*кеше кешке*» дегенді, ал *two o'clock in the morning – «таңғы екі»* дегенді білдіреді.

Күндіз (день) деген сөз бұдан да үлкен қындық тудырады.

Орыстың тілдік мозайкасындағы қоршаған ортаның кішкентай бір бөлігіне, яғни день деген сөзіне ағылшын тіліндегі *day* және *afternoon* сөздері сәйкес келеді. *Good day* – аналогия құбылысы бойынша *good morning* – қайырлы күн, *good evening* – қайырлы кеш бірліктері сияқты «қайырлы күн» дегенді білдірмейді. «Қайырлы күн» дегенді ағылшындар *good afternoon* түрінде айтады, ал *good day* – тек қоштасар сәтте ғана қолданылып, жылдам айтылатындықтан, құлаққа қатаң әрі ерсі естіледі және «осымен әңгіме бітті, сау бол!» дегенді аңғартады.

Жыл мезгілдері жалпы адамзат баласына ортақ құбылыс сияқты, мәселен орыс тілді адамның танымында бір жылда төрт мезгіл бар: қыс, көктем, жаз, күз, бұлардың әрқайсысы үш айдан тұрады. Бір жылда он екі ай, төрт жыл мезгілі бар екені қарапайым арифметика ретінде ешқандай құдік келтірмейді. Ал ағылшын халқының дүниетанымдағы жыл үғымы, яғни олардың жыл санауындағы 365 күн жылдың төрт мезгіліне (*seasons*) бөлінеді, алайда қыс және жаз мезгілі төрт айға, күз бен көктем мезгілі екі айға созылады. Орыс халқының таным-түсінігіндегі мамыр айы (көктем мезгілі) ағылшын күнпарағы бойынша жаз мезгіліне, қараша айы (*November*) қыс мезгіліне жатады.

Дәл осылайша ағылшын тілінде таңғы ас (завтрак), тұскі ас (обед), кешкі ас (ужин) лексемаларының балама ретінде аударылуы мәдени ерекшеліктер тұрғысынан күмән келтіреді. *Breakfast* – лексемасының екі түрлі қолданысы бар: құрлықтық және ағылшындық (орыс халқының дүниетанымдық қөзқарасы тұрғысынан тұрақты, жүйелі және шектеулі ас мәзірі). Орыс халқының таңғы асы – тағамның ешбіріне ешқандай шектеу қойылмайтын ас мәзірі, ас мәзірінің өзі түрлі әлеуметтік және аймақтық топтарда, отбасынан отбасына қарай түрленіп отырады.

Осындағы обед (тұскі ас) сөзі адамды тіпті шатасушылыққа алғып келеді, өйткені *lunch* және *dinner*, біз ойлағандай, не гастрономиялық, не үстелге қойылатын ыдыс-аяқ жиынтығы бойынша, не ас ішетін үақыт жағынан (*lunch* – 12.00 тұскі ас үшін өте ерте), (*dinner* – 20.00–21.00 кешкі ас үшін мұлдем кеш) мұлде сәйкес келмейді. Кешкі ас (ужин) ағылшын тілінде әрі *dinner*, әрі *supper* түрінде дыбысталады. Маяковский айтқандай, «аударманың» жүйеленген жүйесі «күнделікті тұрмыстағы апатқа» ұшырады. Тағы бір мысал: орыс тіліндегі бабушка сөзі мен ағылшынша *grandmother* – туыстық қатынасты айқындастын терминдер. Берілген бабушка сөзінің ағылшын тіліндегі *grandmother* нұсқасымен қандай ортақтығы бар? Бұл образ екі халықтың дүниетанымында екі түрлі қөзқарас тұдырады, өйткені екі түрлі өмір сұру салты, екі түрлі қөзқарас, екі түрлі мінез-құлышық, екі түрлі киім кио үлгісі, отбасындағы атқаратын қызметтің, әрбасқа болуы – екі халықтың санасында бір ғана зат атауы туралы екі түрлі үғымының қалыптасуына негіз болады. Орыс тілінен ағылшын тіліне енген *babushka* кірме сөзі басқа тартатын орамал, желек үғымын таңбалайды (*a head scarf tied under the chin, worn by Russian peasant women* – орыстың шаруа әйелдері сияқты иектің астынан байланатын, басқа тартуға арналған орамал) [CDEL].

Қазіргі жаңа мәртебе бойынша, орыс халқының түсінігіндегі бабушка үғымы қолы мұлде бос емес: немерелерін бағады, үй шаруашылығымен айналысады, жас ата-аналарға жұмыс істеп, ақша табуға мүмкіндік жасайтын әйел адамға қатысты қолданылады.





Ағылшындардың түсінігіндегі *grandmother* ұфымы «құрметті демалысқа» шығатын, саяхаттайтын, әдемі киінетін, үақытын жақсы өткізуге, барынша көңіл көтеруге тырысатын деген мағынаны білдіреді. Бұл айтылғандардың айқын иллюстрациясы ретінде час (сағат) және *hour* сөздерін өзара салыстыру арқылы көрсетуге болады. Берілген екі сөздің терминдік мағынасы абсолютті түрде бір-біріне сәйкес келеді: «час, *hour* – алпыс минутқа тең келетін үақыт бірлігі». Егер де сіз халықаралық компанияда «бір сағаттан кейін кездесейік» деп айтсаңыз, оған «орысша бір сағат па, әлде ағылшынша бір сағат па?» деп сұрақ қоюы әдеттегі нәрсе саналады. Кез келген тілде бір сағаттың алпыс минутқа тең келетін үақыт өлшемі екені белгілі, бірақ бұл жердегі ерекшелік осы үақытқа деген үлт өкілдерінің көзқарасында, дүниетанымында жатыр. Орыс халқына қарағанда, ағылшындардың шақырылған жерге (қонаққа, салтанатты кешке) кешікпей бару мәдениеті қалыптасқан, олар өздерінің үақытқа деген мүқияттылығымен, үқыпты қарауымен өзгешеленеді. Өз тәжірибемізден көргеніміздей, ресейлік мекемелерде түскі асқа берілетін бір сағаттың өзі ары қарай белгіленбеген үақытқа созылуы мүмкін.

Ресей басылымдарының осы мәселеге қатысты жазған мынадай деректері бар: «Бүгін, 20 қарашада, сағат «тура» 10.30-да (өз үақытына өте мүқият қарайтын ағылшындардың аукциондық каталогында әдетте дәл осылай жазады және олардың ресейлік әріптестерінен өзгешелігі ретінде барлық іс-шараны «дәл үақытында бастауын» көрсетуге болады) – Лондондағы Кинг Стритте, Кристи Үйінің, бас қеңсесінде «Императорлық және төңкерістен кейінгі өнер мен икондар» кезекті аукционы басталады.<sup>13</sup>

Француздың танымал актері Пьер Ришар Грузия киностудиясындағы түсірілімнен алған әсерімен былай бөліседі: «Бізде кино – толық қалыптасып, бір жүйеге түскен индустрія. Ал Грузияда болса, бәрі керісінше. Түсірілім кез келген үақытта басталып, кез келген үақытта аяқталуы мүмкін. Келесі күні қандай көрініске түсетініңді де алдын ала біле алмайсың. Кейде жұмысты қызыған шағында тоқтатып қойып, бәрі бірлесіп ән салатын. Оларда батыстағы сияқты директор режиссерді үнемі қадағалап тұрмайды, «бол, болдың» астына алып жұмысты талап етпейді, үақытқа деген тәуелділік жоқ».<sup>14</sup>

ММУ-дің (Мәскеу мемлекеттік университеті) шет тілдер факультетінің студенті Сергей Цингаленок «Культура и время» атты еңбегінде әртүрлі мәдениет өкілдерінің үақытқа әрқылы қатынасы жайлы қызық мәліметтер келтіреді. Ол кешкі сағат 7-ге студенттік жатақханадағы достарын туған күніне шақырады. Қонақтарының жиналуын былай суреттейді: «Немістер сағат 6.55-те келіп, әлі еш-

<sup>13</sup> Независимая газета, 20.11.1997.

<sup>14</sup> Известия, 21.03.1998.

кімнің келе қоймағанына таңғалды. Қытайлар 7.05-те келіп, кешіккендеріне ұзақ кешірім сұрап, себебін түсіндірді. Орыстар мен венгрлер 7.30-да келіп, «Ал, қане, бастайық» деді. Көрістер сағат 8.30-да келіп, қысқа түрде кешірім өтінді. Америкалықтар 9.15-те келді, кештің нағыз қызыған шағында келгендеріне дән риза болып, кешіккендерін ауыздарына алмады. Қалған орыс достарым түні бойы бірінен соң бірі келіп жатты».

Сонымен, орыстардың сағат сөзі мен ағылшындардың hour сөздерінің астарында әртүрлі ұғымдар жатыр.

## §4. Қарапайым анкетта толтырударғы мәдениеттер шиеленісі

Қарапайым сауалнама, ұшып келу парағын толтыру, тіпті жүкке тағылатын парақшаға дейін мәдениет өзгешеліктерін аңғартып тұрады.

Басынан бастайық. Аты және тегі. Экесінің аты деген ұғым ағылшын тілінде жоқ. Бұл түсінікті, таза күйіндегі, баламасы жоқ лексика. Алайда кісінің аты, фамилиясы (тегі) деген сөздер бар. Сауалнамада, бланкіде және т.б. *first name* – аты, *last name* – тегі деп көрсету қалыптасқан. Орыс тілінде бұл ұғымдар әртүрлі екі сөзben берілсе, ағылшын тілінде екеуі де name деген бір сөзben беріліп, адамның аты – бірінші, фамилиясы (тегі) – соңғы деген сөздермен ажыратылады. Ағылшындардың өздеріне бұларды ажырату қыынға соқпайды, осы сөздердің қалыптасқан қатаң тәртібі бар, сондықтан олар өз тілінде, мәдениетінде қайсысы бірінші, қайсысы соңғысы деп шатастырып жатпайды. Орыс тіліндегі сөздердің тәртібі еркін, Иван Петров десек те дұрыс. Сондықтан ұлты орыс азамат ағылшын тіліндегі сауалнаманы толтыру кезінде барлық сөздерді түсініп тұрса да, басында не аты *first*, не тегі *last* екенін ұға алмай, абдырап қалады. Бұл жағдай қытайлар мен венгрлер үшін де қыындық туғызады, себебі олардың тілінде бұл сөздердің орын тәртібі ағылшын тіліндегіге қарама-қайшы: алдымен кісінің тегі, соナン соң аты жазылады. Міне, сондықтан да Berlitz фирмасы шығарған Будапешт қаласының жолкөрсеткішінде Андраш Хесс атындағы алаң былай сипатталады: «*Hess Andras ter (like the Chinese, the Hungarians put the last name first, we would call the printer Andras Hess)* /қытайлар секілді венгрлер де алдымен тегін, сосын атын жазады, бізше суретші Андраш Хесс/»). Дегенмен тіліміздегі сөз тәртібіндегі біршама еркіндікке қарамастан, географиялық атауларды жазғанда,

ресейліктер алдымен атын, содан кейін барып тегін жазады (Лев Толстой көшесі, Индира Ганди алаңы және т.б.).

Лирикалық емес, мәдениеттану тұрғысынан шегініс жасап айта кетейік, мәселен, қытайлардың дәстүрі бойынша, балаға ат қойғанда орыстар секілді сүйікті адамыңың не үлкен адамның құрметіне деп ат қоюға болмайды. Оның себебі, ежелгі Қытайда императордың атын атауға, тіпті оның аты таңбаланатын иероглифті қолдануға тыйым салынған. Сөйтіп бұл тыйым қарапайым халықтың мәдениетіне әбден сіңісп кеткен.<sup>15</sup>

<sup>15</sup> У Гохуа. Хат лингвомәдени зерттеулердің нысаны ретінде // IX МАПРЯЛ Халықаралық Конгресі. Фасырлар тоғызындағы орыс тілі, әдебиет және мәдениет. 2-т. Братислава, 1999, 184–185 66.

Тағы бір мысал келтіре кетейік. Оқырман үшін де, өзіміз үшін де орыс тіліндегі ат пен тек сөздерінің қолданыстағы еркін тәртібі мен қытай тіліндегі қатаң белгіленген тәртібін (алдымен тегі, сосын аты) дәйектеп алсақ та, тезисінің төменгі жағына У Гохуа деп көрсеткен қытайлық әріптесіме библиографиялық сілтеме жасағанда бастапқыда Гохуа деген оның тегі екен деп толық жазылды. Бұл да теория мен тәжірибе арасындағы, мәдениеттер арасындағы алшақтықты жеңудің қаншалықты қыын екенін көрсетеді. Жалпы редакторлар ережесіне сәйкес (алдымен атының бастапқы әрпі мен тегі толық жазылады), автордың аты-жөніне сілтеме мына тәртіппен: Г. У. деп жасалуы керек еді. Братиславтағы IX Конгреске келгенде, қытайлық әріптесіміз У барлық халықаралық іс-шараларда өзінің аты-жөнінің Гохуа У. деп қате қолданылып жүргенін айтты.

Орыс және ағылшын тілдерінде адамның аты-жөнін көрсетудегі мәдени алшақтықта тағы бір мысал: әйелін күйеуінің атымен, тегімен атау – орыс мәдениетіне мүлде жат. Бір күні Америкадағы құрбым маған сәлемдеме жіберіпті. Сәлемдеменің сыртына біздің мекенжайды және Mrs. Valentin Fatushenkov деп жазылды. Сәлемдеме Валентин Фатушенков ханымға деп жолданған екен. Неке туралы күәлікті көрсеткеніме де (некеге тұрғанда өз тегімде қалған болатынмын), екі ел мәдениетінің айырмашылығын түсіндіргеніме де қарамастан, поштада маған сәлемдемені бермеді. Ресейде тек өз дәстүрі жүреді. Бұл, әрине, орынды. Сәлемдемені алу үшін бір жағынан артық әуре-сарсаңға түскенімді ұнатпай, екінші жағынан «біртүрлі» құрбымның «миссис» дегеніне намыстанып, кейістік білдірген күйеуіме баруға тұра келді. Жоғарыда айтқанымыздай, мәдени қателер, тілдік қателерге қарағанда анағұрлым көп реніш түдірады.

Араға көп үақыт салмай, аты-жөн мәселесіне байланысты күйеуімнің тағы да ашу шақыруына тұра келді. Бұл жолы Ұлыбритания елшілігінен келген шақыруда оны мистер деп көрсеткенімен, ой, сұмдық-ай, «мистер Светлана Тер-Минасова» деп жазылды. Әрине, бұл оның еркектік намысына қамшыдай тиді. Ағылшын мәдениетінде бұл қалыпты жағдай, егер әйелін күйеуінің аты-жөнімен

атауға болатын болса, онда неге (феминизм дәүірінің гүлденген шағында) күйеуін әйелінің аты-жөнімен атамасқа? Әлбетте, мәдениетімізге жат, бірақ шақыру тәміні төмендегідей болды:

*On the occasion of the Birthday of Her Majesty Queen Elisabeth II Her Majesty's Ambassador and Lady Wood request the pleasure of the company of Mr. and Mrs. Svetlana Ter-Minasova.*

Мені күйеуімнің аты-жөнімен атағанда, мен оны жай ғана түсініспеушілік ретінде қабылдадым (мәдениеттер өзгешелігі), ал күйеуімді менің аты-жөніммен атағанда, бұл оның шамына тиіп, кәдімгідей ашуын келтірді (мәдениеттер қақтығысы). Мұндай шақыртулардың ешқайсысына күйеуім бармайтын десем, артық айтқаным емес. Тек бір рет қана Патшайым II Елизавета Мәскеуге келіп, патшайымның құрметіне елшіліктен шақырту алғанымызды күйеуім амалсыз күрсінді де: «Жарайды, кейін немерелеріме ағылшын патшайымының қабылдауында болғанмын деп айтып беру үшін барайын», – деп келіскен-ді. Сөйтіп, сол жолы мәдениет қақтығысынан (отбасылық қақтығыстан да) аман қалғанымыз бар.

Ағылшын тілінде қарапайым саулнама, бланкі толтыруға қайта оралайық. Солардың кейбірінде (ұшаққа отырғызу картасында, шекарадан өткенде толтырылатын иммиграциялық картада, жұмысқа тұру кезінде толтыратын саулнамада және т.б.) адамның «бірінші» және «соңғы» атынан кейін, орыс тіліндегі национальность сөзімен түбірлес болғандықтан, бірден түсінікті көрінетін nationality сөзі келеді. Бұл сөз маған түсінікті деп қуануға әлі ертерек. Себебі мұндағы nationality сөзі этникалық ұлтты емес, азаматтықты, яғни ресми түрде қай елдің азаматы екеніңізді білдіреді. Сондықтан Ресейде тұратын украин, татар, еврей, шешендер ресейлік паспорттарына (төлкүжаттарына) сәйкес мұнда Russian деп жазулары керек. Ағылшын тілінде әлем сіздің шыққан тегініңізді, ұлтыңызды білуге мүдделі емес, оларға сіздің азаматтығыңызды білу жеткілікти.

Кеңес Одағы кезінде nationality сөзінің мәдени коннотациялары түрлі дау-дамайларға, қақтығыстарға себеп болатын. 1973 жылы кеңестік тағылымдамадан өтушілерден құралған делегациямен Ұлыбритания шекарасында иммиграциялық карта толтыру кезінде британ шекарашибары біз күткен британдықтарға тән салқынқандылық таныта алмады. Керісінше, ашула-

Аса мәртебелі патшайым II Елизаветаның туған күніне орай, аса мәртебелі Оның елшісі мен Вұд ханым мистер және миссис Светлана Тер-Минасовалар патшайым қабылдауына шақыру мәртебесіне ие болды.



ры келгенін еш жасырмастан *Lithuanian, Georgian, Armenian* деген сөздерді сыйып тастап, орнына *Russian* деп жазып еді, бұл Литва, Грузия, Армениядан келген делегация мүшелерінің қатты наразылықтарын туғызды. Британ шекарашилары «Картада Литва, Грузия, Армения деген ел жоқ» деп қарсы шыққандардың аузына құм құйған, алайда ол кезде картада *Russia* деген ел де жоқ болатын. Егер шекарашилар сауалнамаға *soviet* деп ел атауын көрсеткенде, азаттық мәселесі көтеріліп, қақтығыс шиеленісе түсетін еді. Алайда олар бір этникалық ұлтты екіншісіне ауыстыра салды.

Қазір әлем картасында Ресей деген ел болғандықтан, *nationality* деген жолды толтыру бұрынғыдан дау-дамай тұдырмайды, десек те мәдени тұрғыдан жайсыздық, келіспеушілік туғызатыны жасырын емес.

*Адрес* сөзі де үлкен мәдени мәселелердің туындаудына себеп болуда. Бұл сөз – орыс тіліне француз тілінен енген кірме сөз (*adresse*), еуропа тілдерінің барлығында дерлік кездеседі. Бұл сөздің әр тілдегі мағынасы, стильдік коннотациясы, тіпті коллокациялық байланысы да бірдей. Алайда жақында шетелдік firmaға жұмысқа тұруға келген бір құрбым қарапайым сауалнаманы толтыра алмады. Сауалнаманың аты, тегі, мекенжайы деген жолдарын толтырып келе жатқан ол кенеттен қаласы, елі деген тармақтарын көріп: «Қайдағы қала? Қайдағы ел? Мен жаңа ғана мекенжайымды көрсеттім ғой», – деп сасып қалады. Ағылшын тіліндегі *address* сөзінің мағынасы орыс тіліне қарағанда тар болғандықтан, «мәдениеттер қақтығысы» туындалап, коммуникация жүзеге аспай қалды. Ағылшын тілінде бұл сөз баспананың орналасқан жерін: көшесін, үй нөмірін, пәтер нөмірін білдірсе, орыс тілінде мекенжай еуропалық дәстүрге көрі тәртіппен жалпыдан жекеге қарай көрсетіледі: елі, қаласы, көшесі, үй нөмірі, пәтер нөмірі. Мекенжайын орысша ойлап толтырған құрбым елі мен тұратын қаласын көрсетіп қойғандықтан, абдырап қалған еді.

Енді әр айдың күндерін (дата) көрсетуге келейік. Бір қарағанда күрделі ештеңе жоқ сияқты. Сөздің де қажеті жоқ, санмен көрсетсөң де жеткілікті, кей жағдайда ғана айды көрсету үшін сөзді қолдануға болады. Бірақ осы бір аса «қарапайым» жағдайда да мәдениеттердің өзгешелігіне орай, мәдениетаралық коммуникация қынадай түседі. Америкалық мәдениетте ай саны күн санынан бұрын жазылады. Сол себепті, мәселен шетелдік фотоаппаратыңыз фотосуретінде күнді 03.18.97 немесе 10.30.98 деп көрсетсе, бұл қалай деп абдираңыз, фотоаппаратыңыздың жұмысы қалыпты жағдайда. Тек бірінші ретте ол 18 наурыз 1997 жылды, екіншісінде 30 қазан 1998 жылды көрсетіп тұр. Бұны ұғы – оңай. Қындық қатар келетін екі санда 12-ге дейінгі сан болғанда туындаиды: 05.06.99.

Біздің жағдайда немесе европалық мәдениет бойынша бұл 5 маусым, ал америкалық мәдениетке сәйкес 6 мамыр да болуы мүмкін. Эрине, өзге мәдениетті қабылдай салу оңай емес. Қай-қайсымыздың да «дұрыстап көрсетсе қайтеді екен», яғни біздің мәдениетке сай, біздегі талап бойынша деп ойлайтынымыз анық.

## §5. Сөздер, ұғымдар мен реалийлердің эквиваленттігі

Әлеуметтік-мәдени фактор (әлеуметтік-мәдени фактор), яғни тіл құрылымының негізі саналатын әлеуметтік-мәдени құрылымдар (әлеуметтік-мәдени құрылымдар) әртүрлі тілдердегі мағынасы сәйкес келетін сөздердің эквиваленттігін (баламалығын) біржола жоққа шығарады.

Шынымен, «балама» сөздер семантикасының ауқымы (*дом* (үй) сөзінің мағынасы *house* сөзіне қарағанда кең, *home*, *building*, *block of flats*, *condominium*, *mansion* деген сөздердің барлығын қамти алады), сөйлеуде қолданылуы (орыс тілінде мекенжайды көрсеткенде *дом* (үй) сөзі қолданылады, ағылшын тілінде мекенжайды көрсеткенде, бұл мағынаны беретін сөздер қолданылмайды), стильдік коннотациясы (зеленые глаза және *green eyes*), лексикалық тіркесі (крепкий чай және *strong tee*) бойынша да сан алған болып келеді. Тіпті кейбір сирек жағдайда әртүрлі тілдер тілдік белгілері бойынша бір-біріне сәйкес келіп жатқанымен, тілден тыс өзгешеліктері жайында, яғни заттар мен құбылыстардың саналуан болғаны сияқты олар туралы ұғым мен түсініктің де басқа болатынын ұмытпағанымыз жөн. Біздің өз өмір салтымыз, дүниетанымымыз, салт-дәстүріміз, бір сөзben айтқанда, ұлттық мәдениетімізді анықтайтын басқа да көптеген өзгешеліктеріміз бар болғандықтан, бұл табиғи, заңды құбылыс. *Дом* және *house* әлеуметтік, мәдени құрылымы әр басқа әртүрлі баспана түрлеріне жатады.

Бұл тұрғыда қостілді билингв тұлғалар мен өзге тілді кәсіби түрде меңгерген шет тілі оқытушылары, аудармашылары туралы айта кеткен жөн. Билингв тұлғалар санасындағы әлем бейнесі бір мезгілде қос тілде қатар көрініс тапса, шет тілі мамандарының санасындағы әлемнің кейінгі тілдік бейнесі ана тілінің негізінде жасалған алғашқы көрініске жапсарласа қалыптасады. Әсіресе төл мәдение-тінің аясында өсіп, қос тілді қатар меңгерген билингв тұлғалардың тәжірибесі қызықтырады. Мәселен, осы жайында Андрей Макин-

нің «Француз мұрасы» атты кітабынан аса құнды материалдар алуға болады. Андрей Макин – ұлты орыс, 1957 жылы Красноярск қаласында дүниеге келген, Мәскеу университетінде оқыған, 1987 жылы Францияға қоныс аударып, сонда әдеби шығармалар жаза бастаған. Оның 1995 жылы жарық көрген «Француз мұрасы» атты төртінші кітабы француз әдебиетінің тарихында алғаш рет Гонуров атындағы жоғары әдеби сыйлық пен Медици сыйлығын қатар алды.

А. Макин жоғарыда аталған автобиографиялық (өмірбаяндық) романында өзінің француз тілін шет тілі ретінде қабылдамайтынын, ол үшін бұл тіл оның отбасын басқа орыс отбасыларынан бөлекtek тұратын өзгеше код (белgi), айырықша отбасы тілі екенін айтады. Бұл біз айтып кеткен тіл мен мәдениет, ойлау мен шынайы өмір арақатынасын дәл сипаттап тұр.

Шынайы орыс өмірі мен француз тілі арасындағы қарама-қайшылық көрнекті шығарманың келесі үзінділерінен айқын көрінеді. Макиннің Шарлотта әжесінің айтуынша, оның туған жері – Нёйи-сюр-Сенге қарағанда деревня (ауыл) сияқты. Оның немерелерінің мәдениеті тұрғысынан ойлағанда, орыс деревнясының (*village*) бір ғана көрінісі бар, ол – орыстың бөрене үйлері, шошқа-торайлар, қораз, деревня мұжықтары мен әйелдері. Орыстың деревня сөзі мен француздың *village* сөзі беретін ұғымдар арасындағы қарама-қайшылық балаларды шатастырып, мәдени шок туғызған. Балалар әжесімен бір «деревняда» тұрған Марсель Пруст деген біреудің теннис ойнап жүрген фотосуретін (деревняда!) көріп, оның кескін-келбетін орыс деревнясының тұрғынымен еш байланыстыра алмаған. Макин мұны романында былай суреттейді:

Нёйи-сюр-Сенде ағаштан салынған 12 үй ғана бар еді. Үйлері қысқы жауын-шашыннан өні кетіп, сұрғылт тартқан, жіңішке тақтайлардан жасалынған керегелер мен кір жаюға арналған жақтаулы терезелері бар нағыз деревня үйлері еді. Әйелдері иін ағашпен су тасығанда, шаң басқан ортаңғы жолға шелектерінің ернеуінен асқан су төгіліп бара жататын. Еркектері арабаға астық салынған ауыр-ауыр қаптарды тиеттін. Талмаусырап шыққан қоңырау үні мен қарлықкан қораз дауысы естіліп тұратын. Әр ошақтан шыққан от пен тاماқтың жағымды іісі мұрынды жаратын.

Бір күні әжеміз бізге өзінің туған қаласы туралы айтып отырып: – О! Нёйи ол кезде кішкентай деревня еді ғой, – деді.

Әжем мұны французша айтты, ал біз тек орыс деревнясын ғана билетінбіз. Ресейде деревня дегеніміз – ең алдымен, тізіле орналасқан үйлер (орыс тіліндегі деревня сөзінің өзі дерево – ағаш деген сөзден шыққан, ағаштан, бөренеден салынған үйлер дегенді білдірсе керек). Шарлоттаның кейінгі әңгімелерінен кейін көп нәрсе айқындалғанымен, біз көпке дейін шатасатынбыз. Нёйи деген сөзді естігенде, көз алдымызға бөрене үйлер, оның алдында жайылып жүрген шошқа-торайлар, қораз келетін. Шарлотта келесі жылы жазда

*Neuilly-sur-Seine était composée d'une douzaine de maisons en rondins. De vraies isbas avec des toits recouverts de minces lattes argentées par les intempéries d'hiver, avec des fenêtres dans des cadres en bois joliment ciselés, des haies sur lesquelles séchait le linge. Les jeunes femmes portaient sur une palanche des seaux pleins qui laissaient tomber quelques gouttes sur la poussière de la grand-rue. Les hommes chargeaient de lourds sacs de blé sur une télègue. Un troupeau, dans une lenteur paresseuse, coulait vers l'étable. Nous entendions le son sourd des clochettes, le chant enroué d'un coq. La senteur agréable d'un feu de bois l'odeur du dîner tout proche planait dans l'air.*

*Car notre grand-mère nous avait bien dit, un jour, en parlant de sa ville natale:*

*– Oh! Neuilly, à l'époque, était un simple village...*

*Elle l'avait dit en français, mais nous, nous ne connaissions que les villages russes. Et le village en Russie est nécessairement un chapelet d'isbas – le mot même dérevnia vient de dérévo – l'arbre, le bois. La confusion fut tenace malgré les éclaircissements que les récits de Charlotte apporteraient par la suite. Au nom de «Neuilly», c'est le village avec ses maisons en bois, son troupeau et son coq qui surgissait tout de suite. Et quand, l'été suivant, Charlotte nous parla pour la première fois d'un certain Marcel Proust, «à propos, on le voyait jouer au tennis à Neuilly, sur le boulevard Bineau», nous imaginâmes ce dandy aux grands yeux langoureux (elle nous avait montré sa photo) – au milieu des isbas!*

*La réalité russe transparaissait souvent sous la fragile patine de nos vocables français. Le président de la République n'échappait pas à quelque chose de stalinien dans le portrait que brossait notre imagination. Neuilly se peuplait de kolkhoziens<sup>16</sup>.*

Есейе келе роман кейіпкери қоршаған ортаға екі түрлі көзқа-распен қараудың салдарынан, әртүрлі мәдениетті екі тұлға кейіп-не енудің қолайсыздығын байқап, бір мәдениет ішіндегі екі тілдің үздіксіз қақтығыстарынан шаршай бастайды.

Царь (патша) деген орыс сөзі мен француз тіліндегі tsar деген кірме сөзді қолданғанда, оның санаасында бір-біріне ұқсамайтын екі түрлі бейне қатар көлбендейді. Тілдік тұрғыдан алғанда, сөздердің баламалары дәлме-дәл келгенімен, орыс сөзін естігендे, ойыңа кеңес дәүіріндегі орыс тарихы оқулығында суреті берілген қанішер II Николай оралады. Ал француз сөзі баланың көз алдына француз әжесінің әңгімелерінде суреттелген Париждегі көпірдің ашылуына орай III Александр өткізген салтанатқа жұбайымен келген, жас әрі келбетті патшаны келтіреді.

Дәл осы «царь» сөзі арқылы Макин кейіпкери басқалардан өзінің айырмашылығын, өзгешелігін байқайды.

*Cette question, en apparence, était toute simple: «Oui, je sais, c'était un tyran sanguinaire, c'est écrit dans notre manuel. Mais que faut-il-faire alors de ce vent frais sentant la mer qui soufflait sur la Seine, de la sonorité de ces vers qui s'envolaient dans ce vent, du crissement de la truelle d'or sur le granit – que faire de ce jour lointain? Car je ressens son atmosphère si intensément!»*

Марсель Пруст деген біреуді (Нёйидегі Бино бұльварында оның теннис ойнайтынын) есіне алғанда, біз бірден өнің солғын Дендиңдің (әжем бізге оның фотосуретін көрсеткен болатын) бөрнене үйлердің арасында теннис ойнап жүргенін көз алдымызға келтірдік!

Біздің әлжуз француэшамызың арғы жағынан шынайы орыс өмірінің көрінісі жылт етіп көрініп қалатын. Қиялымызда Республика Президентінің портретін жасағанда міндетті түрде оны Сталиннің кескініне жақыннататынбыз. Нёйиде колхозшылар мекендейтін.

<sup>16</sup> A. Makine. Le testament français. [Paris], Mercure de France, 1997, p. 43–44.

Тұндырған жолдастарымды итеріп тұрып, оларға біртүрлі қызғанышпен қарадым: «Самал ескен сол бір кеш туралы естімегендерге, ол оқиғаны білмейтіндерге қандай жақсы! Тұкке де қажеті жоқ. Мен де мыналар секілді өмірге бір ғана көзқараспен қарасам ғой!».

Соңғы ойымнан селк ете қалдым. Қаумалағандарға қарсыласпастан, басымды терезәге бұрып, қар басқаша көремін бе? Бұл өзі артықшылық па, әлде кемшілік пе? Мұның жауабын білмедім. Өмірге екі түрлі көзқараспен қарауым, қостілділігімнен деп шештім. «Царь» деген орыс сөзін айтқанымда, көз алдыма қанішер, рақымсыз патша – II Николай келсе, ал француз сөзі – «tsar» мүлде басқа сезімге бөлелейтін: бұл сөз – жарыққа, әдемі әуенге толы болатын, Атлантиданың қайталаңбас ауасын еске салатын, жарқыраған аспалы шамдарды, жарықпен шағылышқан әдемі бикештердің иығын көлбендеттін. Соңғы көзқарасыма айналамдағылар кекесінмен қарайтындықтан, оны жасыру керек екенін түсіндім.» (А. Макин. Француз мұрасы, 36 бет).

*Non, il ne s'agissait pas pour moi de réhabiliter ce Nocolas II. Je faisais confiance à mon manuel et à notre professeur. Mais ce jour lointain, ce vent, cet air ensoleillé? Je m'embrouillais dans ces réflexions sans suite – mi-pensées, mi-images. En repoussant mes camarades rieurs qui m'agrippaient et m'assourdissaient de leurs moqueries, j'éprouvai soudain une terrible jalouse envers eux: «Comme c'est bien de ne pas porter en soi cette journée de grand vent, ce passé si dense et apparemment si inutile. Oui, n'avoir qu'un seul regard sur la vie. Ne pas voir comme je vois...»*

*Cette dernière pensée me parut tellement insolite que je cessai de repousser les attaques de mes persifleurs, me tournant vers la fenêtre derrière laquelle s'étendait la ville enneigée. Donc, je voyais autrement! Était-ce un avantage? Ou un handicap, une tare? Je n'en savais rien. Je crus pouvoir expliquer cette double vision par mes deux langues: en effet, quand je prononçais en russe « ЦАРЬ », un tyran cruel se dressait devant moi; tandis que le mot « tsar » en français s'emplissait de lumières, de bruits, de vent, d'éclats de lustres, de reflets d'épaules féminines nues, de parfums mêlés – de cet air inimitable de notre Atlantide. Je compris qu'il faudrait cacher ce deuxième regard sur les choses, car il ne pourrait susciter que les moqueries de la part des autres<sup>17</sup>*

Қос тілдің аударуға көнбейтін үлкен айырмашылығын Шарлоттаның XX ғасыр басындағы Франция Президентінің тағдыры туралы айтқан мына сөзі аша түскендей: «Le Président est mort à L'Elysée, dans les bras de sa maîtresse, Marguerite Steinheil... [Президент Елисей сарайында Маргарита Стенель атты көңілдесінің құшағында қайтыс болды...].<sup>18</sup> Бұл сөздің артында орысқа мүлде жат басқа мәдениет жатқандықтан, аударуға келмейді екен.

<sup>17</sup> A. Makine. Le testament français. [Paris], Mercure de France, 1997, p. 65–66.

<sup>18</sup> Ibid., p. 112.

«Феликс Фор... Республика Президенті... Көңілдесінің құшағында... Атлантида-Франция бұрынғыдан да жылдам көз алдында тұра қалды да, орысша түсінкітерім ізім-ғайым жоғалды. Феликс Фордың өлімі туралы естігенімде, өзімді едәүір есейіп қалғандай сезіндім. Он үш жаста болатынмын, «әйел құшағында өлү» дегенді түсінетінмін, бұл тақырыпқа сойлесуге дайын едім. Шарлоттаның бұл тақырыпта менімен жасанды әдеп сақтамай-ақ батыл әңгімелесуі, оның орыс әжелеріне үқсамайтынын тағы бір дәлелдей түсті. Бірде-бір орыс әжесі немересімен мұндай тақырыпта әңгіме бастамас еді. Осы бір еркін әңгімеден мен адам тәніне, махаббатқа, әйел мен еркектің қатынасына деген басқаша көзқарасты – тылсым «француз көзқарасын» аңғардым.

*«Félix Faure... Le président de la République... Dans les bras de sa maîtresse...» Plus que jamais l'Atlantide-France me paraissait une terra incognita où nos notions russes n'avaient plus cours.*

*La mort de Félix Faure me fit prendre conscience de mon âge: j'avais treize ans, je devinais ce que voulait dire «mourir dans les bras d'une femme», et l'on pouvait m'entretenir désormais sur des sujets pareils.*

*D'ailleurs, le courage et l'absence totale d'hypocrisie dans le récit de Charlotte démontrent ce que je savais déjà: elle n'était pas une grand-mère comme les autres. Non, aucune babouchka russe ne se serait hasardée dans une telle discussion avec son petit-fils. Je pressentais dans cette liberté d'expression une vision insolite du corps, de l'amour, des rapports entre l'homme et la femme – un mystérieux «regard français».*

*Le matin, je m'en allai dans la steppe pour rêver, seul, à la fabuleuse mutation apportée dans ma vie par la mort du Président. À ma très grande surprise, revue en russe, la scène n'était plus bonne à dire. Même impossible à dire! Censurée par une inexplicable pudeur des mots, raturée tout à coup par une étrange morale offusquée. Enfin dite, elle hésitait entre l'obscénité morbide et les euphémismes qui transformaient ce couple d'amants en personnages d'un roman sentimental mal traduit.*

*«Non, me disais-je, étendu dans l'herbe ondoyant sous le vent chaud, ce n'est qu'en français qu'il pouvait mourir dans les bras de Marguerite Stein-heil...»<sup>19</sup>*

Сонымен, тіл – шынайы өмірдің де, мәдени-шартты түсініктер әлемінің де айнасы, себебі ол екеуін де бейнелей алады. Жоғарыда бұл айнаны әлемнің объективті-бейтарап бейнесін емес, халыққа тән субъективті, оның ой-санасынан өткен бейнесін көрсететіндіктен қисық дегеніміз рас. Тілді қисық айна дегеннен гөрі сиқырлы айна дегеніміз дұрысырақ болар. Бұл тілге қатысты жағымсыз коннотацияларды тұдырмай, сол тіл өкілдерінің тұлға ретінде шығармашылығын дамытып, арттыруына көмектеседі. Тіл адамның сезім мүшелері арқылы қабылдаған нәрсені енжар бейне-леумен шектелмейді. Ол (тіл) сондай-ақ (мәдениетпен, ойлаумен үздіксіз өзара қатынаста болып) сол тіл өкілін әлеуметтік-мәдени қоғамның мүшесі ретінде қалыптастырады, оған сол қоғамға тән құндылықтар жүйесін таңады.

Егер суретке қатысты метафораны жалғастырар болсақ, бейнелеу өнерінің әр бағыты сияқты әр халықтың да әлем туралы өз мәдени бейнесі бар. Реалистке, импрессионистке, кубистке, абстракционистке шемеленің суретін кескінде десеңіз, олардың бәріне ұсынылған шемеле

Таңертең оңаша жерде өмірімде айтарлықтай сілкініс жасаған Президент өлімі жайында толғану үшін далаға кеттім. Бір ғажабы, бұл оқиғаны қанша орысша сипаттамақ болсам да, ештеңе шықпады. Сипаттау мүмкін емес еді. Тілдің сипаттауға «ұяты жетпей», бірден сынай бастады, мораль «бұл не деген масқара!» деп, түзетуге үмтүлді. Ақырында сез тауып, баяндаш шыққанымда, арасыздықты суреттеу мен евфемизмнің арасындағы бірдене боп шықты, ал қос ғашығым нашар аударылған махаббат тұралы романның кейіпкерлеріне айналды. «Жоқ! – дедім, тымырсық ыстық жел тербереген шөп үстінде жатқан күйімде, – Ол Маргарита Стенельдің құшағында тек французша ғана өле алады».

<sup>19</sup> A. Makine. Le testament français. [Paris], Mercure de France, 1997, p. 113–114.



біреу ғана болғанымен, әрқайсысының шөмелесі әрбасқа болып шығуы сөзсіз. Тіл де суретшінің қылқаламы іспеттес кез келген құбылысты, қоршаған ортаны суретші көзінен, санасынан өткізбей, кескіндей алмайды.

Әлемнің тілдегі бейнесі сол тілде сөйлейтін халықтың ұжымдық шығармашылығынан туындаиды. Әрбір жаңа үрпақ ана тілі арқылы үлттық мінез-құлық, дүниетаным, мораль және т.б. құралған мәдениеттің толық жиынтығын ойына сіңіреді.

Сонымен, тіл әлем мен мәдениетті бейнелеп қана қоймай, сол тіл өкілін тұлға ретінде қалыптастырады. Ол мәдениеттің айнасы әрі құралы, бейнелеуші ретінде енжар (пассив) қалыптастырушы ретінде белсенді қызмет атқарады.

Тілдің бұл қызметтері қарым-қатынас, коммуникация үдерісінде жүзеге асады. Тіл қызметтерін бір-бірінен ажыратып көрсету шартты нәрсе, эвристикалық тәсіл. Кітаптың осы бөлімінің «Тіл мәдениет айнасы ретінде», «Тіл мәдениет құралы ретінде» деп аталуы да шартты, шынайы жағдай, атап айтқанда, тілдің аталған рөлдері мен қызметтерінің өзара қатынасы бүрмаланып көрсетілді.

Бұл әрекетімізден ақталу үшін кез келген нысанға, құбылысқа жан-жақты, терең ғылыми-зерттеу жүргізуде оған құш-қысым жасалып, өзгеріске ұшырайтынын тағы бір рет естерінізге сала кетейін. Сондықтан кез келген ғалым – зерттеу нысанын өлтіретін, өндейтін, құрамидас бөліктерге бөлетін, көлемін, күйін, құрамын өзгертетін құш көрсетуші. Алайда мұның бәрі ғылымның, өркениеттің дамуы үшін, адамзат болашағы үшін деген игі мақсатпен істелінеді.

Ғылыми, әдіснамалық шегінісімізден кейін зерттеу жұмысының дағы белгілі бір шарттылықты айқындаپ алғандықтан, тілдің қоршаған ортаның айнасы ретіндегі рөлін қарастыруға қайта оралайық.

## §6. Ұғымдарды лексикалық түрғыдан нақтылау

Сонымен, тілдік құбыльстар сол тілде сөйлейтін ұжымның қоғамдық, мәдени өмірін бейнелейді. Осы түрғыдан алғанда, кейбір ұғымдардың лексикалық жағынан ежей-тегжейлі талдануы әлеуметтік факторларға байланысты болады. Ал олардың тілде қалай бейнеленетінін анықтау аса қызық. Бұл мәселеге орай, заманауи ағылшын көркем әдебиеті материалдары негізінде жүргізген арнайы зерттеулерімізден мынаны байқадық. Орыс, ағылшын тілдеріндегі «дәмді», «дәмсіз» ұғымдарының лексикалық тәсілмен берілуін қарастырдық.

Қазіргі ағылшын тіліндегі ас-суды жағымсыз бағалау ұғымы (дәмсіз сөзі) егжей-тегжейлі талданбады. Өйткені ұғымның лексикалық да-мұы тым жұтаң екенін байқадық. Аталмыш ұғым негізінен *not good* (жақсы емес) деген тіркес арқылы бейнеленеді. Ұғымды эмоционалды бағалау коннотацияларында біршама дәл беретін монолексемалық *bad* (жаман) сөзі қолданылмайды екен. Заманауи ағылшын қоғамындағы мәдени-этикалық талапқа сай ас туралы жағымсыз сөз айтуға болмайды, сондықтан бұл ұғым лексикалық түрғыдан жетілмей қалған. Қарастырған материалдардың ешқайсысында дәмсіз ұғымын білдіретін сөзді кездестіре алмадық.

Асқа жағымды баға беруде қолданылатын «дәмді» ұғымы қазіргі ағылшын және америка әдебиеттерінде барынша айшиқты етіп берілген. Бұл ұғым егжей-тегжейлі талданып, лексикалық түрғыдан саналуан тәсілмен ұсынылған. «Дәмді» ұғымын беруде жиі қолданылатын *good / жақсы/* сөзімен қатар *delicious* (өте дәмді), *nice* (ұнамды), *excellent* (өте жақсы), *perfect* (мінсіз), *fine* (тамаша), *splendid* (керемет), *appetizing* (дәмі тіл үйірер), *beautiful* (ғажап), *savoury* (татымды) деген сөздермен тіркесе қолданылады. Ас-суды мақтау (тіпті дәмді болмаса да) өркениетті қоғамдағы мәдени нормалардың бірі. Ал ас туралы жағымсыз сөз айту, керісінше, әбестік болып көрінеді.

Аталмыш этикалық талап қазіргі ағылшын тілінде тікелей бейнеленіп, ас-суға жағымды баға беру ұғымы антонимдік ұғымына қарағанда, лексикалық түрғыдан бай әрі саналуан сөздермен өрнектелген. Жиналған материалды симтоматикалық әдіспен сұрыптағанда мысалдардың 94%-ы жағымды бағалау ұғымын бейнелегені анықталды.

Сөйлеудің әлеуметтік аясына, жағдаят контексіне жүргізген зерттеулеріміз кезінде де біршама қызық нәрселерді байқадық. Мәселен, ас-суға баға беру негізінен ауқатты адамдарға, яғни қоғамның жоғары және орта тап өкілдеріне тән екені, олардың «асыра бағалауға» (*overstatement*) бейім келетіні белгілі болды. Кедейлер, қоғамның төменгі тап өкілдері керісінше ас-суға деген қатынастарын өте сирек білдіріп, «бағалай алмаушылық» (*understatement*) танытады екен. Екі жағдайға да түсінік беру қыынға соқпайды. Қоғамның ауқатты бөлігі үшін тамақ ішу – табиғи қажеттілік қана емес, сонымен қатар әлеуметтік дәстүр, қоғам өміріндегі маңызды құбылыс. Сондықтан олар үшін тамақ сапасының да мәні зор.

Қоғамның ауқатты бөлігінің асқа баға беруі (немесе тамақтануы), лексикалық саналуандылығымен, реңктерінің көптүрлілігімен ерекшеленеді.

*The feature of the feast was red mullet. This delectable fish brought from considerable distance in a state of almost perfect preservation was*



*first fried, the boned, then served in ice according to a recipe known to a few men of the world (J. Galsworthy) /Мерекелік кеш бағдарламасының сәнін келтірген қызыл тікенді балық болды. Алыстан жеткізілгеніне қарамастан, тамаша сақталған. Дәмі тіл үйіретін бұл балық алдымен қуырылып, қылтанақтарынан тазартылады екен. Соңан соң оны мұз үстіне қойып тартады. Бұлай дайындау тәсілін әлемде санаулы адам ғана біледі деседі (Дж. Голсуорси)/.*

*«Delicious!» he said. «Exquisite! Who but a Frenchman could make poetry of fish, I ask you?» (Ch. Gorham) /«Керемет! – деді ол. – Таптырмайтын тағам! Дағ француз секілді балықтан кім әуен тудырады, айтыңыздаршы!» (Ч. Горхем)/.*

Кедейлердің асты сипаттауында лексикалық құралдардың басқа критерийлері пайдаланылады: *good* /жақсы/, *tasty* /дәмді/, *nourishing* /тойымды/.

*«There's no bloddy head room», agreed Slogger, «chewing pie with the noisy relish of a man whose missus usually gave him cut bread and dripping. But this was bloddy pie!» (A.J. Cronin) /Мұнда ешқандай да алдыңғы бөлмені көріп тұрғаным жоқ, – деп келісті Слоггер, ауызындағы бәлішті күтірлете шайнап тұрып, құдды бір әйелінен сиырдың майы жағылған бір тілім нан алғандай. Бұл шынымен тіл үйіретін (айтары жоқ) бәліш болатын! (А.Дж. Кронин)/.*

*Any working-class wife who has thin times will have fine knowlege of those cuts which are inexpensive and nourishing and also tasty (R. Hoggard) /Жұмысшы әйелдердің кез келгені қалтасындағы ақшасы санаулы болғандықтан, қымбат емес, тойымды, еті бар та- мақты қайдан ішуге болатынын біледі (Р.Хоггарт)/.*

*Poor old age pensioners used sometimes to simulate a tasty meal by dissolving a penny Oxo in warm water, and having it with bread (R. Hoggard) /Қайыршы зейнеткер шал кейде дәмді түскі ас тәріздес бірдене дайындаитын. Сорпаға арналған «Оксо» дәмдеуішінің бір түйірін қайнаған суға салып ерітіп, нан батырып ішіп алатын (Р. Хоггарт)/.*

Кедейлер үшін астың тойымдылығы, қуаттылығы маңызды. Сондықтан олардың қолданысында *tasty* /дәмді/, *nourishing* /тойымды/ деген сөздер жиі кездеседі. Кедейлердің асты бағалаудыңда *exquisite* (таптырмайтын), *delectable* (керемет) сөздерін кездестіре бермейсіз, тіпті *delicious* (өте дәмді) сөзінің өзін өте сирек қолданады.

Асқа жағымды не жағымсыз баға беру тәсілдері сөйлеушінің жасы, жынысы, білімі сияқты факторларға да байланысты. Асыра бағалау көбіне жастарға тән екенін келесі диалогтардан көруге болады:

Әжесі мен немересі. *«It is a good cake?» she asked intensely. «Yes, mam», he said, wiring into it. «It is fair champion» (A.J. Cronin)*



/«Бәліш дәмді ме екен?» – деп сұрады әжесі тағатсыздана. – «Иә, мәм» – деді, қолындағы бәлішін асап-асап жіберген немересі: – «Бәліштердің чемпионы екен!». (А.Дж. Кронин)/

Атасы мен немересі. Seated at a little marble topped table in the oldestablished confectioner's, the Rector watched his grandson eat strawberry ice. «Good?» – «Awfully» (A.J. Cronin)/ Ескі кондитерлік дәмхананың мәрмәр үстелінде отырған ректор немересінің құлпынаі балмұздарының жегеніне қарап: «Дәмді ме?» – деп сұрады. «Керемет!» – деді немересі. (А.Дж. Кронин)/

«Сау», «ауру» ұғымдарының лингвистикалық бейнеленуін қарастырғанымызда, «сау» ұғымы қазіргі ағылшын тілінде *healthy* (дәні *cay*), *safe* (қауіпсіз), *to do well* (бәрі жақсы), *to be all right* (бәрі дұрыс), *to be in good health* (денсаулығы жақсы) , *to be in (good) shape* (қалыпты (жақсы) формада) деген сөздер арқылы берілетінін анықтадық. Ал сол әдебиеттерде «ауру» ұғымы етістік тіркестерімен беріліпті: *to have a heart attack* (жүрек талмасына ұшырау), *to have a eye infection* (көзіне инфекция түсу), *to catch cold* (сүйк тигізу), *to suffer from a disease* (белгілі бір ауруға шалдығу), *to feel the ache* (ауырғанын сезү), *to feel the pains* (науқасын байқау), *to feel weak* (әлсіздікті сезіну), *to feel lousy* (өте жаман сезіну), *to feel light-headed* (басы айналғанын сезіну), *to be ill* (ауырып тұру), *to be bad* (қалжағдайы нашар болу), *to be unwell* (жағдайы жақсы болмау), *to look peaky* (түрі кету, өңі бұзылу).

«Сау», «ауру» ұғымдарының сөз арқылы бейнеленуін жай көзбен қарағанда-ақ соңғы ұғымның сөзбен бейнеленуі ауқымды, түрлендірілген әрі егжей-тегжейлі қаралғанын байқауға болады.

«Сау» мен «ауру» ұғымдарының сөзбен өрнектелуінің әркелігін былай түсіндіруге болады: «сау» – бұл адамның қалыпты жағдайдағы қүйі. «Ауру» болса, қалыпты жағдайдан ауытқу, ол әртүрлі және көп болуы мүмкін, сондықтан бұл ұғымды беретін сөздер мен тіркестер де көп болмақ. Эрине, бұл басты әрі жалғыз себеп қана емес. «Сау» ұғымын беретін сөздер мен тіркестердің көп болуының бір себебі – заманауи ағылшын қоғамында ауруын талқылау қалыпты жағдай болғандықтан болса керек. Зерттеу – диахроникалық талдау жасауды қажет етеді. Өз ауруы, дімкәстігі жайлы айту қазіргі заман адамдарына тән, ал XIX ғасырда ол жайында сөз қозғау этикалық нормаға қайшы болғандықтан, ол кезеңде «ауру» ұғымын білдіретін сөздер өте аз қолданылған деген пікір бар. Сондықтан XIX–XX ғасырлардағы ағылшын қоғамындағы «сау» мен «ауру» ұғымдарының сөзбен берілуін салыстыру негізінде қызық нәтижелерге қол жеткізуге болады.

«Кір» – «таза» ұғымдарын беретін сөз тіркестерінің концептуалды негізіне зерттеу жүргізу нәтижесінде қызықты мәліметтер алуға

болады. Қазіргі көркем әдебиет шығармаларында «таза» ұғымын беруде жеті сын есім: *clean* (таза), *spotless* (дақ түспеген), *antiseptic* (антисептикалық), *neat* (ұқыпты, жинақы), *immaculate* (мұнтаздай таза), *pure* (таза), *clear* (таза, ашық), ал «кір» сөзін беруде 21 сын есім қолданылған: *dirty* (кір), *greasy* (майлы, кір, жуылмаған (шаш туралы)), *muddy* (кір (жол туралы)), *coarse* (өңделіп бітпеген (материал туралы)), *soiled* (былғанған), *dusty* (шаң), *foul* (иісі шығып, қатты ластанған), *befouled* (ластанған), *unsanitary* (антисанитарлық), *grubby* (алқам-салқам, нас), *plastered* (әк жүққан), *filthy* (кір, жуылмаған), *stale* (үсталған), *sooty* (ыс басқан), *unclean* (таза емес), *stained* (дақ тускен), *grimed* (таза емес), *pop pure* (таза емес), *tucky* (лас).

Сөз санының өзі көп жайды көрсетіп түр емес пе? Қазіргі ағылшын тілінде «таза» ұғымына қарағанда «кір» ұғымы әлдеқайда жақсы бүге-шігесіне дейін жіктелген. Мұнда да «сау» – «ауру» ұғымдарын түсіндіргенде келтірген себептердің ықпалы бар деуге болады. «Таза» ұғымы қазіргі өркениетті қоғам үшін қалыпты жағдайға, нормаға айналған, ал «кір» сол нормадан ауытқудың әртүрлі қалпы, сондықтан да лексикалық реакция тудырып отыр. Бірақ ұғымның адам санасында, сондай-ақ оның тілінде егжей-тегжейлі қаралу, жіктелу фактісі қазіргі көркем әдебиет тілінде «кір» сөзінің әртүрлі реңкін көрсететін сын есімді сөз тіркестерінің барлығы дерлік қолданылды дегенді білдірмейді. Бұл жерде әртүрлі әлеуметтік-мәдени факторлардың күрделі кешені ықпал ететіні анықталып отыр. Бір жағынан, шындығында, қазіргі қоғамның өткен ғасырмен салыстырғанда санитарлық-гигиеналық талаптарының деңгейі медицинадағы прогрессе және гигиена мәдениетінің артуына байланысты әлдеқайда көтерілген. Бұл қазіргі ағылшын көркем әдебиетіне жасалған талдау нәтижелері арқылы анықталған лингвистикалық фактілерге қайши келсе керек. Алайда қазіргі ағылшын көркем әдебиетінде «таза» – «кір» ұғымдарын білдіретін сөздер тек тұра мағынасында ғана емес, сонымен қатар ауыспалы мағынада, мәселен, нақты бір деректі заттың тазалығын немесе жан тазалығын, қарым-қатынастағы тазалықты, ниеттің тазалығын, ойдың тазалығын білдіруі мүмкін екені ұмытпағанымыз жөн.

*I met him at the Con ball at Leddersford. He made a pass within the first five minutes and invited me to a dirty week-end within another five (J. Braine) /Мен онымен Леддерфордтағы консерваторлар балында таныстым. Ол алғашқы бес минутта маған қырындалап, келесі бес минутта демалысты бірге өткізейік деп арам (сөзбе-сөз кір) пиғылын білдірді (Дж. Брейн)/.*

*His motives were far from pure (M. Bradbury) /Оның ниеті таза емес болатын (М. Брэдбери)/.*

*called him every foul name I could lay my tongue to (A. Hailey)*

/Мен оны аузыма келген былапыт (сөзбе-сөз: лас) сөздің бәрін айтып балағаттадым (Ф. Хэйли)/.

*And Soames was alone again. The spidery, dirty, ridiculous business!*  
(J. Galsworthy) /Сомс тағы жалғыз қалды. Тұзаққа толы, кір, мәнсіз бизнес! (Дж. Голсуорси)/.


*Have you anything really shocking, Reggie? I adore tucky books, and you never have any in stock* (J. Braine) /Оқуға тұраарлық бір нәрсең бар ма, Регги? Лас нәрселер туралы оқығанды жақсы көруші ем, сен ондай кітаптар сатпайды екенсің! (Дж. Брейн)/.

*You played dirty trick – we'd have given you five if you'd asked for it...*  
(W. Golding) / Бұл не деген сүркія (сөзбе-сөз: кір) көзбояушылық! Өзің сұрағаныңда біз саған беретін едік қой (У. Голдинг).

Тағы бір айта кететін нәрсе – әдебиет жанрларындағы, стильдеріндегі, бағыттарындағы түбекейлі өзгерістер. Қазіргі батыстың жазушылардың көбі өмірді боямасыз, сол қалпында суреттейді, келенсіз тұстарын барынша ашып көрсетуге тырысады. Сондықтан тілге осы тұрғыдан диахроникалық зерттеу жүргізу он нәтиже беретін бүгінгі лингвистиканың алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі.

«Бай» – «кедей» ұғымдарын білдіретін сөздерге жасалған диахроникалық зерттеулер XIX ғасыр басындағы ағылшын әдеби туындыларында да (Джейн Остиннің шығармаларында), сондай-ақ XX ғасырдың орта шеніндегі ағылшын тіліндегі шығармаларда да (Айрис Мёрдок романдарында) «кедей» ұғымына қарағанда «бай» ұғымын білдіретін сөздер мен сөз тіркестері көптеп кездесетінін көрсетті. Тілдегі «бай» ұғымының ауқымды әрі айшықты етіп жіктелуі белгілі бір әлеуметтік факторларға байланысты болуы мүмкін.

Бай мен кедейге бөлінген ағылшын қоғамы үшін материалдық әл-ауқат мәселесі аса маңызды, қоғамның кез келген мүшесі бай болуға ұмтылады, бұл – әлеуметтік тұрғыдан ынталандырылатын моральдік-этикалық норма, ал кедей болу – жағымсыз нәрсе, қоғамдық этикаға қайшы. Сондықтан өмірлік маңызы бар, көнілге жағымды «бай» ұғымын беретін сөздер мен сөз тіркестері ағылшын тілінде бүге-шігесіне дейін жіктеліп берілген: *a rich man* (бай адам), *to be rich* (бай болу), *a man of large fortune* (ауқатты адам), *a man with fortune* (ауқатты адам), *to make a tolerable fortune* (байлыққа кенелу), *to give fortune* (байлығын беру), *splendid property* (асып-тасқан байлық), *in easy circumstances* (жағдайы



жаман емес), *to have a comfortable income* (жақсы табысы бар), *to have money* (ақшасы болу), *to get money* (ақшасы болу), *to save money* (ақша жинау), *to be well-off* (ауқатты болу) және т.б. «Кедей» ұғымы болса, бар болғаны бірнеше сөз бен сөз тіркесі арқылы беріледі: *a poor man* (кедей адам), *to be to poor* (кедей болу), *have no money* (ақшасы болмау), *to be in financial difficulties* (қаржы қындығына тап болу), *want of money* (ақша керек болу), *a man without money* (ақшасыз адам).

XIX–XX ғасырларда «бай» мен «кедей» ұғымдарының сөзбен берілуі сан жағынан салыстырғанда тең келгенімен, сөздерді таңдау бойынша едәүір айырмашылықтар бар екенін көрсетіп отыр. XIX ғасырларда бай ұғымын білдіретін *fortune* сөзі әртүрлі сөздермен тіркесіп келіп, кең қолданыста болды: *a man of fortune* (ауқатты адам), *a good fortune* (жақсы жағдай), *large fortune* (үлкен байлық), *a man with fortune* (ауқатты адам), *splendid fortune* (асып-тасыған байлық), *tolerable fortune* (үлкен байлыққа), *to give fortune* (байлығын беру).

XX ғасырдағы әдеби шығармаларды қарағанымызда бірде-бір байлықты білдіретін *fortune* сөзін кездестіре алмадық. XIX ғасырда байлық, әл-ауқат (*fortune*) сөзі алдымен жер иелену, қожалығы болу, көп ақшасы болу дегенді білдірген. Сөйлеушінің сөзді өзінің әлеуметтік тәжірибесіне сәйкес қолданатыны белгілі. Сондықтан *fortune* сөзі бар сөз тіркестерінің қазіргі ағылшын тілінде өте сирек қолданылуының себебі – сөйлеушілердің ол арқылы өз әлеуметтік тәжірибесін көрсете алмауында болса керек.

*Rich* (бай) сын есімімен тіркесетін сөз тіркестері XIX ғасырда қолданыс аясы жағынан екінші орында тұрса (*fortune* (байлық)) XX ғасырда алдыға шықты.

Сонымен қатар ағылшын романдарында жиі кездесетін *income* сөзімен тіркесетін сөз, сөз тіркестері қазіргі кезде қолданыстан ығыстырылып, оның орнын *means* (кіріс, байлық) сөзі басқан. XX ғасырда байлық ұғымы өзгерді, бұрын ол жер, қожалық көрсеткіші болса, енді банкте есепшотының болуымен өлшенеді. Сондықтан қазіргі романдарда кейіпкердің материалдық жағдайын суреттегендеге, *joint account* (банктерге жалпы есепшот), *good investment* (жақсы инвестиция), *modest annuity* (жыл сайынғы кіріс) секілді тіркестерді қолданады.

Ұғымның мазмұны өзгерді, қоғамдық сана өзгерді, соған сәйкес ұғымның тіл арқылы бейнеленуі де өзгерді. Адамдардың байлыққа деген қатынасының өзгергені де назардан тыс қалмады. XIX ғасырда бай болу адамға мәртебе, құрмет, атақ әкелді және айналасындағылардың қызығушылығы мен қызғанышын тудырса, XX ғасырда адамдар байлықтың қайдан, қалай келіп жатқанын, кейбіреулердің дәүлетті өмір сүруі үшін белгілі бір топ жоқшылықта өмір сүруге мәжбүр екенін анық аңғаратын болды. Тіпті адамдарды банктегі

есепшотына қарап қарсы алатын Англияның өзінде бай адам халықтың алдында ақталуға тырысады: *Anuway, what's wrong with being rich. It's a quality, it's attractive. Rich people are nicer, they're less nervous* (I. Murdoch)/ Қалай айтсаңыз да, бай болғанның несі жаман? Ол сый-құрметке бөлейді, жүртттың назарын бүрады. Байлар жайлы келеді, олар кикілжіңге көп бара бермейді (А.Мёрдок)/.

## §7. Тұр-тұс атауларының әлеуметтік-мәдени аспектісі

Тілші ғалымдар спектор түстерінің атауларын зерттеуге ерекше көңіл бөледі. Ал одан кейінгі орындарда қимыл-қозғалыс етістіктері мен туыстық атаулар тұр.

Тұсті білдірудің әлеуметтік-мәдени метафорикасы туралы жазылған еңбектер көп. Бір тұстің өзі әртүрлі мәдениетте әртүрлі символикаларға ие болатыны белгілі. Г.А. Антипов, О.А. Донских, И.Ю. Марковина, Ю.А. Сорокиндердің «Текст как явление культуры» деген кітабында ақ пен қара түстер мысалы негізінде көрнекі материалдарды қолдана отырып, егжей-тегжейлі түсіндіреді. Мәселені аталған кітаптан үзінді келтіре отырып, дәйектеп көрейік.

Ақ тұс негізінен көптеген мәдениетте үміттің, қайырымдылықтың, тазалықтың, махаббаттың және соған жақын тағы басқа үғымдардың символы ретінде қалыптасқан. Грузин субмәдениетінде ақ тұс – қайырымдылықтың, мейірімнің, махаббаттың символы («И над миром заряло белоснежное полотнище – символ добра, милосердия и любви»).<sup>20</sup> Қырғыз субмәдениетінде оны мынадай коннотациямен байланыстырады: «Ақ – Айтматовтың бұрыннан жақсы көретін, нәзіктікін, қорғансыздықтың тұсі, қайырымдылық пен үміттің тұсі, мейірім мен махаббаттың, көктем гүлінің тұсі».<sup>21</sup> Қара нәсілділердің бір ғана киносының атауын келтірсек-ақ жеткілікті: «Ұлken ақ үміт». Ақ тұсті конфронтативті қабылдау шығыс елдерінде кездеседі. Олар үшін ақ тұс өлімнің, қазаның белгісі (сол себепті Оңтүстік Кореяда тұрме киімінің тұсі ақ болып белгіленген). Ақ тұсті өліммен байланыстыру орыс мәдениетінде де бар: «Өлімге дайындалғандай шал үстіне түгел ақ киім киіпті...».<sup>22</sup> ...Қара тұс бірқатар мәдениетте өлімнің, қайғының, қазаның символы ретінде қабылданса, ал кейде салтанатты іс-шараны да білдіреді: «Қайғы мен қазаның қара орамалы» – орыс және қырғыз субмәдениеттерінде;<sup>23</sup> «Киімдері тек қара еді: азасы да бар – Алкестида көз жұмғалы көп болмаған,

<sup>20</sup> Н. Думбадзе. Белые флаги. Тбилиси, 1974, 212 б.

<sup>21</sup> М. Ваняшова. Мәңгілікке толы сәт// Театр, 1981, №6, 45 б.

<sup>22</sup> К. Симонов. Лирика. М., 1956, 6 б.

<sup>23</sup> М. Ваняшова. Көрсет. шығар., 45–46 66.

<sup>24</sup> И. Василина. БИТЕФТОСЫНЫЙЛАРЫ// Театр, 1981, №6, 140 б.

<sup>25</sup> Н.Ю. Лотман. «Роман А.С. Пушкина «Евгений Онегин». Комментарий». Л., 1980, 158–159 66.

<sup>26</sup> Г.А. Антипов, О.А. Донских, И.Ю. Марковина, Ю.А. Сорокин. «Текст как явление культуры» 140–141 66.



әрі салтанаты да бар – күйеуінің үйіне қонақ келген»<sup>24</sup> батысөуропалық мәдениет. Соңғы мысалда қара түстің символикасы диахрония тұрғысынан алғанда, сол үлттың мәдениетінде ғана көрініс табады; XIX ғасырдың басында еуропалықтар үшін қара түс тек өлімнің, қазаның символы болған: 1802 жылы шыққан «Еуропа хабаршысында» берілген бал тұралы үзіндіде: «Ерлердің бәрі қазаға барып келгендей қара киініп алышты» делінген; Д.Н. Свербеевтің айтуынша, «ерлердің де, әйелдердің де қара түсті киім киоі жаман ырым саналады, сондықтан ерлер – қоңыр, жасыл, көк фрак киеді»; А. Мюссе «Исповеди сына века» атты кітабында: «Қазіргі кезде ерлер киіп жүрген қара костюмнің ырымы тым жаман»,<sup>25</sup> – деп жазды.<sup>26</sup>

Әлемнің мәдени, тілдік (немесе лингвомәдени) картасындағы ағылшын тілі жасаған әртүрлі түстер гаммасында ақ пен қара түс аса маңызды рөл атқарады. Осы түстерде ағылшынтылді әлемнің шынайы, мәдени көрінісі бейнеленген.

Ақ сөзінің номинативті мағынасы – қар мен бор түсі (О.); *white – of the colour of fresh snow or common salt or of the swan's plumage* / Ақ – жаңа жауған қардың, кәдімгі тұздың немесе аққу қауырсының түсі/ (СОД).

Қара сөзінің номинативті мағынасы – аққа қарама-қайшы, ыстың, көмірдің түсі (О.); *black – opposite to white – colorless from the absence or complete absorption of all light* / қара – аққа қарама-қайшы, жарықтың болмауынан не мүлде жоқтығынан түссіз болып көрінетін түс / (СОД).

Екі түс те шынайы өмірдегі белгілі бір құбылысты бейнелейді. Мысалы, олар қара көйлекті сипаттауы мүмкін: *a black dress*, қара көйлек қара түсті көйлекті білдіреді, ал *white dress* ақ көйлек қардың, тұздың немесе аққу қауырсының түсімен түстес көйлек түсін білдіреді.

Екі мәдениетте де қара түс қазаға қатысты қолданылады (алайда кейбір шығыс елдерінде қазаны ақ түс білдіреді), сондықтан қара көйлек не қазаға киіледі не реسمі кештерде киіледі. Егер көркем шығармада баланың қара кигені айтылса, бұл оның жақындарының біреуі қайтыс болғанын білдіреді, себебі орыс мәдениетінде жай уақытта балаға қара киім кигізілмейді. Мәселен, балалар әдебиетінің белгілі кейіпкері Полианна әкесінің қазасынан кейін қонаққа қызыл көйлек киіп барғанында, неліктен қара киіп келменгін түсіндіруге асығады: *I ought to have explained before. Mrs. Gray told me to at once – about the red gingham dress and why I am not in black. She said you'd think t'was queer. But there weren't any black things in the last missionary barrel. Part of the Ladies' Aid wanted to buy me a black dress but the other part thought the money ought to go towards the red carpet for the church* (E.H. Porter. Polyanna) / Мұны

ертерек түсіндіруім керек еді. Өткенде миссис Грэй маған неге қара кимей, қызыл көйлек киіп алғансың деді. Олай киінгенімнің ерсі екенін айтты. Бірақ миссионерлердің жіберген соңғы сәлемдемесінде қара тұсті ештеңе болмады. Әйелдердің көмек көрсету қоғамындағылардың бір бөлігі маған қара көйлек алмақшы болып еді, енді бір бөлігі ақшаны шіркеуге қызыл кілем алуға жұмсау керек деп шешті (Э. Порттер).

Екі мәдениетте де ақ көйлекті әдетте жас қыздар киеді, бұл – пәктіктің символы, той көйлегі. Сәнді ақ көйлек кию қалындыққа тән, бұл – некелесу символы.

*White tablecloth* ақ дастарқан секілді қарапайым тіркестердің барлық мәдени реңктерін түсіну үшін қара дастарқан *black tablecloth* деген тіркес жасап көріңізші. Жасанды, естіген құлаққа түрпідей тиеді! Себебі, екі мәдениетте де қолданыста мұндай тіркес жоқ. *White tablecloth* ақ дастарқан салтанатты кештерде, үлкен мерекелерде жайылады. Қазіргі ағылшын мәдениетінде ақ дастарқан жаю дәстүрі қалып барады деуге болады. Орыс мәдениетінде оның мәдени таңбалылығы сақталған, атаулы мерекелік кешпен байланыстырылады.

*White – black* ақ – қара сөздерінің адам деген мағынаны білдіретін тап сөзімен тіркесі арнағы қарастыруды қажет етеді. *White man* тіркесінің әлеуметтік-мәдени шарттылығы оның өзіне тән семантикасынан көрінеді. *White man* деген тіркес – ақ нәсілден шыққан, терісінің түсі ақ адам деген үғымды ғана бермейді, тәмендегі контекске қарағанда, бұл америкалық болуы мүмкін, алайда антропологиялық түрғыдан алғанда, испандықтар мен мексикалықтар да «ақ адамдарға» жатқызылады:

*And sometimes her husband brought visitors, Spaniards or Mexicans or occasionally white men (D.H. Lawrence) / Кейде оның күйеуі испандықтарды немесе мексикалықтарды, ал кейде ақтарды қонаққа алып келетін (Д.Г. Лоуренс)/.*

Өз нәсілін басқалардан артық санайтын ақтардың қоғамында бұл тіркестің *адал*, *әдепті*, *тәрбиелі* деген мағынаға ие болуы, керісінше, *black man* тіркесінә әзәзіл, жын, *ібіліс* деген жағымсыз мағынаның таңылуы кездейсоқ жағдай емес. Үзінділерді салыстырып көрейік:

*The whitest man that ever lived, a man with a cultured mind and with all the courage in the world (T. Hardy) / Жер бетіндегі адамдардың ішінде тектісі, ең білімдісі және ең батылы/ (Т. Гарди).*

*Sit down and tell me about your sister and Jon. Is it a marriage of true minds? It certainly is. Young Jon a pretty white man (G. Meredith) / Отыр да, маған әпкең мен Джон туралы айт. Бұл қалауымен қосылған неке ме? Әрине. Жас Джон жақсы адам ғой (Дж. Мередит).*



*Rich as Croesus and as wicked as the black man below (J. Meredith)*  
/ Крёз секілді бай, ібілістей ашулы (Дж. Мередит)/.

Жалпы (сол тілде сөйлейтін ұжымның мәдениеті мен қоғамдық санасын бейнелейтін) ағылшын тіліне қара түсті жамандықпен, ал ақты жақсы нәрселермен байланыстыру тән. Тіпті ағылшын тілінің америкалық вариантының ықпалымен бұл құбылышы британдық вариантында бұрынғыдан да үдей түсті.

Сондықтың *black* сөзімен тіркесетін номинативтік топтар жағымсыз коннотацияға ие болса, *white* сөзі жағымды мағына беретін тіркестерде қолданылады.

*Black sheep* (сөзбе-сөз: қара қой, «шіріген жұмыртқа» мағынасында) *black market* (қара базар) *blackmail* (сөзбе-сөз: қара пошта, бопсалау мағынасында) *Black Gehenna* (қараңғы тамүқ), *black soul* (қара ниет) деген тіркестердің бәрінде *black* сөзі жағымсыз мағынада қолданылған, *black dress* (қара киім) *black armband* (қолына қара байлау) тіркесінде *black* сөзі қазаға, өлімге қатысты пайдаланылып тұр. Керісінше *white* – бейбітшіліктің түсі, қалыңдық көйлегінің түсі, бір сезбен айтқанда, барлық жақсы, таза нәрсенің түсі. Мысалы, У. Блейктің «*The little black boy*» /Қара бала/ өлеңін алайық: *And I am black but Oh, my soul is white* /Я черный, но душа моя бела (Ауд. С. Степanova) /Өңім қара болса да, жүргегім ақ/.

Tіпті *white* сөзі жағымсыз мағынадағы зат есіммен тіркескеннің өзінде, ол сол сөздің жағымсыз мәнін бәсендедеді, мысалы: *white lie* тіркесі моральдік тұрғыдан ақталған, зияны тимейтін өтірік дегенді білдіреді (орыс тіліндегі *черная зависть – белая зависть* деген тіркестерде де «ақ» сөзі қызығаныш сөзінің жағымсыз мәнін жүмсартып тұр).

Жалпы орыс тіліндегі ақ пен қара сөздерінің метафоралық мағынасы ағылшын тіліндегі баламасымен мәндес: черная душа (қара ниет), черная весть (қаралы хабар), черный день (қаралы күн), черный глаз (сүк көз), черный враг (қас дұшпан). Осы тұста мәдениеттер айырмашылығына тағы бір мысал келтіре кетейік. Орыстар бір нәрсені кейінге қалдыrsa, оны «на черный день» /сөзбе-сөз қара күнге/ дейді, ал ағылшындар «against a rainy day», яғни жаңбырлы күнге дейді.

Қазіргі кезде *white man – black man* тіркестерінің қолданылу ерекшелігі көпшілік назарын өзіне құрт бұрды. Ағылшын тілінің халықаралық тіл ретінде рөлінің артуына орай, сондай-ақ Африка халықтарының отаршылдықтан шығып, өзіндік санасының өсуімен байланысты олар ақ-қара ұғымдарына тән метафорикаға жіті көңіл бөлөтін болды.

«Политическая социология английского языка» атты еңбектің авторы Али Мазруидің көрсетуінше, Африка халқын «ағылшын

тіліндегі нәсілшілдіктің сарқыншағы» алаңдатады. Сөйлеуші *black* сөзін жағымсыз, *white* сөзін жағымды коннотацияда қолдана тұрып, «қараны жаманмен, ақты жақсымен байланыстыратын нәсілшілдік дәстүрдің келмеске кеткенін саналы түрде әлі де түсінбейді».<sup>27</sup>

Али Мазруи бұл дәстүрді Ібілісті қара, Періштені ақ етіп суреттеген христиан дінінің таралуымен байланыстырады. Ол Библия мен классикалық ағылшын әдебиетінен қара нәсілділердің ар-үжданына тиетін көптеген мысалдар келтіреді. Ағылшын тіліндегі әдебиеттерді Африка халықтарының тіліне аударуда бұл едәуір қызындықтар туғызатынын айтады. «Венеция көпесіндегі» Порция өзіне көнілін білдіруге келген ағылшын, неміс, француз ақсүйектерінен тұратын күйеу жігіттерді талқылай келіп, солардың қатарындағы Морокко ханзадасы тұралы үзілді-кесілді былай дейді: «*If he have condition of a saint and the complexion od a devil, I had rather he should shrieve me than wife me* / Жүргө әулиедей таза, жүзі Ібілістей қара болса, жарындағай емес, қызындағай қабылдасын/».

Зерттеу авторының пікірінше, қазіргі ағылшын тіліндегі түстерді білдіретін метафорикаға қатысты тез арада бір шара қолдану керек. Таяу ұақытта ағылшын тілінде сөйлейтін қара нәсілділер саны жағынан ақ нәсілділерді басып озады. Әлбетте, бұл *blackmail* (қара сөз) сөзін *whitemail* (ақ пошта) деп, *black market* (қара базар тіркесін *white* (ақ) не *brown market* (қоңыр базар) деп өзгерту керек деген сөз емес. Алайда ағылшын тіліндегі нәсілшілдіктің сарқыншағына саналы көзben қарап, тым болмаса ағылшын тілінің африкалық вариантына жаңа альтернативті метафораларды енгізу – оның позициясы мен танымалдылығын нығайта түсер еді. Али Мазруи африкалықтарға ағылшын тілін қабылдауда сынни көзben қарап, белсенді болу керектігін айтЫП, тілден нәсілшілдікті («Deracialization of English») аластатуға шақырады.

Әлеуметтік жағдайдың өзгеруіне байланысты, тілдік құбыльыстың әлеуметтік-мәдени шарттылығы өткір саяси мәселеге айналып отыр. Бұл «*Political correctness*» атты мықты мәдени, идеологиялық қозғалыстың бас көтеруіне негіз болды.

Сөз тіркестерінің әлеуметтік-мәдени шарттылығына тағы бірнеше мысал келтіре кетейік:

*He really loved to have white men staying on the place. And she was fascinated by the young gentlemen, mining engineers, who were his guests at times.*

*He, too, was fascinated by a real gentleman. But he was an old-time miner with a wife, and if a gentleman looked at his wife, he felt as if his mine were being looted, the secrets of it prived out (D.H. Lawrence).*

Ол үйіне ақ нәсілді адамдардың келгенін қалайтын... Ал әйеліне жас джентльмендердің, тау инженерлерінің үйіне тоқтағаны үнайтын. Ол да нағыз джентльмендерге қызыға қарайтын. Бірақ ол ескі заманның кеншісі еді, оның үстіне әйелі бар. Джентльмендердің көзі әйеліне түскенде, ол кенишін біреу тонап, бар құпиясын ашып қойғандай күй кешетін (Д.Г. Лоуренс).

<sup>27</sup> A. Mazrui. The political Sociology of the English Language. Mouton – The Hague, 1975, 81 6.

Үзіндідегі барлық атрибутты сөздер әлеуметтік-мәдени шарттылықты сақтаған. Шынайы өмірдегі бір-бірімен байланыстағы заттар мен ұғымдар сөйлеуші санасымен табиғи сәйкестік тауып, оның әлеуметтік тәжірибесін көрсетеді. *Real gentleman* тілдік құрылымының негізінде ағылшынтылді қоғамда қалыптасқан әлеуметтік құрылым, моральдық-этикалық кодекс жатыр. Сол секілді *old-time miner* тіркесінің негізінде де маңызды әлеуметтік факторлар бар, оларды білмейінше, аталған сөз тіркесін жасау, оны түсіну мүмкін емес.

Сондықтан да коммуникацияның негізгі шарты аялық білімнің болуы, яғни сөйлеушіге де, тыңдаушыға да тән реалий мен мәдениетті білу қажет деген сөз.

## §8. Тіл – мәдениет сақтауышы

Әрбір тіл – сол тілде сейлеушілердің жан дүниесін сақтаған ғибадатхана.

Оливер Уэнделл Холмс

Every language is a temple in which the soul of those who speak it is enshrined.

Oliver Wendell Holmes

Тіл адамның жан дүниесі мен мәдениетін бейнелеумен ғана шектелмейді. Оның аса маңызды қызметінің бірі – мәдениетті сақтап, оны үрпақтан-үрпаққа жеткізу. Демек, тіл жеке адамның, этикалық топтың, халықтың, ұлттың ұлттық мінезін қалыптастыруды маңызды рөл атқарады.

Тіл идиоматикасында, яғни тілдің ұлтқа тән белгілері сақтаған бөлігінде құндылықтар жүйесі, қоғамдық мораль, сол халықтың әлемге, адамдарға, жат жүртқа деген қатынасы сақталады. Фразеологияздар, мақал-мәтелдер бір мәдениет аясында шоғырланған белгілі бір қоғамның өмір салтын, географиялық орналасқан жерін, тарихы мен салт-дәстүрін барынша көркем бейнелейді.

Бұл жайында жазылған ғылыми еңбектер көп. Идиоматика ұлттық нақышы мен стильдік бояуы, мәдениетті жеткізуі сипатына орай тілші-ғалымдардың да, шет тілін үйренушілердің де назарын айрықша аударып келеді. Сөйлеудегі фразеология рөлінің ара салмағын ескерсек, бұған да ынтығушылықтың басым екенін көреміз. Идиомалар рөлі тым шектеулі, олар тамаққа қосатын дәмдеуіштер сияқты, шымшымдап, пышақтың ұшымен қосуды қажет етеді. Ал тамақты тіл деп алсақ, оның сөз берін сөз тіркесі деген бейтарап (идиомалық емес) құрамдас бөліктері бар. Тілдік бірліктер мен мәдениет, өмір салты, ұлттық мінез және т.б. арасындағы тікелей

байланыс (идиомаға негіз болған бейнелер, метафоралар арқылы) сан рет зерттеліп, айқындалған. Мәселен, ағылшын тіліндегі теңізге қатысты идиомалар Ұлыбританияның өткен ғасырлардағы өмір салтынан, яғни оны қоршаған аралдар мен теңіз тіршілігінен, теңізшілер өмірінен алғынған.

Тіл халық мәдениетін сақтап, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырады. Тіл халықтың шынайы өмірі мен мәдениетін қалай бейнелеп, ең бастысы қалай сақтайтынын қарастырып көрейік. Мысалы, монархия, оған халықтың қатынасы деген тақырыпты алайық. Басқаша айтқанда, орыс, ағылшын тілдерінде монарх, мемлекет билеушісі және оның ел басқару ісі қалай суреттелетінін қарастырып көрейік.

Ресейде де, Англияда да ғасырлар бойы монархия ел билеудің басты әрі жалғыз формасы болды. Бір қызығы, екі елде де монархия ел билеу тәсілі ретінде күшін жойды. Ресейде монархия 1917 жылы күшпен жойылса, Англияда ол ресми түрде бар болып есептегенімен, өткен күндерді еске түсіретін ескерткіш, сәнге қойылған анахронизм сияқты. Шын мәнінде монархтың қолында ешқандай саяси билік жоқ. Тіл, әлбетте, айна секілді қоғамның әлеуметтік, мәдени құрылымының маңызды жақтарын көрсетіп, оны өз қазынасына салып сақтайды. Ал енді, екі тіл өзінің осы қызметтерін қалай атқарғанын байқап көрейік.

«Монарх пен монархия» тақырыбындағы (царь, царица, царский, *king, queen, royal*) тілдік материалдарды қарастыру кезінде жағынды коннотациялардың, тілдік бірліктердің жағынды реңктерінің басым екені бірден байқалады.

Тілдің өзге қабаттарына қарағанда, идиоматикалық жүйенің ұлттық мәдени сипаты басым болады. Идиомалардың өн бойында сол ұлттың ұлттық құндылықтар жүйесі, ұлттық дүниетанымы, өзіне және өзге халықта деген көзқарасы, ұстанатын моральдық қағидаттары сақталады. Фразеологиялар, мақал-мәтеддер негізінде кез келген халықтың ұстанған мәдениеті, өткен тарихы, географиялық орналасу жағдаяты, ұстанған өмір салты көрнекі түрде айқындалады. Идиомалардың өн бойындағы ұлттық мәдени ерекшеліктердің басымдық танытуы, стилистикалық реңкі жоғары болуы, тілші ғалымдар, шет тілін үйренушілер тарапынан қатты қызығушылық тудырып келеді. Фразеологиялардың сөйлеу тіліндегі қолданысы өзге тілдік бірліктерге қарағанда пропорционалды емес. Сөйлеу тіліндегі фразеологиялардың қолданысы өте шектеулі, мұны тіліміздегі идиомалардың қолданысын тағамның дәмін келтіру үшін салынатын түрлі дәмдеуіштермен салыстыруға болады. Әдетте тағамға қосылатын дәмдеуіштердің қай түрі болмасын, пышақтың ұшымен ғана алғынЫп, өте аз мөлшерде салынады. Сөйлеу тілін қалыптастыруда фразеологиялардың аз-аэдан қолданып

отыру керек, ал сөйлеудің өзі көбіне бейтарап тілдік бірліктерден (сөз, сөз тіркесі) түзіледі.

Тілдік бірліктердің халықтың ұлттық мәдениетімен, ұлттық мінез-құлқымен, ұлттың өмір сүру салтымен тікелей байланысы көп-теген зерттеу еңбектеріне арқау болды. Ұлыбританияның аралдар арасында орналасуы, ағылшын халқының құнқөрісі өткен дәүірде осы аралдармен байланысты болғандығы, халық арасында теңіз-ші мамандығының кең таралуы – олардың тілдік санасында арал, теңізге қатысты өзіндік ұғым-түсініктердің, ағылшын тілінде «теңіз-ге» қатысты идиомалардың берік орнығына ықпал еткен. Белгілі бір тілде сөйлеуші ұжымның шынайы мәдени дүниесін өз тілінде қалай бейнелеп, сақталатынын көрсету үшін монархия және халықтың оған деген қатынасы тақырыбын қарастырып көрейік.

Ресейде де, Англияда да ғасырлар бойы негізгі басқару жүйесі монархиялық билік болды. Бір қызығы, екі елде де монархиялық билік тәңкеріс арқылы құлатылған болатын. 1917 жылы Ресейдегі монархиялық билік күшпен алынып, тәңкеріс негізінде құлады. Ал Англия жерінде әлі күнге дейін өткеннен қалған белгі ретінде тек декоративті анархия ретінде формальды түрде өмір сүріп келеді. Қазіргі кездे мұндай монархиялық биліктің ешқандай саяси құші жоқ.

Тіл – қоғамның мәдени және әлеуметтік құрылымының көрсеткіші және сол ақпаратты өн бойында сақтайтын қазына. Осы екі тілдік жүйенің жоғарыда аталған функцияны қалай атқаратынын сөз, тұрақты сөз тіркесі, мақал-мәтелдер негізінде қарастырайық. «Монарх және монархия» (царь, царица, царский, king, queen, royal) тақырыбына қатысты тілдік материалдарды (семантикалық өріс) зерттеуде көрсетілген тілдік бірліктердің жағымды коннотациялық реңкі бірден көзге түседі.

Екі тілдік жүйеде – ағылшын тілінде, тіпті орыс тілінің өзінде Кеңестік Ресейдің бірнеше онжылдықтар бойы монархиялық билікке қарсы антимонархиялық құрес жүргізгенімен, монархия билігін, оның даңқын, патшалықтың немесе корольдіктің бөлінбеуі, монархтың марапатталуы сияқты ақпараттар тілдік бірліктердің өн бойында сақталған.

### **Ағылшын тілінде:**

*The King can do no wrong* [Король не может быть не прав] – Корольдің қателесуі мүмкін емес.

*The King's word is more than another man's oath* [Слово короля больше, чем клятва простого человека] – Қарапайым адамның антына қарағанда, Корольдің сөзі артық.

*God save the King* [Боже, храни Короля] – Құдайым, Корольдің өмірін сақтай гөр.

*The faith's Defender* [Зашитник веры (король)] – Сенімнің (король) қорғаушысы.

*Kingdoms divided soon fall* [Царства, разделенные на части, скоро падут] – Екіге бөлінген патшалық ақырында құлайды. (Жарылған патшалық жалпасынан түседі).

**Орыс тілінде:**

*Государь, батюшка, надежда, православный (Патша, экей, үміт, православиелік).*

*Боже, царя храни (Құдайым, патшамызды сақтай ғер).*

*Без царя народ сирота (Патшасыз халық тұл жетім).*

*Где царь, тут и правда (Патша қайда болса, шындық сол жерде).*

*Без бога свет не стоит, без царя земля не правится (Жаратушысыз тіршілік болмайды, патшасыз жер басқарылмайды).*

*Без царя в голове. С царем в голове (Сөзбе-сөз: Патшасыз бас. Патшаның басында. «Басында ми жоқ. Ақылды адам» деген мағына береді).*

Ағылшын тілінде де, орыс тілінде де монархтар ең жоғары жетістіктерді иеленеді: ең ұлы, ең құдышетті, ең асыл, ең күшті, өзінің айналасындағы тұлғалардан әрдайым ерекшеленіп тұрады.

**Ағылшын тілінде:**

*King Arthur did never violate the refuge of a woman* [Король Артур никогда не переступал порога убежища женщины] – Король Артур ешуақытта әйел табалдырығын аттамаған.

*The King of Heaven Jesus Christ* [Царь Небесный (Иисус Христос)] – (Иса) Көктен түскен патша.

*King of Kings (Jesus Christ)* [Царь царей (Иисус Христос)] – (Иса) Патшалардың патшасы.

*King of Jews (Jesus Christ)* [Царь Иудейский (Иисус Христос)] – (Иса) Иудей патшасы.

*King of the beasts (the lion)* [Царь зверей (лев)] – Аң патшасы (арыстан).

*King of birds the eagle* [Царь птиц (орел)] – Құс патшасы (бүркіт).

*King cobra the world's largest venomous snake* [Королевская кобра (самая большая ядовитая змея)] – Жылан патшасы (ең ұлы жылан).

*King prawns / crab* [королевские креветки, рыбки] – Патша асшаяны, балығы/.

*Oil / cotton king* [нефтяной / хлопковый король] – Мұнай / мақта патшасы.



*King size* [королевский размер] – Патша өлшемі (Қазіргі мағынасы арнайы тапсырыспен тіктіретін киім, аяқиімдердің өлшемі. – Аудармашылардан).

#### **Орыс тілінде:**

*Царь Небесный (Иисус Христос)* – Көктен түскен Иса пайғамбар.

*Царь царей (Иисус Христос)* – Патшалардың патшасы (Иса).

*Царь зверей (лев)* – Аң патшасы (арыстан).

*Царь птиц (орел)* – Құс патшасы (төресі) (бүркіт).

*Человек – царь природы (Адам – табиғаттың патшасы).*

*Дуб – царь лесов (Емен – орман патшасы).*

*Царь – колокол (Қоңырау патшасы.* (Мәскеуде қоңырау мұсінделген алып ескерткіш бар. – Аудармашылардан).

*Царь – пушка (Зенбірек патшасы* (Зенбірекке де алып ескерткіш қойылған. – Аудармашылардан).

Осында сындық мағынада қолданылған *royal*, царский бірліктері де монархияны мадақтай келе, «патшана лайық», «сәнді, ұлы, құдыштеді» деген мағынаны білдіреді.

#### **Ағылшын тілі:**

*A king's ransom = a lot of money* [королевский выкуп = большая сумма денег] – патша төлемі = қомақты мөлшердегі сома.

*King's English* [королевский английский язык] – корольдік ағылшын тілі.

*A royal pardon* [амнистия (букв. королевское прощение)] – корольдік кешірім жасау.

*Royal eagle / leopard / stag / python* – [королевский (благородный) орел, леопард, олень, питон] – корольдік бүркіт, леопард, бұғы, питон.

*Kingly feast* [царское угождение] – патша ілтипаты.

*Royal we* – [Королевское мы] – король адамдарымыз.

*Royal visit, Royal yacht* – [Королевский визит, Королевская яхта] король сапары, корольдің кемесі.

*Royal fish* (*the fish which the crown has special rights: sturgeon, whale*) – [Королевская рыба (рыба, особые права на которую принадлежат Короне: осетр, кит)] – Патша балық (Король дәрежесіне лайық ерекше балық: осетр, кит).

*Royal oak* (*a spring of oak worn, to commemorate the restoration of Charles II in 1660. Hence Royal Oak Day – 29 May*) [Королевский дуб (дубовая веточка, которую прикрепляют к одежде в память о провозглашении Чарльза II королем в 1660 году). С тех пор 29 мая – День королевского дуба] – Корольдік емен (1660 жылы II Чарльз корольдікке сайланғанда еменнің бұтақшасын киіміне таққан). Содан бері 29 мамыр – корольдік емен күні саналады.

*Royal fern* [королевский папоротник] – қырыққұлақ (өсімдік бұта).

*Royal flush* (*the five highest card in one of the four different types*) [Королевский флэш (пять самых крупных карт одной или разных мастей)] – корольдік флэш (біркелік немесе әртүрлі түстерден біріккен бес ірі карта).

*Royal antelope* (*the smallest known – «king of hares»*) [королевская антилопа (самый маленький из известных видов антилоп, «король зайцев»)] – корольдік бәкен (бәкендердің белгілі түрлерінің ішіндегі ең кішкентайы, қояндар королі).

#### **Орыс тілі:**

Царская милость – Патша қайырымы.

Царская роскошь – Патша сән-салтана-ты.

Царский подарок – Патша сыйлығы.

Царский ужин, царский пир – Корольдік кешкі ас, корольдік мереке.

Царские врата – Корольдік қақпа.

Царское угожение – Патша ілтипаты.

Царский глаз далеко видит – Патшаның көзі алыстан көреді.

Царский гнев и милость в руке Божьей – Патша қаңары мен қайырымы бір Құдайдың қолында.

Царская воля – Патшаның қалауы.

На все святая царская воля – Қасиеттінің бәрі патшаның қалауымен.

Царский чертог – Патша залы.

Царская водка (смесь кислот, растворяющая золото) – Патша суы (алтынды ерітетін қышқылдар қоспасы).

Принять по-царски – Патша қабылдауы (салтанатты қабылдау).

Наградить по-царски – Патшалық марапаттау (керемет мара-паттау).

Не (царское) дело – Патша ісі емес.

Царские кудри (красная лилия) – Қызыл лалагүл.

Жоғарыда царь және король лексемасына қатысты айтылған барлық ұғым-түсініктердің царица мен королеваға да қатысы бар, бұл екі ұғым да өзгелерден өзінің жетістіктері бойынша ерекшеленеді.

#### **Ағылшын тілі:**

*Queen of glory / grace / paradise / woman* [Королева славы, грации, рая, женщин (Дева Мария)] – даңқ пен әсемдіктің, әйел мен жұмақтың патшайымы.



*Queen of heaven/the night/of tiders* [царица неба, ночи, приливов, (луна)] – көк (аспан), түн, ай, су ағынының патшайымы.

*Queen of all hearts/all society* [букв. королева сердец, общества, (покорительница сердец)] – қоғамның, жүректердің патшайымы (жүректі жаулап алушы патшайым).

*Beauty queen* [королева красоты, богиня красоты] – сұлұлық патшайымы.

*The queen of crime writers* [королева писателей-криминалистов] – жазушы-криминалистер патшайымы.

*Venice, the queen of the Adriatic* [Венеция, королева Адриатики] – Венеция – Адриатика патшайымы].

*The Latin, queen of tongues* [Ben Jonson, 1573-1637] Латынь, королева языков (Бен Джонсон, 1573–1637)] – Латын, тілдер патшайымы.

*Queen of pleasure* [королева наслаждения] – ләззат патшайымы.

*Queen bee/ant/wasp* [матка (букв. королева у пчел, муравьев, ос) – жатыр (сөзбе-сөз аудармасы: аралар мен шыбындардың патшайымы).

Орыс тілі:



Царица Небесная (Богоматерь) – Көк аспан патшайымы (Богоматерь).

Царица ночи – Түн патшайымы.

Царица общества – Қоғам патшайымы.

Царица моды – Сән патшайымы.

Царица бала – Би кешінің патшайымы.

Царица цветов – Гүл патшайымы.

Царица полей (пехота) – дақта патшайымы (жаяу әскер).

Царица (пчелиная матка) – патшайым (сөзбе-сөз аудармасы: ара жатыры, мағынасы: аналық ара).

Монархия тақырыбына қатысты ұзақ үақыт бойы орыс тілінде сақталып келе жатқан тілдік бірліктер бізді қызықтырады. Ресейде монархиялық билік талқандалды, тәлім-тәрбие, қоғамдық идеология анти monarхиялық сипатта болды, алайда не үкімет, не саяси идеология тілге ешқандай билігін жүргізе алмайды. Сол себепті патша мен оның билігіне қатысты сый-құрметтің көрсететін ақпараттар тілдік бірліктер арқылы бекітіліп, орыс тілінің лексикалық жүйесінде сақталып қалған. Мәселен, человек без царя в голове мәтелі «ақымақ, ақылы аз адамға» қатысты айттылады. Осы мәтелдің өзі-ақ патша мен оның патшалығына қатысты жақсы қарым-қатынастың сақталғанын көрсетеді. Ал патша сыйлығы (царский подарок), патша қайырымдылығы (царская милость), патшалық мереке (царское угощение) сынды тұрақты сөз тіркестері патшаның жомарттығы мен құдыреттілігін көрсетеді.

Егер Ресейде бір кездері монархияны қалпына келтіру жұмыстары жүргізілетін болса, онда бұл тілдің оң ықпалынан деп түсіну керек.

Дегенмен екі тілдік жүйеде халықтың монархиялық билікке қатысты өзіндік сынни қарым-қатынасы болғандығы да байқалады. Төменде берілген контекстер монархиялық биліктің кемшіліктерін, монархта лайықсыз мінез-құлықтың болғандығын айқынданай отырып, сенімсіздік пен қорқыныш туғызады:

#### Ағылшын тілінде:

*King Harry robbed the church, and died a beggar* [Король Гарри ограбил церковь, да умер нищим] – Король Гарри шіркеуді тонап еді, жоқшылықта көз жұмды.

*King loves the treason but hates the traitor* [Король любит предательство, но ненавидит предателя] – Король сатқындықты жақсы көреді, бірақ өзі сатқындарды иттің етінен де жек көреді.

*King and bears often worry their keepers* [Короли и медведи часто беспокоят своих сторожей] (Keeper – лорд-хранитель большой печати) – патшалар мен аюлар өздерінің қарауылдарын жиі мазалайды.

#### Орыс тілі:

*Где царь, там и страх* (Патша қайда болса, қорқыныш та сол жерде).

*Близ короля, близ смерти* (Корольдің маңы – өлімнің айналасы).

*Царь да нищий без товарищей* (Жолдассыз патша да кедей).

Төменде берілген контексте монархия билігінің халықтан алыстырынын, монархтың халықтан шыққан адамнан ешқандай айырмашылығы жоқтырынын, монархия билігінің күні санаулы екендігін білдіретін жағымсыз коннотация бар.

#### Ағылшын тілінде:

*King can make a knight, but not a gentleman* (Король может сделать человека рыцарем, но не джентльменом) – Король адамды рыцарь етуі мүмкін, бірақ джентльмен ете алмайды.

*Heaven is above all yet there sits a judge*

*That no king can corrupt* (*Shakespeare. King Henry VIII*).

Над миром небо есть. Там судья (Бұл әлемнен бөлек о дүние бар. Ол жақта сот бар).

Он не подкупен и для королей (О дүниедегі сотты патша да сатып ала алмайды) (У.Шекспир. Генрих VIII. Б.Томашевскийдің аудармасы).

*I think the king is but a man, as I am the violet smells to him as it doth to me* (*Shakespeare. King Henry V*).

Король такой же человек, как я (Патша да мен сияқты адам).

Фиалка пахнет для него так же, как и для меня (Шегіргүлдің

иісі маған қандай болса, патшаға да солай) (У. Шекспир. Генрих V. Е. Бирукованың аудармасы).

*Now the king drinks to Hamlet* [Король пьет здравье Гамлета] – Король Гамлеттің саулығы үшін ішіп жатыр (У.Шекспир. Гамлет. М.Лозинскиййдің аудармасы). Гамлеттен алынған бұл қанатты сөз «екіжүзділік» ұғымын білдіруде қолданылады.

#### Орыс тілі:

*До бого высоко, до царя далеко,  
Не ведает царь, что делает парь,  
Жалует царь, да не жалует парь.*

О.Д. Митрофанова орыстың «царь (патша)» сөзінің мәдени фоннының күрделілігі туралы қызықты мәліметтер келтіреді. Екі тілді әзербайжан жазушысы Чингиз Гусейновтың «Фатальный Фатали» атты тарихи романы алдымен орыс тілінде жазылып, содан кейін автордың өзі әзербайжан тіліне аударады. Бірақ «орыстілді мәтіннің қарсыласуынан» аударма жөнді болмайды. Бұған шығарма кейіпкері Мирза Фатали Ахундовтың, сондай-ақ автор Чингиз Гусейновтың орыс және әзербайжан мәдениетінің тоғысында тәрбиленуі ықпал еткен. Ч. Гусейнов өз шығармасын әзербайжан тіліне аудару идеясынан бас тартады. Автордың өзі мұны былай түсіндіреді: «Әзербайжан оқырманына бағытталған әзербайжан халқының шығармасын орыс тілінен аударылған нұсқа ретінде қалай ұсына аламын? Тек түпнұсқаның негізінде басқасын жазу жолы ғана қалды... бастапқы түпнұсқа негізінде жазылған шығарманың барлық сюжеттік-композициялық және концептуалды жүйесі әзербайжан тіліне аударған сәттен-ақ орыс тілінің ықпалына түсті. Өйткені алғаш мәтін осы орыс тілінде жазылған болатын, сондықтан еріксіз түрде шығарма мазмұнында орыс және еуропа тіліне тән реалиялар, материалдар қолданылып, осы халықтар мәдениетіне тән кейіпкерлер мен олардың тағдыры басшылыққа алынды. Тіпті шығыс материалының өзі орыс және еуропа халықтарының дәстүрі мен рухани дүниетанымы негізінде түсіндірілді».<sup>28</sup> Мысал ретінде орыстың «царь» сөзі талданады. Орыс мәтінінде басшылыққа алынған «царь» ұғымына қатысты сынни-ирониялық қатынас орыс халқының мәдениетінде ешқандай қарама-қайшылық түдірмайтын, үйреншікті түрде қолданысқа түскен тілдік фразаны өзге тілді мәтін мүлде қабылдамады, өзге тілдік жүйеге қарсы болды. Алайда патшалық биліктің ортақ белгілерін білдіретін жанама атауларын (мәселен, ханзада) қолдануда тіл ешқандай қарсылық танытпады және осы лексемаға қатысты сынни қарым-қатынас мәтін жүйесіне енгізілді. Бұл жердегі басты мәселе неде? Өйт-

<sup>28</sup> О.Д. Митрофанова. Лингводидактические уроки и прогнозы конца XX века // Материалы IX Конгресса МАПРЯЛ. Братислава, 1999 г. Доклады и сообщение российских ученых. – Москва, 1999. 352–353 66.

кені әзербайжан тілінде ақ патшаның бірде-бір жағымсыз бейнесі жоқ. Мұндай сыни тұрғыдан көзқарастың қалыптасуы әзербайжан халқының дүниетанымында жоқ, табиғатына тән үйреншікті нәрсе емес».<sup>29</sup> Орыс тіліне қарағанда, әзербайжан тілінде орыс патшасына деген сенімділік берік сақталған сияқты. Тілде мәдени ақпараттардың сақталатындығының айқын дәлелі ретінде университетті басқару жүйесіндегі терминдердің қолданысын алсақ та болады. Орыс және ағылшын тілдеріндегі университеттің басқару жүйесіндегі ректор, декан атауларының өн бойында Еуропаның көптеген мемлекеттерінде білім беру сол кезеңнің әлеуметтік институты ретінде саналған монастырь мен шіркеулерде жүргізілген-ді, соған сәйкес алғашқы білім беру жүйесінің шіркеулік бағытта болғаны туралы ақпарат сақталған. Содан кейін діни және зайдірлы білім беру жүйесі ретінде екіге бөлініп, соңғысы алдыңғысына қарағанда кеңінен тарапған болатын. Кеңестік Ресейде шіркеулік бағыттағы білім беру мүлдем жоққа шығарылып, оқытушылар да, студенттер де, олардың ата-аналары да осыдан көптеген жұз жылдықтар бұрын білім берумен тек дінбасылары ғана айналысқанын естен шығарды.

Англияда жоғарыда айтылған мәселе қаланың архитектурасын еске түсіреді. Ескірген университеттер әлі күнге дейін XIII, XIV, XV және кейінгі ғасырларда салынған, әрі монахтардың тұруына, әрі дұға оқуға арналған арнайы бөлмелері (келья), серуендеуге арналған атақты галереясы (*cloisters*) бар көне шіркеу ғимараттарында орналасқан. Одан кейінгі жылдары «қызыл кірпішпен» негізі қаланған жаңа университеттер де осы шіркеу архитектурасының үлгісінің негізінде салынған болатын.

Дегенмен ағылшын тілінде, әсіресе орыс тілінде университеттік білім берудің о бастағы тарихи негізін айқындаитын мәдени қабаты бар:

**Декан** – факультет басшысы. Бұл сөз неміс тілінде латын тілінен келуі мүмкін. Латын тілінде *decanus* тұлғасы бастапқыда «діни қызметкерлердің басшысы, яғни дінбасы», сондай-ақ «он монахтың басшысы» деген мағынада қолданылған (Ф).

**Dean** – 1. A head, a chief, or commander of a division of ten. 1483.  
3. Head of ten monks in a monastery 1643.  
4. Hence, the heart of the chapter in a collegiate and cathedral church. ME.  
5. A presbyter invested with jurisdiction or precedence (under the bishop or archdeacon) over a division archdeaconry.  
6. In other essi. uses 1647

**Декан** – 1. Он адамнан құралған бөлім командирі не басшысы (1483).  
3. Монастырьдағы он монахтың басшысы (1643).  
4. Университеттегі немесе кафедральды шіркеудегі діни қызметкерлердің басшысы.  
5. Епископ билігінің (ағылшын шіркеуіндегі епископ немесе архидиаконға бағынатын жергілікті діни басшы) жекелеген бөлігін қамтитын аймақ басшысы.  
6. Басқа шіркеулік қолданыста (1647).

<sup>29</sup> Сол жерде, 356 б.

7. Оксфорд не Кембридж колледждерінде кішкентай балалардың мінез-құлқына, тәрбиесіне қарауға тағайындалған шенеунік немесе шенеуніктер (1577).
8. Университеттегі факультет немесе оқу бөлімінің басшысы (президенті): АҚШ-та архивариус немесе факультет хатшысы (1524).
9. Президент, бастық немесе кез келген мекеме басшысы.

**Ректор – алғаш рет 1643 жылы латын тілінен поляк тіліне «rector» тұлғасында еніп, «мемлекетті басқару, елді басқару» мағынасына қолданылған.**

**Көне мағынасы:** а) Үкімет басшысы немесе аймақ басшысы, халықты, штатты, қаланы не мемлекетті басқаратын тұлға (1685); б) әлемді, адамзат баласын басқаратын Құдайға қатысты қолданылатын сөз.

Кез келген саладағы жоғары деңгейдегі бақылауды үйімдас-тыратын тұлғага қатысты қолданылады. Қазіргі қолданыста бул мағына мүлде жоқ (1482).

Білім беру саласында: а) университет, колледж, мектеп және діни үйімдардың (әсіресе иезуиттік мектеп не семинар) жоғарылаузының басшысы. Қазіргі ағылышын тілінде Оксфордтағы Линкольский және Эксетерский колледждеріне ғана қатысты қолданылады (1464). б) Шотландия университетінде: басты оғистердің бірінің басшысы (1522); в) құрлықтық университеттердегі әкімшілік үйімдардың басшысы (1548).

7. The officer or officers in the college of Oxford and Cambridge appointed to supervise to conduct and discipline of junior members 1577.
8. The president of a faculty or department of study in a University; in U.S. the registrar or secretary of the faculty 1524.
9. The president, chief or senior member of anybody (The Shorter Oxford).

**Ректор – алғаш рет 1643 жылы латын тілінен поляк тіліне «rector» тұлғасында еніп, «мемлекетті басқару, елді басқару» мағынасына қолданылған.**

**Rector – 1. The ruler or governor of a country, city, state or people 1685.**

b. Applied to God as the ruler of the world, of mankind, etc.

2. One who, or that which, exercises supreme or directive control in any sphere. Now rare. 1482.

4. In scholastic use: a. The permanent head or master of a university, college, school, or religious institution (esp. a Jesuit college or seminary). In Eng. use now applied only to the heads of Exeter and Lincoln Colleges, Oxford. 1464. b. In Scottish universities: the holder of one of the higher offices. 1522. c. The acting head and president of the administrative body, in continental universities. 1548. (The Shorter Oxford).

Мәскеу гуманитарлық университетінің (МГУ) өмірімен тікелей байланысты алынған мысалға назар аударайық. ММУ-дің өте биік монументалды ғимараттары зона деп аталатын бірнеше бөліктен құралады. Ректорат пен бірнеше факультет орналасқан орталық бөлігі А зонасы, университет емханасы орналасқан жер Е зонасы ретінде саналады, оқытушыларға арналған пәтерлер И, К, Л, Н – зоналарында, ал жатақхана Б, В, Г – зоналарында орналасқан. Қолданыстағы зона сөзін «сектор» сөзімен алмастыру сәтсіз аяқталды, ейткені мұндағы зона сөзі тілге етene еніп, сіңіп кеткен болатын. Бұл сөздің артында бүкіл Ресейдің тарихы жатыр. ММУ-дің ғимараттары жеңістен және соғыстан кейінгі репрессия жылдары, яғни 1948–1953 жылдары аралығында салынған болатын. Сол кезеңде ірі ғимараттар секілді ММУ-дің ғимараттарын да зонадағы тұтқын-

дар салған болатын. Зона – концлагерьдегі тұтқындардың өмірін сипаттайтын терминдердің бірі.

Осылайша, тіл – сол халықтың мәдениетін ғана емес, әлеуметтік өмір сүру ортасын, ұлттық ділі мен ұлттық дүниетанымын бейнелейді, сондай-ақ халықтың рухани және материалдық мәдениетін, әлеуметтік-мәдени қабатын өн бойында сақтай отырып, сол арқылы өскелең ұрпақты тәрбиелеудің, жеке тұлға ретінде қалыптастырудың бірден-бір тиімді құралдарының бірі саналады.

Алайда, тіл – тілдік қолданыстан шығып қалған сөздердің, олардың білдіретін ұғым-түсініктердің жиынтығынан тұратын қойма емес. Идиомалық тіркестер құрамында тілдік қолданыстан шығып қалған, мағынасы түсініксіз не күнгірттенген сөздердің болуы заңды нәрсе. Мәселен, *не зги не видно* идиомасы құрамындағы зги тұлғасы, *бить баклуши* тіркесі құрамындағы баклуши сияқты мағынасы күнгірттенген, түсініксіз сөздердің қолданылуы тіл-тілде қалыптасқан ережелерге бағынбайтын өзіндік ерекшеліктердің көрінісі.

Тіл – үздіксіз дамып отыратын тірі ағза секілді. Тілдік жүйеге қастьсты айтылатын «тірі тіл», «өлі тіл» деген метафоралардың қолданылуы текten-тек емес. Тіл – қоғамдық құбылыс болғандықтан, қоғам бар жерде ғана тіршілік етеді. Қайсыбір тілде сөйлейтін қоғам жойылғанда, сол халықтың мәдениеті де жойылады. Ал мәдениет пен қоғам жоқ жерде, сол қоғамға қызмет ететін тіл де өлі тілге айналады. Өлі тілдер тек жазба ескерткіштер тілінде ғана сақталады.

Бір қызығы, **тіл үшін сол тілдің өкілінен гөрі, халықтың мәдениеті маңызды саналады еken.** Рим империясының құлауымен бірге Рим мәдениеті де жойылды, осылайша латын тілі өлі тілге айналды. Сол кезеңдегі римдіктердің ұрпақтары күні бүгінге дейін Римде өмір сүріп келеді, алайда олар басқа тіл, басқа мәдениетті ұстанады. Көне грек және көне славян тілдері де сол сияқты: осы халықтың қазіргі ұрпақтары өз ата-бабаларының жазба ескерткіштерін арнайы тілдік зерттеулерсіз оқи да, түсіне де алмайды.

Ал мәдениеттің тілде бейнеленуі үздіксіз үдеріс (процесс) негізінде қарастырылады. Нақты айтқанда, халық өміріндегі әлеуметтік және мәдени өзгерістердің тілге ықпалы қандай болады, мәдениеттің даму үдерісі, сонымен бірге сол қоғамның айнасы саналатын тілдің даму үдерісінің қалай жүргізілетінімен байланысты.

## *II тарау*

### *Қоғам мәдениетінің өзгеруі мен дамуының тілдегі көрінісі*

#### **§1. Мәселенің қойылуы**

Кез келген тілдік жүйе үздіксіз дамып, жетіліп отырады. Өз ана тілінде сөйлейтін не жазатын индивид сол тілде сөйлейтін миллиондаған адамдарға еліктей отырып (егер бұл ірі халықтың дамыған тілі болса), тілдегі дайын түрған құрылымдарды қайталауды, тіл қазынасынан тілде әбден орнықсан сөйлеу актілерін, жүйелі түрде қолданысқа түскен сөз тіркестерін пайдалана отырып, өзіндік сөйлеу үлгілерін жасайды және тілдік шығармашылықты қалыптастырады.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> M. Цветаева. Лебединый стан. М., 1921, 32 б.

Мұндаидай тілдік шығармашылық өзара қайшылықтағы екі жолмен айқындалады: оның біріне стимул ретінде сөз шеберлерінің тілі алынуы мүмкін, екіншісі – тілдік қателер, ескертпелер, тілдегі кездейсоқтық. Тілді үйренуші шетелдіктің сөйлеу тіліндегі қателіктер тілдік шығармашылықтың стимулы ретінде қызмет етуі мүмкін. Бұл туралы Марина Цветаеваның мынадай жақсы пікірі бар: «Шетелдіктердің өзге тілде шүлдірлеп сөйлеуі үнайды, мәселен, Эмиль Людвиг жақындаған радиодан сөйледі. Оның французшасы – мұлдем нашар. Бірақ осының өзі жақсы!». Бұл жерде индивид үшін жаңа мүмкіндіктер ашылуы мүмкін. Әрине, бұлай деуге келмес, дегенмен тәжірибе ретінде байқап көруге болады. Ертеректе адамдар ешбір грамматикасыз сөйлеген, мұның өзі тілде көптеген ерекшеліктің, жаңа диалектілердің пайда болуына ықпал еткен.

Пушкиннің «Евгений Онегин» шығармасының кейбір нұсқаларында мынадай өлең жолдары кездеседі: «Үйлен!» – «Кімге» – «... Лидинаға» – «Не деген отбасы?! Олардың жаңғақтары түсіп жатыр, ал олар театрда сыра ішіп отыр». Қазіргі оқырман осы контекстегі нақты қандай әлеуметтік-мәдени жағымсыз коннотациялар шарасыз Лидинаға үйленуге қарсы болатынын, келген қонаққа жаңғақ ұсыну немесе театрда сыра ішу сынды әрекеттердің Пушкин заманында дворяндық күйеулердің ұстанатын нормасына қайши келуіне сәйкес оны отбасын құру мүмкіндігінен айыратынының себебін түсінбейді.

Әрине, жаңғақ және сырға сөздерінің контекске ешқандай қатысы

жоқ, сондай-ақ осы тілдік таңбалар астарында жатқан мәдени ақпаратты да көрсете алмайды. Алайда халықтың әлеуметтік өміріндегі (келген қонаққа жаңғақ ұсыну, театрда сыра ішү не ішпеу) өзгерістердің орын алудың қазіргі заманмен байланысының үзілүіне, сонымен бірге берілген сөздердің мәдени коннотацияларының жойылуына алдың келетіні белгілі нәрсе. Сондықтан арнайы зерттеулерсіз және соған сәйкес комментарийлерсіз қазіргі заманғы орыс оқырманына бұл контекст түсініксіз әрі оны қабылдау қынға соғады.

## *§2. Көркем әдебиетті түсіну мәселелері. Әлеуметтік-мәдени комментарий арқылы мәдени шиеленістерді шешу*

Классикалық көркем әдебиетті оқу және оны арнайы комментарийсіз түсіну қын. Негізі түсініктемені қазіргі кезеңде жазылған әдеби шығармалардың өзі талап етеді. Шетелдік оқырмандар үшін комментарийдің қажеттілігі айтпаса да түсінікті. Ал классикалық әдебиет үшін түсініктеме барлық уақытта керек. Өйткені қайсы-бір көркем шығарманың классикалық деп танылуы үшін белгілі бір уақыт қажет. Классикалық дәрежесінің артуына байланысты көркем шығарманың тілі де көнелене түседі. Классикалық көркем шығарма тілінің көнеленуі сол қоғамдағы әлеуметтік және мәдени өзгерістермен тікелей байланысты. Демек, қоғамның дамуына сәйкес орын алатын мәдениеттегі қарама-қайшылық, оның мәдени қақтығыстары тек төл және өзге мәдениет өкілдері арасында ғана емес екен. Халық өміріндегі әлеуметтік өзгерістердің тереңдеуі соншалық, өз ата-бабаларының мәдениеті мен дүниетанымын мүлде білмейтін белгілі бір мәдениетті ұстанушы халық өмірінде қарама-қайшылық пайда болады. Классикалық әдеби шығармаларға берілетін комментарийлер қазіргі және өткен кезеңді сипаттайтын тұңғылық терең су үстіндегі көпірдің немесе бүгінгі оқырманға өткен дәуірдің детальдерін көру мүмкіндігін беретін сыйқырлы көзілдіріктің қызметін атқарады.

1959 жылы «Вопросы литературы» журналында филолог Юрий Федосюктің жариялаған хатында: орыс классиктерінің шығармаларында Ресейдің тәңкөріске дейінгі тұрмыстық өмірін бейнелейтін жүздеген ұғым-түсініктердің кездесуі қазіргі оқырман қауымына «кедергі келтіретін тас» сияқты, не мүлдем түсініксіз, не мүлде көрінше ұғынылады деген болатын.

«Метрикалық жүйемен таныс менің өзіме иелігінде екі жұз дестина жері бар помещик бақуатты, әлде кедей тұратыны; «полштоф» арақ ішкен көпестің қатты мас екені; шайға «синенъкий», «красненький» не «семитка» беретін шенеуніктің жомарттығы түсінікті емес»<sup>2</sup>.

<sup>2</sup> Ю.А. Федосюк. Такое пособие необходимо // Вопросы литературы, 1959, № 6, 248 б.

Жоғарыда көтерілген мәселеге қатысты автордың жазған оқу құралы 1998 жылы «Что непонятно у классиков, или Энциклопедия русского быта XIX века» деген атпен ММУ-дің шет тілдері факультетінің профессоры, әрі Ю.А. Федосюктің ұлы М.Ю. Федосюктің басшылығымен жарыққа шыққан еді.

Бұл оқу құралында автор классикалық шығармалардың әлеуметтік-мәдени фонын түсіндіру қажеттігін негіздейді: «Иә, адам баласы қай кезеңде болса да, адамзат баласына тән іс-әрекеттермен өмір сүреді, яғни бір-бірімен дос та, дұшпан да болады, еңбек етеді, көңіл көтереді, өзінің өмірлік идеалдары үшін құреседі. Осындай ортақ қасиеттеріміз болмаса, өткен тарихи кезең туралы жазылған шығарманы оқудың қажеті де жоқ еді. Бірақ халықтың өткен тарихи кезеңіндегі өмір сүру жағдайы мен қазіргі заман адамдарының өмір сүру салтының көптеген ерекшелігі бар. Классикалық әдебиеттерде суреттелетін орыстың құнделікті тұрмысының тарихын білу – «орыс классикалық әдебиетін түсінуді, оны қабылдауды женілдету үшін үақытпен бүркемеленген мұнараны тазалау үшін қажет».<sup>3</sup>

Өзге мәдениет өкілдеріне бағытталған әлеуметтік-мәдени комментарий төл мәдениеттегі, соған сәйкес тілдік жүйедегі өзгерістерді көрсетеді. Шетелдіктерге бағытталған әлеуметтік-мәдени түсініктеме мәдени қақтығыстарды айқындал, сонымен қатар оны бірден реттеп отыруға септігін тигізеді. Тағы да қайталап айтамыз, мұндай қақтығыстар төл мәдениет пен өзге шетелдік мәдениет арасында ғана емес, классикалық шығармаларда көрініс тапқан өткен дәуір мәдениеті мен орыс халқының қазіргі үстанатын мәдениетінің арасында да кездеседі.

Зерттеу материалы ретінде ағылшын тілінде түсініктеме берілген Пушкин шығармаларының шетелдік (көбінде ағылшын тілінде) басылымдары қолданылды.

Мәтінді толық түсінуге, оқырманның аялық білімін толықтыруға, мәдениеттер қақтығысын болдырмауға бағытталған әлеуметтік-мәдени түсініктеме орыс тілін үйренуші шетелдік оқырманға қаншалықты қажет болса, орыстілді оқырманға да соншалықты қажет. Бұл жердегі маңызды нәрсе, комментарий оқырманға жазушының айтар ойын жеткізіп қана қоймайды, сонымен қатар сол идеяны қалыптастыруға негіз болады.

Әлеуметтік-мәдени түсініктемені реалияларды тілдік фактілерге қарама-қарсы қойып салыстыру үшін кейде тілдік түсініктеме

<sup>3</sup> Ю. А. Федосюк. Что непонятно у классиков, или Энциклопедия русского быта XIX века. М., 1998, 6 б.

деп те атайды. Тілдік комментарий белгілі себептерге байланысты оның орыстілді немесе шетелдік оқырманға арналуына байланысты ерекшеленеді.

Социомәдени түсініктемеге:

1. Историзмдер – оқырманға түсініксіз, белгілі бір тарихи кезеңге, қоғамдағы формацияға тән ұғым-түсініктердің халық өмірінен біржола ығысына байланысты не сол зат құбылысты таңбалайтын атаулардың тілдік қолданысынан шығып қалуы. Мысалы: *бармы, власяница, воевода, боярство, дьяк, бунчук, вече, плаха, приказный, разрядная книга, синклит*.

2. Архаизмдер – қолданыстан шығып қалған көне сөздер мен тұрақты сөз тіркестер: *свейский* (шведтік), *лях* (поляк), *егож* (шіркеуілік славян тіліндегі иже, еже қатыстық есімдігінің ілік септіктері формасы), *земь* (жер), *заутро* (ертең таңертен), *вечор* (кеше кешке), *дотоле* (до тех пор – әліге дейін), *борзый* (быстрый – жылдам).

3. Қазіргі орыс тілінде мағынасы өзгеріске түскен сөздер: *мамка* (сүт ана, бала бағушы), *мошонка* (дорба, әмиян), *гость* (көпес, шетелдік), *деньга* (бақыр ақша), *ток* (ағын, сұйықтық).

Жоғарыда көрсетілген сөздер сөздік құрамда әлі күнге дейін сақталғанымен, сөз мағынасы өзі таңбалайтын ұғымның жойылуымен өзгеріске түскен.

Мәселен, қазіргі кезде анаға қарата айтылатын *мамка* сөзі тұрмыстық-қарапайым сөйлеу тіліне тән, бірақ Пушкин «Борис Годунов» шығармасында бұл сөзді «сүт ана, бала бағушы» мағынасында қолданады:

*А тут народ волочит  
Бездожную предательницу-мамку.*

*Царские палаты. Царевич чертит географическую карту.  
Царевна, мамка царевны.*

Қазіргі тілдік қолданыстағы *мытарство* сөзі екпінді (бұрын мытарство) де, сөздің білдіретін «азап» мағынасын да өзгеріске түсірген. «Борис Годунов» шығармасында *мытарство* сөзі «салық төлету, әділетсіз пайда» мағынасында қолданылған. Мұнда «салық, төлем» мағынасында қолданылып тұрған мыт тұлғасы (осыдан *Мытищи, Мытная көшесі* деген атаулар тараған) болады. Пушкин өз кейіпкерінің образын аша тұсу үшін күзетшілердің алдында Варлаамның қарапайым сөйлеу тілін шіркеуілік славян тіліне әдейі алмастырып сөйлеткен. Қашқын, кәрі монах Варлаам осы *мытарство* тілдік бірлігін қолданады:

*Прииде грех велий на языцы земнии. Все пустился в торги,  
в мытарства.*

Қайыр-садақаның жұтандығына шағымданған Варлаам былай дейді:

*Ходишь, ходишь; молишь, молишь; иногда в три дни трех полушек не вымолиши. Такой грех! Пройдет неделя, другая, заглянешь в мошонку, а в ней так мало, что совестно в монастырь показаться.*

Полушка – «полкопейки», яғни жарты тиын деген мағынаны білдіреді. Бұл сөз реалиямен бірге тілдік қолданыстан шығып қалған, тек мына бір мақалдың құрамында кездесуі бұрын тілдік қолданыста болғанын дәйектейді: *За морем телушка полушка, за рубль перевоз.*

Мошонка сөзі «мошна» түбірінен негіз алып, «эмиян, сөмке, аузы байланатын дорбаша» мағынасын білдіреді (Д). Бұл реалияның қолданыстан шығып қалуы, сөз мағынасының да жойылуына алып келді. Қазіргі орыс тілінде бұл сөз «еркектің жыныс мүшесі орналасқан тері дорбаша» деген мағынада қолданылады (О).

Послушание (бойсұну) – Пушкин шығармасында шіркеулік термин сөз ретінде қолданады, яғни шіркеуде күнә жасағаны үшін ұзақ уақыт құлшылық ету жазасы, менменшілдіктің жоқтығын, бойсұнушылықты көрсету үшін өз еркімен кез келген жұмысты істей мағынасында жұмсалады.

#### ПИМЕН

*Тогда я в дальний Углич  
На некое был услан послушанье.*

Қазіргі орыс тілінде послушание сөзі «міндептілік, көнгіштік, тілалғыштық» мағынасында қолданылады.

Tіл лексемасының өзі бірнеше мағынаны (соның ішінде «әскери тұтқын» иеленетіні белгілі. Төмендегі kontekste «тіл» лексемасының ұмыт қалған мағынасы, тіпті Даңыздың сөздігінде «көне» мағынасы деген белгімен көрсетіліп, «жазалаушы, сот алдындағы әшкерелеуші, жауап алу кезіндегі жала жабушы» деген мағынасы берілген:

*Легко ль, скажи! Мы дома, как Литвой,  
Осуждены неверными рабами;  
Все языки, готовые продать,  
Правительством подкупленные воры.*

Ток сөзі қазіргі орыс тілінде негізінен электр жүйесіне қатысты терминологиялық мағынасында қолданылғанымен, оның «сорғалап аққан сүйіктік» деген мағынасы мүлде ұмыт қалған. Салыстырыңыз:

*Оставим их; пойдем, товарищ мой,  
Венгерского, обросшую травой,*

*Велим открыть бутылку вековую,  
Да в уголку потянем-ка вдвоем  
Душистый ток, струю, как жир, густую.*

(Борис Годунов)

4. Элеуметтік-мәдени аялық білім жүйесін талап ететін реалиялар, сілтемелер, аллюзиялар бар. Мұндай аялық білім жүйесі қазіргі орыс оқырманы мен шетелдік оқырмандарда қалыптаспаған. Комментарийдің бұл түрі автор мен оның кейіпкері үстанатын мәдениет өкілдеріне де қажет дүние, өйткені қазіргі оқырмандарда өзара, екі жақта бірдей (*shared code*) код ретінде көрініс табатын әрі коммуникация негізі саналатын аялық білім жүйесі қалыптаспаған.

Мұндай сипаттағы комментарийді қазіргі тілге «аудару», автордың қолданысындағы көнерген сөздің қызметін түсіндіріп беру оңай емес. Өйткені көнерген сөздің қолданысы контекстке бағытталған. Демек, көнерген сөздер автордың түпкі ойын ашуға көмектеседі, кейіпкерлердің мінез-құлқын, белгілі бір тарихи кезеңге тән оқиғаларды сипаттауда, авторға белгілі және түсінікті дүниелерді ашып түсіндіруге негіз болады.

Мысал келтірейік:

### **ВОРОТЫНСКИЙ**

*Ведь Шуйский, Воротынский...  
Легко сказать, природные князя.*

### **ШУЙСКИЙ**

*Природные, и Рюриковой крови.*

### **ВОРОТЫНСКИЙ**

*А слушай, князь, ведь мы б имели право  
Наследовать Феодору.*

### **ШУЙСКИЙ**

*Да, более,  
Чем Годунов.*

Пушкиннің «Борис Годунов» драмасынан алынған негізгі ұғымдардың бірі – *рюриковая кровь*. «Борис Годунов» драмасының ағылшынтылді басылымында «рюриковая кровь» ұғымына мынадай комментарий берілген: Князь емес Борис Годуновтан өзге әрбір орыс князіне өз тегі (қаны) бойынша мұрагерлік жолмен Русь елінің бірінші билеушісі Рюриктің есімімен байланысты титул беріліп келген.<sup>4</sup> Демек, «князь» титулы олардың рюриктер тегіне жататынын, өзге орыс князьдерінің Борис Годуновтан ерекшелігін көрсетеді.

<sup>4</sup>Theoretically at least, every Russian boyar who bore the title князь was descended from Riurik the Varangian who, according to tradition, founded the Russian state around A.D. 862. His blood was therefore as noble as that of the ruling dynasty [Князь титулын иеленген әрбір орыс боярині жазбаларда көрсетілгендей 862 жылы Русь елінің негізін қалаған варягтар руына жататын Рюриктің үрпағы саналады. Осылайша оның тегі (қаны) династияны басқаруышы патшаның тегі сияқты ақсүйектер тегі саналды] (А.С. Пушкин. Борис Годунов. Bristol, 1995. 123 6.).

<sup>5</sup> Godunov was supposed to have been descended from a certain Tartar prince who came to serve Ivan I («Kalita») in the first of the 14th century. The Godunovs had been for generations free servants of the Grand Dukes of Muscovy. But Boris was the first Godunov to be made a boyar. The Czarina, Maria Godunova, was in fact the daughter of Grigory Luk'ianovich Skuratov-Bel'sky, nicknamed Maliuta, longtime favourite of Ivan IV and the most notorious of the oprichniki [Борис Годунов XIV ғасырдың басында I Иванның (Калита) қарамағында қызметте болған татар князінен тараған деген болжам бар. Годуновтардың бірнеше ұрпағы Московскийлердің ұлы Княздерінің ерікті құлдары болған. Борис – осы Годуновтар тегінен шыққан бірінші боярин. Патшайым Мария Годунова – IV Иванның ұзак жылдар бойы басқалардан мәртебесі жоғары болған ері опричнитердің (жоғары лауазым иесін қорғаушы) басты жетекшісі ретінде теріс атағымен кең тараған Григорий Лукъянович Скуратов-Бельскийдің қызы, лақап аты – Малюта. (Ibid., 123 б.).]

Жоғарыда берілген бұл фактілерді білу – драманың коллизиясына, яғни қарама-қарсы құштердің, мұдделердің қақтығысының негізін айқындал береді, қаны бойынша рюриктер тегіне жататын князьдарға деген өкпе-ренішін, жалған атақпен жеткен жетістіктерін, Годуновтан кейінгі трондағы Шуйскиймен байланысты орыс тарихының дамуына қатысты оқиғаларды түсініп қабылдаудына оқырманның көзін ашады. Годунов «құдіретті Ионналар» мен «ангел-царь (перште-патша)» атағын иеленген III Иван, IV Иван Грозный билігін қабылдайды.

Орыс халқының басынан өткерген төрт жұз жылдық тарихын жақсы біле бермейтін қазіргі оқырманның «ангел-царь (перште патша)» ұғымы туралы нақты мәдени ақпараты болмауы мүмкін. Өзінің жуастығы мен момындығының арқасында Иван Грозныйдың момын баласы Феодор патша «ангел-царь» мәртебесін иеленген болуы керек.

Бория Годуновтың туыстық қатынасы туралы көрсетілген комментарийден кейін берілген үзінділер оқырманға түсінікті болады. Борис Годуновтың туған әпкесі – жесір патшайым, Иван Грозныйдың ұлы Феодор патшаның әйелі. Ал өзінің әйелі – опричнитердің (сақшы) жетекшісі Малюта Скуратовтың қызы.<sup>5</sup>

Но месяц уже протек,  
Как, затворясь в монастыре с сестрою,  
Он кажется покинул все мирское.

Его сестру напрасно умоляли  
Благославить Бориса на державу;  
Печальная монахиня-царица,  
Как он тверда, как он неумолима.

#### Ары қарай:

Какая честь для нас, для всей Руси!  
Вчераший раб, татарин, зять Малюты,  
Зять палача и сам в душе палач,  
Возьмет венец и бармы Мономаха...

Годунов қайтыс болғаннан кейін «занғы патша» ретінде Лжедмитрий таққа отыратын кезде халықты өзінің алдындағы билеушілеріне қарсы қояды:

Московские граждане!  
Мир ведает, сколь много вы терпели.  
Под властью жестокого пришельца:  
Опалу, казнь, бесчестие, налоги,  
И труд, и глад – все испытали вы.

Комментатор осындағы «жестокий пришелец (қатал келімсек)» ұғымының астарында Борис Годуновтың татар тегінен шыққанын көрсету үшін қолданылғанын түсіндіріп өтеді.<sup>6</sup>

Жүз жыл бойы татардың қанаушы билеушісінен зәбір көрген халықтың әрекеті түсінікті:

*Взять! Топить! Да здравствуйте, Дмитрий!  
Да гибнет род Борис Годунова!*

<sup>6</sup> An allusion to Godunov's Tartar origin [Намек на татарское происхождение Годунова] (*Ibid.*, p. 121).

Қазіргі оқырман тарапынан ұмыт қалған сонау Пушкин замандастарына жақсы таныс сол кезеңнің өмір сүру салтын, тұрмыстағы көнеленген детальдарды түсіндіріп беру кеңінен таралған комментарий саналады. Мұндай ұмыт қалған, көнеленген детальдар кейіпкерлердің сыртқы және ішкі жан дүниесін ашып көрсетуге, автордың кейіпкерге деген қарым-қатынасын, сол кезеңге деген қазіргі оқырман қауымның бағасын көрсетуде маңызды саналады.

«Көзілдірік» арқылы станционный смотритель (станция бекетшісі) ұғымының қалыптасу тарихы туралы комментарийді қарастырайық.

*Находился я в мелком чине, ехал на перекладных  
и платил прогоны за две лошади.*

«Белкин повестерінің» оқулық мақсатында шығарылған базылымдарының комментаторларының көбі бұл фразаның ағылшын тілінде аудармасын берумен ғана шектеледі, кейде ешқандай комментарий берілмейді. Алайда қазіргі оқырманға Пушкин кезеңінен бері қоғамда орын алған өзгерістер жүйесін түсіндіріп отыру керек.


Әрбір бекет сайын алмасып жегілетін үш атпен жүру (езды на перекладных) тек пошта тасуға арналған жолмен жүргенде ғана іске асады. Ондай жолмен пошта жүйелі түрде өз аялдамасы бар стансаларға тасымалданады. Станса бекетшісіне (станционный смотритель) подорожная, яғни жегілетін аттың тиісті мөлшерін анықтайтын шені бар қуәлігін көрсетеді. Прогоны – қазынадан бөлінетін жол жүргуге арналған ақы. Ең бастысы, ең тәменгі қызметшіге үш аттың орнына екі аттан берілетін болған.<sup>7</sup> Осылардың барлығы әңгіме айтұшының да, өз оқиғасын өзі сияқты тәмен сословиеден шыққан адамға сеніп тапсырған қамқорлықты сипаттайды.

Мұндай мысалдарды көпtek келтіруге болады, негізгі айтылатын ой анық: қоғам үнемі даму, өзгеру үстінде болады, сол қоғамдық өзгерістерді бейнелейтін тілдік жүйе де өзгеріске түседі. Өзгерістер қаншалықты күшті болса, мәдени ақпаратты соншалықты толықтыратын комментарийлер керек.

5. Оқырман тарапынан ұғымынылмайтын «түсініксіз жерлер» тарихи фактілерге қатысты түспалдар, өмір салты, оқиғалар, тұрмыс детальдары.

<sup>7</sup> For the travels of low-ranking officials the State Treasury paid for only two horses (out of usual team of three) [Путешественникам низких рангов государственное казначейство оплачивало лишь двух лошадей (а не обычную тройку)] (A.S. Pushkin. Tales of the Late Ivan Petrovich Belkin. Oxford, 1947, p. 59).

«Сығанның бейбіт өмірінің» бейнесі жалпы халықта таныс, бұған Алеконың образы («Цыганы») толық сәйкес келеді:



*Старик лениво в бубны бьет,  
Алеко с пеньем зверя водит,  
Земфира поселян обходит,  
И дань их вольную берет;  
Настанет ночь, они все трое  
Варят нежатое пшено;  
Старик уснул – и все в покое...  
В шатре и тихо и темно.*

<sup>8</sup>А.С. Пушкин. Цыганы. London. 1962, 27 б.

<sup>9</sup> In the first edition the name of the stationmaster was given as Simeon Vyrin but the mistake was immediately corrected in the list of printer's errors appended to the volume, showing that the original name, Samson, referring to the biblical hero deprived of his power by a woman, was important to Pushkin [В первом издании имя станционного смотрителя приведено как Семен Вырин. Ошибка была сразу же указана в списке опечаток, прилагавшихся к изданию, где подчеркивалось, что подлинное имя, Самсон, ассоциирующееся с библейским героем (тот был лишен силы женщиной), было очень важно Пушкину] (A. Pushkin. Complete Prose Fiction. Translated by P. Debreczeny. California, 1983, p. 96).

<sup>10</sup> The detail is autobiographical: like Silvio's young adversary, Pushkin was eating cherries at the time of his duel in Kishinev with Zubov, a staff officer [Это автобиографическая деталь: как и противник Сильвио, Пушкин ел вишню во время своей дуэли в Кишиневе с Зубовым, штабным офицером] (A. Pushkin. Tales of the Late Ivan Petrovich Belkin. Oxford, 1947, p. 18).

Бұл жердегі рахат өмір (идиллия) «сығылмаған бидай» үғымына негізделіп тұр. Бұл туралы мынадай комментарий беріледі: «lit. «unreaped millet», i. e. stolen from the fields (сөзбе-сөз: сығылмаған бидай, яғни егіс даласынан ұрланған бидай).<sup>8</sup> «Әлемнің еркін тұрғыны», «ағартушылықтың шынжыр бұғауын жек көруші» ұрланған бидаймен қоректенеді. Бұл тұрмыстық деталь сыған өмірінің екі жақтылығын, оның екіжүзділігін, тубі жақсылықпен аяқталмайтын жарапанған жаңының ішкі құресін көрсетеді.

«Белкин повестерінің» калифорниялық басылымында «Станционный смотритель» шығармасындағы Самсон Вырин атты кейіпкерінің есіміне байланысты берілген түсініктемеде шығарманың бірінші басылымында кейіпкердің есімі Вырин Семен деп айтылғаны, оның қолмен теруде кеткен қате екені және оның бірден түзетілгені туралы айтылады. Түсінік берушінің пікірінше, Пушкин үшін Самсон есімі маңызды, өйткені осындай есімді библия кейіпкерін бір әйел өлтірген еді.<sup>9</sup>

«Выстрел» повесіндегі дуэль қойылымында Сильвионың өлім алдында сабырлылық танытуы өз бақталасының ашу-ызызын тудырады: «Ол тапаншаның астында тұрып, өз фуражкісінен піскен шиелерді таңдал жеп, сол шиенің сүйектерін түкіргенде маған дейін жетіп жатты». Түсініктеме авторы оқырманға бұл қойылымының автобиографиялық (өмірбаяндық) сипаты бар екенін былайша түсіндіреді: «Кишиневте штаб офицері Зубовпен болған дуэльде Пушкин де дәл осы кейіпкер сияқты шие жеп тұрған».<sup>10</sup>

Тағы бір мысал: «Ұзақ уақыт бойы талғампаз құлдың губернатордың түскі асында маған тамақ үlestіргеніне үйрене алмай-ақ қойдым». «Белкин повестерінің» оксфордтық басылымында бұған қатысты маңызды және құнды түсініктеме беріледі: *This sentence obviously refers*

*to a personal recollection: the unpleasant experience had happened to Pushkin himself at a dinner given by Strekalov, the military governor of Tiflis, during a journey made by the poet to the Caucasus in 1829, therefore a year before he wrote «The Stationmaster». The incident is mentioned in «Путешествие в Арзрум». Ch.2 [Осы фразаның қалыптасуының өзіндік естеліктері бар: «Ақын Пушкин бұл келеңсіз жағдайға Тифлистің әскери губернаторы Стрекаловпен түскі ас кезінде тап болған, ақынның 1829 жылы Кавказ еліне саяхаты кезінде және «Станционный смотритель» шығармасының жазылуына бір жыл қалғанға дейін болған оқиға. Бұл оқиға туралы «Путешествие в Арзрум» естелігінде айтылады].<sup>11</sup>*

6. «Белгілі бір кезеңмен, үақытпен байланыстың үзілігіне» қатысты фактілер.

Кейбір кезде пушкиндік кезеңге тән мәдениет пен қазіргі заманға тән мәдениеттің арасындағы айырмашылықтың айтарлықтай елеулі болатыны соншалық, белгілі бір фактіге түсініктеме бере алмайсың. Жоғарыдағы «Евгений Онегин» шығармасының алғашқы жазбасынан «жаңғақтары түсіп жатқан, өздері театрда сыра ішіп жүрген отбасының қызына үйленуден бас тартқаны» туралы дерек келтірген болатынбыз. Мұндағы мәдени ақпарат жұмбақ күйінде қалады, өйткені үйге келген қонақтарға жаңғақ ұсыну, театрда сыра ішу қазіргі кезде жағымсыз коннотацияны иеленбейді.

«Борис Годунов» шығармасынан тағы бір мысал келтірейік. Варлаамның әкесі Гриша Отрепьев туралы былай дейді:

*«Сам же к нам навязался в товарищества, неведомо кто, неведемо откуда еще спесивится; может быть кобылу нюхал..»* (Өзі ғой жолдастыққа сұранған, кім екені белгісіз, менмендігі қайдан шығары да белгісіз, мүмкін «кобыланы» ііскеген шығар).

Комментарииде берілген ұғым-түсініктің тілдегі тұрпайы, дөрекі ұғымдар саналатыны айтылады. Осы ұғымның білдіретін мағынасына түсінік берілмеуі Пушкиннің ертедегі сыншылары тарапынан наразылық түдүрді.<sup>12</sup> «Кобылу нюхал» фразалық тіркесіндегі кобыла лексемасының білдіретін мағынасы «ғасырлардың қойнауында» жатыр: сот үкімі бойынша қамшымен жазалау «кобыла» аталатын тақтайдың үстінде орындалатын.<sup>13</sup>

<sup>11</sup> А.С. Пушкин. Цыганы. London, 1962, p. 60.

<sup>12</sup> It is this kind of shocking vulgar language that caused the indignation of some of Pushkin's early critics [Это как раз тот тип шокирующего, вульгарного языка, что вызвал негодование ранних критиков Пушкина] (А.С. Пушкин. Борис Годунов. Bristol, 1995, p. 116).

<sup>13</sup> А.С. Пушкин. Борис Годунов. Комментарий Л. М. Лотман и С. А. Фомичева. Спб., 1996, 363 б.

## **§3. Әлеуметтік-мәдени комментарийдің түрлері**

Салыстырмалы зерттеулер, реалияларға берілген түсініктемелер тіл мен мәдениеттегі өзгерістерді, яғни әлемнің тілдік бейнесіндегі мәдени өзгерістердің бейнеленуін айқын, нақты көрсетіп бере алады.

Орыс тілін үйренуші ағылшын тілді оқырмандарға арнайы бағытталып шығарылған «Белкин повестеріне» берілген түсініктемелерді мысалға алып қарастырайық:

1. Лондон (Three Tales by Pushkin. Translated by R. T. Curall. London, 1945).
2. Оксфорд (a. S. Pushkin. Tales of the Late Ivan Petrovich Belkin. Oxford, 1947).
3. Мәскеуде «Русский язык» баспасынан шыққан (А. С. Пушкин. Повести Белкина. – М., 1975).
4. Калифорния (A. Pushkin. Complete Prose Fiction. Translated by P. Debreczeny. California, 1983).

Мұнда орыс тілін үйренушілерге тілді меңгерудегі қыындықтар, тілден тысқары жатқан фактілер: мәдениет пен тұрмысқа тән реалиялар, тарих, халықтың әлеуметтік өмірі және т.б. жайында түсініреді. Тілден тыс фактілерге, оның ішінде, географиялық атаулар, кісі есімдері, Ресейдің әлеуметтік және мәдени өміріндегі құбылыстарға тоқталамыз. Тілден тыс мұндан фактілерге түсініктеме беру тілдік түсініктемеден ғері оңайырақ саналады.<sup>14</sup>

Бір қызығы, тілде әбден орныққан, түсіндірілуі жеңіл деген материалдың өзіне комментатордан үлкен шығармашылықты талап етпейтін түсініктеме берудің түрлі тәсілдері бар.

Шынында, бұл пікірдің қандай да бір фактіге байланысты түсініктеме анықтамалық сөздіктерден алынған жағдайда, берілетін түсініктеме энциклопедиялық түрғыдан сипатталғанда ғана негізі бар деуге болады. Ал түсініктеменің бұл түрін шартты түрде энциклопедиялық түсініктеме деп атауға болады. Дәл осылайша «Сенатские ведомости», Бородино, Артемиза, Никитские ворота, «Недоросоль», Фонвицин, «Жоконд», Георгий в петлице және тағы басқа реалияларға байланысты түсініктеме энциклопедиялық түрде жүргізілген.

Жоғарыда аталған фактілерге қатысты берілген барлық түсініктемелер көркем мәтінмен байланыссыз түрде, энциклопедиялық негізде жүргізілген. Комментаторларға қойылатын басты талап – оқырманды шатастырмайтын дәл ақпаратты беру. Мәселен, «Метель» шығармасындағы Бородиноны еске түсіргенде, осы атауға қатысты барлық мәліметтер әртурлі деңгейде толықтырылып

<sup>14</sup> «Нетворческий характер носит объяснение различных географических, исторических и прочих реалий. Преимущество комментатора перед читателем в данном случае в том, что в его распоряжении имеются многочисленные справочные издания, которыми учащийся обычно не располагает» (В.И. Фатющенко. О филологическом комментарии к учебному тексту // Melbourne Slavonic Studies, 1971, Nos 5–6, p. 52).

беріледі, бірақ түсініктемеде берілген мәліметтердің өзі объективті сипатта болғандықтан, таза энциклопедиялық түсініктеме саналады. Мұнда не лингвоелтанымдық, не контекске байланысты айқындалатын коннотация да ашылмайды.

**London, 1945:**

*The battle which was fought at Borodino on August 24-26, 1812. The Russian lost 50 thousand killed and wounded, but the engagement was not fought to a finish, and Napoleon understood that the war with Russia was only beginning [1812 жылы 24–26 тамыз аралығында Бородино үшін шайқас өтті. Орыстардан елу мың әскер қаза болып, сонау әскер жарапанды, бірақ олардың сағы сынбады. Наполеон Ресеймен соғыстың енді ғана басталғанын түсінді].*

**Oxford, 1947:**

*The Battle Borodino was fought on 7-th September, 1812 (according to the Russian calendar, 26-th August) [Бородино үшін шайқас 1812 жылы 7 қыркүйекте болды (орыс күнтізбесі бойынша 26 тамыз)].*

**Moscow, 1975:**

*On the 26-th of August, 1812, a most important battle of the Patriotic War was fought between the Russian and the French armies at the village of Borodino (approx. 69 mi. from Moscow) [1812 жылдың 26 тамызында орыс және француз әскерлері арасында Бородино елді мекеніне жақын жерде (шамамен Мәскеуден 69 километр қашықтықта орналасқан) Отан үшін шайқас өтті].*

Міне, энциклопедиялық түсініктеме дәл осылай беріледі. Дегенмен реалияларға берілетін түсініктемелерге шығармашылық тұрғыдан келуге болады. Бұл жағдайда түсініктеме жалпы филологиялық және әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерді қамтиды, сонымен қатар мұндай нақты ақпараттар, қосымша мәліметтерді иеленеді. Атап айтқанда, бір жағынан саяси, ұлттық мәдени-тұрмыстық ерекшеліктерді қамтиды, екінші жағынан берілген фактілермен, жеке атаулармен, көркем шығарма авторымен және кейіпкерлермен байланыс орнатады.

Түсініктеменің мұндай түрін зерттеу немесе шығармашылық түсініктеме ретінде тануға болады. Өйткені тілден тыс фактілер түсініктеме авторынан зерттеу жүргізуді, шығармашылықпен қарауды талап етеді.

Реалияларға зерттеу жүргізуді қажет ететін түсініктеме өз құрамына энциклопедиялық түсініктемені ала отырып, мынадай қасиеттерге ие болуы тиіс:

1. лингвоелтанымдық (тілден тыс фактілердің ұлттық ерекшеліктерін айқындауды);
2. контекске бағытталған коннотация (берілген көркем шығармадағы тілден тыс фактінің рөлін айқындауда көрсетеді).

Лингвоелтаннымдық түсініктемеге Тула атауына берілген түсіндірме мысал бола алады (запечатав оба письма тульской печаткой – в «Метели» (екі хатқа да тулалық мөр басып), орыс халқының тілдік санасында Тула атауы самаурынымен, қару жасаушыларымен, Ресейдегі металл, күміс құюмен айналысатын шеберлерімен есте қалған (ассоциацияланады).

London, 1945:

*Tula is the capital of the government of the same name in Central Russia. It is famous for the manufacture of hardware (iron and silver)* [Тула – орталық Ресейдегі дәл осылай аталатын губернияда орналасқан басты қалалардың бірі. Металдан (күміс және темір) құйылған өнімдерімен танымал.

Oxford, 1947:

*So called because of the town of Tula famous for its metal-work* [Металдан құйылған өнімдерімен танымал болғандықтан, Туламен байланысты аталады].

Moscow, 1975:

*A seal made in the town of Tula, which was famous for its hardware (iron and silver)* [Мөр – металл (темір мен күміс) өнімдерімен танымал Тулада жасалған].

Жоғарыда аты аталған «Метели» шығармасындағы Артемиза есіміне берілген түсініктемені қарастырайық: «Артемизаның батырға деген әдалдығына, өз абыройын берік сақтайтынына риза болған көршілері батырдың келүін ерекше ықыласпен күтті.

London, 1945:

*Artemisia. Queen of the city of Halicarnassus in Caria renowned in history for extraordinary grief of the death of the husband (fourth century B.C.)* [Артемисия. Қайтыс болған күйеүін жоқтап қайғыратын, жұбанышы жоқ жесір атымен тарихта қалған Кариядағы Галикарнас қаласының патшайымы (б.д.д. IV ғасыр)].

Oxford, 1947:

*Artemisia 2 (4-th century B.C.), queen of Halicarnassus in Asia Minor who erected in memory of her husband Mausolus a magnificent monument therefore called Mausoleum, which was considered one of the seven wonders of the world* [Артемисия 2 (б.д.д. IV ғасыр), Кіші Азиядағы Галикарнас қаласының патшайымы, өзінің қайтыс болған күйеүі Мавсал патшаға арнап керемет ескерткіш орнатқан, сол себепті кесене осы атауға ие болған. Бұл кесене «әлемдегі жеті кереметтің» бірі саналады].



**Moscow, 1975:**

*Artemisia (4-th cent. B.C.), a legendary queen of Halicarnassus, Asia Minor, known for her boundless devotion to her husband, King Mausolus. After the King's death she had a magnificent tomb (the Mausoleum) built in his memory. One of the wonders of the World* [Артемисия (б.д.д. IV ғасыр), қайтыс болған қүйеуіне деген шексіз махаббатын сақтаумен аты аңызға айналған Кіші Азиядағы Галикарнастың патшайымы. Патша қайтыс болғаннан кейін, оған арнап керемет мазар салдырады. Бұл мазар «жеті кереметтің» бірі саналады].

**California, 1983:**

*Artemisia (350 d. ca. B.C.) bereft widow of Mausolus, King of Caria (d. ca. 353 B. C.) erected a tomb (Mausoleum) in his memory in Halicarnassus* [Артемисия (Х.Р. дейінгі 350 ж.) Мавсал патшаның (Х.Р. дейінгі 353 ж.) қазасына қатты қайғырған, жұбанышсыз жесірі. Галикарнаста қүйеуіне арнайы ескерткіш ретінде кесене салдырған].

Берілген төрт түсініктеменің ішінде оксфордтық нұсқасы энциклопедиялық сипатқа ие: мұнда оқиғаның мерзімі, мекені, Артемисияның жағдайы туралы ақпарат беріледі. Қүйеуіне арнап салдырған кесененің «жеті кереметтің» бірі саналатыны (шығарма мәтініне тіке-лей қатысы жоқ) жөнінде мәліметтер береді. Алайда «Артемисияның қайтыс болған қүйеуін жоқтап, қайғы-қасірет шегудің» нышанына айналғаны туралы мәселе түсініктемеде ескерілмеген.

Бұл қосымша мәліметтің контекстуалды-бағыттық түрғыдан лондондық, мәскеулік және калифорниялық нұсқаларында қамтылғанын айта кеткен жөн. Дегенмен лондондық нұсқасында энциклопедиялық мәліметтер жұтандыа берілген (Мавсал патша туралы да, кесене туралы да айтылмайды).

Ерекше сәтті шыққан комментарий ретінде мәскеулік нұсқасын көрсетуге болады. Себебі бұл нұсқа әрі энциклопедиялық әрі контекстуалды-бағыттық сипатты иеленеді.

«Гробовщик» повесіндегі «Разгуляй» атауына берілген түсініктеменің мәскеулік нұсқасы таза энциклопедиялық сипатта: «*the name of square in Moscow* [Мәскеудегі алаң атауы]». Оксфордтық нақтыланған мәліметтер бойынша бұған берілетін түсініктеме (қазіргі Мәскеудегідегі алаң емес, Пушкин заманынан бергі Мәскеудегі кварталды мензеп отыр) – «*a quarter in Moscow*», «*close to the Basmannaya where Adrian used to live* [Басманнаяға жақын, бұрын Адриан өмір сүрген мекен]» деген үғымды береді.

«Гробовщик» повесінің алғашқы жолдарындағы нақты деректердің түсініктемесінде («Последние пожитки гробовщика Адриана Прохорова были взвалены на похоронные drogi, и тощая пара в четвертый раз потащилась с Басманной на Никитскую»), оқырманың Басманская және Никитская көшелерінің (кейін Герцен, қазір



Улкен Никитская) арасындағы З мильге тең арақашықтықты (мәскеулік түсініктеме) білу маңызды емес, бұл екі көшениң сол кездері Мәскеудің ең шеткі нүктелері болғаны – бірі солтүстік шығыста, екіншісі оңтүстік батыста орналасқаны маңызды болып отыр. Демек, табыттың Мәскеудің бір шетінен екінші шетіне (оксфордтық түсініктеме) жөнелтілүі мензелген. Қазіргі Мәскеу үшін ол Бусиноводан Бутовога дейінгі қашықтық.

Автор «пошташы Погорельскиймен» салыстыратын Юрко полицейдің («Гробовщик») характерін толығырақ тани тұсу үшін бұның жазушы Антоний Погорельскийдің (Алексей Перовскийдің псевдонимі, 1787–1836) «Лафертовская маковница» (1824) повесінің кейіпкері екенін білу ғана емес, энциклопедиялық сипаттағы мәліметтер бойынша, бұл сенімді қызметшінің бейнесін беретінін (мәскеулік түсініктеме) білу де маңызды.

Бригадир сөзіне берілетін түсініктеме нақты энциклопедиялық мәліметтердің барлық түсініктемесіне сәйкес келеді: I Павел патшаның тұсында (1796–1801) жойылған полковник пен генерал-майор арасындағы әскери шен, алайда бұл мәліметке қоса көркем туынды мәтінімен байланыстыратын Мәскеу түсініктемесі қажет әрі маңызды: «сондықтан бұл хикаятағы оқиға кезінде тек қана отставкадағы бригадирлер болған еді».

Төмендегі «Барышня-крестьянка» повесінің үзіндісінде реалийді (шынайылықты) абстракт-энциклопедиялық (дерексіз энциклопедиялық) және контекстуалды бағытта түсіндіру тәсілі қызықты берілген: «В молодости своей служил он в гвардии, вышел в отставку в начале 1797 года, уехал в свою деревню, и с тех пор оттуда не выезжал» (Ол жас шағында гвардияда қызмет етті, 1797 жылдың басында отставкаға шығып, деревнясына кетті. Ол содан бері деревнядан шыққан жоқ).

Мәскеулік комментарий оқырманға 1797 жылдың шынайы тарихи оқиғалары жайында энциклопедиялық мәліметтердің біразын ұсынып отыр. Бірақ бұл мәліметтер повесть мазмұнымен мұлдем сәйкес келмейді: *«resigned his commission in early 1797, i. e. after the death of Catherine II and the accession of Paul I, who took a hostile attitude to Catherine's Guard and started reorganising the Russian army in the Prussian manner [1797 жылдың басында, яғни II Екатеринаның қазасынан кейін және Екатеринаның гвардиясына өшпенделікпен қарап, орыс армиясына Пруссия мәнерінде өзгерістер енгізуі қолға алған I Павел таққа отырған кезінде отставкаға кетті]».*


Оксфордтық комментарий көрісінше, оқырманға шынайы тарихи мәселелер жөнінде жеткілікті деңгейде мәлімет бермейді, онда Иван Петрович Берестовтың мінез-құлқы мен сипатын түсіндіруге басты назар аударылады: «*Berestov, therefore, belonged to those officers, fairly large number, who did not hold with the reorganisation of the army undertaken by Paul I and had left the service in 1797* [Берестов I Павел қолға алған армиядағы өзгерістерге қарсы көптеген офицердің бірі болды, сол себепті де 1797 жылы қызметтөн кетті]».

Егер оксфордтық комментарий Иван Петрович Берестовті – өз принципі бар, орыс армиясындағы өзгерістерді қабылдамаған (мәскеулік комментарий бойынша, пруссиялық мәнерде), патриот, әскери мансабын құрбандақықа шалушы ретінде сипаттаса, калифорниялық комментарий мүлдем басқа образды бейнелейді: «*After the death of Catherine II in November, 1796, her successor Paul I dismissed many of the people, especially officers of the Guards who had surrounded her* [II Екатеринаның қазасынан кейін, 1796 жылдың қарашасында оның мұрагері I Павел көптеген адамды қызметінен шеттепті, әсіресе оның (II Екатеринаның) айналасындағы гвардиялық офицерлер лауазымдарынан айрылды]». Калифорниялық комментарийдің түсініктемесінде Берестов наразылық ретінде қызметінен өзі кеткен жоқ, көрісінше, Екатеринаны жақтаушылардан құтылуды мақсат еткен I Павел оны жұмыстан шығарып жіберді.

Осы үш комментарий: уақыт, мекен, оқиға барысы немесе атауы жайында объективті мәліметтер беретін нақты энциклопедиялық және шынайылық пен автордың идеялық-көркемдік ойымен арадағы байланысты терендете, әрі аша түсетін контекстуалды-бағыттық қос мезеттің өзара сәйкесіү қаншалықты маңызды екенінің көрнекі мысалы.

Демек, классикалық туындының комментаторы жоғары білімді, өзі сипаттап отырған дәүірдің мәдениеті, түрмисы, салт-санасы, ырым-жоралғылары жайында мейлінше мол мағлұматты билетін, автордың өмірбаянын бүге-шігесіне дейін оқыған, ол туралы сыни әдебиетті, оның хаттары мен күнделіктерін, шимай-шатпағына дейін зерттеген т.с.с адам болуы тиіс. Сонда ғана ол «сөйлемдер арасынан» автордың нені меңзегенін, аллюзиялар, реминисценцияларды көре алады және оқырманға жеткізе алады.

Көркем туындыда берілмеген нақты деректерге түсінік беру өте қыын және бұл комментатордың эрудициясы мен абыройын да ерекше танытады.



## §4. Қазіргі Ресейді тіл мен мәдениет арқылы тану

ХХ ғасырдың басында және соңында екі революциямен даңқы шыққан Ресей тарихы, өмір сүру салты мен тіршілігі, саясаты мен экономикасы, идеологиясы мен дүниетанымы т.б. толықтай дерлік өзгеріске ұшырады. Осы арқылы қоғам мен мәдениеттің, тілдің даму процесіндегі динамиканы зерттеумен айналысатын лингвистер, тарихшылар, антропологтар мен мәдениеттанушылар үшін таптырмас ерекше материал ұсынылды. Шынымен де, аса ірі елдегі қысқа мерзім ішінде түбірімен өзгерген өмір – ерекше эксперименттер кез келген ғалымды (егер де ол өзі осы қоғамның бір бөлшегі, сол тілдің өкілі болмағанда, әрі осы мәдениеттің өнімі ретінде оның әлемдік дүниетанымы дәл сондай дәрежеде күл-талқан болып, дәл сондай дәрежеде басқыншылыққа тап болмаса) бақытқа кенелтер еді (ешқандай «зерттеу пәннің басқыншысы» дәл осындай дәрежедегі басқыншылық пен күлі көкке ұшқан мәдениетті аңсамайтыны анық).


1917 жылғы тәңкерістен кейінгі орыс тілінің түбегейлі өзгеруі бірнеше рет зерттеліп, сипатталды. Сол себепті де бұл еңбекте ол өзгерістер тек қана посткеңестік орыс тіліне, біздің заманымызыдағы тілге қатысты салыстыру материалы немесе сыртқы фон ретінде жол-жөнекей ғана тілге тиек етілетін болады. Қеңестік орыс тіліне Андрей Синявскийдің «Советская цивилизация. История культуры»<sup>15</sup> атты еңбегінде кең сипаттама беріледі.

Төменде посткеңестік Ресейде орыс тілінің қазіргі даму тенденциясына қысқаша шолу келтіріліп отыр. Ресейдің қоғамдық өміріндегі аяқасты және түбегейлі болған өзгерістер оның тілінде өте жылдам көрініс тапты. Адамдар дәл тіл арқылы қоғамдық өмірдегі өзгерістерден жиі хабардар болып тұрды. Тоқсанынши жылдардың басында таксистің таксопаркте төмендегідей транспаранттың ілінгені туралы айтқандарына деген өзімнің білдірген реакциямды да өмірі ұмытпаспын:

*Таксист мырзалар! Сіздерге сәтті жұмыс  
күнін тілейміз!*

«Таксист мырзалар!» (господа таксисты) деген сөз құлаққа түрлідей тиді. Өзара түсініктер қайшылығы сияқты (оксюморон) естілді. Таксист те бұған шүбәлі еді, таксистер

<sup>15</sup> A. Sinyavsky. Soviet Civilization. A Cultural History. New York, 1988.



бұл сөзді біраз күлкіге айналдырған екен. Сөйтіп, алғашқы өзгеріс – халыққа қаратыла айтылған үндеуден басталды. Посткеңестік кезең-нің басында бұл өзгеріс тым шұғыл және тым әсерлі өзгеріс болғаны рас: бұған дейін етіміз үйреніп кеткен жолдас (товарищ) сөзінің орнын, көне заманда қалып қойған – мырза, ханым (господин, госпожа) сөздері басты.

**Бірінші үрдіс – ескі сөздердің оралуы.** Құндылықтарды тубірімен қайта бағалау, бұған дейін жермен-жексен етілгендердің барлығына деген құрмет және бұған дейін құрметке ие болып келгеннің бәрін күл-талқан етудің ақыры – жаппай шынайылыққа, ұғымдар мен ескі сөздерге оралуға алып келді: *гимназия, лицей, губернатор, голова (басшы), глава администрации (әкімшілік басшысы), войсковой атаман (әскери атаман), казачий круг (казактар ортасы), благотворительные вечера (қайырымдылық кештері) (концерттер, шаралар, қоғам), меценат, меценатство, милосердие (қайырымдылық).*<sup>16</sup> Бұл сөздердің көпшілігі кеңес заманындағы сөздіктерде «тарихи» немесе «көнерген» деген белгімен беріліп келген.

Бұл үрдіс кеңес дәуіріндегі көптеген ұғымды өзгертуге қайшы келді. Әсіресе өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарында Жаңа өмір мен Жаңа дәуір адамдарының жаңа сөздерсіз ойлауға қабілеті болмағаны анық. Ол замандағы тенденция бойынша – ескі реалийден алшақтау, көне әлеммен байланысты пыشاқ кескендей үзу, оның елесін (сөзін деп оқыңыз) бізден (біздің тілімізден) аластату қажет болды. *Наркомдар (народный комиссар – халық комиссары)* жеккөрінішті министрлерді, милиция – полицияны, жолдастар – мырзаларды т.б. алмастырды.

*Министрлер соғыстан* кейін, елуінші жылдардың басында оралды. *Полиция* – ақырындалап тілдік қорымызға еніп келеді – *салық полициясы салық милициясынан* гөрі үрейлі естіледі. *Мырза* (господа) соңғы он жылда жолдастарды мұлдем қолданыстан ығыстырды. Алайда саяси тұрғыдан да, экономикалық тұрғыдан да екіге бөлінген қазіргі Ресей қоғамында бұл сөздердің екеуі де кездеседі. Ресми бұқаралық ақпарат құралдарында (БАҚ) – газеттерде, радио мен телевидениеде – тек қана бір атау – *мырзалар* (господа) (әрине, «Советская Россия», «Правда», «Дуэль», «Завтра» секілді оппозициялық басылымдарды есептемегенде, бірақ олардың таралымының аздығына орай салмағы да басым емес). Іскерлік және ресми ортада да солай.

Соңғы он жыл көлемінде Ресей тұрғындары *жолдас* (товарищ) және *мырза* (ханым) сөздерінің стилистикалық коннотациясының, қолданылу аясының және қолданылу жиілігінің қашшалықты өзгеріске ұшырағанының күесі болды. Бұрынғы өмірімізде *мырза*

<sup>16</sup> Профессора В.Г. Гактың қуалік етуі бойынша, оның әйелі совет заманында орыс тілінің мұғалімдеріне испан тілінен сабак береді. Ол лексикалық материал ретінде добродетель, милосердие, благородство сөздерін ұсынғанда кейбіреулері: «Не үшін бізге мұндай ескірген сөздерді ұсынып отырсыз?!» – деп кейіген екен.

<sup>17</sup> См. подробнее об этом: L. Minaeva. From Comrades to Consumers: Interpersonal Aspects of the Lexicon // Political Discourse in Transition in Europe 1989–1991. Ed. by Paul A. Chilton, Mihail V. Ilyin and Jacob L. Mey. Amsterdam, Philadelphia, 1998, p. 87–94.

(господин)<sup>17</sup> сөзі жағымсыз коннотацияға ие болды, әрі тек капиталистік елдерден келген шетелдіктерге (яғни бөтен және дүшпандарға), олардың бөтен әрі дүшпан екенін таныту мақсатында қолданылды.

Осы сәтте өткеннің бір оқиғасы еске түседі. 1977 жылы Лос-Анжелеске сапары барысында біздің делегация ресейлік эмигранттар отбасына кешкі асқа шақырылады. Олар Ресейден 1917 жылғы төңкерістен кейін кеткен көне эмиграцияның (немесе эмигранттардың алғашқы легі) өкілі. Үй иелері бізді *мырзалар* (господа) деп атады.

Қонақүйге оралғаннан кейін арамыздағы коммунизмге адал (біздің бәріміз секілді) кеңестік бір адам: «Білесіз бе, маған Петров мырза дегені сондай ұнады! Адамның беделін арттырып, құлаққа жылы естіледі екен», – деп таңдай қақты. Оның сөздеріне менің реакциям да есімде: мен оны іштей қолдағаныммен, оның батылдығына қайран қалдым, оның бұнысын жақсы қонақасынан кейінгі босаңсуға балаған едім.

XXI ғасырдың басында мырза (господин) сөзі үйреншікті әрі ресми сөзге айналды. Қазір *жолдас* сөзін қолдану үшін батылдық қажет болды. Революция – *revolution* – төңкеріс – түбегейлі өзгеріс – бұрылыш.

Қазір мырза мен жолдас сөздерінің екеуі де қолданыста, бірақ оларды қолдану әлеуметтік бөліну нышанына айналды. *Мырза* (господин) – ресми қабылданған сөз, сол себепті де қазіргі режимнің қолдауына ие әрі онымен келісімге келеді. *Жолдас* (товарищ) кеңес заманында есейген аға бұынның үйреншікті әдетіне айналған сөз ретінде саяси оппозицияны немесе ескі режимге тиесілі екенін танытуы мүмкін.

Аға үрпақ пен «қарапайым жұрт» аталатындардың көпшілігі жазбаша және ауызша *жолдас* (товарищ) сөзін қолдануды әдетке айналдырған. «Қарапайым» халықтық мекемелердегі (дүкендерде, емханалар мен ауруханаларда, т.б.) хабарландыруларда күні бүгінгеге дейін *жолдастар* (товарищи) сөзі қолданылады. Бұл, әсіресе провинцияға тән жағдай, провинция дегеніміз – Мәскеу мен Петербургтен өзге бүкіл Ресей аумағы.

Зиялды қауым бұл сөздің екеуін де (қызылдарға тиесілісін де, ақтарға тиесілісін де) қолданбауға тырысады, ресми жағдайларда «Әріптестер!» («Коллеги!») сөзі кеңінен таралған. Ресей президенті В.В. Путин 2002 жылы желтоқсанда ММУ-де (Мәскеу мемлекеттік университеті) өткен Ресей ЖОО-лары (Жоғары оқу орындары) Ректорлар одағының ресейлік съезіндегі құттықтауын «Құрметті достар!» сөзімен бастады.

Іскерлік ортада мырза/ханым («господин/госпожа/господа») мейлінше жалпы түрде шынайы естіледі.

Армияда «жолдас» («товарищ») сөзі қолданыста қалды. Ресейдің әскери-теңіз флотының бас командирі 2003 жылдың 27 шілдесіндегі әскери шеруді қабылдау барысында: «Жолдастар, матростар мен офицерлер!» – деп тіл қатты.

Сонымен қатар әрі әзілмен, әрі ирониямен айтылатын «мырзалар-жолдастар» қос сөзі де қолданылады. Газеттегі «күшті әлемнің» адамгершілігі туралы мақала «Мырзалар мен жолдастардың дағылары» («Привычки господ и товарищей»)<sup>18</sup> деп аталды.

Көне атаулардың, топонимдердің оралуы – қазіргі Ресейдің қоғамдық өмірінің және мәдениетінің ерекшелігіне айналды. Кеңес дәүірінің өзгерген атауларын қайта өзгерту кезеңі басталды: *Ленинград* Петербург болып, *Свердловск* Екатеринбург, *Метростроевская* Воздвиженка, *Дзержинский* алаңы Лубянка болып өзгертілді.

Бастапқы кезеңде атауларды өзгерту, дауысқа салу және халықтық референдумдар арқылы толықтай демократиялық түрде жүргізілді. Мәселен, Петербург қаласы Ленинград облысының орталығында орналасқандықтан, солтүстік астананың тұрғындары қаланың көне тарихи атауын қайтаруға келісті, бірақ облыс тұрғындары Ленинград атауына адалдық танытты.

Мәскеуде, неге екенін қайдам, алғашқылардың бірі болып «Лермонтовская» метро стансасын «Красные ворота» атауымен алмастыруды. Бұл халықты қайран қалдыруды: Лермонтовты не үшін өкпелетті?

Қазіргі таңда көне атаулармен бірге жаңа атаулар қатар қолданыста жүр. Біздің ата-аналарымыздың буыны жаңаға қайтадан үйрәнді, яғни көне (үйреншікті) және жаңа атауларды қолдануда қиналды. Қазір біздің кезегіміз келді. Тіл – мәдениет айнасы.

Екінші үрдіс – шет тілдерінен сөз алмасу, ең бастысы – ағылшын тілінен енген сөздер. Ауқымдылығы бойынша да, қоғамдық пікір бойынша да, орыс тілі мен орыс мәдениетіне төндіретін қаупі бойынша да, бұл үрдіс екінші емес, бірінші орында тұруға тиіс.

Ресейдің әлемге ашылуы және әлемнің Ресейді тануы, бірінші кезекте шетелдік, соның ішінде ағылшын тілінен енген сөздердің нөпірінің астында қалудан басталды. Бұл сөздер біздің тіліміз бен өмірімізге батыстық өмір салты (кейде одан кейін, кейде дейін), бизнес, компьютер, интернет, фильмдер, телесериалдар, әндер, бейнеөнімдер арқылы жаппай ене бастады. «Жаңа сөздер сөздігі» («Словари новых слов»), «Қайта құру сөздігі» («Словари перестройки»), кірме сөздер сөздігі баспадан шығуда, сонымен бірге орыс тілін кірме сөздер тасқыншынан, өртінен, селінен, улануынан (қажеттісін таңдаңыз) қорғауға шақырған, алаңдаған, ызаланған және өтінген үндеулердің легі артып келеді.

<sup>18</sup> L. Minaeva. From Comrades to Consumers: Interpersonal Aspects of the Lexicon // Political Discourse in Transition in Europe 1989–1991. Ed. by Paul A. Chilton, Mihail V. Ilyin and Jacob L. Mey. Amsterdam, Philadelphia, 1998, p. 93.

*Бартер, дайджест, данс-хит, диджей, эксклюзив, мониторинг, дилер, триллер, плеер, фрустрация, армрестлинг, лизинг, рэкет, андеграунд, шейпинг, тинейджер, хеппенинг, попса, поп* (Мәскеуде Ленин даңғылында «Королева попа» («Поп королевасы») деген үлкен афиша мен атақты әншінің суреті ілінді. Аға буын өкілдері, соның ішінде осы жолдардың авторы «бұл нені білдіреді?» деп қатты қайран қалдық. Бұл бар болғаны поп, скейтборд (т.б. бірнеше сөздікке арқау болады) сөздерінің ілік септігіндегі формасы.

Баспасөзден үзінді.

Татьяна Миронованиң «Плач по русскому языку» деп аталатын мақаласының атының өзі тақырыбымызға сай келіп тұр («Литературная Россия», 19.02.1993):

*Шетелдік сөздер орыс тілінің бір шетін имене айналсоқтап еніп, бүгін дендер, сыналап кіріп, тілден көрнекі және жақсы орын алатын болды. Сөйтіп, өз орнын тауып, біздің тілімізді то-лықтыра тусты. Бізді қорқытатыны – бұл сөздердің көптігі емес, олардың басқыншылығының салдарынан орыс жанын жылдытып, «жүргегін елжіретемін көзге көрінбес реңкі бар» төл сөздеріміздің айналымнан шығып бара жатқандығы.*

Тіліміздің ұшында «супер», «люкс», «процесс», «адекватно» сөздері дайын тұрғанда көркем тілмен бейнелеп сөйлеу үшін басыңды қатырып, ойланудың қажеті жоқ. Бір қарасаң, әдемі, ақыл-

ды сөздер, бірақ олар сондай сұық және құргақ, көпірген сабын секілді. Ол сөйлеу тілінен төл сөздерімізді ығыстырып, француз, неміс немесе ағылшын сөздерін іздейтін дағдыға бастап, шешендік өнерге, әдебиетке араласа бастайды.

Тіпті, орыс тілінің ырғағының өзі шетелдік қалыпқа туспіп барады. Дыбыстық көптүрлілік жоғалды, орыс сөзінің көпәуезділігінен айырыламыз. Радио және телекомментаторлар дыбыстық мәтіндерін жүре келе үйренген ағылшын тілінің ырғағымен әрлейді, бұның соңы миллиондаған көрерменді, бірінші кезекте балаларды елітері сөзсіз. Робот сөйлеп тұрғандағы «электронды» дауысты есту – қорқынышты және адам көргісіз. Радио мен телехабарларын таратушы қызметкерлер ағылшын сөзін орысша жаттап алған өзге



*мемлекеттің азаматтары секілді. Бәлкім, солай да шығар? Тіпті радио және телевидениедегі бағдарламалардың аты да сондай түсініксіз, шетелдік ойлап тапқандаі: «Телемикст», «Бомонд», «Военное ревю», «Тинко», «Евромикс», «Телетайп», «Поп-магазин».*

Міне, кірме сөздердің тасқыны басталған кездің тағы бір күесі. «Третье сословие» газеті (1993, № 1, авторсыз) – Мәскеу туралы:

*Маймылдық еліктеу синдромы астананың көшелерінен де көрініс тауыпты. Ақымақтың ағынан жарылуымен «жаңа солшылдар» өздерінің «білімділігін» паши етуде. «Шоп», «нонstop», «литл бар» секілді әлем-жәлемдеріңіз жай сөзben айтқанда, лоток, ларек, забегаловка сөздеріне өзін ағылшын королевасы сезінген көпестерге түрлі-түсті юбка кигізгендей әсер етеді екен.*

Сол газетте Сергей Краюхин Петербург жайлышы:

*Мұнда ондаған жылдар бойы өмір сүретініме қарамастан, біраз уақыттан бері Невский даңғылын танымай қалдым. Сырттан келген гастролерлер мен шетелдіктер үшін ондағы үйлер ЛАНКОМ», «АЛИВЕКТ», «БАБИЛОН», «Доктор Эткер»... жазуларымен алыстан мен мұндалайды, тіпті дүкендердің ағылшын тіліндегі атауы шеттілдік сүйемелдеумен беріледі: «Арт-шоп St. Petersburg».*

7. Winter [қыс], snow [қар] (14%).
8. Motherland [отан], culture [мәдениет] (12%).
9. Mafia [мафия], no good roads [жолсыздық], songs [әндер], puzzling [жұмбак], unpredictable [тұрлаусыз] (10%).
10. Villages [деревнялар], chastushkas [частушкалар] (8%).

**2. Орыстардың мінез-құлқы:**

1. The national spirit [ұлттық рух], russian soul [орыс жан дүниесі].
2. Love for Motherland [отанға деген махаббат].
3. Emotinal [эмоционалды], sentimental [нәзікжанды].
4. Patient [шыдамды], generous [жомарт], hospitable [қонақжай].
5. Talkative [сөзшеш], open [ашық], kind [қайырымды].
6. Puzzling [жұмбак], unpredictable [тұрлаусыз].
7. Fools [ақымақтар], wicked [ызылды], narrow-minded [шектеулі].
8. Gloomy [түнерген], fussy [қүйгелек], the mentality of a mob [хай-үандық инстинкт].
9. Unaggressive [қақ-соғы жоқ], kind [қайырымды].
10. Melancholy [сары үайымға салынғыш], inaccurate [жайбарапат], light-minded [женілтек].



**3. Ресейдің бүгінгі өмірі:**

1. Poverty [кедейлік].
2. Vodka [арақ].

3. Rouble [рубль], caviar [ұылдырық], crisis [дағдарыс].
4. Culture [мәдениет], museums [музейлер].
5. Mafia [мафия], no good roads [жолсыздық], songs [әндер].
6. Chastushkas [частушкалар], no laws [заның жоқтығы].
7. A great potential [әлеуеті үлкен], communists [коммунистер], hope [үміт], friends [достар], homeland native culture [елдің ұлттық мәдениеті], arts [өнер], history [тарих], roots [тек].
8. Dirt [кір], mess [бейберекетсіздік], family [отбасы], hopelessness [үмітсіздік], uncertain future [түсініксіз болашақ], fear [қорқыныш], politics [саясат].
9. Misery [қайғы], darkness [қараңғылық], humour [әзіл], books [кітаптар], parliament [парламент].
10. Balalaika [балалайка], dustbins [қоқыс салатын жәшіктер], unemployment [жұмыссыздық], ruins [қирандылар], dirty shoes [кір аяқнім], matryoshka [матрешка].

#### **4. Тағып, пейзаж:**

1. Birch-trees [қайындар].
2. Vastness [кең-байтақ жер].
3. Snow [қар], cold [сұық], winter [қыс], frost [аяз].
4. Greenery [көк].
5. Rich [бай], beautiful nature [сұлу табиғат].
6. Villages [деревнялар], fields [егістік].

#### **5. Жалқы есімдер:**

1. Moscow [Мәскеу].
2. Pushkin [Пушкин], Kremlin [Кремль].
3. Siberia [Сібір].
4. Ivan the Fool [Иван-ақымақ].
5. Christ the Saviour Cathedral [Құтқарушы Христос храмы].
6. Zagorsk [Загорск].
7. «Zhiguli» (a car) [«Жигули» (машина)].
8. «The Siberian Barber» (a film) [«Сібір шаштаразы» (фильм)].
9. Kiev [Киев].
10. Sakharov [Сахаров].

1992–1998 жылдар аралығында жиі қолданылған сөздер тізімін салыстырайық.

#### **АҚШ:**

1992	1995	1998
1. Smile [жымыс] (27%).	1. Hollywood [Голливуд] (26%).	1. New York [Нью-Йорк] (35%).

- |   |   |  |
|---|---|--|
| 2. Freedom [бостандық] (20%).   | 2. Statue of Liberty [Бостандық статуясы] (21%).  | 2. The Statue of Liberty [Бостандық ескерткіші] (33%).   |
| 3. Rich [бай], money [ақша] (13%).  | 3. Smile [жымыс] (19%).   | 3. Bill Clinton [Билл Клинтон] (27%).  |
| 4. Skyscrapers [көкпен таласқан биік үйлер/көк тіреген көпқабатты үйлер] (12%).   | 4. New York [Нью-Йорк] (16%).   | 4. Smile [жымыс], Hollywood [Голливуд] (22%).  |
| 5. Business [бизнес], Hollywood [Голливуд], Statue of Liberty [Бостандық ескерткіші].   | 5. Dollar [доллар], McDonalds [Макдональдс] (13%).  | 5. McDonalds [Макдональдс] (19%).  |
| 6. Cars [машиналар], pragmatism [прагматизм] (10%).   | 6. Bill Clinton [Билл Клинтон] (11%).   | 6. Freedom [бостандық] (18%).  |
| 7. Dollar [доллар], President [президент], friendly [ашық-жарқын], cheerful [сергек] (9%).  | 7. Freedom [бостандық], Washington [Вашингтон], rich [бай] (10%).   | 7. Washington D.C. [Вашингтон (город)] (11%).  |
| 8. New York [Нью-Йорк], uninhibited [тыйыммен шектелмеген], great/large [ұлы/ұлкен], loud [қатты (дыбыс)] (8%).                                     | 8. Skyscrapers [көкпен таласқан биік үйлер/көк тіреген көпқабатты үйлер], business [бизнес], uninhibited [тыйыммен шектелмеген], baseball [бейсбол] (9%). | 8. Skyscrapers [көкпен таласқан биік үйлер/көк тіреген көпқабатты үйлер], business [бизнес] (10%).                                       |
| 9. Kind [қайырымды], domineering [ұстем] (7%).  | 9. White House [Ақ үй], cowboys [ковбойлар], Disneyland [«Дисней-ленд»] (8%).   | 9. George Washington [Джордж Вашингтон], Friendly [ашық-жарқын], dollars [доллар], hamburgers [гамбургер], Coca-Cola [коқа-кола] (8,5%). |
| 10. White House [Ақ үй], independence [тәуелсіздік], comfort [жайлылық], supermarket [супермаркет], health [денсаулық], hospitable [қонақжай] (6%). | 10. Talkative [әңгімелі], drugs [есірткі] (6%).   | 10. White House [Ақ үй], baseball [бейсбол], basketball [баскетбол], Disney and Disneyland [Дисней мен «Дисней-ленд»] (6,5%).            |



### Ресей:

1992	1995	1998
1. Great [ұлы], vast [өте ұлken], huge [орасан зор], large [ұлken] (26%).	1. Red Square [Қызыл алаң] (31%).	1. Poverty [кедейлік] (35%).
2. Motherland [отан], patriotism [патриотизм] (24%).	2. Moscow [Мәскеу] (29%).	2. Moscow [Мәскеу] (32%).
3. Culture [мәдениет], history [тарих], mess [бейберекет-сіздік], chaos [хаос], vodka [арақ] (23%).	3. Kremlin [Кремль] (27%).	3. Soul [жан], vodka [арақ] (20%).
4. Mysterious [жұмбак], strange [қызық], soul [жан] (18%).	4. Vodka [арақ] (20%).	4. Birch-trees [қайыңдар] (18%).
5. Home [үй], mother [ана], friends [достар] (15%).	5. Hospitable [қонақжай] (16%).	5. Kremlin [Кремль], Pushkin [Пушкин] (16%).
6. Moscow [Мәскеу], Orthodox Church [православтық шіркеу] (13%).	6. Winter [қыс] (14%).	6. Rouble [рубль], caviar [ұылдырық], crisis [дағдарыс] (15%).
7. Dirty [грязный], grey [серый] (12%).	7. Churches [шіркеулер], beautiful nature [сүлүтабигат] (10%).	7. Winter [қыс], snow [қар] (14%).
8. Kremlin [Кремль] (10%).	8. MSU (Moscow State University) [МГУ (Мәскеу мемлекеттік университеті)] (9%).	8. Motherland [отан], culture [мәдениет] (12%).

- |   |   |  |
|---|---|--|
| <p>9. Poor [кедей], hope [үміт], potentials [әлеуеті үлкен], great future [болашағы зор] (9%).</p>                                  | <p>9. Boris Yeltsin [Борис Ельцин], forests [ормандар], Lenin [Ленин] (7%).</p>                                   | <p>9. Mafia [мафия], no good roads [жолсыздық], songs [әндер], puzzling [жұмбак], unpredictable [тұрлаусыз] (10%).</p> |
| <p>10. Red Square [Қызыл алаң], entle [жұмсақ], kind [қайырымды], crisis [дағдарыс], fools [дағдарыс], stupid [ақымақтар] (7%).</p> | <p>10. New Russians [жаңа орыстар], home [үй], great persons [ұлы адамдар], dirty streets [кір көшелер] (6%).</p> | <p>10. Villages [деревня-лар], chastushkas [частушкалар] (8%).</p>   |

1992–1998 жылдар аралығында жиі қолданыста болған сөздер тізімін салыстырайық. ММУ студенттерінің Америка Құрама Штаттарын мәдени, тілдік бейнелеуінде жиі қолданған сөздері қатарына smile [жымыс], New York [Нью-Йорк], State of Liberty [Бостандық ескерткіші], Hollywood [Голливуд], freedom [бостандық], skyscrapers [көкпен таласқан биік үйлер/көк тіреген көпқабатты үйлер], dollar [доллар], White House [Ақ үй] кірген.

1998 жылды екі тізімге де енген (1992 және 1995 жылдардағы) мына сөздер: rich [бай], uninhibited [тыйымдармен шектелмеген], business [бизнес] немесе тек бір тізімде ғана кездескен сөздер: cowboys [ковбойлар], talkative [әңгімешіл], cars [машиналар], pragmatism [прагматизм], cheerful [сергек], great/large [ұлы/үлкен], loud [қатты (дауыс)], supermarket [супермаркет], comfort [жайлылық], independence [тәуелсіздік], health [денсаулық], hospitable [қонақжай] қолданылу жиілігін жоғалтқан. 1998 жылғы сауалнама нәтижелеріне қарағанда, аса жиі қолданылатын сөздер қатарына алғаш рет Coca-Cola [кока-кола], hamburgers [гамбургер], basketball [баскетбол] сөздері енген.

Дәл сол студенттердің өз елі, өз халқы туралы түсініктеп мүлде басқаша көрініс тапқан. Үш тізімдегі аса жиі қолданылатын сөздер қатарына да Moscow [Мәскеу], Kremlin [Кремль], vodka [арак] сөздері кірген. 1992, 1995 жылдардағы тізімдерде Red Square [Қызыл алаң], home [үй] сөздері қайталанған. 1995, 1998 жылдардағы тізімдерде winter [қыс] сөзі жиі кездескен. 1992, 1998 жылдардағы тізімдерде soul [жан], motherland [отан], culture [мәдениет], poor/poverty [кедей/кедейлік], crisis [дағдарыс] деген сөздерді жиі ұшыратуға болады.

1998 жылғы Ресейді бейнелейтін сөздер ішінен жиілігі жағынан ең басым түскен сөз poverty [кедейлік] сөзі болған екен (салыс.: 1992 жылды poor [кедей] сөзі соңғы орында тұрған болатын). 1998 жылды алғаш рет аса жиі қолданылатын сөздер қатарына birch-trees [қайың], Pushkin [Пушкин], rouble [рубль], caviar [ұылдырық], mafia [ма-

фия], no good roads [жолсыздық], songs [әндер], puzzling [жұмбак], unpredictable [тұрлаусыз], villages [деревнялар], chastushkas [частушкалар] деген сөздер қосылды.

1995, 1998 жылдардағы екі тізімнен бірдей сөз ретінде winter [қыс] сөзінің ұшырасатынын байқау қыын емес, ал 1992, 1998 жылдардағы сөздер қатарынан (Кеңес үкіметінен кейінгі және қазіргі кезеңдегі Ресей) жиі қолданыстағы, елдің жағдайын сипаттайтын (poor/poverty [кедей/кедейлік], crisis [дағдарыс]) және халықтың адалдығы мен мәртебесін танытатын: motherland [отан], culture [мәдениет], soul [жан] сөздерін көруге болады.

М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Шет тілдері және аймақтану факультетінің 1 курс студенттері арасында өткізілген сауалнама 20 жылдан соң, 2017 жылдың соңында қайталап қолға алынды. Оған автор кінәлі емес.

Осы уақыт аралығында бүкіл әлемнің және сол әлемнің маңызды бір бөлігі Ресейдің қоғамдық өмірінде айтарлықтай өзгерістер болды. Оның басты себептері тәмендегідей: 1. Әлемдік жаһандану процесінің толастамауы; 2. Жаһандық процестер туыннатқан геосаяси апартардың миллиондаған мигранттың көшіп-қонуына алып келуі; 3. Біздің өмірімізге сыналап енген жаңа технологиялардың дамуы мен халықаралық бүкараптың қарым-қатынастың еркін мүмкіндіктерін ашуға мұрындық болған, яғни осы кітапқа арқау болып отырған мәдениетаралық коммуникацияға жол ашқан – аса мәртебелі Интернеттің жойқын әсері.

Бұл мәселелердің барлығын білімнің өзге салаларының өкілдері үздіксіз сипаттап, зерттеумен айналысып келеді. Ал коммуникация проблемаларын зерттеушілердің бұл мәселеге ықыласы мүлдем ерекше. Демек, адамзат баласының ең басты қатынас құралы, адам өмірінің қайнары – Аса мәртебелі тіл зерттеушілердің басты назарын аударуда.

Жаһандық деревняның (қазіргі әлеуметтік өміріміздің үйреншікті атауы) бірыңғай жаһандық тілсіз күні қараң: әзірге ағылшын тілі бұл рөлді күмәнсіз әрі ешқандай бәсекелессіз атқарып келеді. Ол бұл құрметке сәзсіз обьективті және тарихи себептермен ие болып отыр. Ағылшын тілінің артында ағылшынтылді үш империя тұр: 1. XVI-XVIII ғасырда бүкіл континенттің жарты әлемін жаулап, XX ғасырдың ортасына дейін билік құрған Британ империясы. Осының нәтижесінде оның боданында болған елдердің бәрі ағылшынша сөйлеп кетті. 2. Британияның бұрынғы колониясы, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін XX ғасырдың ортасына қарай супердержава статусын алған – АҚШ. 3. АҚШ-та туған, аса қуатты әрі пайдаланушылар саны жағынан ең көп Интернет империясы. АҚШ-та туғандықтан, оның да халықаралық қатынас тілі – ағылшын тілі. Мәселе, пайдаланушылардың санында да емес, (сан жағынан қытайлықтармен ешкім тенесе алмайды),

қайталап айтамын, объективті әрі тарихи себептерге орай, ағылшын тілі халықаралық тілге айналып отыр.

Бұл жағдай ағылшын тілді емес халықтардың үлттық тілдері мен мәдениетіне әрі үлттық біртектілігіне қауіп төндіріп, көптеген проблеманың туындауына алып келді. Осы мәселе ағылшын тілді емес халықтардың күн тәртібіне шықты. Бірақ бұл бөлімде әңгіме ол жайында болмайды. Әңгіме ресейлік 1 курс студенттерінің тілінде (17–22 жас аралығындағы жас буынның) әлемнің, супердержава АҚШ-тың, сондай-ақ олардың өз отаны Ресейдің қоғамдық және мәдени өмірінде орасан зор өзгерістер қалай көрініс тапқаны жайында болмақ.

Біз жүргізген алғашқы сауламадан бергі 25 жыл ішінде туған «интернет қазынасымен» ауызданған жаңа буын өсіп қалыптасты.

Жалпы ЖОО студенттері, соның ішінде Мәскеу университетінің студенттері – елдің қоғамдық өміріне белсене араласатын топ өкілдері. Сол себепті де Ресейдің және оның басты бәсекелесінің бірі – АҚШ-тың қазіргі жағдайы туралы олардың пікірін білу маңызды.

Ресей студенттерінің пікірінше, 2017 жылғы АҚШ-тың мәдени-тілдік картинасы төмендегідей:

#### **Америка және америкалықтар жайлы ең жиі қолданылатын 10 сөз:**

1. *Fastfood* [фастфуд] (28%).
2. *Donald Trump* [Дональд Трамп] (18%).
3. *Hollywood* [Голливуд] (17%).
4. *New York* [Нью-Йорк], *Statue of Liberty* [Бостандық статуясы] (13%).
5. *Democracy* [демократия] (12%).
6. *Burgers* [бүргер], *skyscrapers* [көк тіреген мұнаралар] (11%).
7. *Cinema industry* [кинематограф], *freedom* [бостандық] (10%).
8. *White House* [Ақ үй], *modern technologies* [заманауи технологиялар] (9%).
9. *Obama* [Обама] (8%).
10. *Entertainment industry* [көңіл көтеру индустриясы], *music* [музыка] (6%).

Сауламаның тақырыптық топтарға қатысты мәліметтері:

#### **Америкалықтардың мінез-құлқындағы ерекшеліктер:**

1. *Open* [ашық].
2. *Positive* [позитивті], *amiable* [ақжарқын].
3. *Sassy* [ашық-шашиқ], *tolerant* [толерант].
4. *Arrogant* [астамшылдық сезімі].
5. *Spiritless* [рахымсыз], *careless* [құнтсыз, үқыпсыз], *easy going* [қамсыз].
6. *Benevolent* [қайырымды], *friendly* [дос-жар], *simulated cheerfulness* [көңілді болып көріну].
7. *Angry* [ызақор, ашұшан], *impulsive* [импульсивті], *indifferent* [өзгеше].

8. *Hypocritical* [екіжүзді], *deceitful* [өтірікші], *confusing* [түсініксіз].
9. *Considerate* [ықыласты], *simple* [қарапайым], *happy* [бақытты].
10. *Unsociable* [тұйық], *freedom-loving* [еркіндікке құмар], *snobbish* [снобизм], *racism* [расизм].

**АҚШ-тағы қазіргі өмір:**

1. *Fastfood* [фастфуд].
2. *Burgers* [бүргер].
3. *Cinema industry* [кинематограф], *freedom* [еркіндік].
4. *Modern technologies* [заманауи технологиялар].
5. *Entertainment industry* [көңіл көтеру индустриясы], *music* [музыка].
6. *Dollars* [доллар], *celebrities* [әлемдік жұлдыздар], *low level of education* [білім деңгейінің төмендігі], *metropolitan cities* [мегаполистер], *sanctions* [санкциялар].
7. *Money* [ақша], *LGBT* [ЛГБТ], *independence* [тәуелсіздік], *politics* [саясат], *progress* [даму].
8. *American dream* [Америка арманы], *the English language* [әғылшын тілі], *business* [бизнес], *war* [соғыс], *yellow bus* [сары автобус], *constitution* [конституция], *liberalism* [либерализм], *overweight* [артық салмақ, семіздік], *multinationality* [көп ұлттық], *Russophobia* [русофобия], *cars* [машиналар].
9. *Patriotism* [патриотизм], *freedom of speech* [сөз бостандығы], *power* [күш], *tolerance* [толеранттылық], *mercenary army* [жалдамалы армия], *TV-show* [телешоу], *corporations* [корпорациялар], *advertising* [жарнама].
10. *Highways* [жоғары жылдамдықтағы күрежолдар], *yellow taxi* [сары такси], *peanut butter* [арахис пастасы], *nuclear bomb* [атом бомбасы], *baseball* [бейсбол], *bald eagle* [ақбас бүркіт], *opportunities* [мүмкіндіктер], *future* [болашақ], *pace* [асығыстық], *globalization* [жаһандану], *cheap goods* [арзан тауарлар], *expensive life* [қымбатшылық], *capitalism* [капитализм], *cyberattacks* [киберсоққылар], *cowboy* [ковбой], *Coca-Cola* [кока-кола], *coffee* [кофе], *amusement parks* [көңіл көтеру саябақтары], *hot dog* [хотдог], *Christianity* [христиандық], *school lockers* [мектеп шкафтары], *colonization* [колонизация, басқыншылық].

**Табиғат, пейзаж:**

1. *Skyscrapers* [көк тіреген мұнаралар].
2. *Ocean* [мұхит].
3. *Palms* [пальма].
4. *Natural disasters* [табиғи апаттар], *hurricanes* [дауыл].
5. *Big territory* [алып территория].
6. *Beaches* [жағажайлар].

7. *Heat* [ыстық, қапырық], *warm climate* [жылы климат].
8. *National reserves* [қорық].
9. *Developed outskirts* дамыған өлкө].
10. *Twin houses* [біртіпті үйлер].

**Жеке тұлғалар:**

1. *Donald Trump* [Дональд Трамп].
2. *Hollywood* [Голливуд].
3. *New York* [Нью-Йорк], *the Statue of Liberty* [Бостандық статуясы].
4. *The White House* [Ақ үй].
5. *Obama* [Обама].
6. *The Ivy League* [Лига Плюща], *Los Angeles* [Лос-Анжелес], *McDonald's Washington* [Макдональдс], *Apple* [Эппл].
7. *Washington* [Вашингтон], *the West* [Батыс], *California* [Калифорния], *Texas* [Техас], *Miami* [Майами].
8. *NATO* [НАТО], *Grand Canyon* [Гранд-каньон], *Disneyland* [Диснейленд], *Uncle Sam* [Сэм ағай], *Kennedy* [Кеннеди], *Lincoln* [Линкольн], *Manhattan* [Манхэттен].
9. *Niagara Falls* [Niагар сарқырамасы], *Pentagon* [Пентагон], *Roos-evelt* [Рузвелт], *North-South* [Солтүсік-Оңтүстік], *FBI* [ФБР, Феде-ральдық тергеу бюросы].
10. *Ray Bradbury* [Рэй Бредбери], *Stephen King* [Стивен Кинг], *Seattle* [Сиэтл], *Mount Rushmore* [Рашмор таулары].

Құткеніміздей, жиырма жыл ішінде Ресей студенттерінің сана-сындағы АҚШ-тың мәдени-тілдік картинасы айтартықтай өзгерген. Әсіресе сөздердің қолданылу жиілігінің көбірек өзгеріске ұшыраға-нын аңғарамыз.

Бірінші сенсация – 1992 және 1998 жылдары жүргізілген сауалнама нәтижесінде бірінші, 1995 жылғы сараптамада – үшінші орынға табан тіреген *smile* сөзі жиі қолданылатын сөздер қатарынан түсіп қана қоймайды, сондай-ақ ешқандай топқа енбеген, ешкім оны аузына да алмаған. Бұның әртүрлі себебі бар шығар. Ең бастысы, 90-шы жылдары Темір тордан енді босап шыққан үрпаққа америкалықтардың сүйкімді жымиисі – біздің мәдениет үшін өзгеше, тың, жаңа және құтпеген дүние секілді көрінді, сол себепті де ол көзге бірден ұрып тұрды. Соңғы 20 жылдағы қарым-қатынас, әсіресе жастардың – Америкаға сапарлауы, мектеп оқушыларының өзара алмасуы, фильмдер, интернеттегі байланыстар (*Skype* т.т.) – барлығы жымиистың жаңалық болу-дан қалуына ықпал етті (дегенмен Ресей қоғамы әлі де кім көрінгенге жалпаңдап «жымия бермейтіндігімен» ерекшеленіп отыр. Ресейде жымию кім көрінгенге езу тартып, бас изей беру емес, нақты адамға деген жылы қарым-қатынас көрінісі ретінде сипатталады).

Менің әріптесімнің Америкада болған кезіндегі табан астында ойына оралған өлең шумақтарына назар аударып көрелік:

*Нет улыбки – ну и пустъ!  
Где родная наша грусть?!  
Нашу грубость и ошибки  
Мы не прячем за улыбки!*  
  
*(Жымио жоқ, жоқ мейлі!  
Қайда меншік мұңымыз?!  
Бар дөрекі, мініміз)  
Жасырмаймыз мұны біз).*

Әрине, мәселе – біздे жақсы, оларда жаман, жасанды деген бағада емес. Оның үстіне, күлу, жымио – үнемі жақсы әсер береді, ол әлемді әрі адамдарды тануды, қабылдауды жеңілдетіп, арадағы қарым-қатынас жағымды әрі қолайлы бола түседі. Бұл сондай-ақ қауіп-сіздікті қамтамасыз етеді. Алайда мұндағы мәселе мәдениет пен салт-дәстүрге келіп тіреліп тұр ғой. Сол тұрғыдан қарастырсақ, әлемде «жымиошылардан» ғері, «жымимайтындардың» қарасы көбірек.

Америкалық жымиыс – европалықтар үшін мүлдем жаңа. Ол алып әрі бай территориясы бар Америка үшін қантегістің, осы алып байтақтың заңды иелері үндістерді қырып-жоюының және европалықтардың бір-бірімен өзара қырғынының ақыры, өзара келісімге келуі ретінде қарастырылды. Қазіргі АҚШ-тың тарихы дәл осы қанды қырғын соғыстан басталып, біrnеше ғасырға созылды.

Алайда бүтін бір құрлықты жаулап алу тарихының қорқынышқа толы, тым үрейлі параптерының, шындығында тарауларының (немесе том-том кітаптардың?!) зардалтары жылдан-жылға лап етіп, абзал болғанда өртке айналмаса да найзағайдай жарқ еткен наразылышы сезіледі, ол әсіресе әдебиетте жиі әрі молынан әшкереленуде.

Жымиодың мәдениет белгісі екендігі туралы көптеген ғылыми еңбек жазылды. Ол – қазіргі замандық сондай таңғажайып тылсым жаратылыш ақылды адамның (*homo sapiens*, Дарвинше айтқанда, жанды дүниенің эволюциясының шыны) өмірі мен дамуы туралы сан түрлі тақырыптарындағы әрі шытырман, әрі сарқылмас тақырып.

Сөйтіп, Сауалнама – 2017 Ресей студенттерінің америкалық жымиысты ерекше әрі күтпеген тың дүние ретінде қабылдамайтындығын көрсетti.

Соңғы жыларда жыл ішінде жиі қолданған сөздер қатарынан алдағы үш сауалнамада алдыңғы орындардан көрінген (1992 жылы – 7 орында, 1995 жылы – 5 орынды, 1998 жылы – 9 орынды иеленген) *dollar* сөзі де шығып қалған.

*smile* сөзімен салыстырғанда, *dollar* сөзінің позициясын неге жоғалтқанын түсіндіру оқай. Америкамен және американалықтармен

жиырма жыл бойы қарым-қатынас доллардың «шетелдік ғажайып» болудан қалғандығын көрсетеді.

**Төрт сауалнамада да (2017 жылы да) Ресей студенттерінің сана-сындағы АҚШ әлемін сипаттайтын төмендегі алты сөз өз позициясын жоғалтпаған:**

1. *Hollywood* – 3 орын (1998 – 4 орын, 1995 – 1 орын, 1992 – 5 орын).
2. *New York* – 4 орын (1998 – 1 орын, 1995 – 4 орын, 1992 – 8 орын).
3. *Statue of Liberty* – 4 орын (1998 – 2 орын, 1995 – 2 орын, 1992 – 5 орын).
4. *skyscrapers* – 6 орын (1998 – 8 орын, 1995 – 8 орын, 1992 – 4 орын).
5. *freedom* – 7 орын (1998 – 6 орын, 1995 – 7 орын, 1992 – 2 орын).
6. *White house* – 8 орын (1998 – 10 орын, 1995 – 9 орын, 1992 – 10 орын).

Бұл сөздердің арасында АҚШ-тың әлеуметтік өмірінің характеристикасын танытатыны, тек біреуі ғана немесе ол туралы қазіргі ресейлік жастардың дүниетанымының көрінісін әйлгілейтін – *freedom* сөзі. Қалғандары – АҚШ-тың үлттық символы – *skyscrapers* пен жеке атаулар: *Hollywood*, *New York*, *Statue of Liberty*, *White house*.

Соңғы сауалнамада қолданылу жиілігі жағынан алдыңғы орынға шыққан сөздер назарға бірден ілігеді. Әйткені дәл осы сөздер қазіргі қоғамды бағалауға негіз бола алады. Бұған дейінгі сауалнамаларда, 1992 жылы – *smile*, 1995 жылы – *Hollywood*, 1998 жылы – *New York* сөздері бірінші орыннан көрінсе, 2017 жылы бұл сөздердің орнын *fastfood* сөзі басқан. Әлемнің тілдік картинасын бейнелеуде дәл осы асығыс дайындалып, асығыс желінетін, аты да затымен үйлесіп тұрған (жылдам дайындалатын тағам) арзанқол тағам – 2017 жылы ресейлік жастардың, Мәскеу мемлекеттік университеті студенттерінің дүниетанымында АҚШ сөзімен бірге ойға оралатын ең көп таралған сөз болып отыр. 1998 жылы қолданылу жиілігі жағынан 9 орыннан көрінген алғашқы тағам – *hamburgers* (*гамбургер*) болған еді. 1995 жылы ол тағам түрі «АҚШ-тың қазіргі өмірі» тобында 8 орынға табан тіреді. 2017 жылы бірінші орынға табан тіреген *fastfood* сөзімен бірге, *burgers* сөзі 5 орынды иеленген. АҚШ-тың соңғы екі президенті, тиісінше 2 (қазіргі – Трамп пен оның алдындағы – Обама) 9 орынды иеленген.

2017 жылдың сауалнамасы бойынша, ресейлік жастардың түсінігінде Американы және американалықтарды жиі кейіптейтін сөздердің қатары төмендегідей (қолданылу жиілігіне орай): *Democracy*, *cinema industry*, *modern technologies*, *Entertainment industry*, *music*.

Ресей студенттерінің Американы және американалықтарды сипаттаудағы өзгерістер АҚШ өміріндегі ерекшеліктерді ғана көрсетіп қоймайды, сонымен қатар Ресей өміріндегі, Ресей БАҚ-тарындағы мұхиттың аржағындағы адамдардың мәдениеті, өмір сүру салты, құндылықтар жүйесі т.т. туралы ақпараттардың, оны ресейліктердің

қабылдау деңгейінің, беретін бағасының қаншалықты өзгергендігінен хабар бергендей.

Қайталану жиілігі жағынан үздіктердің қатарынан орын алған *modern technologies* сөзі (8 орында) біз күткендердегіден төмен орынға жайғасыпты. Жаңа технологиялардың қоғамды түбекейлі өзгерктен, әсіресе жастар өмірін түбірімен басқа арнаға бұрған зор ықпалын қалай жоқта шығарамыз.

Жас буын жиі ауызға алған келесі үш сөздің мән-мағынасы бір, сол себепті де оларды бір айдарға жатқызуға болады – *entertainment industry* (көңіл көтеру индустриясы), *music* (музыка) және *cinema industry* (кино индустриясы).

Мұны түсіндіріп жатудың өзі артық, себебі 2017 жылдың соңындағы жиі кездескен сөздер мен сөз тіркестері тізімінде «ғайыптан пайда болған» осы төрт сөздің қазіргі әлемнің, сондай-ақ Ресей өмірінде жаңа технология заманында дамудың жаңа мүмкіндіктеріне ие болған көңіл көтеру индустриясының кең тараған өнімі музика мен кино сияқты жаңа технологиялардай (әсіресе жастар өмірінде) орасан рөлі барлығын бағамдауға болады.

Демек, тіл – тіл иелерінің санасындағы әлем картинасының көне, дәстүрлі компоненттері ретінде де, жаңа әрі дамушы компонент ретінде де көрініс таба отырып, мәдениет айнасы рөлін ойнауды жалғастыра тусуде.

Көрнекі құрал ретінде 2017 жылғы сауалнама нәтижесін әрі қарай сабактай түссең:

#### Америкалықтардың мінез-құлқындағы ерекшеліктер:

1998 ж.	2017 ж.
1. <i>Smiling</i> [жымығыш].	1. <i>Open</i> [ашық]
2. <i>Friendly</i> [дос-жар].	2. <i>Positive</i> [позитив], <i>amiable</i> [жылы шырайлы]
3. <i>Democratic</i> [демократ], <i>proud</i> [менмен], <i>self-confident</i> [өзінеше], <i>өзі сенімді], <i>patriotic</i> [патриот].</i>	3. <i>Sassy</i> [ашық-шашиқ], <i>tolerant</i> [толерант]
4. <i>Funny</i> [көңілді], <i>happy</i> [бақыттан басы айналған], <i>stupid</i> [ақымақ], <i>healthy</i> [дені сау], <i>long</i> [бойшан], <i>noisy</i> [мазасыз].	4. <i>Arrogant</i> [өркөкірек]
5. <i>Proud</i> [менмен], <i>self-important</i> [өзінше], <i>greedy</i> [сарал], <i>fussy</i> [дауқес], <i>communicative</i> [ашық-жарқын].	5. <i>Spiritless</i> [мейрімсіз], <i>careless</i> [құнтсыз, үқыпсыз], <i>easy going</i> [қамсыз]
6. <i>Warm</i> [мейрімді], <i>rude</i> [дөрекі], <i>quick</i> [жылдам, шалт].	6. <i>Benevolent</i> [доброжелательный], <i>friendly</i> [досжар], <i>simulated cheerfulness</i> [өміріне риза сияқты көрінү]

- |  |   |
|--|---|
| <p>7. <i>Unfriendly</i> [қырғиқабақ], <i>cheerful</i> [шат-шадыман], <i>good-natured</i> [мінезі жібектей].</p> <p>8. <i>Hypocrisy</i> [екіжүзді], <i>racism</i> [расизм].</p> <p>9. <i>Militant</i> [жауынгер], <i>overworking</i> [мұрнынан шаншылып еңбек ету], <i>borrowing brains</i> [өзгенің ақысын жеу], <i>angry</i> [қабағына қар жауған].</p> | <p>7. <i>Angry</i> [қабағына қар жауған], <i>impulsive</i> [импульсив], <i>indifferent</i> [жан-жақты].</p> <p>8. <i>Hypocritical</i> [екіжүзді], <i>deceitful</i> [өтірікші], <i>confusing</i> [түсініксіз]</p> <p>9. <i>Considerate</i> [елпек], <i>simple</i> [қарапайым], <i>happy</i> [бақыттан басы айналған]</p> |
| <p>10. <i>Unsociable</i> [тұйық], <i>freedom-loving</i> [еркіндіксүйгіш], <i>snobbish</i> [снобизм], <i>racism</i> [расизм].</p>   |   |

2017 жылды да XX ғасырдың 90-шы жылдары көрініс тапқан *open* (10 орын – 1992 ж., 5 орын – 1995 ж., 1 орын – 2017 ж.), *easy-going* (5 орын – 1995 ж., 2017 ж.), *friendly* (3 орын – 1992 ж., 6 орын – 2017 ж.), *angry* (9 орын – 1998 ж.), *happy* (4 орын – 1998 ж.), *proud* (6 орын – 1995 ж., 5 орын – 1998 ж.), *racism* (8 орын – 1998 ж., 10 орын – 2017 ж.) сөздер қайталанған.

2017 жылғы жағымды және жағымсыз сипаттаулардың үлес салмағы тең дәрежеде (10/13).

**Жағымды:** *open*, *positive*, *amiable*, *tolerant*, *easy-going*, *benevolent*, *friendly*, *considerate*, *happy*, *freedom-loving*.

**Жағымсыз:** *sassy*, *arrogant*, *spiritless*, *careless*, *simulated cheerfulness*, *angry*, *indifferent*, *hypocritical*, *deceitful*, *confusing*, *unsociable*, *snobbish*.

Жағымды немесе жағымсыз категорияларына жатқызуға да, жатқызбауға да болатын екі сөз қалды: *impulsive* (7 орын – 2017) және *simple* (9 орын – 2017), себебі олар адамды жақсы жағынан да, жаман жағынан да сипаттайды. *Simple*, сөзінің ағылшын және орыс тілдерінде де сәйкес келетін заттық мағынасын сараптай келе (*simpleton*, *простак* – *ой өріci тар*, *ақылы кем*), оның комплимент ретінде қабылдана бермейтінін байқауға болады.

Ресей және орыстар әлемнің мәдени-тілдік картинасында төмендегідей сипатталған:

#### **Аса жиі қолданылатын 10 сөз:**

1. *Moscow* [Мәскеу] (19%).
2. *Red Square* [Қызыл алан], *Putin* [Путин] (15%).
3. *Nature* [табиғат] (14,5%).
4. *Big territory* [алып территория] (13,5%).
5. *Cold* [сүйк] (11%).
6. *The Kremlin* [Кремль] (10%).
7. *Winter* [қыс], *motherland* [Отан] (9%).
8. *Vodka* [арақ], *patriotism* [патриотизм], *forests* [орман] (8%).

9. *Birch-tree* [қайын], *rich history* [бай тарих], *matryoshka* [матрещка], *the Russian language* [орыс тілі], *broad Russian soul* [кеңпейіл орыс жаны] (7%).
10. *Flag* [ту, жалау] (6%).

Сауданаманың тақырыптық топтар бойынша мәліметі:

**Орыстардың мінез-құлқындағы ерекшеліктер:**

1. *Hospitable* [қонақжай].
2. *Cooperative* [қол үшін созуға дайын], *kind* [қайырымды], *heartful* [мейрімді], *open* [ашық], *cheerful* [көңілді].
3. *Stubborn* [қырсық], *sense of humor* [әзілкеш].
4. *Benevolent* [жүргегі кен], *naïve* [аңғал], *generous* [жомарт].
5. *Well-mannered* [тәрбиелі, көргенді], *steady* [тұрақты], *sincere* [шынайы].
6. *Collectivism* [ұжымшылдық], *haphazard* [жүрдім-бардым], *embittered* [ашулы].
7. *Straightforward* [турашыл], *determined* [шешімді].
8. *Serious* [парасатты], *misbehaving abroad* [шетелде өзін дұрыс алып жүре алмайды].
9. *Sympathetic* [жаны ашығыш], *calm* [салмақты].
10. *Sedate* [салиқалы], *malevolent* [мейрімсіз], *ingenious* [қу].

**Ресейдің қазіргі өмірі:**

1. *Vodka* [арақ], *patriotism* [патриотизм].
2. *Matryoshka* [матрещка], *the Russian language* [орыс тілі].
3. *Flag* [ту, жалау].
4. *Balalaika* [балалайка], *grandeur* [әспеттеу], *literature* [әдебиет], *multi-nationality* [көп ұлттылық], *traditions* [салт-дәстүр], *culture* [мәдениет]
5. *Village* [деревня], *ear-flapped hat* [құлақшын].
6. *Great poets and writers* [ұлы ақындар мен жазушылар], *anthem* [гимн], *feasts* [мерекелік дастархан], *empire* [империя], *communism* [коммунизм], *winners* [жеңімпаздар], *Orthodox church* [православие], *university* [университет].
7. *Maslenitsa* [масленица], *traffic jams* [кептеліс], *revolution* [революция], *samovar* [самауыр], *stereotypes* [стереотип], *folklore* [фольклор].
8. *Ballet* [балет], *blini* [құймақ], *bureaucracy* [бюрократия], *potato* [картошка], *Russian songs* [орыс әндері].
9. *War* [соғыс], 'friend or foe' division [өзі және өзгелер деп бөліну], *caviar* [икра], *corruption* [жемқорлық], *bad roads* [нашар жолдар], *national spirit* [халықшылдық].
10. *National emblem* [герб], *discipline* [тәртіп], *conservatism* [консерватизм], *peasants* [шаруалар], *love* [махаббат], *swearing* [балағат], *metropolitan cities* [мегаполис], *education* [білім], *Russian salad* [оливье], *Russian pastille* [пастыла], *perestroika* [қайта құру], *president* [президент].

дент], *blind love for the country* [өліп-өшкен патриотизм], *suburban electric trains* [электриктер], *fur coat* [тон], *fairs* [жәрменке].

#### **Табиғат, пейзаж:**

1. *Cold* [сұық].
2. *Winter* [қыс].
3. *Forests* [орман].
4. *Birch-tree* [қайың].
5. *Bear* [аю].
6. *Vastness* [шекіздік], *village* [деревня], *beauty* [сүлүүлік], *snow* [қар].
7. *River* [өзен], *vast fields* [ауқымды егістіктер], *rain* [жаңбыр].
8. *Blue sky* [көгілдір аспан].
9. *Pollution* [ластану].
10. *Swallows* [қарлығаштар], *gray city* [сұр қала], *heavy clouds* [бұлт].

#### **Жеке тұлғалар:**

1. *Moscow* [Мәскеу].
2. *Red Square* [Қызыл алаң].
3. *Putin* [Путин].
4. *The Kremlin* [Кремль].
5. *Pushkin* [Пушкин].
6. *MSU (Moscow State University)* [ММУ (Мәскеу мемлекеттік университеті)], *USSR* [СССР].
7. *Baikal* [Байкал], *Stalin* [Сталин].
8. *Sochi Olympics* [Сочи олимпиадасы], *Peter I* [Петр I], *St. Petersburg* [Санкт-Петербург].
9. *The Bolshoi Theatre* [Ұлken театр], *Far East* [Қыыр Шығыс], *Ivan* [Иван], *Ivan the Fool* [Иван-ақымақ], *Crimea* [Крым].
10. *Dobrynina Nikitich* [Добрыня Никитич], *The Iron Curtain* [Темір тор], *Katyusha* [Катюша], *The Cathedral of Christ the Saviour* [Христос қутқарушының шіркеуі].

Бұл сауалнамада да ақпарат берушілердің әлеуметтік статусы өзгермеген – ММУ-дің шет тілдері және аймақтану факультетінің I курс студенттері. Бірақ алдыңғы сауалнамалармен салыстырғанда, ұзақ уақыт аралығын, 20–25 жылды қамтитындығымен ерекшеленеді. Алдыңғы үш сауалнаманың арасындағы үзіліс үш жылды ғана қамтығандықтан, әлемді немесе Ресейді тану картинасы (елдің ішінде және әлемдегі жағдай қарқынды әрі түбегейлі түрде өзгеріп жатқанына қарамастан) айтартылғатай өзгеріске үшырай қоймаған.

Барлық төрт сауалнамада да, яғни Ресейдің жаңа тарихындағы 25 жыл ішінде оның жас азаматтарының Ресейдің әлеуметтік өмірінің аса маңызды белгілері мен символдары туралы пікірі үш мәселеде

өзгермеген: Мәскеу (1992 – №6, 1995 – №2, 1998 – №2, 2017 – №1), Кремль (1992 – №8, 1995 – №3, 1998 – №5, 2017 – №6), арақ (1992 – №3, 1995 – №4, 1998 – №3, 2017 – №8). Арақ сөзінің рейтингісі алғашқы үш сауалнамада үздік ондықтың 3–4–3 орындарынан көрінсе, соңғы сауалнамада 8 орынға дейін төмендеген.

Қолданылу жиілігі жағынан төрт сауалнаманың үшеуінен (2017 жылды қоса есептегендеге) тұрақты көріністапқан сөздер төмендегідей: Қызыл алаң (1992 – №10, 1995 – №2, 2017 – №2); қыс (1995 – №6, 1998 – №7) / қар (1998 – №7) / сұық (2017 – №5); отан (1992 – №2, 1998 – №8, 2017 – №7), (1992 – №4, 1998 – №3, 2017 – №9 – кеңпейілді орыс жаны).

2017 жылды қоса есептегендеге екі сауалнамада қайталанған сөздер: табиғат (1995 – №7, 2017 – №3), орман (1995 – №9, 2017 – №8), тарих (1992 – №3, 2017 – бай тарих – №9), патриотизм (1992 – №2, 2017 – №9).

2017 жылға қарай дүлей/ түрбулентті / бандитті тоқсаныншы жылдар (XX ғасырдың тоқсаныншы жылдары Ресей тарихына осындай теңеулермен енді) қолданылу жиілігін жоғалтты: кедей (1992 – 9), кедейлік (1998 – 1), дағдарыс (1992 – 10, 1998 – 6), тәртіпсіздік (1992 – 3), хаос (1992 – 3), мафия (1998 – 9), ақымақтар (1992 – 10), ақылсыз (1992 – 10) сөздерінің орналасу реті осындай.

2017 жылды қолданылу жиілігі жағынан үздік ондықта жаңадан төрт сөз енген: АҚШ-тың тілдік әлемі картинасында АҚШ президенті Трамптың алға озғаны секілді Путин – №2; матрешка (№9), орыс тілі (№9), ту, жалау (№10) орындардан көрінген.

Жалпы алғанда, 2017 жылдың тілдік картинасы 90-шы жылдармен салыстырғанда салмақтырақ әрі патриоттық сезімдері жоғарырақ. Ең жиі қолданылған Ресейдің ұлттық символдары мен құндылықтары: Мәскеу, Қызыл алаң, Кремль, ту, жалау, орыс тілі, алып территория, ормандар, табиғат, ақ қайың, матрешка, Отан, патриотизм, кең пейілді орыс жаны, бай тарих. Америка президенті секілді біздің президент те екінші орында. Картинаны идиллиялық деуге болады, тек 90-шы жылдардың әрі көңілсіз, әрі қорқынышты тілдік картинасынан водка (арақ) сөзі ғана аман қалды. Алайда арақты сұық климатты өлкеде мөлшерімен пайдалана білудің денсаулықта пайдалы екендігін Ресейдегі өмір сүру тәжірибесі көрсетіп отыр.

Сонымен, тіл иелерінің ассоциативті бағалау реакциясының тілдік саралтауы немесе нақты концепциялардың ассоциативті алаңы – тілдің мәдениет айнасы рөлін айқындау және бекіту амалдарының бірі ғана емес, қолданбалы аспектіде – салғастырмалы зерттеу нәтижелерін түсіне отырып, мәдениетаралық қарым-қатынасты оңтайландыруға пайдалану мүмкіндігі туып отыр.

## II

За спрос  
денег не берут  
Язык до Киева  
доведёт

*It takes all sorts to make a world*

*Variety is the spice of life*

*Tastes differ*

*Every man to his taste*

*There is no accounting for tastes*

*One man's meat is another man's poison*

*Beauty is in the eye of the beholder*

Каждому своё  
На вкус и цвет  
товарищей нет

*Prevention is better than cure*

*One good turn deserves another*

*Silence is golden*  
*Brevity is the soul of wit*  
*First think, then speak*  
*A word to the wise*  
*Still waters run deep*

держать язык  
за зубами

*A penny for your  
thoughts?*

В тихом омуте  
черты водятся

Готовь сани летом,  
в телегу зимой  
Береженого (и) Бог бережет

# *I тараяу*

## *Тілдің жеке тұлғаны қалыптастырудығы рөлі Тіл және ұлттық мінез-құлдық*

Ана тілінің адам болмысымен біте қайнасып жатқаны соншалық, оқушыға ана тілін үйрету де-геніміз – оған рухани тәрбие беру деген сөз.

«Ана тілін оқыту жайында», 1897.

### **§1. Мәселенің қойылуы**

Тіл мен адам ажырамас бірлікте. Әлемде адамзаттан тыс тіл болмайтыны секілді, адам да тілсіз өмір сүре алмайды. Адамды тілсіз зерттеп білуге болмайтыны сияқты, тілді де адамсыз менгеру мүмкін емес. Тіл адамның қоршаған ортасын, сол ортада қалыптасқан мәдениетті бейнелейді, мәдениетті сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа, әкеден ба-лаға жеткізеді. Тіл – таным құралы, адам оның көмегімен әлемді, мәдениетті танып, біледі. Сондай-ақ тіл – мәдениет құралы, ол адамды тұлға ретінде қалыптастырады, оның іс-әрекетін, өмір салтын, дүниетанымын, ұлттық мінезін, ділін, идеологиясын анықтайды. Тіл – айнымас қатал ұстаз, ол өзінде қалыптасқан идеяларды, пікірлерді, мәдени қабылдау модельдері мен іс-әрекеттерді таңудан танбайды.



Белгілі бір тұрғыдан алғанда, адам – өз ана тілінің құллы, нәресте шағынан атанаасы сөйлейтін тілдің ықпалына түсіп, өз еркінен, қалауынан тыс түскен ұжымның тілімен бірге мәдениетін де бойына сіңіруге мажбур болады.

Ұлттық мәдениет пен тұлғаның арақатынасы жайында әртүрлі ғылым саласы өкілдерінің, атап айтқанда, психологердің, мәдениеттанушылардың, әлеуметтанушылардың жазған еңбектері жетерлік. Солардың ішінде шет тілін оқытатын оқытушылар

үшін классикаға айналған Е.М. Верещагин мен В.Г. Костомаровтың «Тіл мен мәдениет» кітабында: «Адам орыс, неміс, жапон және т.б. болып тумайды, тек белгілі бір ұлт қауымында өмір сұру барысында сол ұлт өкілі болып қалыптасады. Баланы қоршаған ортаның ұлттық мәдениеті оның тәрбиесіне де ықпал етеді»,<sup>1</sup> – делінген.

Алайда адам тәрбиесінде, оның тұлға ретінде қалыптасуында мәдениетпен ажырамас бірліктегі тілдің айырықша рөл атқаратынын ұмытпайық. Е.М. Верещагин мен В.Г. Костомаров келтірген кеңестік кезеңнің танымал психологі Б.Г. Ананьевтің «Тұлға – мәдениет өнімі» деген белгілі афоризмін «Тұлға – тіл мен мәдениет өнімі» деп толықтыра кеткенді жөн көрдік.

Адам шыр етіп дүние есігін ашқан алғашқы сәттен-ақ болашақ ана тіліндегі дыбыстарды естиді. Тіл оны қоршаған ортамен таныстырып, оған дейін-ақ, онсыз да «салынып қойған» көріністерді, бейнелерді таңа бастайды. Тілді меңгерумен қатар, ол енді қоршаған орта, өз мүшесі болып саналатын қоғам, ондағы мәдениет, құндылықтар жүйесі, мораль, іс-әрекет және т.б. жайындағы ақпаратқа қанығады.

**Тіл – әлем мен мәдениетті бейнелеуши әрі сол тілде сөйлеүшілерді қалыптастыруышы.**

Осы тұста Андрей Макиннің «Француз мұрасы» романынан тағы бір үзінді келтіргіміз келіп отыр. Француз тілін өзінің екінші ана тілі (орыс тілімен қатар) ретінде таныған автобиографиялық (өмірбаяндық) романың кейіпкері тіл өз елінің есігін аштын кілт іспеттес еken деп тіл жайында танымын кеңейткенін жеткізеді. Кейіпкер қарындасты екеуі Францияны Атлантида деп атайды:

«Notre langue! Par-dessus les pages que lisait notre grand-mère, nous nous regardâmes, ma sœur et moi, frappés d'une même illumination: «...qui n'est pas pour vous une langue étrangère». C'était donc cela, la clef de notre Atlantide! La langue, cette mystérieuse matière, invisible et omniprésente, qui atteignait par son essence sonore chaque recoin de l'univers que nous étions en train d'explorer. Cette langue qui modelait

les hommes, sculptait les objets, ruisselait en vers, régissait dans les rues envahies par les foules, faisait sourire une jeune tsarine venue du bout du monde... Mais surtout, elle palpitait en nous, telle une greffe fabuleuse dans nos cœurs, couverte déjà de feuilles et de fleurs, portant en elle le fruit de toute une civilisation. Oui, cette greffe, le français<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров. Язык и культура. М., 1990, 25 б.

«Біздің тіл! – Оқып отырған әжемізден көзімізді ала бере, қарындасты екеуміз жаңаңылқ, ашқандай бір-бірімізге таңдана қарадық, – сендер үшін жат тіл емес». Атлантидамыздың есігін ашар кілт қайда жатыр десек!  
– Тіл – тылсым дүние, көзге көрінбейді, алайда ке兹бейтін жері жоқ, – дегенде, оның жағымды үні біздің санамызға жетсем, танысадың деген әлемнің кез келген бұрышын дөп басып тауып, жете қоятын. Бұл тіл түрлі адамды кескіндеп, түрлі затты кесіп-пішетін, бірде өлең бол өріліп, бірде көшедегі әлдекімнің көз жасы бол төгілетін, кейде тіпті әлемнің келесі бір бұрышындағы патшайымның езүіне күлкі үйретін... Бастысы, ол біздің жүргімізге кішкентай дәнек бол түсіп, жапырақ жайып, гүлдеп, тұтас бір өркениеттің жемісін берді. Сол кішкентай дәнек – француз тілі болатын.

<sup>2</sup> A. Makine. Le testament français. [Paris], Mercure de France, 1997, p. 56.

Жоғарыда тіл қызметін пассив, бейнелеуші және актив қалыптастыруши деп бөлу мүмкін емес екенін, бұл тек зерттеу жүргізуде қолданылатын шартты әвристикалық тәсіл екенін бірнеше қайтара айтқанбыз. Десек те осы шартты тәсілді қолдана отырып, орыс және ағылшын тіліндегі материалдар негізінде тіл шебердің тұлғаны қалай «жасайтынын», ол үшін шеберханасындағы қандай құрал-саймандарын пайдаланатынын қарастырайық. Көп жағдайда адам мінезін, әрекетін, өмірге, адамдарға деген қатынасын қалыптастырудың тілдің рөлін саналы түрде түсіне бермейміз.

Сонымен, тіл сол тілде сөйлеушілерді қалыптастырады. Әрбір үлттық тіл сол үлттық үлттық мінезін бейнелеп қана қоймай, оны қалыптастыруға да атсалысады. Басқаша айтқанда, тіл үлт өкілін, яғни сол тілде сөйлеушіні қалыптастыrsa, онда оны тұлға ретінде де қалыптастырады. Сондықтан тілдің үлттық мінез қалыптастыруда конструктивті рөл ойнайтыны сөзсіз.

Мәселеге терең бойламай тұрып, алдымен үлттық мінез ұғымын жан-жақты қарастырып алайық.

## § 2. Үлттық мінез-құлышқ дегеніміз не? Ол туралы ақпарат көздері...

Үлттық мінез дегеніміз не? Жалпы бұл бар нәрсе ме? Адамдардың әртүрлі болатынын біле тұра, типтік мінездерді жинақтап тұтас бір халыққа телу қаншалықты занда? Осы жайында айтылған ағылшын мақалы тілге оралады: *It takes all sorts to make the world* (Әлем әртүрлі сұрыптағы/санаттағы адамдардан құралады). Ал *It takes one sort to make a nation*, яғни бір сұрыптағы/санаттағы адамдардан халық құралады десек қалай? Әлде үлттық мінез дегеніміз көбіне үлтқа басқа үлттар таңатын (мұқату мақсатында болуы да мүмкін) мінез-құлышқтардың стереотип жиынтығы ма?

Ұғымның күрделілігі мен оған қатысты туындаған қарама-қайшылықтар терминологиялық әркелкілікке жол беріп отыр. Бұл – барлық гуманитарлық ғылымға тән мәселе. Н.А. Ерофеевтің айтуынша, **этникалық көрініс** – «өзге халықтың сөзбен жасалған портреті не бейнесі».<sup>3</sup>

С.М. Арутюнян «халықтың рухани өміріндегі әртүрлі құбылыстардың өзіне тән жиынтығы» саналатын үлттың психологиялық қалпы деген терминді қолданады.<sup>4</sup> Алайда үлттық мінез термині біршама кең тараған.

Төменде Н.А. Ерофеев келтірген «үлттық мінез» ұғымының бірнеше анықтамасын береміз:

<sup>3</sup> Н.А. Ерофеев. Туманный Альбион. Англия и англичане глазами русских. 1825–1853. М., 1982, 7 б.

<sup>4</sup> С.М. Арутюнян. Нация и ее психический склад. Краснодар, 1966, 23 б.

«Д.Б.Парыгиннің пікірінше, түрлі әлеуметтік топтардың, таптардың, қоғамның, ұлттың, халықтың психологиялық ерекшеліктерінің болуы еш күмән келтірмейді».<sup>5</sup>

Осы көзқарасты ұстанатын Н.Жанділдиннің берген анықтамасында ұлттық міnez дегеніміз – «нақты бір экономикалық, мәдени, табиғи жағдайда дамитын белгілі бір әлеуметтік-этникалық қауымға аз не көп мөлшерде тән болатын психологиялық міnez-құлықтар жиынтығы».<sup>6</sup> Ұлттық міnez немесе «ұлттың психологиялық қалпы» ұғымын жоққа шығармайтын С.М. Арутюнян оған мынадай анықтама береді: «ұлттың тарихи дамуының ерекшелігімен, материалдық өмір ықпалымен қалыптасатын, оның мәдениетінен көрінетін ұлттық әдеттер мен дәстүрлердің, ойлар мен әрекет түрлерінің, сезімдер мен эмоциялардың өзгеше ұлттық көрінісі».<sup>7</sup>

Кең тараған пікірге сүйенсек, ұлттық міnez дегеніміз – белгілі бір ұлттың өзіне ғана тән, өзгеше міnez-құлықтарының жиынтығы емес, жалпыадамзаттық міnez-құлықтардың өзгеше әмбебап жиынтығы.

В.Г. Костомаров 1998 жылғы наурызда өткен «Орыс тілінің Франциядағы апталығының» ашылуында жасаған баяндамасында ұлттық мәдениет жайында жоғарыдағы жақын пікір айтады: «Ұлттық мәдениет бұл белгілі бір ұлтқа тән ерекше міnez-құлық жиынтығы емес, ол – жалпыадамзаттық міnez-құлықтар мен идеялардың айырықша жиынтығы». Ю.В. Бромлей де «ұлттық міnez қырларының салыстырмалы түрде алғандағы ерекшеліктеріне, байқалатын айырмашылықтарына» тоқталады.<sup>9</sup>

Н.А. Ерофеевтің «Туманный Альбион. Англия и англичане глазами русских» атты еңбегіндегі ұлттық міnez туралы талдауларынан үзінді келтірейік:

«Көпшілігіміз неге американцы – іскер, итальянцы – музыкаға жақын болады деген пікірдеміз? Әлде осы екі ел ішінде санақ жүргізіп, осыны анықтаған біреу бар ма? Әлдекімдердің байқағаны мен алған әсеріне қарап, неге әлдебір халыққа бүйрекіміз бұрса, көрінішке келесі бірін жақтырмай жатамыз? Бір қызығы – бұл сезімдерімізді өзімізбен бірге ала кетпей, балаларымызға, немерелерімізге мұра еткендегі табыстап кетеміз. Шешімін күтіп жатқан осы сияқты мәселелер жетерлік.

Осындай аса құрделі мәселелердің бірі, тіпті ең құрделі мәселе десек те орынды, ол – әрбір этникалық бейненің маңызды бөлігі болған ұлттық міnez.

Әр халықтың тұрмыстық сана деңгейіндегі ұлттық міnezі бар екені шүбәсіз. Әсіресе мұндан ой өзге этникалық ортаға түскенде туындаиды. Сол қауым адамдарының көп тұрғыдан өзіңізден өзгешеленетінін, мәселен, өмір салты, тұрмысы, кейде тіпті кескін-кел-

<sup>5</sup> Д.Б. Парыгин. Общественное настроение. М., 1966, 74 б.

<sup>6</sup> Н. Джандильдин. Природа национальной психологии. Алма-Ата, 1971, 122 б.

<sup>7</sup> С.М. Арутюнян. Указ. соч., 31 б.

<sup>8</sup> Н.А. Ерофеев. Указ. соч., 16 б.

<sup>9</sup> Ю.В. Бромлей. Этнос и этнография. М., 1975, 94 б.

беті, іс-әрекеті сіздікінен мүлде басқа екенін байқағаныңызда, тұжырымыңыз бекі түседі. Еріксіз бұл ерекшеліктер мен айырмашылықтардың туындауы кездейсоқтық па, әлде олар ортақ, терең бір негізден бастау алып, осы халықтың айрықша болмысына, үлттық мінезіне кеп құйыла ма деген сұрақтарға жауап іздей бастайсыз. Бәлкім сол халықтың мінезін түсіну арқылы бүкіл ерекшелігін, болмысын ұфатын дәрежеге жетерміз. Сондықтан үлттық мінезді сол халықтың бүкіл өмірін, болмысын, тіпті тарихын ашып беретін кілт деуге болады».<sup>10</sup>

<sup>10</sup> Н.А. Ерофеев. Указ. соч., 12 б.

<sup>11</sup> См.: В.И. Козлов, Г.В. Шепелев. Национальный характер и проблемы его исследования // Советская этнография, 1973, № 2, 69–83 бб.

<sup>12</sup> Г. Бёлль. В плenу предрассудков // Литературная газета, 6.09.1966. Цит. по кн.: Н. А. Ерофеев. Указ. соч., 18 б.

Кейбір зерттеушілер үлттық мінез тек тұрмыстық санаға ғана тән, ғылыми санада болмайды, халықтың «типтік» мінез-құлқы деңгендердің барлығы шартты нәрсе деп есептейді.<sup>11</sup>

Осы туралы «Санкт-Петербургские ведомости» газетінің 1859 жылғы 11 қантардағы санында былай делінген: «Әр үлтқа тән үлттық мінез болады, француздарды – жеңілtek, ағылшындарды – өзімшіл, орыстарды – шыдамды дейді. Құдай-ау, сонда әрқайсымыз кеңестірген терең ойлы француздарды, өзгелер үшін жанын піда қылған ағылшындарды, шыдамсыз орыстарды қайтпекпіз?»

Үлттық мінез жайында қатты сын айтқан көрнекті неміс жазушысы Генрих Бёлл болды. «Орыстар – міндепті турде қауға сақалды, сезімге берілгіш, қияли, голландиялықтар – епсіз, аңғал, ағылшындар – өркөкірек не оқу соққан, француздар – тым сезімтал не тым ақылды, немістер – музықадан басқаға мойын бүрмайтын не тұздалған қырыққабаттан бас алмайтын, венгрлер – өр көнілді, жұмбак, шырпыйдай тез тұтанатын қызба» деп әр халыққа таңылған үлттық мінезді әжуга қыла отырып, оны «беллетристік наым» деп атайды.<sup>12</sup>

Өз басымнан өткен бір оқиға есіме түсіп отыр. Лондон университетіне тағылымдаға барған бір жылы ағылшын журналисті Beат Бишоптың «*I regret to say that a typical English man does not exist*» / Өкінішке қарай, типтік ағылшын адамы болмайды/ деп айтқанына байланысты типтік орыс адамы туралы эссе жазуым керек болды:

Үлттық типті сипаттауға келгенде, шексіз қыындықтарға тап боласың. Ондаған (бәлкім жүздеген) орыс танысымды көз алдыманнан өткіздім, алайда олардың ешқайсысына типтік орыс адамы деген мәртебе бере алмадым. Бірінің «типтілігі» жоғары болса, енді бірінікі тәмен. Мәселен, кейбір типтік адамға жатқызығандарым үлтты нағыз орыс еместер бол шықты. Керісінше, нағыз орыстар типтік адамға жатқызуға келмеди. Сондықтан үлгі боларлық орыс адамын сипаттаудан бас тартуыма тура келді.

Сонымен, мәселе қарама-қайшылыққа толы. Үлттық мінез деңгеміз бар нәрсе ме? Оның бар екенін дәйектейтін қандай обьективті, ғылыми дәлелдер бар? Үлттық мінезді қайдан көреміз? Үлттық мінез туралы қандай нақты мәлімет көздері бар?

Мәлімет көздерін анықтап көрейік. Белгілі бір халықтың ұлттық мінезі дегенде ойымызға алдымен сол халықпен байланыстыратын стереотиптер жиынтығы келеді. Стереотиптер туралы жазылған еңбектер көп, казір де бұл тақырып ғалымдармен қатар көшілік қауымның да назарын бұрып, жан-жақты қарастырылууда.<sup>13</sup>

Стереотип – «әдette эмоциялық реңкі бар, тұрақталған әлеуметтік құбылыс не нысан туралы нобайы жасалған, стандартталған бейне не көрініс. Белгілі бір әлеуметтік жағдай, тәжірибе ықпалымен туындаған құбылысқа адамның әдetteгі қатынасын білдіреді».<sup>14</sup>

Ағылшын сөздіктері де осы тәріздес анықтама береді: *stereotype*: «*fixed mental imprestion*» (белгіленген ақыл-ой көрініс) (COD), «*a fixed pattern with is believed to represent a type of person or event* (адам не оқиға типі туралы көрініс ретіне саналуы тиіс белгіленген үлгі)» (LDCE).

Стереотип, стереотиптік сөздері орыс тілінде де, ағылшын тілінде де қалыпқа түскен (шаблонный) деген сөзben анықталатындықтан, *таптауырын болған, бірегейлігі, бейнелілігі* жоқ деген мағынада жағымсыз реңкке ие. Бұл стереотип сөзіне, әсіресе мәдениетаралық коммуникация контексті тұрғысынан алғанда әділетсіздік жасағанмен тең. Басқа халықтар мен басқа мәдениеттер туралы стереотип пікірлер өзге мәдениетпен келіспеушілікке алдын ала дайындалап, жағымсыз мәдени әсер алуды жеңілдетеді. «Стереотиптер адамның тар шеңбердегі әлеуметтік, географиялық, саяси әлемінен шығып, дүние туралы тұтас, кең ауқымды көзқарасын қалыптастыруына көмектеседі».<sup>15</sup>

Ұлттық мінез туралы стереотип пікірлерді халықаралық анекдоттардан көпте кездестіруге болады. Шаблон сюжетпен құрылған мұндай анекдоттарда әртүрлі ұлт өкілдері бір уақытта бір жағдайға тап болып, әрқайсысы басына түскен қындықты анекdot отанында стереотип ретінде қалыптасқан ұлттық мінезінің қырларына сай қабылдайды.

Мысалы, орыс анекдоттарында ағылшындар әдette үақытқа қатаң бағынатын (пунктуаль), көп сөйлемейтін, прагматик, ұстамды, темекіні, вискиді, ат спортын жақсы көретін болып суреттеледі. Немістер – істің өзіне оңтайлы жағын тапқыш, тәртіпке бағынатын, жинақы, тәртіпсүйгіштігінен өзін көп шектейтін, ал француздар жеңілtek, әйелқұмар, сайран салып, көңіл көтеріп, ішіп-жеуді ғана ойлайтындар ретінде көрсетіледі. Америкалықтар бай, жомарт, өз-өзіне сенімді, әрқашан қымбат көлік мініп жүреді деп қабылданады. Орыстар күй талғамайтын, аңғал, маскүнем, тәбелескіш, содыр, ішіп алып, шатақ іздел жүретіндер ретінде бейнеленеді.

Мысал ретінде бір анекдотты келтірейік: түрлі ұлт өкілдерінің

<sup>13</sup> Осы тур. қараңыз, мыс., А.В. Павловская. Россия и Америка. Проблемы общения культур. М., 1998

<sup>14</sup> Краткий политический словарь. М, 1987, 447 б.

<sup>15</sup> А.В. Павловская. Көрсет. шығ. 17 б.

ішкелі отырған сырасының бетінде шыбын қалқып жүр еken. Неміс (істің өзіне оңтайлы жағын тапқыш) шыбынды алып тастап, сырасын іше береді. Француз (сезімге берілгіш) шыбынды алып, қанатынан жайлап үрлеп, ұшырып жібереді де, сиралының ішпейді. Америкалық (өз құқығын билетін, өзіне сенімді) даяшыны шақырып, шу шығарады, басқа сыра әкелуін талап етеді. Қытай (құрт-құмырсқа жеumen әйгілі) шыбынды алып, сырасын ішкен соң, оны тіскебасар ретінде жеп қояды, еврей (жұмыртқадан жұн қырыққан, пайдакунем) сырасын ішіп, шыбынды қытайға сатады.

Тағы бір мысал. БҰҰ комиссиясы әртүрлі үлттардың тіршілікке қабілеттілігін тексермек болып, эксперимент ретінде оларды екі ерекк, бір әйелден адам аяғы баспаған жеке-жеке аралдарға тастапты. Он жылдан соң комиссия оларды тексеруге келіпті. Ағылшынның аралына келсе, екі ерекк теннис ойнап жүр еken. «Жағдайымыз жақсы, спортпен айналысамыз, ешқандай қындық жоқ», – депті олар. «Әйел қайда?» десе: «Біз ол жайында ештеңе білмейміз ... », – депті.

Францияның бір аралында көнілді Мари былай дейді: «Бұл – Пьер, ал мынау – Жак, бізде барлығы жақсы, үшеуміз де ризамыз». Испаниядағы аралда Мария комиссия мүшелеріне эксперименттің екінші күні Хосе Хуанды өлтіргенін, содан бері бақытты өмір сүріп жатқанын айтты. Орыстың аралы екеу еді: төңкеріске дейінгі және төңкерістен кейінгі. Төңкеріске дейінгі орыс аралында қасірет шеккен Ольга біреуді құлай сүйгенін, алайда басқа жанға тұрмысқа шыққанын және үшеуінің де бақытсыз екенін айтқан болатын. Комиссия келген кезде төңкерістен кейінгі орыс аралында екі мықты ерекк үйде карта ойнап отырады. «Бізде барлығы жақсы, – деді біреуі. – Біз колхоз құрдық, мен – сол колхоздың төрағасы боламын, бұл – парторг болады. – Ал сіздің әйеліңіз қайда? – деп сұрады комиссия мүшелері. – Халық па? Халықтың бәрі егістікте», – деген жауап берілді [Бұл жердегі «народ в поле» деген ұғым ауызекі сөйлеу тілінде мәтел ретінде қалыптасқан].

Піл туралы үздік кітапқа жарияланған халықаралық байқаудың өтуіне байланысты дүниежүзіне кеңінен тараған анекдоттың реалістік нұсқасы былайша беріледі: «Халықаралық байқауға немістер арбамен «Введение к описанию жизни слов» (Сөз өмірі жазбасына кіріспе) атты көп томды еңбегін тапсырады, ағылшындар бағалы былғарымен қанталған «Торговля слоновой костью» (Піл сүйектерінің саудасы) кітабын алып келеді. Француздар әділ-қазылар алқасына «Любовь у слона» (Піл махаббаты) атты әсем бейнеленген иллюстрациялық басылымды ұсынады. Америкалықтар «Все о слонах» (Бәрі де піл туралы) деп аталатын жұқаша келген, қалтаға салып жүруге ыңғайлы кітапша шығарады. Орыстар «Россия – родина слонов» (Ресей – пілдер отаны) атты қалың монография жа-

риялайды. Болгарлықтар болса «Болгарский слоненок – младший брат русского слона» (Болгардағы піл баласы – орыс пілінің інісі) атты брошюраны ұсынады. Осы анекдоттың норвегше нұсқасында халықаралық байқауға немістер «150 способов использования слов в военных целях» (Әскери мақсатта пілді пайдаланудың 150 тәсілі), француздар «Сексуальная жизнь у слонов» (Пілдердің сексуалдық өмірі), ал американлықтар «Самый большой слон, которого я когда-либо видел» (Мен көрген ең үлкен піл), шведтер «Политическая и социальная организация общества слонов» (Пілдердің саяси және әлеуметтік қоғамы), дат халқы «150 трапез из слона» (Пілден жасалған 150 тамақ), норвегтер «Норвегия және біз, норвегтер» деп аталатын еңбектерін ұсынады.

Анекдоттан тағы бір мысал. Ғалымдар қай ұлт өкілінің аязға тәзімді екенін тексеру үшін эксперимент жүргізеді. Тоқазытқыш орнатылған камераға өзімен бірге қалаған затын алып кіруге, шыдай алмаған жағдайда есікті қағуға рұқсат беріледі. Ағылшын азаматы темекі, бір бөтелке шарап және өзін-өзі жақсы ұстай алатын эйелді алып кіреді. Бір сағаттан соң, есік қағылады. Камерадан қалтыраған ағылшынды алып шығады. Келесі кезекте орыс өзімен бірге бөтелкелес досын, бір шелек арақ пен екі шелек тұздалған қияр алып кіреді. Үш сағат өткен соң, олардың тірі қалғандарына күмәндандыған ғалымдар камераның есігін ашады. Арғы жақтан жуан жұдырық шығып: «Ой, шошка! Онсыз да сүйк, ал бұл есікті ашады», – деген дауыс естіліп, есік тарс жабылады.

Мұндай әзілдерді көптеп келтіре беруге болады, бұдан әрбір үлттың мінез-құлқына байланысты қалыптасқан стереотип айқын аңғарылады. Ағылшын анекдоттарында сараң шотландтар мен араққұмар ирландиялықтар туралы көп айтылады. Мына бір әзіл әңгімeden eуропалықтар туралы қалыптасқан стереотип аңғарылады: *Paradise is where cooks are French, mechanics are German, policemen are British, lovers are Italian and it is all organized by the Swiss. Hell is where cooks British, policemen are German, lovers are the Swiss, mechanics are French, and it is all organized by Italians* [Аспаз – француз, механик – неміс, полиция сақшысы – ағылшын, көнілдес, ашына – италиялық, барлығын ұйымдастыра біletін швейцариялық болған жердеғана жұмақ болады, ал тамүқ аспаз – ағылшын, полиция сақшысы – неміс, көнілдес, ашына – швейцариялық, механик – француз, барлығын ұйымдастыра біletін италиялық болған жердеғана болады].

Үлгілі еуропалықтың ерекше қасиеттері юморлық түрғыдан қарама-қайшылыққа негізделгені берілген мәтіннен көрінеді: ол фин сияқты әңгімешіл, бельгиялық сияқты қолжетімді, португал сияқты техникалық жақтан қабілетті, испан сияқты үялшақ, австриялық

сияқты шыдамды, люксембургтіктер сияқты танымал, грек сияқты жинақы, ирландиялық тәрізді парасатты, даттар сияқты қарапайым, италиялықтар тәрізді салмақты болуы тиіс, сондай-ақ француз сияқты көлік айдалап, ағылшын тәрізді тамақ дайындаі алуды қажет.

Иса пайғамбардың қай үлттың өкілі екеніне байланысты құрылған әзіл әңгімеден әрбір мәдениетке және сол мәдениеттің өкілдеріне тән стереотиптер көрініс тапқан:

**Исаның еврей болғандығының үш дәлелі:**

- Ол әкесінің саудасын әрі қарай жалғастырды.
- Ол үйінде 33 жыл тұрды.
- Ол анасының, пәк екендігіне сенімді еді, ал анасы оның Құдай екендігін білді.

**Исаның ирландиялық болғанының үш дәлелі:**

- Ол үйленбей кетті.
- Оның ешқашан тұрақты жұмысы болмады.
- Оның соңғы өтініші – ішу болатын.

**Исаның италиялық болғанының үш дәлелі:**

- Ол ишарат тілімен сөйлейді.
- Әрбір тамақ ішкен сайын шарап іshedі.
- Ол ағаш ұстасы болды.

**Исаның зәңгір болғанының үш дәлелі:**

- Ол адамдардың барлығын бауырым деп атады.
- Оның тұрақты мекенжайы болмады.
- Оны ешкім жұмысқа алмады.

**Исаның пуэрторикалық болғанының үш дәлелі:**

- Оны Иисус деп атады.
- Ол үнемі заңға қайшы жүретін.
- Анасы оның нағыз әкесінің кім екенін білмеді.

**Исаның Калифорниядан екенін дәлелдейтін үш дерек:**

- Ол ешқашан шашын алдырмады.
- Ол үнемі жалаңаяқ жүреді.
- Ол жаңа діннің негізін салды.

**Three proofs Jesus was Jewish:**

- He went into his father's business.
- He lived at home until the age of 33.
- He was sure that his mother was a virgin, and his mother was sure that he was God.

**Three proofs Jesus was Irish:**

- He never got married.
- He never had a steady job.
- His last request was for a drink.

**Three proofs Jesus was Italian:**

- He talked with his bands.
- He took wine with every meal.
- He worked in the building trade.

**Three proofs Jesus was Black:**

- He called everybody brother.
- He had permanent address.
- Nobody would hire him.

**Three proofs Jesus was Puerto Rican:**

- His first name was Jesus.
- He was always in trouble with the law.
- His mother didn't know who his real father was.

**Three proofs Jesus was California:**

- He never cut his hair.
- He walked around barefoot.
- He invented a new religion.

Соңғы кездері баспасөзде мәдениеттің әртүрлілігі мен үлттық мінез-құлықты силаттау бойынша жүргізілген эксперименттер туралы жазбалар шығып жатыр. Кейде бұл эксперименттер халықаралық анекдоттардың мазмұнына жақындейды, кейде олардан да асып түседі. Мәселен, демалыс туралы үғым әрбір үлттың таным-түсінігінде өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады: «Лондонская», «Гардиан» баспасөздерінде Германия, АҚШ, Англия және Жапония мемлекеттерінің азаматтарына демалу үшін Түркиядағы пансионаттардың біріне жолдама беріліп, сол демалушылар туралы британдық 4 телеарнаның деректі фильм түсіргені айтылған бола-



тын. Демалыс кезіндегі туристердің мінез-құлқы, түрлі жағдаяттар болған кездегі өзін-өзі ұстай алу ерекшеліктері жасырын бейнекамераға түсірілді.

Мәселен, автобус жүргізушісі рөлінде ойнаған актер туристерді экскурсияға алып бармақ болып, мас күйінде рөлге отырады. Мұны көрген ағылшындар автобусқа отырудан бас тартады. Жапондар тыныштықтың шырқын бұзғысы келмеген, алайда жапондық топтың жетекшісі жүргізушінің аяқ жағында түрған ішімдікті көрсетеді. Немістер «шу көтеретін болсақ, жұмыстан қуылатын шығармыз» деп уайымдап тұрып қалады. Экскурсия кезінде автобустың ішінде темекі шегуге тыйым салынса да, автобус жүргізуші актер темекі шегеді. Ағылшындар жүргізушіден темекісін сөндіруді өтініп сұрайды. Жапондар тыныштықты бұзбас үшін үндемеуді жөн көреді. Немістер алғашында аздап дауыс көтереді, тек біраз үақыт өткеннен кейін ғана өздерінің бұл жағдайға риза емес екенін айта бастайды. Ал американалықтар автобус салонында жүргізушімен қосылып темекі шегіп отырады.

Барға кірген кезде бармен өзі түрған орнынан басқа бір жаққа кетіп қалғанда автобус жүргізушісі рөліндегі актер ақшасын төлеместен, бардан сыра алып іshedі. Мұны көрген американалықтар мен ағылшындар оның қылығына риза болғандай, өздері де сырдан алып іше бастайды. Немістер сыраға мүлде қол сұқпайды, ал жапондар мұндан тегін сырға қол сұқпақ тұрмақ, болған жағдайды пансионат әкімшілігіне айтЫП береді.<sup>16</sup>

Кейбір әдебиеттерде ұлттық мінез-құлық туралы үлкен сақтықпен, ескертулермен айтылады. Халықаралық сипаты бар қалжыңға құрылған әңгімелер мен анекдоттар сол мәдениет өкілі немесе өзге мәдениет өкілі тарапынан туындастыны белгілі.

Ұлттық мінез-құлықтың сипатталуын көрсететін екінші қайнар көз ретінде классикалық көркем әдебиетті айтуға болады. Осы мәнмәтіндегі классикалық сөзі кездейсоқ алынып отырған жоқ. Мұндан жоғары дәрежені иеленетін туынды қайсыбір ұлттың ақыл-ойы мен ішкі жан дүниесіне әсер еткен, үақыт сынынан өткен деуге болады. Ұлттық классикалық шығармалардағы ұлттық кейіпкерлер халықаралық сипаттағы қалжың әңгімелердегі стереотипті персонаждарымен қарама-қайшылығы қайран қалдырады. Шынында да қызы мен шарап туралы ойлайтын жеңіл ойлы француздардың әлемдік деңгейдегі Стендаль, Бальзак, Гюго, Мопассан, Золя сынында классиктердің шығармаларындағы драмалық кейіпкерлермен ешқандай ортақтығы жоқ, керісінше бұл шығармалардағы кейіпкерлер адамгершілік түрғыдан күрделі саналатын мәселелерді шешеді.

Сондай-ақ өте ұстамды әрі тәқаппар ағылшындар сарказм,

<sup>16</sup> Правда России, 1998, №31.



юмор және ирониядан тұратын анекдоттардан классикалық деңгейдегі әдебиетті қалыптастыруды. Бұған Джонатан Свифт, Бернард Шоу, Оскар Уайлд, Диккенс, Теккерей, Шекспир сынды классиктердің шығармалары дәлел болады. Ағылшындардың бес трагедиялы туындысына жиырма екі комедиялық шығармалары сәйкес келеді. Ешбір мәдениетте юмор дәл осылай жоғары бағаланбайды.

Ал темірдей тәртіпті қатаң ұстанатын, кез келген жағдайда өзін-өзі ұстай білетін немістер халықаралық сипаттағы анекдоттардан Гете мен Гейненің нәзік сезімді, терең ірімді поэзиясын тудырды.

Ішімдік ішүді жақсы көретін, кез келген анекдотта тек бұзақы ретінде танылатын орыстар әлемдік әдебиеттің асыл қазынасына құнды шығармаларымен өзіндік үлес қоса білді. Бұл ойымызды дәлелдеу үшін әлемдік деңгейдегі шығарма ретінде танылған Пушкин, Лермонтов, Толстой, Тургенев, Чехов, Достоевский сынды жазушылардың туындыларын айтсақ болады. Классик жазушылардың шығармаларында философиялық ізденісі мен ішкі жан дүниесінің қайғы-қасіретімен ерекшеленетін кейіпкерлер өзге классикалық шығармаларда сомдалатын персонаждар арасында интеллигенттер саналады (интеллигент сөзінің еуропа тілдеріне орыс тілінен енүі текten-тек емес).

Олай болса, орыс халқына тән ұлттық мінез-құлыш қайдан көрінеді? Анекдоттан ба, әлде классикалық әдебиеттен бе? Орыстың типтік бейнесі қандай болады? Қолындағы бір шелек арағымен тоңа-зытқышы бар камераға кіріп кеткен орыс па, әлде Пьер Безухов па?

Белгілі болғанындей, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистік Германия Ресейге шабуыл жасамас бұрын Ресей және орыс халқы туралы барынша толық ақпарат жинай бастайды. Жиналған ақпарат бойынша, герман басшылары орыс халқының ұлттық мінез-құлқы жайында пайымдаулар жасайды. Олар Ресейді «колосом на гляняных ногах» (батпаққа батқан аяқты): тұртсан болды, мемлекеттің күл-талқаны шығады; «Безухов, Нехлюдов, Мышкин, Раскольников, дядя Ваня мен Иванов сынды адасқандар мен психикалық көңіл күйіне назар аударатын көңілшек интеллигенттер» ретінде таныды. Иван Солонович бұл туралы күйіне отырып былай жазады: «Ресей туралы барлық шетелдік ақпарат орыстың классикалық әдебиетінен алынды. Міне, сіздерге Обломовтар, Маниловтар, кедей адамдар, басы артық адамдар, нақұрыстар мен жалаңаяқтар».<sup>17</sup>

Ақпараттың қайнар көзі ретінде орыстың классикалық әдебиетіне сынни түрғыдан қараған Иван Солонович әдебиетке «халықтың ішкі жан дүниесінің теріс көрсетілген айнасы» деп баға береді. Ол: «Әдебиет – өмірдің теріс көрсетілген айнасы. Бірақ орыс мысалында бір нәрсені теріс көрсету төртінші өлшемге дейін өтіп кетеді.

<sup>17</sup> И. Солоневич. Народ и монархия. –М., 1991. 160 б.

Біздің әдебиетіміз орыс халқының шынайы өмірін ешқашан бейнелемеген. Орыс әдебиеті Ресейдің әлсіз тұстарын көбірек жазады, ал оның бір де бір жақсы жағын көрсеткен емес. Оның үстіне әлсіз тұстар да ойдан шығарылған дүние. Сұрапыл соғыс пен төңкеріс жылдары халық өмірін сипаттауда әдеби адасуды былай қойғанда, көркем түрде қолдан жасалған жалған Манилов пен Обломовтар, Каратаев пен Безуховтар, Щигровский уезінің Гамлетові, гарольдтік плащтағы мәскеуліктер, басы артық адамдар мен жалаңаяқтар – ерік-жігері мықты адамдардың әдебиетте қайдан пайда болғаны белгісіз.<sup>18</sup>

Немістерді орыс халқының ұлттық мінез-құлқы туралы бөтен сенімге әкелген орыс әдебиетін ақтап алуға тырысайық. Шын мәнінде, Манилов пен Безуховтар Брест қамалында болған емес. Егер олар дәл сол Брест қамалында болса, өздерін қалай ұстар еді? Мүмкін сол кезде олардың өн бойында орыс ұлтына тән қайтпас қайсарлық пен қайрат пайда болар ма еді? Солоневичтің пікірінше, мұның өзі дүшпандарды өмірді терісінен көрсететін айна секілді алдаған болатын. Бұл жерде Солоневичтің ойы мынаны аңғартады: «Салынып жатқан мемлекеттік маңызы бар нысандардың құрылышын, еліміздің әскери күшін, адамзат тарихында болып көрмеген ерік-жігерді, қайсарлық пен табандылық сынды қасиеттердің бәрі біздің әдебиетте көрсетілмеді».<sup>19</sup> Мұндай қасиеттер көркем әдебиетте бейнеленетін болса, онда соғыс та болmas еді. Иван Солоневич осы туралы айтқысы келіп отыр.

Ұлттық мінез-құлқы туралы берілетін ақпарат көздеріне қайта оралайық. Солоневичтің бүкіл көркем әдебиетке деген наразылығын ескере отырып, көркем туындының өмірді терісінен емес, шынайы өмірдің тек жартылай жағын көрсету деп білеміз. Сол кездегі шынайы өмірді толығымен суреттеу мүмкін емес, орыс жазушысы А.К.Толстой шығармасының кейіпкері Кузьма Прutковтың сөзімен айтқандай, «ұшы-қыры жоқ, шексіз нәрсені құшаққа сыйдыра алмайсың». Көркем әдебиетте шынайы өмір жартылай әрі субъективті түрде суреттеледі, себебі жазушының жеке өміріне байланысты қалыптасқан дүниетанымы, шығармашылық қиялы, өзіндік қабілеті болады. Қорыта айтқанда, көркем шығармаларды ұлттық мінез-құлқы туралы ақпарат алуға болатын қайнар көздердің бірі ретінде санауға болады.

Халықтың ішкі жан-дүниесі мен ұлттық мінез-құлқы туралы ақпарат алушың үшінші қайнар көзі ретінде фольклорлық шығармаларды, халықтың ауыз әдебиетін айтуға болады. Көркем әдебиетке қарағанда фольклорлық шығармалардың өзіндік артықшылықтары бар. Өйткені фольклорлық шығармалардың авторы халықтың өзі, ұжымдық туынды саналады. Ұлттық мінез-құлқыты ашып көрсетуде халық ауыз әдебиетінің рөлі қандай? Ең алдымен, эпикалық шығар-

<sup>18</sup> И. Солоневич. Народ и монархия. – М., 1991. 166 б.

<sup>19</sup> И. Солоневич. Народ и монархия. – М., 1991. 164–165 бб.

малардың басты кейіпкері өз заманының батыры, сымбатымен көз тартады, қазіргі заманғы түсінік бойынша, супермен, олар өз халқын барлық жамандықтан, айдаңардан, диюдан, құбыжықтардан, түрлі стихиялық апаттардан қорғайды. Бұл кейіпкерлер қандай да бір жоғары тылсым күшті иеленеді, жоқ жерден оның алтын қанатты тұлпары, алмас қылышы немесе қасиеттілігімен ерекшеленетін заты пайда болады. Ол Робин Гуд секілді сұр мерген, Илья Муромец сынды таңғажайып күшке ие батыр болып келеді. Мұндай кейіпкерлер халықтың арман-тілегінен туындастыны белгілі.

Орыс фольклорлық шығармалары мұндай кейіпкерлерге өзін-дік құрметін көрсетеді, орыс халқының батырлары туған жерін, елін «Калевалы» шығармасының кейіпкерлеріндегі немесе грузиялық Давид Сосунский, «Жолбарыс терісін жамылған жиңінгез» секілді қаңармандар бар ынта-жігерімен қорғай білді. Бұл жолда батырлар үнемі жеңіске жетіп отырды.

Орыс халық ертегілеріндегі кейіпкерлер бірегей саналады, олардың қазіргі супермендерден көптеген ерекше қасиеттері бар. Орыс халқының ішкі жан дүниесінің, ұлттық мінезінің сырты да осында жатқан шығар. Мәселен, тырнақшаның ішіндегі «Иван-дурак» (ақымақ Иван) немесе еркелете айтқанда «Иванушка-дурачок» сынды танымал кейіпкерді алайық. Бір жағынан, бұл кейіпкер жоғарыда аты аталған «Батырларға» мінез-құлқы тұрғысынан мұлде қарама-қарсы. Ол батыр да, сымбатты да емес, оған қоса ақымақтығы тағы бар. Ұсқынсыз, құлқілі, ебедейсіз, ақымақ, қорланған, өзін тәмен санайтын кейіпкер қатал әрі зұлым адамдарға бас үрады. Дегенмен басқа түскен барлық қыыншылықтарды үнемі жеңіп отырады. Бұған қарап Иванушка-дурачоктің ішкі қарама-қайшылықтан тұратын образ екенин байқаймыз. Ол ақымақ болып көрінгенімен, өте қыын сәттерде ең ақылды болып шыға келеді; оның түріне қарасаң жалқау әрі енжар көрінеді, алайда шешуші кезенде белсенді түрде шапшаң әрі батыл қимылдайды; дәрекі және сыпайы, бейқам және қамқор, құжәне сенгіш адам. Ертегінің соңында ол бәрін өзінің шыдамдылығымен, қайырымдылығымен, тапқырлығымен жеңеді. Өзінің мейірімділігі мен тәжірибесіздігі арқылы айналасындағы ашкөз адамдарға әлсіз, ақымақ болып көрінеді, сол себепті оны жынды деп санайды, өзге адамдар оны ақылды, тапқыр, батыл адам ретінде көре алмайды. Халық ертегілерін тыңдалап өскен балалар адамның сыртқы бет-әлпетіне, істеген іс-әрекетіне қарап оның мінін табуға асықпауды үйренеді.

Осындағы «кішкентай» батырдың образын қалыптастырыған халық – ұлы халық. Орыс ақыны Владимир Солоухин Ресей үшін қыын-қыистау заманы туғанда өз жерін қорғай алмайтын қазіргі заманның «Иванушкалары» туралы өкінішпен жазады:

Старик хворает. Ткет холсты старуха,  
Румяна дочка. Полон сундучок.  
А на печи, держа в руках краюху,  
Иванушка – простите – дурачок.

В тонах доброжелательных и красках,  
Русоволосы, мыслями легки,  
На всех печах, во всех народных сказках,  
Иванушки – простите – дурачки.

На теплых кирпичах, объяты ленью,  
Считая мух, они проводят дни.  
Зато потом – по щучьему велению –  
Все моментально делают они.

Драконов страшных тотчас побеждают  
И, огненные головы рубя,  
Невинных из темниц освобождают,  
Берут царевен замуж за себя.

Забыв о пеках, мамках и салазках,  
На Сивках-Бурках мчат во все концы.  
Как хорошо: во всех народных сказках  
Иванушки выходят – молодцы.


Ан нет, и впрямь: и царство все проспали,  
И отдали в разор красу земли...  
Царевен в сказках доблестно спасали,  
А подлинных царевен не спасали.

(«Иванушки»)

Халық ауыз әдебиетінде батырға тән мінез-құлық орыс ханшайымына да тән болып келеді. Орыс ертегілеріндегі ханшайымының ішкі жан сұлулығы мен дарындылығы өте тереңде сақталған. Қарапайым құрбақадан – сұлу әйелінді, құбыжықтан патша қүйеуінді тани білу үшін көзбен емес, жүрекпен сезе білуің керек. Көзі тірі кезінде бірде-бір шығармасы жарық көрмеген мәскеулік орыс тіл мен әдебиеті пәннің мұғалімі Иван Игоревич Соловьев орыс ертегілеріндегі ханшайым мен патшайымдар туралы жақсы жазбалар қалдырады. Оның «Русская красавица» (Орыс аруы) этюдінен үзінді келтірейік:

«Орыстың сұлу ханшайымының міндетті түрде үятты бар болып келеді. Ол өзінің ажарлы келбетін өзгелерге көрсетпес үшін қолымен бүркемелеп жасыруға тырысады, жүргені білінбейді, кешке үясына батып бара жатқан күн секілді өз қамалында елеусіз ғана өмір сүреді. Гректің Афродитасы секілді сұлулығына тамсанбайды,





менмендігі жоқ. Соған қарағанда Ресей жерінде көрінетін күннің өзінің ұтты бар секілді, өйткені күн өзінің толық бейнесін сирек көрсетеді, не бұлттың тасасында қалады, не жүзін тұмандын тұмшалап алады. Осы арқылы ханшайым өзін қарапайым, ұялашқ етіп көрсетеді. Отыз жыл бойы пеш үстінде үйіктап, ел басына күн туған кезде оянатын орыстың батырлары (богатырь) сияқты орыс хашайымының оқиғасы соғыстың шешуші кезеңінде басталады. Құпия сұлулық, булыққан бұла қайрат, туған жерге дүшпандардың аяқ басқанын естіп оянған батырлар сияқты, өзінің сүйіктісіне көмек беру кезінде оның күші арта түседі. Сұлулығым – сүйіктім үшін, күшім – дүшпанным үшін, осының барлығы – жан жарым үшін деп үғынылады. Сол себепті мұндай қасиетті күшті күнделікті өмірде, қарапайым тұрмыста қолдану оның қадірін кеміте түсер еді.

Толық аяқталмаған құдайшылықты аңсап күткенде, бұл өмірден түнілген кезде жеңімпаз ретінде ең мықты, ең күшті Қорғаушы өте ескірген киім киіп, крестке қағылған Иса секілді жан азабының барлығына шыдамдылық таныта білуі есiet етілген. Тек орыс халқының ойлау жүйесіндегі, яғни негізгіні – бөгде нәрседен, сұлуды – ажарсыздан, күштіні әлсізден іздеудің өзі парадокс».<sup>20</sup>

Сонымен, белгілі бір халыққа тән ұлттық мінез-құлықты айқындастын дереккөз ретінде төмендегілерді қарастырудық:

1. Халықаралық анекдоттар. Мұндай анекдоттар белгілі бір халықтың стереотипті түсінігіне толығымен негізделген. Қалыптасқан стереотиптер халықтың өзіндік типтік қасиетін танытқаннан бұрын, өз халқының, өзге халықтың сол халық туралы көзқарасын қалыптастырады (Шекара асқан қаншама адам орыс халқы туралы қалыптасқан стереотипке сәйкес болу үшін арақ ішеді).

2. Ұлттық классикалық әдебиет жеке автордың субъективті көзқарасымен жазылғандықтан, өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес.

3. Фольклор немесе халық ауыз әдебиеті халықтың ұлттық мінезі туралы алдыңғы екеуіне қарағанда сенімді ақпарат көзі саналады. Шынында да, халық ауыз әдебиетінде стереотип ретінде қалыптасқан кейіпкерлер ғана емес, ұжымдық шығармашылыққа негіз болатын сюжет пен фактілердің өзі стереотипке айналған. Өйткені бұл тұындылар ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таралып, теңіз

<sup>20</sup> Размышления Ивана Соловьева об Эросе // Человек, 1991. № 1, 208 б.

түбіне шөккен ұсақ жұмыр тастар сияқты халық санасында әбден қатталған. Ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таралуы себепті индивидуалды-авторлық шығармалардағы субъективизм тән емес. Фольклорлық шығармаларды халықтың арман-қиялын, оның мінез-құлқы туралы ақпаратты сақтаушы қойма, сенімді дереккөздері ретінде қарастыруға болады.

4. Ұлттық тіл жүйесі – белгілі бір халыққа тән ұлттық мінез-құлқыты айқындауға септігін тигізетін, сенімді әрі ғылыми түрғыдан дәйектеуге болатын дереккөздердің бірі. Ұлттық тілдің өн бойында сол тілде сөйлеуші өкілдердің мінез-құлқы бейнеленеді, ұлттық мінезді қалыптастыруға негіз болады. Иван Ильин «Тіл – халық жаңының фонетикалық, ритмикалық және морфологиялық көрінісі»<sup>21</sup> – деп тегін айтпаған болар. Енді жоғарыда көрсетілген соңғы дереккөзге сүйене отырып, ұлттық мінездің тіл арқылы көрінісіне тоқталмақпаз.

<sup>21</sup> И. Ильин. Сущность и своеобразие русской культуры. – Москва, 1996, №1, 171 б.

### **§ 3. Жеке тұлға мен ұлттық мінез-құлқыты қалыптастырудың лексика мен грамматиканың рөлі**

Мәдени ақпарат – лексиканың, сөздің, сөз тіркесінің өн бойында сақталатыны белгілі. Кез келген халықтың, ұлттың дүниеге деген көзқарасының негізінде әлемнің тілдік бейнесі қалыптасады. Бұл халық даналығы, халықтың мәдениеті көрнекі түрде бейнеленетін тұрақты сөз тіркестері, идиомалар, фразеологизмдер, мақал-мәттердер арқылы көрініс табады. Мұндай тілдік бірліктерді Н.Д. Бурвикова, В.Г. Костомаров сынды ғалымдар өз мақалаларында «лого-эпистемалар» деп атауды ұсынады. Логоэпистема – тілдік бірліктер арқылы тасымалданатын білім жүйесі.<sup>22</sup>

Ағылшын және орыс тілдерінің идиоматикалық жүйесіне арнағы зерттеу жүргізіліп, орыс, ағылшын тілді қоғам мен сол қоғамның мәдениеті тарапынан жоғары бағаланатын адами құндылықтар мен айыпталатын кемшіліктер қаралған болатын.

Адамгершілік қасиеттердің жағымды және жағымсыз бағалауыштық сипатты иеленетін идиомалар жүйесінің сандық және сапалық көрсеткіштеріне қарай отырып, сол халықтың ұстанатын этикалық нормаларын, қоғамдық тәртіп пен әлеуметтік өмір салтын ұстанудың ережелері, өз мәдениеті арқылы өзге мәдениетке деген қарым-қатынасын, көзқарасын тануға болады. Мәселен, адам бойындағы кемшіліктердің бірі – жауапсыздықты алайық. Ағыл-

<sup>22</sup> П.Л. Коробка. Идиоматическая фразеология как лингводидактическая проблема. Канд. дисс. МГУ. Факультет иностранных языков. – Москва, 1998.

шын және орыс тілдерінде адамның бойындағы осындай қасиеттің жағымды тұрғыдан сипатталатын бірде-бір фразеологизмді кездес-тірмедік. Ал жағымсыз тұрғыдан сипатталуына келсек, ағылшын тіліндегі «*Too many cooks spoil the broth*» [Слишком много кухарок портят бульон – наубай көп жерде нан шикі болады (қазақ тілінде осыған сәйкес келетін: «Қойши қөп болса, қой арам өледі» деген мақал бар)] бір мақалына орыс тіліндегі он екі үғым, үғым-тұсінік сәйкес келеді:

*У семи нянек дитя без глазу – жеті тәрбиеші бар, бірақ бала қараусыз жүр;*

*Сам кашу заварил, сам и расхлебывай – осының бәрін өзің былықтырдың, енді өзің ретте;*

*Моя хата с краю, я ничего не знаю – менің үйім шетте орналасқан, ешнәрсе білмеймін; (Көрдім деген көп сөз, көрмедім деген бір сөз);*

*Наше дело маленькое – біздің ісіміз кішкентай ғой;*

*Наше (мое) дело сторона – біздің ісіміз шет жақта тұру (Аш пәледен қаш пәле);*

*После нас хоть потоп – бізден кейін топан су басса да бәрібір; Без меня, меня женили – мені өзім жоқта үйлендіріпті;*

*Обещанного три года ждут – уәде еткенді үш жыл қүтеді;*

*За что купил, за то и продаю – қашаға алдым, соншаға сатамын;*

*Обещать молочные реки и кисельные берега – уәдені үйіп төгү;*

*Сделать что-либо после дождичка в четверг – бейсенбі күні жаңбырдан кейін бірнәрсе жасау;*

*Бросать слова на ветер – айтқан сөзінде тұрмау (Жел сөзі көп)*

Керісінше, сақтық, құннтылық туралы ағылшын тілінің идиоматикалық жүйесі орыс тіліне қарағанда едәуір көп кездеседі.

**Жағымды бағалауыштық мағына:**

Ағылшын тілі:

*Prevention is better than cure [Предупредить лучше, чем излечить] (Емделгеннен де, ескерткен жөн. Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде).*

*One cannot be too carefull [Нельзя быть слишком осторожным]. (Өте сақтық өрге жүргізбейді);*

*Safety first [Осторожность – первым делом]. (Сан басы – сақтық).*

Орыс тілі:

*Готов сани летом, а телегу зимой – қыста – арбаңды, жазда шанаңды сайла.*

*Береженного (и) Бог бережет – сақтанғанды Құдай сақтайды.*



Екі тілдік жүйеде де көпшіл болу мен көп сөйлеу бірдей жағымсыз мағынаны иеленеді, алайда ағылшын тіліне қарағанда орыс тіліндегі біршама жағымды бағалауыштық мәнді иеленетінін байқауға болады.

**Жағымды бағалауыштық мағына:**

Ағылшын тілі: мысал жоқ.

Орыс тілі:

*Za спрос денег не берут – Сұраған суалмас.*

*Язык до Киева доведет – Тіл Киевке де жеткізеді.*

**Жағымсыз бағалауыштық мағына:**

Ағылшын тілі:

*Walls have ears [У стен есть уши].* Қабырғаның да құлағы бар;

Үй сыртында кісі бар;

*The floor is yours! [Слово предоставляетсѧ Вам! (бука. Сцена Ваша!)];* Сөз сізге беріледі! (Сахна сіздікі!);

*Easier said than done [Легче сказать, чем сделать].* Айту оңай, істеу қыын;

*to ride a hobby-horse [Кататься на излюбленном коньке].* Сүйікті конькимен сырғанау.

Орыс тілі:

*(И) у стен есть (бывают) уши – Қабырғаның да құлағы бар; Үй артында кісі бар;*

*Если бы да кабы, да ворту росли грибы – Егер олай болғанда саңырауқұлақ сайға өсер еді;*

*Слово не воробей, вылетит – не поймаешь – Сөз торғай емес, ұшып кетсе ұстапас; Айтылған сөз – атылған оқ;*

*Воду в ступе толоч – вода и будет – Таптасаң табан астынан су шығады;*

*Скоро сказка сказывается, да не скоро дела делается – Ерегісі көп, есті ісі жоқ.*

Сөйлеудегі ұстамдылық, тұйықтықты білдіретін ұғымдарды қарастырайық.

**Жағымды бағалауыштық мағына:**

Ағылшын тілі:

*Silence is golden [Молчание – золото].* Үндемеген үйдей пәледен құтылады.

*Brevity is the soul of wit [Краткость – душа ума].* Ақылдының сөзі нақ, First think, then speak [Сначала подумай, потом говори]. Эүелі ойлан, соңан соң істе. Ойлап істеген іс оңды болады.

*A word to the wise [Слово мудрым].* Ақылдыға сөз бер.

*Still waters run deep [Спокойныее воды – в глубине].* Тыныштық су түбінде.

**Орыс тілі:**

*Слово – серебро, молчание – золото; сөз – күміс, үнсіздік – алтын;*  
*Краткость – сестра таланта; аз жазсан да саз жаз;*  
*Держать язык за зубами; тіліне ие болу.*

**Жағымсыз бағалауыштық мағына:**

**Ағылшын тілі:**

*A penny for your thoughts? [Пенни (монетку) за твою мысль?]*  
*Ақылыңа алтын.*

**Орыс тілі:**

*В тихом омуте черти водятся; таза деген қазаннан шошқаның басы шығыпты;*  
*Проглотить язык; тілін жұту.*

Ағылшын мәдениетінде мінез-құлық талғамға байланысты көзқарас еркіндігі мен әртүрлілігі жоғары бағаланады, соған сәйкес бұл тілде қалыптасқан тілдік бірліктер өте көп.

**Жағымды бағалауыштық мағына:**

**Ағылшын тілі:**

*It takes all sorts to make a world [Чтобы создать мир, необходимо разнообразие] – әлемді қалыптастыру үшін әртүрлілік керек.*

*Variety is the spice of life [Разнообразие – прелесть жизни] – әртүрлілік – өмірдің мәні.*

*Tastes differ [Вкусы различные] – әркімнің өз талғамы бар (талғамға талас жоқ).*

*Every man to his taste [Каждому свое] – әркімдікі өзіне.*

*There is no accounting for tastes [За вкусы не отвечают] – талғамға талас жоқ.*

*One man's meat is another man's poison [Для одного – мясо, для другого – яд] – біреуге – ет, біреуге – у.*

*Beauty is in the eye of the beholder [У каждого зрячего свое представление о красоте] – әрбір көзі көретіннің сұлулық туралы түсінігі әртүрлі.*

**Орыс тілі:**

*Каждый по-своему с ума сходит [Эркім өзінше есінен танады].*

*Каждому свое [Эркімдікі өзіне].*

*На вкус и цвет товарища нет [Түс пен дәмді таңдауда жолдастық жүрмейді].*

Керісінше, ағылшын тілімен салыстырғанда «қонақжайлышық» ұғымында қолданылатын фразеологизмдер орыс тілінде көбірек кездеседі.

**Жағымды бағалауыштық мағына:**

Ағылшын тілі: мысал жоқ.

Орыс тілі:

*Не красна изба углами, а красна пирогами – Үйдің көркі ағашы  
емес, тағамы.*

*В ногах правды нет – Тұрғаннан отырған жақсы.*

*Чем богаты, тем и рады – Барымен базар.*

**Жағымсыз бағалауыштық мағына:**

Ағылшын тілі: мысал жоқ.

Орыс тілі:

*Незванный гость хуже татарина – Шақырылымған қонақ та-  
тардан да жаман.*

Ағылшын тілінен қонақжайлыштық туралы не жағымды, не жағымсыз мәнді иеленетін тілдік бірліктерді мүлде кездестірмедік. Ал орыс тіліндегі «Незванный гость хуже татарина» мақалы о баста татарлардың Рұсь жерін басып кіруіне байланысты қалыптасқан. Сол уақыттан бері жұз жыл өтсе де, орыс және татар халықтары бір мемлекетте өмір сүріп келе жатса да, өткен тарихи оқиғалардың белгісі ретінде тілде сақталып қалған.


Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде ағылшын және орыстілді қоғамда мойындалған әрі маңызды деп танылған әлеуметтік қарым-қатынастар мен жеке тұлғаның қасиеттері анықталды. Бұл туралы ойымызды қысқаша тұжырымдайтын болсақ:

1. Екітілдік жүйедегі фразеологизмдердің білдіретін экспрессивті мәніне қарай, орыс және ағылшын қоғамына тән ортақ құндылықтар жүйесі ретінде мыналарды көрсетуге болады: *сыпайлық, сауаттылық, тәлім-тәрбие, батылдық, заң тәртіби, қоғамды басқару жүйесі, бейімділік*.

2. Орыс тілімен салыстырғанда ағылшын тілінің фразеологиялық жүйесі негізінде мынадай ұғым-түсініктердің белсенделік танытатынын байқаймыз: *адалдық, еңбекқорлық, кәсібілік, жеке тұлға еркіндігі, сөйлеудегі ұстамдылық, консерванттық, сақтық, жаупкершілік, оптимистік, өзімшілдік, өзі туралы ақпараттың сақталуы*.

3. Орыс тілінің идиомалық жүйесін ағылшын тілімен салыстырғанда мынадай құндылықтардың басымдылыққа ие екенін байқаймыз: *тәжірибе, тіл табысқыш, отансуйгіштік, әділдік, ұйымшылдық*. Идиоэтникалық ерекшелік тұрғысынан алғанда орыс халқына тән негізгі құндылықтың бірі ретінде – қонақжайлыштықты көрсетуге болады.<sup>23</sup>

Жалпы алғанда, кез келген тілдің лексикалық жүйесін түзуге негіз болатын сөз, сөз тіркесі, фразеологиялық бірліктер тілді мәдениеттің, әрі жеке тұлғаны қалыптастырудың құралы ретінде қызмет атқаратыны талас тудырмайды. Дегенмен «мәдени ақпарат» тілдің



<sup>23</sup> П.Л. Коробка. Идиоматическая фразеология как лингводидактическая проблема. Канд. дисс. МГУ. Факультет иностранных языков.

лексикалық және фразеологиялық жүйесі арқылы ғана көрініс таппайды. Белгілі бір тіл өкілінің жеке тұлға ретінде қалыптасуында тілдің барлық құралдары ықпал етеді.

Жеке тілдік тұлғаны қалыптастыруда грамматика ықпалының нақты мысалы негізінде дәйектеп көрсетейік. Орыс тілінде, сонымен қатар көптеген европа тілдерінде жіктеу есімдігінің екінші жағы жекеше және көпше формада «ты», «вы» нұсқалары қолданылады. Ағылшын тілінде бұл грамматикалық көрсеткіш тек «you» түрінде дыбысталады. Алайда орыс тілінде «вы» нұсқасы тілдік қолданыста әрі сипайылық мәнді, әрі көптік мәнді білдіреді.

Көрсетілген тілдік бірліктің сипайылық мәнді иеленуі адамдар арасындағы қарым-қатынасқа, олардың мінез-құлқына әсер етпей қоймайды.

Сөйлеу тілінде «ты» жіктеу есімдігінің қолданысы адамдардың қорлануына алып келеді. Мысалы: «Вы мне не тыкайте!». Осы қолданыс Ресейде қаншама тәбелеске алып келді. Әлеуметтік құбылыс ретінде «көргенсіздіктің» диагностикалық белгілері ретінде мыналарды көрсетуге болады: «Тек көргенсіз ғана өз тілінде дәрекі мәнді қалжындарды айтады, анайы түрде «ты» нұсқасын жи қолданады».<sup>24</sup>

Кейде «ты» есімдігінің қолданысы адамды қуантуы да мүмкін: «Пустое «Вы» сердечным, ты она обмолясь, заменила (А.С. Пушкина). Енді Анна Ахматованың өлең жолдарына назар аударайық:

*И как будто по ошибке  
Я сказала: «Ты ...»  
Озарила тень улыбки  
Милые черты.  
От подобных оговорок  
Всякий вспыхнет взор...  
Я люблю тебя, как сорок  
ласковых сестер.*

(«Читая Гамлета»).

Сондай-ақ өзге тілдердегі «ты» және «вы» есімдігінің қолданысы эмоционалды мәнді иеленеді, кейде тіпті бір мемлекеттің тафдырын шешуі де мүмкін. Румынияда президентке үміткерлердің арасында өткен теледебатқа назар аударайық.

Теледебат кезінде президент Илиеску оппозиция өкілі Константинескуден жеңіліп қалады. Сол кездегі президент Илиеску «либералды-консервативті күштер жеңіп кеткен жағдайда румындарды көрши Венгрия мемлекетімен жасалатын жалған келісімдер күтіп тұрғанын айтады. «Илиеску мырза, – деді кекесінмен Константинеску. – Сіз өзіңізді отты тұтандырып, со-

<sup>24</sup> А. Гореева. Почему хамы хамят, или 4 эффективных способа борьбы с хамством // Московский университет, 1999, № 27.

дан кейін оны сөндіріп, сол ерлігі үшін марапатталатын өрт сөндіруші қызметкер ретінде үстайсыз». Бұған ашуланған Илиеску мырза өзінің қарсылас әріптесімен «сен» деп сөйлеседі. Бұл факт Константинеску мырзаның сол кездегі президент Илиеску мырзаға ескерту жасауына негіз болады. «Біздің мамандардың жорамалы бойынша, халық президенттікке үміткер Константинескуді қолдап, оған дауыс берушілердің пайыздық көрсеткішін бірнеше есе арттырып жіберген».<sup>25</sup>

Көптеген тілдерде орыс тілі сияқты «ты» және «вы» формасы тілдік қолданыста стилистикалық реңктерімен ерекшеленеді. Мәселен, швед тілінің оқулықтарында Ресейден келген саяхатшы әйелден шетелдік паспорттағы түсінбестікке байланысты жергілікті полицейлердің жауап алғаны туралы мәтін беріледі.

Полиция бөлімшесінде орыс қыздан жауап алу кезінде кезекши оған «сен» деп сөйлейді. Швед тілінде бұл қалыпты жайт: егер қызға сіз деп сөйлесе, онда полицей оны кінәлі санайды. Ал орыс тілінде керінше үғынылады. Милиционердің тарапынан «сіз» деп сөйлеу – құрмет көрсетудің, ал «сен» формасын қолдану дөрекілік танытудың белгісі саналады. Дегенмен оның өзі интонацияға тікелей байланысты.

Орыс студенті Татьяна Козлова «Язык как орудие культуры» атты эссе сінде үлкен кіслерге «сіз» деп сөйлеудің тәрбиелік мәні туралы былай деп жазады:

*Usually referring to a person as «Вы» to people who our respect. Traditionally we say «Вы» who are older than we are (thus, through language children learn to respect elderly people from the very beginning)*

Ары қарай өз оқуын дат университетінде жалғастырған студент сол елдің тілдік қолданысындағы «сен» формасының қалыптасуы туралы ойын бөліседі:

*Du (сен) формасы «be» (вы) тұлғасын XX ғасырдың 60-жылдары жастар төңкерісі негізінде тілден ығыстырып шығарады. Бұған үлкен кіслердің жастарға еркіндік бермеуі, студенттердің университеттегі әкімшілігі тарапынан қысым көруі, жеке тұлғаның еркіндігі, жастардың өмір сүру салтын таңдаудағы еркіндігі сынды авторитарлық жүйеге қарсы жүргізілген қозғалыстар негіз болды. Бұл қозғалыс Вьетнамдағы соғысқа қарсы наразылық шарасын үйимдастырумен сәйкес келген болатын. 1970 жылдың аяғындағы оқиғалар тынышталған сияқты еді, алайда мәдени фактінің тілдегі көрсеткіші ретінде Данаядағы жас ерекшеліктері әртүрлі адамдар арасындағы қарым-қатынасы формалды түрде өзгеріп, барлығы du формасын қолданады, құрмет көрсету*

<sup>25</sup> Независимая газета.

20.11.1996.

«Сіз» деп сөйлеу арқылы біз өзіміздің адамдарға деген құрметімізді көрсетеміз. Даңтурлі тәрбие бойынша біз өзімізден үлкен кіслерге «сіз» деп қана сөйлесек, осы тілдің көмегімен кішкентай балаларға үлкен кіслерді сыйлап құрметтеуге үйретеміз.

*белгісі ретінде танылған be тұлғасы тілдік қолданыстан шығып қалды. Дания университетінде студенттер мен профессорлар бір-бірін аты-жөні бойынша атап, сөйлескенде «сен» бірлігін қолданады.*

Татьяна Козлованың өзі мәдениеттегі бұл бөгетті жеңе алмағанын, өз оқытушыларының аты-жөнінің алдына «Professor» сөзін қосып айтатыны туралы жазады. Оның пікірінше, *be* формасы қолданыстан шығып, жіктеу есімдігінің бір ғана аныны түрі (салыстырының: ағылшын тілінде көрісінше «though», «ты» шығып қалған) сақталған. Эрине, тілдік қатысымдағы бұл үдеріс Данияның қазіргі әлеуметтік өміріне үлкен әсерін тигізіп отыр.

Үндістаннан оқуға келген ММУ студенті Ресейде орыс балаларының өз ата-аналарына «сен» деп сөйлеуі туралы айтып, мәдени шок алғанын жазады. Өйткені Үндістан мәдениетінде өзінен үлкен кіслердің бәріне (тіпті жақын туысы болса да) «сіз» деп сөйлеу дағдысы қалыптасқан.

*«... the same in the case when the Russians use the second person pronoun “ты” for all relatives. I was shocked for the first time when I heard a small boy playing in the park, calling his mother by “ты”. Then I accepted it. In our culture, if a person is older than you, you always have to use the equivalent form of. When of my Russian friends visited me and I addressed my mother using “вы”, which is absolutely normal she was shocked. Then she further added to my knowledge than if they used “вы” for their close relatives the latter might even feel insulted»*

*Орыс тілінде «сен» немесе «сіз» қолданысының қаншалықты маңызы бар екенін мына деректер дәлелдей түседі:* Кеңес Одағы кезінде АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздік агенттігі Саяси бюро мүшелері Кеңестер Одағы билігінің әлсіз тұстары туралы ақпарат алу үшін өте көп қараждат жұмсайды. Агенттік Политбюро мүшелерінің «кімге сен деп сөйлейтінін», «бүйректы қандай тонмен беретінін» маңызды санаған.<sup>26</sup>

Ағылшын тілінде «сен» және «сіз» жіктеу есімдіктерінің баламасы жоқ «you» нұсқасы қолданысқа түскен. Бұл тілдік бірлік сол тіл өкілдерінің бір-біріне деген реңми қарым-қатынасын сақтауға негіз болады. Мұғалім өз оқушысына, оқушы өз мұғаліміне, генерал қатардағы жауынгерге, жауынгер өз генералына – барлығы бір-бірімен сөйлескенде, осы «you» лексемасын кеңінен қолданады. Барлығы тепе-тең, барлығы әділетті. Яғни сейлеу арқылы көрінетін

<sup>26</sup> «Завтра» газеті, 1998, № 43 (256).

демократия: сен, сен деп ешкімді қорлай алмайсыз, бұл бірлікті шатастырып қолдансаның да, ешкімді бақытты ете алмайтыныңыз анық. Осылайша ағылшын тілінде сөйлеушілер орыс тілінде сөйлеушілермен салыстырғанда сыпайы екенін байқаймыз.<sup>27</sup> Ағылшын тілінде бұл сөзді ешқандай құбылтуға келмейді, өйткені таңдауға мүмкіндік жоқ.

Ағылшын тілі өкілдерінің тілдік санасында *bird* [птица] – *birace* [птичка], *girle* [девочка] – *girleie* [девушка] бірді-екілі нұсқасы ғана болмаса, кішірейткіш реңк мәнін үстейтін сөз түрлендіруші жүрнақтар мүлде кездеспейді.

Ал орыс тілінің грамматикалық жүйесінде мұндай сөз түрлендіруші жүрнақтар өзі жалғанған сөзге кішірейту, еркелету мәнін үстейді, тілдегі мұндай жүрнақтар арқылы адамның ішкі жан дүниесінің небір нәзік қырларын сипаттауға мүмкіндік береді.

Грамматиканың тағы бір саласы – морфологиялық жүйеден мысал келтірейік. Орыс тілінде кішірейту және еркелету мәнді жүрнақтар өте көп кездеседі. Олар: -очки (-ечк), -оньк (-енък), -ушк (-юшк), -ик және т.б.

Батыста Ресей және орыс халқы туралы қалыптасқан стереотипті образ ретінде ірі денелі аю, бірақ өзі дөрекі және қауіпті аң саналады. Ал орыс тілінде осы аңның қоршаған ортаға деген маҳаббаты, оның жақсы көзқарасы бейнеленеді. Осы арқылы тіл нәзік жанды адамды ғана емес, қоршаған ортаны жақсы көретін жеке тұлғаны қалыптастырады. Өйткені кішірейту және еркелету мәнді жүрнақтар жанды заттарға да, жансыз заттарға да бірдей қолданылады. Эрине, мұндай тілдік қолданыстар аударма процесінде семантикалық түрғыдан қыындықтар тудырады. Есениннің қолданысындағы «Ты жива еще, моя старушка» дегендегі «старушка» сөзін ағылшын тілінде төрт сөзбен аудару керек: «Age you still alive my dear Little old woman?»

Орыс тілінде адамдарға қатысты *Машенька*, *Машутка*, *Машечка*, *Машуня*, *Машунечка*, *девушка*, *девочка*, *девонька*, *девушка*, *девочонка*, *девчоночка*; жан-жануарларға қатысты *кот*, *котик*, *конок*, *котика*, *котичешка*, *котилиенъка*, *телка*, *телушка*, *телочка*, *телушечка*; *собочка*, *собочушка*, *собаченька*; сондай-ақ өлі табиғаттың кез келген затына қатысты *домик*, *домишечка*, *домичек*, *домок*, *домушка*; *ложечка*, *вилочка*, *кострюлька*, *сковородочка* түрінде қолдана беруге болады.

Орыс тілінде дәл осындай тілдік қолданыстарға ағылшын тілінде *little* немесе *dear little little cat* [кішкентай мысық], *dear little dog* [сүйкімді кіп-кішкентай күшік], *dear little bork*, *spoon* [сүйкімді кішкентай шанышқы, қасық, таба] қолданыстары сәйкес келеді. Мұндай сөз түрлендіруші жүрнақтардың кішірейту-еркелету мәнді қол-

<sup>27</sup> В.А. Сухарев. Мы говорим на разных языках. М., 1998, 46 б.

данысы қоршаған ортаға деген жақсы қарым-қатынасты, құрметті, әдептілікті көрсетеді.

Әсіресе бұл жүрнақтар балаларға қарата айтылған сөйлеу тілінде жиі қолданылады. Дүкендерде жасы үлкен әйелдер өз тілдерінде *дайте хлебушка, колбаски, молочка, маслица* деп сөйлейді.

Бүгінгі күннің саудагерлері орыс халқының мұндай «әлсіз» ерекшелігін тілдік қару ретінде ұтымды пайдаланады. Олар өз өнімдерін, айталық сары майды «маслице» (мұндай еркелету мәнді сөз орыс халқының тілдік санасына жақын), сұлы жармасынан дайындалған печеньені «Овсяночка» деген жазуымен таңбалап сатылымға ұсынды.

Химкide орналасқан әскери-сауықтыру госпиталіндегі бір танысымның қал-жағдайын сұрап барғанымда, бойы ұзын әскери адамның өзі ауруханада жатса да, туыстарына телефон арқылы «Я тут попал в госпитолек» деп сөйлегенін естіп қалдым. Әдепті орыс адамы өздерінің жақын адамдарын «госпиталь» сөзімен қорқытпау үшін, оны жұмсартып жеткізу мақсатында кішірейту мәніндегі жүрнақтарды ұтымды пайдаланады. Ал госпитальдің өзі алдырмас үлкен бекініске үқсайды.

Ұшақтағы стюардесса жолаушыларға құрмет көрсету үшін оларды қолындағы билетіне қарап «третий салончик, второй салончик, пожалуйста» дейді.

Еркелету мәнді реңк тұдышратын жүрнақтар кез келген сөзге, тіпті өзге тілден енген кірме сөздерге де жалғануы мүмкін. Мәселен, Мәскеуде «Парфюмчик» деген дүкен ашылған.

Словакиялық профессор Зденька Трестеров орыс халқының өз ана тілдерінде мұндай жүрнақтың жиі қолдануын Кеңес одағы кезіндегі ауыр тағдырыбың әсері болуы керек деген пікір білдіреді. Адамның әл-ауқаты, тұрмыс жағдайы нашар болған сайын, ол жақсы өмір сүрге үмтүлады. Әсіресе зиялды қауым өкілдерінің барлық әдемі нарселерге деген қызығушылығын (киім, иіс су, жинақ т.б.) жатқызыға болады.<sup>28</sup>

Тұрмыстың жұтандығы мен өмірдің тұрпалайлығы орыс тілінде әделсіз, былапыт сөздердің мол қорын қалыптастыrsa да, әдептілік пен құрмет көрсетудің белгісі ретінде кішірейту-еркелету мәнді жүрнақтардың белсенді қолданысы да сақталып қалған. Олар жайғана книги емес, книжечка сатып алады және оқиды, огурчики, помидорчики, капусточку жейді. Мәселен, Ахматованың мына өлең жолдары: «А мне ватничек и ушаночку». Мұнда әрі фольклормен байланысын, әрі қай жаққа жер аударылғанын түспалдайтын мән бар. Әдебиетте белгілі бір ұғымдарды шектен тыс ұлғайту не кішірейту тәсілдері қолданылады. Мысалы: Я возьму свеколки, капустки, морковочки, все нарежу меленько и варю на малень-

<sup>28</sup> З. Трестерова.

Некоторые особенности русского менталитета и их отражение в некоторых особенностях русского языка// IX Международный Конгресс МАПРЯЛ. Русский язык, литература и культура на рубеже веков. Т. 2. Братислава, 1999, 179 б.

ком огонечке, добавлю лучка, петрушечки, укропчика (кезек күтіп тұрған сәтте естілген әңгіме).<sup>29</sup>

<sup>29</sup>Л.Найдич. След на песке. СПб., 1995, с.197

Беделді мәскеулік шипажайлардың бірінің есігінде «Медсестрички» деген жазу бар. Шипажайдың қызметкерлері асханаға қарай қалай өту керегін былай түсіндірді: *По коридорчику направо. Ал дәріні қабылдау кезінде былай дейді: «Это вам анальгинчик, стрептоцинчик и ноотропильчик».* Ағылшынтылді өкілдердің өз тілінде *dear little corridor* немесе *dear little hospital* деп сөйлеуі мүмкін емес. Мұның мүмкін еместігі ағылшын тілінде кішірейту және еркелету мәнді жүрнақтардың мүлде қолданылмауынан емес, ағылшын халқының менталитетіне тән болмауы негіз болып отыр.

Кез келген тілде менталитетке тән емес нәрсе тілдік жүйеде бейнелене алмайды. Ағылшын халқы тілдегі мұндай «нәзіктікке» үйренбеген. Орыс тілді өкілдердің көтеріңкі эмоциялықта бейімділігі, атап айтқанда, әсірелей бағалауда (*overstatement*), ең алдымен, пунктуациядан, леп белгісінің қолданысынан байқалады.

Орыстілінде ағылшын тілімен салыстырғанда леп белгісі көбірек қолданысқа түсken. Өйткені бұл үдеріс орыс халқының эмоциялық екенін, оларға көтеріңкі эмоциялық тән екенін, өз эмоциясын ашық көрсететінін білдіреді. Орыс тілінде леп белгісі жазбаша формада – кез келген жанрда, ресми стильде қаратпа сөзден кейін қолданылады. Ал ағылшын тілінде қай жанрда болсын үтір қойылады. Мұның өзі мәдени қақтығыс тудырады.

Ағылшын тілінің өкілдері тарарапынан орыстармен хат алмасуда қолданылатын леп белгісі түсінбестікке әкеп соқтырады: *Dear John! Dear Smith! Dear Sir / Madam!*

Орыс тілділер адам есімінен кейін қойылатын үтірге ренішпен қарайды: олар бізге құрмет көрсетпейді, біз үшін леп белгісін аяй ма, *Dear Svetlana*, – бұл не деген сөз!

«Aeroflot» журналының ағылшын-орыс тілінде қатар берілетін мәтіндерін аударуда сауатты аудармашылар ағылшын тілінде леп белгісін қоймайды:

*Most of the wolves alive today-over  
100.000 of them roam the vast  
wildland of Russia.  
(Aeroflot,1996,N16,p.67.)*

Здесь (в России. – С.Т)  
больше волков чем где-либо, около 100 000!  
Ресейде 100 мыңнан астам қасқыр бар!

*Local businessmen also observe this  
rite. They have the Camb blessed and  
take it to an orphanage as an act  
to charity.  
(I did,1998,N5,p.20.)*

Не забывают этот обряд и местные бизнесмены. Освятят  
барашка и несут в детский дом – благотворительность!  
Бұл дәстүрді жергілікті бизнесмендер де үмытпайды. Қойды  
балалар үйіне қайырымдылық мақсатында сыйға тартады.

*Дорогие пассажиры!  
До встречи в солнечной Армении!  
Қымбатты жолаушылар! Құн сәүлетті  
Арменияда кездескенше!*

*Dear Passengers,  
See you soon in sunny Armenia  
(I did, p.29.)*

**Сауаты төмен аудармашылар Ресей қонақүйлерінде, ұшақта осындай параллель мәтіндерді төмендегідей аударады:**

*Убедитесь, что туалет свободен!  
Эжетхананың бос екеніне көзіңізді  
жеткізіңіз!*

*Не брасайте мусор в унитаз!  
Унитазға қоқыс тастамаңыз!*

*Be sure of vacancy!*

*Don't throw waste into closet!*

**Ағылшын тілі мәтіндеріндегі леп белгісінің қолданысы бірден көзге түседі. Әсіресе леп белгісінің жоғарыда берілген мәтінге сәйкес келмеуі, әрі ағылшындардың өз эмоциясын көрсете бермейтінін ескерсек, мәтінде леп белгісінің дұрыс қойылмағанын байқаймыз.**

**Автобуста: Граждане пассажиры. Не отвлекайте водителя во время движения! (Құрметті жолаушылар. Жүргізушиңі қозғалыс кезінде мазаламаңыз!).**

**Почта бөлімшесінде: Уважаемые клиенты! Проданные жетоны возврату не подлежит! (Құрметті клиенттер! Сатылған жетондар қайтарылмайды!).**

**Ағылшын тілі елдерде дәл осыған үқсас мәтіндерде леп белгісі қойылмайды.**

Орыстың балалары ана тілін меңгеру арқылы леп белгісінің эмоционалды қүшін де менгереді. Оның шынайылығына өмірден алынған мына бір құжаттар дәлел бола алады. Оның бірі – іссапарға кетіп бара жатқан орыс баласы Павловский Саняның (7 жаста) анасына жазған хаты болса, екіншісі – 10 жастағы Леватова Катяның өз әжесінің әпкесіне 8 наурыз мерекесімен құттықтап жазған хаты. Катя өз хатында тұыстық қатынасты білдіретін екі жаңа термин сөзді қолданады: **батетя** – бабушка және тетя сөзінен құралған болса, **племянучка** – племянница және внучка сөзінен құралған.

*Дорогая мама!*

*Я тебя очень люблю! Я буду стараться вести себя хорошо!!!  
Я тебе хочу сделать подарок – стихотворение !!! До свидания!!!  
От Вани!!!*

*Дорогой батетя!*

*От любимой племянушки! Поздравляю с 8 марта!!! Желаю счастья в личной жизни (и в общественной) тоже!!! Побольше успешных лекций и всего прочего!*

*Катя!!!*

Екі баланың да өз есімдерінен кейін үш бірдей леп белгісін қоюы таңдандырады. Бұл да ағылшынтылді мәтіндерге леп белгісінің қойылмауы сияқты орыстілді ересек кіслердің көздеріне бірден түседі.

Ағылшын тілінде леп белгісі көбіне үгіт-насихат, жарнама, саяси мәтіндерде жиі кездеседі.

*Your harbour City Council is well known for the quality of its services and the innovative ways of delivering them. That's an achievement to be proud of!*

*Dear Miss D.  
Welcom to the Liberal Democrats!  
You have received your subscription of  
A form is attached bellow for your convenience!*

*Labor want to introduce a Graduate Tax so that Graduates will pay a higher income tax rate than the rest of the population!*

*The Winter Draw is the last draw before the election, and your last chance to help the Liberal Democrats by entering the draw: Definitely!*

*The Party's Women's organisation – open to men too! Our Party headquarters at Cowley Street can help you. We are here to help!*

*Aғылшын тілінде леп белгісі берілген ақпараттағы маңызды өзгерістерге назар аударту үшін де қолданылады.*

*Richard V.G.Stephenson  
New address for me!*

Лейбористердің қалалық кеңесі өз қызметтері бойынша жоғары сапа мен жаңаша өзгерістерді енгізумен белгілі. Бұл жетістіктерді мақтан тұтуға болады!

**Орыс тіліндең аудармасы:**

Дорогая мисс Д.,  
Добро пожаловать к либерал-демократам!  
Мы получили ваш взнос в размере...  
Для вашего удобства прилагается форма!

**Қазақ тіліндең аудармасы:**

Құрметті Д. ханым,,  
Либерал-демократтарға қош келдіңіз!  
Сіздің жиберген ... көлемдегі жарнақызды алдық.  
Сізге ыңғайлы болу үшін арнайы форма жиберіп отырмыз!

**Орыс тіліндең аудармасы:**

Лейбористская партия хочет ввести налог для выпускников высших учебных заведений, чтобы выпускники платили больший налог на прибыль, чем остальное население!

**Қазақ тіліндең аудармасы:**

Лейбористская партия жоғары оқу орнын бітіруші түлектерге өзге түрғындарға қарағанда табатын табыстары үшін көп салық төлеңкісі келеді!

**Орыс тіліндең аудармасы:**

Зимняя жеребьевка – последняя, и это последний ваш шанс перед выборами помочь либеральной партии своим участием в жеребьевке. Точно!

**Қазақ тіліндең аудармасы:**

Кысқы жеребе – соңғы жеребе, сондықтан сайлау алдында либерал партияға өзініздің соңғы көмегізді осы жеребеге қатысу арқылы бере аласыз. Бұл анық!

**Орыс тіліндең аудармасы:**

Партийная женская организация открыта и для мужчин! В штабе нашей партии, расположенному на улице Коули, вам могут помочь. Мы здесь для того, чтобы помогать!

**Қазақ тіліндең нұсқасы:**

Әйелдер партиясының үйімі ерлер үшін де ашық! Коули көшесінде орналасқан біздің партияның штабында сіздерге көмек бере алады! Біз сіздерге көмек көрсету үшін осындамыз!

**Орыс тіліндең аудармасы:**

Ричард М.Г. Стивенсон  
У меня новый адрес!

**Қазақ тіліндең нұсқасы:**

Ричард М.Г. Стивенсон  
Менің жаңа адресі!!

День открытых дверей (Ашық есік күні)  
Смена аудитории! (аудитория өзгереді!)  
Теперь (қазір)  
в аудитории А 25 (A25 аудиторияға!)

*Open day  
Room change!!  
Now  
in room A 25*

Айта кетейік, орыс тілінде екі леп белгісі ешқашан қолданылмайды, леп белгісі не біреу, не үшеу болып келеді.

**Орыс тіліндегі нұсқасы:**

Дорогой С.,

Ваше письмо меня очень порадовало! Надеюсь, Вы прекрасно съездили в Австралию. Спасибо за то, что Вы с пониманием отнеслись к моим предложениям на встрече в январе! Всего хорошего!

**Қазақ тіліндегі нұсқасы:**

Күрметті С.!

Сіздің хатыңыз мені қатты қуантты! Австралияға сапарыңыз ете сәтті өткен шығар деп ойлаймын. Қаңтар айында өтетін кездесуге қатысты ұсынысмам түсіністік танытқаныңыз үшін рақмет! Бар жақсылықты тілеймін!

*Dear S.,*

*Nice to hear from you recently!*

*I wish you had a wonderful trip to Australia! Thanks for your understanding about my suggestions at the January meeting!*

*Warm wishes!*

Бұл мәтін ағылшын тілінде жазылғанымен, қоршаған ортаға деген көзқарас, үлттық мәдениет тұрғысынан алғанда қытай халқына тән. Сол себепті хат соңында «*Warm wishes!*» тілдік бірлігі қолданылған. Шығыс халықтарына жоғары эмоционалдылық (*overstatement*) тән және осы ерекшелік тілдік жүйеде көрініс тапқан.<sup>30</sup> Шығыс халықтарына тән жоғары эмоциялықтың Ресей халықтарына да тән екені мына мысалдардан байқалады: Да, скифы – мы! Да, азиаты – мы! (Иә, скифіз – біз! Иә, азиатпіз – біз!) Осындағы леп белгісінің қойылуы ерекше назар аударады. Орыс тілінде леп белгінің қойылуымен ешқандай мәтінді бүлдіре алмайсың.

<sup>30</sup> Әрине, белгілі бір үлтқа тән мінез-құлық ерекшеліктері туралы айтылған ақлараттың күмән келтіретін тұстары да болады. Шығыс халқына тән жоғары эмоциялық ерекшелік туралы айтып үлгермей жатып, мынадай ақпаратты оқыдым: «Шығыс тілдерінің өкілдері еуропалықтармен салыстырғанда өз эмоцияларын ашық көрсетпейді. Жапондар өз елінің императоры қайтыс болғанын естіген неміс балаларының қатты жылағанын көріп таңғалғаны туралы жазады. Керісінше, туған баласының қайтыс болғаны туралы жапон әйелдің күліп айтуды ерекше тандасты туғызады. Жапондардың таным-түсінігінде қарым-қатынас этикеті бойынша өз эмоциясын ашық көрсетуге болмайды, оны жасырын ұстаяу тиіс. Жоғарыда берілген екі жағдай Акутагава Рюносскэнің «Носовой платок» еңбегінде жазылған болатын.

Ағылшын және орыс тілінің синтаксистік жүйесінде сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінің өзіндік ерекшеліктері бар. Ағылшын тілінде сөздердің орын тәртібі қатаң сақталады, өйткені бұл тілде орыс тілі сияқты септік жүйесі жақсы дамымаған (ағылшын тілі – аналитикалық типті тіл). Демек, ағылшын тілінде есім сөздер арасындағы қарым-қатынасты сөздердің орын тәртібі атқарады.

Орыс тілінде салыстырмалы түрде сөздердің орын тәртібі еркін болып келгенімен, септік жалғаулары негізінде кімнің кімді жақсы көретінін байқайсың. Мысалы: Катя любит Петю; Петю любит Катя; Петю Катя любит; Любит Петю Катя; Катя любит Петю. Ағылшын тілінде Катя любит Петю (*Kate loves Pete*) сөйлемінде кім бірінші бастауыш қызметін атқарса, сол жақсы көреді. Мұнда іс-әрекеттің иесі тек

сөздің орын тәртібі арқылы көрінеді. Бірақ бұдан асығыс қорытынды жасауға болмайды. Сөздердің орын тәртібінің қатаң сақталуы ағылшын тілінде сөйлеушілерді барынша шектей түседі, қатаң тәртіпті ұстанатын халық; ал орыс тілінде сөздердің орын тәртібінің біршама еркін болуы, осы тілде сөйлеушілерді тәртіпке бағынбайтын, әдепсіз, бірақ шығармашыл, көпқырлы халық екенін танытпайды. Дегенмен жоғарыда айтылғандардың қандай да бір шындығы бар шығар, бұл бірақ ғылыми түрғыдан дәлелденбegen. Кез келген тілдік жүйедегі тұрақты тіркестер, фразалық тіркестердегі сөздердің орын тәртібі сақталуының әлеуметтік-мәдени мәні сол тіл өкілдерінің жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етуі дәлелденген жайт. Мәселен, ағылшын және орыс тілінің жүйесінде аудиторияға қарата айтылатын сөздердің белгіленген орын тәртібі бар: *Ladies and gentlemen*; Дамы и господа! Бұлай көтерінкі реңкте сөйлеу қоғамның ұstem тап өкілдеріне қатысты. Сол қоғамның төменгі тап өкілдеріне *Мужчины и женщины*, *man and women* түрінде тілдік бірліктер қолданылады. Демек, әлеуметтік-мәдени қатынас түрғысынан алғанда, еркектер әйелдерге дейін бірінші жүреді, одан ары қарай әлеуметтік тұрмысы жақсарып, жоғары көтерілген сайын мырза (господа) мен джентльменге айналады. Сейтіп олар нағыз ер-азamat ретінде ханымдарға (дама, леди) орын береді. Балалар мен қыздар, сол сияқты *boys and girls* қоғамдағы патриархаттық қатынасты көрсетеді. Осылайша кішкентай бала өз туған ана тілі (орыс немесе ағылшын) арқылы қоғамда кімнің маңызды екенін, кімнің рөлі жоғары бағаланатынын менгереді. Сол себепті еркектер мен әйелдер *дамы и господа* дегендегі господа сөзін алдына шығарып, орнын ауыстырып қолдануға болмайды.

Ағылшын тілінде өзің мен әйелің, не күйеуің туралы айтқанда тек қана *my wife and I* (менің әйелім және мен), *my husband and I* (менің күйеуім және мен) түрінде қолданысқа түседі. Мұнда бірінші жақтағы жіктеу есімдігі міндепті түрде соңында тұруы тиіс. Бұл өзінің өмірлік серігіне деген сый-құрметті көрсетеді.

Ал орыс тілінде сөздердің орын тәртібі қатаң сақталмайды. Белгілі бір ойды жеткізу дің бірнеше нұсқалары болуы мүмкін: я и моя жена, мой муж и я, моя жена и я; кең таралған қолданыс – мы с женой немесе мы с мужем.

Ағылшын тілінде кездеспейтін тек (род) категориясының орыс тілінде болуы, орыс халқының қоршаған ортадағы заттардың өзін әйелдерге (женский), еркектерге (мужской) тән және бейтарап (средний) екенін көрсетуі, орыс халқының қоршаған ортаға деген, әлемге деген эмоциялық қарым-қатынасын айқындаиды. Мәселен, орыстың «Рябина» атты халық әнінің эмоциялық мәнін, шетеннің (рябина) еменге жете алмай аңсауын ағылшын тілінде қалай жеткізуге болады? Өйткені ағылшын тілінде емен де, шетен ағашы да ешқандай тек-

тік көрсеткішке ие емес, оның орнына тек белгілі не белгісіздік артиклі қолданылады. Бұл ағылшын тілінің өкілі үшін өте маңызды. Яғни көп шетен ағаштарының біреуі ме (белгісіздік артиклі *a*) немесе әңгіме болған сол бір шетен туралы (белгілі артиклъ *the*) ма? Орыс халқы үшін бұл артиклидердің ешқандай маңызы жоқ, олар байғұс әйел-шетен мен ереккеменің қосыла алмай жүргендеріне аяушылық танытады.

М.Ю.Лермонтовтың «Утёс» өлеңіне назар аударайық:

*Ночевала тучка золотая  
На груди утеса-великаны;  
Утром в путь она умчалась рано,  
По лазури весело играя;*  
*Но остался влажный след в морщине  
Старого утеса. Одиноко  
Он стоит, задумался глубоко,  
И тихонько плачет он в пустыне.*

Егер «тучка» – женский родтың, утес – мужской родтың көрсеткішін иеленбесе, осы керемет туынды саналатын өлеңнен түк те қалмас еді. Ағылшын тіліндегі сияқты тектік көрсеткішті иеленбей, тек артиклидерді ғана (*a* тучка, *an* утес) көрсететін болса, ақынның өлеңі оқырмандарға мүлдем түсініксіз болар еді. Мәселен, бірінші қатардағы (белгісіз бір бұлт (тучка) және белгісіз бір жартас (утес)) және екінші қатарда сол бір жартас болар еді. Шынтуайтқа келгенде, орыс халқы үшін ағылшын халқының «загадочная английская душа» ұғымы түсініксіз, өйткені мұнда артиклидің көмегімен осы қоршаған орта туралы түсінік қалыптасқан.

Ю.М. Лотман осы әлемді танудағы артиклидің рөлін былай түсінідіреді: «Артиклидер есім сөздерді жақын таныс заттар әлемі мен бөгде заттар әлеміне бөліп қарастырады. Орыстар үшін тек категориясы қаншалықты қажет болса, ағылшын тілінің өкілдері мен ағылшын мәдениеті үшін де артиклидер соншалықты маңызды рөл атқарады».<sup>31</sup>

Орыс әдебиетінен, әсіресе поэзиядан тек категориясын алып тастасаң, поэзия әлемінің жартысынан айырыламыз. Өйткені тектік категориядан айырылғаны үшін поэзия әлемі де көмекілене түседі.

М.Ю. Лермонтов Генрих Гейненің солтустік балқарағайының оңтүстікегі пальманы сағынғаны туралы жазған танымал өлеңін орыс тіліне аударуда контексті біршама бұлдіріп алған.

*Ein Fichtenbaum steht einsam  
Im Norden auf kahler Höh'  
Ihn schläfert; mit weißer Decke  
Umhullen ihn Eis und Schnee.  
  
Er träumt von einer Palme,  
Die, fern im Morgenland,*

<sup>31</sup> Ю.М. Лотман. Культура и взрыв. –М., 1992, с. 181.

*Einsam und schweigend trauert  
Auf brennender Felsenwand.*

Лермонтовтың аудармасында әсем пальманы балқарағай сарғая сағынады...

*На севере диком стоит одиноко  
На голой вершине сосна,  
И дремлет, качаясь, и снегом сыпучим  
Одета, как ризой, она.*

*И снимается ей все, что в пустыне далекой,  
В том крае, где солнца восход,  
Одна и грустна на утесе горючем  
Прекрасная пальма растет.*

Лермонтов оны ағылшын тілінен аударғанда, жай бір белгісіз (тегі және жынысы белгісіз, бірақ артиклі бар) *a cedar* (кедр, балқарағай) ағашы туралы жазып, аты-жөні белгілі *a palm-tree* (пальма ағашы) туралы армандаған болса сөз басқа. Оған кешіріммен қаруға болады. Бірақ Гейненің өлеңінде бәрі анық: *ein Fichtenbaum* (мужской род), *eine Palme* (женский род). (Қазақ тілінде мужской род, женский род деген түсінік жоқ болғандықтан, біз оны аударуды жөн санамадық). Неміс тілінде орыс тіліндегідей тек (род) категориясы және ағылшын тіліндегідей арти클ь категориясы да бар.

Сейтіл тіпті грамматика деңгейінің өзінде орыстың ұлттық мінезінің, орыс жанының жоғары эмоциялышты, сезімталдырыңы және жүргегінің нәзіктігі айқын көрінеді.

Орыс тіліндегі әртүрлі суффикстер орыстілді адамның махаббат сезімі мен мейірімге толы жүрекжарды сезін жеткізуіндің жоғары мүмкіндігін ғана айқындаپ қоймайды, сондай-ақ осы қасиеттердің қалыптасуына сөзсіз ықпал етеді.

Орыс тіліндегі сен (ты) және сіз (вы) сөздерінің арасындағы таңдаудың болуы ағылшын тілді адамдармен салыстырғанда сезімді білдірудің зор мүмкіндігіне ие болады.

Леп белгісі мен тектің (род) грамматикалық категориясы да адамдар мен қоршаған ортаға деген эмоциялы қатынастың бояуын қалындана түседі.

Демек, тіл иелерінің жеке тұлғалық қасиетін қалыптастыруға тілдің барлық, соның ішінде грамматикалық құралдары да қатысады.

Әрине, бұл қысқаша шолу қарастырып отырған проблеманың барлық құбылыстарын зерттей алмайды. Ол мүмкін де, қажет те емес. Мұнда зерттеуге қатысты бағыттағы мысалдар ғана беріліп отыр. Бұл зерттеуге қазіргі сәтте көптеген ғылыми мектептер мен жекелеген ғалымдар қатысып отыр. Біраз үақыттан кейін осы тақырыпқа қатысты ақпараттың тасқынын күтуге болады.

## § 4. Орыс және ағылшын тілді әлемнің тылсым құпиясы. Эмоциялылық. Санамен байлыққа көзқарас

Әзгениң жаны жүмбақ.

*Oryс мақалы*

Чужая душа потемки.

*Русская пословица*

Ұлттық мінез түсінігіне шамамыз жеткенше анықтама бере отырып, тілдің мәдениет айнасы, әсіресе мәдениет құралы екеніне тағы да назарымызды аударайық.

Әңгіме орыстың ұлттық мінез-құлқы жайында болғанда ең әуелі ойымызға келетіні – оның жүмбақ жаны. Бұл теңеу (әпитет) үнемі бірге айтылады. Орыс әлемі шетелдіктерге жүмбақ, олар бұл туралы таңданыспен де, құлкіге айналдырып та көп айтып, жазып жүр.

Венгр-ағылшын журналисті, юморист Джордж Микеш немесе Майкс (George Mikes) «How to be an Alien» («Бөтөн болудың әлегі») атты кітабында британдық және континентальды еуропалық мәдениеттің (немесе құрлықтық еуропалықтардың қабылдауындағы британ мәдениетінің бұрмалануы) өзара қақтығысын жаза отырып, славяндардың жүмбақ жанын біраз мазаққа айналырады:

Әлемде ұлы славян әлемінен жаман әлем жоқ шығар. Мұндай бақытсыз адамдардың әдетте терең, ойышы келетіні бар. Олар, мәселен, мынадай дүниелерді айтуы мүмкін: «Кейде мен өте көнілді бола аламын, кейде тым көнілсізбін. Неге екенін түсіндіре алмайсыз (түсіндірем деп аүре болмай-ақ та қойынсыз!).» Немесе сізге: «Мен сондай жүмбақпын... Кейде менің қазіргі тұрған жерімнен безіл кеткім келеді» («Мен де сізге соны тілеймін» деп айтудың қажеті жоқ). Немесе: «Тұнде орманда бір ағаштан бір ағашқа секіріп жүріп, өмір қандай қызық деп ойлайтыным бар» дейді.

Мұның барі тым терең жанның көрінісі, басқа ештеңе емес.

<sup>32</sup> G. Mikes. How to be an Ailen. A Handbook for Beginners and Advanced Pupils. Penguin Books, 1969, p. 24.

«The worst kind of soul is the great Slav soul. People who suffer from it are usually very deep thinkers. They may say things like this: „Sometimes I am so merry and sometimes I am so sad. Can you explain why?” (You cannot, do not try.) Or they may say: „I am so mysterious... I sometimes wish I were somewhere else than where I am” (Do not say: „I wish you were.”) Or „When I am alone in a forest at night-time and jump from one tree to another, I often think that life is so strange”

All this is very deep: and just soul, nothing else».<sup>32</sup>

Ағылшынның ұлы данасы және ақылгөйі У.Черчилль Ресей тура-лы: «It is a riddle wrapped in a mystery inside an enigma [бұл астарында түсінбес бірдене жасырылған құпиямен көмкерілген жүмбақ]» («жүмбақ» сөзінің синонимдеріне жақсы жаттығу).

Soul және душа сөздерінің семантикалық көлемін салыстыру үшін ағылшын, орыс анықтамалықтары мен ағылшын-орыс сөздіктерінен мысалдар келтірелік.

**Soul** – the part of a person which some people believe is spiritual and continues to exist in some form after their body has died, or the part of a person which is not physical and experiences deep feelings and emotions. She suffered greatly while she was alive, so let us hope her soul is now at peace. His soul was often tormented by memories of what he had seen in the prison. (esp. Br disapproving). Something, such as a job, which is soul-destroying is unpleasant and destroys a person's confidence or happiness: Repetitive work can become **soul-destroying** after a while. It's **soul-destroying** for any team to lose most of their games. **Soul-searching** is deep and careful consideration of inner thoughts, esp. about a moral problem: After much soul-searching, he decided it was wrong to vote in the election.

**Soul** – the quality of a person or work of art which shows or produces deep good feelings. Only a person with no soul would be unmoved by her account of what happened in the prison camps. Although some people think her paintings lack soul, they are very popular. A **soul mate** is someone who shares your way of thinking about the world and is usually someone for whom you feel a large amount of affection or love: They realized immediately that they were soul mates on the issue of ecology. He's spent the whole of his adult life searching for a soul mate (= perfect lover).

**Soul** – a person of a stated type. She was such a happy soul when she was a child. Some unfortunate soul will have to tell him what's happened. Soul can also mean any person, and is usually used in negative statements: There wasn't a soul around when we arrived at the beach (**CIDE**).

**Soul**. 1. A person's **soul** is spiritual part of them which is believed to continue existing after their body is dead. They said a prayer for the souls of the man who had been drowned.

2. Your **soul** is also your mind, character, thoughts and feelings. His soul was in turmoil.

3. The **soul** of a nation or a political movement is the special quality that it has that represent its basic character. ...the soul of the American people.

**Душа (жан, рух)** – көп адамның түсінігінде адам өлгенде денесінен ұшып шығатын әрі өмір сүре беретін адамның бөлігі немесе адамның терең сезімдері мен эмоциясын беретін физикалық емес бөлігі. Ол көзі тірісінде қатты құйзелді, енді оның жаңы жай табады деп үміттепейік. Оның турмеден көргендері жаңына жиі маза бермейтін (негізінен британдық, мақұлданбаған). Элдене, мәселен жаңыңа жақпайтын жұмыс, жайсыз әрі адамның өзіне деген сенімін жоғалтады, оның бақытын ұрлайды: «Бір қалыпты жұмыс біраң үақыттан соң адам жаңын тас-талқан етуі мүмкін. Команданың көп жеңілісі ойыншылардың жаңына маза бермейді» (сөзбе-сөз). **Жаның жаралайды**). Рухани ізденис (**Душевный поиск**) – асиресе моральдық проблемаларға байланысты ішкі ойлардың терең және нақты анализі: «Ұзақ жан қиналасынан (рухани ізденистен соң) кейін, ол сайлауда дауыс беру дұрыс емес деген шешімге келді».

**Душа (жан, рухани ізденис)** – адам қасиеті немесе өнер туындысы терең жағымды эмоция тудырады. Оның концентрация лагерлеріндегі жағдай туралы баяндамасы тасқуекке ғана әсер етпеуі мүмкін. Кейбіреулер оның суреттерінде жылылық (жүрекжардылық) жетіспелді деп ойлағанымен, ол суреттер бәрібір танымал. **Жанаяспас дос** – сіздің өмірге деген көзқарасындық қолдайтын адам, сондай-ақ сіздің көңіл қалауындағы адам немесе ғашығының: «Олар экология тақырыбында бір-бірін сөзсіз түсінетінің білді. Ол барлық каналы ғұмырында өзін жан-танімен түсінетін дос іздеумен өтті» (мінсіз жан серігін).

**Душа (жан, рух)** – нақты бір типтік адамы. Ол балалық шағында ерекше бақытты еді (сөзбе-сөз: бақытты жан). Соры қайнаған біреу (сөзбе-сөз: бақытсыз жан) оған не болғанын айтуға мажбур болады. Жан – кез келген адамға жайлы болуы да мүмкін, әдетте жағымсыз әсерде қолданылады: «Біз жағажайға келгенде, онда бірде-бір жан болмады».

4. Адам жанының ерекшелігі жайында айтуға болады. Көне қолданыс. «Ол сондай... байғұс» (сөзбе-сөз: байғұс жан)  
 5. Жан сөзі «ешкім», «бірде-бір жан» мағыналарын беретін болымсыз етістерде кеңдеседі. «Мен алғаш келгенде, мұнда ешкімді танимайтынмын» (сөзбе-сөз: бірде-бір жан). «Ант етейін, ешкімге айтпаймын» (сөзбе-сөз: бірде-бір жанға).  
 6. Сондай-ақ **соул** (сөзбе-сөз: рухани) музика.

4. A person can be referred to as a particular kind of **soul**; an old-fashioned use. She was a kind of soul... Poor soul!

5. You use **soul** in negative statements to mean nobody at all. When I first went there I didn't know a single soul... I swear I will never tell a soul.

6. See also **soul music** (BBCED).

**Soul.** 1) Жан, руханият; twin soul – жаны егіз, жандас, көнілі бір; upon my soul! – ант етемін!, шын сөзім!; bless my soul – О, Құдайым-ая! (таңдану); to be the soul of – жан-тәнімен жасау (әлденені); to have no soul – тасжүрек болу, мейірімсіз; to possess one's soul – өзін-өзі ұстай білу; to unbosom (to unbutton) one's soul – көнілін ақтару, жан-жүргегін ашу, көніл қалауын білдіру; he cannot call his soul his own – ол өзін-өзі игере алмайды, ол өз тағдырына өзі ие емес; 2) адам, жан иесі; good soul – жақсы адам; be a good soul and help me ауызша. **Маған дос бол** (досым), көмектес; dear soul – қымбаттым, жаным; decent soul – жібі тұзу адам; honest soul – адап адам; kind soul – мейірімді жан, қайрымды; poor soul – байғұс; simple soul – аңғал адам; worthy soul – ізгі жан; I did not see a soul – мен бірде-бір жанды, ешкімді көре алмадым; 3) шабыттану, мәні мен маңызы, негізі (APC).

**Soul** 1. жан, also fig; fig: he put his heart and soul into the work – ол жан-тәнімен жұмыс істеді; she was the life and soul of the party – ол қоғамның жаны мен жүргегі еді; he hardly has enough to keep body and soul together – ол күнін зорға көретін; he couldn't call his soul his own – ол өзін-өзі игере алмады; 2. fig. (person) адам, жан иесі; there wasn't a soul to be seen – бірде-бір жан иесі көрінбеді; he is a good soul – ол мейірімді жан; don't tell a soul – ешбір жанға ештеңе айтушы болма (W.).

**Душа.** 1. Адамның ішкі психикалық әлемі, оның көніл қүйі, сезімі, үайым-қайғысы т.с.с. Өзгенің жаны жұмбақ. Мәтел. Ол осы бір таңғажайып, жұмбақ жанды бақылауына алып, зерттеп, ішкі дүниесін сезуге тырысады, оны түсінеді және жүргегін ұғады. Оның жаны, оның барлық психологиясы оның алақанында. (Чужая душа потемки. Поговорка. Он наблюдает, изучает, улавливает эту эксцентрическую, загадочную натуру, понимает ее, постигает... Душа ее, вся ее психология у него как на ладони) Чехов. Загадочная натура. Валько сөзі аз, тұйық жан еді. Ешкім, ешуақытта оның жан дүниесінде не болып жатқанынан бейхабар болатын. (Валько был человек немногословный, и никто никогда не знал, что совершается в душе его. Фадеев, Молодая гвардия) || Идеалистік философия мен психологияда: тәннен тыс өмір сүретін әрі

психикалық процестерді тасымалдайтын ерекше материалдық емес бастама.|| Діни наным-сенім бойынша, адамды жануарлар әлемінен ерекшелеп, Құдаймен байланыстыруши – мәңгі өлмес материалдық емес бастама. Байғұстардың жаны жай табуы үшін халық үн-тұнсіз дұға қылды. (*За упокой души несчастных безмолвно молится народ*). Пушкин, Полтава. Бэла христиан болмағаны үшін уайымдай бастады. Себебі, ол оның рухы о дүниеде Григорий Александровичтің аруағымен ешуақытта кездесе алмайтын шығар деп қауіптенді ([Бэла] начала печалиться о том, что она не христианка, и что на том свете душа ее никогда не встретится с душою Григория Александровича). Лермонтов, Бэла.

2. Жеке тұлғаға тән мінез-құлық ерекшеліктерінің жиынтығы – адам мінезі. Қайырымды жан. Мен мұндай дауысты өте сирек еститінімді мойындаимын... Онда орыстың шынайы, жылы жүргегі бар еді және бұл жүрекпен ол тыныс алатын. (*Человек добродушный. Я, признаюсь, редко слыхивал подобный голос...* Русская, правдивая, горячая душа звучала и дышала в нем). Тургенев, Певцы.

– Дуня, білесің бе,.. сенің ағаның портреті тек сыртқы бейнесін ғана беріп тұрған жоқ, сонымен бірге ішкі жан дүниесін ерекше сипаттаған: екеуіңіз де меланхоликсіз, екеуіңіз де тұнжыраған әрі қызбасыз. (– Знаешь, Дуня,... совершенный ты его [брата] портрет и не столько лицом, сколько душою: оба вы меланхолики, оба угрюмые и вспыльчивые). Достоевский, Преступление и наказание. Оның азапты жанын үнемі шешілмеген мәселелер қинап келді. (*Его пытливую душу всегда мучили нерешенные вопросы*). Б.Полевой, Побратья. \\ Сезім, рух, темперамент. Жан-тәнімен ойнау (*Играть с душой*) [Прихвоснев:]. Маған сіздердің Паттилеріңіз үнамайды, мырзалар! Әнінде ешқандай жүрекжардылық жоқ. (*Не нравится мне, господа, ваша Патти... Души нет в пении!*) Писемский, Просвещенное время. Даша, суфлерді оқи тұрып, бөліп жіберді: – ... ыссылау, көбірек жан жылуын қосыңыз. (*Даша, суфлируя, прерывала: – Горячее, вкладывайте больше души*). А.Н.Толстой, Хмурое утро.\Анықтама мен әдеттегі қолданыс. Адам мінезіндегі түрлі қасиеттер жайында. Жаман адам. Оңбаған адам. – Сіз – керемет жансыз, адал, рухыңыз биік! (– Вы – благородная душа, честный, воззвышенный человек!) Чехов, Моя жизнь. – Иван, сен жақсы адамсың... Қарапайым жансың... (– Иван, хороший ты человек... Простая душа)... А.Н.Толстой, Хмурое утро.

3. Ауызша. Адам (әдеттеп адам санын көрсеткенде, тұрақты сөз тіркестерінде). Айналада жан жоқ (ешкім). Еш жан баласы білмейді (ешкім). Зиялды қауым өкілдері маскасыз, билемеді – олар бесеу (бес жан) еді – оқу бөлмесінде отырды. (*Не танцующие интеллигенты без масок – их было пять душ – сидели в читальне*).

Чехов, Маска. – Құлқілі ме? – деді директор. – Менің ертең келетін екі жүз жанды тамақтандыруым керек, ал сен құлесің. (– Смешно? – сказал директор. – Мне вон двести душ приезжих кормить надо, тут посмеешься). Волынский, Лестница-чудесница.

4. Қөне тілде: басыбайлы шаруа (крепостной крестьянин). Дубровскийидің иелігінде 70 жан бар еді. ([Дубровский] владел семидесятью душами). Пушкин, Дубровский. Обломов оған мұрагерлікке қалған үш жүз елу жанға иелік ететін бірден-бір адам болды. ([Обломов] стал единственным обладателем трехсот пятидесяти душ, доставшихся ему в наследство). И.Гончаров, Обломов.

5. («Менің» сөзімен). Ауызша. Достық пейілмен айтылатын сөз. – Щи, жаным менің, бүгін өте керемет! – деді Собакевич. (– Щи, моя душа, сегодня очень хороший! – сказал Собакевич). Гоголь, Мертвые души. – Жаным менің, бұл таза шындық қой, – деп күлімсіреді Касацкий. (– Душа моя, да ведь это чистая правда, – улыбнулся Касацкий). Крымов, Танкер «Дербент».

6. Ауыспалы; ненің. Элдененің ең негізгісі, маңызы, бастысы. Ол [Александр Петрович] ғылымның ең қажетті сөлін бере алғаны сондай, тіпті жас баланың өзі мұның қажет дүние екенін түсінетін. (Умел он [Александр Петрович] передать самую душу науки, так что и малолетнему было видно, на что она ему нужна). Гоголь, Мертвые души. || Элденені рухтандыруышы, шабыт беруші. Басты тұлға. [Белокопытов] әзілқой, көңілді, аздап мақтана да біледі, жалпы – қоғамның жүрегі (жаны). ([Белокопытов] балағур, весельчак, немножко хвастун, вообще – душа общества). Мамин-Сибиряк, Сон. Колхоздың драмалық ұжымының жаны (жүрегі) Кирилловкан келген жас мұғалима еді. (Душой колхозного драматического коллектива была молодая учительница из Кирилловки). С. Антонов, Дело было в Пенькове (АС).

**Жан (рух) (душа)** – 1. Діни наным-сенім бойынша, адам о дүниелік болғаннан кейін де өмір сүруін жалғастыра беретін материалдық емес бастама 44 рет. 2. Мәні, маңызы, әлдененің негізі 1 рет:

«Борис Годунов.

Царь, ты с малых лет сидел со мною в Думе, ты знаешь ход державного правления; Не изменяй теченья дел. Привычка душа держав». 3. Адамның ішкі, психологиялық әлемі – 510 рет. Татьяна (орыс рухымен, өзім де білмеймін неге)... 4. Сезім, шабыт, сезіне білу мүмкіндігі, қабылдау, жауап қайтару – 7 рет. 5. Адамның белгілі бір рухани қасиеті мен ерекшелігі – 12 рет. 6. Басыбайлы шаруа – 33 рет. 7. Әлдекімге арналған достық, мейрімді қарым-қатынас – 93 рет. 74 рет фразеологизмдерде (жүректен жүрекке, в душе, от души...) (СЯП).

Бұл сөздердің семантикалық көлемі бірдей, бірақ қолданылуы... Орыстың душа сөзі ағылшынның soul сөзімен салыстырғанда

көбірек таралған әрі орыс халқының рухани өмірінде зор рөлге ие. Назар аударыңыз: орыс тіліндегі бір түбірден тараған *душа*, *дух*, *духовный* сөздері бір мағына берсе, ағылшын тіліндегі дәл сондай бір түбірден тараған *soul*, *spirit*, *spiritual* сөздерінің мағыналары мұлдем басқа. Орыс тілінде душа сөзі «адамның ішкі психикалық (психологиялық) әлемі» мәнінде өте жиі қолданылады. Оның «материалдық емес» бастама діни мәні сирек қолданылады. «Словарь языка А.С. Пушкина» («А.С. Пушкин тілінің сөздігі») кітабындағы мәліметтерде бұл айқын көрініс тапқан. Пушкинде душа (рух) сөзі қолданылу жиілігі жағынан женімпаз бола алады. Пушкин оны 774 рет қолданған. Оның 510-ы «адамның ішкі психологиялық әлемі» мәнінде қолданылған. «Адам о душиелік болғаннан кейін де өмір сүре беретін материалдық емес нәрсе» мәнінде 44 рет қана қолданған. 510 және 44 – әрине ойландырлық айырма. Бұл А.С. Пушкиннің қолдануында болғандықтан, оны кеңестік дінге қарсы үгіт-насихатқа жатқыза алмаймыз.

Кеңес заманында жарық көрген Академиялық сөздік пен «Словарь языка А.С. Пушкина» сөздіктеріндегі душа сөзіне берілген анықтаманың сипатына назар аударыңыз. Академиялық сөздіктегі душа сөзінің діни мәнінің астын сызып көрсетпейді, ол бірінші мәнінде жасырын түрде берілген – «адамның ішкі психикалық әлемі, оның үайым-қайғысы, көңіл қүйі, сезімі» – екі әртүрлі мағынаға ие секілді.

Оның бір түсініктемесі: сол замандағы «идеалистік философия мен психологияда» сенімсіз, бұрыс және біздікі емес деп қабылданды. Жанның (рухтың) мұндаиділігі әрі қарай «бәлкім» сөзімен айышықталды. Сөз мағынасының тағы бір түрі «діни түсінікпен» қабылданады. «А.С. Пушкин тілінің сөздігінде» («Словарь языка А.С. Пушкина») тұра сондай түсінік беріледі. Бірақ ондағы мағына бірінші секілді жекелей беріледі.

Егер Академиялық сөздіктегі душа сөзінің мағынасы совет кезеңінің идеологиялық қысымына ұшыраған болса (бұл үшін кешіріммен қарауға болады), А.С. Пушкин заманының өзінде оның қолданылу деңгейіне қарап, Академиялық сөздіктің еш қателеспегенін байқауға болады. 510 мен 44-тің арақатынасын салыстырып көріңіз. Әрине, душа сөзінің негізгі мағынасы – «адамның ішкі психикалық әлемі», сол себепті де оның орыс тіліндегі қолданысы осылай таралған.



Ресми идеологиялық қысымға ұшырамаған ағылшын тілінің сөздіктеріндегі *soul* сөзінің мағынасы да діни термин ретінде мойындалады: «*some people believe*» [кейбір адамдар сенеді], «*which is believed to continue existing*» [олардың сенімі бойынша өмір сүруін жалғастыра беретін]. Мұнда идеологиялық дінге қарсы қысым емес, жан мен рухқа емес, ақылға немесе салауатты ойға табынатын ұлттық психологиясы көрініс табады: мұның мәңгілік өлмейтін материалдық емес рух екенін ешкім көрмеді және ешкім сезінбеді (ол заттық емес қой), әрі оның мәңгілік екенін дәлелдеу мүмкін емес, сол себепті де тікелей ойдан жалтарып сөйлегенді жөн көреді: «*some people believe*» [кейбір адамдар сенеді], «*and some don't*» [кейбіреулері сенбейді] дегендей.

Мәселенің өзі осында. Душа және *soul* сөздерінің арасындағы айырма да – осы. Ұлттық құндылығында рух, руханият ақылдан, салауатты ойдан, парасаттан жоғары тұратын орыс халқы үшін «душа» – негізгі ұғым. Ағылшын тілді қоғамда, керісінше өзінің өмір сүру негізін ұлы мәртебелі салауатты ойдан іздейді, сондықтан да *body* [дене] жанға (рухқа) (*soul*) қарсы қойылмайды, керісінше парасатқа (*mind*) негізделеді. Орыс тілінде адамның екі негізгі мәні бар – бұл тән мен жан немесе жан мен тән деу дұрысырақ болар, өйткені тұрақты сөз тіркесі сөздердің дәл осындай ретпен берілуін талап етеді (жан-тәнімен берілген).

Қоғамда қалыптасқан қағидаларға қайши келетін адамды орыс тілінде душевно больной (есі ауысқан, жынды) десе, ағылшын тілінде *a mentally-ill person* [ақыл-ойы кем] дейді. Басқаша айтқанда, орыстардың жаны ауырса, ағылшын тілді әлем өкілдерінің *mind* (ақыл-ойы) ауырады. Бұл сөздер тіл иелерінің өмір туралы пікірлерін қалыптастырады. Эрине, олар мұны сезінбейді де, байқамайды да.

Жан тыныштығы (душевное спокойствие) сөзі ағылшын тілінде *reace of mind* деп аударылса, жанның мазасыздануы (душевное расстройство) – *mental derangement* (РАСС) деп аударылады. Егер орыстарда жанынан (арқасынан) ауыр жүк түссе (камень сваливается с души), ағылшын тілінде сөйлейтіндер үшін ақылышын ауыр жүк түседі (груз сваливается с ума): *a load (weight) off one's mind*.

Дж. Голсуорсидің «Форсайттар дастаны» кітабындағы жас Джонның үйленуі жөнінде «*Is it a marriage of true minds?*» тіркесі орыс тіліне өте дұрыс аударылған: Бұл адаптация көркемдердің одағы ма? (Это союз верных сердец?).

Орыс мәдениеті үшін үйлену секілді киелі дүниені – ададардың/ақылдылардың одағы ретінде қабылдау мүмкін емес.

Орыс тіліндегі душа сөзі қатысқан фразеологизмдердің барлығына ағылшын тілінде *soul* сөзі балама бола алмайды. Материалды таныстырайық:<sup>33</sup>

<sup>33</sup> Материалдың кейбір белгілі студент А.А. Ахмановың күрстүрк жұмысынан алғыншыл отыр. «The Comparative Analysis of Semantic – Collocational Valency of the words «soul» and «душа» (МГУ, факультет иностранных языков, 1999).

1. *Душа моя!* – *my dear* – жаным менің;
2. *жить душа в душе* – *to live in (perfect) harmony* – түсінісп өмір сұру;
3. *быть душой чего-либо* – *to be the life and soul of smth* – ортанаңғұлі болу;
4. *в глубине души* – *in one's heart of hearts* – жүрек түкпірінде;
5. *в душе (про себя)* – *at heart* – іштей;
6. *в душе (по природе)* – *by nature, innately* – болмысынан;
7. *до глубины души* – *to the bottom of one's heart* – сезіміне бойлап;
8. *вкладывать душу* – *to put one's heart into* – жанын салу;
9. *всей душой* – *with all one's heart* – жан-тәнімен;
10. *всеми силами души* – *with all one's heart* – жан-жүрегімен;
11. *залезть в душу кому-либо* – *to worm oneself into smb's confidence* – біреудің сеніміне кіру;
12. *работать с душой* – *to put one's heart into one's work* – жанын салып жұмыс істеу;
13. *брать за душу* – *to pull (tag) at (on) smb's heartstrings* – жүрегіне жақын алу;
14. *(у кого-либо) душа в пятки уходит* – *smb has his heart in his boots (mouth); His heart sank into his boots* – есі шыға қорқу; жаны мұрнының ұшына келу;
15. *душа (у кого-либо) нараспашку, разг.* – *smb is open-hearted* – жүрегі ақ, аузын ашса, жүрегі көрінеді;
16. *душа (сердце) у кого-либо, чья-либо (чье-либо) не лежит, не лежала к кому-либо, к чему-либо* – *smb dislikes smb, smth; smb does not feel like doing smth* – біреуді, әлденені, жек көру, үнатпау;
17. *(у кого-либо) душа не на месте* – *smb is troubled (worried)* – жаны жай таппау;
18. *души в ком-либо не чаять, разг.* – *to think the world of smb* – өзге үшін жаны қалмайды;
19. *у кого-либо за душой есть, имеется что-либо, нет чего-либо* – *in one's possession* – көңілі бірде көл, бірде шөл;
20. *делать что-либо как бог кому-либо на душу положит* – *to do smth as the spirit moves one* – біреудің жанына жағу үшін Құдайдай іс істе;
21. *камень на душе* – *smb's heart is heavy with sorrow, guilt, etc.* – жүрегінде (жанында) зіл;
22. *у кого-либо камень чего-либо с души свалился* – *it is (was) a load (weight) off smb's mind* – біреудің арқасынан ауыр жүк түскендей;
23. *у кого-либо кошки скребут на душе* – *smb feels uneasy, restless or depressed* – ішін мысық тырналап жатыр;

24. *кривить (покривить) душой* – to act against one's conscience, usually by deliberately telling a lie – қылымсұ;
25. *надрывать кому-либо душу* – to break (rend) smb's heart – біреудің жүрегін ауырту;
26. *что-то/кто-то не по душе кому-либо* – *smb does not like smth, smb* – біреуді немесе бірдеңені ұнатпау/жақтырмай
27. *отводить душу* – to relieve one's feelings by doing smth to unburden one's heart (*oneself*) – жалтару;
28. *поговорить, побеседовать с кем-либо по душам* – to have a heart-to-heart chat (talk) with *smb* – жүрекжарды әңгімелесу;
29. *спасите наши души* – save our souls – жан дүниемізді құтқару (сақтау);
30. *сколько душе угодно* – to one's heart content – жаныңыз қалағанша;
31. *стоять над душой* – pester/harass/plague *smb* – төбесінен төніп тұру, желкесінен қадалу;
32. *в чем только душа держится* – *smb is so thin and feeble* – көнілінде (жанында) не жоқ дейсің;
33. *открыть свою душу* – to unbosom one's soul – жанын жайып салу/ақтару;
34. *ни души* – not a soul – тасжүрек.

Душа сөзімен салыстырғанда *soul* сөзінің қолданылу аясы мейлінше тар және фразеологизмдер аз:

1. *twin soul* – родственная душа – жаны егіз, жандас;
2. *to keep body and soul together* – сводить концы с концами – ілдәлдалап күн көру;
3. *bless my soul* – господи! (восклицание выражющее удивление – о, құдайым-ау! (таңдану);
4. *to be the life and soul of* – быть душой (чего-либо) – (әлдененің) ортаның гүлі болу;
5. *to have no soul* – быть бездушным, бесстрастным – тасжүрек, қайрымсыз;
6. *to possess one's soul* – владеть собой – өзін-өзі ұстау;
7. *to sell one's soul* – продать душу – жанын саудалау;
8. *a good/honest/decent soul* – хороший (честный) приличный человек – жақсы (адал) ізгі жан.

Келтірілген 34 фразеологизмде кездесетін (тізім толық емес) душа сөзінің 15-і ағылшын тіліне – *heart* [жүрек] сөзімен, тек төртеуі ғана *soul* сөзімен аударылған. Душа және *soul* көбінде «адам» (бірде-бір адам жоқ – *ни души* – not a soul) мағынасындағы аудармасына сәйкес келеді. Душа сөзі кездесетін орыс фразеологизмдері, әсіресе ауызекі сөйлеуде кеңінен қолданылады, ал *soul* сөзімен кездесетін сөз тіркестеріне «ескірген» немесе «rare» [сирек] деген белгі соғылған.

Байқауымызша, *soul* сөзі герман тілдеріне тән, бұған фразеологизмдерді салыстыра отырып көзіміз жете түседі, орыс және неміс тілдеріндегі душа сөзінің мағынасы бір-бірімен сәйкес келеді:

«Орыстың ауызекі сөйлеу тілінде «душа» сөзі қолданылған фразеологиямдер басқа фразеологиямдермен салыстырғанда анағұрлым жиі кездеседі (мәселен: көңілінде (*на душе*), *не по душе* (көңілінде жақпады), *всеми фибрами души* (бар жан-тәнімен), *в глубине души* (көңіл/жүрек түкпірінде), сколько душе угодно (қанша қаласан да) т.с.с.).

Орыс тілін үйренуші шетелдіктер бұл фразеологиямдерді пайдалану барысында үнемі қиналады, ол тегін де емес. Мәселен, «душа» сөзі қолданылған фразеологиялық қатарды неміс тіліне аударғанда неміс фразеологиямдерінің 1/3-і «душа» (жан, рух) сөзімен аударылса, 2/3-і «сердце» (жүрек) сөзімен аударылған.

Мұны бұл түсінікті қабылдаудағы этникалық стереотиптің әртүрлілігімен түсіндіруге болады: немістерде «душа» сөзі көбінде діни түсінікпен астарланса, орыстың санасында бұл тек «қасиетті, киелі» үғымды ғана бермейді, сонымен қатар оны адамның ішкі жан дүниесінде болып жатқан психологиялық процестермен де байланыстырады.

Оны қабылдаудағы айырмашылық «душа» сөзін орыс және неміс фразеологиямдеріндегі стилистикалық қолдануға да ықпал етеді. Егер орыс тілінде бұл сөзді қолдану стилінде барлық палитра бар болса: ең жоғарғысынан ең тәменгісіне дейін, неміс тілінде бұл сөзге аса кірпияздықпен қарайды, сол себепті де немістің «душа» сөзі қатысқан фразеологиялық тіркестері бейтарап және жоғары стильге жатады.<sup>34</sup>

Сонымен, орыстың жұмбақ жан әлеміне оралайық. Бұл не? Оны орыс тілінің көмегімен шеше аламыз ба?

Бұған дейін айтқанымыздай, орыс тілі орыстың ұлттық мінез-құлқының жоғары эмоцияллығы мен сезімталдығын, орыс жанының нәзіктігін сипаттайты. Әртүрлі суффикстерді пайдалану, сен (ты) және сіз (вы) сөздерінің арасындағы айырмашылықтың болуы, грамматикалық жанды (одушевленность) және жансыз (неодушевленность) категорияларының болуы – орыстілді адамның бойында осындай қасиеттердің қалыптасуына ықпал етеді. Жоғарыда айтты өткеніміздей, орыс тіліндегі тек (род) категориясы да қоршаған ортаны суреттеуге ерекше ықпал етеді, оған адами қасиеттерді дарытып, жансыз заттардың өзін мужской, женский және средний родқа бөле отырып, жоғары эмоцияллықты, табиғатпен романтикалық және рухани байланысты қалыптастырады. Андрей Макиннің «Орыс тіліндегі цветок (гүл) сөзінің мужской родта, француз тілінде *la fleur* женский

<sup>34</sup> Х.И. Карлсон, В.А. Степаненко. Функциональность фразеологических выражений со словом «душа» в русском и немецком языках: Лингвистический и дидактический аспекты // IX Международный Конгресс МАПРЯЛ. Русский язык, литература и культура на рубеже веков. Т. 2. Братислава, 1999, 145 б.

родта болуы осы затты аталған тіл иелері мен мәдениет иелерінің қабылдауында әртүрлі әсер қалдырады» деген сөзімен келіспеске амалың қалмайды:

Бала кезімде Шарлотта тілінің түп негізінен өзімді аулақ ұстағам жоқ. Шөп арасындағы бұл не қылған жылтырақ, мынау ашық түсті, жұпар істі, тірі жаратылыс неге ер жынысты болып келеді, ал морт, наэік, мөлдір нәрсенің бәрі неге «гүл» атымен аталады, не барқыттай мақпал, мамық және «une fleur»-ге айналып әйелдік кейіпке енеді деген сұрақтарға бас қатырмай, ойда жүзіп жүрдім., (А. Макин. Французское завещание, с. 104).

<sup>35</sup> А. Макин. Французское завещание, 104 б.

<sup>36</sup> Н.И. Бердяев. Самопознание. М., 1990, 235–236 бб.

<sup>37</sup> И. Ильин. Указ. соч., 183 б.

*Enfant, je me confondais avec la matiure sonore de la langue de Charlotte. J'y nageais sans me demander pourquoi ce reflet dans l'herbe, cet éclat coloré, parfumé, vivant, existait tantôt au masculin et avait une identité criante, fragile, cristalline imposée, semblait-il, par son nom de tsvetok, tantôt s'enveloppait d'une aura veloutée, feutrée et fumine – devenant «une fleur».<sup>35</sup>*

Род категориясының әлемді қабылдауға әсері туралы Массачусетс технологиялық институтының қызыметкері Лера Бородицки (Lera Boroditsky) қызықты эксперимент жүргізіп көрген екен. Ол ағылшын тілін білетін немістер мен испандардан неміс және испан тілінде мужской немесе женский родқа қатысты заттарды ағылшын тілінде сипаттауды сұраған. Мәселен, неміс тілінде мужской родқа, испан тілінде женский родқа жататын кілт сөзі. Немістер ағылшының род категориясына қатысы жоқ «кеу» сөзін *hard* (қатты), *heavy (ауыр)*, *jagged* (өткір қырлы) деп сипаттаса, испандар оны сипаттау үшін *lovely* (керемет), *shiny* (жарқыраған, шуақ шашқан), *tiny* (кішкентай) сөздерін қолданған.<sup>36</sup>

Н.И. Бердяев орыс жанының жұмбақтығын орыстардың иррационалдығынан, табиғатпен, «рухпен» (батыс европалықтар секілді өркениеттер шабуылына ұшырамаған) етепелігінен іздейді: «Ресейде табиғаттың рухы адам өркениетімен тапталып біткен жоқ. Сондықтан да орыс табиғатынан, орыстың үйінен, орыс адамдарынан рұхты өркениетпен тұншықтырған Батыс европалықтардан байқалмайтын құпиялылықты, үрейді сеземін. Батыс әлемі өркениеттің жетегімен рационалданған, қалыпқа түскен, ұйымдастырылған. Ал орыс әлемі әрдайым иррационалды, ұйымдастырылмаған және қалыпқа түспеген элемент ретінде қала бермек. Орыстар батыс өркениетінің өкілдерімен салыстырғанда қарым-қатынасқа ашық әрі бейім келеді».<sup>37</sup>

Батыс әлемі орыстың «жұмбақ» жаны туралы неге сонша та мағы жыртылғанша айғайлайды? Өйткені Батыс Еуропа халқының географиялық тұрғыдан тығыз орналасуы және тарихи жақындығы «жандарының жақындауына» әрі мінез-құлқының (Батыс Еуропаның әрбір халқының өз ерекшелігіне қарамастан) ұқсастығына ықпал етті. Ал орыс әлемі және орыс мінезі бұл стереотиптермен мұлдем сәйкеспейді. Ресейдің географиялық тұрғыдан арақашықтықта орналасуы мен ерекше тарихы – европалықтар үшін тым азиялық, азиялықтар үшін тым еуропалық болып есептелді. Ол тек еуропа-

лықтар үшін ғана «жұмбақ». Азия мәдениеті мен ұлттық мінезінің ешкімге, ештеңеге ұқсамайтын ерекшелігі сондай, олар орыстарды жұмбақ деп айтуды ойламайды да.

Әрине, басқа халықтар үшін өзге елдердің жаны жұмбақ болатыны күмәнсіз. Бөтен, жат, өзге, басқа әлемді және қоғамды қабылдау үнемі таңдандырады және сол себепті де түсініксіз, жұмбақ болып көрінеді.

Орыстардың қарапайым жағдайлардың өзіне таңданыспен, күтпеген, ойламаған реакция танытуының өзі жұмбақ. Өзге мәдениет өкілдерінің мінез-құлқы түсініксіз, ол салауатты ойға қайши келеді. Бұл ретте қарапайым ғана ақиқат ұмытылады: ағылшын тілді халықтардың дүниетанымының негізі саналатын Аса мәртебелі парасат, салауатты ой (салыстырыңыз: жан тыныштығы – *peace of mind*), біріншіден, әр мәдениетте әртүрлі, екіншіден, кез келген жерде ол басты рөлге ие емес.

Егер орыстар «жүрекке әмір жүрмейді» («ум с сердцем не в ладу») десе, олар өзге халықтармен салыстырғанда жүректі жиі тыңдайды. Жүрекжардылық, сонымен қатар ар – көп адамдардың пікірі бойынша, орыс жанының негізгі ерекшелігі. «Егер мен қарапайым ғана, сөйте тұра жанды «жүрек» сөзін аузыма алсан, – деп жазады И. Ильин, – сол арқылы орыс рухының және орыс мәдениетінің ең жақсы әрі ең нақты қасиетін еске аламын; орыс адамы жүргегінің әмірімен әмір сүреді ғой... Егер күнделікті әмірді алатын болсақ, орыстар қай жерде де, қашанда тыныштықты, түсінуді, жақындықты және көңіл көтеруді іздейді: үйде, дастарқан басында, достар арасында, қоғамда, театрда, клубта және табиғатта. Еш-уақытта ол қатан, іскер және ресми қарым-қатынаспен шектелгісі келмейді. Егер әңгіме күнделікті әмір жайлы емес, адамгершілік, өнер, дін, әділ құқық, ғылым мәдениеті жайлы болса, онда орыс мұндағы барлық жақсылықты, сезім мен махаббатты өзіне қабылдай бастайды. Ал сезімсіз, қайырымсыз дүниелерді өлі және өтірік дүние секілді итеріп тастайды».<sup>38</sup>

Орыстың ұлттық мінезінің негізі – жүрекжардылық пен эмоциялық жоғары ар-үжданға немесе И.Ильиннің пайымдауынша, ар-үждан серпілісіне алып келеді. Төменде оның мұны қалай тұжырымдағанын көруге болады: «Орыстың жаны (рухы) – сезім мен пайымның өнімі. Оның мәдениетті жасау актісі – жан-тәнімен сезіну мен діни үждан серпілісінің өнімі. Орыс мәдениеті сезім мен жүрекке, пайымына, ар-үждан және дұға ету бостандығының негізінде жасалған. Бұлар – орыс жанының (рухының) алғашқы күші және қондырғылары, ол оның күшті темпераментіне реңк береді».<sup>39</sup>

Әмір сұру салтына, уақытына, режиміне қарамастан – ұлттық мінез тұрақты болады. Ол, әрине, халықпен бірге өзгеріп, байып,

<sup>38</sup> И. Ильин. Указ. соч., 189 б.

<sup>39</sup> Московский комсомолец, 18.11.1998.

дамып отырады. Бірақ өте жай әрі ағысқа қарсы жүреді. Бұғінгі ең арсыз қоғам саналатын, арсыз заманның кәсіби алаяқтарының ортасында кенеттен үлттық мінез және оның ар-үжданы туралы сез қозғау алаяқтықпен құрылған бақуатты өмірмен қош айттыруы мүмкін. Бұған мысал ретінде жақындаған «Московский комсомолец» газетінде жарық көрген «Чисто русский прокол. Сколько стоит пробудившаяся совесть» мақаласын келтіруге болады. Бұрынғы милиционерлер Коломнада жекеменшік құзет мекемесін құрып, әртүрлі үйымдардан ақша бопсалаған. Бәрі өте керемет басталды. Алаяқтар былдықта қатты батып кеткен жоқ, олардың құрбандары да қарсылық көрсетпеді, бірақ кенеттен... Бұл туралы газеттегі үзіндіге назар аударалық: «Ресейдегі ежелгі дағдыға сай, тағы да түкке тұрғысыз нәрседен шашылып қалды. Құрылтайшылардың бірінің аяқастынан ар-үжданы оянып, ол кенеттен тектен-текке мол ақшана кенелгеніне үяла қапты. Сейтіп, директордан келісімшартқа сәйкес оған тиесілі (оның әйеліне) жарғылық жарнаны қайтаруын талап етеді».<sup>40</sup> Мақаланың тақырыбының «Нағыз орыстық масқара» екенін («Чисто русский прокол») тағы бір еске саламыз.

Төменде келтірілген қысқаша әңгіме американлық шіркеу қызметкері Роберт Фулгамның баяндауынан алынды. Ол «All I Really Need to Know I Learned in Kindergarten» [«Мен шынайы қажет нәрсенің бәрін балабақшадан үйрендім»] кітабында өмір туралы, адамдар туралы ойларын, бақылағандарын бөліскең. «Uncommon Thoughts on Common Things» [«Қарапайым мәселелер туралы ерекше ойлар»] тақырыпшасымен баяндалған бұл әңгімеде орыс офицері Николай Пестрецов туралы естелігі беріледі. Николай Пестрецов арқылы Батыста орыстар туралы стереотиптік түсініктерді (әрине жағымсыз сипатта, олардың үгіт-насихаты біздікіне қарағанда ойға қонымдылау, тиімдірек, шебер, әрі халқы да сенгіш, үкіметке жақтас) аса әдемі сипаттаған. Сондай-ақ өзге, ағылшынлардың мәдениеттің орыстың сарабдал санаға және сақтану түйсігіне қайшы «біртүрлі» мінез-құлқына деген реакциясын да келтіре кеткен:

«ОРЫСТАРДЫҢ БӘРІ СОНДАЙ ЖЕКСҰРЫН, олар әдепсіз, агрессивті, қатал, мейірімсіз, дәрекі және ашулы. Олар бізге мұлде үқсамайды.

Бұл орыс адамдары туралы құнделікті жаңалықтардың сарыны. Бірақ кейде біздің қалыптасқан түсініктерімізге сына қағылып, қабыргасын қақырататын кейбір жағдайлар да болып жатады. Адал, шынайы, нағыз, аса маңызды емес ерекшелік тот баса бастаған темір торды түріп тастап, бізben бірге Қуаныш пен Қайғының қауымдастығына қадам басады.

Міне, Николай Пестрецов. Менің ол туралы білерім аз, оның қайда екенін де бейхабармын, бірақ сіздерге ол жағында не білетінімді баян еткім келеді.

«THE RUSSIANS ARE A ROTTEN LOT, immoral, aggressive, ruthless, coarse, and generally evil. They are responsible for most of the troubles in this world. They're not like us.

That's pretty much the summary of the daily news about the Russians. But sometimes something slips through the net of prejudice, some small bit of a sign that is so clean and true and real that it wedges open the rusting Iron Curtain long enough for us to see not an

enemy but fellow travelers, joined to us by membership in the Fellowship of Joy-and-Pain.

See Nicolai Pestretsov. I don't know much about him, I don't know where he is now, but I'll tell you what I know.

He was a sergeant major in the Russian army, thirty-six years old. He was stationed in Angola, a long way from home. His wife had come out to visit him.

On August 24, South African military units entered Angola in an offensive against the black nationalist guerrillas taking sanctuary there. At the village of N-Giva, they encountered a group of Russian soldiers. Four were killed and the rest of the Russians fled – except for Sergeant Major Pestretsov. He was captured, as we know because the South African military communique said: „Sgt. Major Nicolai Pestretsov refused to leave the body of his slain wife, who was killed in the assault on the village”

It was as if the South Africans could not believe it, for the communique repeated the information. „He went to the body of his wife and would not leave it, although she was dead”

How strange. Why didn't he run and save his own hide? What made him go back? Is it possible that he loved her? Is it possible that he wanted to hold her in his arms one last time? Is it possible that he needed to cry and grieve? Is it possible that he felt the stupidity of war? Is it possible that he felt the injustice of fate? Is it possible that he thought of children, born or unborn? Is it possible that he didn't care what became of him now?

It's possible. We don't know. Or at least we don't know for certain. But we can guess. His actions answer.

And so he sits alone in a South African prison. Not a „Russian” or „Communist” or „soldier” or „enemy” or any of those categories. Just-a-man who cared for just-a-woman for just-a-time more than anything else.

Ол 36 жасында Ресей армиясының аға лейтенанты болды. Үйнен жырақта, Анголада қызмет етті. Әйелі соңынан онымен көрсүге келді.

24 тамызда оңтүстік американлық жауынгерлер жасырынып жүрген қара ұлтшыл-партизандарды өкшелеп, Анголаға басып кірді. Н-Джива деревнясында олар Ресей әскерилерімен соқтығысып қалады. Олардың төртеуі қаза табады да, Николай Пестрецовтан өзгесі қашып кетеді. Оңтүстік Африканың әскери күштері оны тұтқынға алады. Олардың ресми мәлімдемесінде: «Аға лейтенант Николай Пестрецов деревняға шабуыл кезінде мерт болған әйелінің мәйітінен айналсақтап шыға алмады», – деп жазылған.

Оңтүстік африкалықтар бұған сенбес еді, бірақ мәлімдемеде бұл бірнеше рет қайталанған: «Ол әйелінің мүрдесіне жақын келді де, оның жансыз денесінен үзап кете алмады».

Біртурлі ғой. Ол неге қашып кетпеді немесе жасырынып қалмады? Оның қайта оралуына не тұрткі болды? Ол оны сонша жақсы көрді ме? Бәлкім, оны соғып рет құшып сүйгісі келді ме екен? Бәлкім, ол жылап, жүргендегі зілден арылғысы келген шығар? Бәлкім, ол соғыстың мәнсіз екенін сезінген болар? Бәлкім, ол балалары немесе әлі дүние есігін ашпаған нарестелері туралы ойлаған шығар? Бәлкім, оның ендігі тағдыры не болатыны оны толғандырмажан да шығар?

Бәрі де мүмкін. Біз ештеңе білмейміз. Білсек те, ештеңеге сенімді емеспіз. Бізде тек солай болуы мүмкін деген долбардан басқа ештеңе жоқ. Жоғарыдағы әрекеті оның қандай адам екенінен хабар бергендей.

Қазір ол оңтүстікафрикалық түрмеде жалғыз отыр. Ол қазір «корыс» та емес, «коммунист» та емес, «жауынгер» де, «қарсылас» та емес. Ол бұл айтылған категориялардың ешқайсына сай келмейді. Ол – сол сәтте әйеліне қамқорлық жасаған қаралайым адам ғана еді.

Міне, Николай Пестрецов, қайда болсаң да, барлық жерде бірдей болатын армандарды сәулелендіруге шынайы мән-мағына бердің; сен кез келген тілде бірдей естілетін жалпы қабылданған адалдық аңтын ізгілендірдің: «Бақытта және бақытсыздықта, ауруда және амандықта – сүйемін, әлпештеймін және қарандықты көргенге дейін құрметтеп өтемін, Тәңір жар болсын!» – дейтін үәдеге өмірінің соңына дейін адәл болдың; сенде сенім шуақ шашты. Тәнір сені жарылқасын!

Иә, солай! «Орыстардың бәрі сондай жексүрын, арсыз, агрессивті, қатал, мейірімсіз, дөрекі және ашулы. Олар адамзаттың көптеген әзаптарына кінәлі. Олар бізге мұлдем үқсамайды.

Әрине!»

Here's to you, Nicolai Pestretsov, wherever you may go and be, for giving powerful meaning to the promises that are the same everywhere; for dignifying that covenant that is the same in any language – „for better or for worse, in good times and in bad, in sickness and in health, to love and honor and cherish unto death, so help me God“ You kept the faith; kept it bright-kept it shining. Bless you!

(Oh, the Russians are a rotten lot, immoral, aggressive, ruthless, coarse, and generally evil. They are responsible for most of the troubles of this world. They are not like us.) Sure<sup>40</sup>».

<sup>40</sup>R. Fulghum. All I Really Want to Know I Learned in Kindergarten. New York, 1989, p. 31–33.

Батыс халқының, жалпы ағылшынтылділердің қалыпты санаға деген қатынасындағы айырмашылық шетел әдебиетімен танысқан кезде айқын көрінеді. Шетел авторларын оқу – бөтен монастырьға басып кіргенмен бірдей. Біз осы жат әлемді өз мәдениетіміздің деңгейімен бағалаймыз, бақылаймыз. Сондай-ақ мәдениеттер қақтығысымен де салыстырамыз.

Шетелдіктердің орыс әдебиеті мен фольклорын «дұрыс» қабылдамаудынан да барлығы айқындала түседі. Мәдениеттің осы қақтығыстарында ұлттық мінез-құлықтың ерекшеліктері өзгешелене түседі. Мәселен, американық студенттер үшін «Анна Каренинадағы» жексүрын, әйелінің көзіне шөп салатын, балаларына киім сатып алудың орнына ақшаны көніл көтеруге жұмсайтын Стив Облонскийдің бейнесі бірден жағымсыз әсер қалдыратыны анық. Бірақ мейірімді, көнілді, әрине адами пенделіктерге жол беріп қоятын Стивті орыс оқырмандары қалай жек көрсін!

«Морозко» ертегісі түсінбестік туғызыу, тіпті ашу шақыруы мүмкін. Ақылды жетім қыздың сүйектан қалтырап тұрса да, Аязға тоңбадым деп өтірік айтуы біртүрлі ғой! Ал оның өгей анасы «Сүйік! Тоқта!» деп шындықты айтып ағынан жарылғаны үшін неге жазалаңуы тиіс? Ертегінің сюжеті ұлы мәртебелі сарабдал сана (прагматизм демес үшін) салтанат құрған «америкалық монастырь» үшін қайши келеді.

Шетелдіктерге қалыпты санаға мүлдем бағынбайтын, адамды ренжіте алмайтын, дүниені қынданатып жіберуді жек көретін, тым сыпайы орыс адамының менталитеті түсініксіз әрі бөтен. Ол ұсынылған тاماқтан, тағамнан, сусыннан, қызметтеп бас тартуы мүмкін; ол бірден «рахмет, бәрі жақсы, ештеңе қажет емес» деуі мүмкін.

Орыс фольклорының сүйікті кейіпкері ақымақ-Иван (Иван-дурак) немесе еркелетіп Иванушка-дурачок (Иванжан-ақымағым) болуының өзі тегін емес. Оның қылышы қалыпты санаға мүлдем қайши болғаннан кейін де «ақымақ». Ол қолындағы соңғы нанын ойланбай орманда кездескен көжекке бере салып, өзі аш қалады. Кейін осы бір әлжуаз, адамға еш пайдасы тимейтін (арыстан емес,

аю емес) көжек мәңгі өлмейтін Кащейді (Кащей Бессмертный) женуге көмектеседі. Ертегінің соңында ол ханшайымға үйленіп, жарты патшалыққа иелік етіп, байлыққа кенеледі.

Мұны естіп өскен орыс балалары қалыпты сананың талап еткеніндей, өзінің қарақан басының қамын ғана ойламайды, сонымен қатар сырыйылықты, адамдарға көніл бөлуді, оларды қысымға ұшыратпауды, адамдарды киіміне және түріне қарап бағаламауды үйренеді. Қалыпты саналы супермен емес, сиықсыз ақымақ нағыз батыр болуы мүмкін.

Сондай-ақ орыс қиссаларындағы «супермен» Илья Муромецтің алдында екі таңдау тұрды: не үйленіп, бауы немесе өлуі. Оның бұл таңдауды көніл пернесінен өткізуінің өзі қалыпты емес: «үйленетін үақытым жеткен жоқ, байлық бақыт сырыймайды», бірақ орыстың үлттық мінез-құлқының ерекшелігіне орай және орыс фольклорының көзқарасы бойынша орыс батыры әуелі Отанының іргесін жаудан қорғауы керек, үйленуді содан кейін ғана ойлағаны жөн. Орыс батырына байлық – бақыт әкелмейді.

Ертегі жалған болуы да мүмкін, бірақ оның астары терең. Осындағы айтылған ойлардың барлығы біздің санамызға шегеленіп қалғаны рас. Олардың мәні тым тұңғының.

Жақында менің әріптесім, ММУ-дің шет тілдер факультетінің профессоры АҚШ-қа іссапармен барып қайтты. Оны бірнеше күнге америкалық отбасына орналастырады. Сондай жайлы, мейірімді үй иелері оған үйлерін аралап таныстырып, мұздатқыштан өзі қалаған кезде ұнатқан тағамын алып жеуіне болатынын айтады. Орыс халқы ертегілерінің ықпалымен өскен құрбымның өзгенің мұздатқышын ашып, өз бетінше бірдене алып жеуғе батылы жетпепті.

Орыстың халық ертегілері – «қауіпті» дүниелер. Олар бала кезден біздің санамызға сыналадаң енеді, кейін ол «жұмбақ» күйде көңілімізді жаулап алады. Оның мәні қарапайым: бай болу – жаман, кедей болу – жақсы, өйткені орыстың барлық ертегілерінде байлар – жаман, кедейдің бәрі – керемет. Осыдан келіп, орыс санасының, орыс мәдениетінің типтік характерін беретін ағылшынліді мәдениетке мүлдем түсініксіз әрі жұмбақ – материалдық байлықты менсінбеушілік пайда болды.

Сол себепті де бір кездері орыс көпестері де, қазіргі «жаңа орыстар» да ақшаны онды-солды шашады. Бай адамдар барлық елде, бар халықта жетіп артылады. Ал со-



лардан «жаңа орыстардың» айырмашылығы неде? Бұл «байшыкештер» ақшасының санымен, банкідегі есеп-шотымен емес, ақшаға деген қарым-қатынасымен, ақшаны бетіне қарамай жаратумен, сөйтіп байлығынан тез арада мақұрым қалуымен ерекшеленеді.

Ильиннің пікірі бойынша, байлыққа деген мұндай салғырт көзқарастың түбін жалпы сананың инстинктінен іздеу керек: «Жеке адам, Иван немесе Петр – бай емес; бүкіл халқымыз ауқатты. Кеңістігімізben әрі жерімізben, орманымызben және даламызben, гулдерімізben әрі сол гулге қонақтаған араларымызben, аң-құсымызben, өзен-көлдерімізben, ондағы тайдай тулаған балығымызben баймыз; жер қойнауы байлыққа толы. Егер орыс «бізде сут пен бол өзен болып ағып жатыр» десе, «ол жүрттың бәріне жетеді әрі артылып қалады» – бұл халық даналығының өзегі».<sup>41</sup>

Ильин «солай болуы мүмкін, менің ойымша солай, қалай дегенмен» секілді сөздермен өрнектелген «орыс санасындағы салғырттық, иллюзиялық және жеңілtek сенім, негіzsіз қамсыздықтың бәрінің өзегі – дәл осы «көніл түкпіріндегі байлық»,<sup>42</sup> – дейді. Ильиннің пікірінше, «осы бір халықтың санасындағы игілік бай орыстардың оңай қол жеткізген, әлде мұлде түгесілмес ірі байлығын оңды-солды шашуына негіз болуы мүмкін».<sup>43</sup>

Орыс тілінде ежелден байлықтың өткінші дүние екенін паш ететін, оның адам санасына кері ықпалы мен зияны жайында мақал-мәтелдер, нақыл сөздер өте көп. Мәселен:

Байлық пен даңқ сізге ешқандай абырай әпермейді, одан аулақ жүрсөн, бұ дүниенің азабынан құтыласың (Когда провидишь богатство и славу, вспомни, что тленно все, и тем избежишь крючка жизни сей);

Бай мен бағланның құнәсін жу, әйтпесе оған о дүниеде алмас қылыш сермеледі (Оплачъ же, грешница, в богатстве живущего, ибо судный меч на него готовится («Изборник» 1076 года);

О, жаратқан ием! Даны адамның нанынан айыра көрме, ақымақ байды талтаңдатпа. Кедей батпақтың ішінде жалтыраған алтын секілді – дана, байдың сырты жылтыр болғанымен, қамыспен толтырылған жібек жастық секілді – ақымақ. («Моление» Даниила Заточника, XIII или XIV вв.).

*Шіріген байлықтан, бір шайнам ақыл артық (Лучше капля ума, чем вдоволь богатства);*

*Байлықтан кітаптағы даналық артық (Из богатств выше золота – книги) («Мудрость Менандра Мудрого», XIV в.);*

*Байдың ақыры қараңғы көр, пақырдың (диуананың) ақыры – шаттық (Богат ждет пакости, а убог радости);*

*Байдың арманы – алтын, пақырдың арманы – батпақ (Богат мыслит о злате, а убог о блате (блато – грязь));<sup>44</sup>*

<sup>41</sup> И. Ильин. Указ. соч., 186 б.

<sup>42</sup> И. Ильин. Указ. соч., 187 б.

<sup>43</sup> Там же.

<sup>44</sup> Мудрое слово. Древней Руси. М., 1989, 50, 163, 203–204, 353–355 66.

*Байлық менмендікке бастайды (Богатство спеси сродни);  
Байлық (ақша) – қолдың кірі (Богатство – вода, пришла и ушла);  
Әкенің байлығы ақылсыз ұлды құтқара алмайды (Глупому сыну  
не в помощь богатство);  
Байлық адамға дос болмайды (Не с богатством жить, с чело-  
веком);  
Тозақтан қорықсан, байлықтан ада бол (В аду не быть, бо-  
гатства не нажить);  
Сараңдық пақырлықтан (диуаналықтан) емес, байлықтан  
пайда болған (Не от скучности (убожества) скопость вы-  
шла, от богатства);  
Бай адам мүйізді бұқа секілді (есер) (Мужик богатый, что бык  
рогатый (зазнается);  
Бай жігіт басын қорғайды, кедей – киімін (төбелесте) (Бога-  
тый мужик бережет рожу (в драке), а бедный одежду);  
Жыланға түк біткен сайын, адамға дүние біткен сайын қал-  
тырауық (Чем богатее (богаче), тем скупее);  
Байдан пақырым артық (На что мне (не надо мне) богатого,  
подай тороватого);  
Байды шайтан азғырады (У богатого черт детей качает);  
Бай адамға мал қайғы; бай ұрыдан қорқады (Богатому не  
спится: богатый вора боится);  
Сұнқар шашып жейді, құзғын басып жейді (Богатому черти  
деньги куют);  
Байлық – сараңдық бастауы (Будешь богат, будешь и скуп);  
Бай – мерез, кедей – кербез (Богачи – пузачи, голяки – голена-  
стуки).<sup>45</sup>*

Орыстілділер мен ағылшынлар менде байлыққа деген қа-  
рым-қатынасының айырмашылығы ағылшынның *poor but honest*  
[кедей, бірақ адап] тұрақты сөз тіркесінде айқын көрініс тапқан.  
Америкалықтар «Морозко» ертегісін қабылдамағаны секілді, орыстар  
мұндағы *but* (бірақ) шылауын түсінбейді. Шынында да, осы сөз  
тіркесіндегі *but* (бірақ) шылауы жалпы ережеге қайшы келіп тұр: бар-  
лық кедей адап емес, бірақ бұл кедей – адап. Мұндай қарама-қай-  
шылық орыс халқының менталитетіне қайши, орыстарда арам  
пиғыл (адап емес) кедейлікпен емес, байлықпен қатар жүреді: өйт-  
кені адап жолмен байи алмайсың (қараңыз. Даль сөздігінде: «Байға  
шайтан көмектеседі»), сол себепті де орыс тілінде *бірақ адап тіркесі*  
кедей сөзімен емес, бай сөзімен келуі керек еді. Кедей сөзі орыс  
тілінде *паң, менмен* сөздерімен шендерестіріледі. Біз «кедей, бірақ  
менмен» дейміз. Айтпағымыз, кедейдің кеудесін керіп паңданатын  
түгі жок, бірақ бұл адам кедей болса да, паң деген жалпы ережеге  
қайши пайым жасаймыз.

<sup>45</sup> В.И. Даль. Толковый  
словарь живого великорусского языка. Т. 1.  
М., 1978, 102 б.

Орыстардың байлыққа деген қарым-қатынасы жайлы біздің ойымызды А.В. Павловскаяның «Как иметь дело с русскими» кітабындағы пікірлер де құптаі түседі:

«Ресейде ақшаға және байлыққа қатысты құрделі қарым-қатынастүзіліп келеді. Орыстың мәдениеті мен әдебиеті үнемі «бақыт ақшада емес» деген қағиданы басшылыққа алды. Бақытты сатып ала алмайсың деген идея орыстардың санасында мықтап орныққан. Орыс тарихы да қызық иллюстрация ұсынады. XIX ғасырдың екінші жартысында орыс көпестерінің кейбірі біраз байлыққа кенеледі. Орыс көпестерінің кәсіпкерлігі, ілкімділігі мен іскерлік қабілеттері белгілі болатын. Бірақ көпестер шексіз байлығы үшін өздерін кінәлі санағаны сондай, байлығының басым бөлігін шіркеулердің құрылышына, ауруханалар мен мектептер салуға (өз қызметкерлері үшін емес, қаладағы кедейшілікпен курес мақсатында) әртүрлі қайырымдылық үйымдарына молынан жұмысады. Олардың балалары мен немерелері қаржыларын мәдениет пен өнерді дамытуға жұмысады: бай коллекцияларды жинады, халықтың қолөнерін дамытуға қаржы құйды, театрлар ашып, жас талантты көркемөнерпаздарды қолдады. Сөйтіп, Мәскеудегі атақты Третьяков галереясы белгілі көпес династиясының өкілі Павел Третьяковтың қаржысы мен энтузиазмының арқасында ашылса, Мәскеу көркем театры мәскеулік көпес Станислав атымен танылған Савва Морозовтың (оның шын аты көпестер династиясына тиесілі Алексеев) қаржысына салынған. Олардың көбі үшін меценаттық пен қайырымдылықтың соңы мүлдем тақырға отырумен аяқталды, мәселен, Савва Морозов пен Мамонтовтардың қаржысы осы жолда түгесілді. Бірақ олар қайтадан қаржы жинауға құлшынбады, өйткені бұл олардың жанына ауыр салмақ салатын еді.

Ресейдегі байлыққа деген осы құрделі қатынас бұғынгідей бақай есеппен өмір сүрге жеткен заманда да сақталып отыр. Байлық қызғанышты, жеккөрінішті тұдыратыны анық, бірақ қоғамда оған деген құрмет пен беделді көрсетпейді. Бұл қазіргі жаңа орыстарға көптеген жан азабын сыйлайды, өйткені олар айналасындағылардың құрметіне ие болуды мақсат етеді. Ресейде парақорлыққа жол берілетіні туралы қалыптасқан түсінікке сай, біреуге пара бергісі келетіндерге оны берерден бұрын айналасындағылармен ақылдасып алуға кеңес берер едім. Ресейде көптеген мәселелер дәл осылай парақорлық арқылы шешілетініне қарамастан, мұны ашықтан-ашық ұсыну адамды қорлап, ызalandыруы мүмкін. Сіз көптеген орыстар үшін «біз кедейміз, бірақ менменбіз» принципінің мұнда салтанат құрғанын, Ресейде ақшадан бас тартудан да маңызды екенін түсінесіз».<sup>46</sup>

<sup>46</sup> А.В. Павловская. Как иметь дело с русскими. Путеводитель по России для деловых людей. М., 2003, 22–23 66.

## § 5. Отансүйгіштік және патриотизм

Отанға деген махаббат – орыстың ұлттық мінезінің бөлінбес бір бөлшегі, бұл әділетті де. Орыстың бүкіл әдебиеті, поэзиясы, Лермонтовтың «Люблю отчизну я...» шығармасынан бастап, Рубцовтың «Россия, Русь, храни себя, храни» шығармасына дейін Ресейге деген махаббатпен өрілген.

Халықаралық семинарға қатысушылардан дипломат пен барлаушының ең басты қасиеті не болуы керек деп сұраған екен. Қатысушылардың жауабы әрқылы болған, мәселен: ақыл, парасат, төзім, ұстамдылық, тілді білу деңгейі. Алайда орыстың кәсіби дипломаты әрі барлаушысы Николай Сергеевич Леонов «Отанға деген махаббат» деп жауап берген. «Одан қалғанының бәрін адам қызмет барысында үйренуіне болады, кез келген қындықты жеңуге болады, ал патриотизм керек қасиет. Егер ол қасиет болмаса, пайдасы қарақан басынан аспаған, ешкімге қажеті жоқ көртышқанға айналасыз. Ең қының, оның болашақта сатқынға айналуы да ғажап емес»,<sup>47</sup> – деп түсіндірген ол жауабын.

Патриотизм ұлттық қасиеттің ең биік дәрежесі екенін лингвистикалық эксперимент те дәлелдей түседі (қараңыз: I бөлім, 2 тарау, §5). Оның негізгі мәні – студенттер қандай да бір елдің атын естігенде, сол ел және оның халқы туралы ойына ең бірінші оралатын алғашқы бес сөзді жазуы тиіс. Орыстілділер (*орыстар, ресейліктер, біздікі* – деп шұбыртқанша бұрынғы «советтік» деген ыңғайлы еді, оған көп мағына енетін) жайында студенттер Ресей туралы айта отырып, мәнділігі жағынан екінші орынға *Отан және патриотизм* сөзін жазатын. Бірінші орында ұлы, алып, ұшы-қырысyz кең немесе ағылшынша *great, huge, large* сөздері жазылған. Мағынасы бойынша, Отан – Ресей жайындағы ассоциация. Сейтіп, тіпті отандары туралы қатал әрі әділетсіз сынды көп естіп өскен бүгінгі жастардың өзі бірінші, екінші орынға патриотизмді, саясаткерлер мен журналистердің жиі сынына ұшыраған отанға деген махаббатты белгілеп отыр.

Орыс тілі – орыс ұлтының отанға деген шексіз махаббаты мен патриотизмін білдіретін бірден-бір құрал. Оның бұл қасиеті орыс тілін ағылшын тілімен салыстырған кезде айқын көрінеді. Қалай дегенмен де орыс тілі адам дүниеге келген ел, өлке, туған жерді сипаттайтын көркем, тебіреністі сөздерге аса бай: отан, туған ел (жак/бұрыш), атамекен, атажүрт. Бұл сөздер және сөз тіркестері жағымды коннотацияға ие әрі әңгімені эмоцияға, жоғары рухқа айналдырып жібереді.

Ресейдің шетсіз-шексіз кең-байтақ жері әлемнің әр түкпіріндегі шапқыншылардың көзін алартқаны белгілі, тек ақ аюдан өзге еш-

<sup>47</sup> Татьянин день, 1997, №17, 16 б.

теңесі жоқ солтүстікті ғана ешкім жаулауға ұмтылмады. Сол себепті де, *отанды* қорғау, *атажұртты* қорғау, *отанды/атамекенди* қорғау; *отан/атамекен/атажұрт* сөз тіркестері тұрақты және жиі қолданылатыны таңданыс түдірмайды.

Жоғарыда келтірілген кеңінен қолданысқа ие сөздердің барлығына ағылшын тілінде жалғыз *country* сөзі ғана сәйкес келеді. *Отансыз адам* – *человек без родины* – *a man without a country*. Құдай үшін, патша үшін және отан үшін – *за Бога, царя и отечество* – *for God, my country and the tsar*. Ағылшын тілінде *анажұрт мағынасын* беретін *motherland* және *атажұрт мағынасын* беретін *fatherland* сөздері бар. Алайда бұл сөздерді ағылшындар өз отандары ретінде ешуақытта қолданбайды. Ағылшын тілінің сезімді білдіруге келгенде «ойды толық жеткізбейтін», «сезімді толық бағалай алмайтын» *understatement* тенденциясына сай ағылшындар үшін отан сөзін жеткізуге жалғыз *country* сөзі жетіп жатыр.

Орыс адамы үшін *Отан-анаға, киелі атамекенге* деген жеке, ашық (сөз жүзінде) эмоционалды қарым-қатынас тән. Орыс тілі *отанға/атамекенге/атажұртқа* деген махаббатты паш етеді: бұл тұрақты сөз тіркестері тілде жиі қолданылады. Дальдің сөздігінде: *сүйегінің өзі отанды жоқтайды* (кеібір молаларда мұрделердің ән салып жатқаны жайлы аңыз бар); *балыққа – теңіз, құсқа – биік кеңістік, ал адамға өзі өмір сүретін отаны, жері керек* (түсініктеңе берудің қажеті жоқ шығар); *отаны үшін жанын пидә еткен* (жаянгерлер жайында) деген тіркестер кездеседі.

Мектепке арналған танымал «Happy English» оқулығының авторы Брюс Монк ММУ-дің шет тілдер факультетінде қазіргі орыс мәдениеті жайлы оқыған лекцияларында:

Отан түсінігі орыстарда көп эмоция түдірады. Женский род-та тұрған ол жиі ана түсінігінде (отан-ана, отан-анашым) қабылданады. Бізде отанға деген қарым-қатынас басқаша. Оны «жер ана» деп атау ешуақытта миымызға кірмес еді. Сіздерден барған адамдар Оксфордта үш алталақ ағылшын тілінің күрсын өтіп жүрген кезде сағыныш-естелікпен өмір сүреді. Мен отанымнан жырақта, яғни Ресейде 9 жыл өмір сүрдім, бірақ менде отанымға қатысты ешқандай сағыныш-естелік жоқ. Менде отаныммен қарым-қатынас мүлде басқа.

*The concept of родина arouses a lot of emotion in Russians. It is feminine, you regard it as your mother (родина-мать, родина-матушка /Отан-Ана/) We have a different attitude to our country. We would never dream of calling it «motherland». Your people feel nostalgic during three-week Oxford summer courses of English. I lived in Russia away from my country for 9 years and I did not feel nostalgic. We are on different terms with our country.*

Шынында да, жалпы редакциясын Д.Н.Ушаков басқарған сөздікте отанға деген сағыныш – тұрақты үғым ретінде тіркелген. 1938 жылдың басылған Ушаковтың осы сөздігінде родина (*отан*) және отечество (*атажұрт*) сөздері отчизна (*атамекен*) сөзінен қарағанда көбірек қолданылады. Отчизна сөзінің жанына «ескірген» және

«шешендік сөздерде» кездеседі деген белгі соғылған. Алайда 1949 жылы басылған Ожеговтың сөздігінде «отчизна» сөзі бұл белгілер-сіз берілген. Отчизна сөзінің ескі сөздердің қатарынан жаңа сөзге өтуінің әлеуметтік-мәдени себебі бар: Ушаковтың II томдығы мен Ожеговтың сөздігінің арасындағы он жылдың ішінде патриотизмді мүлдем басқа деңгейге көтерген Ұлы Отан соғысы болып өтті. Солай тілдегі ескірген терминдерді тірілту (реанимация дегенге тілім бар-май тұр, бірақ шын мәнісінде солай) немесе жасарту процесі жүрді.

Кеңес одағы құлағаннан кейін, *отчество* сөзі және осы түбірден туындаған *отечественный* (*отандық*) сөздері жанданып, белсенді сипатқа ие бола түсті. Бұған дейін ыңғайына орай, кеңінен пайдаланылып келген *советский* сөзін (мәселен, ұлттық және азаматтық, қазіргі жағдайға мүлдем қарама-қайшы орыс және ресейлік сөздерін шатастырmas үшін) *отчество* және *отечественный* сөздері алмастырды: *отан тарихы* (*история отечества*), *отандық тарих/әдебиет/мәдениет/өнім* (*отечественная история/литература/культура/продукция*), *отандық өндіріс*, т.б. Ағылшындар *patriotic, motherland, fatherland* секілді сөздерді өз туған отанына қатысты пайдаланбайды. Ұлы Отан соғысы (Великая Отечественная война) орыстарға қатысты немесе тікелей аударма нәтижесінде *Great Patriotic War* деп аталады. Ағылшынларда әлем үшін бұл соғыс тек бір ғана мағынаға ие: *The Second World War* – екінші дүниежүзілік соғыс. Қолда бар мәлімет бойынша, *fatherland* сөзі тек Германияға қатысты қолданылады (неміс тілінің *Vaterland* сөзінің тіке аудармасы). Ресейге қатысты *motherland* сөзі қолданылады, бірақ әдетте оның шетелдік екеніне, ағылшын тіліне бөтен екеніне маңыз бере, тырнақшаға алады (америкалықтарда сәл басқашалау, бұл жайында төменде «Тіл және идеология» бөлімінде айтылады).

Брюс Монктың айтудынша, «өз еліммен қарым-қатынасым басқаша» дегені – орыстар секілді тым қоян-қолтық емес, алыстау (женский род, матушка және басқа да жылы сөздер қатары), жоғарыда атап өткен ұлттық мінез-құлдық стереотиптеріне толық сай келеді әрі оны дәлелдей түседі.

Жоғарыда айтқандардың барлығына күә болатын тағы бір тілдік құбылыс ресейлік саяси күштер күресінің өзегіне айналды. Эңгіме өз отаны жайында айту мәнерінде: орысша – біздің еліміз, ағылшынша – *this country* [бұл ел] болып отыр. Ағылшын тілін үйренуші орыстілді студенттерге егер әңгіме ағылшындар және Англия жайында болатын болса, Ресейдегідей *our country* [біздің ел] тіркесін қолданбауды әдейілеп үйрету қажеттігі туындаиды. Ағылшындар өз ұлттық мінез-құлқына сай отанына деген сезімін білдіруде салқынқандылық танытып, өздерінен алыстатып *this country* деп



атайды. Ресейден алыстап кеткен, ол елдің тұрғыны болмай қалған адам ғана, орыс тілінде біздің еліміз демей, бұл ел тіркесін қолданар еді: *бұл елде өмір сүру мүмкін емес*. Әдетте шетелдегі эмигранттар, елінен жырақта жүргендер солай айтады. 1998 жылы Самараада өткен ағылшын тілін шет тілі ретінде үйрету жөніндегі халықаралық симпозиумда шетел БАҚ-тарындағы Ресейге қарсы үгіт-насихаттар жайында айта келіп: «Егер мен ол жақта теледидар көретін болсам, бұл елге қайта оралудан қорқамын», – деген еді.

В.Н. Телия «Наименование **РОДИНА<sub>1</sub>**, как часть социального концепта «Patria» в русском языке» атты еңбегінде қызық мәліметтерді бөліседі. Оның пікірінше, «patria» үғымын орыстілінде тілдік құбылысқа айналдырудың төрт түрлі белсенді атасы бар: **родина<sub>1</sub>**, **родина<sub>2</sub>** – отчество, отчизна. «Patria» түсінігін осылай жікте, талдаудың әлеуметтік-тарихи және мәдени тамыры тереңде. Бұл түсініктер құндылықтарын, рухани-мәдени бет-бедерін, оның қандық-туысқандық байланысын, жеке емес ұлттық аумақтық тұтастығын (**родина<sub>2</sub>** атауында сіңірілген білімдер құрылымына тән), одан кейін «Іс Атажұрт иғлілігі үшін» деген фокуста, жекелей емес мемлекеттік-геосаяси тұтастығын (отчество атауына сай білім құрылымында көрсетілген), ал соңында «баяғыдан өтіп кеткен қундерден» бастап ата жүрттың ұлы істері халықтың тарихи жадында сақталған ұлттық-геосаяси қауымды өзіне сіңіре отырып, нақты әлеуметтік-тарихи жағдайларда дамып, өз кеңістігін кеңейтті.

Төменде **родина<sub>1</sub>** атауының негізгі концепт жасаушы саласы (аса жалпы түрінде) келтіріліп отыр.

**РОДИНА<sub>1</sub>** – білімнің төмендегі құрылымдарын айқындастырын «өз» демографиялық кеңістігін жеке, пендешіліктен қабылдайтын түсінік: орын немесе орындар, X субъектісі үшін құнды қарым-қатынас: X осында туды әрі балалық шағынан өзінің айналасындағылармен және бұрынғы бабаларымен қандық-туысқандық байланысын сезінді; осы жерде X тұңғыш рет өзін қоршаған ортаның бір бөлшегі ретінде сезінді (микро және макрокосма); X алғаш рет мұнда дос-жаран және жақындарын тапты, сөйтіп осы бір бейресми қауымның «бөлшегіне» айналды; X туған-туысқандарымен «өзінің ішкі әлемін» ана тілінде таныды әрі өзін олармен ортақ әлемнің «бөлшегіне» айналдырыды; X мұнда ана тілін игерді әрі ол тілде сөйлеушілердің бір бөлшегіне айналды; X мұнда туған өлкесіне, ата-анасына, қандас-туысқандарына, жақындарына, бала күннен таныс дәстүр-салтына, ана тіліне деген эмоционалды жағымды қоюлғандағы қалыптастырды әрі оны жалғастыруда.

**Родина<sub>1</sub>** – архетипикалық тұрғыдан «бөтен» жерге, жат елге қарама-қайшы қойылған үнемі «жеке», «өздік» («мендік») өзіндік

орын немесе орындар: әдette бүл туған өлке, туған мекен, оған қымбат жақындары мен бірге туғандары, туған өлкенің мазары, көңілге ыстық қайындар, тал-теректер, отанның саф ауасы.

**Родина<sub>1</sub>**, ақ сүтін беріп, мәпелеген ана, туған жер ретінде елестейді. Сөйтіп, бабалардың мекеніндегі көрінеді. Осыдан бүкіл жанды табиғаттың қайнар-бұлағына айналған, өмір соңында өз қойына алатын жер-ананың архетипіне айналған Отан-ананың образы туындаиды.

**Родина<sub>1</sub>**, концепті – егер әңгіме субъектінің тұлғалық саласына қатысты болса, «patria» концептісінің өзге аталымдарының негізгі арқауы. **Мұндай жағдайда «кіші отан» (родина<sub>1</sub>) «үлкен отанда»** өзге аталымдарда жасырын түрде қатысатын білім құрылымының бөлшегі ретінде көрініс береді.

**Родина<sub>2</sub>**, отчество, отчизна аталымдары бәрінен бұрын, жекелік емес, осы территорияда өмір сүретін («біздің») бүкіл халыққа тән ортақ кеңістікті меңзейді. Бүл концепті тек қана территориялық мемлекеттік-тарихи бірлік коценпциясына ғана негізделмейді, сонымен бірге осы территорияда өмір сүретін бүкіл қауымның (социумның) да бірлігі (қараңыз. Біздің отанымыз < атажұрттымыз, атамекеніміз> – ұлы ел) (салыст. *Nаша родина < отчество, отчизна> – великая страна*).

**Родина<sub>1</sub>** (Отан) – атаулардың көрсетілген тобы үшін «когнитівті-мәдени негізі».<sup>48</sup>

Сонымен, біздің *туған жер*, *біздің отан*, *біздің ел* тіркестері кейінгі кезге дейін қалыптасып сіңісті болған, узусқа айналған тіркестер бол келді. Алайда қазіргі кезде тілдік жағдай әлеуметтік-мәдени жағдайдың өзгеруіне байланысты басқаша деуге болады.

Патриотизм орыс ұлтына тән мінездің бір қыры екеніне қарамастан, соңғы үақытта патриот, патриотизм, патриоттық сөздері айрықша саяси коннотацияға ие болды: белгілі бір саяси топтар бүл сөздерді ұтшылдық, шовинизм ұғымдарымен байланыстырып, оппозициялық саяси топтардың наразылығын туғызды.

«Татьянин день» деп аталатын университет газетінің тілшісі, тарих ғылымдарының докторы, отставкадағы генерал-лейтенант, 30 жылдан астам барлау бөлімінде қызмет атқарған Н.С. Леоновтан алған сұхбатында: «Қазіргі кезде «патриотизм» сөзі балағаттайтын сөзге, жұмсақтып айтқанда, сәннен қалған сөзге айналды. Қазір өмірдің барлық саласында, саяси әлемнен рухани әлемге дейінгі барлық салада сатқындық қалыпты жағдайға айналған сияқты, қалай ойлайсыз?» – деген сауал қояды. Сауалға Н.С. Леонов төмендегідей жауап береді: «Иә, «қоғамның идеологиялық салқынқандылыққа» ұрынғанына, рухани құндылықтардан айырылғанына біраң үақыт болды. Ал қайта құру кезеңінде сананы экуменизация-

<sup>48</sup> В.Н. Телия. Наименование РОДИНА1 как часть социального концепта «Patria» в русском языке // Языковая категоризация. Материалы Круглого стола, посвященного юбилею Е. С. Кубряковой по тематике ее исследования. М., 1997, 77–79 66.



<sup>49</sup> Татьянин день, 1997, № 17, 16 б.

лау орын алып, үлттық мінез-құлықтың орнына жалпыадамзаттық мінез-құлық сіңіріле бастады. Әлемде мұндай қадамға бірде-бір ел бармады, тек Ресейдің дүмшө саясаткерлері ғана: «Басты міндеттіміз – жалпыадамзаттық құндылықтарға қол жеткізу!» – деген ұранға басты. Бұл не өзі? Қытайлықтардың құндылығы басқа, америкалықтардікі басқа, испандардың, арабтардың да өз құндылықтары бар. Сонда жалпыадамзаттық құндылықтарды тауып жүрген қай білгіш?».<sup>49</sup>

Екіге бөлінген Ресейде «патриоттар» мен «демократтар» арасында саяси курес жүріп жатыр. Назар салыңызшы: екі сөз де

«тым жақсы», екеуінің де білдіретіні – отанға деген сүйіспеншілік, әділет деген мағыналар, алайда демократтар патриоттарды үлтшылдар, фашистер десе, патриоттар демократтарды сатқындар, елдің тубіне жетушілер дейді.

Елдегі осы саяси жағдайға байланысты жоғарыда айтылған тілдік факт: Ресей туралы, отан туралы қалай айтқан жөн деген мәселе өзекті бола бастады. Бұрын басқа нұсқа болмайтығын, тек – біздің ел бар еді. Алайда ағылшын тілінің, ондағы қалыптасқан әлеуметтік-мәдени, идеологиялық мазмұнның ықпалымен орыс тілінде ауызша, жазбаша сөйлеуде бұл ел деген тіркес көбіне жағымсыз контексте, жағымсыз коннотацияда жиі ұшырасатын болды. Патриоттық, басқа да «тәуелсіз» баспасөз өкілдері бұл мәселеге бей-жай қарамайтынын білдіріп, үн қатты.

Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі Александр Чачия «На холмы Грузии легла от фески тень («Грузия қыраттарына қалпақтың көлеңкесі түсті»)» атты мақаласының «Где гордость, великороссы? (Тәкәппарлығың қайда, орыстар?)» атты бөлімінде «Ұлы халық, Халықаралық валюта қоры мен Дүниежүзілік банк қызметкерлерінің алдында иілгенде үш бүктеліп, тыптырлайтын министрлеріне қарап, қалай шыдап тұрасың? Шыққан тегі белгісіз алаяқтар ел қазынасын ұрлап, онымен қоймай, «бұл елге», «бұл халыққа» кекесінмен қарап, миығынан құлғенде қалай ғана үнсіз қалдың? Ата-бабаңнан қалған елің қандай еді, үрпағыңа қандай елді қалдырмақсың? 1912 жылғы Отан соғысының бастапқы кезеңіндегі женілістің күйігімен генерал Петр Иванович Багратион былай деген екен: Біздің Ресей – біздің анамыз, құдай үшін айтыңдаршы, осындан кеңпейіл, мейірбан Отанымызды жау қолына беріп қоямый ба?».<sup>50</sup>

<sup>50</sup> Завтра, 1996, №53 (161).

Багратионның сөзіне назар аударыңызы: «Біздің Ресей – біздің анамыз». Ресейдің нағыз патриоты Отанға деген махаббатын, шын көңілін білдіргенде көзіне жас алға дайын. Ал енді шағын лингвистикалық эксперимент жүргізіп көрейік: біздің сөзін бұл сөзімен алмастырыңыз, нені байқадыңыз, Багратион туралы қандай ойда қалдыңыз?

Виктор Кожемяконың «Мусор на могилу (Молаға қоқыс шашу)» атты мақаласынан тағы бір мысал келтіре кетейік: «Сонымен, шындығында кім үшін? Еліміздің тағдыры қыл үстінде тұрды емес пе? Ал бәз біреулер «бұл елдің» дейді, ақықатында бұл біздің еліміз той... Сол бәз біреу Сталин мен Трумэннің сұхбатын баяндап беретін болса, пейілінің дұрыс-бұрыстығын тіпті анық байқайсыз».<sup>51</sup>

Надя Кеворкова «Чистеньких всяки полюбит (Тап-түйнақтай адам кімге ұнамасын)» атты мақаласының «Апология нового русского (Жаңа орыс апологиясы)» бөлімінде былай дейді: «Жаңа орыстарды негізінде жаңа, жас деуге келмейді. Олар әлдекімдердің көзқарасы тұрғысынан алғанда, нағыз орыс емес, бұзылған еврей, татар не грузин болуы мүмкін; бұзылған деуіміздің себебі, олар өздерінің жымысқы істерін БҰЛ елмен емес, БІЗДІҢ елімізben байланыстырады. Еш шіміркестен БІЗ деген есімдікті қолданады, Замятиннің прозасынан туындастырылған семантикалық ассоциацияның салмағын түсінбейді, кейбірі мәселенің мән-жайын түсінгенмен, ресейліктерді орыстар деп, зорлықпен болса да әдел сақтауды білмейді. Біздің еліміз оларға сәні кеткен жұмақтың синонимі не түнек пен топастық орын алған мекен емес».<sup>52</sup> Дегенмен әдел сақтау дегеніміз ресейліктерді орыстар деу емес, Ресейде тұратын орыс еместерді орыстар деп атамай, ресейліктер деуде болса керек.

Қазіргі кезде елімізде, басқаша айтқанда, бұл елде «өзіміздікілер» мен «бөтендерді» «мырзалар», «жолдастар» деген сөздермен ажыратады. Орыстарға тән тілдік, тілдік емес ойлау жүйесінде біздің ел тіркесінің әдетке айналып, сіңісті болып кеткені соншалық, ағылшын тілін білмейтіндер үшін отанды бейнелеуде басқа тіркесті қолдану мүмкін емес сияқты. Бұл тұрғыдан алғанда, Валерий Ганичевтің «Из Англии, но не о ней (Англиядан, алайда ол туралы емес)» атты мақаласында Англия мен Ресейді идеологиялық тұрғыдан ұтымды салыстырғаны бір жағынан қызық, бір жағынан әсерлі шыққан: «Ағылшынның бетке ұстар саясаткерлериңің басты ерекшелігі – Англияның, мемлекеттің, керек десеңіз, халықтың басты мақсатына қызмет ету болған. Жоқ, олар саяси қарсыластарын масқаралау үшін әртүрлі реңктері сөздерді қолданған, алайда ешкім Англияны «бұл ел» деп атаған емес, атауға дәті де бармаған».<sup>53</sup>

<sup>51</sup> Советская Россия, 1997, №41, (11479).

<sup>52</sup> Независимая газета, 02.12.97.

<sup>53</sup> В. Ганичев. Из Англии, но не о ней// Завтра, 1998, №37 (250).

*This country* деп атайдындары анық, өйткені бұдан басқа нұсқасы жоқ, өз елдерін «бұл ел» деп атау олардың үлттық мінезіне, болмысына тән.

Сонда бұл ағылшындар отанын сүймейді, ағылшын тілі соның дәлелі деген сөз бе? Жарты әлемді жаулап алып, Мысырдан Үндістанға дейінгі аумақтың барлық мәдени, материалдық құндылықтарын өз аралдарына тасыған ағылшындардың отансүйгіштігіне шұбә келтіруге болмас. Олардың отанға деген берік маҳаббаты на Британ музейі дәлел бола алады. Бұл – әлемдегі ең үлкен музей, мұнда үлкен талғаммен, асқан білімдарлықпен, отанға деген шексіз сүйіспеншілікпен жиналған қазынада сан жоқ, Ұлықбектің қолжазбаларын да, көне грек ғибадатханасын да (басқа музейлердегідей тек ғибадатхананың кейбір бағаналары ғана емес, тұтас ғимаратты), тіпті Темза бойынан табылған, Бискай шығанағында ерлікпен қаза болған теңізшілердің аты жазылған Клеопатраның инелері де сақталған. Ал сонда тіл ше? Оның дәлелі ше? Орыс тіліндегі *родина-матушка, отчизна, отчество, родимая страна, наша страна* деген сөздердің ағылшын тіліндегі баламасы қайда?

Еш алаң болмаңыз, тілдік дәлел бар. Тек ағылшындардың үлттық мінезін бейнелейтін ағылшын тілі бұл тұрғыда «басқа жолды» таңдаған. Албырт сезімін, тіпті отанға деген сүйіспеншілігін сөзben ашық жеткізу ағылшындарға тән емес. Оларға тән *understatement* «сөз саптаудағы ұстамдылық», «ойын бүгіп қалушылық», «төмен бағалаушылық» маҳаббат мәселесінде де өз ізін қалдырған.

Орыс тілінде сорпаны жақсы көрсөніз «я люблю суп», «я обожаю суп» дей аласыз. Осы үғымның ағылшынша дәл баламасын құрбым Джуди Уоркердің анының аузынан естідім. Сорпаны аса жақсы көретін ол кісі мейрамханада сорпа ұсынған даяшыға: «*I do not dislike soup*» (*Сорпаға еш қарсылығым жоқ*) деп жауап берді. Әрине, бұл жауапқа қарап, ағылшындар «*I adore soup!*» (*Сорпаны көрем жақсы көрем!*) деп айтпайды деуге болмайды. Айтатындары анық, алайда мәселе «бар не мұлде жоқ» болуында емес, «аз мөлшерде не көп мөлшерде» екенінде. Жалпы тілде «бар не мұлде жоқ» деп қарастыру дұрыс еместігін америкалық лингвист Дуайт Болинжер өз еңбегінде анық көрсеткен.<sup>54</sup>

Сондықтан «олар солай айтады» деп бір нәрсені жоққа шығаруға болмайды, тілдің саналуандығы соншалық, оны тұтастай бір ғылыми қалыпқа салу мүмкін емес. Олай істегеннің өзінде, ашыған қамыр секілді бір жерден тасып шығары анық.

Венгр-ағылшын журналисі Джорж Микеш немесе Майкс *understatement* ықпалымен сүйіктісіне көзілін білдіруді сипаттап, оны дүниежүзілік (яғни орыс тіліндегі) тілдік ойлаудағы *overstatement*, «асыра бағалаушылықпен» салыстырады:

<sup>54</sup> D. Bolinger. Generality, Gradience, and the All-or none. Gravenhage, 1962.

«The English have no soul; they have the understatement instead.

If a continental youth wants to declare his love to a girl, he kneels down, tells her that she is the sweetest, the most charming and ravishing person in the world, that she has something in her, something peculiar and individual which only a few hundred thousand other women have and that he would be unable to live one more minute without her. Often, to give a little more emphasis to the statement, he shoots himself on the spot. This is a normal, week-day declaration of love in the more temperamental continental countries. In England the boy pets his adored one on the back and says softly: „I don't object to you, you know». If he is quite mad with passion, he may add: „I rather fancy you, in fact».

If he wants to marry a girl, he says:

„I say... would you?...»

If he wants to make an indecent proposal:

„I say... what about...»».

Ағылшын тіліне тән *understatement*, «төмен бағалаушылық» пен орыс тілін көбіне «жазықты» қылатын *overstatement*, «асыра бағалаушылыққа» көрнекі мысалдар ретінде келесі функционалды баламаларды көлтүрге болады:

Ағылшын тілінде: *I am a bit unwell* /Мен өзімді аса жақсы сезініп тұрған жоқпын/.

Орыс тілінде: Чувствую себя ужасно: голова раскалывает-ся, еле ноги таскаю, утром думала – не встану.../Өзімді жаман сезініп тұрмын: басым сынып, екі аяғымды әрең сүреп келдім, таңертең тұра алмайтын шығармын дегем .../.

Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизмді жеткізуде ұлттық мінездің, болмыстың көрінуіне қайта оралайық. Ағылшындар өзінің отанға деген сүйіспеншілігін шетелдіктерді, шетелдік зат атаулының бәрін жеккөру арқылы, яғни ағылшын тілінің «басқа жолын» қолдану арқылы жеткізеді. Сондай-ақ *foreign /шетел, шетелдік/, foreigner/ шетелдік азамат/* сөздерінің жағымсыз коннотациялары бар. Сөздің жағымсыз реңкінің күштілігі соншалық, тіпті бейтарап қолданыстағы the faculty foreign languages /Шетел тілдері факультеті/ терминалогиялық тіркесі қазіргі ағылшын тілінен ығыстырылып, the faculty modern languages /Заманауи тілдер факультеті/ деп алмастырылған. Бұл тұрғыдан алғанда, ұлттық мінез өзгешеліктерін бейнелеудегі ағылшын, орыс тілдерінің айырмашылықтары тереңдей түседі. Шетелдіктерге, олардың өмір салтына, мәдениетіне, дүниетанымына

Ағылшындарда жаң деген сөз жоқ. Оны understatement, «ойын бүгіп қалушылық» алмастырады.

Егер жігіт қызға көңілін білдіргісі келсе, тізерлеп тұрып, оған әлемдегі ең сүйкімді, тартымды, көркіт жаң екенін, тек бірнеше жүздеген, мыңдаған әйелдің ғана бойында кездесетін әлдебір ерекше, қайталанбас қасиетін байқағанын, бір минутта онсыз өмір сүре алмайтынын айтады. Сөзінің асерлілігін артыра тусу үшін шекесіне қару кезеніп, оқ ататындар да бар. Бұл – қызықанды елдердегі қадаулігі қызға сөз айтуда үлгісі. Ал Англияда жігіт сүйкітісінің екі иығынан үстап тұрып: «Білесің бе, саған қарсы ешқандай ойым жоқ», – дейді, ал қызға деген құмарлықтан есі кетіп тұрса: «Сен тіпті маган қатты ұнайсың», – дегенді қосады. Қызға үйленгісі келгенін: «Қалай, шығасың ба?» – деп білдіреді. Ал ыңғайсызы ұсыныс жасамақ ойы болса: «Ананың жөні қалай?» – дейді.

асқан қызығушылық танытып, жақсы ниетте болу – орыс ұлтына тән мінез. Сондықтан орыс тіліндегі *шетел*, *шетелдік* сөздері ингерентті (контекстен тыс, бастапқы кезден-ақ болатын) жағымсыз коннотацияға ие емес. Қайта керісінше, бұл сөздер қызығушылық туғызады, еліктіреді, жаңа, беймәлім, қызық нәрсені тануға, білуге шақырады.

Ағылшын тіліндегі *foreign*, *foreigner* сөздері тек жағымсыз контексте қолданылады. Ағылшын сөздіктерінің көрнекі фразеологиясында *foreigner*/ *шетелдік*/ *жағымсыз мағынада* көрінеді:

*Anne's father would not consent to her marrying a foreigner* / Аннаның әкесі оның шетелдікпен некелесуіне келісімін бермес еді/ (ALDCE *consent* сөзінің көрнекі нұсқасы – «келісу»);

*He has a distrust of foreigners* /Ол шетелдіктерге сенбейді/ (ALDCE *distrust* сөзінің әдеби нұсқасы «сенімсіздік»);

*Foreigners are not allowed to own land* /Шетелдіктерге жер иеленуге рұқсат етілмеген/ (LDCE *Foreigners* сөзінің көрнекі нұсқасы);

*Could you help me, please? I am a foreigner, and I can't read signs* /Маған көмектесе алмас па екенсіз? Мен шетелдікпін, маңдайшалардағы жазуларды оқы алмаймын/ (DELС *Foreigner* сөзінің көрнекі нұсқасы).

Кейде тіпті күлкілі жағдайлар да болып жатады (орыс тілі түрғысынан алғанда): *William III was not a popular ruler owing to his foreign ways (he was born in the Hague)* / III Уильям өзінің шетелдік мінез-құлқының салдарынан танымал билеуші бола алмады (Ол Гагада туған).<sup>55</sup> Ағылшындар тіпті абайсызда Нидерландта дүниеге келген патшасын «шетелдік» болғаны үшін кешіре алмаған.

Көрнекті ағылшын драматургі Том Стоппард соңғы шыққан пьесасының кейіпкері – танымал антикалық поэзия маманының аузына мынадай сөз салып, римдік ақындардың беделін түсіреді: *Romans were foreigners who wrote for foreigners two millenniums ago* /Римдіктер екі мың жыл бұрын жатжұрттықтар үшін жазған шетелдіктер болатын/. Бұл Венгрияға барып, венгрлерді жақтырмай, «*these foreigners*» /бұл шетелдіктер/ деген ағылшын бикеші туралы анекдотты еске түсіреді. Эйелге сыпайы түрде Венгрияда сіз өзініз шетелдік бол саналасыз дегенге таңғалған бикеш өзінің ағылшын екенін, сондықтан еш жерде *foreigner* болмайтынын, ағылшындардан басқалардың бәрі шетелдіктер екенін айтЫПты.

Питер Устинов «О себе любимом» деген автобиографиялық кітабында өзінің ағылшын мектебіне «шетелдік» бол келген сәтін былай суреттейді: «Мистер Гиббс мектебінде өткен соңғы крикет ойындарының бірінде допты мың мәрте түсіріп ала жаздаған маған ызалы көрермендер: «Босбелбеу!» – деп айғайлап жатты. Менің езуіме күлкі үйірілді. Бәрі де менің допты түсіріп алатыныма сенімді еді, ешқайсысы мені жақсы ойнап шығады деп ойламады. Қайтесіз, шетелдікпін

<sup>55</sup> P.W. Montagu-Smith. The Royal Line in Succession. Pitkin Pictorials, 1995, p.21.

той».<sup>56</sup> Тағы сол кітаптан: «Ағылшын тарихынан өзгені оқымайтынбыз. Құдды бала жасындағы біздерді шетелдіктер, олардың өткен өмірі деген үғыммен жараламайық дегендей. Кей кездे ғана шетелдіктер ағылшындардан жеңіліс табу үшін жау ретінде көлбендереп көрініп қалатын».<sup>57</sup>

«Lognman» баспасының сөздік редакциясының компьютерлік мәліметтер базасынан *foreigner* сөзінің 500-ден астам контексі алынды. Мәтіндерден механикалық жолмен (компьютердің көмегімен) жұлдынып алынған фразалардың үзіндісі екеніне қарамастан, бұлардың ішінде шетелдіктерге қатыстылардың жартысынан көбі жағымсыз мағынада екені анықталды. Солардың кейбірін мысал ретінде көлтіре кетейік:

*Outsiders were frowned on. They're foreigners – they come from Bury St. Edmunds! [Сырт адамдарға жақтырмай қарады. Олар Бери Сент-Эдмундс қаласынан келген шетелдіктер еді!].*

*He's not a proper father: he'd rather talk to a foreigner than come and find his own son [Ол жақсы әке емес-ті: ұлын іздеуге жөнелудің орнына, ол шетелдікпен сөйлесіп тұратын].*

*Would love me even less, if only because I was a foreigner on the home turf [Тұған топырағында бөтен болғаным үшін ол мені бұдан да аз жақсы көрер еді].*

*He is not kind of loving or affectionate about foreigners [Ол шетелдіктерді жақсы көріп, жақтыратындардың қатарынан емес].*

*They left her complaining volubly about foreigners, the dog yapping his agreement [Олар кетіп қалды, ал ол ауыз жаппай, шетелдіктердің үстінен шағым айтып жатты, итте оны құптағандай шәуілдеуін тоқтатпады].*

*The growing resentment against foreigners erupted in the summer of 1992 [Шетелдіктерге қатысты соқыр сенімнің белең алуы 1992 жылдың жазына тұра келді].*

*The Italians, and indeed all foreigners, are known to be cruel to animals [Италиялықтар, сондай-ақ басқа да шетелдіктер жануарларға зәбір көрсететінімен белгілі].*

*Jane had a suspicion that the Swiss, like all the foreigners, harboured strange and filthy diseases [Джейн швейцариялықтар барлық шетелдіктер сияқты біртүрлі, қызық ауруларды таратушылар ма деп құдіктенді].*

*Declared that «abroad is utterly bloody and foreigners are fiends [«Шекараның арғы жағындағылардың бәрін қарғыс атқан, ал шетелдіктер – ібілістің қолшоқпары» деп жарияланды].*

*The «Lower Breed», along with servants and foreigners [Қызметшілер, шетелдіктермен қатар «төменгі тұқымдасқа» жатады].*

*...with witches, demons, werewolves, basilisks, foreigners, and (of course) papists; Catholics were «dogs, swine, unclean beasts, foreigners and strangers from the Church of God» [... мыстан, әзәзіл, жын, құ-*

<sup>56</sup> П. Устинов. О себе любимом. Ауд. Т.Л. Черезова. М., 1999, 72 б.

<sup>57</sup> П. Устинов. Көрсет. шығар. 62 б.

быжық, шетелдіктер, сондай-ақ папистер секілді католиктер де «Құдайдың шіркеуінде ит, шошқа, айуан, шетелдік, жатжұрттық болып саналды»].

*He blames foreigners for the country's troubles* [Ол елдің ке-леңсіздіктеріне шетелдіктерді айыптады].

*Another boring foreigner. I bet she is a Jew* [Тағы бір зеріктіретін шетелдік. Оның еврей екеніне еш шүбәм жоқ].

*This race despises foreigners, no permanent residence for one more disheveled foreigner to arouse much suspicion* [Бұл нәсілдің өкілдері жатжұрттықтарды жек көреді, құдік туғызбау үшін алқам-салқам шетелдіктиң бірде-біреуіне тұрғылықты болуға рұқсат берілмеді].

*...are thrown together on a case involving drugs, foreigners, lots of fights and guns...* [...есірткі заттары, шетелдіктер, таусылмайтын төбелестер мен тапаншалар болып бірлесті...].

*...and national purity – women, homosexuals, foreigners?* [...ал ұлт тазалығы әйелдер, гомосексуалистер, шетелдіктер ме?].

*Now that sounded a little like «Foreigners Go Home!* [Енді былай айтылды: «Шетелдіктер, келген жақтарыңа табандарыңды жалтыратыңдар!»].

*...a lust including women, animals, madmen, foreigners, slaves, patients and imbeciles...* [...әйелдер, жануарлар, жындылар, шетелдіктер, құлдар, аурулар, кемістер кірген тізім...].

*...a quiet child with the natural distrust of foreigners peculiar to the French of his class...* [...өз тобындағы француздарша шетелдіктерге табиғи сенімсіздікпен қарайтын тыныш бала...].

*Fear of foreigners* [шетелдіктердің алдындағы үрей].

*Abroad is also tiring and confusing and full of foreigners...* [шетелде әбден діңкелейсін, түсініксіз нәрсе көп, жан-жағың толған шетелдіктер].

*...we must be sacrificed to the evil intentions of foreigners...* [... шетелдіктердің ниетіне сай бізді құрбандыққа шалмақшы].

*The intrusion of foreigners onto Chinese soil* [шетелдіктердің Қытай жеріне басып кіру].

*...throw France on the mercy of foreigners...* [...Францияны шетелдіктердің қамқорлығына қалдыру...].

*...enjoyed massaging the paranoid prejudices of foreigners...* [шетелдіктердің параноидтық теріс пікірлеріне құлшына дем беріп отырды...].

*They're suspicions of foreigners* [бұл шетелдіктердің құдігі].

*Feelings of xenophobia – a fear or hatred of the foreigner – can so readily be whipped up* [ксенофобия сезімі – шетелдіктерге қатысты үрей не жек көру сезімі, жылдам өрбиді].

*When I was foolish enough to believe that the foreigners were the curse of the British* [ол кезде мен тым ақымақ едім, шетелдік-

тер британдықтардың үлкен қарғысына ұшырағандар дегенге сенетінмін].

*...the cat, who is suspicious of this foreigner as the natives... [...шетелдіктердің жергілікті халыққа сенгендей сенбейтін мысық...].*

*Really, he was very hostile to foreigners [шындығында ол шетелдіктермен жауласып отыратын].*

*I still couldn't imagine my mother mixing with foreigners anywhere [қазірге дейін анамның шетелдіктермен әлдебір байланысы болғанын елестете алмаймын].*

Ағылшын тілінің америкалық нұсқасында «саяси әдеп» барынша сақталған (бұл тур. II бөлім, 2-тараудың 3-парагр. қараңыз), онда *foreigner* сөзінің орнына оның көңілге тиетін дәрекі, жағымсыз реңктерін жұмсартатын, саяси тұрғыдан алғанда, дұрысырақ эвфемизм енгізген. Сонымен «жұмсақ», сырыйылау нұсқасы – *alien /бейтаныс адам/ newcomer /жаңа келуші/*.

Foreigner сөзінің әлеуметтік-мәдени коннотацияларының ешбірі орыс тіліндегі иностранец (*шетелдік*) сөзінде жоқ.

Сонымен, отанға деген махабbat үлттық мінезден бастау алатындықтан, орыс тілінде ашық, эмоциялы синоним сөздер мен сөз тіркестерін барынша көп қолдану арқылы бейнеленсе, ағылшын тілінде асқан ұстамдылықпен, жат, өзге нәрсеге жиіркенішпен қарau түрінде жеткізіледі.

## § 6. Құлімсіреу және мәдениеттер тартысы

Ол сирек жымияды,  
Ол тілін безеп, жыртыңдал жүрмейді.

Она улыбается редко,  
Ей некогда лясы точить.

*Н.А.Некрасов. «Мороз, Красный нос».*

Батыстың көзімен қарағанда, орыстардың бір қызық ерекшелігі – олардың тұнеріп жүретіні, адамды сұық қарсы алып, құлімсіремейтіні. Қазіргі халықаралық байланыстар жаппай етек алып, қарқынды дамып жатқан үақытта құлімсіреу мәселесінің көкейкестілігі арта түсті.

Орыстар жымимайды (осыдан келіп «тұнерген жабайылар», табиғатынан қатыгез деген балағаттаулар пайда болған), they are unsmiling nation /олар жымимайтын халық/, сондықтан олардан сак

болған жөн, бұл түнергендерден бәрін күтүге болады. Орыстар үшін бұл қандай құлқілі жағдай болса да, 1984 жылы М.С.Горбачевтің Англияға сапары ағылшындар арасында нағыз сілкініс жасады. Кеңес үкіметі басшысының жылды жүзі олар үшін нағыз тосынсый болды.

Америкалық ғылыми еңбекте бұл жайында былай жазылды «Red Star Rising: The Coverage of Mikhail Gorbachev by U.S. network television, 1984–86». Горбачевтің Англияға сапары жайлы жазған бастыстың бұқаралық ақпарат құралдары көп жайды аңғартатын тақырыптар қойып жатты: «Enter a Bear Smiling [Аюдың жымып келуі]». Шекспир дәүірінен өзгермеген сахна ескертпелері халықаралық аrenaға жаңа түлғаның келгенінен хабар берді.

A Bear – аю: Батыстағы Ресейдің стереотип бейнесі. «Русский Медведь улыбающийся» – бұл оксюморон, бір-бірімен үйлеспейтін екі ұғымның тіркесуі. (Bear Smiling) – биологиялық түрді білдіретін ғылыми терминдерге әдейі ұқсату. Кеңес одағы саяси көшбасшысының жаңа типі, жаңа стилі, КСРО басшылығындағы түбегейлі өзгерістер Батыс әлемінің журналистері мен саясаткерлерін таң-тамаша етті. Құлімсіреген Горбачев, оның құлімсіреген жұбайы Раиса – бұрын-соңды болмаған нәрсе:

Осыдан кейін Хёрст репортажында кеңес адамының жаңа типі түбегейлі талқыланған бастады. Горбачев бұрынғы совет көшбасшылары сияқты түнерген, сұсту түлға емес, ол – бұл қалыптен құйылмаған түлға... Горбачев – шымыр, жымынға дайын тұратын, өзіне, өз ісіне сенімді адам. NBC репортажында бұл мәтінмен бірге Ұлыбританияның сыртың істер министрімен кездесуге келген Горбачевтің камера алдында қуанышты жүзбен құлімсіреген кескіні көрсетілді... Қадрда совет көшбасшысының жас әрі көркіті жұбайының болуы Кеңес Одағы басшылығында біраз өзгерістер болғанынан хабар берді.

<sup>58</sup> B. Knobel. «Red Star Rising: The Coverage of Mikhail Gorbachev by U.S. network television, 1984–86. PhD thesis. Harvard University. Cambridge, Mass., 1991, p. . стр. 89.

«Hurst's report next moved into a more detailed discussion of the new-style Soviet:

Gorbachev [sic] is not from the mold that gave the world generation after generation of stodgy, dour Soviet leaders... Gorbachev is a bouncy man, quick with a smile and self-assured, apparently confident of his position.

The NBC report accompanied these words with film of a smiling, jovial Gorbachev, taken as Gorbachev posed for cameras while arriving for his visit with the British Foreign Secretary... The presence of a Soviet leader's wife, particularly a young and pleasant looking one, reinforced the idea that leadership in the Soviet Union was undergoing a change». <sup>58</sup>

Алайда батыс әлемінің күдігін сейілту үшін тек жымилюмен шектелу жеткіліксіз еді: «Hurst's report finished with the conclusion that

Хёрст репортажын Горбачевтің өзін-өзі ұстая мәнері алдыңғы көшбасшылардан өзгешелгенмен, ол Ақ Үйдің сезін қулімсіреп келіп жеткізушиге айналар, алайда Батыс әскери тақырыпта бір жылдан астам үақыт жүргізілген келіссөзді тыңдауға құлышыз, соңдықтан айтарлықтай өзгерістердің болуы неғайыбыл деген қорытындымен аяқтайды.

there was unlikely to be a change in substance despite Gorbachev's change in style from previous leaders: Gorbachev [sic] may turn out to be the smiling messenger with words in the West nobody wants to hear, words that impose, in Washington's view, unacceptable preconditions on arms talks, talks already stalled for more than a year».

<sup>59</sup> Ibid, p. 90.

Газеттер, радио, телевидение, саясаткерлер мен саясаттанушылар орыс аюның жымилюын жаппай талқылады: «In a two minute report on December 17, Fenton explained that Gorbachev had opened a diplomatic offensive in Britain against Star Wars that seemed to be working:

«Enter a bear smiling». That's how The London Times describes Gorbachev's visit to Britain. But the big question is why is he smiling. He won over the British press, which is something to smile about. He won over Britain's «Iron Lady», which is certainly something to smile about... And he seems to be exploiting a potential division in the Western alliance, and that is something to make him smile all the way back to the Kremlin.

The pictures backed up the text. Gorbachev appeared in six shots in Fenton's report and he was smiling broadly in five of them (in the sixth, he was merely listening to someone else). As Fenton started his report, for instance, viewers saw «the Bear», Gorbachev, enter a room, take off his coat and warmly greet Foreign Secretary Howe – these were the same pictures of the smiling confident Gorbachev that NBC used. The report then alternated between the smiling Gorbachev, the smiling Thatcher, and the news media, which the text declared Gorbachev «charmed». The images, regardless of text, seemed to present a reason to like this smiling visitor».<sup>60</sup>

Сонымен, Батыстың «тылсым орыс жан дүниесіне» тағатын міні – неге күлімсіремейді? Мындаған шетелдік туристің, әсіресе ағылшынтылді елден келгендердің Ресейден кетіп бара жатып, тамашалағандарын тамсана айтысып, соңында сұрайтындары: адамдар неге көшеде түнеріп жүреді, неге күлімсіремейді?

Керісінше, орыстар ағылшынтылді әлемге түскенде жан-жағындағы жымигандарды көріп, таң-тамаша болады. Лондон университетінің тағылымдамасынан Британ кеңесі бағыты бойынша өтіп келгенімде, әріптестерім таңғаларлық не нәрсе көргенімді сұрады. Менің кідірмesten: «Олар жымиып жүреді. Барлық жерде: көшеде де, емханада да, лифті де да жымиып жүреді, мүлде танымайтын адамдарына да жымия береді» дегенім есімде. 1973 жылы кеңес әлемі мен капиталистік ел әлемі арасындағы айырмашылық жер мен көктей болған уақытта мұндай әсер алудың қалыпты жағдай болатын. Бірнеше ай бойы мәдени шок алған азық-түлік, тауар,

Фентон 17 желтоқсандағы екі минуттық репортажында Горбачевтің Ұлыбританияға «жүлдізды әскерге» қарсы жасаған дипломатиялық шабуылы тиімді болғанын айтады: «Аю жымиып келді». «London Times» газеті Горбачевтің Ұлыбританияға келуін осылай сипаттайды. Басты сұрақ: ол неге жымияды? Ол британдық қайса ханымның көңілін тапты, осының өзі оның жымилюына себеп болып отыр... Сондай-ақ ол Батыс одағының бөліну ықтималдығын өз пайдасына шешуі мүмкін, онда оның қайтар жол бойында Кремльге дейін жымиып барады сөзсіз. Мәтінмен бірге суреттер көрсетілді. Фентон репортажында Горбачев алты кадрға түсірлген, оның бесеуінде ол езүй кере, күлімсіреп тұр, (алтыншысында біреуді тыңдал тұр). Фентон репортажынан басында көрермендер «Аюдың», яғни Горбачевтің бөлмеге кіргенін, пальтосын шешіп, Сыртқы істер министрі Хоуды жылыұшырай қарсы алғанын көреді. NBC телекомпаниясы қолданған Горбачевтің күлімсіреген, өз-өзіне сенімді бейнесі бар кадрлар да қайталанады. Эрі қарайғы материалда бірсес жымиган Горбачев туралы, бірсес жымиган Тэтчер туралы, одан кейін Горбачевтің күлімсірегеніне көзде-рі тойған бұқаралық ақпарат құралдары жайында сөз болады. Мәтінсіз ұсынылған фотосуреттер-ақ күлімсіреген қонақты жақсы көріп кетуге себеп болады.

<sup>60</sup> B. Knobel. «Red Star Rising»: The Coverage of Mikhail Gorbachev by U.S. network television, 1984–86. PhD thesis. Harvard University. Cambridge, Mass., 1991, p. стр. 91.

кітаптың молшылығы да, техника мен сервистің ғажайыптары да дәл осы жымию сияқты таңғалдырмапты.

25 жыл өткен соң, 1998 жылы Ресейдің мүлде басқа үрпағының өкілі – ММУ студенті Америка мәдениеті туралы өз шығармасында: «Another example is how often people smile for no reason; that seemed pretty weird to me [Тағы бір мысал – адамдар себепсіз көп жымияды; маған бұл өте қызық көрінді]» – деп жазды (Дмитрий Акопов, ММУ-дің шет тілдер факультетінің студенті).

Психологтердің статистикалық есептерінен бала күніне орта есеппен 400 рет, ересектер тек 15 рет жымияды дегенді оқығаным бар еді. Бәлкім, онда американалықтар – балалар, біз ересектер шығармыз.

Сонымен, олар біздің жымимайтынымызға ренжиді, наразылық білдіреді, таңғалады, ал біз олардың әрдайым, кез келген жерде бәріне жымия беретініне таңырқаймыз. Бұл жұмбақтың «шешімі» тым оңай: мәдениеттер қақтығысының қарапайым мысалы.

Батыс әлемінде жалпы ағылшын тілді әлемде жымию – мәдениеттің (этнографиялық мағынадағы) белгісі, бұл – дәстүр, салт: езу тартып, бөтен ойыңыздың жоқ екенін, тонамайтыныңызды, өлтірмейтініңізді білдіру. Бұл – тұлғаның айналасындағыларға өзінің осы мәдениет, қоғам өкілі екенін формалды түрде көрсету тәсілі. Жымию шынайы көңілдің, ниеттің, қатынастың белгісі болып саналатын орыс мәдениетінің өкілдері үшін де бұл тәсіл аса жағымды.

Бар болғаны осы. Әр мәдениеттің жымиюы да әрбасқа. Батыс әлемінде жымию, бір жағынан, кімге қаратылса да оған деген ниеттің түзу екенін білдіруі шарт емес, мәдениеттің формалды белгісі, екінші жағынан жағымды эмоцияға деген биологиялық реакция; ал орыстарда бұл тек соңғысы ғана. Сондықтан жымиюға қатысты қобалжудың, иықты қиқаңдатудың, құдіктенудің қажеті жоқ – бәрі де қалыпты, табиғи нәрсе. Әр мәдениеттегі қызметі әрбасқа.

Айтқандай, әлемде жымимайтын мәдениеттер көп. 2003 жылы мамырда Мәскеу экономика және құқық академиясында өткен «Әлем тілдері және тілдер әлемі» атты халықаралық конференцияға Чад, Бенин, Кот Д'Івуар, Бурунди республикаларының елшілері қатысты. Олардың ешқайсысы (қасындағылары да) бірде-бір рет, тіпті таныстырған кезде де жымимады. Олардың өзін тым салмақты ұстаған түнерген кейіп Ресейдің көрнекті саяси қайраткерлерін еске түсірді.

Орыс студенттердің пайымдауындағы Америка әлемінің көрінісінен smile [жымию] сөзі ен жиі қолданылатын сөздер қатарынан орын алады. Әлемге әйгілі американалық жымиюға орыстардың қатынасы әртүрлі, мәселен: бірі олардың ашық-жарқындығына дән риза, екіншісі оны қалай түсінерін білмейді, ал үшіншісі қолдамайды әрі құдікпен қарайды.

Оған орыс тілінің дәлелі: *дежурная улыбка, вежливая улыбка* деген тіркестердің жағымсыз коннотациясының болуы: *дежурная – яғни міндетtelген, вежливая – шынайы емес деген сөз.* (Кекесінмен айтылған сөздер – ауд.) Сатирик Михаил Задорнов американалық жымиюды созылмалы ауру сияқты дейді.

Британ кеңесінен келген ағылшын оқытушыларымыздың бірі американалық жымию жайында былай деп еді: «Америкада тіс дәрігерінің қызметі өте қымбат, сондықтан американалықтар тісін күтүге ақшасы жеткілікті екенін көрсету үшін жымия береді. Бұл – өзінің ауқатты адам екенін көрсетудің тәсілі».

Бәлкім, «Сен үйқыда жатқанда» («While you were sleeping») атты американалық фильм тұрғысынан алған да дұрыс шығар. Кейіпкердің (фильм бойы үйқыдан тұрған жігіттің) ата-анасы қыздан: «Оны не үшін сүйесін?» – деп сұрайды. «Жымиғаны үнайды», – дейді қыз сезімге беріліп. Жігіттің әкесі: «Әрине! Бір тісі алты жұз доллар тұрады!» – деп өз ойында жүрген құдігінен хабар береді.

Мәскеуде бір жыл тұрған американалық танысымыздың былай деп ағынан жарылғаны бар: «Маған сіздердің сатушыларының үнайды. Сондай шынайы. Кешке қарай ауыр жұмыстан шаршап, сатып алушылардың бәрін шетінен жек көріп тұрғаны бетінде анық жазылып тұрады. Ал біздікілер бетіңе өтірік құле қарап, ішінен сіздердің сияқты сыбап тұрады».

Батыс мәдениетінде жымию – қызмет көрсетудің ажырамас бөлігі.

Чейз Манхэттен банкінде мынадай хабарлама ілініп тұр: Егер біздің оператор сізге жымимаса, бұл жайында швейцарға хабарлаңыз. Ол сізге бір доллар береді (проф. И.А. Стернин материалданан, Воронеж университеті).

Баспасөз беттеріндегі суреттерде Америка қайраткерлері ақ тістерін көрсетіп, барынша американалық үлгімен күлімсірейді. Америка мәдениетінде жымию – табысты адам екенін де білдіретін әлеуметтік белгі. Егер сіз белгілі бір лауазымға кандидатураңызды ұсынсаңыз, фотосуреттердің барлығында күлімсіреп тұруының көрек. Сайлаушыларыңыз сіздің жағдайы жақсы, ақшасы бар, табысқа жеткен адам екенізді көруі қажет, ары таза, өміріне көңілі толатын, сенімді адам ретінде танулары керек. Жымиюдың американалық үлгісінің жаттанды болып кеткені соншалық, президенттің жұбайы Хиллари Клинтон Диана ханшайымның қазасына қатысты салтанатты жиында фотографтарға әдetteгідей жымиған.

Keep smiling – Америка өмір салтының ұраны: «Қандай жағдай болса да күлімсіре». Бұл «ешқашан тағдырдың соққыларына берілме, жеңілме. Ауыр жағдайда жүрсөң де, ешкімге сыр берме, білдірмeme. Күлімсіре» дегенді білдіреді. Keep smiling! Кез келген жағдай-



can see how we Americans are «brainwashed» into the smile and being happy [Бұл мақаладан бізге – американцытарға күлімсірендер, шаттаныңдар деп қалай миымызды ашытқалы отырғанын білесіздер].

Орыстардың ділі басқа, дәстүрі басқа, өмірі, мәдениеті де басқа – бұл жағынан алғанда, бәрі бір-біріне қайши келеді. Адамның қоғамда алатын орны ескен сайын бет-бейнесі де салмақты болуы тиіс. Егер сіз жоғары лауазымға үміткер болсаңыз, болашақ сайлаушыларыңызға өзіңіздің салмақты, тиянақты, ақылды адам екеніңізді, өзіңізге қандай іс жүктелген отырғанын, қандай маңызды мәселелерді шешүге тұра келетінін пайымдап отырғаныңызды көрсетуіңіз қажет. Бұл жағдайда жымию орынсыз болады, ол сізді тек жеңілтек, істің мән-жайын түсінбейтін адам етіп көрсетіп, сізге деген сенімді жоғалтады.

Професор И.А. Стернин материалдарынан мысалдар келтіре көтейік: «Петерборда американцы қызыға кемпір: «Несіне ыржиясың?» – депті. Карнегидің «Жымының» деген үндеуі еркісіз мынадай реплика тұдырады: «Несіне жымиясың? Ақша жоқ. Жағдай қын. Жыми дейді ғой». «Несіне» деген есімдіктің қолданылуына назар аударыңызшы. Орыс түсінігі «кімге жымиу?» дегенді қабылдай алмайды, себебі бұл сөздің коммуникативтік мағынасы санадан тыс қалып, бейнелеуаші, көңіл күйді жеткізуши белгі ретінде ғана қабылданған.

Ғаламтордағы орыс әзілінде: «Жымының – бұл бәрінің жынына тиеді» – дейді...

дағы жасанды оптимизм (don't worry, be happy! keep smiling! [қобалжыма, шаттан! күлімсіре!]) – міне, ресми түрде мақұлданып, барлық құралдар, соның ішінде тіл арқылы сіңісті болған американцы үлттық мінездің бір қыры.

Бір қызығы, кеңес адамдары мен олардың өмірі бейнеленген плакаттарда да барлық адамдар күлімсіреп тұратын. Бұл әсіресе XX ғасырдың елуінші жылдары мен алпысыншы жылдардың басындағы плакаттарға тән.

Американцы жымию АҚШ тұрғындарын (әсіресе жаңа көшіп келген иммигранттарды) осы елдің азаматы болу бақыт, артықшылық екеніне күштеп сендеруді көздеңген идеологиялық үгіт-насихат жұмыстарында маңызды рөл ойнаған (қараңыз: II б., 2-т., § 2). Бұған дәлел – американцы әріптестеріміздің бақытты болудың құпиясы туралы жазылған мақаланы сынға алуы: «From this article you

Шынында да, америкалықтардікіндей «менде бәрі о'кей: отбасым, пәтерім, жалақым және т.б.» дегенді айналасындағыларға пашетіп, жасанды «пиар» үшін жымию орыс мәдениетінде «неменесіне ыржияды?» деген жағымсыз реакцияны тудырады. Сондықтан бұл елде Карнеги секілді «пиар» классиктерінің америкалық әдістері, ұсыныстары жүрмейді.

Америкалық жымию әзіл-оспақтың нысанына айналды.

«Естідіңдер ме? Америкалықтар жымиғанда езулері кеңдеу болу үшін отыз үшінші тіс салғызып жатыр екен».

Америкалықтар туралы «статистикадан»: 77%-ы объективке барынша құлімсіремесе, фотоаппарат істемей қалады екен. (КоМок № 12. 25 наурыз, 2003).

Америка президенттерінің портреттері мен фотосуреттерінен жымию саяси қайраткердің табыстары мен жетістіктерінің символы саналатын міндетті атрибут екенін көруге болады. Бұл шамамен XX ғасырдың орта шенінде пайда болған. Ресми фотосуреттерде Рузвельттен (отыз екінші президент, 1933–1945) Клинтонға (қырық екінші президент, 1993 жылдан қазіргі үақытқа дейінгі) дейінгі президенттердің бәрі жымиып түскен. Алдыңғы Вашингтоннан Гуверге дейінгі 31 президент орыстың саяси қайраткерлері секілді ұстамды, түнерген кейіпте. Тек Томас Дж斐ферсонның (үшінші президент, 1801–1809) жүзінен ғана болар-болмас жылышты байқауға болады.

Қазіргі кезде іскерлік және басқа да байланыстардың жандануына байланысты жымию мәселесі күрделене түсті. Бұл жайында А.В. Павловская былай деп жазады: «Орыстардың қоғамдық орындарда, көшеде өзін ұстая үлгісі ерекше түсіндіруді қажет етеді. Олардың өздеріне үйреншікті дағдыға сай тым түнеріп жүретіні жиі айтылады. Оған себеп – орыстардың мінезіндегі ерекшелік емес, іс-әрекетіндегі ерекшелік. Ресейде танымайтын, бөгде адамдарға құлімсіремейді. Олай істеген жағдайда бұл ақымақтық болып көрініп мүмкін, тіпті танымайтын адамға жымию кей жағдайда, мысалы, қараңғы кіреберісте өмірге қауіп төндіруі ықтимал. Орыс тілінде «Смех без причины – признак дурачiness» /Себепсіз күлу – ақымақтықтың белгісі/ деген сөз бар. Ресейде алғаш рет Макдональдс ашылғанда, орыс қызметкерлерді клиенттерге жаппай жымиып қызмет көрсетуге үйретеді. Бұл іс біраз қыындық туғызып, жас қызметкерлер «адамдар бізді есі ауысқан деп ойлайтын шығар» деп наразылық білдіреді. Орыстардың көшеде өздерін салмақты, ұстамды ұстаяу түнергендікті білдірмейді, бұл – тек жақын, таңдаулы адамдарыңа ғана құлімсіреу керек деген дәстүр ғана».<sup>61</sup>

Бұл дәстүр тамырын тереңнен алады. Жымию, күлу – тек қуанышты, жанның қақттанған сәттерін көрсететін әрекеттер. Басқа жағдайларда бұл – тек ақымақтық. Ежелгі Рұсь даналығы былай дейді:

<sup>61</sup> А.В. Павловская. Как иметь дело с русскими. Изд-во Московского университета, 2003, 27 б.

*Ұлым менің, адамдар арасында болғанда не оларға жақындағанда күлме: күлкіден ақымақтық туады, ақымақтықтан жанжал, жанжалдан төбелес шығады, төбелестің ақыры – кісі өлтіру, ал кісі өлтіру – күнә. («Повесть об Акире Премудром», XII в.);*

*Ақ жарқын күлкімен жаныңың қуанышын жеткізу оңай... Немесе жүргегің қуанса, өңің де бал-бұл жанып кептей ме? (Св. Василий);*

*Балаға қосылып кім күлсе, ұятты болып, басы дауға қалар («Мудрость Менандра Мудрого», XIV в.);*

*Сылқ-сылқ күлген күнәға батар;*

*Күлкің көп болса, күнәң аз болмас (из пословиц XVIII в., Мосхион)<sup>62</sup>.*

В.И.Дальдің сөздігінде улыбаться /жымио/ деген етістіктің мағынасы былай ашылады: «ухмыляться», «смеяться молча, про себя», «показывать выражением уст и лица расположение ко смеху» (мынынан қулу, үнсіз қулу, езу тарту, қулуді бет пішіні арқылы көрсету). Мынадай фразеологиялық мысалдар берілген: *Где грех, там и смех /Күнә бар жерде күлкі бар/; Набывает и улыбка оскомину /Күлкіден де тіл ойылар/; Смехом сыт не будешь /Күлкімен тоқ болмайсың/; Смех до добра не доводит /Күлкі мұратқа жеткізбейді/.*

Осы мәдени ая түрғысынан алғанда, Макдоналльдс қызметкерлерінің «адамдар бізді есі ауысқан деп ойлайтын шығар» деген наразылығы орынды. Бөгде адамдарға ешқандай жөн-жосықсыз не үшін жымио керек?!

Бұгінде танымал құрылымдарда «жаңа орыстардың» «жағымды бет-бейнесін» жасау үшін өзін қалай ұстаған жөн дегенде: «Жымиған дұрыс, бірақ үнемі жымио жүретін адам женілtek адам деген түсінік қалдыратынын үмітпау қажет. Жымиудың мөлшері болу керек, бұл сіздің өз бағаңызды білетініңізді көрсетеді» – деп үйретеді.<sup>63</sup>

Революцияға дейінгі дворяндардың, зиялы қауымның арасында Еуропа мәдениетінен келген формалды, сыпайы жымио болса керек. Бұл мәселе арнайы зерттеуді қажет етеді. Маған тек кейір тұстары ғана белгілі. Орыстың ұлы ғалымының қызы, көрнекті орыс ақынының жұбайы Любовь Менделеева-Блоктың жарияланбаған естеліктерінде жаңа құрылып келе жатқан кеңес қофамының жас бейнесін суреттегендеге «жымио кетті» деп айттылады. Кетті десе, онда бұрын болғаны ғой. Яғни батыс мәдениетіне тән формалды, ақсүйектік жымиудың кеткені ғой. Алайда бұл мәселе арнайы зерттеуді қажет ететінін қайталап айтамын.

Дегенмен бұгінде Ресейде жымио мәселесімен мәдениетта нұшылар мен саясаттанушылар да, «имиджмейкерлер» мен бизнес жөніндегі мамандар да айналысуда. Кеден академиясында, мәселен «Кеденші жымио қажет пе?» деген сұрақ талқыланған.

Нәтижесінде Ресейдегі жымиоға қатысты жағдай өзгере бастады. Жымиятын аса жоғары лауазымдағы саяси қайраткерлер шыға

<sup>62</sup> Мудрое слово Древней Руси. М., 1989, 185, 328, 391, 358 66.

<sup>63</sup> М. Привезенцева. «Поза Наполеона» повредит имиджу успешного человека // Капитал, 10–16.03.1999, 9 б.

бастады, атап айтқанда, премьер-министр М.М.Касьянов. Дүкендер мен шетелдік фирмаларда қызмет көрсететін қызметкерлер күлімсіреп қарсы алатын болды. Сонымен, бұгінде заманауи Ресейде жымиюдың қандай рөл ойнайтынын актриса Ольга Дроздованаң «Жымию жұдырықта қарсы» деген тақырыпта берген сұхбатынан («За Калужской заставой» № 44 (231) 15–21 қараша, 2001 ж.) көруге болады. О.Дроздова сұхбатында: «Өмірдің өзі қатыгездікке қатыгездікпен мүлде жауап беруге болмайтынын көрсетті, ондай жолмен бір нәрсеге қол жеткізу өте қыын. Қазір маған тіл тигізген адамға жымиып жауап қайтарам және мұның күші жұдырықтан да күшті екенін байқадым», – дейді.

Керісінше, Англияда, британдық психологиярдің мәліметтеріне қарағанда, формалды жымиюдың рөлі бәсекесіп барады. 2003 жылдың ақпанында қаралайым эксперимент жүргізілген: психолог студенттер көшедегі жүргіншілерге жимиып, олардың қаншасы өздеріне жауап ретінде жымиғанын есепке алған. Нәтиже таңғаларлық болған: Лондондағы қатысушылардың 75%-ы жымиюға жауап қайтармаған, Эдинбургте жүргіншілердің 4%-ы жимиып жауап қайтарған. Англияның оңтүстік батысындағылар ең ашиқ-жарқын тұрғындар екені анықталған.

Сонымен, қорытындылайық.

1. Жымию әртүрлі болады.

«Формалды жымию» – батыс мәдениетінде бөгде адамдарды қарсы алу түрі, таныс емес орында бөтен адамдардан қорғану, қауіпсіздік шарасы. Орыс мәдениетінде бұл керісінше, қарама-қайшы нәтиже береді. «Ол жақта» адамдардың бәрі сыпайы, мәдениетті, әрдайым жимиып тұрады деп тамсана айтқан әңгімемнен соң (1973 жылы), келесі кездескенімде құрбым: «Әңгімендің пайдаға асары шамалы. Дүкенде қасымда тұрған адамға жимиғам деп басым бәлеге қалды. Соңымнан қалмай, әрең құтылдым», – деп ренжігені бар.

«Коммерциялық жымию» – заманауи қызмет көрсету талабы. Ресейге шетелдік фирмалармен келсе де, бұгінде жат дүние емес.

«Шынайы жымию» – жақсы сезімдер мен жайлы қатынастар көрінісі. Яғни жағымды нәрсеге адамның табиғи реакциясы, оның мәдениетпен байланысы жоқ. Жымиюдың бұл түрі адамзат қауымының барлығына тән, оған ешқандай мәдениеттің қатысы болмаған. Орыстарға жымиюдың осы түрі жақын.

2. Жимиудың әртүрлілігі – мәдениеттің әртүрлілігі.

3. Адамдардың барлығы өзге мәдениетті түсінуге және қабылдауды үйренуі қажет, онсыз мәдениетаралық, халықаралық коммуникацияларға, серіктестікке, бүкіләлемдік ынтымақтастыққа қол жеткізу мүмкін емес.

## *II тарау* *Тіл және идеология*

Өткен аптада өнер мен үгіт-насихаттың ажырамас бірлікте екенін аңғардым, әдетте таза эстетикалық пайымдауға жатқызылатындардың бәрі белгілі бір мәлшерде моральдық, саяси не діни наным-сенімдерге сіністі болады екен.

Джордж Оруэлл. «Толстой мен Шекспир».

Last week I pointed out that art and propaganda are never quite separable, and that what are supposed to be purely aesthetic judgements are always corrupted to some extent by moral or political or religious loyalties.

George Orwell. «Tolstoy and Shakespeare».

### *§ 1. Мәселенің қойылуы және ұғымдар*

Алдымен идеология мен діл ұғымдарын, олардың мәдениетпен арақатынасын анықтап алайық.

**Идеология** – адамдардың шындыққа қатынасы зерделеніп, анықталатын, әлеуметтік топтардың мүдделері көрініс беретін саяси, құқықтық, адамгершілік, діни, эстетикалық идеялары мен көзқарастарының жүйесі (И).

**Идеология** – қоғамдық сананың әртүрлі формасында (философияда, саяси көзқарастарда, құқықта, моральда, өнерде, дінде) бейнеленетін идеялардың, ұсыныстардың, ұғымдардың жүйесі. Идеология қоғамдық болмыстың адам санасындағы бейнесі, оның туындауы қоғамның ілгері дамуына (прогрессивтік идеология) не кері кетуіне белсенді ықпал етеді. (СИ).

**Идеология** – белгілі бір әлеуметтік топты, тапты, саяси партияны, қоғамды сипаттайтын көзқарастар, идеялар жүйесі. (О. и Ш.).

Ағылшын тіліндегі сөздіктерде ideology, идеология сөзіне тәмендегідей анықтама берілген:

**Идеология** – 1 – адамның, адамдар тобының және т.б. экономикалық не саяси жүйенің негізін қалаудағы ойлары, идеялары, сипаты: буржуазиялық, марксистік және тоталитарлық идеологиялар.

**Идеология** – халық, партия не ел әрекетіне негіз болатын сенімдердің, көбіне саяси наымдардың жиынтығы.

**Ideology** 1 – manner of thinking, ideas, characteristic of a person, group, act as forming the basis of an economic or political system: bourgeois, Marxist and totalitarian ideologies (OALD).

**Ideology.** An ideology is a set of beliefs, especially the political beliefs on which people, parties, or countries base their actions (CCEED).

**Ideology** – sometimes derog. a set of ideas, esp. one on which a political or economic system is based: Marxist ideology | the free market ideology of the extreme right (LDCE).

**Ideology.** Science of ideas; visionary speculation; manner of thinking characteristic of a class or individual, ideas at the basis of some economic or political theory or system, as Fascist, Nazi, ~ (COD).

Ideology мен идеологияның екеуіне де берілген анықтамада идеялар мен сенімдердің жынтығы, жүйесі делінген. Ары қарай анықтамалар әртүрлі бол кетеді. Ағылшын тіліндегі анықтамалардың барлығында идеялардың жынтығы экономикалық, саяси теориялардың, жүйелердің негізінде жатқандығына баса назар аударылған. Кейде идеялар жынтығы партияға, халыққа, елге, топқа, тіпті бір адамға тән болатыны айтылған (a person, an individual).

Орыс тіліндегі анықтамаларда еміс-еміс болса да өз мұдделерін идеология арқылы жеткізетін «әлеуметтік топтар» туралы айтылады, алайда идеологияға негізделетін, идеология арқылы өз қызметін анықтайтын саяси жүйе туралы да, экономикалық жүйе туралы да сөз қозғалмайды. Оның орнына осы жүйенің қоғамдық сананың әртүрлі формаларында бейнеленуіне баса назар аударылады.

Ideology сөзінің кейбір жағымсыз реңтеріне тоқтала кеткен жөн: оны LDCE «sometimes derog.» (яғни derogatory ‘кемсітетін’) деп арнайы белгілеп көрсеткен. COD тек жағымсыз фашистік, ұлтшылдық идеологияны мысалға алған. Ағылшын тілінде де, ділінде де марксистік идеология аса жағымды болып саналмайды. Орыс тіліндегі идеология сөзі – барынша бейтарап, жағымсыз стильдік коннотациялары жоқ қоғамдық-саяси термин.

Мәдениет пен идеология ұғымдарының арақатынасы жоғарыдағы анықтамалардан біршама түсінікті болған сияқты. Идеология – авторлық құбылыс, оның авторлары, сондай-ақ «туған күні» болады. Идеологияның осы соңғы аспектісі «Шетел сөздерінің қазіргі сөздігінде» (СИ) берілген анықтамада жақсы айқындалған. Мәдениетті ұзақ үақыт бойында этнос, халық қалыптастырады, сондықтан ол идеологияға қарағанда жасампаз әрі тұрақты.

С.С. Аверинцев 1999 жылы 16 сәуірде Мәскеу мемлекеттік лингвистикалық университетінде жасаған баяндамасында мәдениет пен идеологияның арақатынасы жайында мынадай мысал келтіреді: «Ежелгі Рим Грекияны жаулап алғып, оған өз идеологиясын таңды, алайда римдіктер өз мәдениетінен анағұрлым күшті грек мәдениетіне бас иді. Бодандалған Грекия жабайы жеңімпазды өз тұтқынына айналдырды». Бұл мысалда Аверинцев «бір мәдениетті екінші бір мәдениеттен жақ-

**Идеология** – (кейде кемсіту мағынасында) белгілі бір экономикалық, саяси жүйелерге негіз болатын идеялардың жынтығы: Марксистік идеология, еркін нарық идеологиясы.

**Идеология** – идеялар туралы ғылым; ойталқысынан өткен ойлар; таптар мен индивидтің ойлау қалпы; экономикалық немесе саяси теориялар мен жүйелердің негізінде жатқан идеялар, мысалы, фашистік, ұлтшылдық.

сы деуге болмайды, алайда прагматикалық тұрғыдан күшті, бәсекеге қабілетті деуге болады» – деп, ойын өрнектеп жеткізіп тұр.

Мәдениет пен идеология арасындағы айырмашылықты анық көрсететін тағы бір мысал ретінде заманауи Ресей тәжірибесін алуға болады. Көз алдымызды идеология (онымен бірге идеологиялық ғылымдар да) бір-ақ күннің ішінде түбегейлі өзгеріп шыға келді. Социализм идеологиясының (идеологиялық ғылымдардың да) орнына, ideology сөзінің анықтамасында айтылғандай, капиталистік идеология келіп, саяси, экономикалық жүйенің негізіне айналды.

Орыс мәдениетіне келер болсақ, белгілі бір құштердің (жаппай батыстану және т.б.) елеулі ықпал еткеніне қарамастан, оны бірден түбегейлі өзгеріп кетті дей алмаймыз. Құдайға шүкір, орыс мәдениеті де, орыстың ұлттық мінезі де баяғыша қалды. Ол барынша баяудамып, құлықсыз өзгеруде.

Діл үғымы «ойлау жүйесі, әлемді тану, әлемді қабылдау, психологиядан» (СИ) тұрады. Басқаша айтқанда, діл – жеке адамның, сондай-ақ тұтас қоғамның ойлау әрі рухани реңі.

Менталитет – ойлай алу қабілеті, ақыл-есінің дұрыс болуы; интеллектуалдық мүмкіндіктер деңгейі; (кең мағынада алғанда) ойлау жүйесі, көңіл күй, мінез.

Mentality – The being mental or in or of the mind; (degree of) intellectual power; (loosely) mind, disposition, character (COD).

Идеология мен діл мәдениетпен біртұтас дүниенің құрамдас бөлігі секілді арақатынаста болады, яғни мәдениет сөзі, этнографиялық кең мағынада алғанда (қолыңыздығы кітапта дәл осы анықтама қолданылады), идеология мен ділден құралады. Тіл мен идеология өзара тығыз байланыста: идеология тілге біршама ықпал етеді, сондай-ақ тілдің де идеологияға ықпалы бар.

## § 2. Ресей мен Батыс: идеологияларды салыстыра қару

Ресей мен Батыс идеологияларының арақатынасы қандай, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары бар ма, бар болса бұл орыс, ағылшын тілдерінде қалай бейнеленеді, тілдер өз сөйлеушілерінің идеологияларын қалай қалыптастырады деген мәселелерді қарастыратын боламыз.

Ескерте кететін бір жайт, осыған дейін жалпы орыс тілі, ағылшын тілі жайында сөз қозғадық. Идеологиялық тұрғыдан алғанда, орыс тілін кеңестік орыс тілі (яғни Кеңес Одағы кезіндегі орыс тілі) және посткеңестік немесе қазіргі орыс тілі (яғни соңғы онжылдықтағы

орыс тілі) деп қарастырған жөн. Себебі орыс тілінің бұл екі нұсқасындағы идеологиялар мүлде әрбасқа.

Ағылшын тілінің диатопикалық немесе кеңістік (диахрониялық) нұсқалары көптеп кездеседі: британдық, американалық, канадалық, австралиялық, үндістандық және т.б. Бұлардың ішінде кең таралғандары – британдық және американалық. Кең таралғандығы сөйлеушилердің санына қарап қана айқындалмайды, сонымен қатар шетел тілі ретінде меңгерушілер санына қарап та анықталады. Дәл осы түрғыдан алғанда, британдық, американалық нұсқалар кең таралған. Ағылшын тілінің бұл екі нұсқасының айырмашылықтарына арналған әдебиеттер көп, қос елдің тарихы мен мәдениеті тура-лы да жеткілікті жазылған. Соған қарамастан, тіл мен идеология, тіл мен мәдениет арақатынасы мәселелері өте аз зерттелген. Алдағы уақытта орыс, ағылшын тілдерін салыстырғанда, екі тілдің де қай нұсқасы екенін көрсетіп отырамыз.


Бір қызығы, зерттеу нәтижелеріне қарағанда салыстырылған төрт нұсқаның ішінде бір-біріне жақыны – американалық, ағылшын тілі мен кеңестік орыс тілі болып шықты.

### I. Ұқсастықтары.

Екі тілге де, сондай-ақ екі идеологияға да өз еліндегі жүйені, режимді, тәртіпті тұра әрі ашық түрде тынбай насиҳаттау тән. Бұлай насиҳаттауды тілдің тұла бойынан да, тілдік емес тұстардан да байқауға болады:

**1. Ашық, назар аударатын патриотизм.** Алдыңғы тарауда патриотизмді ашық сөзben жеткізу ағылшын тіліне қарағанда орыс тіліне тән екені айттылған. Бұл жерде ағылшын тілінің британдық нұсқасына қа-тысты айттып отырмыз. Американалық нұсқа британдық нұсқаға қарағанда орыс тіліне барынша жақын. Америкалықтардың отанға деген қатынасы британдықтарға қарағанда сезімге толы. Америкалықтар отанына *she* [ол] деп, оны кейіптейді: *Where America was and where she is now* [Америка қайда еді, қазір ол қайда]. Тек американалық мәтіндерден ғана *mother country* [отана] дегенді кездестіруге болады, кейде *our country* [біздің ел] деген қолданыс та соларда кездеседі.<sup>1</sup>

Орыстар мен американалықтардың отанға деген қатынасының ұқсас жақтары көп болғанымен, «отан» деген ұғымдарының өзінде айтарлықтай айырмашылық бар. Орыстар үшін бұл туып өскен жер,



<sup>1</sup> См.: *To the Youth of Japan* // W. Faulkner. Essays, Speeches and Public Letters. Ed. by James B. Meriwether. New York, 1965, p. 82–86.

родина /отан/ сөзінің өзі родить /туу/ деген етістікten шыққан. Ресейде «отырықшылық» жағымды, оң нәрсе ретінде саналады, сондықтан түрғылықты жерді жетіскеннен тастап кетпейді, бұл – әдетте психологиялық жарақат. Америкалықтар түрғылықты жерін жиі әрі еш қиналмастан ауыстырады, баспасөз бетінде қызық статистикалық мәлімет келтіріледі: орта есеппен алғанда, америкалықтар 35 жасқа дейін жұмысы мен үйін 9 рет ауыстырады еken! Бізге мұны түсіну қыын, біздің қоғам бір жерге тұрақтап, тамырын жая алмаған ондай «жолы болмаған адамға» аяушылықпен қарар еді. Америкалықтар үшін бұл белсенді өмір салтын көрсететін қалыпты жағдай. Сондықтан олар үшін дәл қазір тұрып жатқан жері «отаны» болып есептеледі. Орыстар үшін «бүкіл әлем – бөтен, тек отанымыз – патшалықтай»/«целый мир чужбина, отчество нам – Царское село»/. Дәл А.С. Пушкиндегі, ойымыз бен құндылықтарымызды дөп басып ешкім айта алмаған.

Уильям Фолкнер өзінің жапон жастарына үндеуінде Америка туралы: my country, the United States, my part of America [менің елім, Құрама Штаттар, Американың мен жақ бөлігі]; my country, the South, my side the South [менің елім, Оңтүстік, Оңтүстіктің мен жақ бөлігі]; our land, our homes [біздің жер, біздің үй] деп қайталаудан танбайды.

Сонымен, американлықтар our country [біздің ел], ал орыстар – бұл ел деген қолданысқа көшті.

Отанның сұлұлығына тамсанудан туындаған America the beautiful [Америка сұлу] деген қолданыс та бар. Зер салып қараңызышы: beautiful America [сұлу Америка] емес, America the beautiful [Америка сұлу] – Ivan the Terrible [Иван Грозный], Peter the Great [Ұлы Петр], Nicholas the Second [Екінші Николай] деген патша аттары мен лауазымдары салтанатты түрде берілген атау. Елді кейіптеу арқылы оған деген жеке адамдардың сезімі күшейтіледі.

Америкалықтардың атақты ұраны Proud to be American [Америкалық екеніме мақтанамын] Кеңес үкіметі кезіндегі Советское, значит отличное /Кеңестік болса, керемет/ атты ұранмен үндес. «Proud to be American» ұранының қамтыған ауқымы таңғалардық. Мәселен, осы ұран жазылған ашық хаттарды, кәдесыйларды, кеудешелерді, футболкаларды, тіпті осы атаумен шыққан кітаптар сериясын да кездестіруге болады.

Кеңес үкіметі кезінде бізде де осындай өз жетістіктерімізді ашық, даурыға насихаттау болған. Батыс, әсіресе АҚШ бізді осы үшін әжүа ететін, өзіміз де мұны анекдоттарымызды («Россия – родина слонов» /Ресей – пілдер отаны/), әндерімізде («и даже в области балета мы впереди планеты всей» /Тіпті балеттен де бүкіл ғаламшар алдында мыз/ ) күлкіге айналдыратынбыз. Бұрын қалай жетістіктеріміз бен артықшылықтарымызды айтып айғайласақ, постсоветтік

кезеңде, керісінше, дәл сондай энтузиазммен кемшіліктеріміз бен осал тұстарымызды айтудан, жазудан танбадық.

Америкалықтар өз ұстанымдарына берік болып шықты, олар қазір де «Proud to be American» деуін жалғастыруда. Ағылшындардың «proud to be English, proud to be British [ағылшын екеніме мақтанамын, британдық екеніме мақтанамын]» деп айғайлап, өздерін мадақтауларына олардың үлттық мінезі жібермейді. Бұл түрғыда олардың өз әдіс-тәсілі бар (қараңыз: II б., 1-т., 5). Міне, бұл жайында Валерий Ганичев былай деп жазады: «Иә, ағылшынның жоғары дәрежелі саясаткерлері аса білімді әрі мақсатшыл. Реті келген жердің бәріне өз одақтастарын, апологеттерді, англофилдерді (бізде русофил сөзі – билік пен баспасөздің ең жаман (балагат) сөзі) «кіргізуге» дайын тұрады».<sup>2</sup>

Бір қызығы, біздің Ресейде үгіт-насихат («Советское, значит, отличное» /Кеңестік болса, үздік, «у советских собственная гордость» /кеңестіктердің өз ожданы бар/, «великий могучий Советский Союз» /Ұлы да алып Кеңес Одағы/) кеңес адамы екенінді мақтан етуге үйрететін, алайда өз үлтynмен мақтану туралы тұспалдал болса да айтылмайтын.

Ресей «орыс екеніме мақтанамын» деген сөзді Александр Суворов кезінен бері естімеген шығар.

Америкалықтар өз еліне деген асқан адалдығы мен берілгендейгін насиҳаттауға келгенде бәрінен асып түседі. Бүкіл әлемге белгілі тауар белгісінде Made in USA [АҚШ-та жасалған] деген сөз Crafted with pride in USA [АҚШ-та мақтанышпен жасалған] деген даурықпа сөзben алмастырылған. Осы даурықпа жолдардың авторы тауар белгісіне өз сөздері жазылған арзан және сапасыз шұлықты әйгілі «Target» дүкенінен кездестірген екен.

**2. Киелі заттар мен символдарға табынушылық.** КСРО-да да, АҚШ-та да елтаңба, ту, билік пен режимнің рәміздері ашық үгіт-насиҳат ретінде маңызды рөл ойнады.

КСРО-да советтік символика (бесбұрышты жұлдыз, орақ пен балға) күнделікті өмірде өте танымал болды, мектеп дәптерлерінде, банкноттарда, театр шымылдығында, ыдыс-аяқта және т.б. бейнеленді. АҚШ түын мемлекеттік мекемелерден ғана емес, сондай-ақ қонақүйлерден, тіпті жекеменшік үйден де (АҚШ билігінің азаматтарына жасаған кеңдігінің белгісі) кездестіруге болады. Өз басым АҚШ түын Лос-Анжелестегі химиялық тазалау пунктінен және жағажайдағы киім ауыстыратын жерден көргенім бар.

Бейіт басындағы жалау әскери адамның жерленгенін білдіреді. «Атом поїзызы» (Atomic train) атты американлық фильмде кейіпкер басын өлімге тігіп, машинист кабинасындағы жалау бейнеленген кәдесыйды алу үшін апат болған поїзызға қайтып келеді.

<sup>2</sup> В. Ганичев. Из Англии, но не о ней // Завтра, 1998, № 37 (250).



Неліктен американцы және кеңестік идеология рухани тұрғыдан жақын болды? Себебі, екі елдің мақсат-міндеттері бір-бірімен үндес еді, сондықтан үгіт-насихат жүргізу әдістері де, оның тілде бейнеленуі де ұқсас болып шықты.

Кеңес басшыларының алдында маңызды да құрделі міндет тұрды. Ол – қысқа мерзім ішінде революция нәтижесінде күтпеген жерден билік пен мәдениетке араласуға мүмкіндік алған миллиондаған оқымаған, білімі төмен немесе мұлде сауатсыз шаруалар мен жұмысшыларды, яғни «қараңғы халықты» билікті ұстап тұра алатын, ғылым мен мәдениетті дамытып, елді азамат соғысының алапатынан көтере алатын мәдениетті қоғамға айналдыру. Бұл үшін лозунгтер, клишелер, плакаттар мен дауыс зорайтқыштар секілді қарапайым да өтімді үгіт-насихат әдістері керек болды. Миллиондаған адамдардың сауатын ашып («Ликбез» кампаниясы – сауатсыздықты жою), қоғамда өзін-өзі ұстауға үретіп, («Граждане люди! Будьте культурны! Не плюйте на пол, а плюйте в урны!» /Азаматтар! Мәдениетті болындар! Еденге емес, тиісті орынға түкіріндер!/ дегізіп, Маяковскийдің де тіліне тиек болған), сөйтіп жаңа мәдениет қалыптастыру қажеттігі туындағы.

орыстілді адам Я (Мен) жіктеу есімдігінің бас әріппен жазылуын қалай қабылдайды? Меніңше, ешқашан қабылдай алмас. Өйткені орыс халқының үлттық ділі мен үлттық мінез-құлқында өзінді үнемі көрсетіп отыру әдепсіз, ерсі болып көрінеді. Орыс тілінде бас әріппен жіктеу есімдігінің екінші формасы Ви (Сіз) ғана жазылады. Оның өзінде Ви есімдігі жеке адамға қатысты қолданылғанда ғана. Осы қолданыс арқылы өзіңе емес, өзге адамға, өзің сыйлайтын адамға деген құрметінді көрсетесің. Жіктеу есімдігінің екінші жақ формасының бас әріппен жазылуы сіздің сол адамға деген құрметіңізді екі еселей түседі.

Орыс тілінің синтаксистік жүйесіндегі жақсыз сөйлемдердің қолданысы туралы көп жазылған болатын. Орыс тілі грамматикасындағы осы ерекшеліктен орыс халқының бейтаныс нәрсе алдындағы қорқынышын, адам өмірі алдын ала жазылған тағдырға тәуелді (фатализм) екенін, ақылға сыймайтын дүниелер (иррационалдық), логикасыздық, қоршаған ортаны тану мүмкіндігін жоққа шығаратын (агноцистік) көзқарасты байқаймыз. Мүмкін, бұл айтылған пікірлердің дұрыс жағы да бар шығар. Мәселен, Еуропа халықтарының ертегілері «Бірде король өз бақшасында ағаш өсірді» десе, орыс халқының ертегісі «Бірде корольдік бақшада әғаш көктеді» деп басталады. Әдетте тілдегі жақсыз құрылымдардың көптігі мен түрлілігі (светает, мне хорошо, штурмило) адамзат баласының болмысты соңына дейін танып түсіну мүмкін еместігін бейнелеуінде қолданылады<sup>15</sup>.

Айталық, солдата ранило миной, крышу сорвало ветром (мина солдатты жарапады, жел шатырды жұлдып кетті) сияқты жақсыз құрылымдар соғыста орын алатын қайғылы оқиғалар мен сұрапыл апатты құбылысты суреттеуде қолданылған<sup>16</sup>. Орыс тілінің мұндай синтаксистік құрылымға деген қызығушылығы орыс халқының үлттық ділінде жатқан болар. Жоғарыда берілген мысалдар жеке индивидтің белсенді әрекетін көрсетпеуге, болған оқиғаға қатысты өз мойнына жауапкершілікті алғысы келмейтінін көрсетеді.

Орыс тілінде жақсыз сөйлемдер мен соған сәйкес түзілетін синтаксистік модельдер қолданылатын жерде ағылшын тілінде жіктеу есімдігі қолданылады:

покурить бы (темекі шексек) – I feel like smoking;  
думается, что (ойланарлық...) – I think;  
есть охота (қарын ашты) – I am hungry;  
холодает (сүйтты) – It's getting cold;  
мне холодно (маған сүйк) – I am cold (тоңдым);  
мне не спится (үйқым келмеді) – I don't feel like sleeping;  
тебя ранило (сені жарапады) – are you wounded.

<sup>15</sup> А. Мустайоки. IX Международный Конгресс МАПРЯЛ, Братислава, 1999.

<sup>16</sup> З. Трестерова. Некоторые особенности русского менталитета и их отражение в некоторых особенностях русского языка // IX Международный Конгресс МАПРЯЛ. Русский язык, литература и культура на рубеже веков. Т. 2. Братислава, 1999, 179 б.

Демек, ағылшын тілінде I (мен) жіктеу есімдігінің бас әріппен жа-  
зылуынан жеке тұлға өзінің іс-әрекетіне қатысты барлық жауапкер-  
шілікті өз мойнына алатынын көреміз. Орыс тілінде адамға қатыс-  
ты іс-әрекеттің де, жауапкершіліктің де жақтық формасы жоқ, жеке  
тұлға қоғамға, табиғатқа, апatty жағдайлар мен тылсым күштерге  
сіңіп кеткен.

Енді лексикаға назар аударайық.

### *§ 3. Саяси әдеп немесе тілдік тект*

Батыс идеологиясының, әсіресе ағылшын тіліндегі өкілдің жеке  
тұлғаға деген өзіндік ерекшелігін орыс халқының дүниетанымы  
мен рухани әлеміне қарсы қоя отырып салыстырайық. Салыстыру  
нәтижесінде ағылшын тілінде жоғары мәдениеттілік пен тілдік қол-  
даныстың өзара байланысы негізінде «саяси әдеп» (политическая  
корректность) ұғымы қалыптасты.

Бұл үрдіс жиырма жыл бұрын «ағылшын тілінің үстемдік етуі мен  
оны жоюды талап еткен» африкалықтардың көтерілісі негізінде қалып-  
тасқан болатын (Али Мазрудің жоғарыда берілген еңбегін қараңыз).

Саяси әдеп жеке тұлғаның намысына тиетін, сезіміне кері әсер  
ететін тілдік бірліктерді тілдік қолданыстан ығыстырып шығаруға  
бағытталды. Тілдік жүйедегі мұндай тілдік бірліктердің орнын бейта-  
рап немесе жағымды бағалауыштық мәнді иеленетін эвфемизмдер-  
мен алмастырып, қолданысқа енгізді. Жалпы лингвистика тарихында  
бұл мәселе алғаш рет Америка лингвистикасынан бастау алады. Бұл  
мәселеде американлықтар біраз нәрсеге қол жеткізді. Ағылшын тілін  
халықаралық және мәдениетаралық тіл ретінде түрлі ұлт өкілдері  
мен нәсілдері қолданады. Осы себепке байланысты түрлі ұлт өкілдері  
ағылшын тіліне өз талаптарын қоя бастады. АҚШ-тың тұрғындары  
түрлі мәдениет өкілдерінен тұратындықтан, ерекше мемлекет ретін-  
де саналады. Соңдықтан Америкада халықаралық, мәдениетаралық  
және ұлтаралық мәселелер ерекше назар аудартады. Сонымен қатар  
бұл мемлекетте туған жерінен бақыт таба алмай, сол бақытты іздел  
келгендер шоғырланған. Осы себептен де ешкімге тәуелсіз емін-ер-  
кін өмір сүрсем деген жеке тұлғаның арманы бұл елде шарықтау  
шегіне жетті. Яғни индивидуализм негізі – мемлекеттің идеология-  
сының, экономикасының, саяси және мәдени өмірінің негізгі тірегіне  
айналды. Тілдегі мәдениеттіліктің негізі адамды ренжітүге жол бер-  
мейтін, оның намысына тимейтін, адамның өмірі мен денсаулығына  
жағымды әсер етуі сынды әрекеттерден тұрады. Мұндағы идеяның

өзі жақсы нәрсе, әрқашан қолдауға тұрарлық мәселе. Алайда саяси әдеп terminiң өзі «саяси» сөзінің салдарынан сәтсіз шыққан. Өйткені саясат сөзінің өзі белгілі бір саяси себептерге орай, рационалды таңдауды (яғни шынайы емес) талап етеді, бұл шынайылық тұрғысынан алғанда адамға деген жақсы қарым-қатынасты, тілдік тактиканы үстану талпынысына қарама-қайшы.

Тілдік тект (linguistic tact)<sup>17</sup> термині де сәтті шықпады. Олай дейтініміз, «саяси әдеп» үғымы өзге тілдерде термин сөз ретінде қалыптасты. Оны дамудың кемеліне жеткен кезде өзгерту мүмкін емес.<sup>17</sup>

**Тілдері саяси сыпайылық жеке тұлғаның сезімі мен ар-намысын, оның құқығын жерге таптайтын, жеке тұлғаның жас ерекшелігі мен денсаулық жағдайы, әлеуметтік мәртебесі, сыртқы келбетіне қатысты жағымсыз реңкі бар тілдік бірліктерді жаңа тілдік тәсілдермен алмастыруды көздейді.**

Тілдегі бұл әрекет жоғарыда айтылғандай, ағылшын тілін қолданушы африкалықтардан басталған болатын. Африка халқы ағылшын тіліндегі black (черный) сөзінің метафоралық қолданыстағы жағымсыз мәніне қарсы шыққан болатын. Осы мәселе әйел құқығы үшін күресіп жүрген феминистік қозғалыс үйімінің назарына бірден ілікті.

Нәсілдік тұрғыдан жіктелуді мензейтін сөздер мен сөз тіркестері саяси әдеп негізінде қандай семантикалық өзгеріске ұшырағанын төменде берілген мысалдардан байқалады:

Negro > coloured > black > African American / Afro-American [негрлер > тұрлі тұстілер > қара нәсілді > африкалық америкалық / Афро-америкалық];

Red Indians > Native Americans [қызыл тәнді үндістер > Американың жергілікті халқы].

Феминистік қозғалыстың жеңісі тілдің барлық деңгейінде, сонымен қатар американлық ағылшын тілі сияқты өзге де диалектілер жүйесіне өзгерістер енгізді. Мәселен, әйел адамға қаратпа айтылған Ms сөзі аналогия заңы негізінде Mr қаратпа сөзі секілді оның тұрмысқа шыққанын (Mrs [миссис]) немесе тұрмысқа шықпағанын (Miss [мисс]) айқындалап бере алмайды. Бұл қаратпа сөз ресми ағылшын тіліне сәтті енгізілді десе де болады. Енді бұл қолданыстың ауызекі тілге енгізу жолдары қарастырылуда.

Адамның жыныстық ерекшелігін білдіретін қосымша морфемалар, мәселен, -тап: chairman [представитель, өкіл]], businessman [бизнесмен], salesman [торговец. саудагер] немесе -ess: stewardess [стюардесса] тілдің лексикалық құрамынан өзі жалғанған сөз арқылы ығыстырып шығарылуда.

chairman [председатель] > chairperson (төраға);

spokesman [делегат] > spokesperson (делегаттар);

cameraman [оператор] > camera operator (оператор);

<sup>17</sup> S.Ter-Minasova.  
Language, linguistics and Life (A view from Russia).  
Moscow, 1996,  
p. 120–122.



foreman [начальник, бастық] > supervisor (супервайзер);  
fireman [пожарник] > fire fighter (өрт сөндіруші);  
postman [почтальон] > mail carrier (пошташы);  
businessman [бизнесмен] > executive [исполнительный директор]  
немесе – business woman (атқарушы директор немесе іскер  
әйел;  
stuardess [стюардесса] > flight attendant (стюардесса);  
headmistress [директриса] > headteacher (бастық, басшы).

Women сөзі қазіргі ағылшын тілінде көбінесе womyn немесе wimmin түрінде жазылып жүр. Есім сөздің тектік көрсеткіші белгісіз болған жағдайда дәстүрлі түрде қолданылатын his [его, оны], him [ему, оған] жіктеу есімдіктері жаңа тілдік бірліктермен his / her [его / ее, оны], көптік мағынада their (их, оларды) болып алмастырылған: Everyone must do his or duty [Каждый должен выполнять свой (букв. его) долг > каждый/ая должен (должна) выполнять свой долг (букв. его или её, его / ее); долг > все должны выполнять свой (букв. их) обязанности]. [Мұндай тектік көрсеткішті қазақ тіліне аудару мүмкін емес, өйткені қазақ тілінде тектік категориясы жоқ. Эркімнің өзіне тиесілі міндеттерді атқаруы мен контекст негізінде айқындалады – Аудармашылардан].

Жазба мәтіндерінде көбіне he/she [он/она] дегеннің орнына she/he деп жазу жи қолданысқа түсін.

Қазіргі ағылшын тіліндегі детективті шығармалардың өзіндік ерекшелігі ретінде қылмыскердің тегін жасыруға барынша күш салатынын атап көрсетуге болады. Қылмыскердің әйел не ерек жынысты еkenін дәйектейтін грамматикалық көрсеткішсіз берілуі детективті шығармада бастауыш қызметіндегі one person [бір адам] тұлғасы толықтауыш қызметіндегі their guilty knowledge [олардың қылмыстық білімі] бірлігімен берілуі арқылы оқырманның қылмыскердің тез табуына өзіндік себебін тигізеді. Мысалы:

Ол Найтингейл Хаузда қаңылтырды қайдан тапқанын ешкімге айтқан емес. Бірақ бір адам оның қайда жасырынғанын билетін еді. Сол адам ойламаған жерден олардың қылмысын ашып қоюы мүмкін еді.

<sup>18</sup> P.D. James. Shroud for a Nightingale. London, 1989, p. 192.

He had no intention of telling anyone in Nightingale House where the tin had been found. But one person would know where it had been hidden and with luck might inadvertently reveal their guilty knowledge.<sup>18</sup>

Осы шығармада:

Everyone who should be in Nightingale Hous was in her room [Найтингейл Хаузда болуға тиісті адамдардың барлығы оның бөлмесінے жиналды]. Көзге бірден түсетін «барлық, жалпы» деген мағынаны иеленетін everyone сөзі [все; всякий, всякая, всякое, бәрі, барлығы] room бірлігімен [оның бөлмесі] қолданысқа түсуі, Найтингейл Хауздағы тұрғындарының бәрі – әйел еkenін аңғартады.

Төмөнде берілген мысалдар ағылшын халқы мүмкіндігі шектеулі әлеуметтік топтардың құқығын қорғау мақсатында тіл арқылы олардың көніл күйіне жағымсыз әсер ететін ұғымдарды қолданбауға тырысады:

invalid > handicapped > disabled > differently-abled > physically challenged [мүгедек > физикалық > ақыл-ой кемістігі > жарымжан > өзге де мүмкіндігі шектеулі > өзінің физикалық жағдайына қарамастан бар қындықты жеңіп шыққан адам];  
retarded children > children with learning difficulties [ақыл-ой кемістігі бар балалар > оқытуда қындық тудыратын балалар];  
old age pensioners > senior citizens [зейнет жасындағы кісілер > үлкен кісілер];  
poor > disadvantaged > economically disadvantaged [кедейлер > мүмкіндіктері аз > материалдық жақтан қысым көрушілер];  
unemployed > unwaged [жұмыссыздар > жалақы алмайтын адамдар];  
slums > substandard housing [қаланың лас, шеткергі, қараңғы жерлері > стандартқа жауап бермейтін баспана];  
bin man > refuse collectors [қоқысты ақтарып жүрген адам > қажетсіз заттарды жинаушы адам];  
natives > indigenous population [жергілікті тұрғындар > ежелгі тұрғындар];  
foreigners > aliens, newcomers [шетелдіктер > бейтаныс адамдар; шеттен келгендер, бұл жердің тұрғындары емес];  
foreign languages > modern languages [шет тілдері > қазіргі заман тілдері];  
short people > vertically challenged people [ортадан төмен бойлы адамдар > өзінің тік бағыттағы пропорциясы бойынша қындықты жеңіп шыққан адам];  
fat people > horizontally challenged people [толық адамдар > өзінің көлбесу бағыттағы пропорциясы бойынша қындықты жеңіп шыққан адам];  
third world countries > emerging nations [үшінші әлемнің мемлекеттері > жаңадан пайда болушы ұлттар];  
collateral damage > civilians killed accidentally by military action [бірге ілесе жүретін шығындар > соғыс кезінде кездейсоқ қаза тапқан бейбіт тұрғындар];  
killing the enemy > servicing the target [дұшпанның көзін жою > дәл көзделеп ату].

Жануарлар әлеміне қатысты антропоцентризмге жол бермеу үшін, адамзат баласымен бірге осы ғаламшарда өмір сүрге тең құқы бар өзге де дүниелердің бар екенін айқындау үшін

ағылшын тілінде қолданылатын pets [үй жануары] сөзінің орнын animal companions [жануарлар дүниесі] сөз тіркесі, сондай-ақ house plants > botanical companions [үй өсімдіктері] > өсімдіктер дүниесі, өлі табиғаттағы заттар – mineral companions [минералдар дүниесі] тілдік бірліктері қолданысқа түскен. Өйткені мұндағы pets сөзінің астарында осы үй жануарларының иесі бар деген астарлы түсінік жатыр.

Сұлулықты, жаңға жайлы дүниелерді ұсқынсыз, жайсыз нәрселермен салыстыру саяси әдептілікке жатпайды. Осындай саяси әдептілікке жатпайтын нәрселер lookism (look сөзі ағылшын тілінде «көрү, тексерү») деген мағынаға ие болған – favouring the attractive over less attractive [сүйкімсіз нәрсеге қарағанда тартымды, сүйкімді нәрселерді артық көрү]. (Ең бастысы, негізгі lookist «ұлы эстетист» болған сияқты, өйткені Оскар Уайлд өзінің эстетикалық принциптерімен сұлулық әлеміне табынған).

Саяси әдеп мәселесі ағылшын тілінде кеңінен таралғанымен, тілдегі мәдениеттілікті сақтау үшін қалыптасқан тілдік бірліктердің кейбірі адамның құлқісін (history [тариҳ] сөзін herstory түрінде айту) тудырды. Нәтижесінде «саяси әдептіліктің тиімділігі» төмендеп, кейде мүлде керісінше жағдайлар да кездесіп қалады.

Чикагодан шыққан жазушы және актер Джеймс Финн Гарденер халық арасына кең таралған, танымал ертегілерді саяси әдеп принципін ұстанып, қайта жазып шығады. Жазушының кітабы «Politically Correct Bedtime Stories» деген атаумен Нью-Йорк, Торонто, Оксфорд, Сингапур және Сиднейде бір үақытта басылып шықты. Нәтижесінде ертегілер жинағы нөмірі бірінші бестселлер кітапқа айналды.<sup>19</sup>

Осы кітаптың алғы сөзінде автор халық саяси әдептілікті бұр-  
малады деген кінә артпас үшін (был жерде де юморға жол беріледі) алдын ала ескертеді: «If, through omission or commis-

sion, I have inadvertently displayed any sexist, racist, culturalist, nationalist, regionalist, ageist, lookist, ableist, sizeist, speciesist, intellectualist, socioeconomicist, ethnocentrist, phallocentrist, heteropatriarchalist, or other type of bias, as yet unnamed, I apologize and encourage your suggestions for rectification».

«Саяси сыпайылық» негізінде жазылған ертегілер арнағы комментарийді қажет етпейді. Төменде ертегіден алынған үзінділер абсурд дәрежесіне дейін жеткізілген саяси әдеп үрдісінің жүйелілігін көрсетеді.

<sup>19</sup> J. F. Gardner. Politically Correct Bedtime Stories. New York, Toronto, Oxford, Singapore, Sydney, 1994.

Егер мениң назарымнан тыс қалған немесе онша мән берілмей, қандай да бір жыныстық, әсілшілдік (расистские), мәдени (культурристские), ұлттық (националистские), діні (религиозные), «лукист», әлеуметтік-экономикалық, этноцентристік, (фаллоцентристские), патриархалдық (гетеропатриархалистские) көзқарастар, сондай-ақ өзге де сыпайы түрде жеткізуге болатын мүмкіндіктерге, айталық тектік көрсеткіш, өлшем, ақыл-ой қабілетіне байланысты дүниелер назарымнан тыс қалса, сіздерден алдын ала кешірім сұраймын. Сондай-ақ өз ұсыныстарыңызды маған жеткізуге тырысулырыңызды өтінемін.

## The Three Little Pigs

Once there were three little pigs who lived together in mutual respect and in harmony with their environment. Using materials which were indigenous to the area, they each built a beautiful house... One day, along came a big, bad wolf with expansionist ideas. He saw the pigs and grew very hungry in both a physical and ideological sense. When the pigs saw the wolf, they run into the house of straw.

The wolf ran up to the house and banged on the door, shouting, «Little pigs, little pigs, let me in!»

The pigs shouted back, «Your gunboat tactics hold no fear for pigs defending their homes and culture».

But the wolf wasn't to be denied what he thought was his manifest destiny. So he huffed and puffed and blew down the house of straw. The frightened pigs ran to the house of sticks, with the wolf in hot pursuit. Where the house of straw had stood, other wolves bought up the land and started a banana plantation.

At the house of sticks, the wolf again banged on the door and shouted, «Little pigs, little pigs, let me in!»

The pigs shouted back, «Go to hell, you carnivorous, imperialistic oppressor!»

At this, the wolf chuckled condescendingly. He thought to himself: «They are so childlike in their ways. It will be a shame to see them go, but progress cannot be stopped».

So the wolf huffed and puffed and blew down the house of sticks. The pigs ran to the house of bricks, with the wolf close at their heels. Where the house of sticks stood, other wolves built a time-share condo resort complex for vacationing wolves, with each unit a fiber-glass reconstruction of the house of sticks, as well as native curio shops, snorkeling, and dolphin shows.

At the house of bricks, the wolf again

## Үш торай

Ертеде үш торай тату-тәтті, табиғатпен етene жақын өмір суріп жатады. Өз өлкесінің табиғи материалдарын пайдалана отырып, әрқайсысы өзіне әдемі үйшік салып алады. Бір күні оларға жауыз қасқыр келеді. Қасқыр торайларды көре салып, өзінің идеологиялық және физиологиялық тұрғыдан қарны ашқанын сезеді. Жауыз қасқырды көрген торайлар өздері салған сабан үйге тығылады.

Қасқыр торайлар тығылған үйге жүгіріп келіп, есікті тарсылатып: «Торайлар, торайлар, мені үйге кіргізіңдер!» – деп айқайлайды.

Торайлар қасқырға: «Сенің үстанған интервенттік тактикаң (басқа бір елдің өміріне зорлықпен қол сұғу) үйіміз бен мәдениетімізді қорғай алатын торайларды қорқыта алмайды!», – деп жауап береді.

Бірақ қасқыр өзінің тәғдышы деп санаған дүниесінен айырылғысы келmedі. Ол өзі қиналып ауыр тыныс алып жүрсе де, салынған үйді қатты соққымен құлатады. Корықсан торайлар қасқырдан қашып, шырпыдан салынған үйге тығылады. Ал қасқырлар болса, бұрынғы сабан үйдің орнына бапнан есірептін плантация салады.

Шырпыдан салынған үйге қасқыр тағы келіп, есігін тарсылатып: «Торайлар, торайлар, мені кіргізіңдер!» – деп айқайлайды.

Торайлар оған: «Кет, жыртқыш импералист!». Қасқыр: «Бұл торайлардың қылыштары кішкентай баланік сияқты екен. Эйтсе де, өркениеттің аты өркениет, олардың жер бетінен жойылып кететіні, өкінішті», – деп ойлайды.

Сөйтіп қасқыр өзі әрекеттің тыныс алып жүрсе де, шырпыдан тұрғызылған үйді соққылап, қызыры құлатады. Торайлар ол жерден де қашып шығып, кірпіштен салынған үйге барып тығылады.

Қасқырлар бұрынғы шырпыдан салынған үйдің орнына демалушыларға арналған тайм-шер шипажайын салады. Демалыс кешенінің әрбір бөлігі шыны материалдан салынды. Сирек кездесетін заттар сататын арнағы дүкендер ашылды, су астында жұзуге арналғын хауыз салынады. Бұл хауызда дельфиндер шоуы қөрсетілетін болды.

Қасқыр кірпіштен салынған үйдің есігін тарсылатып: «Торайлар, торайлар, мені кіргізіңдер!» – деп айқайлайды.

Бұл жолы торайлар оған жауап ретінде ынтымақтастық әнін айтады, сонымен қатар Біріккен Ұлттар Хұмынына өздерінің наразылығын билдіріп хат жазады.

Торайлардың қарсы болғанына ашуланған қасқыр үйді соққылай береді, соққылай береді. Әбден деміріп, ырсылдаған қасқыр бір үақытта жүрегін үстап құлап түседі. Қасқыр майлы тамақтарды әдеттеп тыс көп жеуші еді, сөйтіп қан тамырларының соғысы баяулап, салдарынан инфаркт алады. Міне, осылай қасқырдың демі таусылды.

Бұған әбден қуанған торайлар әділдіктің орнағанына риза болады. Қасқырдың мәйітін айналып, өздерінің биін билейді.

Торайлардың ендігі басты мақсаты – жауланған жерлерді өздеріне қайтарып алу болатын. Олар торайлардан жасақ құрап, өздерінің туған жерін қасқырлардан азат етеді. Ядролық қару-жарақтар мен автоматтармен қаруланған торайлардың жаңа бригадасы шипажай кешенін атқылап, жауыз қасқырлардың көзін жояды.

Осылайша, торайлар дүниежүзіне өзге елдің ішкі ісіне арасында соның қандай өкінішке уласатынын паш етіп, өзгениң жеріне қол сұғудың қажеті жоқ екенін көрсетіп берді.

Торайлар өз жеріне өзгелерге үлгі боларлықтай социалистік демократиялық мемлекет қалыптастырады. Бұл мемлекетте тегін білім беріліп, жалпы халықтың денсаулығын сақтау, қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету бағдарламасы жүзеге асырылды. Дегенмен бұл оқиғадағы қасқыр образы метафоралық қолданыста алынып отыр. Осы ертегінің жазылу барысында бірде-бір қасқыр зардап шеккен жоқ.

and huffed and puffed, then grabbed his chest and fell over dead from a massive heart attack brought on from eating too many fatty foods.

The three little pigs rejoiced that justice had triumphed and did a little dance around the corpse of the wolf. Their next step was to liberate their homeland. They gathered together a band of other pigs who had been forced off their lands. This new brigade of porcinistas attacked the resort complex with machine guns and rocket launchers and slaughtered the cruel wolf oppressors, sending a clear signal to the rest of the hemisphere not to meddle in their internal affairs. Then the pigs set up a model socialist democracy with free education, universal health care, and affordable housing for everyone.

Please note: The wolf in this story was a metaphorical construct. No actual wolves were harmed in the writing of the story\*

### Ақшақар (Белоснегка)

Ертеде үскінсіз бір ханшайым өмір сүріпті. Бірақ оның көркем мінезі айналасындағыларға шуақ шашып тұрыпты. Сондықтан да жүрт оны қатты жақсы көріпті. Оны бәрі Ақшақар деп атайды. Қалыптасқан түсінік бойынша, көңілге жағымды әрі сүйкімді дүниені – ақ түспен, жағымсыз немесе жексүрін дүниені – қара түспен адіптейтін әдетпен оны Ақшақар деген. Сейтіп, Ақшақар (Белоснегка) терісінің түсіне байланысты бала көзінен кемсітудің сәтті нысанасына айналды.

unpleasant or unattractive qualities with light, and Snow White was an unwitting if fortunate target for this type of colorist thinking.

### Snow White

Once there was a young princess who was not at all unpleasant to look at and had a temperament that many found to be more pleasant than most other people's. Her nickname was Snow White, indicating of the discriminatory notions of associating pleasant or attractive qualities with light,

and unpleasant or unattractive qualities with darkness. Thus, at an early age

### Күлбике (Золушка)

Ерте, ертеде Күлбике есімді бір қызы болыпты. Кішкентай кезінде оның анасы қайтыс болып кетіпти. Біраз жыл өткен соң, әкесі екі бойжеткен қызы бар әйелге үйленіпті. Өтей шешесі Күлбикеге өте қатал қарапты. Ал өгей әпкелері оны ала таңнан қара кешке дейін, құр сұлдері қалғанша жұмыс істеуге мәжбүрлепті. Олар үшін Күлбике басыбайлы күң іспетті еді. Бірде олардың үйіне шақыру қағазы келеді. Ханзада маргинанданған шаруашылықты пайдала беру үшін кедей-кепшіктермен бал-карнавал өткізбек болады. Күлбикенің өгей әпкелеріне бұл оқиға ерекше әсер етеді. Олар Құдайдың бермеген сұлұлығын қолмен жасау үшін барынша таранып, сыланады.

### Cinderella

There once lived a young woman named Cinderella, whose natural birth mother had died when Cinderella was but a child. A few years after, her father married a widow with two older daughters. Cinderella's mother-of-step treated her very cruelly, and her sisters-of-step made her work very hard, as if she were their own personal unpaid laborer.

One day an invitation arrived at their house. The prince was celebrating his exploitation of the dispossessed and marginalized peasantry by throwing a fancy dress ball. Cinderella's sisters-of-step were very excited to be invited to the palace. They began to plan the expensive clothes they would use to alter and enslave their natural body images to emulate an unrealistic standard of feminine beauty. (It was especially unrealistic in their case, as they were differently visaged enough to stop a clock.) Her mother-of-step also planned to go to the ball, so Cinderella was.

### **Jack and the Beanstalk**

Once upon a time, on a little farm, there lived a boy named Jack. He lived on farm with his mother, and they were very excluded from the normal circles of economic activity. This cruel reality kept them in straits of direness, until one day Jack's mother told him to take the family cow into town and sell it for as much as he could.

Never mind the thousands of gallons of milk they had stolen from her! Never mind the hours of pleasure their animal companion had provided! And forget about the manure they had appropriated for their garden! She was now just another piece of property to them. Jack, who didn't realize that nonhuman animal have as many rights as human animals – perhaps even more – did as his mother asked.

On his way to town, Jack met an old magic vegetarian, who warned Jack of the dangers of eating beef and dairy products.

Келтірілген мәтіндер түсіндіруді қажет етпейді. Назарларыңызды бұған дейін қалыптасқан сөздердің «саяси тұрғыдан түзетілген» нұсқаларына ғана аударғымыз келеді.

Snow White пен Белоснежка (Ақшақар) сөздері екі тілде де дұрыс беріліп тұрған жоқ. Өйткені, white және бело – (ақ) сөздері «ақ» – жақсы, «қара» жаман деген идеясы арқылы наследшілдік сипат алғып тұр.

Джек пен оның анасының өмірін сипаттаған сәттегі бұған дейін қалыптасқан very poor [өте кедей] сөзінің орнына very excluded from the normal circles of economic activity [экономикалық белсенделіктің қарапайым салаларынан мақұрым қалу] сөзі қолданылып тұр. Басқа ертеңдегі very poor сөзінің орнына саяси тұрғыдан дұрыс –

(Бірақ олардың сиықсыз сырт келбетін әрлеп, әуреленудің қажеті де жоқ еді. Өйткені ертеңде суреттегендей, олардың ебедейсіз қозғалысынан сафаттың өзі жүрісінен жаңылатын). Оның өгей шешесі де балға барғысы келеді. Сөйтіп Күлбикеге арбаға жегілген ақ тиіндей (жақсы метафора, бірақ өкінішке қарай, жан-жануарларды қорлайды) титындаға тұра келеді.

### **Джек және бұршақ ағашы (Джек и бобовое дерево)**

Ерте, ерте, ертеде шағын фермада Джек атты кішкентай бала өмір сүріпти. Фермада ол анасымен бірге тұрыпты. Олар шаруашылықты өнімдегілікten әкетудің көзін таплапты (экономикалық белсенделіліктің қарапайым салаларынан мақұрым қалған). Өздерінің жұпымы тіршілігінен қатты қысылатын. Қүндердің бір күнінде Джектің анасы сиырды қалаға апарып, оны барынша қымбат бағаға сатуды тапсырады. Бұған дейін өздеріне адаптацияның қаншама ігілікке келетін, ләззат сыйлағаны үміт болды! Олар шелектеп ішкен астада сүтті де бір сәтте үмітті. Олар сиыр жапасымен бақшаларын тыңайтқанын да естен шығарды! Бұдан былай сиыр олардың жекеменшігінің бір бөлшегі іспетті ғана көрінді. Жануарлардың да адамдар сияқты құқыққа ие екенін (бәлкім одан да артық) түсіне қоймаған Джек анасының бүйірін орындауды.

Жол-жөнекей ол қарт сиқыршы-вегетарианды кездестіреді. Ол Джекке сиыр сүтін ішіп, етін жесе, қандай қауіпке тап болатыны жөнінде әңгімелеп береді.



very economically disadvantaged [экономикалық тұрғыдан қысым көрген] сөзі қолданылған.

Үш лақ туралы ертегіде ең кішкентай лақ (the smallest) төмендегідей сипатталған: this goat was the least chronologically accomplished of the siblings and thus had achieved the least superiority in size [бұл лақ өзге ағайындарымен салыстырғанда хронологиялық тұрғыдан дамуы тежелді, сөйтіп қажетті көлемге жете алмады]».

Күлбикенің ұсқынсыз әпкелері differently visaged [сымбаты стандартқа сай емес], ал әдемі Ақшақар «бағаламау» заңымен – understatement: not at all unpleasant to look at [көрер көзге сүйкімсіз] деп аударылды. Әрине, Қызыл телпектің

себетінде саяси тұрғыдан қате самсалар мен майлар болған жоқ.

Онда Қызыл телпек әжесіне тұсіндіре кететін a basket of fresh fruit and mineral water, себette жеміс-жидектер мен минерал сұлардың болуының өзі тұсінікті: Red Riding Hood entered the cottage and said: «Grandma, I have brought you some fat-free, sodium-free snacks» [Қызыл телпек үйге кіріп: «Әже, мен сізге майсыз, натрийсіз самсалар әкелдім» деп дауыстайды].

Тілді дамытудың бағыты ретінде саяси қателікке бой үрмау көптеген сауалдар мен күмәнді, сынды тұдырды. Әрине, тілде стилистикалық бейтарап «қорықтарды» жасау сөздердің жаңа коннотацияға ие болу мүмкіндігін арттырады, бұл үнемі жағымсыз сипатта белен алып жатады.

Халықаралық дәрежедегі советтік лингвист профессор О.С. Ахмановың лингвистикалық мектебінде осындай эксперимент жасалған еді. О.С. Ахманова мен оның шәкірттері (осы жолдардың авторы мен де шәкірттерінің бірі болғанымды мақтанышпен атап өткім келеді) лингводидактикалық және лингвопрагматикалық мақсатта ағылшын тілінің «The English We Use» оқулығының нұсқасын жасап шықты. Бұл нұсқаулықтағы кейбір ерекше нәтижелер О.С. Ахманова мен Р. Идзелисаның «What is the English We Use?»<sup>20</sup> атты кітабында, И.М. Магидованың<sup>21</sup> докторлық диссертациясында, өзге де көптеген диссертациялар мен Ахмановың лингвистикалық мектебінің ғылыми мақалаларында пайдаланылды.

Зерттеу пәні ағылшын тілі – шет тілі ретінде екі түрде ұсынылады: 1) The English We Speak About, яғни ағылшын тілін үйрену машығына (recognition skills) – оқу және оқығаныңды қабылдай

<sup>20</sup> O. Akhmanova, R.F. Idzelis. What is the English We Use? Moscow, 1978.

<sup>21</sup> И.М. Магидова. Теория и практика прагмалингвистического регистра английской речи. Докт. дисс. М., 1989.

білу машиғына бағыттау; 2) The English We Use – сөйлеу (production skills) машиғын дамытуға бағытталған ағылшын тілі – жазу және сөйлеу. Ағылшын тілі оқулығының бүл нұсқасының (И.М. Магидованың терминологиясы бойынша, прагмалингвистикалық стиль) негізінде модельденген мәтіндер жатыр. Модельденген мәтін дегеніміз – шетелдік тіл үйренуші көшірге, жаттауға және пайдалануға келмейтін ғылыми принциптер бойынша жасалған мәтін; ондағы әрбір сөз, әрбір сөз тіркесі, әрбір грамматикалық форма (ауызша түрде – әрбір дыбыс) – үлгі ретінде берілуі керек, яғни қазіргі заман нормаларының формасы түрғысынан таза әрі дұрыс ұсынылған тіл.

Тілдің жоғарыдағы негізгі екі «түрі» – біздің сөйлейтін тіл тұралы және сөйлейтін тіліміздің екі түрлі қызметтік стилін (көркемдік және ғылыми), сондай-ақ тілдің ең маңызды функциясы – әсер ету мен ақпараттандыруды көрсетеді.

The English We Use, «біз пайдаланатын ағылшын тілі» – ағылшын тілін шет тілі ретінде үйретуге арналған оқулық нұсқасы, стилистикалық түрғыдан бейтарап, ғылыми түрде сүзгіден өткен, шетелдіктер үшін «қауіпсіз» оқулықтардың тілі, лингафон курстары т.т. тілді белсенді игеруге, тілдің ауызша және жазбаша дағдыларын дамытуға бағытталған. 70–80-жылдары ММУ-дің филология факультетінің ағылшын тілі кафедрасы тілдің осындағы әртүрлілігіне арналған жалпы филология мен лингвистика бойынша көптеген оқу құралдарын басып шығарды. Саяси әдеп түрғысынан бүл идея өте дұрыс әрі иғілікті, ғылыми негізделген іс болған еді (біз мықтымыз, сөйлей аламыз дей тұра, білгенімізді сөйлеуде қолдана алмай қалатын ыңғайсыз жағдайларға тап болмас үшін ағылшын тілін арнайы үлгімен үйрену керегін түсінуіміз қажет болды). Бірақ қорық-қоршауда қалған қолданыстағы тіл шекаралардың быт-шытын шығарды. Стилистикалық түрғыдан таңдалған бейтарап фразалар кафедраның құпия кілт сөзіне айналып, коннотациясын әр сақта жүгіртті, оларды пайдалану белгілі бір мақсатты көзdedі, сөйтіп жиі құлкіге ұшырап отырды.

Мәселен, «the problem has not received all the attention it deserves» [мәселе қажетті деңгейде зерттелмегі] секілді бірдей жаттанды ырғақпен айтылатын негізгі фразалар құлқілі естіліп, құпия, жалпы, кілт сөзге айналып, көңіл көтеру объектісі болды. Алайда біз таңдалған идея дұрыс еді. Сол себепті де, ол идеядан бас тарта алмадық, бас тартуды ұсынып та отырған жоқпыз. Бүл оны модификациялауды, біршама икемді түрде пайдалануды, лексиканы «қорықтың» қатал қоршауына тықпаламай, жаңа формаларды енгізуі тым жылдамдатпай, кез келген мәселенің шет-шегін ойлай отырып енгізу қажеттігін сезіндірді.


Тілдің саяси әдебі жеке тұлғаның құқығы мен қадір-қасиетін қорғауға бағытталған. Сондықтан да адамзаттың әртүрлі шектен тыс

босяки) 20–30 жылдары үйсіздер мен панасыздар ығыстырып тастады. Кейін бұл сөздер үйсіздер мен панасыздардың жоғалуымен бірге айналыстан шығып қалды, ал посткеңестік Ресейде олардың қайта пайда болуына байланысты қолданысқа бомж деген милициялық термин (тұратын жері жоқ сөзінің қысқартылған түрі – без определенного места жительства) енді. Одан бомжиха, бомжевать т.т. сөздері туындағы. Сонымен екі тілді салыстыра келе, ағылшын тілінің адамға деген қарым-қатынасы сыпайы, қамқор, сезімтал екенін айқын байқаймыз, керісінше орыс тілі қарама-қайшы идеология әсерінен мұндай сыпайылық пен әдептілікті көзге ілмейді.

Алайда ағылшын тілінің кең қолданыстағы материалын үйрену тілдің шынайы тамыры мен идеологиясын және тілдің оған сай реакциясын айқындаиды. Негізінен ағылшын тілінің сыпайылығы коммерциялық мотивтен туындаған. Батыс идеологиясының негізінде жекелеген адам болашақта оның клиенті, сатып алушысы, абоненті немесе жолаушысы болуы мүмкін деген идея жатыр. Сол себепті осы клиентті (сатып алушыны, т.т.) дүкеніце, компанияң мен үйымиңа тарту үшін қорқытпау, үркітпеу керек, өзіне тартып, жақыннату, мәпелеу керек, қажет болса оған бірдеңе сатып не одан бірдеңе сатып алу керек.

Бұл адам-клиентке арналған коммерциялық сыпайылық және коммерциялық қамқорлық. Бұл мәселеде ағылшын тілі жоғары шеберлік деңгейіне жетіп отыр. Мәселен, көліктің әр түрлінің жолаушылары 1) first class [бірінші дәреже] – бұл үлкен бедел, бірінші дәреже адамның беделін өзінің және өзгенің алдында көтереді; 2) business (club) class [бизнес-дәреже (клуб)] – бұл да таңдаулылар, бірақ дәрежесі алдыңғымен салыстырғанда сәл тәмен, соған сай билеттер де арзандау; 3) қалғандары, бірақ екінші дәреже емес. Екінші дәреже деген мүлдем болған емес. Клиент екінші дәреженің немесе екінші сорттың адамы болғысы келмейді. Сол себепті де бірінші немесе бизнес-класстан тыс қалған ұшақ жолаушылары, economy class [эконом класс] жолаушылары аталады (ұнемді болу үтіп емес, керісінше мақтаныш), ал темір жол көлігінің жолаушылары үшін – standard class [стандарт класс] жолаушылары аталады. Standard – дегеніміз де жақсы, барлығы стандартты. Алайда ұшақта бірінші дәрежелі емес жолаушылардың намысына тимес үшін әрі клиенттерден айырылып қалмас үшін, бірінші дәрежелі салонда: First cabin customers [бірінші кабина жолаушылары] деп жазылады (ataladys).

Iрі денелі (толық адам) сатып алушыларды тарту үшін, дұрысырағы, олардан айырылып қалмас үшін дүкендердің иелері мен директорлары маңдайшадағы жазуларына жағымды, комплиментті, ұнамды сөздерді ойлап табуда шеберлік танытқан: BIG – Big Is



Beautiful [Ірі болу дегеніміз – ғажап қой] сөзінен қысқартылған; Renoir Collection [ренуар коллекциясы]. Бәрі нақты ойластырылған: ренуар әйелдері – қызғылт, нәзік, томпақ. «Рубенс коллекциясы» бұдан ғөрі нашарлау естілер еді.

Телефон тарифі де клиенттердің «сезіміне» орай бөлінеді. Ол cheap [арзан] болуы мүмкін. Бұл клиент үшін тиімді, клиент риза. Келесі разряд – қымбаттау – тағы да сол бейтарап standard [стандарт] сөзімен әрленген. Ақыры, қымбаттығы жағынан ең жоғары разряд cheap [арзан] сөзінің антонимі expensive [қымбат] болуы керек қой, бірақ бұл коммерциялық түрғыдан әдептілік болмайды, қымбат деп жазса «манғайға» соққыдай тиген болар еді. Сөйтіп, ең қымбат телефон уақыты peak [пик] деп аталды.

Kір жүү ұнтақтары үш түрлі дорбада сатылады: small [кішкентай], medium [орталық], бірақ адамды үркітетін large [үлкен] сөзінің орнына одан ғөрі әдептілеу әрі жағымды family [отбасылық] немесе мультипликациялық кейіпкер сүйкімді піл баласының атымен Jumbo [Джамбо] деп атайды.

Tіпті тіс щеткаларының өзі өте сипайылықпен сатылады: for small teeth – сүт тістер үшін, for standard teeth – стандарт тістер үшін, бірақ ағылшын тілінде ірі (үлкен) тістер мұлдем болмайды, бұл бет әл-петінің сұлұлығы жайында түсінікке қайшы келеді, сол себепті соңғы размер – for regular teeth – қарапайым, нормал, дұрыс (regular сөзі тұра осылай аударылады) тістерге арналған деп аталауды.

Сигареттер де big te, large де – үлкен де, ірі де өлшем болмайды. Бұлай деу мұлдем тұра мағынада болар еді. Сондықтан сигареттер King size – король өлшемі деп аталауды.

Сатып алушыны тарту мақсатында тауарды сипаттауда шынайы teri – real, genuine, natural leather сөздерін қолданады. Аяқ киімді немесе киімдерді сипаттауда міндетті түрде ескертілуі тиіс. Алайда шынайы емес, жасанды тері орыс тілінде ғана жасанды, синтетикалық, теріні алмастыруышы сөздерімен берілуі мүмкін. Бірақ ағылшын тілі ешқашытта artificial сөзіне де, synthetic сөзіне де жол бермейді. Шынайы терінің антонимі man-made – сөзбе-сөз «адам қолымен жасалған» – орыс тілінде аударуға келмейді.

Орыс өнімдерін маркалаудың өзі ешқандай коммерциялық әдептілікті ескермейді: дейін жарамды әрі қарай мерзімі жазылады. Демек, одан кейін жарамсыз деген ойды береді. Сөйтіп, сатып алушы бұл өнімді жарамдылық мерзімі өткен күннен бастап сатып алмайды. Ағылшын тілі бұл түрғыдан аса ұқыпты ұсыныс жасайды әрі үзілді-кесілді болмайды демейді: Best before [осы уақытқа дейін қолданған абзал] – сосын мерзімі көрсетіледі. Бірақ бұл – best, жарамдылық мерзімін жоққа шығармайтын керемет дәреже. Егер better [артық] салыстырмалы шырайды беретін болса, біраз уақыт-

тан кейін жай ғана жағымды шырайды танытатын good [жақсы] сөзі қолданылуы мүмкін.

Сонымен, ағылшын тілінің тым сыпайылығы, оның индивидуумға әдепті әрі қамқор қарым-қатынасы төмендегі факторларға негізделген:

1) әлеуметтік мәдениет пен қоғамдық тәртіп деңгейінің жоғарылығы;

2) халықтың, ұжымның жалпы мүддесіне негізделген Кеңестік Ресей идеологиясына қарама-қайшы батыс қоғамының жеке тұлға күлтін жоғары қоюы мен оның жеке әлемінің (privacy) негізіне бағытталған идеологиясы мен менталитеті;

3) адамды болашақ клиент ретінде қарастыратын коммерциялық мүдде.

Шет тілін үйренушілердің әлеуметтік-мәдени, идеологиялық білім компоненті тілдік коммуникацияның дұрыс және тиімді болуы үшін аса маңызды фактор. Мәселен, орыс адамына адамдарға деген қалыпты қарым-қатынас, белгілі дәрежедегі реакцияның шынайылығы, эмоциялық пен сезімталдық тән.

Қарым-қатынастағы кең таралған: How are you? [Қалыңыз қалай?] сауалына ағылшын тілін үйренуші орыстілді адам өз денсаулығын, отбасылық жағдайын, жұмыстағы жетістіктері мен жайсыздықтарын санамалап, жан-жақты ең жиі таралған жауапты берері хақ, ал ағылшын тіліндегі мәдениеттің, ұлттық мінез-құлық пен менталитеттің талаптарына сай тек бір жауап ғана беріледі: «Fine, thank you [Рахмет, жақсы]», тіпті өлім аузында жатқан бақытсыздың өзінің берер жауабы осы. How are you? – қарым-қатынастың құрғақ формуласы, оның соңында әңгімелесушінің жеке тұлғасына деген шынайы қызығушылық тұрған жоқ, бұл қатынастағы жай ғана қалыпты үрдіс.

Әр халықтың, әр тілдің мәдени-тілдік салтын білмейінше, мәдениетаралық коммуникация жүзеге аспайды, керінше, мәдениеттер қақтығысына жол беріледі. Шетелдіктер орыстардың жан-жақты толық берген жауабын түсінбейді, орыстар олардың елемегеніне ренжиді. Бұл сәйкессіздікті А.В. Павловская былай түсіндіреді: «Ағайынгершілік және ұжымдық сезім орыстардың ұлттық мінез-құлқындағы көптеген өзгешеліктердің тууына себепші болды. Адамдар арасындағы қарым-қатынас Ресейде бейресми сипатқа ие, достық түсінігі өте жоғары бағаланады. Әдеттегі «қалың қалай?» сауалына орыс танысынан толық әрі жан-жақты жауап алуға дайын болыңыз. Шетелдіктердің бұл жағдайдағы ресмилігі орыстарды жиі ренжітеді. Мәскеудің «Современник» театрының белгілі режиссері Г. Волчек Америкада болған кезінде өзінше эксперимент жүргізгендігі туралы баяндайды. «How are you?» деген сауалға ол асығыс «Менің күйеуім суға кетіп қалды» деп жауап бе-

реді. Оған әдetteгідей «Естігеніме қуаныштымын» деген жауап алады. Мәселе жағдайдың шындыққа сәйкестігінде емес, шетелдерге көп саяхаттайтын, оқыған, білімді, бірақ жағдайға орыс салт-дәстүрінің ерекшелігімен маңыз беретін белгілі адамның ренішінде<sup>22</sup>.

Орыс тілі тұрашылдығымен, үзілді-кесілді нақтылығымен ерекшеленеді, сол себепті ағылшын тілін үйренуші адам әдетте of course [әрине] сөзін жи қолдану арқылы әлеуметтік-мәдени қателікке бой үрады. Орыс тілінде бұл сөз сауалға, өтінішке жауап ретінде толықтай дұрыс әрі сергек естіледі. Ағылшынтылді қоғам үшін of course сөзінің дәл, бұлжымайтын нақты мағынасы бар ол әрі ренішті де білдіреді: бұл белгілі дүние ғой, сіз шынымен осыны түсінбей отырыс з ба, әлде соған ақылыңыз бен сауатыңыз жетпей отыр ма деген мағынаны береді. Сол себепті, of course сөзін қолданғанда өте абай болған жөн: естерінізге салайын, әлеуметтік-мәдени қателіктер тілдік ағаттықтардан ғері жаңға қаттырақ батады.

Ресми (формалды) сыпайылық – ағылшынтылді қоғамның айқын ерекшелігі. «Tea or coffee? [Шай ма, кофе ме?]» сауалына жай ғана «Tea [Шай]» деп жауап бермеу керек, міндегі түрде please сөзін қосу ләзім: «Tea, please [«Мархабат, шай»]. «Black or white? [Қара ма, әлде сүт қатқаны ма?]» – «Black, please [Мархабат, қарасын]». Бас тартқан жағдайда thank you [рақметті] қосу керек, алайда не үшін бас тартқаныңызды түсіндіріп жатудың қажеті жоқ. Мәселен, «Sugar? [Қантпен?]» деген сауалға: «No, thank you [Жоқ, рақмет]» деп жауап берген дұрыс болар. Бұл нақ ағылшын тіліндегі жауап: қысқа, анық әрі сыпайы. «Thank you, but I don't eat sugar They say, it is harmful [Рахмет, мен қантсыз ішемін. Ол денсаулыққа зиян дейді ғой]» деген жауап грамматикалық және лексикалық түрғыдан дұрыстығына қарамастан, мәдениет пен менталитет түрғысынан онша жарасымды емес.

Мәдениетаралық қарым-қатынас проблемаларында ұсақ мәселе жоқ.

<sup>22</sup> А.В. Павловская. Как делать бизнес в России. Путеводитель для деловых людей. (В печати).

## *III тарау*

### *Мәдениеттер тоғысы және тоғысу мәдениеті (Ақпараттық-реттеуші мақсаттағы мәтіндер арқылы жеке тұлғаны қалыптастыру)*

#### *§ 1. Мәселенің қойылуы*

Кітаптың аты айтып тұрғандай, ол толығымен мәдениетаралық коммуникацияға, яғни мәдениеттер тоғысына арналған. Бұл бөлімде сол мәселеге арналып отыр. Бірақ мұндағы басты әңгіме мәдениеттер тоғысы емес, керінше тоғысу мәдениеті жайында болмақ. Тарапудың әуезді атауымен қатар (дегенмен оны тым ерекше дей алмаймыз: Р. Якобсонның «Поэзия грамматикасы мен грамматика поэзиясы» кітабынан кейін бұл модель қораштау көрінді), тоғысу тіл мен мәдениеттің өзара ықпалдастығы саласына көбірек назар аударады. «Қоғамдық тұлғаны» қалыптастыруда бұл саланың ықпалы аса зор болғанына қарамастан, өте аз зерттелгені таңғалдырады.

Бұл арна өркениетті қоғам деп аталатын әлемде прогресске мүлде жатпайтын әрқиылды сөз құрсаудан тұратын түпнұсқалармен адамды қоршап алады: «өркениеттілік» қаншалықты жоғары болса, сөз де соншалықты көп.

Осылан орай, екі түрлі лебіз ойға оралады. Бірі – менің бала күннен бергі досым Алик Карельскийдің жарыққа шықпаған өлеңінің бірінші жолдары (филология ғылымдарының докторы, профессор, әдебиет сыншысы, аудармашы, ақын Альберт Викторович Карельский, 1994 жылы кенеттен дүние салды):

*«Человека всегда окружают слова:  
Иногда – как смола, иногда – как трава».  
(Әрқашанда адамды сөз қоршаған  
Кейде қара шайырдай, кейде шөптей).*

Екіншісі – неміс әдебиетінің классигі Э.Т.А. Гофманның: «Мәдениет өскен сайын, бостандық та азая бермек» («Je mehr Kultur, desto weniger Freiheit») деген пікірі.

Демек, адамды үнемі сөз қоршап жүреді, сөз көбейген сайын еркіндік азаяды, бірақ мәдениет артады. Бізді қоршаған сөздер мен матіндер, сансыз хабарландырулар, нұсқаулықтар, үндеулер, инструкциялар мен постерлер, плакаттар біздің мінез-құлқымызды реттеп қана қоймайды, әрбір қадамымызды анықтайды, тек қана ақпараттандырмайды, сонымен бірге тыйым салады, рұқсат береді, оятады, сақтандырады, өтінеді, қорқытады, үміттендіреді, сондай-ақ біздің өмір сүру салтымызды, менталитетімізді, үлттық мінезімізді анықтайды. Демек, әлеуметтік әлемді, бізді бұл әлемнің өкілі ретінде нақты тұлға етіп қалыптастырады.

Шын мәнісінде, біздің қоғамдық тәртібіміз бер әлеуметтік «имиджіміз» (қазір орыс тілінде осылай сөйлеу әдетке айналған) біз түйсініп болмайтын қағидалармен айқындалады. Ол ережелер бізге сол сәтте сол жерде нені жасау, нені жасамау керек екеніне жол сілтейді.

Демек, тоғысу мәдениеті – адамға ақпараттық-реттеу лексикасының мәдени ықпалын ашушы метафора.

Тілдің бұл қабаты аса ауқымды және алған түрлі («мәдениет көбейген сайын...»), сол себепті де бұл жұмыста оның кейбір түрлері – бейнені толықтыру мақсатында және оған назар аударту үшін ғана үстірт аталып өтіледі. Ал қалғандарына жан-жақты тоқталатын боламыз.



## § 2. Көшелердің атауы

Сонымен, сіз көшелер қылышында тұрсыз дейік. Бірінші кезекте сіздің көзіңізге қылышыңан көшелердің атаулары түседі.

Көше атауларының мәдени семантикасы және олардың адам дүниетанымы мен мәдени қорының қалыптасына ықпалы топономика бойынша жеткілікті зерттелді. Сондықтан бұл мәселені жан-жақты талқылаудың қажеті де жоқ. Тек оларға қысқаша ғана тоқталып өтейік.

Ресейдің XX ғасырдағы тарихы осы салада тамаша (лингвистикалық көзқарас тұрғысынан) әрі мейлінше тұрпайы (мәдениет пен

<sup>1</sup>A. Sinyavsky.  
Soviet Civilization.  
A Cultural History.  
New York, 1988,  
p. 190–196.

этика және мораль түрғысынан) мысалдар ұсынады. А.Синявский-дің айтуынша, 1917 жылғы революция бүкіл әлемнің атауын өзгертті: оның кітабындағы кеңес тілі туралы тарау: «Переименованный мир» («Атауы өзгерген әлем») – «The Renamed World»<sup>1</sup> деп аталды. Қалалар, облыстар мен көше атаулары түгел өзгерді.

Көшө аттары белгілі оқиғалар мен жаңа өмірдің реалияларын әйгілейтін атаулармен ауыстырылды, бірінші кезекте – орыс және өзге де халықтардың революция қайраткерлері мен батырларын мәңгі есте сақтауды мақсат етті. Нәтижесінде КСРО-ның елдімекендерінде көшелердің әлдебір «міндепті қатары» пайда болды: барлық деңгейдегі қалалар мен елдімекендердің басым көпшілігінің орталық көшелерінің атауы – Ленин деп аталды. Орталық алаң да Ленин атымен әспеттелді (алаңың қақ ортасында Лениннің алып ескерткіші тұратын), кейде Еркіндік немесе Женіс алаңы деген секілді ерлікті асқақтатқан атаулар да кездесіп қалады. Советтік биліктің алғашқы жылдарында Роза Люксембург, Карл Либкнехт, Урицкий, Маркс, Энгельс, кейде Маркс-Энгельс, Красноармейская, Советская атауларымен жаңарған көшө атауы әрбір қалада (қазір де біразында кездеседі) бар еді.

«Большая Пионерская, бывшая Малая Дворянская», «тупик Х партсьезда» секілді бұл атауларды әжуалаған әзілдер де аз болмады. 1967 жылды Мәскеуде Манежный алаңын Октябрьдің 50-жылдығы атауымен өзгертукендегі жалпы наразылық реакциясы әлі есімде.

Қайта құру, яғни біздің ғасырымыздың 90-жылдары кейде ескі атауларды қалпына келтіру арқылы (соның қатарында совет заманында жағымсыз коннотацияға ие болған «Лубянка» атауы да бар: неге екенін қайдам, МҚК (мемлекеттік қауіпсіздік комитеті – КГБ) Дзержинский алаңымен емес, Лубянкамен еске түсетін), кейде жаңа атауларды енгізу арқылы өзгертулген атауларды қайта өзгертумен айналысты.

Екі процесс те, яғни атауларды өзгерту және өзгертулген атауларды қайта өзгерту немесе қалпына келтіру – белгілі деңгейде мәдени-идеологиялық сипатқа ие. Сөйтіп, белгілі деңгейде жаңа мәдени-идеологиялық әлемді жасайды, бұрынғы атаулар мен бұрынғы жүйеден ада үрпақтар құндылығын қалыптастырады.

Атауларды қайта-қайта ауыстырып, өзгертудің мәдени, психологиялық, идеологиялық күрделі үдерістерін әрлеген бірнеше мысал (Оксана Ксензенко материалдарынан) келтірелік.

Біз қартаң адамнан:

– Незалежность алаңына қалай баруға болады? – деп сұрадық.

Ол:

– Революция алаңына ма? – деп қайталап сұрады.

- Жоқ, Незалежность алаңына, – дейміз біз оның алаңынң бұрынғы атауын айтып түрғанын ескермей.
- Ондайды білмейді екенмін, – деді ол.

Рязань, көктем, 2000 жыл.

Көше, алаң атауларының жиі ауыстырылуы және қалалық биліктің өзгеруі – қалада бір-біріне қабаттасқан атаулар жазылған тақтайшалардың пайда болуына алып келді: пл. Ленина/Соборная пл.

Атауларды өзгерту процесі интернационалдық сипатқа ие, ол тек Ресейге ғана тән құбылыс емес. Салоникиде өткен лингвистикаға арналған конференцияға қатысқан едік. Онда Грецияның жеке республика ретінде жарияланғанынан кейінгі өзгерілген атауларын төмөндегі материалда ұсынып отырмыз. Салоникідің орталық көшелері: Ethnikis amnis – Ұлттық қорғаныс (бұрынғы Софья Королева көшесі), Ethnikis anoistasseos – Ұлттық көтеріліс, Angelaki – әскери генералдың аты, Nikis – Жеңіс, Tritis Septemvriou – Үшінші қыркүйек, Leoforos Stratou – Армия даңғылы. Толықтай алғанда, Салоникидегі көше атаулары Ежелгі Греция мен Византияның киелі атаулары мен қайраткерлерінің, батырларының, Грецияның тәуелсіздігі үшін құрекен батырларының есімдерімен және осыған қатысы бар оқиғаларды мәңгілік есте қалдыру мақсатында қойылған.

АҚШ-тағы көше атауларының да тарихы қызық. Тарихы да, ел ретінде қалыптасуы да ерекше бүл ел тарих сахнасына соғы 200 жылда ғана пайда болды. Еуропалық, азиялышы және өзге елдердің соғыста, басқыншылықта, жоқшылықта өсті, сол себепті де стихия, бейберекеттік олардың басында да бар. АҚШ басқалармен салыстырғанда, Америкаға жарқын өмірді іздел, туған отанын артқа тастаған адамдар арқылы түрғызылды. Әлдекімнен көңілі қалған, әлдекімге ренжіген, әлдебіреуден жүргегі жарапанған адамдар «америка арманын» іздейп, онда ақылды, мейрімді, әділ және әсем әлем жасау үшін барды. Сондықтан Америкадағы көшелер атаулары: 1) арнайы рационалды әрі pragmatikaлық түрғыдан ойластырылған: параллельдер мен меридиан секілді нөмірленген «стриттер» мен «авенюлер», мегаполистегі елдімекенді көрсетеді; немесе 2) құлаққа жағымды, поэтикалық тартымды: Cherry Creek [Жұзім қайнары]; Cherry Hill [Жұзімді қырат]; Birch Grove [Қайыңды тоғай]; Myrtle Ave [Мирт авенюі]; Cliffside Park [Жартасты бақша]; Sunset Boulevard [Күнбатыс бульвары] тағы басқа атауларға толы.

Осы ретте, бір оқиға есіме түсіп отыр. Новосибирскінің жаңынан ғалымдардың, зиялды қауым мен интеллектуалдардың (жаратылыштану, нақты және техникалық ғылымдар өкілі) шаңарын, Академиялық қалашықты түрғызды. Арманы асқақ романтика мен идеалистер өздеріне еркіндік берілді деп ойладап, Акаде-

миялық қалашықтың бас көшесін әдемі әрі ерекше атпен «Алтын алқап» Золотая Долина деп атайды (Америкадағы «Күңгейлі алқап» (Солнечная Долина), серенадалары есіме түсіп кетті). Бірақ бұл қатал идеологиялы, өз құндылықтар жүйесі бар кеңестік кезең болатын. Сондықтан бас көшени қалыптасқан тәртіп бойынша, Лениннің атына алмастыру туралы нұсқау келеді. Үлкен дау туындаиды. Физиктер мен математиктер бұған түбегейлі қарсылық таңытып, «Золотая Долина» (Алтын алқап) атауын, бірақ аздап өзгерген атауды қалдыруды табандап тұрып талап етеді. Новосібір қаласының ресми өкілдері мен Академқалашықтың түрғындары өзара келісімге келіп, көше атауын Золотодолинская деп атауды жөн көреді. Бұл атау естір құлаққа жағымсыз әрі оралымсыз еді (қараңыз: Красноармейская, Крестовоздвиженская).

### § 3. Ақпараттық-реттеуши белгілер

Сіз жарнамалардың қалың ортасындасты. Тақырыптары айқайладап, көзге ұрады...

Жарнама тілін лингвистер, мәдениеттанушылар мен «қоғаммен байланыс бөлімінің» мамандары (немесе жай ғана «паблик рилейшніз», қазір жиі қолданатын – «пиар») зерттеген әлі де үздіксіз зерттеп жатыр. Мұнда біз тілді талқыламаймыз. Тілдің көңілсіздеу, нәрі аз, тиімділігі төмен, бірақ біршама кең таралған, ықпалды, күшті қабаты туралы әңгімелейтін боламыз. Жоғарыда бұны «ақпараттық реттеуши лексика» деген жағымсыз атаумен ескертіп өттік.

Біздің қоғамдағы мінезд-құлқымыз нұсқаулықтар мен хабарландырулар арқылы реттелетінін айтып өттім. Адамдарды ақпараттандыратын бұл қайнар көздерді төмендегідей класификациялауға болады:

#### 1. Тек қана ақпарат

Ағылшын тілі:

Entrance [Вход – кіру];

Enter (on the bus door) [Вход (на автобусной двери) – кіру (автобус есігінде)];

Exit [Выход – шығу];

Outlet [Торговый центр – сауда орталығы];

Visitor's parking [Парковка для посетителей – келушілерге арналған тұрақ];

Made in USA [Сделано в США – АҚШ-та жасалған];

Operator will open the door [Дверь откроет оператор – есікті оператор ашады];

Shuttle doors close in order to proceed to green traffic signal [Двери автобуса закрываются, чтобы автобус мог ехать на зеленый свет светофора – бағдаршамның жасыл жарығына өту үшін, автобус есіктері жабылады];

Brief cases and packages are subject to inspection [портфели и чемоданы подлежат досмотру – портфель, чемодандар тексерілуі тиіс].

Орыс тілі:

*Вход (Кіру);*

*Выход (Шығу);*

*Запасный выход (Апарттық шығу);*

*Места для пассажиров с детьми и инвалидов (Балалы және мұгедек жолаушыларға арналған орын);*

*В кассе справок не дают (Кассада анықтама берілмейді).*

**2. Нұсқаулық (инструкция) – ақпараттың не істеу керек екенін нұсқайтын түрі, белгілі бір іс-әрекетке шақырады.**

Ағылшын тілі:

Use northern exit only [Пользуйтесь только северным выходом – тек солтүстік есіктен шығыңыз];

Approved or issued identification card must be displayed while in this building [Находясь в здании, необходимо предъявлять выданные удостоверения – ғимарат ішінде, берілген күәлікті көрсетуіңіз керек];

Pull handle to open the door in case of emergency only [Потяните за ручку, чтобы открыть дверь, только при крайней необходимости – аса қажет жағдайда ғана есікті ашу үшін тұтқаны тартыңыз].

Орыс тілі:

*Соблюдайте тишину (Тыныштық сақтаңыздар);*

*Закрывайте за собой дверь (Есікті жауып жүріңіз);*

*Берегите лес от пожара (Орманды өрттен қорғаңыз);*

*Берегите природу (Табиғатты аяла);*

*Своевременно оплачивайте проезд (Жолақысын үақытылы төленіз).*

**3. Тыйым – ақпараттың мұлдем тыйым салған түрі**

Ағылшын тілі:

No smoking [Не курить – темекі тартуға болмайды];

It is illegal to smoke anywhere in this station [На этой станции в любом месте курение запрещено законом – бұл стансида темекі тартуға болмайды];

No smoking except in designated areas [Курение запрещено – за исключением обозначенных мест – белгіленген орындардан тыс жерде темекі тартуға болмайды];  
No entrance [Нет входа – кіруге болмайды];  
Do not exit any time [Не выходить без разрешения – рұқсатсыз шығуға болмайды];  
Keep out [Не входить – кіруге болмайды];  
Fire door. Do not block [Пожарный выход. Не блокировать – өрт кезінде шығатын есік. Бөгеменіз.];  
No parking [Парковка запрещена – көлік қоюға болмайды];  
Do not trespass on the railway [На железнодорожные пути не выходить – темір жолға шығуға болмайды];

Орыс тілі:

Не курить (Темекі тартуға болмайды);  
Не сорить (Ластауға болмайды);  
По газонам не ходить (Көгалмен жүрге болмайды);  
Купание запрещено (Шомылұға тиым салынған);  
Не влезай – убьет (Өрмелеме, өлтіреді);  
Не прислоняться (Сүйенуге болмайды);  
Не входить (Кіруге болмайды);

Посторонним вход воспрещен (Бөтен адамға кіруге болмайды);  
Нет выхода (Есік жабық).



**4. Ескерту:** тыйымнан гөрі жұмсақ естілгенімен, қауіптің нышанын танытатын ақпараттың түрі

Ағылшын тілі:

There is a penalty for deliberate misuse [За преднамеренное нарушение предусмотрено наказание. Ережені әдейі бұзғандарға шара қолданылады];

Trespassing will be prosecuted [Нарушение границ преследуется по закону. Шекара ережесін бұзу заңмен қудаланады];

Obstructing the door can be dangerous [Заслонять дверь опасно. Есікті қөлегейлеу қауіпті];

Anyone interfering with the driver of this bus will be prosecuted [Отвлечение внимания водителя автобуса преследуется по закону. Автобус жүргізушісінің назарын аудару, заңмен қудаланады];

Tow-away area [Зона буксировки. Сүйретіп әкету зонасы].

Орыс тілі:

Осторожно – злая собака (Абайла, қабаған ит);

Осторожно – окрашено (Абайланыз, боялған).

Әүелі ағылшын тіліндегі материалдарды сарапталық. Идеологиясы индивидуумға, жеке адамға негізделген қоғамда адамға бөлінген көңілдің ерекшелігін байқаймыз. Сол себепті де ағылшын тілі сөйлеу қызметінің осы саласындағы сөздерге бай, қырағылау, орыс тілімен салыстырғанда мейрімділеу! (Орыс тілі бұл салада енді ғана «оянып» келеді, бірақ бұл туралы сәл кештеу, әүелі ағылшын тілінің табыстарын қарастырып көрейік).

Ағылшын тілді елдерде адамдарға олардың қоғамда өзін-өзі ұстау құқығы мен міндеттерін жан-жақты және аса ыждағаттылықпен түсіндіреді. Жоғарыда тізіп өткен формалар: ақпарат, һұсқаулық, ескертү, тыйым – адамға деген ілтиппатты, коммерциялық мұддені, өзіне деген әрі өз мекемесіне деген қамқорлықты танытады.

Көптеген хабарландырулар қонақүйде, музейде, ауруханада, жатақханада, көліктерде өзінді қалай ұстау қажеттігін түсіндіреді.

Pedestrians cross when green man is displayed. Help prevent accident. Tower Hamlets Road Safety Unit [Жаяулар бағдаршамның жасыл түсі жанғанда, жолдан өтуі тиіс. Бұл қауіптің алдын алады. Тауэр Хамлет Роудтың қауіпсіздік бөлімі].

Лондон метросында:

Emergency door [Запасный выход – Апарттық жағдайда шығу].

Danger do not use while the train is moving [Опасно! Нельзя пользоваться, когда поезд находится в движении – Қауіпті! Пойыз қозғалысы кезінде қолдануға болмайды!].

Lower window for ventilation [Опустите окно для проветривания – Желдету үшін терезені түсіріңіз].

Penalty if you fail to show on demand a valid ticket for your entire journey [Не предъявившие по первому требованию билет, действительный на весь путь, будут оштрафованы – Жол билетін талап еткен бойда көрсетпесе, айыппул салынады].

Priority Seat [Привилегированные места – Арнайы орындар].

Please offer this seat to elderly or disabled people or those carrying children [Пожалуйста, уступите эти места пожилым, инвалидам и людям с детьми – Бұл орындарды қарт, мүгедек және балалы жолашыларға беруіңізді өтінеміз].

Please keep your personal belongings and clothing clear of the lift doors [Пожалуйста, придерживайте ваши личные вещи и одежду, чтобы они не попали в двери лифта – Жеке заттарыңыз бен киімдеріңізді жеделсаты есігін ашуына кедергі болmas үшін ұстап тұруларыңызды өтінеміз].

Do not obstruct lift doors [Не загораживайте двери лифта – Лифт есігін қалқаламаңыз].

Сізге болуы мүмкін қыындықтарды ескертеді, мәселен:

## **1. Воры, налетчики, плохие люди (Ұрылар, қанды қол қараңшылар, жаман адамдар):**

Beware: thieves operate in this building [Осторожно: в этом здании орудуют воры (Сақ болыңыз: бұл ғимаратта ұрылар бар!]. (Ноттингем университеті).

Бұқіл тұрғындар үшін маңызды хабарлама!

Бұған дейін айтылған хабарландырулар мен ескертулерге қарамастан, бізге әлі күнгө дейін ішкі есікті ашық қалдыратыны туралы мәлімемелер түсін тұрады.

Есікті өзіңіз танитын немесе бірнеше рет жолықтан адамдарға ғана ашуласыңызды сұраймыз!

Есік сыртындағы адамның ғимаратта қандай да бір шарасы

бар екені рас болса, ол өзіне қажет адамды күте тұруға келіседі.

Есікті ашпаңыз – сіз оның келесі құрбаны болуыңыз әбден мүмкін!

Important notice to all residents

In spite of various notices/warnings we are still receiving reports that the front doors are being opened to all and sundry.

Please do not open the door unless you know the person or they have genuine business with you.

If the person at the door has a genuine business to be in the residence, they will not mind waiting until their contact lets them in.

**Do not open the door – the next person to be attacked could be you!**

Тұрғындар, ғимаратқа бейтапыс кіслерді кіргізбеуіңізді сұраймыз!

Егер олар мұнда досы немесе туысқаны тұратынын айтса, сол кіслер өздері келіп есік ашқанша, көшеде күте тұруын өтініңіз!

Бұл сіздің жеке басыңыздың қауіпсіздігі үшін қажет.

Орналастыру қызметі бөлімі,  
Лондон университеті.

Residents,

Please do not let anybody you do not know into the building.

If they say that a friend or relation live here ask them to wait outside while the friend/ relation answers the door themselves.

This is for your own security.

Accommodation service department

The University of London

## **2. Өрт:**

Лондон Корольдігінің аурухана қорында:

Action in event of the fire.

If you discover a fire:

- 1) Operate the fire alarm located at
- 2) Attempted to fight the fire (if safe to do so)
- 3) Close all the doors and windows (if possible)

Өрт бола қалған жағдайда. Егер тутін немесе отты байқасаңыз:

1) Өрт дабылын қосыңыз...

2) Өртті сөндіруге арекеттеніңіз (егер бұл қауіпсіз болса)

3) Егер, мүмкіндік болса, есік-терезелерді жабыңыз

4) Ғимараттан шығыңыз

5) Қауіпсіз орынға жетіңіз

6) Жиналған жүрттүің санын алыңыз

7) Қатерге бас тікпеніз. Егер, сізге өте қажет болмаса, ешuaқытта ғимаратқа қайта оралмаңыз.

4) Evacuate the building

5) Proceed to assemble point located at ...

6) Carry out a head count of assembled personnel

7) Do not take risks. Do not return to the building any reason unless authorized to do so

**If you see fire or smoke:**

- 1) Operate the fire alarm no sound will be heard but the Fire Brigade will be called.
- 2) Tell any staff member the location of the fire or smoke.
- 3) Follow instruction from staff or emergency services.
- 4) Do not take any risks.

**Егер өртті іә тутінді байқасаңыз:**

- 1) Өрт дабылын қосыңыз. Дауыс шықпайды, алайда өрт сен-дірушілер командасын шақыра аласыз.
- 2) Өрт немесе тутінді байқасаңыз, сол ғимарат қызметкерлерінің біріне ескертіңіз!
- 3) Қызметкердің немесе құтқару қызметінің нұсқауларын орындаңыз.
- 4) Тәуекел етпеніз.

**3. Өрт шығу қаупі бар жанар-жағармай құю бекеттерінде жазылған**

**ережеге сай қымылдауының көрек:**

**Safety.**

Petroleum spirit highly flammable

Қауіпсіздік.

Жанармай өте тез тутанады.

No smoking, no naked light

Темекі тартуға, от тутатуға болмайды!

Please switch off engines

Қозғалтқышты өшіруіңізді өтінеміз!

No smoking area.

Темекі шегуге болмайтын орын.

(Бритиш Петрол жанармай құю бекеті)

**Сіздің қауіпсіздігіңіз үшін алаңдайды: шатаспаңыз, жаңылыс-паңыз!**

**Warning**

Watch for the step down.

Ескерту:

Назар аударыңыз! Шұғыл баспалдақ.

(Варвик қамалы)

**Warning**

In several areas open to the public the abbey's ancient floor is worn and uneven.

Ескерту:

Келушілер үшін ашылған аббаттықтың (католиктер монастыры) біраз бөлігінде еден ескі әрі жөнделмеген. Аяғыңыздың астына қарай жүріңіз.

Please watch your step.

(Әулие Олбан аббаттығы)

**Басыңызды терезеден шығармаңыз!**

Passengers are warned not to allow any position of the body to extend beyond the bulwark rails.

Жолаушылардың есіне, басыңызды терезеден шығармаңыз! Бұл өміріңізге қауіп тәндіреді!

(Сидней портындағы паром)

Do not place arms, hands or head outside of open window.

Шынтағыңызды, қолыңызды және басыңызды терезеден шығармаңыз.

(Денвередегі серуендеуге арналған автобуста, Колорадо)

**Күріліс алаңына барсаңыз, каска киүоді ұмытпаңыз.**

Hard hats must be worn.

Касканы киіңіз!

**(Ковентридегі құрылыш алаңындағы қоршауда).**

Бұл алаңқайда каска мен арнайы етік киу керек.

Safety helmets and safety footwear must be worn on this site.

**(Лондондағы құрылыш алаңы).**

**Бұл көрсеткіштер сізге келген жеріндегі танып-білу үшін қызмет көрсетеді. Бұл сіздің бейтаныс ортада өзіңізді жайсыз, панасыз және адасып қалғандай сезінбес үшін керек:**

Билет кассаларынан немесе 0171-222 12 34 телефонына қоңырау шалу арқылы (тәулік бойы жұмыс істейді), сіз анықта-  
малықтар мен карталарды ала аласыз.

Егер сізге басқа да көмек қажет болатын болса, қызметкерге жүгініңіз.

Leaflets and maps are also available from the ticket office or by phoning 0171-222 12 34 (24 hour service).

If you require further assistance, please ask a member of the staff.

**Сіздің нақты орныңызды көрсетеді:**

Орта тап өкілдерінің орындары – осы арадан басталады.

Standard accommodation only beyond this point.

**(Бұл платформаның дәл осы жерінен 1 дәрежелі вагондар орныңың аяқталғанын білдіреді).**

**Дискотекаға қалай киіну керек:**

Кір киіммен келгендеге қызмет көрсетілмейді.

People wearing soiled clothes will not be served.

**Немесе пабта:**

Өтінеміз!

Барға кір киім мен лас бәтеңке киіп келуге болмайды.

Please!

No soiled overalls or boots to be worn in the bar

**Сізге үстеліңізді жинап отыруыңызды ескертеді.**

Өтінеміз, пайдаланылған қағаз сүлгілерді қоқыс жәшігіне тас-  
таңыз.

Please put used paper towels in the litter bins provided

Өзге жолаушылардың да қамын ойлай жүріңіз –  
раковинаны қолданғаннан кейін сұртуді ұмытпаңыз!

As a courtesy to other passengers please wipe down the basin after use.

**Қонақүйлерде сіздің оны таңдағаныңызға разылықтарын біл-  
діретін әрі сізге ұсынылатын қызмет түрлері жазылған буклеттерді  
жіңі көреміз. Көрсетілген қызметтің сізге ұнаған, ұнамағанын  
тәптіштеп сұрайды:**

Бізді таңдағаныңыз үшін Сізге ризамыз, тұрақты таңдауының  
үшін рақмет!

We are delighted to have you staying with us  
and thank you for your patronage.

Біз сізге үй тағамдарын, сондай-ақ а ля карт дәмін ұсына-  
мыз (өз бөлменіздегі біздің каталогпен танысыңыз). Ақпарат  
қызметі.

We offer home-made specialties and a la carte dishes.

(check our catalogue in your room).

Info

Қайырлы таң!

Менің атым \_\_\_\_\_

Good morning!

My name is \_\_\_\_\_

I am the gouvernante who looks after your room and am grateful that you have chosen our hotel for your stay. If you have any remarks to make, please note them on the back of this card. They will be taken into careful consideration.

Thank you.

It is our purpose to provide a high standard of service to all our guests.

If you feel that there are ways in which we could improve our product or service or if you have any comments you would like to make, then please note them below.

Any comments will be dealt with in confidence.

Thank you.

**Сіз ұмытшақ емессіз деген сенімдеміз! Десе де үкімет аппарату-расын қайтаруыңызды еске саламыз:**

Have you returned your personal tour tape and headset?

If not please hand it in to our staff in the stables shop.

**Эрине, болуы мүмкін ыңғайсыздықтар жайында да ескертуді ұмытпайды:**

Beware: Ravens bite.

Сақ болыңыз: қарғалар адамға шабуыл жасауы мүмкін.

Тауэрдегі (Лондонның тарихи жадігері)

бұл хабарландыру – мемлекетті күзету секілді тарихи миссияны атқарушыдай көрінетін әйгілі қарғалардың қамсыз адамға шабуылдауы мүмкін екенін көрсетеді.

**Жер шарының келесі жартысында да осындай ескертулерден көз сүрінеді:**

Do not touch prawns. They bite.

Шаяндарға тиіспеніз. Шағып алуы мүмкін.

(Сиднейдегі Балық базары, Австралия).

**Егер қандай да бір қолайсыздықтар туындаса, міндетті түрде кешірім сұрайды:**

Please accept our apologies for the inconvenience while we carry out a major refurbishment of the escalator

(Лондон метроны).

Эскалаторды күрделі жөндеуден өткізіп жатуымызға байланысты туындаған қолайсыздықтар үшін кешірім өтінеміз.

Барлық нұсқаулар мен тыйымдар, ескертулер стилистикалық түрғыдан бейтарап жазылған. Тілдің негізгі қызметтерінің бірі – қа-



болжайда» деген жазу түр. Эрі қарай жүрдім. Тағы да сол сөз алдынан кездесті. Сол сәтте суға батқым келді, бәрібір шығар жол жоқ қой».

Себебі, орыс тіліндегі «выход» сөзіне көп мағына сіңірілген. Ағылшын тіліндегі No exit [шығар жол жоқ] ешқандай ассоциация тудырмайды. Өйткені бұл по way out [тығырықтан шығар жол емес].

Әрине, келтірілген мысалдар лексиканың ақпараттық-реттеуші қызметін мүлдем жоққа шығармайды. «Биліктің» халықпен қатынасадағы осы түрі әртүрлі формаға ие. Қалай дегенмен де, халықты қоғамдық тәртіптің қатаң қағидаларын орындауға мәжбүрлеу керек қой.

Сөйтіп іске ықпал ету қызметі (the function of impact) араласа бастайды. Қоғам дамыған сайын, оның әлеуметтік мінез-құлқы мен әлеуметтік «имиджін» айқындауға, халықпен тікелей және ашық қарым-қатынас жасауға бағытталған осы саладағы әртүрлі сөздің, ықпалдың формалары да түрлене түседі, тіл де жандана түседі.

Рым-қатынас қызметі (the function of message) – бұл жерде мейлінше толық әрі айқын жүзеге асырылып түр. Шынында да, мұнда «кіру» деп, анда – «сүйенбе» деп жазылса, демек, бұдан кіруге болады, анда сүйенуге болмайды.

Жоғарыда атап өткеніміздей, хабарлау қызметі – тұрақты, жиі айтылатын, стилистикалық түрғыдан бейтарап, тілдің ауызша және жазбаша нұсқаларында әбден илеуі қанып жаттыққан сөз тіркестерінен, үғымдардан жасалады. Алайда ең үйреншікті тіркестің өзі белгілі бір жағдайда «өмір нышанын танытуы» (қалай дегенмен де, тіл – жанды құбылыс, оның иелері де тірі адамдар) мүмкін.

Мәселен, ақпараттық сипаттағы «шығуға болмайды» сөзінің өзі кейбіреулерге депрессиялық әсер береді. Менің құрбымның айтқан бір әңгімесі есіме түсіп отыр: «Метродамын. Қөңіл күйім нашар, өмірімнің быт-шыты шыққандай күйдемін. Басымды көтерсем, алдында «Шығуға

## *§ 4. Ақпараттық-реттеуші лексиканың таралу, әсер ету тәсілдері*

Сөйтіп, өмірдің барлық саласында: сейлеудің мүлдем қасаң, формалды және қалыптасқан қызмет түрлері (кіру, шығу, темекі тартпа) диалектілік түрғыдан хабарлау және ықпал ету қызметін өзара ықпалдастырады.

Әр тілде негізгі екі үрдістің бірлігі мен күресі жүріп жатыр: бірі – тіл формалары мен модельдерінің өнімділігіне негізделген тілді пайдаланушылардың **еркін шығармашылығы**, екіншісі – **дайын күрделі формалардың**, қалыптасқан, жиі қайталаңатын, қасаң клишелердің жасалуы. Біріншісі, тілді дамытуға және көркемдеуге мүмкіндік береді, екіншісі – «сөз тіркестері қорын» жинақтай келе, сейлеу ұжымы үшін сол түсініктер мен ойларды айтуды оңтайландырған дайын құрама клишелерді ұсына отырып, тілді пайдаланушылардың күш-жігерін үнемдейді.

Бірінші үрдіс еркін формалар мен **сөз тіркестерінің көмегімен ықпал етеді**, екіншісі – **хабарлау қызметін атқарады**, әрі сейлеу кезінде дайын бірліктер ретінде қолданылады.

Ақпараттық-реттеуші лексикада хабарлау қызметінің басымдыққа ие екені айқын. Қоғамдық тәртіпті реттеуші тараптан халыққа жасалған үндеулер, тұрақты сөз тіркестері – өндірістің негізгі қаруы болмақ. Алайда ағылшын тілі – нақты әрі көп қырлы қызметке ие. Жоғарыда сипатталған хабарлау және диалектілік өзара әрекеттесу үрдісі – адамның қоғамдық мінез-құлқын, іс-әрекеттің нақтылайтын осындай құрғақ, іскерлік, жаһандық клиштенген ақпараттық тақтайшаларда көрініс табады.

Қалай десек те, көшедегі жарнамалар тікелей адамға бағытталған. Көп жылдар бойы жинақталған, сыналған, үйреншікті үндеулер уақыт өткен сайын адресатқа ықпал ету мақсатында формасын өзгертеді, өз ішінен өзгеріске ұшырайды, яғни адамдарды сол уақыттағы мәдениет, идеология және әлеуметтік шарттар талап ететін дүниелерді жасауға мәжбүрлейді.

Сейлеу қызметінің осы саласында да тіл үздіксіз дамиды, эксперимент жасайды, сейлеудің жаңа формаларын іздейді, сол әлеумет мүшелеріне ықпал етеді, яғни оларды реакция жасауға шақырады. Тілдің осы процестерінің барлығы мәдениет, менталитет пен идеологиядағы өзгерістермен тікелей байланысты.

Тілдің талқылап отырған стиліндегі ықпал ету қызметінің тәсілдерін қарастырып көрелік:

Ағылшын тілінде ойнақы, «клиенттің» көңілін аулайтын материалдар көптеп кездеседі. Сондықтан әзірге ағылшын тілін зерт-

теуді жалғастырайық. Қолымыздағы материалдар қабылдаушыға (реципиентке) әртүрлі бүйрық, нұсқаулар арқылы ықпал етудің әдіс-тәсілдерін анықтауға көмектеседі.

### **1. Сыпайы қарым-қатынас үлгілері**

Арзанға түсіп, қымбатқа бағаланатын нәрсе – сыпайылық. Бір қарағанда, айқын, түсінікті нәрсені талдап, оған мысал келтірудің қажеті не деген ой туындауы мүмкін. Алайда алдыңғы тарауда орыс тілінде қабылданған ереже, нұсқаулардың (Не сорить!/Ластауға болмайды!/, Не курить!/Шылым шегуге болмайды!/, Не входить! / Кіруге болмайды!/ және т.б.). түрлері туралы сөз қозғалған еді. Қарапайым халық – реципиенттер өзімізге қаратыла айтылған клише нұсқауларды, тыйымдарды тиісті нәрсе ретінде қабылданап, олардың біздің тұлға ретінде қалыптасуымызға, бір-бірімізben қарым-қатынасымызға, жас үрпаққа, жалпы қоғамдағы ахуалға қалай ықпал ететініне ой жүгірте бермейміз.

Ағылшын тілінде адресатқа барынша сыпайы қарым-қатынас жасау, жеке сыпайы өтініш білдіру түрлері кең тараған. Please /мархабат/ сөзімен де, сөзінсіз де келетін өтініш түрлерін сарапау барысында ақпарат түрлерінің барлығын (ескерту, нұсқау, тыйым) сыпайы түрде, please сөзін қолдану арқылы жасауға болатыны анықталды. Әсіресе адамдардан өздеріне жайлы жағдайдан өзгелер үшін бас тартуладын өтінген кезде please сөзін қолдану қалыптасқан. Мысалы:

Please, give up this seat if an elderly or handicapped person needs it [Карт не мүмкіндігі шектеулі адамдарға қажет болған жағдайда орындарыңызды берулеріңізді өтінеміз];

Please, offer this seat to an elderly or disabled passenger [Бұл орынды қарт немесе науқас жүргіншілерге қалдыруыңызды өтінеміз];

Won't you please give this seat to the elderly or handicapped. Please exit through back door [... Артқы есікten шығуыңызды өтінеміз];

Please, take all your litter away with you [Өзіңізben бірге барлық қоқыстарыңызды ала кетуіңізді өтінеміз];

Please, remember to take all your belongings with you when you leave the train [Пойыздан түсерде заттарыңызды қалдырып кетпеулеріңізді өтінеміз];

Please, keep clear the gate [Есікке сүйенбеулеріңізді өтінеміз].

Өтініштердің бәрінде the elderly [қарт] сөзі асқан сақтықпен алынған, the old [кәрі] сөзіне қарағанда құлаққа жағымды, жылды тиеді. Invalid [мүгедек] сөзі қолданыс аясынан шығып қалды десе де болады, алғашында бұл сөзді handicapped [физикалық/ақыл-ой кемістігі бар] сөзі алмастырса, кейіннен оның орнын disabled [мүмкіндігі шектеулі] сөзі басты. Орыс тілі әүелгі қалпынан таймай, әлі де места для инвалидов (мүгедектерге арналған орын) деп келеді,

біз үшін бұл үйреншікті, тіпті медициналық терминнің тиімді қолданысы сияқты көрінеді. Пожалуйста /мархабат/ сөзі өте сирек қолданылады. Ағылшын тілінде сыпайы өтініштің бұдан басқа да айалы тәсілі бар:

Thank you for not smoking [Темекі шекпейтінің үшін рақмет];

Thank you for bringing your tray to the point [Подносты өз орнына қойғаныңыз үшін рақмет].

Осы ескерту Лондондағы музей кафесінің қабырғасында ілініп тұр екен. Қасымдағы серігім, 11 жасар мектеп оқушысы Гризельда Юрданнан ескертуге қалай қарайтынын сұрадым. Ол кідірместен: «It works. They are making you feel bad if you do not bring this tray / Бұл әсер етеді. Подносты орнына апарып қоймасаң, өзіңді ыңғайсыз сезінесің/», – деп жауап берді.

Сыпайы қарым-қатынас жасаудың кең тараған нұсқасы – әсіре сыпайылық көрсету. (Негізі әсіре сыпайылық көрсету деген бола ма, білмедім. Бәлкім, олай өбектеткенге үйренбеген бізге солай көрінетін шығар). Сыпайы қарым-қатынас жасау тәсілдерін бір мәтінде шоғырландыру өтінішті тиімді орындауға септігін тигізеді деген пікірлер бар. Келтірілген мысалдарда please бен thank you [рақмет] сөздері немесе please и would you not... формалары қатар қолданылған. Кімнің қайда нұсқау беріп тұрғанына да назар аударған жөн. Атақты Варвик қорғанындағы өтініш-нұсқауда екі есе сыпайылық көрсетілген. Бұның өзі ортағасырлық серілікті, ибалылықты, тектілікті білдірсе керек:

Please close the door. Thank you

Есікті жабуыңызды өтінеміз. Рақмет.

(Варвик қорғаны)

Please, keep quiet along this gallery. Thank you

Галереяда тыныштық сақтауларыңызды өтінеміз. Рақмет.

(Варвик қорғаны)

Please, keep off the grass.Thank you

Көгалды баспауларыңызды өтінеміз. Рақмет.

(Варвик қорғаны)

Please, check the system before you leave!

Кетерінізде жүйені тексеруінізді өтінеміз! Рақмет.

Thank you

(Вашингтондағы ACTR оғисі)

Please, close all the windows before leaving  
the room at the end of the day

Жұмыс күнінің соңында барлық терезелерді жабуыңызды өтінеміз.  
Рақмет.

Thank you

(Ланкастер университеті)

In the interest of the majority of our passengers please  
would you not smoke on this bus

Жүргіншілердің көпшілігінің мүддесі үшін автобуста шылым шекпеуінізді өтінеміз.

(Бат, Ұлыбритания)

Канберрада тыйым салынған орынға қойылған машина әйнегіне  
полиция қызметкері мынадай бір жапырақ қағаз қалдырыпты: *the  
vehicle is illegally parked. Please refrain from parking*

Thank you. [Бұл автокөлік тыйым салынған орынға қойылыпты. Келесі жолы көлігіңізді бұл жерге қоймауыңызды өтінеміз. Рақмет]. Формасы аса сыпайы (please, thank you) мазмұны біз үшін де, басқа мәдениет өкілдері үшін де адам нанғысыз. Бұл бір жапырақ қағаз – алдын ала басып шығарылған типтік үлгі. Бұл жай ғана сыпайылық не жасанды саяси әдел сақтау емес, бұл дегеніңіз – кейбір «еркениетті елдерде» үміт болған мемлекеттің адамға деген нағыз шынайы қатынасы. Австралияның тылсым табиғаты секілді тек сондаған кездесетін құбылыс. Бала кезімізде ойнайтын бір ойынды еске салады: «Первый раз – прощается, второй – запрещается, а на третий навсегда закрываем ворота /Бірінші рет кешіріледі, екінші рет тыйым салынады, ал үшінші рет қақпаны мұлде жабамыз/. Өкініштісі, бұл ойынды қазір ешкім ойнамайды...»

## 2. Талап ету себептерін түсіндіру

Бір нәрсені істеуге не істемеуге шақыру көбіне сол нұсқауды немесе тыйым салу себептерін түсіндіреді, яғни реципиент санасына қозғау салады. Мысалы:

Егер сізге менің айнам көрінбесе, мен сізді көре алмаймын.  
Артқа қарай тұруыңызды өтінем.

Өтініп сұраймыз! Зообақта құстарды арнағы диетамен қоректендіреді, ал қосымша тамақ олардың өміріне қауіп тәндіруди мүмкін. Сондықтан сіздерден ӨТІНЕМІЗ, ҚҰСТАРҒА ТАМАҚ БЕРМЕҢІЗДЕР!

Есікке сүйеніп тұрсаңыз, қозғалысқа әсер етіп, қауіп төнүі мүмкін.

Келушілерге өтініш: жәдігерлер мен әшекей бұйымдарға, сондай-ақ есіктер мен қабырғаларға қол тигізбеніздер. Бір жылда келуші 500.000 адамның қолы айтарлықтай нұқсан келтіреді.

Банкке кіrmес бұрын, өз қауіпсіздіктеріңіз үшін басқиімдеріңізді шешулеріңізді сұраймыз.

Қоқыс сіздерді бөгейді.

**ЕСКЕРТУ:**  
Бұл ауданда жеміс-жидек жеменіздер. Мұнда гербицид қолданылады.

If you can't see my mirror I can't see you. Stay back, please

(Жүк көлігіндегі жазу, АҚШ).

A request! All the Zoo birds are fed scientifically prepared diets and additional food could prove fatal! We therefore ask you: PLEASE, DO NOT FEED THESE BIRDS  
(Австралия зообағы).

Obstructing the door causes delay and can be dangerous  
(Лондон метроы).

During their visit, visitors are requested not to touch any of the exhibits or ornaments, including doors and walls. 500.000 hands each year can cause a lot of damage.  
(Корольдік Павильоны. Брайтон).

In the interest of security please remove your crash helmet before entering the bank  
(Лондон банкі).  
Litter slows you down  
(Лондон метроы).

**WARNING**  
Do not eat fruit picked in this area. Herbicide applied  
(Канберрадағы жол белгісі, Австралия).

Please do not leave any unattended baggage – as this causes delays.

(АҚШ)

Жүктеріңізді қараусыз қалдырмауларыңызды өтінеміз, бұл көлікті кешіктіреді.

### 3. Стильдеу

Көпшілікке ықпал етудің айрықша кең тараған әдісінің бірі – тыным салынған орындарға сай стильдеу тәсілі. Бұл әсіресе Англияның тарихи жәдігерлері орналасқан жерлерде көп кездеседі.

Көне қорғандар мен ағылшын ақсүйектерінің үйлерінде келушілерге сол заманғы әдел пен тектілікті сезінту үшін көнерген сөздер мен жазу үлгілері қолданылады. Мысалы, VIII Генрих жас әйелі Анна Болейнмен түрған, патшалық құрған, Англияның болашақ ұлы патшаймы I Елизавета дүниеге келген Хэмптон Корт салтанат сарайына келушілер алдымен өздеріне арналған «Ережемен» танысады. Онда келушілерге не істеуге болатын-болмайтыны айтылмайды, тарихи орында оған тоқталу үлкен әбестік болар еді. Сізге керемет қызмет көрсету түрлері ұсынылып, сосын өзіңіздің де бұған үлес қоса алатыныңызды түспалдалап жеткізеді:

Hampton Court Palace Visitors' Charter

Our aims are that you.

Enjoy your visit to HCP.

Find all the staff helpful, informative and courteous.

Find the Palace and Gardens well presented and that the information is clear and helpful.

Find your surroundings litter free and the toilets clean.

You can help us achieve this aim.

Find our shops and catering of a high standard.

Сарайға келуші ағылшындардың айтуынша, сарай аумағындағы ескертудердің барлығы Тюдор әдебінің стилінде (Tudor politeness) жасалған. Әдеттегі Quiet please [Өтінеміз, тыныштық сақтаңыздар]; No noise [Шұлауға болмайды], No photographs [Суретке түсіруге болмайды] деген ескертудердің орнына Корольдің теннис алаңында мынадай ескертудер орнатылған:

Please maintain silence and refrain from taking photographs while game is in progress [Өтінеміз, тыныштық сақтаңыздар және ойын кезінде суретке түсіруден аулақ болыңыздар].

Тіпті қарапайым No smoking деген сөзден кейін қолтаңбаның қойылуы оған біраз салмақ үстейді:

Town and County of Hampton Court [Хэмптон Корт қаласы мен графство].

Хэмптон Корт сарайы келушілерінің ережесі.

Сіздің көніліңізден шығу үшін біз барымызды саламыз.

Қызметкерлеріміздің әрдайым көмек көрсетуге дайын екенине, ақпарат беріп, сыйайылық көрсететініне көз жеткізіңіз.

Сарай мен оның бақтарының күтімі жақсы, ақпараттардың барлығы түсінікті әрі пайдалы екенине көз жеткізіңіз.

Сарайдың айналасында қоқыс жоқ екенине, әжетханаларда тазалық сақталатынына көз жеткізіңіз.

Біздің осы талпыныстарымызға сіз де үлес қоса аласыз.

Біздің дүкендеріміз бен кафеміздің деңгейі өте жоғары екенине көз жеткізіңіз.

Үйреншікті No food or drink here [Мұнда тамақ жеуге және ішүге рұқсат етілмейді] дегеннің орнына сарай кафесінде сізге былай дейді:

Please note – only food and drinks bought here may be consumed on the premise [Өтінеміз, назар аударыңыз: сарай аумағында тек осы жерден сатып алынған тағамдар мен сусындарды ішіп, жей аласыз].

Басқа мысалдар келтірейік:

Бұл есікten кіргенде,  
еденін алтыннан жасалғандай,  
керегелерін асыл тастармен көмкерілгендей  
көріңіз.

Хор айтылғандай,  
не оттар ән сап жатқандай елестетіңіз.  
Шуламаңыз, саспаңыз,  
ештеңе деп ауыз ашпаңыз.  
Мұнда Құдай бар деп біліңіз.

Священник (дін қызметкери) Дж.Маккей.

Enter this door as if  
the floor within were gold  
and every wall of jewels  
all of wealth untold.

As if a choir in robes  
of fire were singing here.  
Nor shout nor rush  
but hush.

For God is here.  
Revd J. Mackay

(Лалок деревнясындағы шіркеудің кіреберісі, Ұлыбритания).

Баспалдақта абай болыңыз.

Please be careful on the steps.

(Лидстегі қорған, Ұлыбритания).

Әдette мұндай хабарландырулар басқаша жазылады. Mind the steps [Абайлаңыз, баспалдақ] (бұған кейде please [мархабат] сөзін қосады).



нышқа бөлеп, мерекеге айналдыратыны қандай қызық!

Нью-Йорк метросында жеке қайыршыларға емес, қайырымдышық қорларына ақша беруге шақыратын, ауызекі сөйлеу стиліне сай хабарландыру ілінген:

О, Құдайым-ау, тағы біреуі ме? Неге олар әрдайым менің қасыма кеп тұрады? Метрода қайыр тілеуге ЗАҢМЕН ТЫЙЫМ САЛЫНГАНЫН сен білмейсің, бе? Әрине, саған жаңым ашиды. Алайда егер мен ақшамды қайырымдышық қорына аударсам, ол бірнеше мұқтаж адамға жәрдемдеседі. Ақшаңызды өз таңдауыңыз бойынша кез келген қайырымдышық қорына аударыңыз. Солардың бірі – «Сити Харрест».

Баланың тіліне, нақтырақ айтсақ, баланың қабылдауына сай стильдеу. Мәселең, Сидней зообағындағы кенгурулер өмір сүретін бөлімнің кіреберісі мен шыға берісінде әдetteгі Entrance [Кірү] – Exit [Шығу] дегеннің орнында бас әріптермен: HOP IN [СЕКІРІП КІР] и HOP OUT [СЕКІРІП ШЫҚ] деп тұр. Кішкентай ғана нәрсенің (entrance орнына hop in) айналаны қуашында, мерекеге айналдыратыны қандай қызық!

Oh no... another panhandler. Why do they always STOP in front of me? Don't you know that panhandling on the subway is ILLEGAL? Sure, I feel for you. BUT, if I give my money to charity I know they'll give it to lots of people who need it. Give to the charity of your choice. One place to give is City Harrest.

#### **4. Сөздерді құбылту, әзіл, үйқас, сөздерді әдейі қате жазу**

Хабарландыру мәтінінде жоғарыда аталған тәсілдердің бірден бірнешеі үйлесім табады.

Мәдениеттану түрғысынан алғанда, қандай өтініш-талаптар қосымша күш салуды қажет етеді, қандай жағдайлар қоғамды бейжай қалдырмай, адамдардың ақыл-парасатын, ақшасын тиімді хабарландыруларға жұмсайтыны маңызды.

Мынау жол ақысын және көлікті қоюға ақы төлеуді өтіну екен:

Pay and display

Төлеңіз де түбіртегіңізді көрсетіңіз.

(Ұлыбритания).

Be fair – pay fare

Адал болыңыз – пойызға ақы төлеңіз.

(Сиднейдегі паром, Австралия).

Екінші мысалда үйқас тәсілімен бірге сөздерді құбылту қатар қолданылған (Есімізге Ресейдегі мына бір ескерту түседі: Жолаушы жолдастар! Жол ақысын үақытылы төлеңіздер!).

Сақ болуды, ұрыға жем бол қалмауды таза ағылшынша әзілмен былай жеткізген:

Don't forget: thieves are not on holidays this Christmas [Рождество-да ұрылардың демалмайтынын ұмытпаңыз].

Жоғарыдағы ескертуді бейтарап ескертумен салыстырыңыз:

Beware: thieves operate in this building [Осы ғимаратта ұрылар жүр, сақ болыңыз].

Екі ескерту де Ұлыбританиядағы Ноттингем университетінде ілініп тұр. Робин Гуд дәуірінен қалған дәстүр ме, қалай?

Лондон кинотеатрындағы дәл осындай ескертудің сипаты мүлде басқа, айыптау, кінә тағу сипатында жазылған (арғы жағынан көрінген полиция қызметкерінің жүзінен «өздеріңіз кінәлісіздер!» дегенді аңғару қыын емес):

Please do not invite crime by leaving the handbags and valuables on your seat unattended [Өтінеміз, қылмыскерлердің көзін қызықтырып, сөмкелеріңіз бер құнды заттарыңызды орындықта қалдырмаңыздар].

Англиядада жиназ тасымалдау туралы хабарландыру сөздерді құбылтуға негізделген:

Careful movers [Ұқыпты жиназ тасымалдаушылар].

Салыстырыңыз.: to move furniture «жиназ тасымалдау, mover – «жетекші, идея, жоспар авторы» (БАРС), «person who formally moves a proposal [ресми ұсыныс жасайтын адам]» (OALD), «an active person who changes things, gets them moving [заттарды ауыстыратын, бір орыннан бір орынға қоятын белсенді адам]» (сол тілде сөйлеуші адам берген анықтама).

Сөзді әдейі қате жазу – назар аударту тәсілдерінің бірі:

For the best Chinese food in London WOK THIS WAY! [Лондондағы ең жақсы қытай тағамы үшін мұнда келің! (walk «барудың» орнына wok қытай тағамдарын дайындауға арналған ерекше таба)].

While-u-wait [Әзірге сіз күте тұрыңыз (you орнына u)].

Омофондарды қолдану арқылы да мақсатқа жетуге болады. Мысалы, жүкті әйелдерге арналған киім секциясында ілініп тұрған жазу: Mothers 2 be [Болашақ аналарға (to орнына two)].

Саналуан хабарландырулар арасынан үшқыр қиялдан туған ескертулер мен мұндалап көзге түседі. Ағылшын тілді әлемде жолкөлік оқиғалары аса өзекті мәселе болғандықтан, жүргізушилердің жылдамдықты басуына, ішімдік ішпеуіне, рульде қалғымауына, барлық жол ережелерін сақтауына мүмкіндігінше барлық шара, тіпті тілдік әрекеттер де қолданылады:

Көлігіңізді абайлап жүргізіңіз де, бізге тыныштық беріңіз.

Drive with care, give us a brake

(Денвер, Колорадо)].

Drive with caution [Көлігіңізді абайлап жүргізіңіз] біршама жағымдырақ. Сөз құбылту: brake «тежегіш» және break «үзіліс, тыным».

Баланы емес, жылдамдықты басыңыз.

Kill your speed, not a child

(Лондон).

Жоғары жылдамдықты сезіп қойып, бірден компьютерге жиберетін, сөйтіп жүргізушиге біраз келеңсіздіктер келтіретін радар аппаратының қосылып тұрғанын лондондық әзілқойлар еш қамықпастан (үлкен әріптермен) былай хабарлайды:

SMILE YOU ARE ON CAMERA [Суретке түсіреді, жымыныңыз].

Ал кішкентай әріптермен:

Cctv recording in operation [мұнда бейнекамералар қосылып тұр].

Camera сезі фотоаппарат деген мағына да беретіндіктен, сондай-ақ әдетте фотосуретке түсірерде «Жымыныңыз!» деп айтылатындықтан, мұны әзілге айналдыру оңай.

Шаршау өлтіреді. Демалыңыз.

Tiredness is killing. Take a break

(Англия тас жолы).

Сиднеймен Мельбурн (Hume Highway) арасын жалғайтын тамаша автожолда жүргізушилер психологиясына мәтіннің көркемдігі арқылы ықпал ететін жоғары кәсіби деңгейде жасалған ескертулер көп:

Тоқта.

Stop

Демал.

Revive

Өз өмірінді сақта.

Survive

Көзіне үйқы тығылған жүргізушилер апатқа ұшырайды.

Drowsy drivers die

Көзің ілініп бара жатса, демал.

Rest if sleepy

Көлік жүргізгенде үйықтама.

Don't sleep and drive

Тоқта да, аман қал.

Break the drive, stay alive

Англияда көлік бамперінде немесе артқы әйнегінде аяғын не басын таңып алған мысықтың, иттің суреті салынған мынадай жазу бар:

Slow down for our sake [Біз үшін жылдамдығында ақырындан].

Автобус басшылығы өз жүргіншілерімен мұлде басқа жанрда сейлеседі. Қатты жылдамдықпен жүйткіп келе жатқан, басқа жаққа мойын бұруға мүмкіндігі жоқ жүргізушіге айтылар сөз қысқа әрі нұсқа болмаса, оны ешкімнің оқымасы анық. Ал автобус жолаушысы – бұл басқа әңгіме. Ешқандай шаруасы жоқ, бос отырған оны қоғамдық тәртіпке шақыру оңай:

**Passengers must not**

1. Stand forward of this notice
2. Speak to the driver without good cause
3. Leave luggage in any gangway

(Бат, №18 автобус)

Жолаушылардың:

1. хабарландыруды қалқалауына;
2. жүргізушімен мақсатсыз сейлесулеріне;
3. кіреберісте жүктепін қалдыруларына болмайды.

#### Consideration for fellow passengers.

Please help us to keep this bus clean and to maintain a friendly environment on board by showing consideration for others

Жолауши бауырлар назарына.

Автобус ішінде тазалық сақтап, өзара сыйластық пен достық қарым-қатынас орнатуға көмектесулеріңізді өтінеміз.

#### Personal stereos.

Please think of those around you and keep your personal stereos personal, by keeping the volume down

Жеке стереомагнитофондар.

Сіз жалғыз емессіз. Магнитофонның дауысын басыңыз, маңайыңыздарыларды мазаламаңыз.

#### Passengers and luggage.

You are asked to keep any luggage close by you at all times when traveling and to avoid putting your baggage on seats or in gangways.

Please offer your seat to elderly or disabled people or anyone with babies or young children

Жолаушылар мен жүк.

Жүктепіңізді жол бойы өз қастарыңызға қойып, орындықты не жолды иеленбеулеріңізді сұраймыз.

Карттарға, мүгедектерге және баласы бар адамдарға орын берулеріңізді өтінеміз.

#### Eating, Drinking and Litter.

Please finish any food and drink and dispose of it in a bin before boarding the bus – otherwise litter ends up on the floor and seat and can be dangerous as well as unpleasant for other passengers

Тамақ, Сусын, Қоқыс.

Автобусқа мінгеннен кейін ішіп-жеуді тоқтатуларыңызды өтінеміз. Автобусқа мінгенге дейін қоқыстарыңызды шелекке тастаңыздар, өйтпеген жағдайда еденге, орындықтарға түсіп, қауіп төндіреді әрі жолаушыларға жағымсыз.

### Шылым шекпеніздер!

Барлық Лондон автобустарында шылым шегуге тыйым салынғанын естеріңізге саламыз. Бұл ережені бұзғандар зор көлемде айыппұл төлейді.

**Дегенмен жолаушыларды тәртіпке шақыру автобус аялдамасынан басталады:**

### Көмек қолын созыңыздар!

Егер әлдекім автобусқа міне алмай қиналып жатса, көмектесін жіберіңіз. Қарт, мүгедек, балалы, жұғі көп кісілер көмегінізге алғыс айтады.

### No smoking.

You are reminded that smoking is not allowed anywhere on London's buses. There is a heavy fine for those who won't comply

### Lend a hand!

If you see someone in difficulty getting on and off our bus don't be afraid to offer a helping hand. Elderly people, disabled people, those caring shopping and parents with small children may appreciate assistance

Our есімдігіне назар аударыңыз: әдеттегі the bus [автобус] сөзінің орнына – our bus [біздің автобус] сөзі қолданылған. Бұл сөз жеке адамның мұдделігін, қатынасын білдіреді. Бір ауыз сөз хабарландыруды әрлендіріп, автобус басшысын қайырымды, ізетті, тәрбиелі жан ретінде көрсетіп, оның жаман кенес бермейтініне нандарады. Балаларға да автобус келгенше осы қызық ақпаратты оқи тұру пайдалы...

Халықта тікелей бағытталған мәтіндердің тыңдауышыға әсер ету қызметтің арттыру мақсатындағы қызықты, әрі тиімді тәсілдеріне тоқталайық.

Америкада үлкен әмбебап дүкеннің алдында мынадай жазуы бар үлкен плакат ілініп тұрды:

Please return carts here.

Help us keep prices low and prevent damage to your vehicle. Thank you. [Өтініш, қоларбаны орнына қойыңыздар. Бізге төмен бағаны сақтап қалуға көмек беріңіздер. Жеке көлігіңізге зақым келтірудің алдын алыңыз. Рақмет!].

Берілген мәтінді оқи отырып, дүкен қызметкерлерінің тілегін орындауға міндеттейтін бірнеше тәсілдің қолданылғанын байқаймыз. Біріншіден, тұтынушыларға үлкен ілтипат, сырайылық көрсету (please, thank you), екіншіден, сырайылық таныту арқылы халықты өздеріне бағындыру (low prices), үшіншіден, жасырын түрде қауіп төндіру (damage to your vehicle) және олардан ашық түрде көмек сұрау (help us). Мұнда дүкен қызметкерлері сатып алушыларының қоларбаны қолданғаннан кейін, оны өз орнына қойызыздыру үшін әртүрлі тілдік және психологиялық амалдарды пайдаланған.

Әмбебап дүкенде тұтынушыларға арналмаған екі есік бар. Оның біреуінде қысқаша былай деп жазылған:

Fire door Do not block [Өтп кезінде сыртқа шығатын есік. Есіктің алдын қалқаламаңыз].

Мұнда барлығы түсінікті: үзілді-кесілді тыйым салынған (Do not block) және қысқаша сипаттама берілген (Fire door). Соған сәйкес сыртқа шығатын есіктің алдына көлік қоюға болмайды. Өтті болған жағдайда мекеме ішіндегі адамдарды сыртқа алып шығатын қосалқы есік саналады.

Екінші есікте ақ өлең жолдары сияқты өте ұзақ хабарландыру жазылған. Хабарландыру ковбойдың сенімді серігі – тұлпары тұралы танымал өлең жолдарымен берілген. Алғашқы жолы тұлпардың қораға қамалғысы келмейтінін сипаттайды. Бұл жол бас әрітермен айшиқталған.

DON'T FENCE ME IN.

To provide you with better service workers must have access to this side for a distance of ten feet. Please keep this area clear.

МЕНІ ЖАУЫП ТАСТАМА!

Сіздерге жоғары деңгейде қызмет көрсету үшін жұмысшыларға осы жерден он метр қашықтыққа дейінгі жер ашық болуы тиіс.

Бұл хабарландырудың композициясы мынада: Тұтынушылардың назарын өзіне аударту үшін танымал өлең жолдарының алғашқы жолдары бас әрітермен беріледі. Бұл қармаққа «клиент» бірден ілігеді. Содан кейін адамның назарын өзіне аударта отырып (to provide you with better service), осы есікті не үшін қалқалауға болмайтыны (workers must have access) туралы қысқаша түсініктеме беріледі. Осылайша, көршілес орналасқан екі есіктегі хабарландырудың арасындағы қарама-қайшылық көзге бірден ұрады.

Соңғы жылдары тұрақты қолданысқа түскен клишелерді ойнақы формалармен ауыстырып қолдану үрдісі қалыптасып келе жатыр. Мәселен, дүниежүзіне әйгілі Made in USA [АҚШ-та жасалғанын мақтан етеміз] тіркесі қазіргі кезде мақтаныш сөзімен жиі алмастырылады: Crafted with pride in USA [АҚШ-та зор мақтанышпен жасалған]. Алдыңғы тарауда бұл мәселеге арнайы тоқталған болатынбыз.

Қолдан жасалған өнімдердің сыртына (қолмен жасалған майшамдар, қолмен тоқылған мойынорағыштар және т.б.) өндірушілер былай деп жазады: Made by nice people in USA [АҚШ-тағы қайырымды адамдар жасаған].

Бұл жазба адамның көңілін оятып, күлкісін келтіруі мүмкін, деғенмен тұтынушының осы өнімді сатып алсам деген ішкі тілегін туғызыары сөзсіз.

Кейде киімдегі жалаң немесе клишеленген Dry cleaning only [Тек химиялық тазалау] тіркесінің орнына, ойнақы I am washable [Мені жууға болады] сөйлемдері жазылады.

## **§ 5. Ағылшын тілді әлем мәдениетінің хабарландырулар мен үгіт-насихаттағы ерекшелігі**

Тілдегі барлық ұндеулер, хабарландырулар мен тыйымдардың қайнар көзі болатын ақпараттық-басқарушы лексика белгілі бір тілде сөйлеуші ұжымның мәдениетін бейнелейді. Бұл әртүрлі тілдік тәсілдер мен формалар арқылы көрініс табады.

Кез келген қоғамда адам баласы тарапынан жасалатын белгілі бір әрекеттерге тыйым салынады. Сол қоғам мүшелерінен не қутуге болатыны, қандай мінез-құлықты көрсетуге болмайтынын көрсетеді.

Төменде берілген мына бір мысалдан ТМД (тәуелсіз мемлекеттер достастығы) мәдениетінде адам баласының ойына келмейтін әрекеттерге тыйым салынғанын көреміз. Шын мәнінде, біздің қоғамда, біздің мәдениетте қоғамдық орындарда жерге отыра салуға, театрда сырт киімінді орындықтың астына қоя салу (?)! мен тағы осы сияқты нәрселерге тыйым салынбауы керек.

Лондон университетінің кітапханасында:

Readers are reminded that sitting on the floors is prohibited [Оқырмандарға ескерту: еденге отыруға тыйым салынады].

Британ университетінің дәріс залының есігінде былай деп жазылған:

ДӘРІСХАНАДА  
ТАМАҚ ЖЕУГЕ,  
СУСЫН ІШУГЕ  
ЖӘНЕ  
ТЕМЕКІ ШЕГУГЕ  
РҮҚСАТ ЕТИЛМЕЙДІ.

EATING  
DRINKING  
AND  
SMOKING  
ARE NOT  
ALLOWED  
IN THIS  
ROOM

Америкалық университеттің мекемесінде:

No rollerblading [Роликпен сырғанауға болмайды].

Пленарлық мажіліс кезінде университеттің конференц-залының сыртқы есігінде:

No drinking or eating, please [Өтініш, тамақ жеуге, сусын ішуге болмайды].

Лондондағы Корольдік Ұлттық театрда:

Please do not place coats, etc.under your seat as it interferes with ventilation.

[Өтініш, сырт киімдеріңіз бен заттарыңызды орындықтың астына қоймаңыздар. Бұл әрекет желдеткіштің қызметін нашарлатады].

**Ұлыбританияда пойызда:**

Do not put your feet on the seat

**Аяғыңызды орындықта қоймаңыз.**

**АҚШ-та автобуста:**

Keep head, hands and feet inside vehicle [Басыңызды, аяқ-қолыңызды сыртқа шығармаңыз].

ТМД елдері мәдениетінде автобуста аяқты сыртқа шығару әдеті жоқ. Алайда хабарландыруда жазылса, онда ол жақта адамдар автобуста аяқтарын сыртқа шығарады деген сөз...

**Кембридждегі мейрамханалардың бірінде:**

**Restaurant**

In response to customer demand both our Restaurant & Conservatory dining areas are now entirely non smoking.

For the benefit of other diners we respectfully ask that you refrain from making or receiving mobile telephone calls while in either the.

**Restaurant or the Conservatory.**

We would also be grateful if you could help us keep our bar and dining areas free of laptop computers. If you require temporary office space please ask any member of staff whether or not one of our conference rooms is available.

Thank you for your co-operation.

**Лондондағы Корольдік Ұлттық театрда:**

Please do not place coats, etc.under your seat as it interferes with ventilation.

[Өтініш, сырт киімдеріңіз бен тағы басқа заттарыңызды орындықтың астына қоймаңыздар. Бұл желдеткіштің қызметін нашарлатады].

Театрда сырт киімдерді орындықтың астына қою кеңінен таралған дәстүр, сондықтан тыйым салынатын үндеудің авторлары желдеткіштің қызметіне қатысты саналы түрде (қофамда дұрыс ойлау қалыптасқан ғой) түсініктеме беріп отыр. Бұл дәстүр өміршенендік сипат алып кетті. Өйткені оларда ауа райы біздікінен басқаша, әрі олардың сырт киімдері жеңілдеу болып келеді. Ал театрдағы шешінетін орын ақылы түрде қызмет көрсетеді. Ресейдің мәдени көзқарасы тұрғысынан алғанда, Сейнт-Олбан шіркеуінде темекі шегуге, тамақ жеп, сусын ішуге болмайды деген тыйымдар еріксіз таңдан-дырмай қоймайды. Дінді мойындау, одан адамды бездіру жылдарының өзінде Ресей шіркеулерінде мұндай жайттардың орын алуы мүмкін емес еді.

Out of respect for this house of God visitors are asked to be suitably dressed and not to eat, drink or smoke in the abbey [Күдай үйінен

Біздің клиенттердің талабы бойынша мейрамханада, қысқы бақшаның түскі ас ішетін бөлігінде темекі шегуге болмайды. Келушілерден мейрамханада, қысқы бақшада ұялы телефонды қолданбауды (қоңырау шалмауды және қоңырауларға жауп қатпау) өтініп сұраймыз. Сондай-ақ тамақ ішетін орындарда, барда жеке компьютерлеріңізді қолданбағандарыңыз үшін Сіздерге ризашылыштырымзды білдіреміз. Егер Сіздерге конференция өткізу үшін кеңсе орындары қажет болса, біздің қызметкерлерден аудиториялардың біреуін қолдануға рұқсат алсаңыздар болады. Біздің өтінішімізге қулақ асқаныңыз үшін алғыс айтамыз.



деген сый-құрмет көрсетудің белгісі ретінде аббаттық кезінде келушілердің шіркеу дағдысына сай киіну және тамақ пен судан, темекі шегуден бас тарту сұралады.

Австралия астанасы Сидней қаласының орталығындағы хабарландырудың көрсетілгендей, әскери кемелер (Naval dockyard) түрған аймақта өттеге (бұл түсінікті жайт) және атуға (!?) тыйым салынуды мәдени түрғыдан алғанда мүлде түсініксіз:

Trespassing and shooting is forbidden on this property [Жеке аймақтың шекарасын бұзға және атуға тыйым салынады].

Қытайда қоғамдық орындарда түкіруге тыйым салынғаны тұралы алдыңғы тарауда айтылған болатын. Осыған байланысты В. Сухарев былай деп жазады: «Ванфуцзин көшесінде қоғамдық орындардың тазалығын бақылайтын арнайы бригада ерекше назар аудартады. Олар жүргіншілерді жерге түкіру әдетінен арылуға шақырады. Қытайдың денсаулық сақтау жүйесінің 150 мың инспекторы арнайы қадағалауға шығады. Олар қала көшелерінің санитарлық жағдайын тексеріп, тәртіп бұзғандарға айыппұл салады. Бейжінде «бір рет түкірудің өзі» онайға түспейді. Осы ескертуді бұзған адамға 50 фэн көлемінде айыппұл салып қана қоймай, сол түкіркітің құрамында қаншама микробтың бар екенін микроскоп арқылы қарастауға мәжбүрлейді»<sup>2</sup>.

Белгілі бір мәдениетті ұстанушы қоғамның әлеуметтік өмірінің ерекшеліктері төменде берілген мысалдардан айқын көрінеді.

Австралияның Виктория штатында жаз айларында (қаңтар-ақпан) аптап ыстықтан пайда болған өрттен адамдар мен жан-жануарлар зардап шегіп жатқан кезде жол бойына мынадай белгілер қойылады:

Fire restriction are in use! [Өрт тудыру қаупіне байланысты шектеу қойылады!].

Осындағы леп белгісінің қойылуы ерекше назар аудартады, өйткені орыс тілімен салыстырғанда ағылшын тілінде леп белгісінің қойылуы сирек кездесетін құбылыс.

Жапония қаласындағы жеделсатылардың (лифт) біріндегі хабарландыруға назар аударайық:

In case of FIRE or EARTHQUAKE, Do Not Use The Elevator [ЖЕР СІЛКІНІСІ және ӨРТ кезінде жеделсатыны пайдаланбаңыз].

(Мұндай хабарландырудан кейін өз еліңе бірден қайтқың келіп кетеді екен ...)

Австралиядан кафе мен мейрамханаларда мынадай «жұмбақ» мәтін кездеседі:

B.Y.O.

Мұндай жазу келушілердің өзімен бірге ішімдік алып келуіне болады (не міндетті) дегенді білдіреді. Осы мәтінде бөтөлке сөзі

<sup>2</sup> В. Сухарев.

Мы говорим на разных языках. М., 1998, 171 б.

қолданылмағанмен, «bring your own» [өзіңмен бірге алғып кел] деген қолданыстың өзі ішімдік туралы екенін бірден аңғартады.

Қоршаған ортаны қорғау, экология мәселесі бойынша қамқорлық танытуда хабарландыру мен мекеме маңдайшасындағы жазулардың тілі батыс мәдениетінің өзіндік ерекшелігін толық бейнелеп көрсетеді. Батыс идеологиясындағы қоршаған ортаны қорғау мәселесі индивидтің жеке басының пайдасымен сәйкес келеді. Еуропа, Америка, Австралияның үлкен-кіші қонақүйлерінде тұрғындардың бөлмесінде мынадай хабарландыру жазылып тұрады:

#### HELP US TO HELP THE ENVIRONMENT

Now more than ever it is important to protect the environment by reducing pollution and saving on energy and costs. At the Manchester Conference Center we believe that even small gestures can make a difference. We would like you to help us cut down on unnecessary laundering by telling us whether or not your towels need replacing each day.

If you would like your towels changed, then please hang them on the towel rail and we will fold them for you.

#### THANK YOU FOR YOUR CO-OPERATION

Printed on recycled card.

Қоршаған ортаны қорғау, оған қамқорлық таныту тұрғысынан алғанда бұл өтініштің өзіндік орны бар. Бірақ бұл өтініш қоршаған ортаны қорғау қажеттілігі туралы үндеумен астасып кетеді.

#### TOWELS

Towels on the floor say «Change me»,  
Towels hanging up say «Keep me».

We have adopted this policy at the request of our many environmentally friendly guests.

Dear guest,  
welcome to our hotel. We would like to wish you a pleasant stay.

#### Please – for the sake of the environment:

None of us want to alter the natural balance and cycle of water, or to burden the environment with any more washing powder than absolutely necessary.

#### Please – it's up to you to decide:

If we find used towels hanging on the towel-hanger, that means: you will go on using them.

[БІЗГЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУҒА КӨМЕК БЕРИҢДЕР.

Қазірі кезде ауаның lastanuы, құат көздерін (энергия) үнемдеу арқылы қоршаған ортаны қорғау қажеттілігі туындалған. Манчестердердегі орталық конференция мүшелерінің пікірінше, қоршаған ортаны қорғауда кішігірім әрекеттің өзі маңызды. Мәселен, сіздер күнделікті кір жууды үнемдеу арқылы көмектесе аласыз. Ол туралы сіз сұлтнің күнде ауыстыру керек пе, жоқ па дегенді хабарлай аласыз. Егер сізге сұлтнің күнделікті ауыстыру керек болса, оны іліп қойыңыз. Оны өзіміз жинап алаңыз.

ТҮСІНІСТИК ТАНЫТҚАНДАРЫҢЫЗГА РАҚМЕТ!

Бұл түсініктеме қайта өндеген қағазға жазылған].

СҰЛГІ.

Едендегі сұлгі «Мені ауыстыр», ал ілініп тұрған сұлгі «Мені қалдырып» деген сез.

Біз мұндай саясатты тұрғындардың өтініші бойынша жүргізіп келеміз.

Құрметті қонақтар, біздің қонақүйге қош келдіңіздер!  
Қонақүйде уақытты жақсы өткізулеріңізге тілекtesпіз.  
Өтініш, қоршаған ортаны қорғауға қамқорлық танытайтың.

Біздің ешқайсысымыз табиғаттағы тепе-тендікті (баланс) бұзғымыз келмейді, ешкім қоршаған ортаны кір жуғыш үнтақтың артық мөлшерімен ластағысы келмейді.  
Шешімді сіздер қабылдайсыздар!

Ілініп тұрған сұлгі сідердің әлі де қолданатыныңызды білдіреді.

Егер сұлгі жуынатын бөлмеде жатса, онда оны ауыстыру керек деп түсініміз.

Көп рақмет!

Экологияның бірінші заңы бойынша барлығы бір-бірімен байланысты. Барри Комонер.

Біздің ғаламшардың табиғи ресурстарын сақтап қалуға көмектесу үшін қоршаған ортаны қорғау бойынша төмөндегі талаптардың сақталуын сұраймыз:

Сүлгіні ары қарай да қолданғызыз келсе, оны көлтіру үшін тиісті орынға іліп қойыңыз.

Сүлгіні ауыстыргызыз келсе, оны жуынатын бөлмеге қалдырыңыз.

Бөлмеден шығарда жарықты, суды және теледидарды өшіріңіздер.

Егер сізге құнделікті газет керек болса, онда кнопкани екі рет басыңыз.

Өтініш, шешім қабылдаңыздар: жуынатын бөлмеге қалдырган сұлғи «менің оны ауыстыргым келеді» дегенді білдіреді, ілули түрған сұлғи «мен оны әлі де қолданамын» дегенді білдіреді. Сіз бұл әрекет арқылы қоршаған ортанды қорғауға өз үлесімді қосамын дегенді білдіресіз.



If we find them in the shower or the bath we will understand: you would like us to change them.

Thank you very much.

The first law of ecology is that everything is recalled to everything else Barry Commoner

To help us conserve our planet's natural resources, we ask you to consider the following environmentally friendly practices:

Hang your towels on the towel rack to dry, if you wish to re-use them.

Put them in the bathtub if you wish them to be laundered.

Switch off the air conditioning, television and lights when departing your room.

If you require daily newspaper please contact out Reception on extension 2 to place your order.

Thank you for your assistance in preserving our environment.

Please decide: Hand-Towel thrown into

the bath or shower means. Please exchange. Hand-Towels replaced on the towel-rail means: I'll use it again – for the sake of our environment.

Ағылшын тілді елдерде жан-жануарларға деген махаббат, қамқорлық қоғамдық өмірдің бірден-бір ерекшелігі. Сонымен қатар тұрғындарды экологиялық тұрғыдан тәрбиелеу бағдарламасының бір бөлігі саналады. Бұл бағдарлама ғылыми, саяси, қоғамдық деңгейде, сонымен қатар В.В. Маяковский айтқандай, «мекеме маңдайшасындағы жазулардың әліпбі» негізінде жүзеге асырылады.

Төменде берілетін мысалдардан Австралиядағы хабарландыру мен үндеулердің сандық және сапалық жағына қарай отырып, австралиялықтардың жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне өте үқыпты және асқан қамқорлықпен қарайтынын байқаймыз.

Жануарлар дүкені, саябағы не қорыққа келушілерден осы бір қорғансыз жандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін белгілі бір ережелерді орындау талап етіледі. Тыңдаушыға әсер ету мақсатында ережені жазуда түрлі тілдік амал-тасілдер қолданылған:

1. Адам баласы тараپынан жан-жануарларға жасалатын зиянды әрекетті болдырмаудың түсініктемесін беру.

Өтініш, тамақтандырманыздар. Маймылдардың ас қорыту жүйесінде кінәрат болғандықтан, өздеріне арналған арнайы тамақ беріледі.

Please, do not feed. These monkeys have dietary problems and require specialized food.

(Хилзвилдегі қорық, Австралия).

Please do not feed the animals. Love and respect is all they need.

(Сиднейдегі жануарлар саябағы).

Feeding animals makes them unable to find their own food because they depend on humans to feed them.

(Ұлкен Каньон, АҚШ).

2. Мұндай түсініктеме кейде қорқытып-үркіту реңкін иеленүі мүмкін. Басқаша айтқанда, адамдарға нені жасау керек, нені жаса-мау керек сияқты талаптарды түсіндіріп қана қоймай, сонымен бірге қорқыту да керек.

Animals often bite the hand that feeds them. These animals may carry diseases such as rabies and plague.

(Ұлкен Каньон, АҚШ).

Help the «Wild» in Wildlife Squirrels and chipmunks live among the rocks here. Feeding them is harmful, dangerous and unlawful.

(Ұлкен Каньон, АҚШ).

Do not touch prawns. They bite.

(Сиднейдегі балық базары).

3. Халықтың қоғамдық орындарда өзін-өзі дұрыс ұстаудына қатыс-ты сенімділікті баса көрсету мақсатында хабарландырулар кейде «ойнақы тілмен» жазылуы мүмкін. Ешқандай тілдік амал-тәсілдерсіз, тұра, ашиқ айту талабы бар хабарландырулар да кездеседі: Clean up after your dog [Итіңіздің қалдықтарын жинап жүріңіз] Немесе:

Avoncliff welcomes dog owners who clean up after their dogs.

(Ұлыбритания).

Thank you for cleaning up after your dog

(Ұлыбритания).

4. Жан-жануарлар тарапынан адамдарға қаратада айтылған сөз. Мұндай хабарландырулардың негізінде адамдардың неге өзін бас-қаша емес, дәл осылай ұсташа керектігінің орынды түсініктемесі жа-тыр. Бірақ бұл адамға қаратада айтылған құрғақ, қатаң нұсқау емес, сонымен қатар эмоционалды үндеу. Мұндай үлгідегі хабарланды-рулар осы ғаламшарда өмір сүретін адамзат пен өзге де тіршілік иелерінің құқығы тең екенін көрсетеді. Тыңдаушы жаққа эмоцио-налды әсерді күшейте түсу үшін леп белгісі қолданылады. Леп бел-гісінің орыс тіліне қарағанда ағылшын тілінде сирек қолданылуы, осы тыныс белгінің мәнін арттыра түседі. Осыған байланысты Авст-ралияда халықпен тілдік қарым-қатынас жасау барысында леп бел-гісінің қойылуы таңдаулы тәсіл ретінде кең қолданысқа ие.

Өттіңіш, жануарларға тاماқ бермеңіздер. Оларға тек қана ма-хаббат пен жылулық керек.

Жан-жануарларды тاماқтандыру оларды өздігінен тاماқ тауып жеуге қабылетсіз етеді, өйткені олар адамдардың та-мақтандандыруына тәуелді бола бастайды.

Жануарлардың өздерін тاماқтандыратын адамның қолын қауып алуы жиі кездеседі. Жануарлар түрлі жүқпалы және құтырма ауруларын жүқтүрүп мүмкін.

Жабайы тиін мен ала тышқандарға жартастарда тіршілік етуге көмектесініздер. Оларды тاماқтандыруға заң бойынша тый-ым салынған, өйткені бұл қауіпті, әрі зиянды.

Теніз шаяндарына тиіспеніздер. Олар шағып алады.

Жануарларының қалдықтарын жинап жүретін ит иесіне Эй-вонклифф ризашылығын білдіреді.

Итіңіздің қалдықтарын жинап жүргеніңіз үшін рақмет.

Өтініш, бізге тамақ берменіз! Біз өте семізбіз, дәрігер біздің денсаулығымыз үшін аландаулы!

Саясағыңызды қауып аламын.

Өтініш, менің үйшігімді тоқылдатпаңыз! Осылай бізді өлтіруге болады.

Бұл – біздің үй! Өтініш, біздің оңаша қалуымызға құрметпен қараңыз және үйге кірменіз!

Please do not feed us! We're so fat our vet is worried about our health!

(Хилзвилл қорығындағы кенгурулар зонысы, Австралия).

I bite fingers

(Мельбурн жануарлар саябағы, Австралия).

Please!

Don't knock or band against our house.

It can kill us

(Жануарлар дүкені, Канберра).

This is our home!

Please respect our need for privacy and do not enter

(Хилзвилл қорығы, Австралия).

Соңғысында батыстық менталитеттің, яғни индивидтің жеке әлемінің жабықтығы мен оған ешкімнің қол сұғуға болмайтыны туралы идеясы («өз үйім – өзімнің қорғаным») көрініс береді.

Осы айтылған мәселелерді қорыта келе, барлық мәдениетте темекі шегуге қарсы қарес жүргізу мақсатында кеңінен қолданысқа түскен хабарландырулардың жиынтығын көрсеткіміз келеді. Бұл тәсіл тұрғындарды экологиялық тұрғыдан тәрбиелеу бағдарламасының бір белгі. Темекі шегудің зияны екі жақты: шылымқор өзіне және қоршаған ортаға зиянын тигізеді. Элгі жазылған үндеулердің барлығы осы екі жақты сипатты иеленеді. Ұлыбританиядағы кеңінен қолданысқа түскен үндеулер сыртқы формалық және ішкі мазмұндық жағынан бір-бірімен астасып жатады:

No smoking. Town and County of Hampton Court [Темекі шекпеніз. Хэмптон Корт қаласы мен графтығы].

It is illegal to smoke anywhere on this station [Бұл бекетте темекі шегуге заң бойынша тыйым салынады].

In the interest of the majority of our passengers please would you not smoke on this bus [Қоғамдық көлік жолаушыларының сұранысы бойынша, өтініш, темекі шегуден тартыныңыз].

Don't even think about smoking here. [Бұл жерде темекі шегемін деп ойламаңыз].

Thank you for not smoking [Темекі шекпегеніңіз үшін рақмет].

Қауіпсіздік.

Жағармай өте тез жанады.

Темекі шегуге тыйым салынады, отты қолдануға болмайды.

Козғалтқышты өшіріңіз.

Бұл жерде темекі шегуге тыйым салынады.

Safety.

Petroleum spirit highly flammable.

No smoking, no naked light.

Please, switch off engines.

No smoking area

A no smoking policy operates in all buildings except where permission signs are displayed [Мекеменің арнағы белгіленген орындарынан басқа жерде темекі шегуге тыйым салынады].

BBS World Service has a No smoking policy encompassing most areas of Bush House.

Visitors to the building are asked to observe this policy

Wherever the signs are displayed

In the interest of the majority of our passengers Please would you not smoke on this bus [Сіздерден өтініш, біздің жолаушылардың көпшілігінің ұсынысы бойынша автобуста темекі шекпеніздер].

Британдықтардың көне заттарға деген ықыласын ескере отырып, көптеген мекемелер өткен ғасырдың үндеулері мен мекеме мәндайшасындағы жазуларды пайдаланады. Мұндай үндеулер өзінің тұпнұсқа формасында (тұс, шрифт және т.б.) шығарылады:

TOBACCO FUMES

ARE STRICTLY PROHIBITED

Public Health Order Rule No. 188 \* Dated 15 th March 1886

TOBACCO PRODUCTS  
ARE BANNED IN THIS  
ESTABLISHMENT

Public Health Order Rule No. 186\* Dated 15 th March 1886.

SMOKING HABITS  
WILL NOT  
BE TOLERATED

Public Health Order Rule No. 189 \* Dated 15 th March 1886.

Төменде АҚШ-тағы темекі тартуға қарсы үндеулері келтіріліп отыр: Smoking in this area is prohibited by law [Бұл ғимаратта темекі тартуға заңмен тыйым салынған]. (Америка университетінің дәретханасында).

No smoking except in designated areas [Арнайы белгіленген орыннан өзге жерде темекі тартуға тыйым салынады].

Thank you for not smoking [Темекі тартпағаныңыз үшін рақмет].

No smoking by the order of the fire chief [Өрт сөндіру қызметінің басшысы темекі тартуға тыйым салады].

Smoking permitted in designated areas only [Темекі тарту тек арнайы белгіленген орындарда ғана рұқсат етіледі].

Америкадағы жарнама афишасында темекі ұстаған сымбатты ерек кеп сұлу әйелдің диалогі:

Ер азамат: Do you mind if I smoke [Темекі тартсам, қарсы емессіз бе?]

Әйел құлімсіреп: Do you mind if I die? [Егер мен өлсем, сіз қарсы болмайсыз ба?]

Тілдің және сөйлеу қызметінің басқа салалары мен қабаты секілді адамдардың қоғамдағы тәртібін реттейтін хабарландырулар – осы қоғам мәдениетінің көрінісі. Айтпақшы, жоғарыда келтірілген жур-

БиБиСи Уорлд сервисі Буш Хауз ғимаратының көптеген орындарында темекі шегуден бас тарту саясатын ұстанады. ғимаратқа келушілерді бұл Ережеге бағынуды сұраймыз. Қайда арнайы белгілер бар, сол жерде бұл өтініштің орындаудын қадағалаңыздар!



гізушілерге әсер етудің әртүрлі тілдік амалдарын бейнелейтін рульде ұйықтамауға шақыратын мысалдар Ресейде жол мәдениетінің жоқтығын, жол сапасының деңгейін көрсетеді. Оқтаудай түзу, тегіс, беті ерекше төсөнішпен төсөлген, жылдамдыққа тыйым салынбаған, ұзақ қашықтыққа бағытталған жолдар жүргізушілерді тербетіп, үйқы шақырады. Бұл оларды оятып, апарттың алдын алу мақсатындағы тілдік қолданыстардың баюына ықпал етті.

Біздің жолдарда ұйықтай алмайсың. Сол себепті де жоғарыдағыдай үндеу түрі жоқ...

## § 6. Орыстілді әлем мәдениетінің хабарландырулар мен үгіт-насихаттағы ерекшелігі

Бұған дейін атап өткеніміздей, орыс тілінде халыққа үндеу жасаудың көбірек таралған түрі pragmatismімен, қасандығымен, нәрсіздігімен ерекшеленеді. Соңғы үақытқа дейін Ресей идеологиясының негізінде индивидуумды ұжымға айырбастау идеясы жатты: жекелеген адам – машинадағы бір бұрау, егер ол бұзылса, машинаның жағдайы ауырлайды, бірақ бастысы – машинаның бұрауы емес, машинаның өзі ғой. Сол себепті осы бір бұрауға деген қатынас тым салқын, немікүрайлы болды: Kіруге болмайды; Ластама; Жануарларға тамақ берме; таяқ, қолшатыр және чемодандарды баспаңдаққа қалдырма; өрмелеме – өлтіреді; жете алмасаң – желікпе; бөгде адамдарға кіруге болмайды. Адамға деген үндеудің ең кең таралған түрі – инфинитив формасындағы императив. Демек, ең дөрекі, адам төзгісіз айғай: Тоқта! Жат! Отыр! Өзінше демократия: итке де (саяси тұрғыдан дұрыс), әскерге де, шекара заңын бұзушыға да, қылмыскерге де, заңға бағынған қарапайым халыққа да бір формада бүйрық береді. Рақмет те жоқ, өтінбейді де, онымен қоймай «сен» деп дікендейді.

Жоғарыда келтірлген темекі тартумен күресу жөніндегі ағылшын тіліндегі мәтіндердің «бай ассортиментіне» орыс тілінде тек қана «Не курить» сөзі қарсы қойылып келді. Қарапайым әрі анық. Кейде тиімділігін артыру мақсатында леп белгісі қойылды.

Әрине, ағылшын тілінде де халыққа үндеудің әртүрлі формасы барлығына қарамастан, қарапайым, анық әрі тікелей бүйрық беретін no smoking [темекі тартпа], no trespassing [шекараны бұзба], do not touch [қол тигізбе] секілді формалар да кездеседі. Алайда советтік орыс тілінде не курить сөзіне өзге нұсқа болмады.

Посторонним вход воспрещен (бөгде адамға кіруге болмайды) тіркесін ағылшын тіліндегі осы тіркестің мағынасын беретін баламасымен салыстырып көрелік: Private. Бұл сол «кіруге тыйым салынған» есікте ілулі тұрады. Орыстілін-дегі нұсқасы қатаң, ресми, қылмыстық кодекстің бабы секілді естіледі. Ағылшын тілінде тек бір сөз кездеседі: бірақ қандай сөз! Идеология үшін, менталитет үшін, сәйкесінше сол қоғамның мәдениеті үшін қастерлі, жүрекке жылы сөз: private – жеке, жекеменшік, құпия, яғни оған тиісуге болмайды.

«Темір қоршау» заманында осындай үндеулерге қатысты әзіл болған еді: КСРО-дан бір бақытты жан Англияға іссапармен барады. Қайтып келген соң одан жұрттың ынтығып сұрағаны: Англия қалай? Ағылшындар қалай? Әлгі бақыттан басы айналған жан: Ағылшындар тұйық, коммуникацияға нашар, «менің үйім – менің қамалым» принципімен өмір сүреді деп еді, өтірік еken. Олар өте ашық, көңілді, әр үйдің есігінің маңдайшасында ағылшынша «сәлем» деп жазып қояды еken. Бұл ағылшын қоғамының өзгелер үшін тұйықтығын ғана білдірмейді, шетелге сапар шегуші «бақыттылардың» шет тілін нашар білетіндігінен де хабар береді.

Орыстың «абайлаңыз, қабаған ит» тіркесіне ағылшын тіліндегі Beware of the dog [иттен сақтаңызыз] тіркесі сай келеді. Орыс тіліндегі мәтінде қабаған сөзімен қорқытса, ағылшын тілінде иттің бар екені жайында мәлімет қана береді. Орыс тілінде «абайлаңыз, боялған» сөзі тек қана боялған туралы мәлімет беріп қана қоймайды, сондай-ақ адамның қамын ойлап, оның абайлау қажеттігін ескерtedі. Ағылшын тіліндегі баламасы Wet paint бояудың әлі кеппегендігінен хабар береді. Сізге факт жайында мәлімет берді, әрі қарай не қалайсыз, соны жасаңыз.

Мәскеу метросының есіктерінде қысқа әрі қатқыл: сүйенбе деген сөз тұр. Лондон метросында ұзак уақыт бойы жолаушыларды қорқытқан әрі ескерткен Obstructing the doors causes delay and can be dangerous [есіктерге сүйенбеніз: бұл кедергі келтіреді әрі қауіпті] деген жазу болды. Соңғы жылдары болуы мүмкін ыңғайсыздықтар жайындағы (causes delay) түсіндірмені алып тастап, тек қана қауіп-қатер қалдырылды: Obstructing the doors can be dangerous [есікке сүйенбеніз, бұл – қауіпті].

Ресей поїздарының тежегіш-крандарында үркіту және ескерту ілулі тұрады: Тиіспе! Айыппұл рубль (бағасы тиісінше өзгеріп тұрады). Лондон метросында оған балама хабарландыру: Penalty



for improper use is [дұрыс қолданбағаныңыз үшін айыппұл салынады ...]. Алайда судьялар тежегіш-кранмен ойнағандардың ісін қараған кезде improper анықтамасын қалай түсіндірерін білмей қиналды. Сөйтіп мәтін: Penalty for deliberate misuse is... [әдейі дұрыс пайдаланбағаныңыз үшін айыппұл салынады ...] болып өзгерілген.

Орыс тілі жайында әңгіме айта отырып, біз «соңғы үақытқа дейін» деген тіркесті бірнеше рет қолдандық. Шынымен де, соңғы кезде Ресейде идеологияда, әлеуметтік өмірде және соған сай мәдениетте түбекейлі өзгерістер жасалды. Демек, тіл де бұл өзгерістерге сай бейімделгені анық.

Хабарландырулардың өзі қызықты әрі мазмұнды бола түсті: олар тым көп (күн өткен сайын жарнама мен хабарландырулардан тұратын газет-журналдардың саны артуда) және олар біздің өміріміз сияқты түрлене түсүде. Оның ішінде заңсыз қызметтер мен заттар да ашық түрде ұсынылуда. Оқырманды арамдықпен, қылмыспен әрі бұрмалаумен шошытқым келмейді. Дегенмен мұның өзі – тіл, мәдениет, әрі мәдениетаралық коммуникация. Тек бейкүнә, практикалық тұрғыдан тиімді, жиңіз тасымалдауды ұсынған хабарландыру жайында айтып өткім келеді:

«Трезвые грузч. 35 р/ч. Автопереезды квартирн., офисные, сейфы, пианино. Качество».

Комментарий айтудың өзі артық.

Халықпен қарым-қатынас жасаудың түрі өзгеруде. Дамушы, шетелдік немесе шетелдіктермен жұмыс істеуге бағытталған мекемелерде – господа (мырзалар) сөзі жіп пайдаланылатын болып жүр. Жергілікті мекемелерде товарищи (жолдастар) сөзі уважаемые (құрметті) теңеуімен көбірек алмастырылды (төменде көлтірілген мысалдарда түптік орфографиясы мен пунктуациясы сақталып отыр):

*Құрметті клиенттер!*

*Сатылған жетондар қайтарылмайды әрі ақшаға айырбасталмайды!*

(Почта, Ярославль).

*Құрметті демалушылар!*

*Қажетті мүмкіндіктің жоқтығына байланысты. қонақтарыңызды татақтандыру туралы өтінішпен мазаламауарыңды өтінеміз!*

(Барбихтағы санаторий, Подмосковье).


*Құрметті жолдастар!*

*Әрбір оқырманның міндеті – кітапхана қорын көздің қарашығындаі сақтау.*

(ММУ кітапханасы).

*Таксист мырзалар! Сәттілік тілейміз!*

(Мәскеу таксонаркі).



*Құрметті ханымдар мен мырзалар!  
Сіздерді серуенге шақырамыз!*  
(Барбихтағы санаторий, Подмосковье).

*Құрметті жолаушылар!  
Жүргізушиңі алаңдатпаңыздар!*  
(Автобус, Ярославль).

ММУ кітапханасында «Кірме» сөзінің орнын «Шақыртусыз кірмеуінізді сұраймыз!» деген жаңа нұсқа алмастырды.

Адамға коммерциялық қамқорлық көрсету, яғни клиент тартуға деген талпыныс, келушіні ренжітпей, оған жағымды әсер қалдыру, сол арқылы бәсекелестің алдында жеңімпаз атануға үмтүлу – бұған дейін қолданылып келген үйреншікті императивтерді (темекі тартпа, ластама) жоғарыда көрсетілген ағылшын тілінде ұсынылған материалдардағыдай әртүрлілікті паш ететін, тілдің жаңа, сыпайы тәсілдері ауыстырды.

Сонымен, үйреншікті темекі тартпа тіркесі көп жерлерде жаңа, «саяси тұрғыдан әдепті»: Темекі тартпағаныңыз үшін рақмет, бізде темекі тартпайды секілді тұрлерімен алмастырылды.

Бірінші жағдайда бұл әшейін сыпайылықпен сатып алу: темекі тартпа деген бұйрық жоқ, керісінше, темекі тартпағаны үшін алғыс айту. Екінші жағдайда, біріншісінен гөрі жұмсақтау: бұйрық та бермейді, алғыс та айтпайды, ешқандай моральдық қысымы жоқ ақпарат қана: бізде темекі тартпайды, темекі тарту-тартпауды ар-ұятыңыз білсін. Сондай-ақ бізде есімдігі өзге нұсқаларда кездеспейтін жеке (адамды іштей тартатын) сипатқа ие.

Коммерциялық дүкенде:

*Есікті жауып жүруіңізді өтінеміз!*

Рақмет. (Таруса Калуга облысы).

Дүкендердің есігіндегі әдеттегі «Жұмыс кестесі» жекеменшік кішкентай дүкенде төмендегідей жазылып тұрды:

*Біз сізді жексенбіден басқа күндері сағат 9-дан 6-ға дейін күтеміз.*  
(Горица Вологода облысы).

Бұл ретте Санкт-Петербургтегі «Русь» қонақүйінің қонақтары қызық құжаттың қуәсі болады. «Қонақ үйде тұру мен өрт қауіпсіздігін сақтау ережелерінде» «темекі тартпа!» бұйрық райдағы инфinitивтерді кездестірмейсіз, ештеңеге тыйым салынбайды, ештеңеге рұқсат етілмейді.

Саяси әдептілік пен сезімталдығы жоғары адам табиғатына деген шынайы ықыластың ғажап түрі. Міне, Ережелер:

*Түнге қарай тыныштық сақтау мақсатында сіздерге келетін қонақтардың уақытын 23.00-ге дейін шектесек дейміз.*

Бөлмеде электр құралдарын (кофе қайнатқыш, үткік, т.б.) пайдаланбауларыңызды өтінеміз.



*Бөлмеден шығарда, электр құралдарын өшіруді (телевизор, жарықты) ұмытпаңыз.*

*Қаперіңізде болсын, қосулы тұрған үстел шамдары мен торшерлерді тез тұтанғыш материалдармен жабу аса қауіпті.*

*Сіз төсекте темекі тартпайды және толық өшірілмеген сигаретті (папиросты) тастамайды деген сенімдеміз. Бұл қауіпті.*

*Бізде лифтіде темекі тарту жөнсіз деп саналады*

*Толық өшірілмеген темекіні (папиросты) қағазға арналған себетке тастамауыңызды өтінеміз.*

*Бөлмеге тез тұтанғыш заттарды әкелмеуге әрі сақтамауға кеңес береміз.*

*Қонақүй жұмысының қызметтің жақсарту жөніндегі ұсыныстарыңызды әкімшілікке мәлімдеулеріңізді сұраймыз.*

*Әкімшілік.*

*Үлкен әмбебап дүкеннің алдына бесінші қабатында орналасқан жиназ бөлімі жайлы екі хабарландыру ілініпті. Ол жазуарға қарап, өткенді көзге елестету қын екен:*

*Бізге дейін жете алмағаныңыз өкінішті!*

*Бізге кіргеніңіз үшін рақмет!*

*Мәскеу базарында ластама сөзінің орнына:*

*Сыпыра бергенше, ластама, – деп жазылған.*

*ММУ-де үйреншікті Кәсіподақ төрағасының қабылдау үақытының орнына:*

*«Құрметті әріптестер!*

*Кәсіподақ төрағасы Сіздерді мұн-мұқтаждарыңызбен, қуаныштарыңызбен, идеяларыңызбен және ұсыныстарыңызбен әр дүйсенбіде факультет кәсіподағының ғимаратында 17.00–18.00 аралығында күтептің болады.*

*(І МУМ к. 867).*

*Келіңіздер!» деп жазылыпты.*

*Нижний Новгородтағы Лингвистикалық университетінің кіреберісінде «Есікті қатты серіппеніз» сөзінің орнына жекелеген адамға (сен делінген) қаратылған қошеметті көресіз:*

*Жақсы адам!*

*Есікті қатты серіппегенің үшін рақмет!*

*Гүл сататын дүкендегі декоративті кактуста талай жылдар бойы «Қол тигізбеңіз» деген жазу тұрды. Жақында тұрғындар сол кактустағы жаңа жазуды оқып қайран қалды:*

*«Мен тірі организмін! Мені мазаламаңыздаршы, өтінемін!».*

*Мәскеу әмбебап дүкеніндегі бұрыннан көзге жылы «тиіспе!» сөзін «Мәдениетті адам қолын тигізбейді» деген сөзben алмастырған. Осы бір қызығылтықты ақпаратты оқи отырып, «бәлкім бұрынғы*

нұсқаулар да тым жаман болмаған еді ғой, қысқа әрі айқын» деген ойға қалдым.

Ярослав тас жолында жүргізушілерді жол қаупсіздігі ережесін бұзбауға шақыратын ерекше үндеу де пайда болыпты:

«Сен өзгелердің өмірі үшін жауап бересің;

Сені үйде күтеміз;

Жүргізушилердің де отбасы бар».

Бұл хабарландырудың ерекшелігі баспасөз өкілдерінің өзін таң-ғалдырығаны сондай, олар баспасөзде тәмендегідей комментарий жазыпты:

«Бұл тас жол Совет кезеңінен «Заветы Ильича» («Ильичтің өсиеті») секілді атын сақтауымен, сондай-ақ көрер көзге оғаш «Жүргізушилердің де отбасы бар» немесе «Сен өзгелердің өмірі үшін жауап бересің» секілді плакаттарымен ерекшеленеді. Ешқандай күре жолда біз мұндайды көрген жоқпыз»<sup>3</sup>.

Біздің елімізде тыйымдар мен үндеулердің жаңа формасын іздеу ерекше маңызға ие. Шын мәнісінде, дәстүрлі нұсқаулардың қалыптасқанынан ба, жоқ әлде үлттық мінез-құлыққа тән ерекшелік пе – басшылыққа сенбеу әрі қоғамдық тәртіпке, тыйымдар мен үндеулерге бағыну Ресейде өте нашар орындалады. Бұл жайында А.В.Павловская:

«Ресейде әртүрлі заңдарға, ережелер мен қағидаларға деген қарым-қатынас өте күрделі. Жақында Мәскеудің адам көп тұратын ауданы саябақтарының бірінде серуендей жүріп, мен жазулардың сондай көптігіне назар аудардым: «Саябақта итпен серуендеуге тыйым салынады. Айыппұл...». Дәл осы жарқыраған тақтайшалардың жанында жүздеген иттің жүргенін көзіміз шалды. Эрине, олардың серуендейтін жері болуы керек қой, ал бұл осы маңайдағы бірден-бір жасыл алаңқай болатын. Мұндай жағдайда бұл плакаттардың мұнда ілінуінен не пайда әрі бұл талаптар қасақана орындалмайды. Айналада серуендең жүрген балалар да аз емес еді. Оларға қарап, бұл балаларға берілген rules and regulations (ережелер мен тәртіпке) қарым-қатынастың алғашқы сабағы ғой деп ойладым: жазылған қағиданың бәрі орындала бермейді. Орыстардың заңға деген қатынасының тым немқұрайлы екенін білгендіктен, «Темекі тартпа!» деген бадырайған жазулардың астында темекі тартып отырған немесе «Алкогольді ішімдіктер сатылмайды» деген жазуға қарамастан, арақтың бағасын сұрап тұрған студенттерді көріп, ешкім таң қалмайды. Мәскеуде болған кезінізде орыстардың ережелерге деген немқұрайлы қарым-қатынасын естен шығармаған маңызды. Мәселен, Ресейде жаяу жүргіншілерге арналған жолақта ешкім жаяуларға жол бермейді. Өте сақ болыңыздар!»

<sup>3</sup> Ваш досуг, 1999, № 32, 83 б.

Біздің «заңға бағынбайтынымыздың» тәғі бір дәлелі (Оксана Ксензенконың материалдарынан):

АҚШ, Монтана штаты, 1991–1992.

Асхана есіктерінде дәстүрлі Exit, Entrance жазулары ілінген. Exit жазуы жазылған есіктен орыс және украин (ол кезде әлі бір елдің азаматтары болатын) студенттері емін-еркін кіріп жүреді. Америкалықтар Entrance жазуы бар есікте ұзын-сонар кезекте тұрады.

Орыстардың жазба тыйымдарға деген «бунтарлық» қарым-қатынасына, немістердің ресми нұсқаулықтарға деген үнсіз бас июін қарама-қарсы қоюға болады. Бұл тіпті мәдениеттердің әртектілігі емес, қайшылығы (контраст). «Германия тыйым салынған жазбаларынан, рұқсат беретін тақтайшалары көп бірден-бір ел болуы керек: мұнда темекі тартуға, көгалды басуға, т.б. жасауға болады. Басқа елдерде тыйым салатын жазулар мұнда керісінше рұқсат етеді. Бұл елде рұқсат етілмегенниң бәрі тыйым деген ой туындаиды. Революцияға дейінгі Ресейде ұзақ үақыт бойы ереуілдеген неміс пролетарлары тұралы әзіл әңгіме тараған еді. Унтер-ден-Линден көшесінде үйымдастырылған саппен келе жатқан олар «Өттеге болмайды» деген жазуға дейін келіп, аңтарылып қалыпты. Осымен революция аяқталып, «барлығы ың-шыңсыз үйлеріне тарасқан екен».<sup>4</sup>

Немістермен салыстырғанда, бізде революцияның оңай жүзеге асатынының себебін осыдан іздеген абзal.

Қорыта келгенде, дәл осы тақырыпқа «халықаралық анекдот»:

Неміс, француз және орыс үшеуі көпірден секіреді.

Неміс ақшаларын құтқару үшін секіреді.

Француз сүйіктісін құтқару үшін секіреді.

Орыс көпірде «Көпірден секіруге болмайды» деген жазу болғандықтан секіреді.

<sup>4</sup>А.В. Павловская. Как делать бизнес в России. Путеводитель для деловых людей. (В печати).

## Қорытынды

Тіл – жалпы әлемді көрсететін экран ғана емес, сонымен қатар адамның дүниетанымдық әлемін бейнелейтін айна да. Бұл жағдайда әлем дегеніміз – адамды қоршаған шынайылық. Тіл айналасында бір мезетте адамның өзі, оның өмір сүру салты, оның мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, жер-жаңандағы мәдениет пен құндылықтар жүйесі. Тіл айна ретінде екі әлемді де: адамнан тыс, яғни оны қоршаған әлемді және адамның ішкі әлемін, яғни өзі жасаған әлемін танытады.

Тіл – адамның ішкі-сиртқы жан дүниесі тоғысқан сиқырлы айна. Ол – бейтарап, немікүрайлы емес, әділетті.

Сонымен қатар тіл – тұлғаны қалыптастыруши қару әрі құрал. Біз ата-бабамыздан үрпақтан-үрпаққа жеткен тіл арқылы, әрі сол тілде жинақталған мәдениет арқылы өркендедік. Біз ана тілімізді, төл мәдениетімізді, туған жеріміз бен түү үақытымызды таңдай алмаймыз. Біз адамдар әлеміне енеміз, ал тіл бізге дүние туралы (әлем бейнесі), адамдар туралы, олардың құндылықтар жүйесі мен күн көру амалдары туралы түсінігін таңа отырып, өз жұмысын біртіндеп жүзеге асыра бастайды. Бізде бәрібір таңдау жоқ. Біз тіліміздің тұтқынымыз. Қарсыласудан пайда жоқ, тіл – шебер әрі тәжірибелі маман, «адам жаңының инженері» – өзіне табынушы миллиондарды қалыптастырыды, әлі үздіксіз қалыптастыра бермек.

Осы бір баға жетпес байлыққа ие бола отырып, ішкі-сиртқы алып әлемді өз дүние танымына сіңіріп, адам ең басты мәселе – өзге жандармен қарым-қатынасқа, коммуникацияға түседі. Өйткені адам қоғамдық құбылыс және көпшілік арасында өмір сүреді. Алып әрі шағын әлемдегі бүгінгі және болашақ өміріміз – қаншалықты дұрыс, тиімді әрі жақсы қарым-қатынас жасай алатындығымызға тікелей тәуелді. Егер бұл кітап осы мәселеде адамдарға титімдей болсын пайдасын тигізе алса, егер ол араздықты, келіспеушілікті, түсініспеушілікті болдырмауға кішкентай болса да ықпал еткен болса, демек кітап шығаруға бірнеше ағашты бекер шығында мағанымыз.

Ағайындар! Шыдамдылық танытайық, «бөтөн», өзге мәдениетті құрметтейік. Бұл өмірімізді жеңілдетеді, тыныш өмір сүретін боламыз.

Мәдениетаралық коммуникацияның формуласы – орыс тіліндегі үш «Т»-ға (Терпение, Терпимость, Толерантность//Тәзім, Тәзімділік және Толеранттылық//) негізделеді.







ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ТАПСЫРЫСЫ БОЙЫНША АУДАРЫЛЫП БАСЫЛДЫ

**С.Г. Тер-Минасова**  
**ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ**

Редактор – Құлиев Ж.  
Корректор – Бердиева А.  
Беттеген – Молдахметова А.  
Суретші – Буркин Б., Саевич Ю.

Басуға 06.02.2018 ж. қол қойылды. Пішімі 84x100<sup>1</sup>/<sub>16</sub>.  
Қаріп түрі “Calibri” Офсеттік басылым. Офсеттік қағаз.  
Көлемі 20 б.т. Таралымы 10 000 дана.  
Тапсырыс 264.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,  
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.  
E-mail: [ptiemn1@dauir.kz](mailto:ptiemn1@dauir.kz), [zakaz@dauir.kz](mailto:zakaz@dauir.kz)



Жаңа гуманитарлық білім  
Қазақ тілінде<sup>Г</sup> 100 Жаңа  
ОКҮЛІК



ISBN 978-601-7943-07-3

9 786017 943073